Ерік Асқаров

Кірлеме, менің жүрегім



Ерік Асқаров

Кірлеме, менің жүрегім



FOLIANT
БАСПАСЫ
Нұр-Сұлтан – 2019

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)
А 88

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

А 88 **Асқаров Е.**
Кірлеме, менің жүрегім. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 480 бет.

ISBN 978-601-338-419-1

Бұл кітапқа ақын, аудармашы, драматург, айтыс өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған талантты айтыскер Ерік Асқаровтың әр жылдары жарық көрген шығармалары топтастырылып берілді. Сырға толы лирикалық өлеңдері, сонымен қатар пьеса, аударма, повесть және әңгімелері, жыр дүлдүлдерімен сөз қағыстырған айтыстары да кіріп отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

561704

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5 Қаз)

ISBN 978-601-338-419-1

© Асқаров Е., 2019
© «Фолиант» баспасы, 2019

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

«ТҰЛАҒАН ӨР ТОЛҚЫННЫҢ ІШІНДЕМІН...»

Сексенінші жылдардың белортасынан қазақ айтысының қайта өрлеу дәуірі басталды. Жетісулық Есенқұл Жақыпбеков, торғайлық Қонысбай Әбілов, оралдық Қатимолда Бердіғалиев, көкшетаулық Баянғали Әлімжанов, тараздық Әзімбек Жанқұлиев, жаркенттік Жандарбек Бегімбетов, өскемендік Абаш Кәкенов, керекулік Серік Құсанбаев, т.б. жігіттер қазақ даласының әр пұшпағынан домбырасын үкілеп, өлеңін он екі таспа бұзаутістей өріп, қалың қазағын байырғы баба өнерімен қайта қауыштырды. Алдыңғы аға буын Көкшенің көксеңгірі Көкен Шәкеев, Сыр сүлейлерінің заңды жалғасы Манап Көкенов, оңтүстіктің орақтілдісі Көпбай Омаров, Тарбағатайдан тотияйынтілді Қалихан Алтынбаевтардың ізін баса айтыс сахнасына көтерілген сайыпқырандардың қатарынан қара үзіп көрінген Ерік Асқаровтың қаруы – шындық айту еді. Тәуелсіздік таңының құланиек сілемі көрінер-көрінбесте сол кездегі «Күн көсем» атындағы сарайда халықтың ішкі запыранын қозғап, жетпіс жылдай көкіректерінде шемен боп қатқан тоңды жібіткен де Еріктің түйдек-түйдек ақиқат астарлы шамырқанысқа толы жырлары еді. Қонысбай ағасымен үш жарым мың көрерменді орнынан қайта-қайта тұрғызуы да Ерік ақынның халықтың ішіндегі қызылды қырнай сөйлеуі, кеңестік құрсаудың шынжырына азу салған арлан қасқырдың ызадан көзі қанталағандай көріністерін көз алдыңа келтірердей отты өлеңдері еді. Сөйтсек, айтыс – ақиқат мінбері, көкіректе қатқан шемен шерді жібітер айтқыштар алаңы екен ғой. Әйтпесе, әдебиетке үлкен дайындықпен келіп, қаламының алғашқы бауашарын көркем проза саласында «Қаралы көш» әңгімесімен бастаған Еріктің поэзияда да салған олжасы аз емес екен:

Күміс қанат көңіл құсын тұлетіп,
Махаббатпен туған елін жыр етіп.
Жүреді ақын лағыл түсті таң құшып,
Дүниеге келсе бір жыр шыр етіп.

Осындай нәзік лирикаға толы тұнық жырлары Ерік ақынның айтыс сахнасына шыққанға дейін поэзияның өз адамына айналғанын дәлелдеп бергендей еді. Тырнақалды өлеңдері «Көгілдір» атты жинақ болып оқырмандарын бір қуантса, бұл кітабы М. Мақатаев

атындағы сыйлыққа ие болып авторды екі қанаттандырады. Айтыс сахнасынан ерте шегінген Ерік ақын әдебиеттің әр жанрында талмай еңбек еткенін артына қалдырған қолжазбаларын парақтағанда көз жеткіздік. Кіндікжұрты – Ұлы Мағжан туған топырақтан уыз емген ақынның эпикалық жанрда қалам тербеп «Сегіз сері», «Абылай хан», «Бозауыз ат», «Қазақстан ғасыры» атты көлемді дастандар жазуы да «Батыр Баян» жазылған топырақтың қасиеті ме дерсің?! Солтүстік Қазақстан топырағы қазақ әдебиетінің алыптарын берген қызырлы мекен. Аспанкөздері басым Қызылжар туралы «Қызыл қала – Қызылжар» атты драмалық шығарма жазуы да кешегі Ғабеңдерден алған үлгі-өнегесі екені анық. Сәкен серінің ізденістегі інісі болып ізінде көп жүрген Ерік ақын қай жанрда шығармашылық ізденісте жүрсе де арзанқол дүниелерді жазуға арсынғандай көрінеді. Ақын, ф.ғ.д, профессор Ж. Әскербекқызы Ерік шығармашылығы туралы: «Қаламгердің соңында қалған жазба мұраларының ішінде «Келер жылы жазда» повесі, «Қызыл қала – Қызылжар», «Батыр Баян» драмалары, «Біржан сал» трагедиясы кәсіби жазушының қаламынан туған салмақты дүниелер» деп лебіз білдіруі де ақын шығармашылығына берілген лайықты баға. Аударма саласындағы еңбектерінің тілінің жатықтығы кәсіби аудармашының машығын аңғартады. Және жеңіл-желпі шығармаларды аударудан гөрі әлемдік философиялық еңбектерді аударуы ақынның ішкі дайындығының мығым екендігін көрсетеді.

Осы мен қайда асығам, түсінбедім,
Тулаған өр толқынның ішіндемін.
Өмірдің қайталанбас қас қағымын,
Келеді жырымменен мүсіндегім. –

деп өзі де «қайталанбас қас қағымда» жарық жалғаннан көз жазып қалған, тағдыр талқаны ерте таусылған Ерік Асқаров азғантай ғұмырын әдеби шығармашылыққа арнаған ерен тұлға. Артында қалған бар мұрасын көзінің қарашығындай сақтаған асыл жары Нәсіпжан Асқароваға ақынның жанашыр оқырмандарының атынан ризашылығымды білдіргім келеді. Ақын опат болғаннан кейін елу жылдығы қарсаңында бар мұрасын менің құрастыруыммен екі кітап етіп өз қаражатына шығарып, оқырмандарына тарту еткен «Фолиант» баспасының директоры Нұрлан Сәрсенбіұлына Тәңір жар болсын! Жалғаннан шаңқай түсі аумай өткен Ерік ақынның шабытты жырлары баршаңыздың жан дүниелеріңізге шуағын сыйлай берсін, мәртебелі оқырман!

Дәулеткерей Кәпұлы,
ақын, ҚР еңбек сіңірген қайраткері



Өлеңдер



* * *

Аз емес досым,
Жауым да бірақ жоқ емес;
Тіршілік маған – кейде той, кейде төбелес.
Майысып кетер,
Үзіліп кетер соққанда
Солқылдап тұрған көк талың, бірақ мен емес.

Терекпін деу де,
Еменмін деу де жөн емес.
Қайыңмын аппақ,
Басқа ағаш маған қол емес.
Өлгеннің бәрін көшірісетін жалғаннан,
Күнәсі қалың табыт-тақтай да мен емес.

Есілдің бойын,
Қызылжар төсін көмкерген.
Қайың де мені,
Көшпейтін туған өлкемнен.
Басыма менің ақ қайың ғана ек дер ем,
Жұлқысып жүріп жылылар болсам ертең мен.

Қайыңнан шапқан қайығым менің тербеліп,
Барады жүзіп,
Желкенін ерке жел керіп.
Жырларымды алып, барады менің қайығым,
Сәлемдескелі келешек күнге қол беріп.

Тағдырдан тілеп жасай гөр ақын дегем жоқ,
Ант еткен жоқпын
Тауқыметіңе көнем деп.
Өзі кеп қонды қазаққа біткен ақындық,
Қалды ғой содан қаршадай бала өлең боп.

Жырымды сатпан ешқандай қызық, думанға,
Жанымның аппақ сәулесі өшпей тұрғанда,
Қанаты талмас ақындық менен, қыран жыр –
Арман ғой, арман...
Абайдан кейін туғанға.

Өзінің сүйген ақыны көріп мені елім,
Көкірегінде жатталып қалса өленім.
Шырғалаң болып,
Шындыққа жеткен Фаустай,
– Аялда, уақыт, кереметсің сен! – дер едім...

КІРЛЕМЕ, МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

Арманға, қайран кеудем, жеттім деме,
Жүрегім, аласұрып кеттің неге?
Жаралан жаралансаң, мен қайтемін:
Тоқтасаң тоқта және
Тек кірлеме!

Жыртылсаң табар едім саған жамау,
Міндетім, жүрек, сені харамдамау.
Бел буып кіріссем де бермей жүр-ау,
Майданы тіршіліктің маған жалау.

Мына өмір ғажап өмір түсінгенге,
Ғанибет оны жырмен мүсіндеу де.
Дариға-ай, шама шіркін жетер ме екен,
Жүрекке шаң мен тозаң түсірмеуге?..

Жимаймын көкірегіме мен неге мұң,
Тірі өлген талайларды көрген едім...

Анадан туған жүрек – аппақ жүрек,
Білмеймін қандай күйде жерге енерін.

Жүргем жоқ жел сөз айтып желпінгелі,
Кірлетпеу жүрегімді сертім менің.
Беу, дүние, бір-ақ рет ғұмыр бердің,
Ендеше, бір-ақ рет өлтір мені!

КЕЙДЕ МЕН...

Адамның кейбір кездері...

Абай

Жүз жасаған секілдімін кейде мен,
Арпалысам қилы-қилы ойменен.
Күңіренем күйлеріндей Қорқыттың,
Ғасырлардың тереңінен сөйлеген.

Өмір сырын жатқа біліп алғандай,
Отырамын еш нәрсеге таң қалмай.
Отырамын дүниенің төрінде,
Бар тіршілік маған қарап қалғандай.

Тасытпайды періштенің шындығы,
Жасытпайды перілердің сұмдығы.
Табындырмас ешбір елдің сұлуы,
Тамсандырмас ешбір бақтың бұлбұлы.

Жұмысым жоқ сауықпенен, тойменен,
Желіккенге және жекіп қой демен.
Мен татпаған еш дәмі жоқ өмірдің,
Жүз жасаған секілдімін кейде мен...

АДАЛДЫҚ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Есенбай емес тегі, негізі, ірі,
Момын адам,
Тәубесі – тоғыз ұлы.
Қызылжар мен Көкшені қан қақсатқан
Сол ұлдардың болыпты сегізі ұры.

Тоғызыншы Тоққара тым серілеу,
Өз тілімен айтқанда, «жын-перілеу».
Күні бойы ән салып жүреді екен,
Ойға батып жапанда бір меңіреу.

Сегіз аға шетінен қанды балақ,
Ел үстінен күн көрмек, мал құрамақ.
Тоққараның мінгені – торы төбел,
Ағалардың астында – арғымақ ат.

Болса керек сүйегі асыл адам,
Бұл күніне Тоққара жасымаған.
Адалдығын азық қып жүре берген,
Ұрлық еттен бір тілім асамаған.

Жүрейін деп былғанбай және адаспай,
Жалғыз біткен жапанға қара ағаштай.
Жалғыз үй боп аулақта отырыпты,
Ағалармен ас-тұзы араласпай.

Ұрыда да бейнет көп, азабы – орман,
Ат үстінде сегізі қаза болған.
Ұрпақтарын өсіріп жүре берген,
Тоққара ақын айнымай таза жолдан.

Елге салған бүлігі бұқара бар,
Бұрқап-бұрқап өтіпті сұр тағылар.
Сегізінен бұл күнде бір тұяқ жоқ,
Тоққараның бір ауыл ұрпағы бар.

«Арамдықтың оты бір сөнеді» деп,
«Ақыр түбі адалдық жеңеді» деп...
Әкем маған көп айтты осы аңызды,
Бесінші атаң Тоққара сол еді деп.

Аманат қып бабамның адалдығын,
Ізгіліктің артты әкем маған жүгін.
Қайта-қайта айтқызып осы аңызды,
Есі кетіп тыңдайды балам бүгін...

ШОПЕНГАУЭР

Мақтанышы болғанмен заманының,
Ұға қойсын кезінде дананы кім?!
Шопенгауэр ұғылмай кетті еліне,
Жасырып кеудесіне жаралы үнін.

Майып болған қыранның қанатындай,
Самғай алмай өтті бір,
Бағы ашылмай.
Абайша зарлады ол да жалғызбын деп,
Бақсының жапандағы моласындай.

Өмірі орын беріп жел өтінен,
Мұңдасты кітап толы сөресімен.
Серік боп ешбір адам жанына ермей,
Қыдырса,
Қыдырды тек төбетімен.

Тіршілік уын береді, –
Қаймағы жоқ.
Ызалы кеудесінде қайнады кек.
Тынғанша ақтық демі берілмеді,
Арыстан азу тісін айға білеп.

Не жүкті балуан кеуде көтерді ауыр,
Желкенін кетті жығып есер дауыл.
«Қайғырмау керек», – деді мізбақпастан,
Ажалдың алдында да Шопенгауэр!

СОҢҒЫ СӨЗ

Шерлі заман келтірсе де толғағын,
Тәтті болмай, ащы болды тордағы үн.
Өтті шырқап,
Өтті бірақ айта алмай,
Талай Ақан, талай Мұхит соңғы әнін.

Бір халыққа тұлға болу оңай ма,
Сондай тағдыр бұйырыпты Абайға.
Барласа да арғы-бергі заманды,
Соңғы сөзін айта алған жоқ алайда.

Мұңдас болып кәрімен де, жаспенен,
Қолын бастап жауға шапқан тасберен.
Махамбеттің соңғы сөзі кетті ғой,
Қапияда бақи болған баспенен.

Теңіздейін жата алмайтын шайқалмай,
Толқып-толқып тыным алды байқалмай.
Қара сөздің пайғамбары болса да,
Өтті Әуезов соңғы сөзін айта алмай...

Өрттей шарпып жүректерді жаңғырған,
Кәусар ойы сезім шөлін қандырған.
Ұлылар тек жырын емес,
Ұрпаққа
Айта алмаған сөздерін де қалдырған...

САҒЫНҒАН ДОСҚА

Ырзамын саған,
Ырзамын, досым, жалғанда,
Жанымды менің дәл сендей ұққан жан бар ма?!
Сағынып сенің жайдары жаздай жүзіңді,
Еске алам дәйім,
Кейде бір жалғыз қалғанда.

Отырмын жалғыз,
Жанымда менің жоқ ешкім,
Келеді саған ағытып сырды, кеңескім.
Өрбіген өрттей
Сырымды шертпей тұра алман,
Жанымды менің дәл сендей ұққан жоқ ешкім.

Өзіңе деген көңілдің күйі шертіліп,
Адастым талай арманның аты мертігіп.
Алдымда қанша асулар жатыр, жол жатыр...
Жеткенше соған шалдықпан, сірә, ентігіп.

Тірлікте мынау түсінбей мені көп пенде,
Ақ көңілімді аяққа басып кеткенде,
Еске алам сені,
Толқынға батып жүрегім,
Сағыныш қылып сызылтып жиі шерткенде.

Жеңіл де емес өмір дейтұғын жол мына,
Ауыр бір сәтте досыңнан безсең, сол күнә!
Сағынып сені сырласар сызды үн қатып,
Туған күніме өзің сыйлаған домбыра...

* * *

(Әзіл)

Ат мініп, әке, көрмедім,
Қарагер атым өлгелі.
Оныма көңіл бөлмедің,
Қалдырдың жаяу сен мені.

Қарға адым жаяу жүрмедім,
Қарагер атым барында.
Болсыншы тұлпар – мінгенім,
Алып бер, әке, тарылма.

Жас тұлпар шапса үдеген,
Жігітке көптік етпеген.

«Жигули» алып мінер ем,
Сегіз мың теңгем жетпеген.

Қалмаймын, әке, дүрмектен,
Ат сатып әпер, тарылма.
Тұлпармен өзің жүрмеп пе ең,
Ауылнай атам барында.

Сексенге келген әкенің
Сал-сері ұлы атанып.
Жүрейін болмай қаперім,
Ат алып берші, ат алып.

Жететін оған ат бар ма,
Қайқы бел қайран Қарагер!
Құлағын жымып шапқанда,
Табанда зулар қара жер.

Түсімде оны көремін,
Басында күміс жүген жүр...
«Волга» алып саған беремін,
Шыдай тұр, әке, бір он жыл!..

АНАМЕНЕН СЫРЛАСУ

Бойымнан арылмаған балалығым,
Мен де бір қоңыраулы дара құлын.
Анасыз балалықтың сәні жоғын
Ұқтырдың түсіме еніп, ана, бүгін.

Талай жыл құшағыңнан мен кеткелі,
Өзімді өз жырыммен тербеткелі.
Түсімде құшағыңа алып әлдилейсің,
Аялап сәбиіңдей жөргектегі.

Өзіңді теңгерем бе еш адамға,
Іздеймін сені көңіл босағанда.

Жүрмісің тілеуімді тілеп менің,
Көрсем деп, немеремді хош-аманда.

Халім бе? Жаман емес бұл күндері,
Желпіп жүр тентегіңді жырдың лебі.
Сүтіңмен бойға сіңіп бір қасиет,
Домбырам көкіректе күмбірледі.

Уайымды көкейіңе сағалатпа,
Мен жайлы мақтанып жүр жамағатқа.
Тентегің аман болса, бірер жылда,
Күмістен ер-тоқымын салады атқа.

Жақсыға жырларымды арнап бағам,
Жүргейсің тілегімді жалғап маған.
Қашаннан жырға құмар біздің халық
Анасын ақындардың ардақтаған.

МІНЕЗ

Жиен түгіл жібімес баласына,
Қайран қалам тас-түйін нағашыма.
Бөлек тіпті қабақтың түйілгені,
Ерек тіпті көзінің қарасы да.

Сөз – маңдайға бітпеген бір өнері,
Қарашаның бұлтындай түнереді.
Сұлық тұрар бәйгеден келген аттай,
Ұлы Отан соғысының мүгедегі.

Алтын балық түскендей қармағына,
Отырады бұрылмай жан-жағына.
Ол білмейді ақтауды ауыл-үйді,
Елтең-селтең сүйеніп балдағына.

Күн төбеден етекке көшті, міне,
Ол кетеді күзетке кеш біліне.

Еркелік қып алдына барған емес,
Он үш жиен, төрт ұлдың ешбірі де.

Елге деген құрметпен, ізетпенен,
Ғұмыры өтіп барады күзетпенен.
Сөйлесе де кемпірі шайпау-шәлкес,
Үн көтеріп нағашым түзетпеген.

Өз үйінің бұйырып сүйем жері,
Отырады,
Балдағы – сүйенгені.
Қос қанатындай бар екі қарындасы,
Қайнағаға сөз бермес күйеулері.

Жармастырмас ешкімді жағасына,
Жиен түгіл жібімес баласына.
Көрген сайын қараймын қайран қалып,
Теңіз баққан жартастай нағашыма...

ӨМІР ЖАЛҒАСЫ

Дүниеге келгенімен бұрын менен,
Көзіне көп пенденің ілінбеген.
Ертеде,
Бес жасында қыршын кеткен,
Менің бір ағам болған Сырым деген.

Бұзық ем үйір қылмас көп адамды,
Кетуші ем қан қақсатып жолағанды.
Талайлар сазайымды тартқызғанда,
Қамығып еске алушы ем мен ағамды.

Жүзі емес, жабылса да мыңы маған,
Дауыс қып, жалғызбын деп ұлымағам.
Жәудіреп қорым жаққа қарадым тек,
Тіріліп келетіндей Сырым ағам.

Жұбатып өзімді-өзім жырымменен,
Жүрсем де
Кей күн көзім ілінбестен...
Ағамды еске салып жүрсінші деп,
Ат қойдым, ұлым, саған Сырым деген.

Сәріде бұлбұлдары сайрамаған,
Ағалар бағым еді жайнамаған.
Құлыным, сенің атың аталғанда,
Қасымнан табылардай қайран ағам.

Өтеуі көп жоғымның – ұлым менің,
Ардақтап есіміңді Сырым дедім.
Көрсет сен ата-анама, өзің болып,
Сол қыршын перзентінің тірілгенін...

* * *

Осы мен қайда асығам,
Түсінбедім.
Тулаған өр толқынның ішіндемін.
Өмірдің қайталанбас қас қағымын,
Келеді жырымменнен мүсіндегім.

Тірліктің тамашалап сайран-бағын,
Мен, сірә, бағытымды қайда алмадым.
Көз жазбай көктем сайын көрсем деймін,
Бүршіктің жапыраққа айналғанын.

Қарайлап ертеңіме, өткеніме,
Қиялым шығар шырқап көк төріне.
Кеудемнен қанат қаққан жыр-кептерді,
Қондырсам деймін әкеп дәптеріме.

Тірліктің додасына араласып,
Алам деп үлесімді жағаласып,
Дал-дал ғып жағамды емес, жүрегімді,
Бір белден бір белге мен барам асып.

Сөз емес қайраттанып тасығаным,
Сөз емес мұңайғаным, жасығаным.
Жүректе қалғып жатқан жырларымның
Оянар сәттеріне асығамын.

* * *

Еске аламын өткенді,
Сағынамын көктемді.
Күдер үзбей күтемін,
Оралмасқа кеткенді;
Мұның аты – есею.

Талпынбасқа талпынып,
Шарқ ұрмасқа шарқ ұрып.
Жүрегімде қаламын,
Саябырлап алқынып;
Мұның аты – асаулық.

Қызыл гүлге тамсанып,
Қызыл таңды қарсы алып.
Есіл жүрек елжіреп,
Егіледі ән салып;
Мұның аты – махаббат.

Қиял қуып, түн қатып,
Ай-жұлдызға тіл қатып.
Күндіз-түні жырласам,
Ой түбіне шым батып;
Мұның аты – ақындық.

ОТ КӨРІКТІҢ БАСЫНДА

Не заманнан келе жатқан көрік бұл,
Тозса-дағы әлі қызу беріп тұр.
Оттан шыққан соқа тілін бүге алмай,
Ұста шалдың жылағысы келіп тұр.

561704
2-0237
Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

Иілмеді соққанменен қыздырып,
Болат күпшек жасар еді мың бүгіп.
Тастай берді қолындағы балғасын,
Қалжыратқан қарттығына қынжылып.

Бүге алмады сом темірді қарт білек,
Құзғын-қайғы көкірегін жатты жеп.
Енді білді, ойламап ед қария,
Өмір заңы темірден де қатты деп...

* * *

Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап,
Күзгі леппен дем алады алтын бақ.
Ойға батқан әлденеге ақ қайың
Жапырақсыз тұр, әнеки, қалшылдап.

Күні кеше шілде өткізіп бәріміз,
Келіп қапты-ау қоңыр салқын кәрі күз.
Ыдырадық жел айдаған ақ бұлттай,
Бір белестен әрі біз.

Күз келерін,
Солатынын гүлдің де,
Жасыл жайлау
Сонау күнде білдім бе?
Алматының ауа райы секілді,
Тағдыр қырық құбылады-ау бір күнде.

ӘНШІ

Аспанның ай-жамбысын қағардайын,
Күркіреп көктен дабыл салардайын.
Әншінің қыран даусы саңқылдаса,
Кең дала үн қатады маған дәйім.

Күңіреніп Қорқыт күйі шертілген жер,
Жұмақты Желмаямен келтірген жер.

Желаяқ жезкиік боп зымырайды,
Жошыны ақсақ құлан өлтірген жер.

Әнімен жан өзегін талдырғандар,
Жүректен жалын атып зар қылғандар.
Өтеді көз алдымнан тізбектеліп,
Сері Ақан, батыр Мәди, сал Біржандар...

Ән өрлеп сорғаласа көк төрінен,
Мен-дағы ойға батып, өртке кірем.
Зуылдап жебедейін атылғандай,
Жезкиік Ұлытаудың бөктерінен.

Оралтып өткен күнді шалғайдағы,
Тірілтіп замандарды қай-қайдағы,
Көңілдің көк аспанын күмбірлетіп,
Беу, шіркін, әнші ағаның самғайды әні!..

ҚЫСТЫҢ ҚЫЗЫЛ ІҢІРІ

(М. Мақатаевқа)

Қыстың қызыл іңірі қырау жапқан,
Ағарып атпайтындай қылаулы ақ таң.
Түнереді ішіне демін тартып,
Қарт Алатау көсіліп мынау жатқан.

Сұра деп ең, сұрадым жылғалардан,
Таба алмадым сағымнан туған орман.
Айтпай кетті жөніңді, біле тұрып,
Ерке сұлу бұлаққа суға барған.

Жүруші едің аңқылдап, сыр жасырмай,
Жүруші едің арының бір басылмай.
Тоқтады ма жүрегің лүпіл қаққан,
Дірілдеген сұлудың сырғасындай?..

Жырдан тулап төгілсін теңіз, мейлі,
Дәл өзіңдей елжіреп, емізбейді...

Ірілікке тым құштар іргелі елің:
«Ірі ақыным қайда?» деп сені іздейді.

Ұрпағына ұрпақтың жалғасқан үн,
Туған жердің күмбірлет таңғы аспанын.
Жырларыңның өшпейтін әр жолынан,
Таптым іздеп мен сені, алдаспаным!

* * *

«Гүлғызар құс аузын ашса, көмейінен
Будақ-будақ гүл төгіледі екен...»

Халық ертегісі

Отырардың бақтарында күнде ұшқан,
Гүлғызар құс көмейінен гүл құсқан.
Кетіпті ұшып,
Келген кезде түнеріп,
Күншығыстан күн тұтылып Шыңғыс хан.

Бесік болған ғұламаға сан ұлы,
Қан-жүректің нағыз күретамыры –
Солды Отырар, –
Аспанына орнады
Мельпомена – трагедия тәңірі.

Гүлғызар құс қан құсты да,
Туған баққа қайтып ұшып бармады.
Енді гүл жоқ,
Кетті күл боп Отырар –
Сан ұрпақтың таусылмайтын арманы.

Отырарда,
Елім, сенің арың бар,
Сол арыңды іздеуде әлі ғалымдар.
Ұлы қала дәстүрімен өзінің
Қонақтарды вокзалсыз-ақ қабылдар.

Отырарым!
Күйімдейін шертпеген,
Сағынышым,
Өзегімді өртеген.
Мен қазақтың даласынан гүл терсем,
Гүлғызар құс құсқан шығар деп терем...

ҚЫМЫЗ

Тағдырдан таяқ жеп жүргендердің бірі еді –
Бейбарыс қыпшақ сатылып кеткен құл еді;
Сатылған құлдың Мысырда жанып бақыты,
Отырды таққа –
Қыраны түздің түледі.

Шақты да тауын тағдырдан келген қысымның,
Бейбарыс қыпшақ патшасы болды Мысырдың.
Ұлан да ғайыр бабамның жалпақ даласы,
Киелі төстен тағы бір қыран ұшырдың!
Бейбарыс балаң патшасы болды Мысырдың.

Тағдыры жазып, ұлтан боп елде қалмады,
Жат елге барып сұлтан боп бағы самғады.
Сағынса жұртын сарнайды екен патша да,
Бейбарыс ердің Сарыарқа болды зарлы әні.
Туған жер – құлдың арманы,
Туған жер – патша арманы.

Сарыарқа қайда?
Көзге де алыс, ойға алыс,
Ойласа соны өртеніп өзек, қайнады іш.
Басар ма шөлін елінің іңкәр сусыны,
Ішпекке қымыз байлатты бие Бейбарыс.

Қылғытып қымыз,
Жеткендей болды арманға,
Қымызға бірақ қазақтың шөлі қанған ба?

Ішесің мәңгі –
Өтесің мәңгі қана алмай,
Жететін оған сусыны бар ма жалғанда?..

Бейбарыс ердің қымызға шөлі қанбады,
Қанбауы шөлдің – аңсары елге ауғаны.
Жүрді де аңдып,
Қансын деп шөлі мәңгілік,
Саптыаяғына у салып қойды жаулары.

Сезбеді батыр қаларын іші бүріліп,
Сезбеді батыр қаларын тұрмай жығылып.
Ұзақты күні саяттан шөлдеп келді де,
Қимылсыз-қамсыз қымызын тұрды сіміріп...

СЫЯ АЛМАЙ ЖАРЫҚ ЖАЛҒАНҒА...

Алтынжал дейтін ат мініп,
Алтын қас ерді тақ қылып,
Өтіпті дейді Еділ хан,
Өр көңіл, тарпаң, мәрт қылық.

Алтынжал – аттың тұлпары,
Жігіттің Еділ сұңқары.
Сұңқарға біткен мінезбен
Қара дауылдай бұрқады.

Қоштасып туған елменен,
Туған жер – барқыт белменен,
Жат елге батыр аттанды
Самсаған сары қолменен.

Қалдырды туған ұяны,
Әлемді алу – қиялы.
«Менікі – деді, – тиген жер
Алтынжал аттың тұяғы».

Жебелер қарша төгілді,
Көбелер қанша сөгілді.
Сөгілді, қарғап егілді
Алтынжал атты, Еділді.

Талайдың шықты ойраны,
Ойранға Еділ тоймады.
Қаптаған өрттей қалың күн
Ешкімді тыныш қоймады.

Жете алмай алыс арманға,
Сыя алмай жарық жалғанға,
Каталуния жеріне
Күркіреп Еділ барғанда:

«Жеріме дұшпан келді», – деп,
«Жұртыма ажал төнді», – деп,
Семсермен шашын тараған
Жолықты бір қыз ержүрек.

«Қылша бір мойным талша», – деп,
«Назарын батыр салса», – деп.
Қиылды сұлу: «Өзіңнен
Бізге бір ұрпақ қалса», – деп.

Деді де қасын серпіді,
Сөзіне Еділ елтіді...
Қойнында қайсар сұлудың
Мерт болды Еділ сол түні.

Аттила атап ел оны,
Аңыз ғып айтып келеді.
Жете алмай бізге жойылды,
Ол жайлы дастан көп еді.

...Алтынжал дейтін ат мініп,
Алтын қас ерді тақ қылып,
Өтіпті дейді Еділ хан,
Өр көңіл, тарпаң, мәрт қылық...

САМАРҚАН

Қанаты күнге шағылып,
Көркіне ғалам табынып,
Самарқан деген біз үшін –
Бүгінгі күнді сағынып
Тарихтан келген самұрық.
Мұндағы сарай, мазарлар
Алыстан келген, алыстан;
Гу Әмір менен Регистан,
Самарқан сыны кетпеген,
Бастағанымен көнере.
Самарқан деген – болашақ,
Самарқан деген – шежіре.
Самарқан деген – біз үшін
Көреген көзді баба мен
Ұлықбек сынды немере.
Көненің көзі – күмбездер,
Күмбездер көркі – мұнара...
Самарқан деген біз үшін –
Афрасиаб ата мен
Ибн-Сина ғұлама!
Самарқаны болмаса,
Тұран да бізге – тұл ана.
Қалдырған бұл бір қаланы
Халқына Тұран мұраға!
Самарқан деген біз үшін –
Туристер жүрген сабылып,
Көлігі жатқан ағылып,
...Бәріне маңғаз мазарлар
Қарайды талмай аңырып.
Самарқан деген біз үшін –
Бүгінгі күнді сағынып
Тарихтан келген самұрық...

САРАЙЛАР

Сарайлар...
Көне сарайлар,
Өрбіткен сан ойлар.
Сан ғасыр Азия аспанын
Күңіренткен, нұрлы еткен
Күн де бар, арай бар.
Сарайлар өткерген
Уақыттың азабын,
Сарайлар көп көрген
Бейкүнә жандардың ажалын.
Сарайлар тамсанып тыңдаған
Шәмсәтдин Хафиздің ғазалын.
Замандар тоздырып ажарын,
Тарқатып базарын,
Тұр енді
Күткен бір жандардай ажалын.
Жоқ!
Олар өлмейді,
Сарайлар пенде емес, –
Адам ата рухы
Рухты ешкім де көмбейді.
Мәңгілік қалдырған мұрадай
Тұрады құламай.
Рашид әд-Диннің...
Шежіре томдарын,
Келешек күн үшін жазылған,
Өлеңнің жолдарын,
Айтулы жандардың болғанын,
Азулы хандардың
Қан шашқан сүргінін,
Тақ үшін,
Бақ үшін жасаған
Темірдің қырғынын...
Қаймықпай, тайсалмай сайраған,
Шығыстың қаншама бұлбұлын,
Қорқыт қобызының сарынын,
Ерте өткен жүректер жарығын

Жеткізген біздерге дін аман
Сарайлар – сақталған, құлаған...
Ғасырлар перзенті.
Сан көне сарайға
Адамзат,
Қарайла! Қарайла! Қарайла!

АҚЫН

(Хамза Абдуллинге)

Қиялдағы жазылмаған жырға ұйып,
Отыр Ақын терең ойда тұңғиық.
Көзінде жас, шабытқа мас,
Шалқиды,
Көкірегіне күн шұғыласы нұр құйып.

Бұлтты аспандай күңіренді де толғанып,
Ағытылып кенет қалам қолға алып.
Ойдың оты найзағайдай қақ тілді,
Көк көбесін тұрған мұлгіп, торланып.

Сол бір сәтте жарық дүние желпініп,
Жайлап есті жібек қанат жел тұрып.
Ұқсады ақын дәл Қорқытқа
Отырған
Қобызының құлақ күйін келтіріп.

Ұшқыр қиял кейде Париж төрінде,
Әміре жеткен әннің қия-өрінде.
Тағы да отыр Томиристі жыр етіп,
Патша болған көшпелілер жерінде.

Сүйеді ол Жетісуын,
Арқасын,
Қаратау мен Алатаудың әр тасын.
Шығу тұрмақ,
Ақын жеткен биікке
Жерде тұрып қарауға да қорқасың.

Ақын – Шалқар!
Сыр шертсе егер шалғайдан,
Көне тарих көкірегінен самғайды ән:
Әне, сарбаз,
Сауыт киген скифтер,
Жорық жасап,
Ашып жатыр қан майдан!

Ақын – Заңғар!
Таза аспанмен тілдескен,
Сырын шерткен жібек желге күнде ескен.
Ол ұқсайды Қаратауға бағзыда
Көкірегінен «Елімайлап» мұң көшкен.

Ақын – Терең!
Тұнығы мол тереңнің,
Сиқыр ойлы,
Науша бойлы ері елдің.
Таза жаны – таң шапағы,
Нұр шашып,
Жүрегіне өскен қаулап берен гүл.

Ақын – Дала!
Күмбезі бар аспаннан!
Ақын – Бала!
Арманы асқан асқардан.
Аспандай пәк, жауыздыққа жаны қас,
Арамдықты іздеу ағат жас жаннан.

Күміс қанат көңіл құсын түлетіп,
Махаббатпен туған елін жыр етіп.
Жүреді ақын лағыл түсті таң құшып,
Дүниеге келсе бір жыр шыр етіп.

ҒАНИ МҰРАТБАЕВҚА

Ердім де арманымның жетегіне,
Мен келдім туып-өскен мекеніме.
Ежелден ұлылыққа сенуші едім,
Сенуші ем ұлы азамат екеніңе.

Жақсымен, тек жақсымен мен жүздесем,
Жаңылмай Антей жерін көрдім десем.
Сен, аға, Отанымның жастарына,
Жалынды он жетіңде болдың көсем.

Дауылды сол шағыңды күйі бөтен,
Айнымай өле-өлгенше сүйіп өтем.
Көсемнің жас болғаны айып емес,
Көсемнің жас кеткені қиын екен.

Алысқа қанат қаққан қыран аға,
Өзіңді жатады аңсап мына дала.
Қашанда сенің орның бос тұрады,
Жақсылар көп туғанмен бұл арада.

Жақсыны жақсы деген болмас айып,
Бұл күнге жетпедің-ау таңғажайып.
Ұрандап өзің салған жолға түскен
Қарттар да осы күні қалды азайып.

Тұр жайнап өршіл өмір өресінде,
Өзіңнің тіккен туың, сенесің бе?!
Ақылың қариядай болғанымен,
Қаласың мәңгі жас боп ел есінде.

Біз саған ән арнаймыз, күй арнаймыз,
Өзіңдей болсақ-ау деп қиялдаймыз.
Ажалға ара тұрар дәрменің жоқ,
Қарттыққа бірақ сені қия алмаймыз.

Ақындар саған жырын оқыр әлі,
Әр кезде сені еске сап отырады.

Өзіңді құшағынан шығармайды,
Киелі туған жердің топырағы.

Даланың желі де ерке, дауылы да,
Мәрт екен, жомарт екен қауымы да.
Көрсем деп орындалған арманыңды
Мен келдім, Ғани аға, ауылыңа.

САЙЫНДА СЫРЫМБЕТТІҢ

Сайында Сырымбеттің сылдырлаған,
Бал бұлақ баяндады бір сыр маған:
– Баяғы бабаң татқан кәусар едім,
Қастерлеп қасиетімді жүргін, балам.

Сайында Сырымбеттің сан жыл ақтым,
Бабаңның көз жасындай бал бұлақпын.
Жарықтық, жағама кеп түсуші еді,
Үстінен үйдей үлкен арғымақтың.

Етегін ақ көйлектің суға малып,
Әжең де талай келген құман алып.
Аңқылдап алдарыңнан шығушы еді,
Балағаң – толқындарым шулап ағып.

Пенденің тағдырымен көп ойнаған,
Өтті ғой одан бері талай заман.
Сайынан Сырымбеттің кетті көшіп,
Ақ ауыл – ақ бұлттай жел айдаған.

Перзентім емес пе едің сен менің де,
Қанып іш, кәусарыма шөлдедің бе?
Бал бұлақ сенен барын аямайды,
Бабаңның жұртын іздеп келгеніңде...

Бал бұлақ осылай деп сыр ақтарды,
Сырында бал бұлақтың шуақ бар-ды.
Аттанып кеткенімде анамдай боп,
Сайында Сырымбеттің жылап қалды.

* * *

Кешікті көктем биыл, көп бөгелді,
Көмкеріп көмбей жатыр көкке жерді.
Бір жауып, бір езіліп лайсаңдатып,
Көбік қар көшемізде көп сенделді.

Күркіреп қорғасын бұлт күрсінуде,
Гүлдемей алма ағаштар іркілуде.
Ақ төсін көк мұнардан арши алмай,
Алатау қайта-қайта сілкінуде.

Қыраулап терезелер әлсін-әлі,
Бұлттардан арыла алмай тау шынары.
Буланып күннің әлсіз жылуына,
Сырғиды бұтағынан тамшылары.

Кешікпей күн жебесін қадар шыңға,
Сайларда мөлт-мөлт етіп қалар тұнба.
Керіліп, кербезденіп бойын түзеп,
Еркелеп жатыр көктем бел артында...

КЕЛТЕСОРДА, АУЫЛДА...

Сарыарқада,
Келтесорда,
Ауылда,
Сары үрпектеу сол бір балғын шағымда,
Сал желдіріп кетіп бара жатушы ем,
Желп-желп етіп Қарагердің жалында.
Келтесорда,
Ауылда,
Ұшыраған кемедейін дауылға,
Қалт-құлт етіп Қарагердің жалында,
Жүруші едім қарлы боран, жауында.

Келтесорда,
Ауылымда мен деген,

Қарагерді суарамын,
Жем берем...
Әкем бірақ жануарды сол жылы,
Қыс соғымды сою үшін жемдеген.

Содан бері
Айлар,
Жылдар,
Өтті күн.
Сары үрпектеу балғын шағым жоқ бүгін.
Келемін мен орап алып қолыма,
Өмір дейтін асау аттың шоқтығын.

Содан бері
Айлар,
Жылдар,
Өтті күн.
Сары үрпектеу балғын шағым жоқ бүгін.
Келемін мен орап алып қолыма,
Өмір дейтін асау аттың шоқтығын.

Кезіккенде
Жеңілге де,
Ауырға,
Ыстық күнге,
Суық күнге,
Жауынға,
Желп-желп етіп Қарагердің жалында,
Жүргендеймін Келтесорда,
Ауылда...

БАРАДЫ АҒЫП ЕРКЕ ЕСІЛ

Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
Нәзік белін мың бұрап.
Барады ағып ерке Есіл,
Қарайды орман тұнжырап.

Ғашықтайын елжіреп,
Желпілдейді жел жібек.
Суарады өлкесін
Ерке Есіл мөлдіреп.

Сылқ-сылқ күліп басылып,
Буырқанып тасынып.
Барады ағып ерке Есіл
Мұз Мұхитқа асығып.

Нәзік белін мың бұрап,
Ағады Есіл сылдырлап.
Күлкісі – күміс қазына,
Қарайды Арқа тұнжырап.

БАҚҰЛ БОЛ

1

Кеудеме қайғы-мұңды үйіп-төгіп,
Бекзатым, кеткенің бе қиып мені?
Қиылған қыршынынан, құлыным-ай,
Балдай ең,
Әр қылығың сүйікті еді.

Тағдырға кемем тасқа соғылғандай,
Не жаздым гүлім көктей орылғандай?
Жақсыға жаны ғашық жарығым-ай,
Кеттің-ау өмірге бір шөлің қанбай.

Қасірет алды торлап бүгін мені,
Осы өлең жазсам деген жырым ба еді?
Сандалып Сарыарқаның самал желі:
«Бекзаттан айырылдың» деп күбірледі.

Желігіп неге мені жел алдайды,
Дауыс қып желмен бірге ел алдайды.

Тебіскен құлын-тайдай Бекзатым жоқ,
Дегенге шіркін көңіл сене алмайды.

Ізгі еді-ау көксеп жүрген арманың да,
Ізгі еді-ау жүрген жандар жан-жағыңда.
Зарлатып баршамызды, бауырым-ай,
Бауырында Иманақтың қалғаның ба?

Ағалап ет жүрегі мың езілген,
Садаға кетпедім ғой бір өзінен.
Қалдырмас адам көңілін, адалым-ай,
Таптың-ау аңқылдаған мінезіңнен.

Қалайша бұл қайғыдан арылайын,
Қалайша тағдырыма налымайын?..
Ажалмен арпалысқан ақтық сәтте,
Қасыңда мен болмадым, не қылайын?!.

Тағдырың көздің жасын тыймағасын,
Жылайсың, зарланасың, қиналасың.
Тоғайтқан аш көңілімді Бекзатым-ай,
Қайтейін маңдайыма сыймағасын?!

2

Болғанымен бірі шаттық, бірі мұң,
Ұлассын тек ертеңдерге бүгінің.
«Өмір қызық» деп жазыпсың, өзіңсіз
Өмір қызық болар ма екен, құлыным?..

Өмір алға көшін тартып жөнелді,
Ол керуенге ілеспейсің сен енді.
Рухың жүрер жанымызды жылытып,
Қара жерге тапсырғанмен денеңді.

Өмір қызық, –
Қызығына тоймастан,
Сен кеттің-ау қанатыңды жаймастан.

Өмір қызық болар еді біздерге,
Сен үйленіп, ағаң жүрсе той бастап.

Алынбаған кетті өмірде мың есең,
Айналыпсың жас қабірге, міне, сен.
Өмір қызық болар еді біздерге,
«Тойың тойға ұлассын!» деп тілесе ел.

Қайда, ботам, өмір қызық дегенің?
Татырады маған дәйім неге мұң?
Сен естуге асық тілек сол ма еді,
«Топырағың торқа болсын» деді елім.

3

Мына қайғы басқа келіп орнар деп,
Кім ойлаған,
Ойлағанмен қорған жоқ.
Үш ағамның қасіретін ұмытқам,
Бұл өмірде, Бекзатым-ау, сен бар деп.

Үміт шіркін үзілген бе тіріден,
Үмітімді саған жалғап жүріп ем.
Әкем өліп, омырылып жатқанда,
Бекзатым-ау, өзің бар деп тұрып ем.

Сен де кеттің,
Сендей мені жебер кім?
Бұл қайғыға қалай төзіп, көнермін?!.
Құ талысы тарылмаған қара жер,
Сені жұтып тояр болса, көрермін!..

4

Ағаңа көңіл айтып ел кеп жатыр,
Тағдырдың дегеніне көн деп жатыр.
Кеудемнің түпкірінде шерлі жүрек,
Бекзатым, бір өзіңе шөлдеп жатыр.

Ағаңа көңіл айтып ел келуде,
Сорлы ағаң сең соққандай сенделуде.
Қызыққа тойдырмастан аз тірлікте,
Жылатып кету үшін келгенің бе?

Ағаңа көңіл айтып ел келіп тұр,
Шымырлап шемен көңіл шерленіп тұр.
Осылай ойсырап мен қалғанымда,
Басымды сүйеуші едің сен келіп бір.

Ағаңа көңіл айтып ел кетеді,
Азынап жыртық көңіл желдетеді.
Ботадай ағаң боздап отырғанда,
Басыңды бір көтерсең нең кетеді?!.

Сен кеттің оралмайтын бір жолменен,
Бөлініп сала берді іргең менен.
Бақұл бол, айналайын,
Көндім ақыр –
Тағдырдың салғанына кім көнбеген...

«Сүйемін!» – деме,
Осы бір сөзден сескенем.
Махаббат – азап,
Бейнетін талай кешкен ем.
Сол күндер дәйім
Жаңғырар менің санамда,
Соғыстың салған
Дертіндей болып өшпеген.

Махаббат бағы
Жұмақтай болып көрінген,
Ләззатын кешкем,
Көтердім жүгін
Оның мен.

Ынтығу аз ғой,
Күресу керек белдесіп,
Күресіп көргем, –
Жеңілгем-дағы,
Шегінгем.

Ол мені сүйген,
Мен оны сүйгем, сенгенбіз,
Толар деп ертең
Шуаққа біздің бөлмеміз.
Ал енді, міне,
Екеуміз екі белдеміз,
Есігі бөлек
Екеуміз екі бөлмеміз.

Қиын ғой өмір,
Қызық қой «тағдыр» дегенің,
Талғамайды екен
Алары менен берерін...
Табынған бейнем
Табылмай ма екен, расында?
Өшіре алмадым
Кеудемнен оның бедерін.

Махаббат келген
Жанымды естен тандырып,
Кетті ғой енді
Елесін ғана қалдырып.
Санамда менің
Өшпейді мәңгі сол күндер,
Махаббат салған тұрады
Дерті жаңғырып.

* * *

Қыс болса Қызылжарға кеткім келер,
Құшағын жайып далам:
– Жеттің бе? – дер!

Сықырлап сары аяздың ортасында,
Түсер ем шарпуына өрттің нелер.

Қарлы қыс тұсау салып қояр маңға
Мүлгиді барсаң-дағы қай орманға.
Сескеніп менен үркіп көрген емес,
Орғыған аппақ-аппақ қояндар да.

Ойнаймыз асыр салып күртігінде,
Аяулым, меніменен жүрші бірге.
Көзіңнің жауын алар қырау-сырға,
Сыңғырлар ақ қайыңның бүршігінде.

Есіме салады аппақ білегіңді,
Сондықтан сүйем қысты, –
Біл онымды!
Қағып ал, аяулым, мен қар лақтырам,
Қарға орап жіберемін жүрегімді.

Ішінде өзің қағып алған қардың,
Жүрегім – бесігі аппақ армандардың.
Көктемде гүл мен дәнге нәр беретін,
Мен де бір туған жерге жауған қармын.

Жарысып қар үстінде шаңғы айдалық,
Тамсансын жер менен көк таңдай қағып.
Жүр, жаным, Қызылжарға кетейікші,
Кетейік екеуміз де қарға айналып!..

* * *

Қызылжарда биыл тіпті қар қалың,
Шағала қар...
Шағала қар – жан-жағың.
Апта бойы аласұрған ақ түтек
Берекесін алып болды шаруаның.

Жүре алмайсың мына аязда, жол қашық,
Оранғанмен жылытпайды тон да түк.
Дірілдейді құшағында аяздың,
Ақ қайыңдар қабығына шор қатып.

Ат құлағын көрсетпейтін ақ боран,
Есігі мен әйнегі жоқ қақпаған.
Ақшам түспей ақ боранды жамылып,
Алып-ұшып саған қарай аттанам.

Қиялымда болар бесік ақ далам,
Ақ даламнан саған ойша аттанам.
Мен-дағы бір сені іздеген боран ем,
Есігім мен әйнегім жоқ қақпаған.

Көңілім бір ұлып тұрған борандай,
Өртенемін, жаным, саған бара алмай.
Ояу мәңгі саған деген сағыныш,
Қысы-жазы қалғымаған даламдай.

* * *

Менен бұрын жырлап өткен мың ақын,
Менен кейін жырлайды әлі мың ақын.
Барлығына шабыт селін құятын –
Тұнжыраған қара мақпал мына түн.

Түн қойнында өзіңменен қалғанда,
Жылжып бізге жақындайды арман да.
Жүрек қылын шертіп тұрған кезімде,
Менен мықты ақын жоқтай жалғанда.

Сені, жаным, құшағыма ап тұрғанда,
Менен асқан жігіт жоқтай бұл маңда.
Бал-бұл жанып, құшағыма алғанда,
Қысылма сен қара мақпал түн барда.

Жарты әлемге жайып салып қанатын,
Бар ғашықты бір құшаққа алатын.
Төбемізде тұра тұрсын жылжымай,
Махаббаттың ақ есігі – қара түн!

Артымызға тастап тәтті жылдарды
Жөнелерміз, ұмытармыз думанды.
Құшағынан біз кеткенмен, аяулым,
Ғашықтарды қалар тербеп түн мәңгі.

Еркелей бер, жаным, неден іркілдің?
Сыңғырына еріп сырлы күлкінің.
Өтсем деймін түн қойнында тұрғандай,
Құшағы да достарымның, жұртымның!..

* * *

Балалық алыс, алыста және ағалық,
Жүрген бір жан ем өзімді өзім пана ғып.
Жүрегім менің соғатын тынбай, жаңылмай,
Тамырларымда жататын жаймен қан ағып.

Санамда менің жататын жаймен ой ағып,
Тым-тырыс қана жүруші едім сая ғып.
Иіні түсіп, қалғыған орман секілді ем,
Көрдім де сені, кеттім мен оқыс оянып.

Шалғайда емен, торғай да емен тордағы,
Барамын ұшып, бұлғасаң қолды болғаны.
Ашпас ем сырды, жазбас ем жырды осынау,
Жарылып кетпір жүрегім тулап болмады.

Барамын жанып өртіме дертің құйылып,
Жүрмін мен қазір ғашықтық пірге сыйынып.
Күтеді сенің алақаныңның жылуын
Жүрегім, қаным,
Жанарым, жаным қиылып.

* * *

Шертілмеген сырың болса, шерт енді,
Аяулым-ау, күте бермей ертеңді.
Біз – желқайық, тағдыр желі күні ертең,
Кім біледі, қалай бұрар желкені.

Мұң сезіліп тұр ғой, жаным, күлкіңнен,
Ақтар бәрін, сыр бүкпе сен бұл түннен.
Жүрегіңнің махаббатын тұр айтып,
Кәусар тамшы кірпігіңе іркілген.

Түн де кетер, таң да келер ұрланып,
Жүрегіңде шертілмеген сыр қалып.
Мені жолға шығарып сап тұрасың,
Жел тербеген жас қайыңдай ырғалып.

Сапарымның қалап сәтті болғанын,
Отырарсың уайымдап жол қамын.
Тілейсің сен самолеттің мен мінген
Аэропортқа аман-есен қонғанын.

Сен күтесің айға айналып бір апта,
Мен жүремін елегізумен жырақта.
Кездесеміз... қоштасамыз қайтадан,
Айтылмайған сыр қалады бірақ та...

* * *

Дір ете қалдың,
Қысылып әлде тұрсың ба?
Іркілме, жаным,
Ештеңеден де қымсынба.
Орала бермес тілесең-дағы Тәңірден,
Ғажайып бұл түн – тұйық та, әрі сыршыл да.

Іркілме сен де,
Іркіліп мен де қала алман:

От құшағында өртеніп өлсем, жоқ арман.
Көңілің сенің жап-жаңа жауған ақ қардай,
Саятшы менмін
Несібе күткен сонардан.

Саятшы шіркін аққуға мылтық атпаған,
Аққудай сенің аппақ арыңнан аттаман.
Тежей де тежей от бүркіп тұрған боранды,
Тығыным ұшып, лапылдауыма шақ қалам.
Өртеніп көрген,
Өшіп те көрген пендемін,
Көрмесем болды сенің отыңның сөнгенін.
Жанғанын көрдім кеудеңде мендік сезімнің,
Ол өшсе мәңгі...
Ол өшсе мәңгі... өлгенім...

16.12.1979

* * *

«М. С. С.» Бұл үш әріптің сыры сәби жүрек қалтқысыз иланатын «Мен сені сүйемін» деген киелі сөзбен шешілетін...

Оятты да жүрегімді бір үн кеп,
«М. С. С.» – деп,
Жаздым қолым дірілдеп.
«М. С. С.» – деп,
Сен де жауап қайтардың,
«Осы менің сырым әрі шыным», – деп.

Күн батуын күтуші едік кеш болып,
Гүлсіз бір күн,
Жырсыз бір күн кешпедік.
Гүлді, жырлы балалықтан көз жазып,
Ең алғашқы махаббатқа қош дедік...

Жылжығанмен жылдың жүйрік пырағы,
Өшпейді екен махаббаттың шырағы.
Гүлге ұқсаған сонау сәби қалпында,
Сені, сәулем, көргім келіп жүр әлі.

Тірі пенде жасайды ғой тірлігін,
Өтіп жатыр қызықты күн, мұңды күн.
Көрінші бір,
Ақтық рет болса да,
Қолыма бір қонбай кеткен бұлбұлым.

АЗИЯНЫҢ АПТАБЫ

Самарқанда Азияның аптабы
Жел тимеген алма бетті қақтады.
Мазарларды,
Базарларды аралап,
Шөлдедік біз, –
Бойға тағам батпады.

Кірпіктерді бір қағысып,
Бір ашып,
Жанның терең түкпірінен сыр ашып:
Ресторанның
Жазғы салонында біз,
Көп отырдық
Жоқты-барды сұрасып.

Көңілдерден көк моншақтар шашылып,
Отырдық біз еркімізше ашылып.
Дәл төбеде күле қарап күн тұрды,
Самарқанның аспанында асылып.

Жер де,
Көк те,
Нөсер тілеп үздіккен...
Әлжуаздау леп еседі түстіктен.

Құшты бізді Азияның аптабы,
Қос жүректің ыстығындай ыстықпен...

ЖАЛҒЫЗ ШЫРАҚ

Мекен бұл орталықтан жырақтағы,
Жайнаған Алматының шырақтары.
Болады ырғалғандай, тербелгендей,
Қызарған қызғалдақтай қыраттағы.

Кешігіп соңғы автобус жаңа келді,
Бетке алып Алматыны барады енді.
Қош айтып, шығарып сап сәулем мені,
Жел тербеп қолаң шашын қала берді.

Біресе мотор үні гүрілдеген,
Біресе жүрек үні «Күнім!» деген.
Алдымда – сансыз шырақ жымыңдаған,
Артымда – жалғыз шырақ дірілдеген.

Қия алмай сол шырақты мен келемін,
Тулаған толқын кешіп тербелемін.
Күбірлеп өз-өзімнен қайта-қайта:
«Жүректе, жалғыз шырақ, сөнбе!» дедім...

* * *

Боларын дәл осылай білген едім,
Білгенмін мына күннің бір келерін.
Білгенмін бал дегенім басқа екенін,
Бәрін де іштей сезіп жүрген едім.

Таусылды тауқыметім, тәмамдалды,
Мықты екен біздің жүрек, аман қалды.
Бар екен махаббаттың Оқжетпесі,
Жоқ екен менің жебем қағар жамбы...

АКСИОМА

Сенің мені,
Менің сені сүйетінім –
Аксиома жай ғана.
Ол туралы ойлама,
Біз біргеміз қайда да!
Айым дер ем, –
Адамдар
Шығып кетті Айға да.
Дер едім мен:
– Күнім! Гүлім! Асылым!
Барлық ақын солай деп,
Мадақтайды ғашығын.
...Сүйем сені, әйтеуір,
Сыр емес ол жасырын...
Сүймейді деп ойлама,
Біз біргеміз қайда да.
Менің сені сүйетінім –
Аксиома жай ғана.

* * *

Алатауда ақ дауыл,
Алатауда ақ нөсер.
Дауыл тартқан күй тентек,
Дауыл айтқан ән де есер.

Кетіреді шырқыңды,
Мен ұйқысыз өткеремін бұл түнді.
Тежеместен селдетіп,
Кеудемдегі бұлтымды.
Сенің нәркес көзіңді,
Сенің сыңғыр күлкіңді,
Отырармын жыр етіп.
Қыдыр түнін күзетіп, –
Үлбіреген гүл бейнең
Көз алдымнан жүз өтіп.

Жүректегі жүгімді
Тоғыз атан тарта алмай,
Отырармын, жарығым,
Сағынышымды сарқа алмай.
Көктегі бұлттан нәр алып,
Кеудеме қонған ала бұлт
Нөсерін төгер қағазға,
Сен жайлы жыр боп жаралып...

АУЫЛЫ АЯУЛЫМНЫҢ АЮЛЫДА

Жүрсең де ар жағында алты белдің,
Аюлым, ат сабылтып алты келдім.
Аңсары аяулыға ауған шақта,
Жүрмейді серілердің салтымен кім?!

Аюлым, аяулымның тұрағы деп,
Аттанбай шіркін көңіл тынары жоқ.
Сәулемнің сәлеміндей самалыңа,
Шөлдейді бұлықсыған бұла жүрек.

Аюлым, сенде салар бір әнім бар,
Өзіңде тарқамайтын құмарым бар.
Жан түгіл желіңе де үрлетпеймін,
Төсіңде жанып тұрған шырағым бар.

Жүректің басайын деп шөлдегенін,
Өзіңе ат сабылтып мен келемін.
Жарасар жерің түгіл аспаныңа,
Аюлы, жұлдызым бар сенде менің.

Желіңнен сәлем айтып маған талай,
Қалқаның көзі талды-ау қарай-қарай.
Шынымен шіркін көңіл тынар ма екен,
Аюлы, тағы аттандым саған қарай...

БАЙБӨРІНІҢ БОЗДАУЫ

Етегінде бау еді,
Омырауында бақ еді.
Қойын-қонышы аң еді,
Хан ұлындай паң еді.
Қарқарасы көк тіреп,
Тасын суы тепкілеп...

Алпамыстың тауы еді –
Шөкелей түсіп шөкті кеп;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Сарыарқаның көркі еді,
Толқындары ерке еді.
Қоғалары би билеп,
Қамысы күй шертеді.

Аққу менен қаз барда
Сұңқылдап ән созғанда...
Алпамыстың көлі еді –
Табанында саз қалды;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Күн нұрына малшынған,
Ақ қайыңы аршылған.
Қарағай мен терегі
Әліптей боп шаншылған.

Желге тартқан күйлері
Жан-жүйемді иледі...
Алпамыстың орманы,
Таз шашындай сиреді;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Қырға сыймай мыңғырған,
Бірін бағып мың қылған.
Жайылымын той қылған,
Кешкі ауылды жын қылған.

Сенің ұққам тіліңді,
Саған салған күнімді...
Алпамыстың малы еді –
Топалаң тиді, қырылды;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Біреуімен күн нұрлы,
Біреуімен түн нұрлы.
Түнде келіп ойнатып,
Күндіз келіп күлдірді.

Сендерменен тірлігім,
Жоқ сендерсіз бір күнім...
Алпамыстың ай-күні
Тұтылғалы тұр бүгін;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Алапасын асырған,
Даңқы жеткен ғасырдан.
Ырғын еді дәулеті
Ысырапқа шашылған.

Тау, көл, орман – қорғаны,
Ай мен күндей арманы –
Алпамыстың ел-жұрты
Ұлтан құлмен сорлады;
Арай, жаным, арай,
Шөре, жаным, шөре.

Құл-құтандар жиылып ап, заман-ай!..
Құда болған заман-ай!

Бұқар жырау

Тектілерді тексіздер тепкілеген
Кесірлі күн келмеске кетті деп ем.
Тағы келіп шіренді-ау шіркіндерің –
Қос ерні жер менен көк тіреген.

Жеті атадан суалған құрып ары
Жолға шықты шұбырып ұры-қары.
Жарлымын деп ah ұрар ары бары,
Алам дейді ар сатып пұлы бары.

Жан адам жоқ арлыдан хал сұраған,
Хал сұрарлар малдыдан мал сұраған.
Мың бітпесе бітпесін, жүз кетпесін,
Құн жетпесім – ар-иман болсын аман!..

19.02.1997

ЖЫНДЫЛАР ЖЫРЫ

Мен де жынды, ол да жынды – мың жынды;
Жындылар тек елге орнатар бұл күнді.
Ел де жынды, жындыларға кет дейді, –
Келетіндер жынды емесін кім білді?

Таба алмайды бізден артық жындыны;
Ақылдыға құрымасын ындыны.
«Ақымақтар жасасын!» деп жар салмай
Көздеріне көп көрінер бұл күні.

Өлмей аңсап жұмақтағы өмірді
Елім неге бұл фәниден жерінді?

Білмеуші ме еді «ақыл – азап» екенін –
Жалғаның тек жындылармен көңілді.

Күн-түн қызық,
Түнде – қыздар, күнде – арақ,
Ақыл-еске жатыр дейсің кім қарап?
Әбестігі білінбейді сырт көзге
Мың жындыға ие болса бір дорақ...

МАЙШАМ ЖАРЫҒЫНДА ЖАЗЫЛҒАН ЖЫР

Көкшетаудың ешбір шамы жанбады –
Үмітіміз тағы бізді алдады.
Талай заман – алаштағы ару жер
Салдақыдай талақ болып қалғалы.

Қала – мынау, дала бұдан сорақы,
Елім тозған, қалғаны тек – ел аты.
Ауыл-ауыл, үйден-үйді қалдырмай
Қыдырып жүр қайыршылық қара аты.

Ақшам туа жамылады ел қара,
Қара түнге көңіл айтқан жел ғана.
Қабарады қайғы жұтқан қара жер –
Ақ кебінге мойынсұнған шерлі ана.

Елге қарап, жерге қарап торығам;
Ардағым-ай, арылмады-ау сорынан!
Әкімдері тонап біткен ауылдан
Не күтеді аш қасқырлар торыған.

Қара түнге мандайымды мен ұрдым,
Қара қайғы, жанымды жеп кемірдің.
Абыройын кім жабады, Құдай-ау,
Борбай еті борша болған елімнің?!.

15.02.1997

ҚАБА ЖАЛДЫ ҚАРА АЙҒЫР

Қаба жал қара айғырға қалың қарда
Қамалап қалың қасқыр жабылғанда,
Жарықтық, жал-құйрығын көкке шаншып,
Жасанған жауға жалғыз шабынғанда,
Көк құрыш – төрт тұяғын талмай сермеп,
Көкжалды көк желкеден тап ұрғанда,
Кісінеп үркек үйір сабылғанда,
Ақ көбік омыраудан ағылғанда,
Пырылдап қос танаудан дауыл соғып,
Екі көз – екі шырақ жағылғанда,
Қайтарып тастағанша жаудың бетін
Қаба жал қара айғырда дамыл бар ма?
Ақсиған аш бөрілер сейілгенде,
Үйірден құлын-шығын табылған ба?.. –
«Арман-ай, арман-ай!» – деп отырушы ед
Қарттарым қара айғырды сағынғанда.
«Арман-ай! Арман-ай!» – деп мен де айтамын,
Ағалар, армандамас халім бар ма?..

МҰҚАҒАЛИҒА

Шабысыма артты ма екен ел сенім,
Атыңдағы жүлдені алдым мен сенің.
Атой салып араластым дүбірге –
Қынабынан суырылды семсерім,
Семсеріме артты ма екен ел сенім?!.

Сен жатырсың Алматының қырында,
Енді қалған бар тірлігің – жырың да.
Жырыңменен сіңіп жатыр еліңе
Шаттығың да, қасіретің де, мұңың да;
Сен жатырсың Алматының қырында.

Бала күнде батаңды алған ұл едім,
Аға, маған сен болашақ тіледің.

Есіме алсам сол бір асыл сәттерді
Сыздап-сыздап қоя берер жүрегім.

Тербесе елін – Ақын сендей тербесін,
Ақындарын ардақтамау – Елге сын.
Тірлігіңде татитұғын жүлдеңді
Тым болмаса бермеді ғой өлгесін.

Ақын едің Елге татыр іргелі, –
Елің кейде қадіріңді білмеді.
Тартуы ма, төлкегі ме тағдырдың –
Берді маған атыңдағы жүлдені...

* * *

Дарияға салған қайығым
Жағадан ұзап кеткен жоқ.
Қамкөңілімнің уайымын
Ешкімге міндет еткем жоқ.

Жұлындай қылып жараттым,
Күреңім топтан озған жоқ.
Есінде қалар қазақтың
Ғаламат өлең жазғам жоқ.

Түлетіп сұңқар ұшырам, –
Аққу мен қазын ілген жоқ.
Өзімнен-өзім қысылам –
Әуремен өткен күндер көп.

Кемеге мініп қайықтан,
Кер кеткен тірлік оңар ма?!
Басыма менің ғайыптан
Бақ құсы келіп қонар ма?!

Құлагер өлген қылтадан
Күреңім аман өтер ме?..

Қазағым үшін шырқағам –
Қазаққа дауысым жетер ме?!

Қолымнан ұшқан Көкжендет
Қайтар ма аққу-қаз іліп?..
Күреңім менің кеу-кеулеп,
Шабар ма бауыры жазылып?..

Жітігі толмас көңіл ғой,
Тілектің бәрі қабыл боп.
Ұзын да қысқа өмір ғой –
Ол бітпей жанға дамыл жоқ...

* * *

Жалған-ай, менде
«Арман-ай!» деген бір ән бар,
Арманның жайын армандылардан сұраңдар.
Сыртынан күліп,
Ішінен тынып жүргеннің
Жазылмас жанда жарасы барын кім андар?..

Тірлігім, шіркін, кетуде кері –
Тұк өнбей,
Сонда да күлем –
Төрт құбыласы түгелдей.
Кеудемде менің кешегі жауған ақ қардың
Сары тап болған күртігі жатыр күрелмей.

Бас ауған жаққа қаңғыра лағып кеткелі,
Ұлиды-ай келіп ішімде жатқан көкбөрі.
Ұли да ұлы төубеге келер сұр тағы –
Қансырап өлген арманын талшық еткелі.

Көндігіп алдық шәрбат деп қақтан ішуге,
Жұмағым сен деп тозаққа барып түсуге.
Тірлікке пенде келе ме деймін тегінде,
Армандай жүріп,
Жете алмай өту үшін де.

Күледі көзім,
Жасырып жанның жылауын,
(Жып-жылы жасқа ери ме, жүрек, қырауың?)
Арман-ай, арман!..
Алыстап менен барасың, –
Жанымда қалды «Арман-ай!» деген бір әнім...

ҚҰРАН

Ратбек қажы,
Сіз берген жасыл Құран –
Ұрпағыма қалдырар асыл мұрам.
Сол шіркіндер дінінен безбесін деп
Иманымды күндіз-түн қасым қылам.

Қиын сәтте бердіңіз Құран маған,
Құранды алып, қобалжып тұра алмағам.
Бес парызға ұқыпты болмасам да,
Күдер үзіп кетпеп ем бір Алладан.

Менің шамам келмейді дін ұғарға, –
Дін ұққанның, дариға-ай, мұңы бар ма?!
Хақ жолы деп ақ жолға бастайтұғын
Шариғаттан мұсылман бұрылар ма?!

Ібіліске мен жастан ілескенмін,
«Жын-шайтанның оқуы» – түгескенім.
Аятында Алланың жауың деген
Нәпсіге де тыю сап күреспедім.

Жоғалтқам жоқ алайда ар-иманды,
(Ар тазасы – өмірлік қағидам-ды).
Обалы мен сауабын көтерерміз,
Қайтарар күн жеткенше кәлимамды.

Оң да көрер ісімді,
Теріс көрер –
Кәрәмән мен Кәтимән – періштелер.

Хатқа тізіп алғанын сараптаса –
Ағарармын, жұмақтан өріс берер.

Дүние жолы – талайлар шиырлаған,
Созған сайын сорабы қиындаған.
Өтіп жатқан пендеде қисап бар ма,
Ел-жұртынан бір алғыс бұйырмаған?!

Елім ғана татиды табынуға,
Елім – пірім, тағдырым, жақыным да!
Нәңкүр-Мүңкір сотынан кейін емес –
Ел талқысы – азамат, ақын ұлға.

Жер тәңірі шемен қып шерімізді,
Зұлмат жайлап барады жерімізді.
Алла біздің оң қылғай жолымызды,
Ратбек қажы, жайыңыз қолыңызды:
– Әумин!..

ОРАЛУ ЖЫРЫ

Алапат боран еді, боран еді,
Боранға анам мені орап еді.
Ақпанда ақ құшағын айқара ашқан,
Боран боп сезіледі дала демі.

Жаз келіп жадыратты атырабын,
Жамылып жаттым жасыл жапырағын.
Ақ қайың, қызыл қайың арасында
Жанымды жасыл мұңға батырамын.

Есімде көкек, мамыр – көктемі де,
Көндіктім күздің суық өкпегіне.
Талысы тарылды да дүниенің –
Талпынып қолым создым көктегіге.

Жаңғырып жаздың жыры, боран әні,
Түлейді дамыл алмай далам әлі.

Көкжендет көгін тастап бір күндері
Туған жер құшағына оралады.

Жолдамын,
Жол біткенше алысамын,
Жаз жырын, боран әнін тауысамын.
Таусылмас арманымды арқалап кеп
Армансыз ата-анама қауышамын...

Ей, елім, қай күні сен ел боласың,
Қай күні көшің түзеп оңдаласың?..
Қай күні іргелі елге айналасың,
Бауырына еркін басқан сар даласын?..

Сарқумен әлдекімнің қамбасына
Береке бітер емес мал-басыңа.
Тартылған Арал емес, Балқаш емес,
Елдігің – толмай жатқан арнасына.

Қастерлеп қасиетті Көкбөріңді,
Күн бар ма сілкіп киер шекпеніңді?!
Танымай, таныта алмай өткеніңді,
Таппайсың болашаққа өткеліңді.

Мұрасыз қалған ұрпақ көгере ме,
Бәсіре тайың қайда немереңе?!
Кежегең кейін тартты неменеге –
Жатырқап жаңаға да, көнеге де.

Емізіп уызы мен қасіретін,
Басыңнан бара жатыр ғасыр өтіп.
Жолында елдігіңнің талай ерлер,
Жоғалды екіұдайда басы кетіп.

Қыз түгіл қия басып ұл да өтпеген,
Халықпыз қариясын құрметтеген.

Сөзіне халқы ұйыған қарттар қайда,
Алтын бас ерлер қайда құн жетпеген?!

Жабыны қас тұлпардан оздырған кім,
Семсерін досқа сермеп тоздырған кім?..
Тізгінін алға тарт деп берген елді
Әрі тарт, бері тартқа кез қылған кім?..

Білмейсің осындайда не деріңді,
Білмейсің кімнен нені көреріңді.
Аңсаған Асан Қайғы қайран заман
Беретін күн болар ма дерегіңді?..

БАТЫР БАЯН. ЖЕТІСУ

Көрмегенге арман болған, дерт болған,
Көрген адам:
«Бұл пейіш пе?!» – деп қалған,
О, Жетісу!..
Жетінші атам – ер Баян
Сені қорғап ата жаудан мерт болған.

Табанымда топырағыңның табы бар,
Көкірегімде ер бабамның қаны бар.
Ер бабамның қаны тамған топырақ,
Перзентіңмін ай көрмесем сағынар.

Өткеніңді талмай іздеп, зерттегем,
Қойнауыңда күйлерің көп шертпеген.
Жетісуға жау келгенде
Алдымен
Менің бабам Көктұлпарын ерттеген.

Ақтың талмай,
Әлі талай ағарсың –
Балқашыңды бұлжымастан табарсың.
Жағаңа кеп жан бергенде ер Баян,
Қайран Іле, бір күрсінген боларсың.

Іле-Ана,
Шалқып жатыр жағаңда ел,
Барлығы да сенен бақыт табам дер.
Алты алаштың жер жаннаты, жасай бер,
Ер Баянның аманаты, аман бол!

ҚҰЛЫНШАҚТАРЫМ

Айда болса керегің
Алып беремін.
Күнде болса керегің
Қағып беремін.
Жерде болса керегің
Қазып беремін,
Құлыншақтарым.

Күн тұтылған күндерде
Күнге балаған.
Ай тұтылған түндерде
Айға балаған.
Күлкілерің күш берген
Қайда да маған,
Құлыншақтарым.

Суалған көл көрсеңдер
Көлге сарқыңдар;
Қуарған жер көрсеңдер
Жерге сарқыңдар;
Сенде болса мұқтажы
Елге тартыңдар,
Құлыншақтарым!

25.08.1995

БЕКЗАТҚА

Бұзығым – білмес үркуді,
Сағындым, ботам, күлкіңді.

Есіме түсіп әр ісің –
Елегізіп жүрмін біртүрлі.

Былдыр да былдыр, былдырым,
Балдан да тәтті тірлігің.
Түсіме кірсең, жұбанам,
Бүгін де түске кір, күнім!

Салтақ та салтақ, салтағым,
Өзің жоқ жерде ортамын.
Түйреуіш тағып берді ме –
Тіл менен көзден қорқамын.

Аман-сау, ботам, жүрдің бе?
Ойыннан тыным білдің бе?
Нағашың жомарт жан еді, –
Бәсіре тайың міндің бе?

Көргенде көңіл серпілген,
Айналдым, ботам, көркіңнен.
Шешеңде сенің ес бар ма –
Қайтады қашан төркіннен?

Көкешім қашан келер деп,
Жүрмісің сен де еленděп?
Өзіңе деген сағыныш
Құйылып жатыр өлең боп.

Аялап сені өтейін,
Садағаң болып кетейін.
Ботама барар мұрша жоқ,
Тіршілік, сені не етейін?!

Ақкөңіл, адал жүректі
Шалғайда жүрген бауырым.
Бағыма менің тілекті
Жалғай да жүрген бауырым.

Өлкеге біздің сары ала тонды күз жетті,
Қош-қошын айтып құстар да кетті тізбекті.
Ұзатқан қыздай сыңсыған құстар сәлемі,
Тағы да сені, тағы да сені іздетті.

Өлкеге біздің бозқырау түсті қарыған,
Бозарды дала айырылып жасыл табынан.
Бозала таңда бозқырау кешіп жүргенде
Бауырым, сені еске алам-дағы, сағынам.

Алыстап кетті жаздағы кештер мың күйлі,
Түнеріп қазір томырық аспан мүлгиді.
Түнерген кеште үдерген көштей тынымсыз,
Жүрегім менің өзіңе қарай ілбиді.

Ақпан да кетер, қаңтар да кетер бұрқаған,
Көгерген көктем көрінер тағы қылтадан.
Жетер ме саған, жетпес пе әлде, білмеймін,
Сағыныш – әнім көк белде тұрып шырқаған.

Қоңырау қағып осынау қоңыр үнменен,
Сағына жүріп, сарната жүріп күнде өлең.
Аңырап жүріп арнасын тапқан ағындай
Қалай да қалай табамын сені бірде мен?..

Аққөңіл, адал жүректі,
Шалғайда жүрген бауырым.
Бағыма менің тілекті
Жалғай да жүрген бауырым!

ШЕРУБАЙ-НҰРА

Шерубай-Нұра – шері бай,
Шерленіп ақтың сен ұдай.
Сарқылып қалған сабаңды
Қызғышың кетті қорымай.

Шерлім-ау, сенің не еткенің,
Телегей едің, текті едің.
Арнаңа қарап аңғардым
Күрпіген күнің өткенін.

Бар еді «базар» жағанда –
Салауат айттың оған да.
Қаңырап қалды ұялар,
Қуарған қамыс-қоғаң да.

Далиып жатқан етегі
Судың да күні өтеді.
Жылғаңды кезген жаңбыр қақ,
Жылауға ғана жетеді.

Қаталап қаным қатқанда,
Сусап кеп сені тапқанда,
Шөлімді қайтіп басарсың, –
Өз шөлің қанбай жатқанда?..

Шерубай-Нұра, шерленгін,
Құтқарсын сені шерден кім?..
Қай жаққа барсаң осы ғой
Қазақтың суы – көрген күн!..

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӨЛЕҢ

Әкеңнің алаңы көп,
Байқадыңдар.
Ұл-қызым, сендерге бір айтарым бар:
Тірліктің дариясында қалар белгім –
Шаттықтың кемесіндей шайқалыңдар.

Әрине, мазалайды болашағың, –
Бәрінен қиын боп тұр бала шағың.
Сіңіріп сәби санаң әлденені,
Жұтып жүр сәби кеудең қала шаңын.

Керімсал ескен шақта сар даладан,
Пейіш-нұр сарайыма сорғалаған.
Ауасы Сарыарқаның сау күнде өстім,
Сендерше тумай жатып сорламағам.

Жібермей жүрген мені қала бар ма,
Бағымды құшар ем ғой даладан да.
Казақтың айдай әлем даласынан
Айналсам усыз аспан таба алам ба?

Басқа жер болмас маған даламдайын,
Апыр-ай, енді немен амалдайын?!
Батады қабырғама тәбеттерің
Тартылып бара жатқан Аралдайын.

Жазар ма аман-есен ержетуге,
Тазалық орнар ма екен жер бетінде?..
Бесігін өздеріңдей сәбилердің
Жерасты жарылыстар тербетуде.

Көл-суын ешбір адам лайламаған,
Іздейін Жеруйықты қай даладан?!
Жалғанда жалғыз ғана Қазақстан,
Екінші Отан табу қайда маған?!

Жаныңды, жүрегіңді Елге бұрам,
Жасынан өсер болар Ел деп ұлан.
Әйтеуір, туған жердің ауасы ғой –
Жұтыңдар, құлыңдарым,
Мен не қылам?!

ГЕНЕТИКА

Түсімде тарпаң шатыс торы мініп,
Өзімді баяғының ері біліп.
Кіргенде қан майданға Жаубасарлап,
Қалады бүгінгінің ерігі ұмыт.

Түсімде кейде топқа сөйлеп жүрем,
«Бүлінбей бітісіңдер, қой!» деп жүрем.
Жабырқап түсімдегі көрген жайдан,
Оянам қилы-қилы оймен кілең.

Бабамыз батыр еді жау түсірген,
Санама, бәлкім, соның салты сіңген.
Қойсана, Қарақоян аналарым
Би болып, өмірі өткен айтысумен.

Күбірлеп аят оқып, таяу келіп,
Жүреді әрқайсысы аян беріп.
Кей-кейде бабалардың кейпін киіп,
Оянам атышулы Баян болып.

Би анам Қарақоян келгенінде,
Сөз десе іркілмеймін мен де мүлде.
Жарықтық ата-баба, әлі күнге
Аруағың маған келіп дем беруде.

Жетсем деп алыстағы арманыма,
Қос тепкі салып келем тарланыма.
Шарқ ұрам, айналсам деп мен де бір күн,
Ұрпақтың сыйынатын аруағына.

АРҚАДАН КЕЛГЕН ЖОЛАУШЫ

– Киіктер өліп жатыр ма?
Ойпырмай, мынау сұмдық қой!
Патшаға-дағы, пақырға
Берілген жалғыз тірлік қой.

Сарыарқа сәні – сар киік
Қырылып қалса, не болмақ?..
Тірілтер едім қан құйып,
Тірлігі болса оңалмақ.

Арқаның ерке түлегі –
Көргенде көңіл толатын.
Мекені қыста құм еді –
Қазақша көшіп-қонатын.

Дәрменсіз еді шіркіндер
Бейкүнә сәби секілді.
Жігіттер, қайда жүрсіңдер,
Қамқорлыққа алмай жетімді?..

Киікте кеткен кегің не,
Қуалап жүріп қырғанда?!
– Уланып қалды, – дедің бе.
– Шөптен бе, әлде судан ба?

– Шөптен де, судан уланды,
Шүбәм жоқ, оны мың көрдім.
– Ұмытып ұят, иманды,
Даламды улап жүрген кім?

Қасірет күйін шерттіріп
Киікті қырса даламда,
Уланбай ма екен төрт түлік,
Ел-жұртың өзі аман ба?

– Асатын сұмдық жоқ бұдан,
Не көрмей жатыр қай елің?..
Қалжаға сойған тоқтыдан
Уланып өлді әйелім.

Уланған ана уызын
Емді де өлді бөбегім.
Осындай жағдай, туысым,
Туудан-дағы көп өлім.

– Дәрігерге өзің қаралшы,
Барайын бастап сені мен.
Арқадан келген жолаушы
Көз жасын сүртті жеңімен...

КЛАВ ЭЛСБЕРГС

Владивосток қаласында,
Тынық мұхит жағасында.
Ақтарылып аштық бүкпей
Көңілдің наз-наласын да,
Жас жандардың жарасын да.

Жараңды айттың, – жыламадың,
– Шыда, – дедің, – шыда, жаным!
Қатар жүзіп кеттік жалдап
Уссурийдің шығанағын.

Досым едің, бауырым да,
Жабырқағыш жаны мұңға.
Асығыстық армандарды
Барқыт жонның сауырында,
Дерсу Узала ауылында.

– Латыш сенің бөтенің бе?
Қонақ бол, – деп – мекенімде.
«АЗ и Я»-ның бір данасын
Тапсырып ең кетеріңде...

Талай күндер мен келгелі,
Өзіңді іздеп сенделгелі.
Балтығыңның толқындары:
– Досың сенің өлген, – деді,
– Елі жылап көмген, – деді.

Досым зиярат қыла алмады,
Жыры – жаққан шырағданы.
Сеніменен бірге үзілді-ау
Ел-жұртыңның бір арманы.

Сенің ізің жағада бар,
Қориды оны шағалалар.
«Аз и Я»-ның парақтары
Секілді аппақ шағалалар...

ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛОВКЕ

Алатаудай асқағым,
Аңсап жүрмін мен сені.
Көкшетаудай көріктім,
Көксеп жүрмін мен сені.

Жүз найзаның ұшында
Жалғыз жаның шырылдап,
Құлағымның тұсында
Құлан даусың құлындап.

Таусылғандай амалың,
Шақырасың сен мені.
Көрешегі ағаның –
Інінің де көргені.

Сөзге тіккен жамбыны
Жатып атқан мергенім.
Өлең десе – даңғылым,
Әнге салса – зергерім.

Талай қазақ табынар:
Әнің – шекер, жырың – бал.
Сені мендей сағынар
Алты алашта кімің бар?..

АҚАН СЕРІ МЕН ПЕРІНІҢ ҚЫЗЫ НЕМЕСЕ СӘКЕН ЖҮНІСОВКЕ ЖАУАП

Адамға емес, –
Одан да зорға сай бабам,
Перінің қызы
Басыңды қалай байлаған?..
Ақан серіге
Перінің қызы ғашық деп
Жынданып түгел
Кетпеген шығар айналаң.

Сенбейтін кім бар,
Періге, серім, ұнасаң,
Салтың ғой сенің –
Сұлуды сүйіп құласаң.
Перінің қызы?..
Есімі қалай?..
Білмейміз,
«Сәлуа» дейді,
Сәкеннен оны сұрасаң.
– Жалаңаш тәнде
Жуылмай киген көйлегі –
Сығанның қызы серіге, сірә, тең бе еді?!
– Сәлуа деген –
Сәруардан шыққан түбінде,
Адасып кеткен
Қазақтың қызы ол, – деді.

– Ақандай сері
Алаштан ару таңдайды,
Таңдағандары –
Шіркін-ай, шіркін, қандай-ды?!
Адасып кетіп,
Аспаннан келіп түссе де,
Сәруарың сенің
Ақтоқты бола алмайды.

Ән салса сайрап
Пейіштің бұлбұл құмыры,
Қиял-ғажайып –
Құлагер аттың дүбірі.
Көкжендет сұңқар –
Аңыздан келген Самұрық,
Ертегі сынды –
Бабамның бүтін ғұмыры.

Ағайынға да,
Алашына да сыймаған,
Иесі сыймас
Далаға қайтіп сыйған ән?

Серісін алып
Періге таңып жіберген –
Қайран, қазағым,
Өзіне-өзі қимаған!

Қылығы миға қонсын-ау,
Мейлі, қонбасын,
Ақынды сыйлау –
Алашым, саған ол да сын.
Перінің қызы
Сүйген де шығар серіні, –
Алласы болса,
Перісі неге болмасын!

* * *

Есіме түсіп, өткен, кеткендерім,
Оңаша отырғанды жек көрмедім...
Желкілдеп жапырағы шақырады,
Арасы кіл қайыңның – өскен жерім.

Арасы кіл қайыңның – өскен жерім,
Өзіңде кіндігімді кескен менің.
Тұмарлап саған қарай ұшырамын,
Көңілімнің көк алалы кептерлерін.

Өбетін өз анамдай майда лебің,
Төсіңде тайраңдаған тайлақ едім.
Адасқан ақ қайыңдар арасында,
Алаңсыз сол күндерім қайда менің?..

Дүркіреп өте шыққан дүр күндерім,
Есте жоқ: бір күн бе едің, мың күн бе едің?
Төсіңде пісіп-жетіп үлгермеген,
Мен сенің жасыл түйнек бұлдіргенің.

Өкінбен балалықтың өткеніне,
Өкінем сенен ерте кеткеніме.

Он бесте бала қиял сенді ме екен,
Шығам деп шырқап барып көк төріне?..

Кеткен жоқ алдап мені арман елі,
Алыстан естіледі салған әні.
Сеземін күліп келер бір күн барын,
Сол күнге өз көңілім қамданады.

Мен сенің жасыл түйнек бүлдіргенің,
Мәуелі баққа айналам бір күндері.
Өзіңнің мейірімді самалыңдай,
Желпіп жүр мені бүгін жырдың желі.

АҒАТАЙ

Былқ етпес діңім, бүлк етпес тылым сен едің,
Тұлғаңды сенің таяныш тұтып кеп едім.
Қайда жүрсем де қара орманымдай демедің:
Абылай аспас Арқаның сары белі едің.
Жалғыз да болсаң, жайсаңым, маған көп едің;
Ағатай, айтшы мен енді кімге сенемін?..

Жалғыз бауырың жалғыз қалды ғой аңырап,
Қарағай құлап қара орман калды қаңырап.
Шайқалып кетті түндігі таудай шаңырақ –
Қалды ғой жұртың ұлардай шулап жамырап;
Қолдай гөр өзің, ағатай – аппақ аруақ!

Жампозы кетіп атадан туған екі ұлдың,
Жасығы қалды-ау, жасықпын және жетіммін.
Дейтұғын шақта: «Құдайға шүкір, жетілдім...»
Сыңар қанаттан, сыңар тұяқтан кетілдім,
Тәңірім, неге ығымды ерте кетірдің?
Жалбарынып саған: «Құлху аллалап» отырмын.

Ағамыз кетті, жағамыз енді жыртылды,
Жағасыз жігіт – панасыз жігіт үркулі.

Шырқымды бұзды, кетірді тірлік ырқымды;
Жағдайға мына көне алмай жүрмін біртүрлі.
Шалқыған көңіл суалған көлдей іркілді,
Қайтейін енді, қайтейін ажал шіркінді?..

САҒЫНЫШ ӨРТЕП...

(Бекболат Тілеухановқа)

Сағындым сені, қаршадай менің алыбым,
Сағыныш өртеп, ағаңның қазір жаны – мұң.
Жүгірсе жанға жүлде бермейтін жүйрігім,
Тұлпар тұлғаңды құлын күніңде таныдым.

Сағындым сенің самалдай ескен даусыңды,
Сағыныш өртеп, ағаңда тағат таусылды.
Бауырымды қашан бауырыма басып, дүние-ай,
Ақтарар екем таң ағарғанша бар сырды?..

Сағындым сенің ағалап тұрған қалпыңды,
Сағыныш өртеп, ағаңның жаны алқынды.
Көкшетауымды көркейтіп кетші бір келіп,
Ағаңды мәз қып, риза қылып халқыңды.

Сағындым сенің сазындай пейіш үніңді,
Сағыныш өртеп жүрегім жүзге тілінді.
Аландап саған, Көкшеге тіккен ордамның
Алатау жаққа іргесі әлі тұрулі.

Сағындым сенің бала бүркіттей тұлғаңды-ай,
Сағыныш өртеп, сарғайдым күзгі қырмандай.
Көрсе де күнде сағына берер бұл ағаң
Өмірден өтер өзіңе шөлі бір қанбай...

* * *

Қара орманның қолтығынан жел кіріп,
Бұрқылдаса қарлы толқын төндіріп.

Басталатын ақ далада ақ майдан,
Терезеден қараушы едім телміріп.

Жылы жерде бағатының жан ғана,
Саят құрып шыға алмайсың аңға да.
Аңы қайда, –
Өзі қайда –
Біле алмай,
Буырқанып жатар тулап маң дала.

Қырау шашақ бөрік киіп сең-сеңнен,
Қара ормандар...
Қара ормандар теңселген.
Аңдарыңа қорған болып, пана боп,
Сен тұрасың қарға батып белшеңнен.

Кіндік кескен жерім,
Сені жырға мен
Қосам талай –
Саған тәнті бір жан ем.
Іздеп мені ақ бораның ұли ма?
Құлдыраңдап қырды кезген құлжаң ем.

Көкірегімде бораның бар, қарың бар,
Жүрегімде өзің жақкан жалын бар.
Маған берген аманатың
Қойныңа
Өзімменен бірге жетіп дамылдар...

* * *

Көргің келсе қар бұрқаған боранды –
Жаннан кешкен жиһанкезге еліктеп,
Шыр айналмай,
Мың айналмай ғаламды,
Мына біздің Қызылжарға келіп кет.

Көргің келсе қаса сұлу көктемді,
Қызғалдаққа ғашық болсаң сен егер.

Құспен бірге
Алқындырып өкпеңді,
Мына біздің Қызылжарға келе бер.

Желек жапқан ақ қайың да, терек те,
Жаз да сұлу менің туған даламда.
Абай айтқан шыбынсыз жаз керек пе,
Мына біздің Қызылжарға кел онда!

Бәріміз де даламыздай жарқынбыз,
Құшақ жайып қарсы алады қалың ел.
Қызықтырса Пушкин сүйген алтын күз,
Мына біздің Қызылжарға тағы кел.

Дүниенің кеңдігі мен тарлығын
Сезінбейсің,
Көңіл шаңын қағасың.
Сыны кетпес сұлулықтың барлығын
Мына біздің Қызылжардан табасың...

ЗАМАН-АЙ

Бағзы заман көкіректі шерлеген,
Сен өлгенмен, ақындарың өлмеген.
Қақ маңдайдан қамшыменен соқсаң да,
Біржан салдар домбырасын бермеген.

Құлагерді соңынан шаң бұрқаған,
Мерт қылсаң да тосып тұрып қылтадан.
Әлі тірі, зарлы жоқтау сыңсиды,
Ерейменде Ақан сері шырқаған.

Заман... заман, саған төгіп қарғысын,
Өткен зарлап бұлбұл көмей сан құсың.
Осы күні атып алып жүр олар,
Заманының қақтырмаған жамбысын.

Заман... заман, сенің туың құлады,
Тәтті өмірдің жанды лаулап шырағы.

Сен кеткенмен, Батыраш пен Поштабай
Кейде бізбен жағаласып жүр әлі.

Заман... заман... заман қазір түзелді,
Ескіліктің жал-құйрығы күзелді.
Батыраш пен Поштабайдан, заман-ай,
Қалай ғана құтыламыз біз енді?!

КӨКШЕТАУҒА АБЫЛАЙДАЙ ХАН КЕРЕК

(Камалтин Ескендірұлы Мұхамеджановқа)

Көкшетауға Абылайдай хан керек,
Хан боларға қардай таза ар керек.
Нарқоспақтың мекені еді Наршөккен –
Оның жүгін тартатұғын нар керек.

Арқадағы жер кебесін танымай
Адасқаннан келмеп еді Абылай.
Алты қатын әперуге мол жеткен
Атығай мен Қарауылдың малын-ай.

Ер Абылай – нар мінезді, нар қылық,
Көкшетауға келмеп еді қаңғырып.
Жалаң атпен жайдақ келген сұлтанды
Аттандырды ел алты алашқа хан қылып.

Арқадағы жер патшасы – мына жер,
Алаштағы ат патшасы – Құлагер!
Еркін ағаң патша бола жаздаған
Көкшетаудан патша күтіп тұрады ел.

Келер қысқа қаншалықты дайын деп,
Қаланыздың ел-жұртында уайым көп.
Айдар* барда айдарынан жел ескен,
Көкшетауды қайырлатқан Қайырбек*.

* Айдар Мурзин, Қайырбек Құсайынов – Көкшетау қаласының бұрынғы әкімдері.

Тектілерді тани білген текті елім,
Ел сенімін жерге тастап кетпегін.
Бар болғаны президент шығарған
Көкше сенің Теміртауың деп пе едің?!

ТОҚАНЫҢ ТӨРТ ТОЛҒАУЫ

Өріске малы сыймай байларының,
Жағдайын көрейін деп жайлауының,
Шығады ұлын ертіп қоныс қарай
Сары Тоқа – дәулескері Сайдалының.

Сайдалы Сары Тоқа жер көреді, –
Соңынан ертең шұбап ел келеді.
Жапанда жалғыз құдық жылда қонған,
Түнесем осы араға жөн бе деді.

От шүйгін, соны жайлау – тегін баспақ,
Соныға қондырмақшы елін бастап.
Шідерлеп Тайқасқасын жатып қалды,
Ығына ұлын алып, ерін жастап...

Сәлден соң түн етегін түре берді,
Жазғы таң бозторғай боп түрегелді.
Жанында жалғызы жоқ, Тайқасқа жоқ –
Күйшінің зуыл қақты жүрегі енді.

Алақтап көз салады айдалаға,
Білмеді – жанын қояр қайда ғана.
Сиынып жатып еді Алласына,
– Ей, Алла, атыңа бұл сай бола ма?!

Тағдыры бүгін бұған қырын келді,
Тағдырдан қырын келген түңілген-ді.
Құдыққа құлап өлем деп барғанда,
Бетінде қалқып жатқан ұлын көрді.

Жұбанбай жылады сол жылағаннан,
Тарылып кеткендей ме мына жалған.
Алдында сұлық түсіп сұлап жатыр
Жалғызы Жаратқаннан сұрап алған.

Білмей-ақ келіп еді шер дегенді,
Сары Тоқа көрді-ау бүгін көрмегенді.
Қайғының уын жұтып отырғанда,
Жайлауға ұбап-шұбап ел де келді.

Ұйқыда жатыр дей ме сәбилерін,
(Шіркіндер, сезер емес зар илерін!).
Тоқаның анасы мен жары келіп,
Қамданды орнатуға ақ үйлерін.

Қол созды Тоқа сонда домбыраға, –
Сары Тоқа домбыра алса оңдыра ма?..
Еңіреп, зарлап, боздап күй жөнелді:
– Жалғызым, жалғызым-ай, сорлы бала!..

«Жалғызым! Жалғызым!» деп күй жылады,
Қай қазақ күй жыласа үй құрады?!
Шаруасын тастай беріп ауыл түгел
Күйшінің қасына кеп ұйлығады.

Күйшінің езілгендей шер жүрегі,
Шер-мұңын шымырлатып төндіреді.
«Жалғызым! Жалғызым!» деп қайырғанда,
Болғанын бір сұмдықтың ел біледі.

Күй қоздап қасіретін қоздырады,
Жүйкені жегідей жеп тоздырады...
– Енді мен жалғызыма зарлайын, – деп,
Қос қолын домбыраға созды жары.

Тоқа айтты:
– Бал тамызған бармағым-ай,
Басар деп ойлап па едім зарға бұлай?!

Бұл күйім – естіртуім, жоқтауымды
Тартайын, қоя тұршы, алғаным-ай!

Зарына Тоқа бойлап кіріп алды,
Күй шіркін күрсін атып ыңыранды.
Шыңына қасіреттің шыққан кезде
Күңіреніп көсем перне тұрып алды.

Зығырын төгіп күйші аңырады,
Аңырап әке арманы ah ұрады!..
Жары алып осы кезде домбыраны,
Аналық зарын күймен сапырады.

Бебеулеп күй жылайды дамыл алмай,
Жүрегі сорлы ананың жарылардай.
«Қу Құдай! Шұнақ Құдай! Естимісің,
Не жаздым жалғызымнан айырылардай?!».

Ашынып қайғылы ана зар илеген,
Араз боп әділетсіз Тәңірменен...
Келіннің қолындағы домбыраны,
Тоқаның шешесі алды сабырменен.

Басу күй бас пернеден жөнеледі,
Азалап әжесі отыр немерені.
«Ей, ұлым! Ей, келінім! Сабыр сақта,
Өзекті жан біткеннің бәрі өледі.

Оңай ма немеремнің жоғалғаны,
Тағдырдың салғанына амал кәне?
Құлыным, қыршыным-ай, қарағым-ай,
Қайтейін, сені алғанша, мені алмады!».

Тереңнен қозғайды әже тебіреніп,
Егілер тыңдағанның көңілі еріп.
Тоқаның төрт толғауын осылайша
Тартады Мұхамеджан* еңіретіп.

Мұхамеджан Тілеуханов – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, белгілі күйші.

Оңаша тіл қатамын саған, жүрек,
Өзіңмен сырласпасам қалам жүдеп.
Тулайсың дауыл күнгі теңіздейін, –
Кім айтар еттен сені жаралды деп?!

Оңаша саған, жүрек, сыр ақтарам,
Қоясың жауабы жоқ сұрақ маған.
Өзіңмен қосылып бір шалқып та алам,
Қаныңды сорғалатып жылап та алам.

Оңаша саған, жүрек, тіл қатамын,
Тіл қатсам ой түбіне шым батамын.
Ойымды шындығыңа суарып ап,
Сөзімді айналама тыңдатамын!..

* * *

Күрсіне берді Көкшенің бұлты арылмай,
Төгілді жауын түнерген аспан тарылмай.
Бұрымын сулап, иінін бұрап майысты
Ақ қайыңдарым – арудың аппақ арындай.

Ақ қайыңдардың ақ дидарына қызығып,
Қарағай біткен қарайды көзі сүзіліп.
Жүз жігіт келіп жүз қызға құда түскендей,
Сөнер де сөнбес жымыңдап тұрды жүз үміт.

Жабырқау жартас жаңбырға жүзін шайдырған –
Қария сынды қасіретіне қайғырған.
Қайғырғанменен қымс етіп дыбыс бермейді,
Аһ ұрса-дағы арылар дейсің қай мұңнан?..

Көк ала бұлттың келеді шұбап көштері,
Көш келген сайын өбеді құшып Көкшені.
Қызғаныш деген желде де болады екен-ау –
Қуады бұлтты Арқаның асау ескегі...

БІР КЕЗДЕСУ ТҰР АЛДА

Көптен бері күтіп жүрген кезегін,
Бір кездесу бар алдымда –
Сезем ін.
Сол күн маған бақыт алып келердей
Сағыныштан өртенеді өзегім.

Айналмайтын сағымға да, мұнарға
Бізді күтіп бір кездесу тұр алда.
Ол сәт біздің пешенеге жазылған, –
Жазылмаған альбомға да, Құранға.

Сен де айтпассың,
Мен де айтпаспын өкпемді.
Мұңаюмен еске алармыз өткенді.
Қызылжарда, ауылда өткен көп күндер
Қалдырыпты өшпейтұғын көп белгі.

Махаббаттан басқа ештеңе білмеген
Сол күндерге барып қайтам күнде мен.
Іздеп мені таба алмай жүр бір шаттық,
Бір сағыныш ұзай алмай жүр менен.

Сәлем айтып Сарыарқаның желінен,
Сол күндерге жете алмастай көрінем.
Жырларымның бақытына қызығам –
Менен бұрын жолығатын сенімен.

Айналмайтын сағымға да, мұнарға
Бір кездесу барын естен шығарма.
Қоштасуы қиынырақ болатын
Бізді күтіп бір кездесу тұр алда...

* * *

Секілденіп
Толқын ұрған нау балық,
Судан шығып,
Шағыл құмға аунадық.
Құм қызуы
Кеудемізге кіргендей,
Жүрек оты
Шалқып жанды,
Лауладық.

Тау арасы –
Мөлдір бұлақ,
Күн ыстық.
Екеумізді
Баурап алды тыныштық.
Тыныштықтың
Тынышын алмай сүйістік,
Сүйістік те,
Үнсіз-тілсіз ұғыстық.

Шыдамадық
Жүректегі жалынға,
Құшақтасып
Бет түзедік қалыңға.
Қызыл көйлек
Қыз күніңді қалдырдық,
Кең саялы
Бәйтеректің жанында.

Тынды-дағы
Үнілеген жағада үн,
Жаттың үнсіз
Жасқа толып жанарың.
Кім біліпті
Жарда ойнаған киіктің,
Жебе түйреп,
Қанға бөгіп қаларын...

АУЫЛДАҒЫ АҚЫНДАРҒА ХАТ

Ақын достар, күн кешкен әр ауылда,
Сендер менің найзам да, жалауым да.
Абай елі тыныш па, Тыныштықбек,
Қарауыл боп жүрсің ғой Қарауылға.

Жыршысы едің әуелден қасқырлардың,
Апан қылып алдың ба астын қардың?
Қыстан аман шықты ма Қарқаралы,
Хат жазсаңшы, Серігі Ақсұңқардың.

Әулиелер жай тапқан белдеріңнен
Қарағанда кескінің өр көрінген.
Светқали, Маңғыстау мұнай-газын
Көкшетауға жібертпей сен бе жүрген?..

Түлкі заман айласын асырғасын,
Ашынып көп айтушы ең ғасырға сын.
Көкшеге кел, Ертайы Ашықбайдың,
Ақтөбенің бораны ашылғасын.

Бермеймін деп қашасың, берерің көп,
Келмей кетіп қаласың, келемін деп.
Ахметжан Абыздың Бақытжаны,
Сырға батып кеттің бе, дерегің жоқ.

Қалмады деп жүрмеңдер Арқада дым, –
Бурабайдың басынан қарсы аламын.
Бірің – Шығыс шынары, бірің – Батыс,
Жанат пенен Шәмшия қалқаларым.

Біз жүргенде ауылда бос қамалып,
Тізіміне кіргізбей тастары анық.
Аруаққа бата оқып, мәшине алғыш
Мүшәйрашыл ақындар астаналық.

Алматыға ай-жылда мен бір барам,
Біреуі жоқ бәйге деп болдырмаған.

Есенғали тек қана самолетке
Татитұғын жырларын қор қылмаған.

Дариясы өлеңнің жарқыраған,
Абайдайын ақыннан ел құраған.
Бізді жиып бір-бір ат мінгізеді –
Нарынқолда наршөккен Еркін ағаң...

24.02.97.
Көкшетау

* * *

«Сары белден сарғайып таң атады,
Бидай өнді құбаша түн қатады...».
Торғын жазда мақпал түн – бір-ақ тұтам,
Қысқа түнде шырт ұйықтап кім жатады?

Күн батады жалқындап, түн келеді,
Уылжып дала сәби түрге енеді.
Қыз-бозбала құрады алтыбақан,
Жал тоғайдың шетіне іргедегі.

Ақ жарылып ақ самал аңқылдайтын,
Қайың-терек теңселіп ән тыңдайтын.
Оңашада үздігіп қыз бен жігіт,
Қараңғыда қолшамдар жарқылдайтын.

Елжіреткен тәтті бір мұңыменен,
Туатын-ды,
Жатпайтын бұғып өлең.
Туған ауыл түндігін әнмен түріп,
Тарқамайтын сол думан түніменен.

Толастамай қанатын жайған желік,
Сері күнде серттен біз тайған ба едік?!
Жалбырап, бізге қарап, селт етпестен,
Бір уыс бұлт тұратын айды өңгеріп.

Ол күнде бізге бәрі жарасады,
Тарқаймыз тауыса алмай тамашаны.
Торғын жазда мақпал түн – бірақ-ақ тұтам,
«Сары белден сарғайып таң атады...».

* * *

Ғашық болып қызды ауылға аттанған,
Алыс қалдың жақсы күндер – тәтті арман.
Сағынышым сәлем айтып тұрады
Қызығы көп қызыл көйлек шақтардан.

Жәудіреткен қырдың қызыл елігін,
Елес беріп тұрады әлі сері күн.
Анда-санда кетеді ауып аңсарым,
Басылатын күнің бар ма, желігім?..

Алматыда сұлу қыздар көп әлі,
Көрген шақта кеудем нұрға толады.
Кейбірінің жастығынан именсем,
Кейбірінің сескендірер обалы.

Жүрек қана жалғыз сөйлеп тұрған күн,
Ауылыңа келеді әлі бір барғым.
Кеткеніңше бұлтқа айналып, бел асып,
Сағыныштан шәйі орамал бұлғармын.

Бұл күнге де зар болатын күн келер,
Өмір ащы сыбағасын бір берер.
Інілердің еншісі боп кетеді-ау,
Сері күнде мен ұстаған «жүлделер».

Қызды ауылдың қызығы едік, көркі едік,
Өртендік те, өзгелерді өртедік.
Сағатына, заматына құн жетпес
Сол күндерді неге берген келте ғып?!

Қара көздер жебе түйреп алғанда,
Тулаушы еді –
Жүрек семіп қалған ба?
Арулардың арманы едік,
Сол күндер,
Айнала ма ақ шағала-арманға...

* * *

Салт мініп сал күреңді, сар желдіріп,
Сылаңдап өңкей сері, салмен жүріп.
Сайрандап Сарыарқада өткен күндер,
Сағындым, түсіме сол сәулем кіріп.

Атажұрт – Сырымбеттің саласында,
Саумалкөл сапырылып сабасында.
Сәріде сейілетін сауығымыз,
Ән қалқып домбыраның сағасында.

Асқақтап Ақан әні айтылатын,
Сарғайып сағыныштан Ай тұратын.
Сал дәурен, сол шақта мен сезбедім-ау,
Сағатың бір соғатын сарқылатын.

Сағымға кетті сіңіп сәулем менің,
Соңынан сал күреңмен сар желгемін.
Сайрандап Сарыарқада өткен күндер,
Сағынам, –
Сағынбайтын дәурен бе едің?!

ҚОҢЫР КИІК

Сай еді қылығы да, тәлімі де,
Жан еді сыры бірге, әні бірге.
Адасқан қоңыр киік Ерейменде
Жәудіреп күтіп жүр ме әлі күнге?..

Ер-тоқым Құлагерге салсам ба екен,
Салдыртып Ерейменге барсам ба екен?!
Арада жылдар жатыр әлденеше,
Қалқатай дәл өзімдей аңсар ма екен?!

Адасқан қоңыр киік Ерейменде,
Бір хабар күтемісің менен кейде?
Жапанда жел тонаған жалғыз қайың
Мен болып көз алдыңда көлеңдей ме?!

Адасқан Ерейменде қоңыр киік,
Әлі де мен жазғанда көңіл биік.
Ай-күннің аманында адастырып
Алғаным емес маған жеңіл күйік.

Аттансам, Ерейменге аттанайын,
Көрейін не жазса да бақ-талайым.
Мерт болсаң осы жолда, Құлагерім,
Мен сені «Бөрібайлап» жоқтамайын!..

Тәңіриям сенсің ғой,
Жебе мені, –
Сен болмасаң бос тірлік не береді?..
Анда-санда еске алып гүл-бейнеңді
Менің жарым көңілім кенеледі.

Жарым көңіл жарқының жүр кенеліп,
Түсіме ендің, аяулым, түнде келіп.
Сан жыл өтіп кетсе де қоштасқалы,
Тіл қатасың жүргендей күнде көріп.

Қатал Ие оң шырай бермегесін,
Тығырыққа тіреліп, сенделесің.
Шыбын жаным шырқырап қиналғанда,
Қолтығымнан демеуге сен келесің.

Жылымына тартып ап өмір мені,
Сан оқталды жанымды кемігелі.

Менің жаным – ол деген сенің жаның,
Сенің жаның ешкімге берілмеді.

Тасқа да ұрып,
Басымды тауға да ұрып,
Келем әлі арымды сауға қылып.
Тарпаң тұлпар жалт беріп жабылардан,
Түсіп қала жаздаймын аударылып.

Алтын басты бақырдай қор еткелі
Талай рет дос-дұшпан бөлектеді.
Кием болып, мейірбан Ием болып,
Тәңіриям, келесің жебеп мені!..

* * *

Сенің нұрлы жамалыңды көргенде
Баладай боп бозарамын мен демде.
Сені ғана сүю үшін жаралған
Ессіз жүрек салады асыр кеудемде.

Елтем сені құшағыма алғандай, –
Есім жисам, алыстайсың армандай.
Ессіз-түссіз неге өтпеймін жалғаннан,
Сенен басқа тіршілікке алданбай?!

* * *

Ақ орамал бұлғап еді алда арман,
Аңғал едім арманға көп алданған.
Алды бізді құшағына ақ әлем,
Сол күн сенің есіңде ме қар жауған?

От сезімге оранғанбыз, жанғанбыз,
Ақ әлемнің ақтығына нанғанбыз.
Армандадық апарар деп алысқа
Қатар түзеп қар үстінде қалған із...

Арман қайда екеумізді алдаған,
Ару қайда бағым болып жанбаған?!.
Жалғыз ғана жұбанышы жанымның –
Махаббатым қар астында қалмаған.

ЖАСЫБАЙДЫҢ ЖАҒАСЫ

Масат күн жайды шатырын,
Жасыбай көлдің жағасы.
Сөйлейді толқын ақырын –
Бізді айтып жатыр, шамасы.

Толқынға құлаш біз ұрдық,
Сылқылдап күліп жарысып.
Сүп-суық суда қызындық,
Сезіммен ыстық алысып.

Келгенше қоңыр екінді
Шомылдық мөлдір шуаққа.
Адам мен Хауа секілді
Жасыбай атты жұмақта.

Езуін қалды жия алмай
Арқаның көлі ақ маңдай.
Аттандық біздер қия алмай
Тамұққа бара жатқандай.

Жаз келген шақта жыл өтіп
Жасыбай жаяр мақпалын.
Аққуларменен ілесіп
Келер ме ең, менің аппағым?!

Періште қалпың өзгермей
Келер ме ең, күткен көгілдір?!
Көлінен құсы безгендей
Не деген қатал өмір бұл?!

* * *

Ару қыздың ақ тәніне
Қара түн кеп шөккенде,
Түнгі құстың тәтті әніне
Елтіп, есің кеткенде,
Күндізгі серт – қорқау қасқыр,
Қорқаулығын еткенде,
Арман азып, мансұқ болып,
Мақсат халге жеткенде,
Қара көздер қара түнге
Налып жасын төккенде,
Ардың аппақ нажағайы
Жаныңды осып өткенде –
Алғысың мен қарғысыңды
Қоса айтасың көктемге.

ӘКЕМЕ ХАТ

Амансың ба?
Қалай, әке, денсаулық?
Жарар еді денсаулыққа болсаң нық.
Жетпіс бес жыл өмір сүру оңай ма, –
Кетеді өмір жастың өзін дел-сал ғып.

Әке, саған бара алмадым биыл мен,
Хабарсызбын жайың менен күйіңнен.
Өзіңменен қауқылдасып отырып,
Дәм татпадым туып-өскен үйімнен.

Сенің алып көлеңкеңді пана ғып,
Түседі еске: той боп өткен балалық.
Түседі еске: келе жатып мектептен
Ойнағаным портфелімді шана ғып.

Пеш түбіне жатып алып жамбастап,
Ертегіңді тыңдаушы едім талмастан.

Жылауық жел тыным алмай тырнайтын,
Үй іргесін қалың күртік қар басқан.

Бала кезде түсінбестен жөнге түк,
Жігіт болуды армандадым ержетіп.
Енді, міне, сол күндерді сағынып,
Отырамын немереңді тербетіп.

Сол күнімді тәтті қылған сен едің,
Еңбегіңді ақтай алмай келемін.
Балалығым қалай өтер, кім білсін,
Сен болмасаң, менің қайсар еменім.

Маған көмек бермедім деп қиналма,
Тірі жүрші.
Соның артық сыйдан да!
Киіп алып көзілдірік минус үш,
Жата берші кітап оқып диванда.

Хат жазып тұр –
Саған айтар базына,
Сенің сөзің – сарқылмайтын қазына.
Қызылжарға қалған шығар қар түсіп,
Жүдемей жет сағындырған жазыңа.

Біздің жағдай келе жатыр жақсарып,
Кездескенде айтамын ғой ақтарып.
Көріскенше күн жақсы, әке,
Сәлеммен:
Балаң Ерік Хафизұлы Асқаров.

1979

* * *

(Баянғали Әлімжановқа)

Жан аға, менде түсіне білсең арман көп,
Қайрама бекер, –
Мұқалып жүзім қалған жоқ.
Қайрама бекер:
Кешегі батыр бабамыз
Отқа да суға сескенбей жанын салған деп.

Заманның мына оты да өзге,
Суы өзге,
Тамсана бермес батырлар қылған мінезге.
Тамсанба сен де,
Таңданба және түңілме –
Мың ердің әлі келмей де жүрсе бір езге.

Кессе де басын
Құлагер бәйге алар деп,
Күнелте жүрміз түбінде қайыр болар деп.
Қайраулы қылыш қынапта сақтап жүрміз ғой,
Сағаты соқпай суырып алар амал жоқ.

Қайрама мені,
Қайрауыш келмей жүргем жоқ,
Алдымызда әлі аламан бәйге күндер көп.
Аға мен іні ұранға сүрен қоспаса –
Бейбақыт жанға бәйгенің алдын кім бермек?!.

Аға боп кейде ініге ақыл салмадың,
Іні боп мен де тіліңді кейде алмадым.
Оқасы жоқ-ау,
Түсініп жүрсе болды ғой
Аға мен іні бірінің бірі арманын...

НЬЮТОН ЗАҢЫ

Жер өзіне тартады барлығын да,
Жүрмейді оған үкімің, жарлығың да.
Жарылсаң да аспанда, самолетте,
Жерге түспей қалмайды қалдығың да.

Тіршілікте шыға алмай бар құмардан,
Жөнелесің,
Қалдырып артыңа арман.
Елден бұрын бұл заңды дәлелдеген
Ньютонды да қара жер тартып алған.

Тартуынан қара жер жаңылмаған,
Құшағы кең, бәрін де қабылдаған.
Құр жоғалма көбіктей көлге батқан,
Адамзат
Жер үстінде дамылдаған.

Сөккеніңмен жалған деп бұл өмірді,
Үзе алмайсың ертеңнен күдеріңді.
Көсіле алмай,
Өтесің сыпыра алмай,
Құрсап қойған тіршілік шідеріңді.

Жөнелесің,
Бәрі де жөнеледі,
Тек ұрпақтың тозбасын кебенегі.
Әлдилейтін, біз өлсек, Жер-ана бар,
Көктем сайын өйткені ол көгереді.

Көгерсін,
Көгеруден жаңылмасын.
Жаңылмасын,
Бәрін де қабылдасын.
Тек қана адамзаттан қалған мұра
Ньютонның заңдарына бағынбасын!..

РИГАДАҒЫ ҚАРЫНДАСҚА

Жалған ғой деп қараймыз жалғанына,
Төтеп беріп тауқымет, салмағына.
Сан салауат айтамыз өткен күнге,
Сансыз үміт арнаймыз алдағыға.

Бірде оңдырмай кетсе де, бірде оңдырып,
Иланамыз – келеді күндер күліп.
Бір-ақ уыс жүректің батпан мұңын
Сейілтеді, қалқам-ау, кімдер біліп?!.

Түсер талқың көпке де, азға да сын,
Шыдау керек – басқаны жазбағасын.
Көк бөрінің зәузаты – жаралы арлан
Тілмен жалап жазады өз жарасын.

Кеткеніңде бел басып, Балтық асып,
Елге себім тисе деп шарқ ұрасың.
Көпке қылар қайраның қалмағанда –
Көтерместі көтерер жалқы басың.

Жүргеніңде ту ұстап, майданды сап,
Жігеріңді сәт сайын қайрар бұ шақ.
Жанкештілік керек-ау біздің істе
Қырғи жұтқан жұрты үшін торғайға ұсап.

* * *

Сары күз қол жайған,
Жасыл бақ сарғайған.
Алатау тұр, әне, томсарып,
Жандай боп
Көңілге қайғы алған.
Мәуелі бәйтерек,
Өрімтал қайыңға
Суық жел
Ызыңдап арнайды ән.

Тасада...
Дүрмектен жырылып.
Көңілдің желкені жығылып,
Қолында бір қорап торты бар,
Паркте жүр бір қыз қыдырып.
Жүрегін ащы мұң тілгілеп,
Паркте сол сұлу жүрді көп.
Нұр жүзі бозарып барады
Тоңдырған болар-ау күзгі леп.
Қолында тәтті торт ашылмай,
Жүректе ащы мұң басылмай.
Аралап паркте жүрді көп,
Көз жасын ешкімнен жасырмай.
Айықпай, арылмай бір нала,
Паркте сол сұлу жүр дара.
Торт сыйлап сызылған күндері
Кеткен-ау қалдырып мұң ғана.

* * *

Сені ойлаумен атты менің таңдарым,
Мен білмеймін сенен артық жан барын.
Білесің сен, білесің сен, аяулым,
Саған деген бір махаббат жанғанын.

Алдымда менің жұлдызым боп көріндің,
Мен қиялға талай рет берілдім.
Күндер демей, түндер демей сені ойлап,
Тұңғиық ой тереңінде көмілдім.

Жүрек шығып кететіндей кеудемнен,
Көп қаймықтым саған бір сөз деуден мен.
Арманымды, зарлы әнімді түсініп,
Білсең рас, қашпассың сен емдеуден.

Түсін сырын жүрегімнің, аяулым,
Түсірмеші көкірегіме қаяу-мұң.
Сөнбе, өшпе, жадырай бер, асылым,
Бізді-дағы шаттық құшар таяу күн...

* * *

Сен кетті деп айтады маған бәрі:
Алматының шамдары, бағандары.
Сен кетті деп аспан тұр ішін тартып,
Сен кетті деп гүлдер тұр алаңдағы.

Сен кетті деп мен тұрмын скверде,
Шаттығымды тонатып қысқы желге.
Алатаудың шыңына қатқан қырау
Ақ сәуледей шашырап түсті жерге.

Қырау қатты жабыққан көңіліме,
Жете алмадым желге ұшқан желігіме.
Жылынам ба деп тұрмын шоғына мен
Темекімді қыстырып ерніме.

Шер ме, мұң ба – таңбасы тұр өңімде;
Маған таныс жан жоқтай бұл өмірде.
Қар астында үзілмей қалған гүлдей
Сағынышым сарғаяр жүрегімде.

Тапжылмастан ұялап жаныма мұң,
Келем жүріп ыңылдап халық әнін.
Сен кеткен соң бәрі де кетті менен,
Кетсін бәрі, – тек сені сағынамын...

07.11.1979

* * *

Бөлмеңе сенің кіріп мен,
Отыра алмадым шай ішіп.
Назданып ерке қылықпен
Тұрмадың гүлдей майысып.

Қадамың басқан білінбей,
Жүргенің – үнсіз көленděп.
Көңілге бейіс үніндей
Құйылар еді өлең боп.

Шуағын төге күлімдеп
Қадалса нәркес көздерің.
Отырар едім дірілдеп,
Өзіме жетпей өз демім.

Ай етіп сені, күн етіп,
Ыңғайсызданып біртүрлі.
Отырар едім жыр оқып,
Саусақпен сипап мұртымды.

Батылдық үшін еппенен
Сіміріп алып шампанды,
Жанымды көптен өртеген
Айтар ем тілек, қолқамды.

Үн қатпай іштен тынар ең,
Жүректің үдеп екпіні.
Қош айтып саған шығар ем
Еңкейте киіп кепкіні.

Бөлмеңе күнде кіріп мен
Отырар едім шай ішіп.
Назданып ерке қылықпен,
Тұрар ең гүлдей майысып.

Арман ғой бірақ бұл, жаным,
Пендеден үміт қалған ба?..
Алайда өзім ырзамын
Осынау тәтті арманға.

07.11.1979

* * *

Бірде шілде, бірде қаңтар мына күн,
Біздің тағдыр – қиын тағдыр, шырағым.
Домбырамыз өксіп-өксіп алады,
Қатты тартып бұрағандай құлағын.

Сығырайта көзін ашып тереңнен,
Екеумізді қағып ала жөнелген.
Біздің тағдыр – асау толқын, аяулым,
Біздің тағдыр – сұлу тағдыр, дегенмен.

Жарамыздан жатпаса да қан шығып,
Сынық қанат жанымызда қанша үміт.
Білеміз біз жеңетінін тағдырдың, –
Біле тұра көрсетеміз қарсылық.

Кім біледі, қарсылассақ, жеңерміз,
Түсінбеймін, жасқанамыз неден біз?
Мүмкін, тағдыр салғанына көнерміз,
Көне алмасақ, жағаласып өлерміз.

Мейлі, біздің домбырамыз боздасын,
Тек, әйтеуір, сезіміміз тозбасын!
Сеніменен жолықтырған тағдырға
Не қылса да, ризамын өз басым!

13.11.1979

* * *

Білмеймін сор ма, бақ па – ол арасын,
Білемін сен бір күні «жоғаласың».
Шарабы түгесілмей қалған күнге,
Белгілі қайта айналып қарамасың.

Білмеймін қайда апарып бақ табасың,
Әйтеуір, Алматыдан аттанасың.
Кірлетіп ала көрме, көңілімнің
Ақ қардан саған соққан аққаласын.

Кетесің мен бармаған алыстарға,
Сәлем айт мен көрмеген таныстарға.
Егер де жаныңа олар жат көрінсе,
Қайтып кел, айналайын, намыстанба.

Жасытып, жаным, мендей арқалы ерді,
Өзіңмен әкетесің жарты әлемді.
Түбінде құмыраның у қалса да,
Сәт сапар тілеп саған сарқам енді.

Қайтеміз жинай беріп нала-мұңды,
Одан да көтер көңіл, сал әніңді.
Ойға алсам, мен осылай мұңаямын,
Көз жазып сенен бір күн қаларымды...

ТАУДАҒЫ ТҮН

Жазғы түнде бір шөкім бұлт
Астында айдың қалқиды.
Толған айдың нұры қызғылт,
Ақ жүзіңді шарпиды.

Сылқ-сылқ күліп мөлдір бұлақ,
Таудан құлап ағады.
Жағадағы балғын құрақ
Желмен сыбдыр қағады.

Ойлы шыңдар мәңгі қалғып
Тұнжырайды төбемізде.
Бұйра-сыпсың ағаш барлық
Қарай берді екеумізге.

Гитар шегі төгіп зарын,
Түнгі ауада қалықтайды.
Ғашық жүрек ынтызарын
Қосады әнге, жалықпайды.

Шырқайды әнші тым жабырқап,
Қайғысын кім білді екен?
Әлде ессіз жас музыкант
Бізді жырлап тұр ма екен?!

СЕМСЕР ТУРАЛЫ ОЙ

Исфағанның болатынан жасалған,
Шаш ал десе, бас алған,
Семсер жатыр музейде
Сол күйінде қасарған.

Қалды семсер, болса-дағы қандай дүр.
Семсер күні – шалғай қыр.
Қалғанымен семсерлер,
Қанішерлік қалмай жүр.

Ер қолында ойнаған,
Ей, ақ алмас,
Қызыл қанға тоймаған.
Жаулық неге музейде
Сенімен қап қоймаған?!

Өткен күнің қайтып енді оралмас,
Жаулық бірақ жоғалмас.
Сен де қажет емессің,
Қан ұрттаған ақ алмас!..

МЕН – ЖЕЛМІН

Мен – желмін,
Гуілдеген, ыңылдаған,
Жараспас саябыр мен тыным маған.
Лүп етіп
Өттім асып, кеттім тастап
Отауын балалықтың жығылмаған.

Мен – желмін,
Еркесімін бұл даланың,
Құшақтап қызғалдақты ырғаламын.
Құшам да,
Қош айтысып кете барам,
Содан соң сағыныш боп жырланамын.

Мен – желмін,
Желімесем сағынардай,
Кең далам сағынардай жаны қалмай.
Түндігін желпілдетіп әрбір үйдің,
Сондықтан гуілдеймін дамыл алмай.

Мен – желмін,
Аласұрған, тына алмаған,
Жыр сүйер
Барлық жүрек құмар маған.
Соқсам да тау мен теңіз,
Өзен-көлден,
Даламды бір сәт естен шығармағам.

Мен – желмін,
Хабар берер күз, көктемнен,
Арманын алыстардан іздеп келген.
Аламын бәріңді де құшағыма,
Таусылмас ғұмырым бар тізбектелген.

Күндіз-түн саған гулеп
Барам, жаным,
Іздесең, қашанда мен даламдамын.
Жырлауға,
Тербетуге, әлдилеуге
Жел болып,
Ақын болып жаралғанмын!

АСЫҚПАШЫ, МАХАББАТ!..

Бөкендей бөтенсіген жат даланы,
Үркектеп бара жатыр күндер өтіп.
Қош айтып вокзалдардан аттанады,
Асыққан пойыздар да түнделетіп.

Асығып оралады далама ақ таң,
Асығып күннің нұры шашылады.

Анадай ұлын аңсап бара жатқан,
Адамдар әлденеге асығады.

Асығыс ағаштардың көктегені,
Асығыс жапырақтың дір еткені.
Асығып тек сен тастап кетпе мені,
Аяулы махаббатым жүректегі.

Махаббат, асықпашы бұлдануға,
«Қош!» деуге, мен өзім де асықпайын.
Сірә да, асыға ма тұл қалуға,
Самалға жапырағын шашып қайың.

Өзіңді бір-ақ уыс жүрегімде
Мәңгілік қалардай ғып көгендейін.
Білмеймін, ей, махаббат, мына өмірде
Не қызық қалар екен сенен кейін?..

АЛМАТЫДАҒЫ АҚЫНДАРҒА ХАТ

Талабымды ұштаған, қаламымды –
Қайда біздің Алматы бала күнгі?!
Саған ерте қол сілтеп кетіп едім,
Сімірсем де тауыса алмай шарабынды.

Қайран біздің Алматы бала күнгі,
Қадіріңді мен сенің жаңа білдім.
Тізгін тартпай төріңде тайраңдадық
Телісі мен тентегі әр ауылдың.

Талай түнде жүректі жырлатып ем,
Талай дүрге жырымды тыңдатып ем.
Аманжолов Қасымды көре алмадым, –
Тоғызақов Қасыммен сырласып ем.

Қалшылдаған қарты мен балдырғаны –
Жырға құмар ол кезде жанның бәрі.

Сарайларда саңқылдап жыр оқыдық,
Алға салып қарт қыран Әбділданы.

Баласынбай ағалар елегесін,
Қоздырушы ең сөз сұрап дебелесін.
Қалижан мен Хамиттің өз аузынан
Естіп едік баяғы төбелесін.

Ғафу ағам саңқ етіп қарап маңға
Сөз алған соң тоқтайтын таң атқанда.
Сырдария ағатын Алатаудан
Алшаң басып Сырағаң келе жатқанда.

Талантыңды, тегіңді танып алып,
Жүруші еді ағалар жанына алып.
Мұқағали, Жұмекең, Тоқаш, Сағи –
Алдын көріп үлгердік тәлім алып.

Келіскен де күндер бар, керіскен де,
Өкпелесіп, артынан өбіскен де.
Кең еді ғой Кеңшілік, көнетұғын
Тай-құлындай інілер тебіскенге.

Жұматай ше? Жұмағаң еркелеткен, –
Өзі еркелеп үлгермей, ерте кеткен.
Жесір қалған Ләйлісін кім жұбатар –
Сұлулығы ақынды өртеп өткен.

Еленделген күндер-ай өлең десе,
Мұңсыз адам бар ма еді менен кеше?
Лондон мен Парижді алмас едік,
Алматыға баспа-бас берем десе.

Қайран қалам – бәсі жоқ, бағасы жоқ,
Ақындардың жасайсың анасы боп.
Алматыға қарайды ақын қазақ –
Тұманбай мен Қадырдың қаласы деп.

Жетісу мен Алатау – абат жерді
Айырбастап кеткенім ағат болды.
Ертегідей өткеннің көлеңкесін
Көк дөнені көңілдің қарап келді.

Иланбасаң өзің біл, жалған десең,
Орындалмай қалған бір арман десең.
Кім нанады: келгенде Алматыға
Есенғали дударбас болған десем.

Өткен өмір – бұлдырап кеткен елес,
Оған оты ешкімнің жеткен емес.
Көзі кеткен еске алсам ағаларды,
Жарасқан мен Шөмішбай өкпелемес.

19.19. 2000

САҒЫМБАЙҒА ХАТ

Тегін тартқан тұп-тұнық тас тұмадан
Арлан жігіт өзің ең, қасқыр ағам.
«Қырық қасқыр соқты, – деп, – осы қыста»,
Қайта-қайта көрсетті Москвадан.

Сарыарқаның серісі соңғы қалған,
Санап жүріп Бетбақтан алдың арлан.
Омыраулап өтесің бұзып-жарып
Ат жығылып жататын омбы қардан.

Саят десе қырандай қалғымадың,
Тағылының қаншама алдың аңын.
Шығар ма естен, апарып Ақтау, Ортау,
Мылтық беріп мені де баулығаның.

Тағылының тағысын түре қуып,
Бірде түлкі олжа сап, бірде киік.
Сарыарқада сайрандап жүруші едік
Азаматтың атпалын күнде жиып.

Ай жарығы астында сығырайған
Табушы едің – күзеннің іні қайда.
Аңшы жары екенін дәлелдеген –
Нысанаға дәл атып сұлу Айман.

«Уазигің» зырқырап ала қашқан
Тау мен тасын даланың аралатқан.
«Мергенмін!» деп бөсуші ед Сәкен сері
Он оғының тоғызын далаға атқан.

Атқа мінген азамат санаттағы –
Бой түзейтін өзіңе қарап бәрі.
Қорықшыдай мылтығын бос сүйрейтін
Ағай менен Бұрманың Мараттары.

Сұрағанға сауғашыл шүлен ерім,
Алты ай қыста – тек сонар тілегенің.
Жолбарысы Балқаштың құрымаса, –
Бес-алтауын жылда алып жүрер едің.

Москвадан көрген соң сені бүгін
Жария боп әлемге серілігің.
Сол күндерін сағынып хат жазады
Өлең қуып «жоғалған» Ерік інің...

КҮЛТЕГІН

Бабамнан қалған Күлтегін,
Қағаннан қалған Күлтегін.
Тасыңа таңба түскенде
Мен-дағы байтақ жұрт едім.

Қағанатымның атынан
Қарадай дүшпан үркетін.
Төрткүл дүние таныған
Толықсып тұрған Түркі елін.

Қазына тұнған қарібің
Таратып келген тәлімін.
Терең де жатқан тегімді
Тұлғаңа қарап танидым.

Нұр қонған мынау астанам
Әспеттеп жатыр алыбын.
Даңқыңды тудай көтерді
Иманы кәміл нар ұлың...

* * *

(Зейнолла Олжабайұлына)

Жүз жасқа жету беріліп қойған сертім деп,
Жалғанның кешіп жалыны менен өртін көп.
Зейнеп әжемнің Зекіжан атты жалғызы
Шалдықпай, талмай жетпіске жетті желкілдеп.

Олжабай атам өмірге еккен бір талы,
Жетпіс жыл бойы өмірдің әнін шырқады.
Атаның атын абыройменен көтерді,
Батыр Баяндай алдаспан ердің ұрпағы.

Соғыс жылдары жауменен тылда алысқан,
Молотилка айдап, өгіз жалына жабысқан.
Соғыстан кейін оқуын жалғап үзілген,
Төртінші кластан сегізіншіге ауысқан.

Тылдағы тірлік – таңдайға дәмі татыған,
Қалмайыншы деп шылауында оның қапыда.
Ауылдастарына Атабайды көру мұң болған
Заманда сонау Мәскеуге барып оқыған.

Тимирязевтің академиясын бітіріп,
Білегін түріп, алақанына түкіріп.
Шақырса-дағы Алматыңызға бұрылмай,
Ауылға келген, елім отыр деп күтініп.

Бақыты жанып Марғима тәтемді алғасын,
Өмірі тапқан бұлжымайтұғын арнасын.
Басшығұл болыс шаңырағының тірлігін,
Тәтемнен туған төрт ұл мен төрт қыз жалғасын.

Алдынан тарап келелі топтың алқасы,
Қайда барса да, құрметтеп тұрар ортасы.
Жігіттей жайнап жетпіске жетсең, жездеке,
Барлығы соның – менің апамның арқасы.

Әулетіміздің ауытқымаған безбені,
Өзінен бұрын тұрады ойлап өзгені.
Көңілденгенде баладай мәз боп шаттанар,
Ашуланғанда ұстап қалады безгегі.

Жетпіс жыл бойы алғыстан басқа алған жоқ,
Байтоқа бидің сара жолынан тайған жоқ.
Өмірге жездем, жездеме өмір риза,
Тәтем екеуі бармаған курорт қалған жоқ.

Бұл күнде жездем ішінен ептеп тынып жүр,
Өткен өмірден бір қателігін біліп жүр.
Тәтем екеуі Совет елімен шектелсе,
Күйеу мен қыздар шетелге шауып шығып жүр.

Мәжіліс құрып талай молдадан жол алды,
Иман да бақ қой, кісісін таңдап қонар-ды.
Жетпіске келіп, тәубесі түсіп есіне,
Сәждеге құлап, таза тақуа боп алды.

Мейірім-нұрға шүпілдеп тұрар жүрегі,
Ақылы – дана, баладай аңғал мінезі.
Әулетіміздің ендігі қалған үлкені,
Аға да жезде, әке де бізге бір өзі.

Жетпіске келдің, қанатың, жезде, талмасын,
Ұрпағың өсіп, көшіңді алға жалғасын.
Алла жеткізсе, сексен мен тоқсан, жүзің бар –
Үш рет жазам осы өлеңімнің жалғасын...

18.11.2000

ҚАЖЫМҰРАТ ЫБЫРАЙҰЛЫ 53-КЕ ТОЛҒАНДА

Ыбырай атам Қажымұрат қойып атынды,
Меккені көксеп, Аллаға азан шақырды.
Ұрпақтарына дарытып кеткен батасын –
Нағман молда жат білген «Құран-хатымды».

Бала күніңнен бұрқылдап бойда көрігің,
Бұландап өстің, бұғауға көнбей желігің.
Диплом емес, білім алам деп баянды
Баспана қылдың балконын Сәкен серінің.

Көтерісем деп елдіктің туын құлаған,
Қуғын да көрдің, арылмай басың кінәдан.
Құлқын деп емес, жұртым деп кіріп егеске
«Неформал» болдың, ақырып теңдік сұраған.

Едіге сынды еңірей сүйіп еліңді,
Жалаңтөс едің, білмейтін өлер жеріңді.
Биікті биік алыстан көріп тұрады –
Нұрсұлтан ағаң таныды бірден тегіңді.

Таныды, тапты түңілдірмейтін інісін,
Ауырын жүктің арқаңа салды, ірі ісін.
Қиындықтарға қазанаттайын қайыспай –
Шапқан да сайын ашыла берді тынысың.

Кен қазған елге үміттің отын сен жақтың,
Алтайға барып жағын айырдың кержақтың.
Сілтеп келесің сескенбей Сәтбек батырдай
Түбіне жеткен кешегі көпір Жармақтың.

Қызылжар келіп қыруар істі қотарған
Ерлігің мәлім, келесің озып қатардан.
Періштелерің қайда да қорғап жүреді,
Ел-жұртың аман қаптай ма деген топаннан.

Еңсесі биік қарағай сынды сен бүгін,
Сібірдегі елдің танытып тұрсың елдігін.
Сахабалардың ерлігін күтіп тұр алда,
Пайғамбар жасқа апаратұғын он жылың.

Өлеңге құштар, әуенге құштар көңілің,
Жасай бер, аға, салтанатымен серінің.
Мағжан болса өзіңе өлең арнар ед, –
Бұл жырды жаздым жоқтатпайын деп орнын.

ҚЫЗЫЛЖАР

Қабағымды ылғи бағатын
Қайыңы қарындасымдай,
Шалдықсам тіреу болатын
Терегі аға-бауырдай –
Сағындым Қызылжарымды,
Сағындым туған ауылды-ай..

Алысқа самғап кеткенде
Қимайды сені құсың да.
Алқынып жазың жеткенде
Қимайды сені қысың да.
Сағынып Қызылжарымды
Талпынам мен де ұшуға.

Омырау қаққан шалғының,
Бүлдірген терген орманым,
Қоңыраулатқан бал күнім –
Әлі де менің арманым.
Қызылжар, қайран Қызылжар,
Құмарым саған қанбады.

* * *

Өлең маған дауасыз дерт болды анық,
Бала күннен құдым жолын қамданып.
Ата-анамның батасын ап аттандым,
Он бесімде валеткамды қолға алып.

Алматыға өлең қуып мен келдім,
«Жас ақын» деп атағымды ел берді.
Жас ақыннан жақсы ақынға жеткенше,
Қайран басты тау-тасқа ұрып сенделдім.

Сөзін сөйлеу қазақ деген халықтың
Құшағында жүру екен қауіптің.
«Айтыс деген – ән-күй жарысы емес» деп
Сескенбестен сөздің сесін таныттым.

Жұлдызың бір жүрмегесін жарқырап,
Талантың да қалады екен тамтырап.
Комсомолға Имаш ағам келді де,
Бағамды алып берді менің, жанды бақ.

Алматым деп, Астанам деп келгенмен,
Кім бар маған құрақ ұшып төр берген.
Бас қалада баспананың зардабын
Бұл қазақта Қасымнан соң көрген – мен.

Астанада қарсы алғанмен ақ таңды,
Пәтерден соң пәтер жалдау басталды.
«Әне барам, міне кірем» деп жүріп
Имаш ағам Атырауға аттанды.

Жақсы інісін Нұрағам да сағынды –
Қайта оралды, ел тілегі қабыл-ды.
Астанада бөркімді аттым аспанға,
Атырауда жылап қалды Табылды.

Тағдырымның талқысынан илеген,
Тартқан кезде даусым бәсең, күй төмен.

Имаш ағам: «Не керек?» – деп сұрады,
Екі әріпті әрең айттым «үй» деген.

Үйдің көзден бір-бір ұшып елесі,
Пәтер іздеп жүргенімде келесі.
Тайраң қағып төрт бөлменің төрінде
Төрт ботамның көкке жетті төбесі.

Төртеуі де ерте танып Құдайды,
Бес уақыт сәждесіне құлайды.
«Имағамды тілегіне жеткіз», – деп,
Жаратқаннан жалбарынып сұрайды.

Ағадан ап сұрағанды Алладан,
Ойланамын: енді нем бар алмаған.
Сөзі бақты, өзі сорлы-ау Қасымның
Иманы бар бір ағасы болмаған...

21.06.2001

АТБАСАР

Атбасар – ат базары ертедегі,
Ертеде көрген күні ертегі еді:
Шаң жұқпас шашасына кіл жүйріктің,
Жібектей жал-құйрығын жел төгеді.

Аямай аттың терін алыс қырдан
Жеткендер мұнда бағын салыстырған.
Атбасар – ат базары алты алашқа
Аттардың неше атасын таныстырған.

Жүйрігін ғашығындай өлең етіп,
Сал-сері Атбасарға жөнелетін.
Арғымақ аялаған ақмаралдай
Алатын көздің жауын көлең етіп.

Аттардың қырда гүлдей түр-түсі көп,
Ат десе аландамас бір кісі жоқ.

Ақанның Құлагерін айтушы еді
Ар жағы Атбасардың жылқысы деп.

Атқұмар ел көргем жоқ мынау елдей,
Жай таппас ат ойнатып шыға келмей.
Атасы атбасарлық Сәкен сері
Сіңіскен Көкшетауға Құлагердей.

Көңілім, өткен күнге алаңбысың,
Ат базар бір сілемін табармысың?
Ей, бала, құла тайға жайдақ мінген
Сәкен мен Құлагердей болармысың?!

06.08.2001

ЛӘЙЛІ – МӘЖНҮН

О, Жаратқан, махаббатты қылдай
қылып бөлсеңші,
Азабын да, ғажабын да Ләйлімен тең көрсемші.

Мәжнүн (Қайс ибн әл-Мұлауах)

Араб елі ықылымнан ынтық еді өлеңге –
Аузыменен құс тістеген ақындар көп ол елде.
Жаһил Мекке аят емес, жырға елтіп тұратын,
Хазіреті Мұхаммедке пайғамбарлық келерде.

Пайғамбарға құран түсті, надан елге ес кірді,
Сөз біткеннің ең абзалы: «Лә Илаһа» естілді.
Мекке білді, хижра болды, дінге кірді Мәдина –
Мұның бәрін түйе баққан бәдеуилер кеш білді.

Келе-келе түйесіне артқан өмір мұратын,
Қазақтардай көшпелі елде жырға елтіп тұратын.
Бәдеуидің баршасынан шықты сол кез мойны озып
Бәну Әмір руынан Қайс атты бір ақын.

Ақындықтың әбілхаят суын ішіп, ой бақты,
Қайс аты алып тұрды алыс қырды, аймақты.

Махаббаттың жеке-дара бұлбұлына айналды,
Гүл сипатты перизатты сүйіп қатты Ләйлі атты.

Сөзі балдай, көзі шамдай, қаз омырау, ай мүсін –
Ертелі-кеш бәйіт етіп жырға қосты Ләйлісін.
Бірде жанып, бірде тынып жымыңдаған жұлдыздай,
Қылымсыған Ләйлі сұлу күнде арттырды қайғысын.

Ағызды ақын көзінен жас, көмейінен өленді,
Сүйген жүрек азапқа да, мазаққа да көнер-ді.
Ләйлісінің ізін сүйіп, ел көзінше есалаң –
Мәңгілікке Мәжнүн деген атқа қалды ол енді.

Қуады ақын Сахараның сағымы мен елесін,
Қиялына өзі патша – ел не десе, о десін.
Махаббат та ақындықтай Тәңірінің зор сыйы –
Ақындардың арасында жоқ Мәжнүн емесі.

Ләйлі деді, қайғы жеді, күні-түні зарлады,
Аспандағы ай мен күннен алыс еді арманы.
Қайран Қайс, махаббаты – шалқып жатқан дария,
Ләйлі соның бір шетіне аяғын да малмады.

Аятпенен айырбастап, арзымаған өленді,
Қағбаға кеп Аллаға көп жалбарынды ол енді.
Алла мұны азат етті: сақифтың бір шонжары
Қалыңмалын санап беріп, Ләйліні алып жөнелді.

Кеудесінде байыз таппай туған жүрек сүюге,
Бөлмесінде Қайс жатпай аласұрды үйінде.
Ақыл айтты жанашыр дос: Ләйлі деген көрген түс,
Салауат айт өткеніңе, қосыл келіп үйірге.

Ақыл – тегін, ағыл-тегіл айтып жатыр жан-жақтан,
Ағайынның ақылымен қай ғашық бар жан баққан?!
Қайысады Қайс ақын ақыл-естен адасып,
Ет жүрегін езіп өткен қара жердей салмақтан.

Жыры сылап жаза алмады жүректегі әжімін,
Ойы тұрақ таба алмады, адастырды қазығын.
Адам тілін қалды ұғудан, түз тағысы – сырласы,
Маң далаға маңып кетті мұңлық ақын Мәжнүн.

Қасына кеп ай астында ат доғарған керуеннің:
«От керек пе? Ал, – дейді, – өртін
күйіп тұрған кеудемнің».
Керуен одан су сұрайды: «Теңіз, – дейді, –
көз жасым,
Қандырайын сусыныңды, қаталаса шөлден кім».

Түніменен қосады ақын жан қайғысын өлеңге,
Аттанады суыт керуен таңғы алакөбеңде.
От басында қалады ақын, жыры кетер керуенмен
Ләйлі – Мәжнүн әңгімесін жариялап әлемге.

Бары осы еді болған жайдың. Өткен күнді
шаң басты,
Ай мен жылдар судай ақты, заманалар алмасты.
Ұлы Шығыс шайырлары дастан жазды жарысып –
Науаи мен Низамиден Шәкерімге жалғасты.

Олар-дағы жер қойнынан тапты мәңгі мекенін,
Жырлап баққан білгеннен соң дүниенің өтерін.
Біліп баққан баба ақындар – інілері Қайстың
Махаббатсыз бұл жалғанның таза жалған екенін.

Рахмат Раббым! Кешіре гөр Қайс атты пенденді –
Сорлы ақынның таухиты да, тәубесі де кем болды.
Қайс ақын, Ләйлі қатын хикаясын тәмамдап,
Тәубе қылып намазыма жығылайын мен де енді...

* * *

Сібірге келді сары күз –
Жапырағы жаздың жайрады.

Атала болды айраны,
Айрандай болды қаймағы.

Сібірге келді сары күз –
Қақаған қыстың жаушысы.
Қырау тіс дырау қамшысы –
Мұз болып түсер тамшысы.

Сібірге келді сары күз –
Артынан қары қаптайды.
Қаптарда есік қақпайды,
Төріңе бір-ақ аттайды.

Сібірге келді сары күз –
Қорғасын бұлттар көшеді.
Азынап желі еседі,
Күндері қуып кешегі.

Сібірге келді сары күз –
Желегін алып жаз қашты.
Қыз бенен кемпір алмасты,
Сібірдің күзі – албасты...

СІБІР

Атамыз орда салған жер,
Кіндігім қаны тамған жер.
Сібірдің құйттай қойнауы –
Ермаққа бермей қалған жер.

Сібірде туған бөрі едім,
Арқада болды көрерім.
Алдымнан таулар анталар,
Артымда – қайың, терегім.

Сібірдің қысы келгенде
Ие жоқ боран, желдерге.

Арқаның қысы – ойыншық,
Сібірдің қысын көргенге.

Орманға бойлап енбесең,
Жидегін жалдап термесең.
Жаз көрдім деуге бола ма,
Сібірдің жазын көрмесең.

Сібірдің төсі – ақ орман,
Алғыспен елі ағарған.
Бабаның балдай арманы –
Сібірім – бізге әлі арман.

Мекенім – Ібір-Сібірде,
Сібірден, елім, түңілме.
Көкелеп кірер құшаққа,
Көшімнің жұрты түбінде...

ЖОЛАУШЫНЫҢ ЖОЛ ЖЫРЫ

Тағдырдың бар ма тосқаны –
Сапарым қырдан аспады.
Сүркөжек мініп шығып ем –
Сәскеге жетпей ақсады.

Сақылдап маған жел күлді,
Желменен бірге ел күлді.
Бурыл мініп шығып ем –
Бесінге бармай болдырды.

Көрді де менің түрімді,
Күлкіден елім қырылды.
Жирен ат мініп шығып ем –
Жерошаққа кеп сүрінді.

Тағы да «қызық» ел күтті,
Дәрменім құрып, дем бітті.

Ақбозат мініп шығып ем –
Аттамай жатып мертікті.

Ат деген енді менде жоқ,
Сақылдап күлер жел де жоқ.
Күлген жоқ, ешкім білген жоқ –
Қосылдым жаяу елге кеп...
Қайран, Елім-ай!..

СЕН ҚОҢЫРАУ ШАЛҒАНДА...

Сен қоңырау шаласың ара-тұра,
Демін жұтып, қалғандай қала тына.
Аз ғана сәт мен сонда қосыламын
Ең бақытты жандардың санатына.

Анда-санда көремін, тілдесемін,
Көрген сайын ғажайып күй кешемін.
Менің нәзік жанымды қайдан ұқсын,
Өзіме ұқсап өртеніп сүймесе кім.

Бозбаладай бозарам сені көрсем,
Қай орманның қылықты елігі ең сен?!
Күлімсіреп қарасаң қабақ керіп,
Көтеріліп қалады менің еңсем.

Аққу мойның, сүйріктей саусақтарың –
Елестетіп отырам, аңсап бәрін.
Екеуміздең басқа кім көріп-білген
Дарияға дарияның қарсы аққанын.

Ара-тұра қоңырау шалғанында –
Қолыма кеп қонғандай арманым да.
Сыңғырлаған үніңді ести берсем –
Өтпейтіндей көрінер жалғаның да...

АРАЛДА

Қайғы-мұң, дерті ғаламның –
Айдынын көрдім Аралдың.
Жаралы теңіз әлі де
Алады жауын жанардың.

Басынан кешіп мың қайғы
Тулайды теңіз, тынбайды.
Ақ қаба толқын алқынып
Жарасқанға ұқсап жырлайды.

Жырлайды теңіз тапжылмай,
Естіп пе ең бұрын ән мұндай?!
Тіліп түседі тастары
Жарасқан айтқан қалжыңдай.

Адамға бар ма өкпеңіз?
Аралым, алыс кетпеңіз.
Далаға Жарас жырлаған
Төр беріп жатыр көк теңіз.

Бұйығып құмы бұғады,
Булығып теңіз жылады:
– Жарасқан ағаң қайда? – деп,
Толқыны тынбай сұрады.

– Өртеніп Ақын өлгенмен,
Ажалға жыры көнген жоқ.
Шарлап жүр қазақ даласын
Аралдан ұшқан көкжендет...

* * *

Күндер зуылдап аққан,
Түндер дуылдап бақкан,
Айналдыңдар ма сағымға;

Жұлдыз аспанды кернеп,
Дүр қыз жас жанды тербеп
Бозбала балғын шағымда;

Көңіл – өшпестей табы,
Өмір – көшпестей мәңгі
Жастықтың жасыл бағында;

Жүрек достарға шөлдеп,
Тілек аспанға сермеп
Ұмсынып айды алуға;

Досым селдіреп қалды,
Жасым мөлдіреп тамды,
Мұңдасар жан жоқ жанымда;

Заман озады бастан,
Маған ажары қашқан
Қарттық таңбасын таңуда...

* * *

Алапат боран...
Келген бе ауып жат елден?..
Сол күні Анам өмірге мені әкелген.
Ақ қарды кешіп ақ атпен келген хабаршы
Жиырма бес теңге сүйінші апты әкемнен.

Мен туған қыста тойлапты бір ай ақ боран,
Алапат боран...
Зәредей тыным таппаған.
Мұз-қарға бермей,
Ызғарға бермей сәбиін
Анамның ыстық құшағы мені сақтаған.

Қысылып желге сарнатып күйін қобыз-қар
Ұлыса керек –
Ұлысын, онда неміз бар?

Сезгенім – жалғыз Анамның ыстық құшағы,
Құшағында оның шуақ бар, әсте жоқ ызғар.

Алматы қысын талайдан көріп жүрсем де,
Көрмедім көптен аязға тоңып бүрсеңдеп.
Аңсаймын жиі алапат боп бір боранды,
Бораннан қашып құшағыңа, Ана, кірсем деп!

КӨКЕН АҚЫН

Кернеген кең кеудесін ерке жыры,
Көкшенің Көкен аға көркем ұлы.
Тебіреніп сексен көлдей ертелі-кеш
Ағытар аңыз-дастан, ертегіні.

Не дерсің табиғаттың мырзасына,
Барлығын үйіп берген бір басына.
Дана ой, бала мінез, асау жүрек –
Үйлескен Оқжетпестей тұлғасына.

Ақындық дарыған соң он жасында,
Бір басын отқа, суға салмасын ба?!
Оң қолын қапияда қаптырыпты,
Қаңғырған қырық бірде қорғасынға.

Айтысып, әлі ешкімге алдырған жоқ,
Аяғын ақтаңкерім шалдырған жоқ.
Бұрқатып, бұрқылдатып жөнелгенде,
Ойлайсың: «Осы, міне, сал Біржан!» деп.

Ол – дүлдүл,
Шежіренің шертсе бірін,
Ол – бұлбұл,
Тамылжытып төксе жырын.
Көзіңе көрінеді біріндей боп,
Көкшеде кешегі өткен көп серінің.

Теңселген ән теңізі, жыр әлемі,
Шаттанып шабысына тұрады елі.
Алатын аламанда бәйгесі көп,
Құламай жетсін соған Құлагерім!..

* * *

Жиырма сегіз жасымды мынау көп демен,
Аз демен және күпірлік қылып текке мен.
Әрі де сәрі, қоңыр да төбел бұл күнге
Біреулер жеткен,
Біреулер, бәлкім, жетпеген.

Жетем бе, жоқ па тағы да жиырма сегізге?
Жетпейсің деуге табылмай тұр-ау негіз де.
Тіршілігімнің тал түс шағында күн салып,
Қарайлаймын мен артымда қалған көп ізге.

Артымда менің арту да арту күн қалды;
Ащы күндер де, тәтті күндер де болған-ды.
Тігерге лашық таппасам да кейде,
Кей жерге
Салуалы ордам салтанатымен қонған-ды.

* * *

Мен ертең Қызылжарға тағы аттанам,
Мен ертең Қызылжарға қанат қағам.
Ат ізін алты ай қысқы салмап едім –
Сағыныш таптырмады тағат маған.

Есілдің жағасында ақ қайыңға,
Сырымды сыбырлап бір айтпаймын ба?
Желіне көкірегімді айқара ашып,
Көңілдің шаңын қағып қайтпаймын ба?

МАҒЖАН АҚТАЛҒАНДА

Мен білмеймін, саған жала жапқан кім,
Жарты ғасыр жапа шегіп, ақталдың.
Топырағыңнан табам ба деп бір белгі,
Өзің туған Қызылжарға аттандым.

Сен туған жер танымастай өзгерген,
Бақиға өткен қатарласың көзкөрген.
Алқындырып екі өкпемді құладым
Боз көліңе сүйіншілеп боз белден.

Перзентімнің арылды деп тұманы,
Қар астында көлің бұлқып, тынады.
Жағасында өзің еккен сол қайың
Қабағынан су сорғалап жылады.

Қыз қайыңдар сілкіп мұнар кеудесін,
Көңілімнің күмбірлетті пернесін.
Бұл ақынға асқақ қарап тұрды олар,
Ұлы ақыны қайта оралып келгесін.

Табанымда сықырлайды қар өн сап,
Күй төгеді, жыр төгеді дала аңсап.
Шыдармын ба мұндай күні жыр төкпей,
Сенің туған топырағыңнан жаралсақ.

САҒАН АРНАЙМЫН

Саған арнаймын...
Саған арнаймын барлығын,
Қымтырылмай ал, күнім.
Ғұмырымды саған арнасам –
Орындағаным жүректің жалғыз жарлығын.
Қалған тірліктің саған арнаймын барлығын.
Саған арналар
Бар шаттығым, бар мұңым.
Сарқып ал, жаным,

Қалмай-ақ қойсын
Тамтығым, яки қалдығым.
Саған арнаймын,
Саған арнаймын барлығын.
Алмасаң, жаным, жанымды менің –
Зарлап өтеді зарлығың.
Мырзамын шексіз,
Мырза ғой шексіз
Саған кезіккен тағдырым!

АХАҢНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҒЫНА

(Ақселеу Сейдімбекке)

Серісің «Сарыарқам» деп ән қайырған,
Шешенсің бал тамызған таңдайыңнан.
Білімі болмаса егер бой теңесер
Әр қазақ сүйе алмайды маңдайыңнан.

Су шайқап, жел долданып жұлғанда да,
Былқ етпес жартастайын тұрған дара.
Төзімің – сахабаның сабырындай,
Қыңқ етпес Мұхтар ағаң ұрғанда да.

Кез келген оба, қорған, моланың да,
Тарихын қаза алдың да, жаза алдың да.
Тарқаттың әр ауылдың шежіресін,
Бар қазақ өскендейін көз алдыңда.

Еліңнің ен жайлауын, кең өрісін
Межелеп беретұғын дерегісің.
Танисың әр төбесін, сай-саласын,
Даланмен бірге жасап келемісің?!

Кешегің бүгінгімен жалғасқасын,
Қиялың қалай шалқып, алға аспасын.
Насыбай үгіп беріп Құнанбайға,
Тоқаның ерттегенсің Тайқасқасын.

Халқым деп атқарасың ірі істерді,
Халқыңа әрбір сөзің ырыс болды.
Арқаңды, Алашыңды сүйген үшін
Желкеңе Желтоқсанда қылыш төнді.

Сан рет дау-дамайда қалған басың,
Әлі де арыла алмай армандасың.
Қасыңнан ел қашқанда жалғыз панаң –
Жан досың Құлқыбайдың Ғабдолласы.

Төреңнің теріс келсе жарлығы да,
Жас қыздар кінә тақса шалдығыңа.
Ұмытып кетсеңіз де шақшаңызды,
Кінәлі Кәдірбек қой барлығына.

Кезің жоқ кем түсіріп орталаған,
Қашанда алдың – базар тарқамаған.
Алпысың, жетпісің не – сексенге жет,
Сары атан елдің жүгін арқалаған.

Алдыңнан өнер біткен қашар емес,
Келесің қас батырдай жасап егес.
Ал Мағжан «Ахам» десе Ахметті,
Еріктің «Ахасы» да осал емес.

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Арту да арту белдерің,
Айнадай мөлдір көлдерің.
Апайтөс дала, сай-сала
Өзендер салған өрнегін,
Қазақстаным, беу, менің!

Әуелеп тұрар тауларың,
Мәуелеп тұрар бауларың.
Құшағын жаяр көргенде
Қайысқан қара орманың,
Қазақстаным, ардағым!

Бұйыққан бұйра құмдарың,
Шағылдар созар мұңды әнін.
Дүбірлеп тұрар күй тартып
Ақбөкен жортқан қырларың,
Қазақстаным, іңкәрім!

Қазына жатқан қойнауым,
Жазыла жатқан жайлауым.
Көркіңе сенің қанбадым,
Қызықтап сені тоймадым,
Отаным, алтын аймағым!

ДҰҒА

Қабылдасын Алламыз дұғамызды,
Жарылқай гөр, Жаратқан, мына бізді.
Таңда мақшар алдында тап-таза ғып,
Жуар ма екен дұғамыз күнәмізді?..

Бес уақыт сәждеге бас қойғанда,
Бір Алладан бұрылмай басқа арнаға,
Миғражға шыққандай Расулымыз,
Шарықтасын жанымыз аспан-жайға.
Адалдықтың ақ адал арнасымен,
Жүрмегендер жоғалар зәузатымен.
Теріс ақсын қара су,
Бастамаған тірлігін Алла атымен!

23. 11. 2002

НҰРҒОЖА АҒАҒА

Қаршығалы қойнауында туғасын,
Қаршығадай алғыр болмау – ұлға сын.
Өмір – айдын қалықтатқан жыр құсын
Арманыңа балап жастан қуғансың.

Сол арманың Алматыға апарған,
Ақын болдың, қалған жоқсың қатардан.
Қалжырай ма Сәбит, Ғабит інісі
Әдебиет атты ұлы сапардан.

Ай маңдайың апамызға тап келіп,
Ай маңдайың жарқырады бақ қонып.
Қызылжардың қызғалдағын алды деп
Күндегендер қызғаныштан «жатты өліп».

Түрен салып даламызға тың келді,
Нан көбейіп, мән азайған күн болды.
Астананың келетінін білгендей
Ақмоладан аудармадың іргеңді.

Өр толқынға қарсы салған кемесін,
Теңізшідей арпалысып келесің.
Алқалы елге журнал ашып беріп ең,
Қалталы ерлер бола алмады демесін.

Ер емессің елден ақы сұраған,
Жүзіп барып, қанып іштің тұмадан.
Қасиетіңді, қадіріңді білмесе,
Он бес өлең арнар ма еді Тұмағаң?!

Келе жатсың тек жақсылық іздеумен,
Серілерден қалған сара ізбен сен.
Төмендетіп жетпіс жастың беделін,
Әлі күнге қутыңдайсың қыз көрсең.

Бел аса бер, белің дәйім бекем боп,
Ер парызы еңбегімен өтелмек.
Сізге қарап тойлайды енді бұл қазақ –
Жетпісті де жігіт жасы екен деп.

МАЛАТЬЯ СУ ҚОЙМАСЫ

Сылдыр-сылдыр, сылдыраған,
Тасты жарып, таудан аққан.
Ерке толқын былдыраған
Жас баладай аунап атқан.

Дәмі тілді үйіргенмен,
Тіс сынады татқанында.
Аласұрған күйін көрсең,
Тас тепкілеп аққанында.

Су сарайы тастан өрген,
Су шағады тасқа мұңын.
Жұмысы жоқ басқа әлеммен,
Тасыған су патшалығы.

Соқыр толқын дүлейленген,
Қолына түс, өлгендейсің!
Су иесі Сүлейменнің
Қазынасын көргендейсің.

Жас аққандай әлсін-әлсін,
Тамшы тұнар іргесіне.
Шыққаныңша асығасың
Мөлдірліктің түрмесінен.

24. 11. 2002

* * *

(Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығына)

Ғабе,
Сен бір ғажайып әлем едің,
Сөзің-дағы, өзің де әдемі едің.
Ақ өлеңдей төгілген қара сөзің,
Қара өлеңдей өрілген ақ өлеңің –
Сыңғырлаған сұлулық әлемі едің.

Қазақ тілін қанындай қасқалдақтың
Қасиеттеп, қадірін жастан бақтың.
Арулардың сезімін мөлдіретіп,
АНА деген ұғымды аспандаттың.

Тамыршыдай таныған қыз жүрегін
Қаламгердің нәзігі, үздігі едің.
Ғашық болып көрмесең Төлегендей,
Ақық болып түсер ме Қыз Жібегің?!

Құмда кезген алдына қара салмай,
Маңғаз едің маң басқан сары атандай.
Тамырыңның бүлкілі терең еді,
Асық ақын болсаң да сері Ақандай.

Қасиетін қастерлеп алып қалдың
Арыстардың, кешегі алыптардың.
«Мен де жаумын!» деп өттің қоғамыңа
Апанында тұрсаң да арыстанның.

Халқың аштан қырылып жатқанында,
Қайтпадың да, тіліңді тартпадың да.
Бірі болып бесеудің, бесатардың
Бір оғындай жауыңды атпадың ба?!

Он сегіз жыл арылмай бастан құрық,
Жаншып бақты заманың жасқандырып.
Жан жарасын емдедің тіліңменен
Көк бөрідей оңаша аспанға ұлып.

Етегіне ел сыйған кемеңгерім,
Елің үшін еңіреп не көрмедің?!
Ғасырлардан озарсың көктей тіліп,
Омырауымен мұз жарған кемем менің.

Тот баспайтын тарихтың көрмесінде
Сөзің қалды, өзің жоқ жер бетінде.
Сен қазақтың басына қонған бақсың,
Жарқыраған жұлдызсың кеудесінде!

ЖЕР

Өз кіндігін күн сайын,
Күн белдігін жыл сайын
Айналады жер.

Бір алсам деп тынымды,
Кімге айтсам деп мұңымды,
Ойға да кірер.

Жердің мұңын, арманын,
Түнде келіп жан жары –
Ай ғана білер.

Жарты бетін күн жалап,
Жарты бетін түн қамап,
«Қай мазағы?» дер.
Шыр айналып шар басы,
Зыр жүгіртіп Алласы
Қылған әбігер.

Жеткенінше бұйрығы,
Жер иіскемей құйрығы
Айналады жер...

ҚОСТЕРЕКТІҢ ҚҰДЫҒЫ

Қостеректің құдығы әлі бар ма екен,
Көсіп-көсіп кім қауғасын салды екен?..
Сорлы құдық суалды ма елсізде,
Қай мұсылман бір дерегін алды екен?..

Уақыт орман – ұзақ орман, көш-керуен,
Бір ағаштай бауырында өскем мен.
Кіл қайыңдар арасында қос терек
Айнымайды ару бойда қос меңнен.

Әкем шыңдап берген қара шалғының
Жүзін сынап баудай отап шалғынын,
Терегіне тереңдегі сырды ашып,
Қостеректе өткен талай бал күнім.

Қауға тастап самауырға су алып,
Қарагерді кәусарына суарып,
Шоғырмағын теріп беріп шешеме,
Кетем ойнап, кеш кіргенше күн ауып.

Әке-шешем аяқтады ғұмырын,
Сұм жалғанға тастап жалғыз құлынын.
Жалғыздықтан аспанға ұлып аңсаймын
Ата-анамды, Қостеректің құдығын!

07. 04. 2003

АСТАНА – БӘЙТЕРЕК

Әні: Серік Әбдіңұровтікі
Сөзі: Ерік Асқаровтікі

Нұрлы қала шуағына малынған,
Астананың алқасындай тағынған.
Бәйтерегім, мәртебелім сен менің
Шұғыласы айға-күнге шағылған.

Елімнің еңсесіндей,
Жерімнің өркешіндей
Бәйтерек бой көтерді ерке Есілде.

Ақша бұлттар аймалаған асқарын,
Ақ отауда Алатаудай асқағым.
Астанада бой көтерді Бәйтерек,
Нұрландырып алты алаштың аспанын.

Елімнің тілегіндей,
Жерімнің тірегіндей
Даламның қайсарлығы бір өзіңде.

Бәйтерегім – мерекесі елімнің,
Бәйтерегім – берекесі төрімнің.
Бәйтерегім – халқы берген байғазы
Елге сіңген еңбегіне ерімнің.

Бабаның көзіндейсің,
Даланың сөзіндейсің
Бәйтерек, жақсы ағаның өзіндейсің.

БАТТАЛ ҒАЗЫ

.....

Сейіт Баттал Сәруәр Ғазы мен емес пе?!
Бар дейді сіздің қолда бір сұлу қыз,
Сол қызды маған берсең тең емес пе?!

«Сейіт Баттал» жырынан

«Сал-сал», «Зарқұм», «Сейіт Баттал» жырларын
Мен әкемнен бала күнде тыңдадым.
Рақыш атты тұлпарымен Батталдың
Қиялымда талай жауды қуғанмын.

Елтуші едім әкем айтқан жырларға,
Кектенуші ем Таридондай сұмдарға.
Рақыш деп қойып едім есімін
Кер биеден қасқа құлын туғанда.

Елжіредім екі көзден жас парлап,
«О, Алла!» деп қолым создым аспанға.
Қасқа құлын кісінеді санамда
Баттал Ғазы топырағын басқанда.

Қызыл іңір.
Ібір-Сібір орманы,
Орманымды орап алған қар қалың.
Қарлы қыста пеш түбінде іңірді
Іңірге әкем жырларымен жалғады.

Қызыл іңір, қарлы орманым алыс қап,
Ақты күндер, айлар, жылдар жарыс сап.
Дұға қылдым Баттал Ғазы басында
Әкем менен Сейіт Батталға бағыштап.

Ұзын кештің уын жырмен қайтарған,
Әкем марқұм жырау еді майталман.
Келіп тұрмын Баттал Ғазы басына,
Мәді маған жолығады қай таудан?..



Поэмалар



САУЫР ТІЛГЕН

Ат баптап, ит жүгіртіп, аң аулаған,
Осы елдің болып еді екі бегі.
Жел жетпес тұлпарларды жараулаған,
Дос болып Балпыш, Некей өтіп еді...

(Бір ақсақалдың әңгімесі)

Саятқұмар қазақтың қара шалы,
Күтті асығып сонарлы қарашаны.
Жылда осылай қансонар қарсаңында
Бәйге жирен белдеуге таң асады.
Елегізіді қазақтың қара шалы,
Сағынады дүбірлі тамашаны.
Қарт аңшы «Уақ орман» нуларына,
Қазақтың даласына жарасады.
Қансонарда –
Қанда думан басталғанда,
Оралар қарт Некейге бала шағы.

Күн көзі күміс нұрын күңгірт етіп,
Түнерген бұлт ішіне кірді кетіп.
Енген шақ мал қораға,
Жұрт үйіне,
Қар жауды жапалақтап дір-дір етіп...
Керілген қарт кеудеден күміс аспан,
Баяулап үн қатқандай сыңғыр етіп:
Жібектей түн етегін түре берді,
Үстінен орамалдардың сырғып өтіп.

Жирен тұр ащы тері алынбаған,
Аттанар сәт те бірақ тұрды жетіп.
Атына қонды Некей таң атпастан,
Таң атып,
Жарық сәуле таратпастан.
Қасқырдың қанды ордасы – жын ұясы
Ауылдың іргесінде таяқ тастам.
Серпіліп сері көңіл қондырды атқа,
Аңшыны таңғы ұйқыға қаратпастан.
Тыншымай жүрек тулап, маза кетіп,
Қарт көкжал меңіреуге аяқ басқан...
(Япыр-ау, мәні қалай, мініп шықты
Жиренді терін алып жаратпастан?!)

Некейдей
Елегізумен таңға асыққан,
Балпыш та таң сәріден аңға шыққан.
«Сартайда» сонар сайын кездесетін,
Бүгін де айнымапты сол машықтан.
Екі дос –
Егіз аңшы, орман мүлгіп,
Бұйығып,
Жатты бұғып қар басып маң.
Дала аппақ,
Орман аппақ, бәрі ағарды,
Шуақты,
Жарық күнге жалғасып таң.

Ақ балтыр қайыңдар сияқтанды,
Әзілқой құрдасы кеп қарға тыққан!
Кешікпей арлан шықты қашып қырға,
(Бейшара, ажалына асықты ма?)
Некей қап,
Балпыш қуып кете барды,
Жирен бе, әлде Некей жасып тұр ма?
Жалғыз із арлан кеткен зымыраумен,
Сен-дағы жирен атқа қашықсың ба?
Сонда да қалмай Некей жатыр,
Тұнжырап,
Ерік бермей жасық мұңға.

Төсінде зыр ұшырып жарау атты,
Қымтанып,
Қарға оранып дала жатты.
Созылып,
Жан ұшырып қашқан көкжал
Көп жерін ну орманның аралатты.
– Балпыштан қайтсем-дағы қалмаймын, – деп,
Булығып,
Некей қинап барады атты:
– Қу қолқаң шіріп кеткір, бәйге – жирен,
Тіл ұқсаң,
Күйік көп те, жара қатты!

Күн шықты.
Бие сауым мезгіл өтті,
Арлан, Балпыш мінген сандал торы
Болдырды,
Болмай қалды, енді нетті?
Жануар тексіз бе әлде қолтық сөккен,
Шабыстан шабыт алып сергімепті.
Тақымдап,
Тебінгенін місе тұтпай,
Сауырдан қамшыменен пергілетті.

Булығып,
Күйіп-пісіп деді Балпыш:
– Жылқы деп міндім бе осы елбіректі?!
– Бұйырмай мына көкжал кете ме енді,
Ойпыр-ай,
Не етем енді, не етем енді?
Осы шақ жирен атпен құстай ұшып,
Некей де қуып жетіп, өте берді.
Балпышқа өте бере деді жалғыз:
– Торшолақ
Көкшолаққа бекер ерді.
Таң асыр торшолақты, қазір қайтам,
Қинама жануарды, жетер енді! –

Деді де
Құтырынған жирен атты
Арланның ізіне сап кете берді.

Біле алмай
Қайдан шықты, қайда барып,
Отырды Балпыш налып, ойда қалып,
Көңілі осы шақта қарт аңшының,
Қазадан қайтқан жандай, тойға барып.
Таңертең көргенінде жирен аттың
Тұр еді-ау ащы тері бойда қалып.
Сол жирен жарау аттан қалай озды? –
Әйтеуір, бір ғажаптың болғаны анық.
Сәскеде Некей келді сар желдіріп,
Терісін көкшолақтың сойған алып.

Көңілмен дос олжасын күндемеген,
Некейге деді Балпыш:
– Бұл не деген
Керемет?!
Келгенімше осы жасқа
Мұндайды көрмеген ем,
Білмеген ем!..
Қарт Балпыш кереметті сонда көрді:
Сауырын жирен аттың тілген екен.
Тілектен ақ тер, көк тер – көбік атып,
Бусанып
Арылыпты зіл денеден...
Таңданып,
Таңдай қағып деді Балпыш:
– Мұндайды көрмеген ем, білмеген ем!..
Некей де күліп тұрып жауап қатты:
– Адамға не істетпейді жүлде деген...

СЕГІЗ СЕРІ

(Олжас Сүлейменовке)

Қылышпын қынабынан алынбаған,
Алтынмын таразыға салынбаған...

Сегіз сері

Амандасу

Арқырап ағады Есіл арнасында,
Күркіреп көк толқындар жалғасуда.
Мәңгілік сапардағы су көшіне
Қол бұлғап қайың қалар жар басында.

Шашуын шартарапқа шашып келіп,
Есілдің қайтқан шағы тасып болып.
Жас қыран жағасына қонақтады,
Омбыдан он сан белді асып келіп.

Қисапсыз ұяда алған өнегесі,
Мұхаммед-Ханафия деген осы.
Баһадүр Баһрамның бел баласы,
Шың тұлға Шақшақ бидің немересі.

Шідерлеп Бозшұбарды Балқашына,
Есілдің қонақтады жартасына.
Жасырып эполеттің алтын зерін,
Жамылған жібек шапан арқасына.

Отырды тұғырында бала қыран,
Ұшады ұшқын ойнап жанарынан.
Кернеген кең кеудесін қалың арман
Бұлттанып белгі берер қабағынан.

Батыр бұл тұрысқанға тұр десетін,
Ақын бұл ән-жырымен күн кешетін.

Жасынан ғадеті бар қанға сіңген –
Есілмен анасындай тілдесетін.

– Армысың, Есіл-ана, аманбысың,
Балаңның қас-қабағын бағармысың?
Тосады төрткүл дүние толған сауал,
Шешуін, шерлі өзенім, табармысың?!

Жыбырлап атжал толқын еріндері
Есілді сөйлетуге бейімдеді:
– Қондың ба тұғырыңа аман-есен,
Сен едің бала қыран көгімдегі?

Сен едің бала қыран көгімдегі,
Бейтарап қалдырмаған шерің мені.
Арысым, алдаспандай жарқылдарсың,
Жаныса жігеріңді елдің кегі.

Сен едің ел деп туған бір арысым,
Еліңе есе әпермей тынамысың?!
Қайнайды қазақ үшін зығырданың,
Бойыңда бұлықсиды бұла күшің.

Күні жоқ жаны алқымға таянбаған,
Сонда да елің марғау оянбаған.
Тамұққа Жеруйығын айналдырып,
Білмеймін, не күтеді хақ Алладан.

Кеңге жай қыран болсаң керегеңді,
Елге жай өнеріңді, өнегеңді.
Сәуле құй санасына ән-жырыңмен,
Ірікпей бойындағы төк өнерді!

Шерің де, шеменің де елің болсын,
Ел десең төзімің тек темір болсын.
Өлсең де ел тілегін талақ етпе,
Жігітке өмір де – сын, өлім де – сын.
Аттан, балам!

Қол қойып, ояз басты хатқа мөрді:
«Ал, патшам, әскер жібер, аттан енді!
Қызылжар, Көкшетауды дүрліктіріп,
Тоғызы Есенбайдың атқа қонды.

Ала алмас нысанаға жау садағы,
Ерлігін ел-жұрт айтып тамсанады.
Артына тастап кеткен өрті қалың,
Заманы Абылайдың ауса-дағы.

Ұйтқиды қалың қолы өрекпіген,
Қалаға шабар деген дерек білем.
Кешегі бұратана басқа шықты,
Жындарын қағатұғын керек бір ем».

Хат кетті.
Бір офицер келді жетіп:
– Тақсыр-ау, амалдаймыз енді не етіп?..
Ат қойды Қызылжарға қалың қазақ,
Алаштың жасыл туын желбіретіп.

– Зеңбірек! Зеңбірекке от беріңдер,
Бар күшті бекініске жеткеріңдер.
Алдынан оқ боратып қарсы алыңдар,
Болмасын қорқу-үрку шептеріңде.

Басталды қидаласқан қиян-кескі,
Нөпір күш қалдырмады жиярға есті.
«Ашынып алған екен мынау алаш,
Тоқтату енді мұны – қиял», – десті.

Тоғызы Есенбайдың топ басында,
Көнбейді келісімге, анттасуға.
Соғыспен көзін ашқан қаншелектер
Жауының осал тұсын тап басуда.

Тигенін тоғыз батыр шүйлеп кетті,
Төпеді, толастамай түйдектетті.
Бекініс бұзып ішке кірмегенмен,
Екеуін зеңбіректің сүйреп кетті.

Шеп құрып, добын атты олар-дағы,
Қорқытып қорқауларды қамалдағы.
Жартысын гарнизонның жусатса да,
Бұл күні Қызылжарды ала алмады.

Қызылжар айналған соң алынбауға,
Серпілді қазақ қолы дамылдауға.
Таң ата жауға тағы ат қоймақшы,
«Ел үшін, – деген ерлер, – жаным – сауға».

Ой-қырға шабармандар сабылуда,
Жөңкіліп қол келуде әлі мұнда.
Атбасар, Омбы, Түмен, Қараөткелден
Қызылжар – Көкшетауға ел ағылуда.

Лапылдап ағылуда ойдан-қырдан –
Бір зауал патша әскерін айналдырған.
Қоруға атасынан қалған жерін
Бұл қазақ көз ашқалы майдан қылған.

Қара бұлт кезге келіп бір айығар,
Қаланы ертең алмақ сыңайы бар...
Таң ата ояз тапты бір амалын,
Дегенмен ақ патшаның Құдайы бар.

Шен тағып, шекпен киген патша құлы,
Еліне жеткен лаулап отша жыры.
Әрі ақын, әрі батыр – түсті есіне –
Мұхаммед-Ханафия Шақшақұлы.

Аузында ән менен жыр – жебегені,
Тумысы көп қазақтан бөлек еді.
Жігіттің бір жампозы сегіз қырлы –
Ел-жұрты Сегіз сері деген еді.

– Туып тұр алағай да бұлағай күн,
Жеңбекке қазақ бізді қылады айбын.
Еліңе басалқыңды айт, солығын бас,
Мен сізден басқа ештеңе сұрамаймын.

Поручик, сізден мұны өтінемін,
Атқарам болса-дағы не тілегің.
Ұстаса етегінен адаспайды
Ел деген еңіреген жетімегің.

Жауығып жұртыңа мен жасанбаймын,
Жазалап ешкімді де, бас алмаймын.
Келмейді жеріңізге «қарашекпен»,
Тоқтатсаң тоғыз ұлын Есенбайдың!

Деп ояз Ер Сегізді үгіттейді,
Көкейін қайран ердің үміт жейді:
«Қаруын тастап елім, айтса зарын,
Патшаны қалай ғана жібітпейді?..

Ояздың айтқан жолы жеңіл болар,
Болмаса, бір бәлеге елім қалар.
Іргеде ел Ресей, қалың әскер,
Ертең-ақ Қызылжарға шоғырланар.

Құлпырып мынау далам сәні кеткен,
Ел-жұртым арылар ма қалың өрттен?..
Алаштың арман-мұңын алып барсам,
Ақ патшам адасар ма әділеттен?..

Апыр-ай, мына бір өрт асқынар ма,
Елімді Есенбайлар бос қырар ма?
Барайын, дүрлігуін доғарайын», –
Деп Сегіз қамшы басты Бозшұбарға.

Самсайды найза-қылыш жарқылдаған,
Тұлпарлар дүбір сезіп алқылдаған.
Кенеше «кертік сапқа» шеп түзеуде,
Тоғыз ер тоғыз жерде саңқылдаған.

Бар тұстан бөрі байрақ бұландайды,
Аруақ шақырып қол ұрандайды.
Тоғыздың томағасы –
Қодар батыр
Сөйлейді, сөзі еліне Құрандай-ды.

– Уа! – деді, алдаспаны жарқылдады, –
Келіп тұр қыл үстіне халқым жаны.
Ақ өлім – осы жолда шейіт кетсек,
Майданға біз кірмейміз тартынғалы.

Халқымның қалып тұр ма көрмегені,
Өз жерін мола қылып көмбек еді;
Елміз ғой өлерге бар, көнерге жоқ, –
Деді де Бұқар сөзін термеледі:

Көкшетауға салдырған
Қара үңгір жолдары.
Сабантаудан жиылып,
Бес сан болды қолдары.
Өзің қонған Көкшетау,
Кәуір қала салды, ойла.
Атбасар мен Қалқұтан
Балығы тәтті су еді,
Өне бойын шандып ап,
Сүзекісін салды, ойла.
Қарқаралы деген тауларға
Қарқарасын шанышты, ойла.
Бетеге мен көденің
Берекесі қашты, ойла.
Көкмұрын деген жерлерге
Қыстауын сонан төкті, ойла.
Жылқының суат-суына
Шошқасын әкеп екті, ойла.
Нұрада бар Көрөткел,
Есіңде бар Ақмола.
Екі өткелдің аузына
Тас қорғанды салды, ойла.
Баян-Аула, Қызылтау,
Оны да кәуір алды, ойла.

Ұлытау шеті Созақтан,
Созақтан бергі жерлерден
Көкорай шалғын көре алмай
Шұбырып қазақ кетті, ойла.
Ішерлікке жетер суды ойла.
Шүршітпенен құлақтас,
Қырғызбенен жұбаптас,
Кетейін десе жері тар.
Кетпейін десе алды-артын
Қоршап алған кәуір бар:
Ұйлыққан қойдай қамалып,
Бүйірден шаншу қадалып
Сорлы қазақ қалды, ойла...

Осылай зарлап өткен Бұқар бабаң:
Бұл дұшпан бүтін елді бұтарлаған.
Жігіт пе осындайда атқа қонбай,
Намыс па осындайда тұтанбаған?! –

Деп Қодар түйіндеді айтар кебін,
Аспанға бір орғытып Шайтанкөгін.
Бөрілі байрақ бұлғап қол шулады,
Ер сөзі жанығандай қайсар кегін.

Сол кезде Сегіз келді қолға жақын,
Сөз басын Ер Қодарға арнады ақын:
– Алла жар, батыр аға!
Қол алдында
Ер Көкше айбынындай салтанаттың.

Ортақпын жаныңыздың жарасына,
Қазақтың нәубет келді баласына.
Түйіпсіз жаныңызды шүберекке,
Азаттық әперем деп алашыңа.

– Сен де бір еңіреген ер емес пе ең,
Жұлқынып атқа мінген төбелеспен.

Әскери білім алдың, шен қададың,
Жөн болар қолбасылық көмек етсең.

– Аянып қалушы ма ем, тегі, елімнен,
Жанымды зекетіне беремін мен.
Ресейдің әскер жайы емес таныс,
Сескенем сеп болмас деп көмегімнен.

– Ақынсың аты мәлім бүкіл елге,
Ер едің еңкеймеген күштілерге.
Ей, Сегіз! Олқы емес пе мына сөзің,
Аузынан арыстанның шықты дерге!

– Азаттық болмаған соң келер тегін,
Аллалап арғымақты сен ерттедің.
Мерт болса арыстаны айға шауып,
Ей, аға, кім ойлайды ел ертеңін?

– Елімнің таптатпаймын ар-намысын,
Садаға – жаным, тәнім, арда күшім.
Арыстан мерт болады, артындағы
Қабыланы сондай өрнек алмақ үшін.

– Қырылса арыстан да, қабылан да,
Ту ұстар елге тұлға табылар ма?..
Әзелде ақыл серік емес пе еді,
Өзінен күші басым жауы барға?!

Ойлама ақ патшаны жеңемін деп,
Көп нәрсе ала алмаспыз ереуілдеп.
Ояздың арнап айтқан сәлемі бар:
«Тілегін Ер Қодардың беремін» деп.

Баптайды жер-суынды «қарашекпен», –
Белгілі, саған соның наласы өткен.
Қайтеміз елді босқа арандатып,
Қасірет аз емес қой дала шеккен.

Ер Сегіз сөзін зерлеп сабақтайды,
Бір сөзі ойға күдік жолатпайды.

Қас батыр жас батырды тыңдады ұйып,
Айтқаны ақылына қонақтайды.

Тоғызы Есенбайдың – тоғыз пері,
Көндірді перілерді Сегіз сері.
Жүзбасы, елубасы, онбасылар
Жиылып, кеңес тағы өрістеді.

Ел менен жер тағдыры таласқанда,
Ұйымас ақынына алаш бар ма?!
Жырғасып жақсы-жайсаң ұзақ күнге,
Пәтуа баталасты намазшамда.

Қуанып елі берген келісімге
Ер Сегіз қонып қалды қол ішінде.
Ұласып сауық-сайран жүре берді,
Назары қалың елдің серісінде.

Ерсі ме ә дескендей ән қалауы,
Мүмкін бе мұндайда ақын самғамауы?!
Аузында бар қазақтың «Гауһартасы»,
«Мақпалы», «Қарғашы» мен «Қарғам-ауы».

Әуезі әлдилеген Арқа өңірін,
Өнерпаз арнап өскен әнге өмірін.
Үкілі домбырасын көкке сермеп,
Ағытып қоя берді «Алқоңырын».

«Еркем-ай, дәнекерсің айнадағы,
Шашақсың жалаулатқан найзадағы.
Бейуақыт сейілге шық сылаң қағып,
Жаратқан ақбоз аттай жайна-дағы...».

Екінші бөлім

Жасыды-ау жасын жігер, асыл қайрат,
Туып тұр ер басына осындай шақ.

Іңірде үріккен бір Үркердей топ
Жортады орман кезіп, Есіл бойлап.

Найзадай омырылған сағағынан,
Келеді топ басында жаралы жан.
Жалындап ыза-кегі жүзінде ойнап,
Борайды қаңтар қары қабағынан.

Есілмен бақұлдасып, көріскелі,
Бұл жүрген жампозыңыз – Сегіз Сері.
Жан бағып жазалаушы отрядтан,
Тарылды күннен-күнге өрістері.

Жатып ап бір қуыста шатқалдағы,
Жаратып неше күндей ат қамдады.
Тәуекел, бел байлады Нарындағы
Исатай, Махамбетке аттанғалы.

Оянып ұлы намыс дес білмеген,
Ол елдің ереуілі өскіндеген.
Сегізге Махамбеттен сәлем жетті:
«Бауырым ат тізесін қоссын» деген.

Жауының саны қалың, жарағы көп,
Соңына жаздай түсіп қамады көп.
Ағаның ұранына сүрен қоспай,
Бұл жақта омалудың амалы жоқ.

Жол қарап Нияз Сері келді барып,
Бекініс бойлап жүру енді кәдік.
Аспақшы Аяққұмға Сырды жалдап,
Шалқайып Арқадағы елді жарып.

Бұл топқа тарылып тұр жалған бүгін,
Бір Хаққа тапсырады қалған күнін.
Іркілді тобы шоқта,
Жалғыз Сегіз
Ағытты Есілге кеп арман-мұңын:

– Жүргейсің бұл баланды есіңе ала,
Осындай күйге түстім, Есіл-ана.
Жапанда жалғыз жортқан жолбарысың
Аман-сау үйіріне қосыла ма?

Елімді жеткізсем деп арманына,
Иландым жау сөзінің жалғанына.
Тоғызы Есенбайдың шортан еді,
Ояздың іліп бердім қармағына.

Оязға келіп жайды мәлімдегем:
«Тақсырым, тілегіңіз қабыл» дегем.
Алдырып әскербасын қылды пәрмен:
«Ұрыңдар гарнизонға дабыл» деген.

Тоғыз ер мәмілеге аттанады,
Соңында хабар күтіп топ қалады.
Кіргенде Қызылжарға көкжалдардың
Алдынан алай-түлей оқ борады.

Сегіз ер оқ қабылдап кеудесіне,
Ақырды: «Сен жөнел!» деп кенжесіне.
Ол салды аттың басын кері бұрып,
Қорғасын қарша жауды өңгесіне.

Боларын бұл сұмдықтың білмедім ғой,
Тұзаққа ерлерімді күрмедім ғой.
Ер Қодар ақтық сәтте аласұрды,
Қан жауып екі көзін, дым көрінбей.

Қасіреті күңірентіп сар даланы,
Сондағы сегіз ердің сарнағаны.
Естіліп тұрады әлі дауыстары,
Кетпейді құлағымнан қарғағаны.

«Шекпенге арын сатқан азғын», – деді,
«Еліңнің көрін өзің қаздың», – деді.
Дауа жоқ не қылсаң да, күнәм батпан,
Су-ана, сен де сөгіп жазғыр мені!..

Қайтейін, кайран басым қапы ұрылдым,
Оязды екі бүктеп атып ұрдым.
Сауырлап Бозшұбарды ұзай бердім,
Болжаған мұндай істің ақырын кім?..

Қолға кеп патша әскері салды-ай бүлік,
Түсірді баудай қылып, қойдай қырып:
Бас кетіп, бейберекет қашқан елді
Қуалап сай-салаға қоймай жүріп.

Жағалай жатқан жұртты ойрандады,
Бір ауыл бұл жазадан жай қалмады.
Шайқалып шаңырағы кеткен елдің
Қалмады үрер иті, айдар малы.

Қайырылып жауға салған майданым көп,
Ажалға тура бастым, тайғаным жоқ.
Қодардың қалған қолын құрай алмай,
Қауқар аз, дұшпан қалың, қайраным жоқ.

Түз кезіп, тағыланып мен кеткенмін,
Кім қиып жауға өмірін бермек тегін?!
Басыма бәйге тігіп қыруар қаржы,
Соңыма салды патша жендеттерін.

Гүл теріп Гүлтөбенің етегінде,
Бұла өстім Маманайдай мекенімде.
Қызылжар – атамекен,
Есіл – анам,
Қия алмай барам тағдыр жетегінде.

Туған жер, қош-аман бол, мен кетемін,
Тірліктің кім болжаған кер кетерін?..
Оятып алашымның ар-намысын,
Жұртымды жырымменен тербетемін...

Қоштасып осылайша өзенімен,
Аттанбақ Сегіз сері өз елінен.

Сипады Есіл-ана толқындары
Өзінің шыққан ұлын өзегінен.

Сонда айтты Су-анасы:
– Тергемеспін,
Күнәң жоқ, елің кешкен, мен де кештім.
Сүйемін перзентімді алаламай,
Анамын, мен анамын, пенде емеспін!

Жортқанда жолың болсын, қарашығым,
Қамын жеп өскен қозым алашының.
Ел шіркін, есіне алып елер ме екен,
Шырылдап отқа түскен жанашырын?

Иесіз елің жетім қалды бүгін,
Ел үшін сарп болар бар ғұмырың.
Күңіреніп мен шертермін сарқылғанша,
Мәңгілік қасіреттің мәңгі жырын...

Түс жиып қанды жастай құла күрең,
Бір әні зарлы шығып бір әнінен,
Қоштасып, өксіп ағып, Есіл қалды
Дүниеге екі келмес ұланымен.

Есілмен, Қызылжармен амандасып,
Беймәлім бір сапарға қадам басып,
Жөнелді Сегіз сері Нарынқұмға,
Сыр жалдап, Арқа бойлап, Аралды асып.

Тас түйін, ақтармайды жанға жайын,
Күреспен өткізбекші қалған айын.
Ыңылдап бара жатты «Гауһартасын»:
«Анаңнан сізді тапқан айналайын...».

АБЫЛАЙ ХАН

(Балташ Тұрсынбаевқа)

Батыр

Құдайым бұл қазақты қарғаған ба?
Үмітпен үзілгенін жалғағанда,
Құлаған туын қайта көтергенде
Қош айтып зарлай-зарлай зар заманға.

«Алқакөл сұламадан» арылғанда,
Етегі елдің енді жабылғанда,
Қол келді ел шетіне жер қайысқан,
Қанішер қара қалмақ қағынған ба?!

Сейдін қол селдей тулап ақтарылды,
Талауға тапқаның мен баққаныңды.
Аллалап, аруақты аузына алып
Бөгенбай, Қабанбаймен атқа мінді.

Бөгенбай, Қабанбаймен атқа мінді,
«Сақта, – деп – қаратқаннан жатқа күнді».
Төбе би – Төле бастап, майталмандар
Тағы да суырылып топқа кірді.

Дүрбелең күндер келді дабылдаған,
Ер жігіт ат жалында дамылдаған.
Жер тарпып, тықыршиды жас тұлпарлар
Соғыста қан сорпа боп сабылмаған.

Қол келді жерді алғалы, жанды алғалы,
Жаугер ел жан бермеске қам қамдады.
Жоңғардың қол басында Галдан Церен –
Қазақтың қарғыс айтқан Қалдан ханы.

Өмірі өткен жұлыс, алыспенен,
Жоңғарда жошын деген дабыспенен;

Бұл жолы баулымаққа бастап кепті
Жас батыр – жан бауырын Шарыш деген.

Қазаққа Шарыш жолы жаман болды,
Жортады соңына ертіп тамам қолды.
Шолғыншы ұшқыр топты ұшырасқан
Шарыш ер жоқ қылды деп хабар келді.

Қан тартқан қалмақтың жас өлермені
Арқаға ендей бойлап тереңдеді.
Қалданның бөлтірігі қалай соғар?
Қабарып қазақ қолы еленделі.

Жүлмеге жайылуда салған лаңы,
Жолында кезіккен ел сау қалмады...
Тоғыспақ бүгін-ертең алаш қолы –
Аламан сауын айтқан саулауда әлі.

Түскен соң ел басына мұндай заман –
Намысқа ер қайнамай кім қайнаған?
Ішінде Төле бидің түйешісі –
Түстіктен бір қол келді ту байлаған.

Жуыспай көп малшыға жапа көрген,
Тосындау түр-тұлғасы қатар елден;
Ішінен кебенектің ерді танып,
Ұлы би аттанарда бата берген.

Төле би түйешісі аттанарын
Білген соң:
– Оң болғай, – деп, – бақ-талабың!
Татитын төрт аяғы төрт қос малға
Көлденең тартып еді Көкбалағын...

Көтеріп намыс еңсе, иықтарды,
Жігіттер бойға жарақ киіп те алды.
Атаның ұрандары түгенделді,
Сонымен қазақ қолы тұйықталды.

Бір Аллаға сиынып ерлер енді,
Байланып бес қаруын ерге қонды.
Сәскеде сап түзеген қазақ-қалмақ
Қолдары кескілесер жерге келді.

Екі қол бір-біріне тұр қадалып,
Қолына желбіретіп тулар алып.
Қалмақтың қисабына көз жетпейді –
Шұбырып арты жатыр шудаланып.

Жауының көп болғаны – мықтылығы,
Қазақтың арта түсті күптілігі.
«Жекпе-жек! Жекпе-жек!» деп сүрен салып
Ішінен көп қалмақтың шықты бірі.

Күнменен шағылысып шарайнасы,
Қазаққа мына қалмақ қарайды асып.
Үстінде қара арғымақ найқалады,
Жауының қырыққандай талай басын.

Қазаққа қарай қалмақ мығым басты,
Секілді тіккен туы жығылмас-ты.
Бір келіп, бір кетеді шабуылдап,
«Шарыш!» деп таныған ел шуылдасты.

Алаштан топ жарған ер табылмады,
Қалмақтың айдыны асып дабырлады.
Намысы ұстарадай қарт Бөгенбай
Қорлықтан аз ғана тұр жарылғалы.

Бөгенбай – жекпе-жектің майталманы,
Қартпын деп ғадетінен қайта алмады.
Ақ найза қолына алды, қолға қарап
Көріп ед, –
Талапкер жас байқалмады.

Шарыш ер жаңа да асқан жиырмадан,
Қазаққа жау болып тұр қиындаған.

«Ажалым бір баладан бола ма», – деп,
Бөгенбай аруағы жоқ сиынбаған!

– Талай бас қанжығаға өңгеріп ек,
Еліме қысылғанда дем беріп ек.
Дарабоз, бата сұрар бір бала жоқ,
Екеуміз алты алаштың соңғы ері ме ек?

Деп Бөген Қабанбайға мұң шағады,
Күйзеліп көрмеп еді мұнша жаны.
Тұрған жоқ жаудан қорқып, күйінеді
Соңынан ермегенге бір шабары.

Шашағын найзасының желбіретіп,
Шабуға қарт Бөгенбай енді бекіп,
Тебіне бергенінде, қарсы алдына
– Ата! – деп бір жас жігіт келді жетіп.

– Жолыңды маған берші, мен шабайын,
Жауыңның жағасына қол салайын.
Бас байлап қанжығама қайтар ма екем –
Иланһи Әумин, батаң болса дайын!..

Бөгенбай тұр жігітке барлай қарап,
Батасын мұндай ерден қалған ба аяп?!
Құдайым қияпатын келістірген –
Қандай көз, қандай көрік, қандай қабақ!

Жас батыр – бес қаруын сайлап тұрған,
Астында арғымақ ат ойнап тұрған.
Жайнап тұр екі көзі ұшқын атып,
Тәңірдей бұлттан жанып жай лақтырған.

Бұл жігіт жауға қылмақ бір өнерді,
Жалы да күдірейіп түрегелді.
Бөгенбай бата берді қолын жайып,
Шапқылап жас арыстан жүре берді.

– Абылай!..
– Абылай!..
– Абыла-ай!!!

– Абылай!
«Абылайлап» ұрандаған,
Жөнелді жауға қарай қыран балаң.
Шуласып қазақ-қалмақ қоя берді,
Мұсылман жәрдем күтті бір Алладан.

Ат қойды бермен қарай Шарыш-тағы,
Ширықты қос арыстан намыстары.
Ұштарын ақ найзаның ұмсындырып,
Тап ұрып қақ жүректен салысқалы.

Ешқайсысы таппады ойлап тың амалды,
Қос батыр бір-біріне тура барды.
Қос найза қос қалқанға қадалғанда
Қос тұлпар көкке шапшып тұра қалды.

Батырлар беріспеске қамданады,
Ширығып, шамырқанып, шамданады.
Тұлпарлар тарпығанда тұяғынан
Жабардай күннің көзін шаң борады.

Шуласып қазақ-қалмақ тұра берді,
Мұндайда көтереді ұран ерді.
Аз уақыт арыстандар арпалысты –
Ойнақтап қара арғымақ шыға келді.

Қазақтың жолы болар бүгін анық,
Бірі өліп, қос батырдың бірі қалып.
Жас батыр жекпе-жектен жеке келді,
Найзаға жаудың басын іліп алып.

«Абылай! Абылайлап» ұрандады,
Ұранға ермей алаш тұра алмады.
Қалың қол қалың жауға лап қойғанда
Алдында Көкбалақ ат бұланғадады.

Екі қол мидай болып араласты,
Өлгенге, тірілгенге қарамас-ты.
Әр тұстан «Абылайлап» атой салып,
Бір ұран желіктірді бар алашты.

Алды-арты бұл ма алаш ерлігінің, –
Ежелгі жауға есе жоқ енді бүгін.
«Абылай!» деген бір сөз ұшып жүрді
Айналып ұранына ендігінің.

Талайлар ажал тапты, жараланды,
Талай ер бұл соғыста дараланды.
Жау қашты, алаш қуып кете барды,
Атанып «Қалмаққырған» дала қалды.

Жау қашып Қара Ертістен асқанда әрі
Алашқа тыныш тірлік басталғалы,
Жайына жас батырдың ел қанықты,
Даңқы Абылайдың аспандады.

Айналып Қызыр, Ілияс жолдасына,
Қолдады күн туғанда ел басына.
Ту тіккен Астанасы Түркістанда,
Алдырды Әбілмәмбет ордасына.

– Қарасам, тұлғаң бөтен бір баласың,
Майысып сәмбі талдай ырғаласың.
Мәні не «Абылайлап» шабуыңның,
Жарқыным, жөніңді айтшы, кім боласың?

– Айтылмай қалмас саған, аға, шыным,
Алдыңа келіп отыр қарашығың.
Қанішер Абылайға немеремін,
Өз ағаң Уәлибақы баласымын.

Қызғаныш қиын екен кірген ішке,
(Мен бейбақ бұрын-соңды білген іс пе?).
Ата-ана, аға-бауыр арасында
Он бірге жасым жетті Үргеніште.

Жаза жоқ бұл жалғанда жауызға әлі,
Жазықсыз бізге салды ауыздарын.
Ата-ана, аға менен бауырымды
Қойдай ғып қорқыратып бауыздады.

Сұрама менің сонда көргенімді,
Көргеннен артық көрдім өлгенімді.
Ажалдан Ораз ата алып қашты,
Талай күн тыя алмадым еңіреуімді.

Ол өзі дос еді бір шын берілген,
Әкеммен қиын күнде бірге жүрген.
«Барайын қайда бастап?» – деп сұрады,
«Арқаға, алашыма жүр», – дедім мен.

Алаштың әулиесі, иесі деп,
Жалдандым Төле биге түйеші боп.
Тегімді таныса да тіс жармады –
Тиді ғой қарияның киесі көп.

Бөгдеге белгісіз боп жабылған сыр,
Шын атым азан айтқан – Әбілмансұр.
Алты жыл Сабалақ боп мен атандым,
Ей, аға, сұрасаңыз бауырдан сыр.

Сездім де қаста жүрген қасым барын,
Ешкімге сыр ақтарып ашылмадым.
Басыма бір қастандық қыла ма деп,
Затымды, атымды да жасырғанмын.

Өзіңнен не сырымды жасырайын,
Бүгесі, шігесі жоқ – осы жайым.
Атаның Абылайдай атын алдым,
Хан аға, дәргейіңе бас ұрайын!

Жағдайын Абылайдың жете білді,
«Ей, Алла, бердің, – деп, – бір өтеуіңді».
Бауырын бауырына басу үшін
Тағынан Әбілмәмбет көтерілді.

– Кел, кірші құшағыма, күнім менің,
Осы екен өлгенімнің тірілгені.
Жеттің-ау зарықтырып,
Жан ағамның
Бір ұлы тірі екенін біліп едім.

Алмадым ешбір жақтан дерегіңді,
Білмедім көрмесімді, көрерімді.
Майданда «Абылайлап» ұран салып,
Бас байлап қанжығаңа келеріңді.

Даңқ болған батыр аты, ардағым-ау,
Намысты жекпе-жекте қорғадың-ау!
Сен енді санаттасың, Абылай сұлтан,
Баурасаң сарай мынау, орда мынау...

Сұлтан

Бірлік те бұл қазаққа бұйырмады,
Тірлік те күннен-күнге қиындады.
Байжігіт күй арнаған
Көкбалақпен
Абылай сан қиырды шиырлады.

Арқасын алты айшылық аралайды,
Алашы жанын күнде жаралайды.
Астына бір байрақтың басын қосу –
Сұлтанға кара ормандай қара қайғы.

Іргелі елге айналу – алыс әлі.
Күн кешкен ит ырғылжың, әрі-сәрі.
Жау келсе жұдырықтай жұмылады, –
Жау кетсе бірін-бірі шабысады.

Бұл елді бұрынғылар баққан қалай,
Жатпайды бір күн тыныш аттандамай?..

Жан-жақтан анталаған қалың дұшпан
Тұрғанда,
Ағайынын шапқан қалай?!

Бастырмай жатқа жерін көшкен қалай,
Қисапсыз қалың ел боп өскен қалай?
Алдыртпай ата жауға атажұртта
Тірлігін ықылымнан кешкен қалай?

Ән десең, өлең десең ағылған ел,
Парасат, ақыл-айла табылған ел.
Ерлік те, өрлік те бар, ездік те бар –
Тамырын ұстатпайтын неғылған ел?

«Алашым, Сарыарқам деп сағынғанда –
Аянып қалар енді жаным бар ма?!
Алашты айбынды елге айналдырмай,
Мен сорға бұл жалғанда дамыл бар ма?

Алланың көнейін де салғанына,
Алаштың төтейін де салмағына», –
Деп сұлтан Ұлытауда құрбан шалды
Сиынып Жошы баба аруағына.

Тұзақ сап тағысы мен бөрісіне,
Төр беріп батыр-балпаң, серісіне,

Жұртымның көшін жөнге салам ба деп,
Абылай кірісті енді ел ісіне.

Жылытып жалғыз сөзбен жаурағанды,
Асықтай атып тастап алдағанды,
Жаманды жолда тұрған жайқап өтіп,
Жақсыны жақын келген баурап алды.

Тұзағы тырп еткізбей тулағанды,
Туғандай қылып алды тумағанды.
Ордасын орнатты әкеп Бурабайға,
Желбіреп Көкшетауға ту қадалды.

Жорық пен дауға жүрді, тойға жүрді,
Қалт қылмай ел қамымен ой бағуды.
Күн сайын керегесін кеңге жайды,
Қасымы құлдыраңдап тайға мінді.

Абылай алқағанын ұлық қылды,
Қармаққа қарғағанын іліктірді.
Ел іші құзырына құлдық ұрып,
Елшісі сырт елге де жүріп тұрды.

Қыранша көзін қадап жан-жағына,
Қамданып қан шеңгелін салмағына.
Жүргенде сайын дүзде суыт қолмен
Қапыда түсті арыстан жау қолына.

Тал түсте тұтылдырып жарық күнді,
Ақыры, аңдыған жау алып тынды.
Арқандап қол-аяғын, Абылайды
Алдына Қалдан ханның алып кірді.

Сөйледі тақта отырған қара қалмақ:
– Оғымды көп жонып ем саған арнап.
Алдыма алып келген Аллаң шығар,
Күн туды өзіңізден жауап алмақ.

– Ей, Қалдан, ез бе едің сен, есіл ме едің,
Өз төрің, өз тағында көсілмегін.
Тұтқының болғаныммен, терезем тең –
Тілеймін қол-аяғым шешілгенін.

– Абылай, тұтқынымсың енді менің,
Жөн емес тегіңді айтып кергігенің.
Сен едің қанды мойын құныкерім –
Тағдырың қалай шешем, мен білемін.

– Көп болса өлтірерсің, не қылайын,
Ол үшін бола алмаймын сарыуайым.
Байлауда тұрып саған тілдеспеймін,
Алаштың кім деп едің Абылайын?

Мына сөз Қалдан ханға шым батқаны,
Тосылып уәжінен сырғақтады.
Жауапқа тартпақ еді –
Тілін жұтып
Қойғандай Абылай бір тіл қатпады.

Жанығаң Абылайдың ар-намысын
Қыл арқан кешу боп тұр қалмақ үшін.
Шештірді қол-аяғын қайтсе-дағы
Қалдан бір жауаптасып қалмақ үшін.

– Еліміз кеңге жайған керегесін,
Қалмаққа қазақ бұлдар неменесін?!
Өзінен зорға шапқан зор айыпты –
Інімнің орайына сен өлесің.

Алаштың алапасын асырмаған
Шарышым есер ме еді тасырлаған.
Ер еді, ердің құнын ер өтейді,
Абылай, қазір сенің басыңды алам.

Деп Қалдан алдаспанның балдағына
Қол салды, қаһар шашып жан-жағына.
«Қадаймын қан шеңгелді қанды басқа!» –
Сөзінің жан төзгісіз салмағына.

– Ей, Қалдан! –
Деді Абылай міз бақпастан,
Қырандай қиыр шолған құз-жартастан.
– Мен саған жаным қи деп жалынбаймын,
Қайтпаймын қаһарыңнан ызбар шашқан.

Ініңді іздеп жүріп өлтіргем жоқ,
Сандалтып Сарыарқаға келтіргем жоқ.
Айтқам жоқ: қол алдында хан ағаңа
Шығуға жекпе-жекке сертің бер деп.

Ерсітіл ершігештеу бір інің-ді,
Еліме сен жібердің бүлігіңді.

Ішпекке еңсеп-еңсеп ырысымды,
Шашпаққа шайқап-шайқап тұнығымды.

Атажұрт, аға-бауыр, бала-шаға
Қырылып, дұшпан батса тамашаға,
Қолына қару алып, атқа қонбай
Жан баққан аталы ерге жараса ма?!

Қанменен ауызданған қаскүнемің
Елімнің шашты қанын, басты белін.
Сен – куә, елің – куә, Тәңір – куә,
Ерлігім жекпе-жекте асты менің.

Қапыда қолға алаштың ерін алдың,
Жазбады жазы түзде жолығар күн.
Жайдақ ат, жалаң найза қолыма бер,
Кегіңді содан кейін жеңіп алғын.

Қаумалап, қару құрсап жұрт тұрғасын,
Белгілі менің саған түк қылмасым.
Ер құнын ерше қайтар ер боп тусаң,
Қатын да қырқа алады тұтқын басын!

Деп салды ер Абылай діні мықты,
Танытып іркілместен ірілікті.
Шарболат шарт сынуға шақ қап тұрған
Қалдан хан мына сөзге шімірікті.

Кезікті қайту білмей өскен ерге,
Мұндай ер екіұдайда дес берер ме?!
Тұтқыны терезесін тең ұстайды –
Өзіндей бұл да көсем көшпелі елге.

Салмақтап ой безбенін көп толғады,
Толғаған ойын көпке ақтармады.
– Бағыңдар! Бос қойыңдар! – деп тұнжырап,
Қабағын ой ұйысқан қатпарлады.

Қалмақтың ер Абылай қақпанында,
Санадан сарғаюмен жатқанында,
Шұбырып күн артынан күндер өтті,
Қалдан хан қалың ойдың шатқалында.

Сарылып таңға ойлады, кешке ойлады,
Шатасқан шырмауық ой бас байлады.
Тұтқынның басын қырқу қиын емес, –
Таппайды одан түсер еш пайданы.

Көп болып табысқаннан шабысқаны,
Сан ғасыр бұл қазақпен алысқалы.
Көкжал ел Көкбөріден тудым дейді,
Абылай – көп бөрінің арыстаны.

Бұл барып тұтқа болса ендігі елге,
Ендігі ел илеуіне көндігер ме?
Қу қазақ Қалдан түгіл, қарайды асып
Ежен хан, Ақ патшаға, Қондыгерге.

Аздан соң тамақ қырнап Қалдан ерің
Сөйледі, аң-таң қылып қалмақ елін:
– Мен сенен пұл да алмаймын, мал да алмаймын,
Алаштың азат қойдым ардагерін.

Жау қалың сақтап жүрген бізге кегін,
Қалар ем желкемізді үзбегенін.
Туыссақ қазақ-қалмақ тәуір болар –
Күйеу ғып аттандырам, қыз беремін!

Ей, қазақ, сен де қырдың, мен де қырдым,
Ұйықтатпай тыныш ұйқы елге бір күн.
Қырда өскен құлан-тарпаң – қазақ-қалмақ –
Қырқыссаң, енді бірің көрге кірдің.

Қырандай қонақтаған қарағайға
Қалданның қайсар сөзі қонады ойға.
Қошемет айтысуда қазақ-қалмақ
Табысқан шортан менен шорағайға.

Кешіріп бұл да кегін, ол да кегін,
Қаумалап қазақ-қалмақ қолдады ерін.
Қызын ап Қошамерген – Топыш ханым,
Қайын ғып қайтты Абылай Жоңғар елін.

Алаштың Абылайдай арыстаны
Жоңғармен желкедегі табысқалы.
Айналды алаңына орыс-қытай –
Аңдыған ауыр дұшпан алыстағы.

Қоқан мен Хиуа жатыр қоқаңдаған,
Қырғыз бар Алатауда аттандаған.
Арқада алты арысы – алтыбақан –
Аттансыз бір күн тыныш жата алмаған.

Қайғыдан ет жүрегі жараланып,
Кигені Абылайдың – қара қамыт.
Жайраған жаһан – теңіз, қазақ – қайық,
Толқыны қай жағаға барады алып?

Орынбор от қарумен үркітті елді,
Айламен асқындырмай іркіп келді!
Қырғызды тәубесіне түсіргенде,
Ілеге жер қайысқан шүршіт келді.

Фу Денің тоқсан мыңы мошап жатыр,
Жеріне селдей қаптап басар ма ақыр?..
Алаштың аламаны отыз-ақ мың,
Ал енді тоқтатып көр болсаң батыр.

Қазақтың қытай көнбес шарғысына,
Қайыспас айбатына, қарғысына.
Аллалап ер Абылай атқа қонды
Алқымға келгеннен соң жан қысыла.

Алашта жан қалған жоқ аяр енді,
Аламан аттың басын қоя берді...
Қайтарды жаудың бетін, жерлеп қайтты
Аяулы жас батыры Баян ерді.

Тоқтатып отыз мыңмен тоқсан мыңды,
Қытайды қазақ қалай жасқандырды;
Алла ма, аруақ па, шайтан ба деп,
Таба алмай кейін талай бас қаңғырды.

Қазағы ол күнгінің бүгінгі емес,
Жау көрсе жапырақтай дірілдемес.
Қытайдың Фу Десі мен Чао Хойы
Соғысқа Абылайдай жырынды емес.

Қалайда жаудың беті тойтарылды,
Алашқа ұлан-асыр той табылды.
Ел тойда, Абылай ойда: бермеймін деп
Қайткенде қалың жауға байтағымды.

Бұл түнде Қалдан өлген, калмақ алаң –
Нояндар ата жолын жалғамаған.
Қырқысып, таласуда тәж бен таққа
Алғанда ит етектен, жау жағадан.

Ел азып сабылса да, шабылса да,
Бермеді нояндарға сабыр-сана.
Тығылды Абылайдың етегіне
Жоңғардың соңғы ханы – Әмірсана...

Хан

Көкшетау: «Жер төресі менмін» деген,
Басында балапан бұлт желкілдеген.
Ақ орда Абылайдың алаңында,
Абылай қалың ойда серпілмеген.

Басына келер-кетер ойлар мыңдап,
Түрі жоқ ел жайының жайландырмақ.
Тағы не?!
Жерді жарып, көкті тіліп,
Бір дауыс шықты «аттандап, ой, бауырымдап».

Жол тосты, Абылай да, ел де үрейлі:
Қолында қаралы ту желбірейді.
Алыстан ат өксітіп келді аламан:
«Хан ағаң Әбілмәмбет өлді», – дейді.

Бір молда дұға оқыды сұңқылдатып,
Бір шешен көңіл айтты жылпылдатып.
Бір ақын жоқтау айтты бүлкілдетіп,
Бір күйші күй тербетті былқылдатып.

Жоқтаған жабырқасып ел ағасын
Дұғадар намазшы топ тарағасын,
Абылай ақ ордада жалғыз қалып,
Сағынып есіне алды хан ағасын.

«Жалғаннан сен де кеттің, кемелім-ай,
Саяңда алшаң басқан мен едім-ай.
Бұлк етіп сыртқа сырды шығармадың,
Тұңғиық дариядай тереңім-ай.

«Сенсің, – деп, – жауға салар алдаспаным, –
Ауырға жегетұтын нарқоспағым», –
Тізгінін алты алаштың қолға беріп,
Көзедің, шаужайыма жармаспадың.

Мәрт едің ел өсегін бастырмаған,
Қарт едің тақтың дерті асқынбаған.
Қызғанбай, қызықтаумен отырушы ең
Даңқымды күннен-күнге асқындаған.

Білген соң қамдарымды елдің қамын
Пиғылды пенделікке алдырмадың.
Бердің де хан құзырын, құлдай жұмсап,
Сен қалдың биігіңде, шалдырмадың.

Болғанда мақсат біреу, ақыл басқа,
Не қайла елді дауға батырмасқа?
Қолымнан бір Абылай жүгімді алса,
Абылай жанын күтіп отырмас па?

Қасымым әлі арынын баса алмай жүр,
Уәли келінімнен аса алмай жүр.
Әділ мен Ғұбайдоллам жүйріктерін
Жаратып аламанға қоса алмай жүр.

Сен барда әр нәрсені уайым қылмай
Жүруші ем, болды сенің жайың мұндай.
Алдыңды Алла өзіңе жарық қылып,
Артыңды алты алашқа қайыр қылғай!..».

Батпандай ойлар басып жаралы ерді,
Би-батыр – соңына ертіп тамам елді.
Аттанды кіндік шаһар Түркістанға,
Көкшетау қолын бұлғап қала берді.

Ағайын көп тілесіп: «Алла жарды»,
Үмітін алдағыға жалғаған-ды.
Арқада аялаған елі қалды,
Отыз ұл – отыз ауыл ол да қалды.

Қарты да зыр жүгіріп қолбаладай,
Жолында жапырылып ел қоғадай,
Астана, Әзірет Сұлтан – ат маңдайы,
Абылай қадам басты өрге қарай.

* * *

Абылай Түркістанда тақ үстінде
Қырандай көз салады алыс күнге.
Ертеңі алашының не болады?
Намысын бермеп еді әлі ешкімге.

Бұл қазақ өр келеді, ер келеді, –
Ақылға ерсінген ел кем келеді.
Жойылды жер бетінен Жоңғар елі,
Ерлікке нояндары кенде ме еді?!.

Ерлікке ақыл серік қыла алмасаң,
Белгілі бұл жалғанда тұра алмасың.
Тәубе мен тәуекелі тайталасса,
Бұл қазақ тез ұмытар бір Алласын.

Далада бала мінез өскен елі
Жауын да жақауратқан дос көреді.
Дос қайда?!.
Бәрі – дұшпан, бас салуға
Алаштың айбынынан сескенеді.

Ерліктен еліне кім шақ келуде,
Әттең-ай, от қару жоқ әскерінде;
Қарт Бұқар қасарысып бастырмады, –
Шабар ед Бейжіңін де, Мәскеуін де.

Осындай қайсар ойды ойлауы шын –
Мәңгілік елін тыныш қоймақ үшін.
Қазақтың қамыменен хан Абылай
Сарп етті ақыл-ойын, арда күшін.

Қажымай қалың жаудан, қан майданнан
Арманда өтті арыстан бай жалғаннан.
Алашқа ардан қымбат ештеңе жоқ –
Абылай ұрпақ үшін арға айналған...

03. 03. 1991-10. 01. 1999.
Бурабай – Астана

ЭЛЕКТРИЧКАДА

Новелла

Мен қаншама
Асығамын, талпынам,
Бірақ-тағы электричка жүрісі
Айнымайды қалпынан.
Асықпайды бұлттар да
Көк жүзінде қалқыған.
Бағандар да асықпай
Баяу ғана сырғиды.
Көк ормандар мұлгиді,
Асығуды олар тіпті білмейді.
Мен асықтым,
Түсе қалып,
Жүгіруге де оқталдым.

«Отты ғасыр екпінімен
Жаңылған ба?» – деп қалдым.
Жай-күйімді байқаған,
Қасымдағы қарт адам:
«Асықпаңыз», – деді де,
Үнсіз қалды қайтадан.
Сәл отырып сұрақ қойды:
– Кімге асықтың?
Барасың қай қалаға?
– Ауылыма, анама!
– Олай болса,
Асыққан жөн, қарағым,
Айтар деп ем:
«Сүйгеніме барамын».
– Сүйгеніме асығуға
Болмай ма?
– Маған салсаң, ол жайды:
Сүйгеніңе асығуға болмайды.

– Бұл сөзіңіз көкейіме қонбады.
Қарттың сөзі сондағы:

– Тыңда, ендеше!
Мен де сендей
Жас болғам,
Ғашық болғам,
Кемеріме сыя алмай,
Тасып-толған
Сол шағымда,
Тулап жүрек,
Тасып қаным,
Қан майданда
Жауды жеңіп,
Сүйгеніме
Жету үшін асыққам.
Жеңіспенен оралғанда –
Көргенім:
Ошағымды ойран етіп
Ол менің,
Әлдекіммен
Қол ұстасып кетіпті...
Ал мен оны
Сүйіп едім қаншалық!...
Жә... қайтесің,
Қарт сөзіне тамсанып.

Замандасым да емессің,
Ақтарылам несіне?
Бірақ-тағы бір сөзімді
Ала жүргін есіңе.
Сен сүйгендей ол да сені
Сүйеріне көзің егер жетпесе,
Ұлым, ондай «ғашыққа»
Еш уақытта асықпа,
Болма босқа жарадар!
Күткен жар тек –
Жар адал.

Сырласардай замандасым
Емес қой деп қысылып,
Қарттан мен сол шынымды жасырып ем,
Анығында анама емес,
Сүйгеніме
Жетуге асығып ем.
Енді ол жайлы ауыз ашпай,
Терезеге бұрдым-дағы бетімді,
Ойға қалдым не түрлі.
Енді аптыққан көңіліме
Күдік келіп бекінді.
Әр сезімнің толқындары
Жүрегімді ұрғылап,
Отырғанда тұнжырап,
Көз жіберіп далаға,
Электричка кеп кірді
Мен түсетін қалаға.
Терезеден қарап едім,
Перронда тұр сүйгенім.
Анық көрдім оның жүзін,
Ақтарыла күлгенін,
Қолындағы гүлдерін.
Жадырадым кеудемдегі
Күдік бұлтын сырғытып.
Дедім қартқа:
– Мені қызым тұр күтіп!..
– Бақытты бол! – деді қартым,
Күлімсірей бір қарап.
Сақалына мөлдір тамшы
Ағып түсті сырғанап...

БОЗАУЫЗ АТ

Шұбыртпалы Ағыбай батырдан қалған сөз

Аңыз анасы – ақиқат.

Ғабит Мүсірепов

Бұл шығарма 1979-1980 жылдары жазылды. Қылышынан қан тамған кеңестік цензурадан өткізе алмасымды білген соң, аяқтамай тастап едім. Сол кездерде қазақ қауымын өксіткен жалғыз идея – ұлт азаттығын көксеген көңілдің көрінісі. Жиырма жылдан соң, бас-аяғын бүтіндеп, оқырманға ұсынуды жөн көрдім.

Автор

Келемін құбылаға бетімді ала –
Сары дала, сайын дала, жетім дала
Сұлық жатыр,
Көмкеріп мөлдір сағым шетін ғана.
Даламды тонап кеткен –
Қаскөй дұшпан –
Қарғыстың қаны жапқыр.
Қарайды қарайғанға ел ме екен деп,
Сай-сал ішін тартып, аңырап қыр.
Ей, елім!
Туған Елім!
Өскен Елім!
Шұбырып ақтабан боп көшкен елім,
Сары далаң қаңырап тұр;
Ел де жоқ,
Дұшпан да жоқ,
Соғыс та жоқ –
Жоңғар мен қалмақ кетіп,
Елімнің ен дәулетін жалмап кетіп,
Сарыарқа тұлдыр жатыр.
Адамның қурап қалған басындай боп
Барады домаланып қаңбақ кетіп...

Болдырды күрең ат та астымдағы,
Өзім де қалжырадым.
Қайтейін қалжырасаң,
Қайта көрме!
Батырым, алжымағын, алжымағын!
Иіскедім жерден уыс топырақ ап,
Сездім де қанның иісін,
Қан жыладым.
Сарыарқам, көңіліме арзымадың.
Тыя алмай қанды жасым қалжырадым.
Қайтсам ба екен?
(Қой, батыр, алжымағын!)
Ағыбай емес пе едім,
Ерлігім қайда менің?!
Ерлікпен қанатымды
Алашқа жайған едім;
Алтайға шалғайдағы
Бара алмай қайта көрме,
Таба алмай қайта көрме
Найман елін!
Атағы асып жеткен
Алтайдан Көкшетауға –
Бозауыз тұлпарды алып
Қайтады ерің!..
Қалсыншы бір қуанып
Науандай қайран ерім.
Тұлпарым – Бозауыз ат –
Құсқанатым!
Мен сені ұрламақпын,
Көрсін деп Науан сұлтан –
Жүректі жолбарысым –
Қызығын ұшқан аттың.
Боз ауыз – құсқанатым,
Мен сені ұрламақпын,
Жалыңнан ұстамақпын,
Көкшеге бастамақпын.
Қара көзден талай түн ұйқы қашып,
Алма беттің қызарған қаны қашып,

Жапанда арып-ашып
Жортып келем,
Бозауыз ат!
Бозауыз ат!

Түн жүріп таң атқанда
Көзіме тау шалынды –
Көрінді Алтай!
Сиындым Жаратқанға;
Осы екен жер көбесі,
О, тоба!
Жер ғой жәннат,
Аңқидым қарап маңға.
Ағыбай енді армансыз
Алтайды аралайды...
Сәскеде келіп кірдім,
Орманға қарағайлы.
Орманға қарағайлы
Сәскеде келіп кірдім
Орманнан адам емес, –
Шалғында кісендеулі
Бір атты жолықтырдым –
Жұлындай қара арғымақ.
Көп тұрдым сол арада
Тұлпарға санам құлап.
Сүйсіндім жануардың
Көлеңдеп тұрғанына.
Қызықтым күміс жапқан
Айшықты тұрманына.
Жетектеп алып шығып,
Шабысын көрер ме еді!

Бозауыз осы екен деп,
Науанға берер ме еді!
Ер Науан ерін салып арғымаққа,
Қолына алдаспанын жалаң алып,
Сан қолға кірер ме еді дара барып!
Кетсем бе, кетпесем бе
Жетекке қараны алып?

Қу нәпсі:
– Арғымақтың
Тізгінін білегіңе іл, – деп еді,
Арқаға жүр, – деп еді;
Ар келіп:
– Ілме, – деді.
Ешқайда жүрме, – деді.
Ағыбай қақ жарылды,
Арды да, нәпсіні де қолдамады.
Ләм-лим деп үндемеді.
Сол шақта қарағайдан бір шал шықты,
Сүйретіп қомақтылау бірдеңені.

– Ассалаумағалейкум, қария!

– Уағалейкумәссәләм! Кім боласың?

– Ақсақал, не көрінді, танымайсың қазақтың түмен қолға татитын Ағыбайын.

– Жөн-жөн...

Сонда ғана көзім шалды – қарияның орманнан сүйреп шыққаны еңгезердей аю екен.

– Балам, аттан түс! (Аюын нұсқап) Мынадан сауға сұрамадың ғой.

– Алда разы болсын, ақсақал. Арық атқа қамшы ауыр. Атымның да халі жоқ.

– Содан болар, қара атқа көз сұғыңды қадағаның? Байқаймын, алыс жолдан келе жатқан түрің бар. Ерліктен де кенде болмадың, әліптің артын бағып, күткеніңе қарағанда.

– Ер болсаң атқа қалай аңсар аумас? Ат үшін арып-ашып жол шексең және қалай ер болмассың?

– Ат үшін деймісің? Арып-ашқан сапарыңа татитын бұл өлкеде қай жылқы екен? Бозауыз ат болмаса еді дітіңе?

– Ақсақал демей, әулие дейін. Адаспай таптыңыз. Сол үшін шықтым сапарға, мандайға алып Алтайды, артқа тастап Көкшені.

– Кенесарының жаушысы болдың ғой.

– Иә, ақсақал.

– Олай болса айтайын жөн, сілтейін жол, қарағым Ағыбай. Мына тауды қамшылар жағыңа алып, мына көлді мінер

жағында ұстап, маңдайыңды ана шыңға беріп тарта бер. Ақшам болмай бір сайға құлайсың. Жалғыз үй бар отырған. Сонан сұра ендігі жол мен жөнді. Тек айтарым – тымақты жігітпен күреспе. Жолың болсын, балам!

– Әумин!

Жолым анық.
Бетім айқын –
Жақсарғандай халім шын.
Оң жағымда – биік тау,
Сол қапталда – айдын көл,
Қарсы алдымда – қалың шың.

Айналамда – қарағай,
Қайың менен самырсын.
Табанымда – қара жер,
Төбемде – аспан мауыты.
Жарқыл қағады үстімде
Ақ кіреуке сауытым.

Бозауызды көргенше,
Тізгінін қолға ілгенше,
Сарыарқаға жүргенше,
Өрекпиді жүрегім.
Сергек басып келемін,
Серпе аяңдап күреңім.

Енді сені көрейін,
Іліп алып, жөнейін,
Жөнемесем, өлейін,
Бозауыз ат,
Бозауыз ат!..

Бозарған көк түнеріп,
Мұңға батқан секілді.
Ағарған күн қызарып,
Шыңға батқан секілді.
Қараңғылық тұмшалап,
Қатпар-қатпар тауларды
Ұрлап атқан секілді.

Түсті қара екінді
Қас-кірпігін шаң басқан,
Қаранар түн келеді.
Маң-маң басқан, маң басқан.
Аз уақытта болды ақшам;
Жер менен көк тұтасып,
Біртін-біртін жалғасқан.
Ызғар жайлап барады
Салқындатып ауаны.
Бір сайға кеп құладым –
Тастақ екен табаны.
Қарш-қарш басып келеді
Сал күреңім тағалы.
Темір таға көк тастың
Үстін басып барады;
Тас пен таға қаржасып
Ұшқындасып қалады.
Батыр-батыр десек те,
Дүрсілдейді жүрегім,
Алқынады қос өкпе,
Алғанымша тұлпарым –
Бозауызды жетекке...
...Кешікпей-ақ кезіктім
Жалғыз үйге етекте.

– Уа, сөйлес!

Ешкім жауап қатпады. Үш мәрте сөйлес қылдым. Тымтырыс. Аттан түсіп, ергенекті түріп, ішке ендім. Тас шамның жарығы үй ішін айқын көрсетті. Оң жақта, жер төсекте теріс қарап шағын денелі біреу жатыр. Әйел болар, жамылған шапанының қаптырмасы жарқ-жұрқ. Төр алдында – басына қауқиған тымақ киген, еңгезердей бір жігіт... кесте тігіп отыр. Қарқылдап ала жөнелуге шақ қалдым. Ол маған бас көтеріп қарамады да – көз қиығын серпе тастап бір өтті де, кестесімен бола берді.

– Ассалаумағалекум!..

Сәлемімді де ешкім керек қылмады. Сәлден соң жатқан адам басын көтерді. Қартаңдау әйел екен. Мына жігіттің шешесі болар.

– Төрге оз, балам.

Дулығам мен қамшымды адалбақанға іліп, кісемнің бауын бостау байлап, наркескенімді жүкаяққа сүйеп, төрге барып отырдым. Тымақты жігіт төмен ысырылды. Ісін үзбеді.

– Қай баласың?

– Жоқ, шеше. Алыс елдің баласымын. Шалғайдан келем шалдығып...

– Құдайы қонақ болдың ғой. (Жігітке) Тұр, мал сой.

– Не соям? Ұсақ мал таудан ертең түседі.

Еңгезердей жігіттің дауысы жіңішке екен. Шолпыдай сыңғыр етті.

– Торы биенің тайын сой.

Әйел маған сырлы керсеннен бір тостаған қымыз құйып берді. Қотарып ап, жігітке қолғабыс қылайын деп сыртқа шықтым. Жігіт күреңімнің ер-тұрманын алып, ашаға қаңтарып қойыпты. Тайды жығып, бауыздап та болыпты. Жалғыз жігіттің бір жылқыны лезде жыққанына таңданбасқа болмады.

– Көмектесейін...

Жігіттің сапысына қол создым.

– Аулақ тұр!

Ол мені иығымен қағып қалды. Әрине, оқыс ұрды – кескен теректей жалп еттім. Жүрек тулап ауызға тығылды, қан шапшып басқа тепті. Ызыдан талағым тарс айырылды.

– Тамтырап тұрғанда қапыда ұрғанды қайдан үйрендің, бала?! Алыспағың бар ма өзі?

– Кел, кел!

Сапысын тайдың қоңына кірш қадап, бері басты. Белдесе кеттік... Масқара! Алып ұрды! Масқара!.. Қыз! Жігіт деп тұрғаным – қыз. Әне, басынан ұшып түскен тымағын алды, құлап түскен бұрымын түйіп жатыр төбесіне.

Тұңғыш рет жеңілдім,
Тұңғыш рет жерге тиді
Қос қақпақтай жауырын.
Тентіреп кеп таптым-ау
Қорлықтың ең ауырын!

Шарт сынатын шарболат ем ежелден –
Оның арты қашанда
Жақсылыққа беттемейді –
Сезем мен.
Алыс әрі ауылым.
Жазым болсам,
Басым сүйер
Жоқ Алтайда жанашырым, бауырым;
Жер болдым-ау, жер болдым!
Бір өрекпіп, бір басылам;
Тұңғыш рет жеңілдім –
Масқара-ай –
Ұрғашыдан!..
Енді не етем,
Енді не етем?!
Неге Алтайға келдім екен,
Бұл жорыққа жүрдім екен,
Сұлтанға серт бердім екен?
Елге қарай жөнейін бе,
Қорлыққа әлде көнейін бе,
Жолыңа әлде басты байлап
Құрбаның боп өлейін бе,
Бозауыз ат,
Бозауыз ат!..

Әл-хал дегенде саябырлап басылдым да, қыз шешесімен тілге келдім. Жайға түгел қанықтым. Бұл кісі Бошан байдың бәйбішесі екен. Жалғыз құрсақ көтеріпті; ол – әлгі қыз, есімі – Айпара, әкесінің атастырған адамына шықпапты, дегеніне көнбепті, сөзіне ырық бермепті. «Өзімнен күші асқан жігітке ғана шығам, нәуетекке қатын болар көп төмен етектінің бірі емен», – деп серт таққан. Наразы әке шешесі мен екеуін сай табанында жалғыз үй қалдырған, алайда талақ тастамаған. Қызынан күші басым боп, алапасы асып туар бір жігіттен Бошан бай да үміткер.

Ақтабан боп шұбырып қалжыраған, қарындастан айырылып қан жылаған, керегесі кертіліп, іргесі түрілген ел енді-енді еңсе

көтеріп келеді; талайдан бері Алтайдың елі де, жері де көрмеген той болады екен ертең. Ат аяғы жетер жердегі дүйім алаш жиылмақ. Той болған соң, бәйге болар. Бәйге болған соң, жүлдесін шаппай алар Бозауыз ат та келер... Ендігі істі бара көрейік.

Еділден арғы қалмақтан,
Ертістен арғы жоңғардан
Жөңкіліп келген қолдардан
Ұшырып қалың қырғынға,
Кетердей болған құрдымға;
Амалсыз басы біріккен,
Құрымас күнге іліккен
Қайратын жиып беркініп –
Болаттан берік жауының
Үйығанын іріткен,
Ертістен арғы жоңғарын,
Еділден арғы қалмағын
Ініне қуып жайратып,
Жеңіске жеткен алаштың
Көптенгі көрген тойы екен
Жалғанған шақта үзігі,
Алғашқы көрген қызығы.
Ұлан да асыр мына той –
Қоңырат пен Қыпшаққа,
Керей менен Уаққа,
Үйсін, Дулат, Албанға,
Арғын менен Найманға
Қанатын түгел жайғанда,
Әуелеп ұшқан ән мен күй
Жаңғыртып төбе-сайларды,
Алтайдың басы айналды.
Құйрықта жалы сүзіліп
Бәйгеге аттар айдалды.
Айдалып аттар кеткен соң,
Балуандар топта сайланды.
Айпара барып отырды –
Ортаға кілем жайған-ды.
Бас балуан осы деп
Жаршылар түгел сайраулы.

Сайраған сайын жаршылар
Зығырданым қайнаулы,
Отыз тісім қайраулы!
Шықпасам ба, шықсам ба? –
Таба алмадым байламды.
Сайлана шығып жықпасам –
Бағым анық байланды,
Бармағым кетер шайнаулы.
Қысылғаннан Ағыбай
Бір Алланы ойға алды:
– Басыма туды қиын күн,
Жаратқан, саған сиындым!
Әзірет Әлі қайраты,
Бойыма менің құйылғын.
Жалғыздың жары – бір Алла,
Абырой бүгін бұйырғын! –

Дедім де қадам бастым топқа қарай,
Дем беріп періштелер жақтағаны-ай.
Келдім де Айпараны алып ұрдым –
Ризамын құдіретіңе, Хақ тағала-ай!

Ел – Айпараның елі ғой, күйініп күпілдескені де, сүйініп «бағы қайтты, шүкір» дескені де бар; әйтеуір, гуілдеп кетті. Айпараның сөзі байлау болды: «Өзімнен күші асқанға тием деген сертім бар еді, сен жолаушыға алсаң да тием, алмасаң да тием», – деді. Менде шегінер жер жоқ еді. Түйетоғыз бастатқан бар бәйгемді (қыз түгілі ердің құнына татыр дүние) Бошан байға қарғыбау есепті тарттым.

Кешегі жалғыз атты жолаушы – бір белдескенде үйлі-баранды боп шыға келдім. Тәубә, Жасаған, тәубә!

Алғашқы түннің айқасы сәл саябырлап, ентік басылған шақта Айпараға бар сырымды баян қылдым.

– Ағыбай, – деді сонда жарым маған, –
Жаратқан несібеде жаңылмаған.

Біздерге бұйырғаны осы болса –
Алғашқы, соңғы ерімсің қабылдаған.
Білемін енді Алтайда қалмасыңды
Бір маған басыбайлы болмасыңды.
Көкшеге тез жеткенің мақұл болар
Күттірмей Ер Науандай жолдасыңды.
Жеткендей болып едім арманыма,
Тағдырдың көнеміз де салғанына.
Өтермін шүкір етіп, ердің ерін
Бірер түн құшағыма алғаныма,
Жоқ саған ере кетпек талабым да,
Білесің қарт анам бар қарауымда.
Қалдырып ол бейбақты кете алмаймын,
Қаптаған көп тоқалдың талауына.
Аз күнгі қызығымды көп көрермін,
Жұбанып соған ғұмыр өткерермін
Бойымда қалған сенің нәсіліңді
Иншалла, өзіңдей ғып жеткерермін...

Айпара осылайша жан сарайын ақтарып келіп, көз жасына ерік берді. «Жыламай қайтем, сен менің затым әйел екенін білдірдің. Енді қалған тірлікте ерге шығуым халал болмас. Сендей ер табылмас та. Аяғыңа тұсау да болмайын. Хан Кене мен Наурызбай, қала берді қалың ел саған менен де гөрі мұқтаж. Тілектеріңе жетіңдер!» – деді.

Бұдан соң Бозауыз ат жайын кеңестік. Айпара айтты:

– Кешегі той әлі тарқаған жоқ. Бозауыз ат тойлы ауылда. Ат иесі – ер талабы бар сері жігіт. Ауылының жастары Бозауыз аттың жанына алтыбақан құрып, айнала от жағып, түні бойы күзетіседі. Әйтсе де, амалы табылар. Ертең сол ауылдың жастарына екеумізді алтыбақанға шақыратын қылайын. Бара көрерміз істің орайын.

Ертеңіне кеште бәрі де дәл Айпараның айтқанындай болды. Айнала – самсаған от, шырқалған ән, қаптаған қыз-бозбала, Бозауыз ат көп көздің назарында.

Таңға жақын Айпара орайын тауып мені оңашалады.

– Қазір мен ән бастаймын. Ел менің әніме айналған сәтте Бозауызға мін де, жөнел. Қайтып көрісеріміз екіталай... – деп, сәл босап, мүдіре берді.

– Жұбайлық тілеулестігіңнен жолдастық қамқорлығың асып түсті-ау! Ердің әйел алдында көп парызы болушы еді, бәрін де өтей алмай барам. Өле-өлгенше ризамын. Қош, Айпара!

– Қош бол! – деп, Айпара лезде бойын тіктеп алды да, топ ортасына беттеді. Бір жігіттен қолындағы домбырасын алды да, тез күйге келтіріп, ән бастады.

О, дүние жалған! Көмей біткенде мұндай әнші көрсемші. Таңғы аспандай ашық та таза, мөлдір үні алпыс екі тамырымды идіріп, бар денемді баурап алды. Елтіп қалсам керек. Сөзін де Айпара осы шақтағы өз халіне лайықтап, жанынан шығарып, жанымен салып тұр. Арманды асық күйін айтады. Енді аңғардым, Айпара екінші әлде үшінші қайырымға келгенде: «Жөнел, батыр», – деген сөзді әнге қосып, маған жалт етіп бір қарады. Мен лезде есімді жидым.

Бозауыз ат тұсаулы емес еді. Мана ағашқа байлаулы тізгінін шешіп алар мұрша жоқ, қанжармен қиып жіберіп, жайдақ атқа қарғып міндім. Сол кезде етегіме қақпандай екі қол жабыса түсті, аттандаған әйел дауысы қоса шықты. Ат иесінің әйелі, түн бойына ат маңынан ұзамай жүр еді. Айпара әнін үзбесе де, ел назары маған ауып, жігіт-желең аз уақытта ес жиысып, маған қарай ұмтылысты. Енді болмаса аттандап ойбайын салған келіншек мені аттан аударып алардай. Шылбыр кескен қанжарымды әлі қынға салмап ем, сол абырой болды, шапанның етегін әйел ұстаған жерден шорт кестім. Бозауыз ат ойнақтап жөнеле берді, қаптай ұмтылған елден үрікті ме, ытырына тартты. Мен де тақымды қағып қалдым. Төңіректе Бозауыздан басқа ат жоқ еді, ел соңымнан улап-шулап жаяу жүгірді.

Ұзап алған соң Бозауызды шылбырдың ұшымен ауыздықтап, тізгін тарттым. От басында алтыбақан ағашына сүйеніп Айпара жалғыз тұр екен. Әлі де әнін үзбегендей көрінді...

Ағаш арасындағы алдын ала жабдық қамдаған жеріме келіп, Бозауыз атты ерттедім де, бес қаруымды асынып, жол азығын бөктеріп, Сарыарқаны бетке алдым.

Сарыарқам қолын жайып қарсы алғанда,
Артымда алтындай тау Алтай қалды;
Еске алсам ет жүрегім езіледі –
Ай маңдай Айпарадай қалқам қалды... –

деп Шұбыртпалы Ағыбай батыр қартайған шағында қарлыққан дауысымен әнге салар еді. Ел естімеген ескі ән. «Айпараның әні», – дейтін. «Алтайдан шыққан Бозауыз тұлпар Сарыарқада Наурызбайдай ерді алып сан майданға кіріп еді, сүйегі Алатауда қалды» , – деп қарт батыр әңгімесін тұжыратын.

Бұл күнде Бозауыз атқа мінген Наурызбайдай ерлерді шексіз сағынамыз. Келер ме екен?!.



Айтыстар



ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ӘСЕЛХАН ҚАЛЫБЕКОВАМЕН АЙТЫСЫ

Ерік:
Алдымен мен берейін елге сәлем,
Тізілген әділқазым – төрге сәлем!
Айтыста асуы жоқ, кешуі жоқ
Ақ сеңгір –
Әселхандай белге сәлем!

Әселхан, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Әніміз уайым болды-ау елге бұл бір.
Өзіңді Ерік інің «апалайды»,
Біреулер түлен түртіп жеңге ғып жүр.

Шақырып Наурыз той жетеледі,
Көңілді көктем шіркін көтереді.
Түркістан тайқазаны қолда болса,
Көжесі бар қазаққа жетер еді.

Құт кетті, ол қазанда есе кетті,
Ақынсың, соған бір сөз десең етті.
Магнит толқыны көп Алматыда,
Әселхан, көктем қалай әсер етті?

Әселхан:
Алып ең ел-жұртыңның ақ алғысын,
Шабыт құс, тағы қанат қағармысың?!
Елімнің мәртебесін биіктеткен,
Алматы, Алатауым, аманбысың?!

Есен бе, құрбы-құрдас, жалпы халық,
Ақын ба, қол соқпаса халқы танып?!
Хал қалай, қатарласқан әріптесім,
Екеулеп жыр-өзенін шалқыталық.

Есеміз әр жерде де кетіп жүр ғой,
Кештеу боп парызымыз өтіп жүр ғой.
Ерікжан, айтпай-ақ қой сол қазанды,
Айтқаның бұдан басқа жетіп жүр ғой.

Ерік-ау, өлеңнен бар ырысымыз,
Асады біреуінен бір ісіміз.
Бұлбұл деп Көпбайларды айтады ғой,
Қопалдау, не де болса, ірі ісіміз.

Беремін жалғыз сұрақ бастамаға,
Көңілім саған деген – ақ шағала.
Қарқынды серпіліс бар біздің жақта,
Ерікжан, не боп жатыр астанада?

Ерік:
Салған соң жырындыға жырындыны,
Айтыстың туып тұр-ау бүгін күні.
Ел бізден өрескел сөз күте ме екен,
Котлет қылса екен деп бірін-бірі.

Айтыста жалын аттық, гүл аттық қой,
Бауыр боп бір-бірімізді ұнаттық қой.
Ең үлкен жаңалығы Алматының –
Олжасты аман-есен құлаттық қой.

Ел ме едік ерлерінің құнын білер,
Батыраш болып алдық сүріндірер.
Сабаса Абайынды надан қазақ,
Олжасты сабап жүр ғой «білімділер».

Құлашын кең дүниеге жайған адам,
Халқыңа көңілің қалды-ау, қайран ағам.

Қазаққа бұдан кейін өкпелеп көр,
Шоқанын аға сұлтан сайламаған.

Шырылдап отқа түскен халық үшін,
Ақыннан арылмайды-ау бәрібір сын.
Біреуге жақпады ма күрескені,
Атомның тоқтатам деп жарылысын.

Әселхан:
Гәп бар ғой сайланбаса дара мұнда,
Аз әлі жетілуі сананың да.
Топанын тоқыраудың сілкіп тастап,
Енуі оңай емес жаңаның да.

Қазақтың, бар әлемнің арман-мұңы
Олжастың тұнып тұр ғой қабағында.
Туса да азаматқа бақ сынар күн,
Дерт пе еді әр жыл сайын асқынар бұл?..

Қып-қысқа бұл ғұмырда неге-неге,
Жолдары болмайды екен жақсылардың?

Ерік:
Бірік деп қалың елге сайрап жүрем,
Құлжа ғып әр ағамды сайлап жүрем.
Бәрін де жақсы көрем өздерінің
Бастарың піспей қойды, қайдан білем?!

Әселхан:
Адамбыз жақсылыққа жаны құштар,
Адам бар жерде бірақ жаңылыс бар.
Жатады жүрегімді дүрсілдетіп,
Сен айтқан Семейдегі жарылыстар.

Жау шапса бұрын бабам аңдайды екен,
Сасқанда жаннан құлық қалмайды екен.
Қазанның төңкерілген астында қап,
Бір бала бір ұрпақты жалғайды екен.

Көшіріп келген жаудан сақтанарсың,
Аянбай бар күшіңді ақтарарсың.
Газ, ауа, топырақпен енген дерттен
Жаныңды қалай аман ап қаларсың?..

Ерік:
Қазақтың әз өнерін ту қылған жер,
Шалқыған ән мен күйі бір думан жер.
Тулақ боп бара жатыр Абай, Мұхтар,
Шәкәрім қажымызды тудырған жер.

Ешбір жер Шыңғыстауға жетпес еді,
Көтерді ұландарың көкке сені.
Тозаққа айналды ғой, тәуап қылар
Қазақтың Мәдине мен Меккесі еді.

Ұрпаққа жазар ма екен ержетуге,
Тазалық орнар ма екен жер бетінде?!.
Бесігін шырылдаған сәбилердің
Жерасты жарылыстар тербетуде.

Осындай біздің жағдай, көрдіңіз бе,
Өлім ғой күреспесек енді бізге.
Банкіде «Неваданың» есебі бар,
Бір теңге жарнаңызды бердіңіз бе?

Әселхан:
Партия – халқымыздың кеменгері,
Мазмұны бетбұрыстың тереңдеді.
Шындықты суырып ап шыңыраудан,
Сілкініс санадағы жеделдеді.

Тарихты қазған сайын аршылуда,
Мезгілсіз дауыл жұтқан емендері.
Жүсіпбек, Ахмет, Мағжан, Шәкәріммен
Халқымыз қандай биік, беделді еді?!

Тұрардай азаматтан айырылғанда,
Қи басты, қиқым терді төмендегі.

Қырық жыл қара киіп, жоқтау айтсам,
Шіркіндер қайта айналып келер ме еді?!

Ерік:
Ақынды ел намысы қоздырғасын,
Қалайша ашынып бір сөз қылмасын?!
Әселхан, біраз жайды ақтардық қой,
Ақталып жүрмейікші көп жылдасын.

Әселхан:
Ерікжан, сөз сөйлейсің, кесек-кесек,
Өзіңдей жігіттер аз есептесек.
Кезінде ызаланған кетесің ғой,
Қолыңмен қызыл шоқты көсеп-көсеп.

Ұмытты талай қазақ ана тілді,
Қалғандай домбырасыз дала түнгі.
Жалынға тастайсың ба демеді ешкім,
Жұлдыздай жарқыраған жанатыңды.

Баланы өзге тілде нанын тапқан,
Оқыды, жетілді деп еттік мақтан.
Сол бала жанымызды ұқпағанда,
Қасқырдай зар иледік қауып қақпан.
Дәрменсіз сыртта тұрып шуылдаймыз,
Есікті қайта аша алмай қатты жапқан.

Қазақша мектептерің жабылған-ды,
Газетке ол жайлы да жазылған-ды.
Қайтадан сол мектептер ашылды ма?
Қаулыны нақты іске асырды ма?
«Қазақ тіл неге керек?» дей салатын
Даурықпа ағайындар басылды ма?

Ерік:
Өсер ел ауруын жасыра ма,
Оларды әлдебіреу басына ма?
Кесел боп сіңіп кеткен нигилистер,
Өлсе де Алматыда басыла ма?

Аз мектеп бар демейміз қалада біз,
Әрқайсысын бір жеңіске балағанбыз.
Жиырма бес мектеп ашты Алматыда,
Топырағың торқа болғыр,
Шона ағамыз!..

Әселхан:
Нәсіп боп кездестім ғой Ерікпенен,
Іниме тура өзіме еліктеген.
Суырылып шығып айтып Керекуде,
Жырыңмен жан-жүректі еріткен ең.
Өзгеден жақын тартып айтыстарда,
Тілеуші ем қайтуыңды жеңіспенен.

Ерік:
Құрмет қыл Әселхандай танымалға,
Жүриім, орында ойын қабыл ал да.
Әселхан, сыйымыздан жаңылмадық,
Сыпайы бізден өткен табылар ма?!

ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ҚОНЫСБАЙ ӘБІЛОВПЕН АЙТЫСЫ

Қонысбай:
Қарадай жасқаншақтап батыл кісің,
Тырнағын тоқыраудың батырды шын.
Халқым-ау, наурыз көжең құтты болсын,
Ел болып өздеріңше жатырмысың?!

Өртейді бір өкініш өзегімді
Шетқақпай қылды екен деп неге бізді.
Наурызды дінге апарып шатастырып,
Қанша жыл кере қылдық көжемізді.

Қазір де жайымыз жоқ мақтанарлық,
Кезінде талай-талай артта қалдық.
Ұсталған 37-де ағамыздай,
Әзерге тілімізді ақтап алдық.

Алатау – ақ жаулықты асыл анам,
Көргенде көңіл қалай тасымаған?!
Төсінде бауырларым басын қосты,
Жан-жаққа тарыдай боп шашыраған.

Ерікжан, сыртқа салар айбарым-ай,
Түріңнен кетпеймін бе айналып-ай?!
Балама айырбастар бауырым ең,
Өзіңе қарсы салып қойғанын-ай.

Ерік:
Ассалаумағалейкум, мен бастайын,
Жарқылда, қызыл тілім, алмастайын.
Құмарын қалың елдің бір қандырып,
Алдында жақсы ағаның ойқастайын.

Қонысбай, жөн білетін інің едім,
Жарасып, сыйластықпен жүріп едің.
Қонысбай әнге салып құбылтар деп,
Менің де түрлендірген түрім еді.

Сәлемін пайғамбардың бермей кеттің,
Аспанын астананың көрмей кеттің.
Өкпелеп қалдың ба, аға, қазағыңа,
Айтысқа бір жыл бойы келмей кеттің.

Көп сұрап сағындық қой ағаны біз,
Алдымен құтты болсын қадамыңыз.
Жабылған облыстан газет аштың,
Және де құтты болсын талабыңыз.

Азырақ сөзді бұрып сол жайына-ай,
Хадари-халімше мен толғайын-ай.
Күн туған бастарына тыныш күнде,
Па, шіркін, Маңғыстау мен Торғайым-ай.

Білмеймін қай басшының бұлдіргенін,
Ел жайы қиындап тұр бұл күндері.

Жапқанда қасиетті екі отауды,
Білмеймін кеңігенін кімнің жері.

Даламның ен дәулетін тонайын деп,
Құныққан аш қасқырдай «ағайын» көп.
Торғайды таратты ма тоз-тоз қылып,
Мұнайын Маңғыстаудың талайын деп.

Демегін көр-жерді інің не қылады,
Қызмет таппай қазақ қаңғырады.
Жабылған облыстан үлкен елдің
Ұлдары үлкен жерге барды бәрі.

Облыс болса егер қажетіңіз,
Ашынып ел алдында сөз етіңіз.
Ағасы, осы жайлы не жазуда,
Қол қойып отырған сіз газетіңіз?

Қонысбай:
Лықылдап кеудеге сөз кеп тұрғасын
Мысымды талайлардан еттім басым.
Мақамың өзгеріпті, Ерік інім,
Халайық, сындырындар шөптің басын.

Ақындар жүрегінен күй ақтарар,
Халықтың еркетайы сияқты олар.
Мақамын Ерік мұндай құбылтқанда,
Бір әнмен айтқан маған ұят болар.

Ерікжан басқа әзіл таппады ма-ай,
Жаныма мына сөзі батқаны-ай.
Әлдилеп қолынан бір түсірмеген,
Халқыма өкпелеуден сақта, Құдай!

Сызылтып Кемпірбайдай сәнімменен,
Өлсем де асқақ әнге салып өлем.
Айтысқа өткен жолы келе алмадым,
Газеттің жаңа ашылған қамыменен.

Осынау өмірімді қызық еткен,
Өнерді биік қоям қызметтен.
Ақын деп таниды елі Қонысбайды,
Жүзі кеп, редактордың жүзі кеткен.

Демеймін Торғайымның топырағы
Ерекше тоқырауда тоқырады.
Күде бір елім қалды-ау, ел басшысы
Төрінде министр боп отыр әні.

Тіліне қыздырмалық ермеу керек,
Кінәні тек халықтан көрмеу керек.
Торғайым артқа тартқан болса бәрін,
Хатшысы неге жауап бермеу керек?

Мұндайды көріп жүрміз өмірімде,
Айтатын сөзім көп қой көңілімде.
Тізгілеп осы жайдың барлығын да,
Газеттің жазам әрбір нөмірінде.

Ерікжан кезек күтіп қалмасын да,
Өлеңін ағасының жалғасын да.
Көп болды аттың ізін салмағалы,
Айта отыр, не жаңалық Алматыда?

Ерік:
Сұраққа жауап таппай қаламыз ба?
Жабылды екі облысы даламызда.
Бірақ та секретарьлар кінәлі емес,
Барлық гәп Мәскеудегі ағамызда.

Талайдың қала жаздап табанында,
Бұл күнде ел болуға жарадың да.
Жабыла жаздады ғой Алматың да,
Хрущев пен Юсуповтың заманында.

Тарихтың көп сөйлерсің кәрі күйін,
Демегін жырлай айту бәрін қиын.

Қазақта президент сайланбаса,
Е, халқым, хал-жағдайың әлі қиын.

Әрине, әзір халқым, бетің дұрыс,
Дегенмен аздығыңнан кетуде ырыс.
Әр елді шарласаң да еш қаладан
Таппайсың біздегідей «жетім бұрыш».

Сырттағы ел Алматыға келмей жатыр,
Дидарын астананың көрмей жатыр.
Газеттер жар салса да жаңа алаңға,
Есімін Тұрарымның бермей жатыр.

Алматым – талайларға арман қала,
Көгінде көп жұлдызы жанған қала.
Дұшпаны не десе де, о десінші,
Жайнатып Димаш ағам салған қала.

Осы сөз маған сор боп тие ме екен,
Сонда да Ерік басын ие ме екен?..
Халқымның ықыласына ризамын,
Ағасын баяғыдай сүйеді екен.

Алматым – ақ жұлдыздай аққан қала,
Жоғалтқан көп асылын тапқан қала.
Халқымның ар-иманын оятпаққа
Медресе ашайын деп жатқан қала.

Ел сөкпес Алла атымен жырлағанды,
Ар-иман сақтап қалар бұл ғаламды.
Алдымен үлгі тастап жігіттерге,
Бермекпін медресеге бір баламды.

Қонысбай:
Ерікжан, інім едің еріп жүрген,
Жанымда ақбөкендей желіп жүрген.
Ойына келген сөздің бәрін айтып
Қызығын жарияның көріп жүрген.

Халқымыз болып қалған шошымалы,
Бұл сөзің біздер үшін тосын әлі.
Аузыңды Мәскеуге салған кезде,
Кейбіреу тыңдауға да шошынады...

Біреулер жаман науқан ашқан еді,
Кеудесін ағамыздың баспақ еді.
Мен неге айта алмаймын Торғайымды –
Кезінде Димаш ағам ашқан еді.

Жағдайды, інішегім, байқадым көп,
Өкініп талай басты шайқадым көп.
Өмірі еш жамандық көргенім жоқ,
Алғыстан басқа ағаға айтарым жоқ.

Қашанда зиялы ақын сүйкімді ғой,
Бірақ та шауып кету біртүрлі ғой.
Кей сөзің жалаң ұран боп барады,
Ерікжан, сенің орның митингі ғой!

Бағаңды бір адамдай білер едім,
Қашанда саған табыс тілер едім.
Тұсында төңкерістің туғаныңда,
Басқарып «Қызыл отау» жүрер едің...

Ерік:
Әр заман мен әр түрлі жасар едім,
Қашанда осы әніме басар едім.
Тұсында төңкерістің туғанымда,
Малымды ап, Қытай асып қашар едім.

Елімнің жүрер едім екпіні боп,
Жалындап ауыздағы өрт тілі боп.
Ерікті митингіге жіберші деп,
Келер ең «Қызыл отау» лекторы боп.

Демеймін іниі аға күндейді ғой,
Сөйлейді суырылып бұл дейді ғой.

Мәскеуден неге қорқам, Қоныс аға,
Горбачев қазақша тіл білмейді ғой...

Бұл інің осы жайды саралайды,
Сондықтан Кремльді жағалайды.
Қазақша тіл білем деп бізді алдаған
Колбин де тілмаштыққа жарамайды.

Қонысбай:
Бәрібір ағаңа сен ерер едің,
Болмаса теледидар көрер едің.
Мал айдап, Қытай асып кеткеніңмен,
Айтысқа бүгін мынау келер едің.

Төңкеріс бүгін тағы болып жатыр,
Көкейге талай істер қонып жатыр.
Парасат жарасады шын ақынға,
Айқай-шу бізсіз-дағы толып жатыр.

Ерікжан, талмады ма жағың әлі,
Айтыста сынған жоқ қой сағың әлі.
Горбачев қазақша тіл білмегенмен,
Аударып беретін жан табылады.

Тайжы кеп айтқан кезде күй-арманын,
Құмыра сыйлағанға ұялғаным.
Сен сонда түйе шекпен жаптың оған,
Көріп мен көз жасымды тыя алмадым.

Інімсің Атымтайдай сері нағыз,
Сондықтан сол айтысты сағынамыз.
Ақ бозды саған түсіп берді емес пе,
Біреуі шәкіртімнің Жадыра қыз.

Ерік:
Мәрттіктен асар, сірә, қылық бар ма?
Тәнтіміз қашанда елдік ғұрыптарға.
Мен құсап Горбачевті сөз қылам деп,
Қонысбай, партиядан шығып қалма...

Ақынды өресімен ел сынаған,
Сырттағы ел әрқашан да болсын аман.
Он бес мың қазағымның ықыласын,
Арқалап қош келіпсіз, Мансұр ағам!

Ол жақта құмар екен ұшқан жырға,
Өкпесін тыңдаушының қысқан жырға.
Жадыра екеумізді жақсы көрер
Он бес мың ел бар екен Стамбұлда.

Жырлаймын, мен жырлайтын шағымдамын,
Халқымның алды дәйім сағынғаным.
Халқымның бергені деп ақ боз атты,
Қолынан Жадыраның қабылдадым.

Ол тұлпар тигеннен соң тақымыма,
Болды ғой көп әңгіме ақыныңа.
Барлығын тізе беріп неғылайын, –
Ризамын Жадыраның ақылына.

Ол жерде ондай мансап іздемеп ем,
Құрмет те көбейді ғой бізге деген.
Осыдан осы жолы тұлпар алсам,
Қос-аға, Жадыра үшін сізге берем.

Әрдайым осылайша жарасайық,
Аға-іні, құбылаға қарасайық.
Қайтейін жақсы ағамен жағаласып,
Осымен мен бітірдім, тарасайық.

1990 жыл, 5 көкек

ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ЖІБЕК СЫЗДЫҚОВАМЕН АЙТЫСЫ

Ерік:
Ежелден іркілмеген өлеңге Ерік,
Қалайша шаршы топта төменделік!
Мен келдім Сегіз сері ауылынан,
Мәдидің мекеніне сәлем беріп.

Аламан бәйге атындай жарағанмын,
Әлі де талай жерге бара алармын.
Төріңнен орын бердің ақындарға,
Атыңнан айналайын, Қарағандым!

Домбыра – бұл Ерікке ұлы уайым,
Сонда да ағыл-тегіл жыры дайын.
Бипаздап отырғанды ұнатпаушы ем,
Мен енді Қыз Жібекке бұрылайын.

Ежелден тату елміз ізгі бауыр,
Біз – қалқан, саған соқса күзгі дауыл.
Түшкірсе сіздің ауыл тұмауратып,
«Жәрәкімалла» дейді біздің ауыл.

Қызылжар Қостанаймен тең отыр ғой,
Қызыққа Қарағандым кеп отыр ғой.
Біздерге қалған қазақ ара ағайын:
«Менікі қай жеңгенің» деп отыр ғой.

Іздесең толып жатыр ағаңда мін,
Ал, кәне, аянбай бір жамандағын.
Ақтарып іздесем де жарық көрген
Жалғыз жол өлеңіңді таба алмадым.

Ал, кәне, домбыраңды сабалашы,
Өлеңмен ойды-қырды аралашы.
Абайдың өлеңінен табылмайтын, –
Әбіштің алтын иек сары аласы.

Жібек:
Бұл күн ғой бәріміз көптен күткен,
Жиналып алуан жүйрік, ақын біткен.
Тыңдаушы жасыңыз бен кәріңізге,
Қостанайдың атынан бердім сәлем.

Ел-жұртым, бас иемін барлығыңа,
Бақ сынап келіп тұрмын алдыңызға.
Кездесіп қыз бен жігіт шаршы топта,
Айтысу атамыздан қалған мұра.

Армысыз, абзал аға, жасы үлкен,
Бас иіп алдыңызда бердім сәлем.
Қарсы ал қарындастың жылы лебізін,
Сақтаған сары майдай сізге көптен.

Ақыным, қалай болар хал-жағдайың?
Жолыңыз бола берсін әр кез лайым.
Тілеймін бұл сайыста өзіңізге,
Оңыңыздан жарқырап тусын айың.

Мен едім қостанайлық Жібек ақын,
Бар шығар әзілдесер сізбен хақым?
Қыз Жібек алдында отыр айтыс тілеп,
Төлегендей бола ма шама-шарқың?..

Деген бар «Ақын қызда, асыл таста»,
Айтыста қарамайды кәрі-жасқа.
Мен де бір ақын қызбын арқасы бар,
Жүрексінсең тұрып кет, мысым басса.

Ерік:
Жібекжан, ілесе алсаң қарқыныма,
Мен сені балар едім алтыныма.
Егер де сен қарындас бола білсең,
Татимын Сырлыбайдың алты ұлына.

Деген сөз шығып кетті-ау «Ерік қырғын»,
Өзім де сол лақапқа сеніп тұрмын.

Сескенбе, қарындасқа қастығым жоқ,
Бағыңды ашайын деп келіп тұрмын...

Қарындас, байқап-байқап ойқастағын,
Ағаңмен жақсы болмас айқасқаның.
«Қарындас, қарағым» деп отырғанда,
«Төлеген» деп салғаның қай сасқаның?!.

Қатерлі Қособадай көл болмай ма?
Төлеген Бекежанға жем болмай ма?
Жібектің игілігін түгел көрген
Сансызбай болсам одан жөн болмай ма?!

Жібек:
Берсеңіз кезегімді Жібек дайын,
Делебем қызып келед барған сайын.
Байқаймын сезіп отырсыз, ақын аға,
Қарсы шапқан жігітті аямаймын.

Кезегім келді менің шырқайтұғын,
Домбырам серігім еді жырлайтұғын.
Мақтансам елімді айтып, жырымды айтып,
Етпессің оны айып, халқым бүгін.

Жіберген Қостанайдың тұлегімін,
Елімнің сенім артқан тірегімін.
Деген бар «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»,
Сахнада жүздестім, міне, бүгін.

Түстім мен үлкен топқа алғашқы рет,
Әрине, лүпілдейді толқып жүрек.
Ақыным, жырмен қызу қағысалық,
Халық отыр біздерге табыс тілеп.

Қалайша жай қаламын әзіл айтпай,
Қалмаспын жауап таппай, үндей алмай.
Мұғалім екенімді сіз білесіз,
Жай кетпейсіз алдымнан бағамды алмай.

Алдыңыз мен жайында кімнен сұрап,
Отырсыз көп алдында өлең құрап.
Мен сізге бес қояр ем ағай ғой деп,
Басқаша бағалайды-ау жюри бірақ.

Жібек деп атымды сен қайталадың,
Демеші Біржандайын айта аламын!
Қалдың ба талантыма тәнті болып,
Басыңды бұлғай-бұлғай шайқамағын.

Ерік:
Әндетіп келіп қалдың тоқтар тұсқа,
Шырағым, шырақ қылып өнерді ұста.
Апамыз Әсияның жолын қуып,
Айтыста кім бар одан өлеңге ұста?!

Сөздерің жігерлі екен лапыл төккен,
Шырағым, жаумайды ғой ақын көктен.
Шынымен сөз танитын қазақ болсам,
Кем емес ақындығың Ақылбектен.

Қарындас, өлең айтып заула деймін,
Осынау бағытыңнан аума деймін.
Бағаңды саудаға сап отырсың ғой,
Шәкіртің болмағанға тәубе деймін.

Жібек:
Тобылдың толқынында өстім түлеп,
Қостанай қалып еді-ау табыс тілеп.
Жібектің жетегіне ілісе алмай,
Кетпегін өз еліңе жадап-жүдеп.

Бас қостың Қарағанды қаласында-ай,
Шырқасам шабыттанып кетем самғай.
Тәттіге өкпелеген баладай боп,
Ойын сөзді жүрмеңіз көтере алмай.

Қыз-жігіт болған әр кез айтыс сәні,
Қашанда сүйіп тыңдар жас пен кәрі.

Мен сізге оңайлықпен алдырмаспын,
Гүлдей нәзік болғанмен қыздың жаны.

Үлкенді сыйлап өскен қыз баламыз,
Алдыңғы ақындардан үлгі аламыз.
Мен едім қостанайлық Жібек ақын,
Қызылжарлық сіз-дағы мұзбалақсыз.

Тиістің осы айтыста өзің маған,
Шындасам шығады ғой пора-пораң.
Ызғарлы солтүстіктен келіп едің,
Еріп кетпе демімнен от шарпыған.

Айтыстың Жібекжан деп еркелетіп,
Отырсыз-ау, шамасы, есің кетіп.
Ашуланып жеңешем қалмас па екен,
Көзіңізге көк шыбын үймелетіп.

Неше күн айтысқа да шаршамайтын,
Мен емес қорғанып бас сауғалайтын.
Шаманң келсе аянба сен де, ақыным,
Құмарым бар айтыспай тарқамайтын.

Ерік:
Құмардан тарқай алмай Ерік отыр,
Әр жақтан өлең лықсып келіп отыр.
Қалқам-ай, сені біраз терлетер ем,
«Бітір» деп жюри белгі беріп отыр.

Айтпайды саған әзіл Ерік тегін,
Ағаңның алжасқанын көріп пе едің?!
Бір көрген ақынменен салғыласып,
Қарындас, ұрысуға келіп пе едің?!

Шақ екен сұлулығың ойыңызға,
Сай екен салтанатың бойыңызға.
Оң жақта ұзақ қалар түрің жоқ-ау,
Қарындас, шақырарсың тойыңызға.

ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ӘСИЯ БЕРКЕНОВАМЕН АЙТЫСЫ

Әсия:
Арқаның ақын қызы Әсиямын,
Несіне ел ықыласын жасырамын?!
Лайықты ер жігітке сыпайылықпен,
Аталы сөз сөйлесең бас ұрамын.

Ерік:
Алдында өлең айтып мен көремін,
Ақанның Құласындай дөңгелейін.
Атынан ат үріккен апам едің,
Дәл қазір жазатайым мен не дейін?

Әсия:
Атағың елге әйгілі, ақын жігіт,
Жыр айтшы мына жұртқа татымды ғып.
Бұл сайыс көтермейді сипақтауды,
Керек қой айтысқанда батылдылық.

Ерік:
Алдыңда қалай өлең таппайын-ай,
Өлеңнің ақ түйғынын баптайын-ай.
Батылдық керек дейсің, ол дұрыс қой,
Бүлдіріп алсам қайтем, аптайым-ай?!.

Әсия:
Лақ еткен, соза құяр қасықтаймын,
Мен бүгін өзіңді, інім, жасытпаймын.
Ойыңды жөндеп айтқын, ақын Ерік,
Ән-жырға қолға жайлы асықтаймын.

Ерік:
Бұл Ерік сөйле десең ұшып отыр,
Ойыма неше тармақ түсіп отыр.
Түренің шарты бізге қиын екен,
Бір шумақ дегендері қысып отыр.

Әсия:
Кеңдігін көңілімнің көрші бүгін,
Ерік-ау, бұл да сенің кемшілігің.
Дәстүрін түре айтыстың бұзам дейсің,
Айтыскер ақындарға ерсі бұның.

Ерік:
Түнере қара бұлттай жауад та Ерік,
Өлеңге бір кісідей сауатты Ерік.
Қоймадың бауырыңа шүйілігуді,
Осылай отырам ба жауап беріп?

Әсия:
Інім ең кездескенде сыйласатын,
Ретің жоқ ойда жоқта қинасатын.
Ақ жолы ақындықтың үлгі бізге,
Жел сөзге бірін-бірі қимас ақын.

Ерік:
Әсия, мағына көп өлеңіңде,
Ел сүйер қылықтар көп өнеріңде.
Бір кеште бір қарындас, бір апамен
Айтысу маған оңай дегенің бе?

Әсия:
Ойыңнан қыз көргенде дарын қашты,
Ұмтылдың аламын деп алынбасты.
Әй, білмеймін, апаңды сен аярмысың,
Аямай жібердің ғой қарындасты.

Ерік:
Соңынан еріп жүрмін құлындай боп,
Мен сенің жазылмаған жырындай боп.
Қайтейін, қарындасқа тырнақ батты,
Ұпай да кетті кісі құнындай боп.

Әсия:
Хақым бар кей сөзіңді жаман дерлік,
Туады-ау қыз көргенде саған да ерлік.
Сансызбай Жібекке мен болам дедің,
Жаңғыртып ескі әдетті әмеңгерлік.

Ерік:
Келдің бе маған сайлап кездігіңді,
Өткенді қозғаған соң сөз бүлінді.
Намысын Жібекжанның жырта бермей,
Одан да ойласаңшы өз күніңді.

Әсия:
Талаймен жыр жолында жарысқанмын,
Бірақ та ешбірінен қалыспадым.
Алғым жоқ абыройды арсыздықпен,
Сыпайы сөзден әрі барыспағын.

Ерік:
Қиналып көрмеп едің шеп бұза алмай,
Қиналдым мақтауыңды жеткізе алмай.
Өзіңді мақтай беріп неғыласың,
Біреуге отыр ма едің өткізе алмай?

Әсия:
Кездесті небір жырдың майталманы,
Ешбірі сүрінбестен қайта алмады.
Қызылжар қиқарланып шығарып ед,
Ерікжан, жөнді бір сөз айта алмадың.

Ерік:
Әсем ән көмейден бір саусылдаса,
Талмайды-ау шамалыға даусың да аса.
Апа, сен ұялмасаң, мен ұялдым,
Шырқай бер репертуарың таусылмаса.

Әсия:
Келді ғой қара сөзден ұйқым, тегі,
Жинағың жыр емес бұл, қиқым ба еді?!

Айтысып Әсиямен атым шықсын,
Деген бұл, інішегім, сиқым ба еді?

Ерік:
Жан жетпес, ей, апатай, саған дауда,
Дауыңа елі-жұртың аландауда.
Сыйласып, сіз-біз десіп жүр едік қой,
Енді кеп көшкенің бе жамандауға?

Әсия:
Жырлар тұр ойнақ салып өзегімде,
Үлгерсең жарар еді кезегіңде.
Салауат салтыменен неше тойды
Өткізді қыз бен жігіт өз еліңде?

Ерік:
Біздерде талай той мен жиын боп тұр,
Тойларда менің жырым сыйым боп тұр.
Салауат деген жақсы халайыққа,
Бірақ бірден қойып кету қиын боп тұр.

Әсия:
Берік бол сен ақындық міндетіңе,
Кім қарсы сөз сөйлейді қыз бетіне?
Жылытты жылы сөзің жүрегімді,
Рахмет, Ерік інім, құрметіңе.

Ерік:
Ей, апа, әлі талай кеңесеміз,
Төскейде тереземіз теңесеміз.
Шынымен сұрақ қою жеткен шығар,
Интервью алып кетем демесеңіз...

ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ӘЗІМБЕК ЖАНҚҰЛИЕВПЕН АЙТЫСЫ

Ерік:
Армысың, уа, халайық, көрерменім,
Шығарда жаным бөлек сенен менің.
Тағы да бір «пәлені» бастағалы,
Алдыңа келіп отыр өлерменің...

Бола алсам қайрап салар ақ алмасың,
Белгілі айға шаппай қала алмасым.
Дегенмен, алдыңғы күнгі екпінім жоқ,
Мәселем Үлкен үйде қаралғасын.

Сонда да жағдайым жоқ бүлінгендей,
Қиналман сөз айтам деп бүгін нендей.
Халқымның алтын жүзін көргеннен соң,
Байқаймын, кәрі жыным тірілгендей.

Ел едік өткені бай қазыналы,
Ғасырлар кені қашан қазылады?!
Тарихы қазағымның әлі күнге
Мәскеудің нұсқауымен жазылады...

Мұндайда ақын қызбай, кім қызады?
Қазақтың жанған жоқ қой жұлдызы әлі.
Мектепте тілімізді оқытқанмен,
Тарихты оқыта алмай жүрміз әлі.

Өз тарих, өз шежірең шеттеумен жүр,
Ағалар: «Айтпа мұны, тек» деумен жүр.
Тарихы СССР-дің әлі күнге
Орыстан ұлы халық жоқ деумен жүр.

Әзімбек, осыларды елей ме екен,
Ақын ғой, бұған бір сөз демей ме екен?
Студент емеспісің, бабың жайлы,
КазГУ-дің оқулығы не дейді екен?

Әзімбек:
Ереке, шығады ылғи хош үніміз,
Демеймін сізге ешқашан тосылыңыз.
Әрқашан сіздің жақта болады ғой,
Әзілкеш Әзімбектей дос іниіңіз.

Өлеңмен талай елмен таныстық біз,
Домбыра екі ішекті қағыстық біз.
Ерікке қарсы келіп не көрінді,
Аға-інілі болып табыстық біз.

Ереке, болсын әр кез тауың биік,
Отыр ғой екеумізге халық ұйып...
Ер басыңа күн туса күні ертең,
Беремін бір өзіңе жаным қиып.

Жақсының жүрегінде жалын барда,
Өмірде күндіз-түні дамыл бар ма?!
Тарихты КазГУ-імде оқығанмен,
Күйініп мен де жүрмін ғалымдарға.

Тереңнен жыр маржанын сүзейік те,
Бейбіт күн айдынында жүзейік те.
Екеуміз шала оқулы болғанменен,
Жабылып сол тарихты түзейік те.

Ерік:
Атақты кей арамза алып жүр ғой,
Аяқтан арғымақты шалып жүр ғой.
Тоқыраудың тондары енді жібіп,
Тарихын көп кейіннен танып жүр ғой.

Әзімбек, жетеді ғой көргендерім,
Қиянат жалғасқан соң шермендемін.
Қазақтың өткен күнін таныстырып,
Жазады ойларына келгендерін.

«Правда» өзі білгір, өзі батыр,
Қайдағы пәлекетті қазып жатыр.

Қиянат – әлеуметтік теңсіздікті
Ұлтшылдық көрінісі деп жазып жатыр...

Әзімбек, айтқаныңды құп аламын,
Ағаңа осы боп тұр ұнағаның.
Айтысқа түскеннен соң мына менен
Ірірек мәселеден сұра, жаным...

Әзімбек:
Ерікжан, өзіңізді сүйем-дағы,
Жалғанға әркімнің-ақ күйер жаны.
Әлемге шашыраған «импорт» қазақ,
Өмір өзі жасаған сүйел-дағы.

Ойласам толады ғой сорға жаным,
Айналтса, шіркін, тарих доңғалағын.
Ауғанда екі жылдай болып келген,
Ауғандық «полуимпорт» мен боламын.

Өлеңім – сүйеуім де, тірегім де,
Әрқашан қазақ жүрер жүрегімде.
Ақ сөзін айтар енді деп ойлаймын,
Сөз алса азаматтар Кремльде.

Көгертер азамат ел көсегесін,
Еліміз тапты-ау енді дос егесін.
Ойласам тағы жаным қиналады,
Тұрғын үй кезегінің мәселесін.

Бұл жерде талай ақын өлеңдетті,
Дегенмен, бір нәрседен зәрем кетті.
Айтысқа келген қарттар, аға-жеңге
Үйіне түнгі үште әрең жетті...

Емес пе қаладағы такси-жорға,
Алайда түседі екен әрең қолға.
Көрерменді үйіне жеткізетін,
Қоймай ма арендаға «есек арба».

Мен қалай астанамды жамандайын,
Одан да өлең айтып амалдайын.
Көшеге толып кеткен кооператив,
Қолына түсіп қалма жазатайым...

Ерік:
Әзімбек, жақсы көрер ақын едің,
Дұрыс сөз айтқаныңда мақұл дедім.
Қалайша бірге туған бауырларды,
«Импорт» деп, внешторг заты көрдің.

Барлығы бір қазақтың баласы ғой,
Бірер сөз жұбатуға табасың ғой.
Жағдайдың желі ысырған сырттағы елім,
Жанымның жазылмаған жарасы ғой.

Айтыстан шығар халық нөпір деймін,
Әрине, үйге қиын жету деймін.
Әзімбек, көлік жайын маған айтпа,
Қаланың басшылары отыр деймін.

Сұрасаң тілдің жайын мына ағадан,
Сол үшін жюрилерге ұнамаған.
Бізге де әңгіме айтар ағалар бар,
Мұнартып тұрып алып мұнарадан.

Екеуміз өзімізге сенеміз ғой,
Бұл қазақ айтыс десе өлеміз ғой.
Ұрандап елдің сөзін айтқан ерді,
Кей-кейде орға жығып келеміз ғой.

Әзімбек:
Сезімім көкіректе тасатынмын,
Айтысқа түсіп жүрген жас ақынмын.
Әрқашан сөзін ұғып отырамын,
Ереке, өзіңіздей Бас ақынның.

Сақтауға биіктікті бар ниетім,
Ұнатам қазағымның әдебиетін.

Екеуміз және басқа ақындар боп,
Елімнің көркейтейік мәдениетін.

Қол арттым ақындықтың асқарына,
Халқымыз игі істі қостады да.
Отау боп Жаңа жылдан шығам дейді,
Қуантып «Алматының ақшамы» да.

Бұл газет жанашыр ғой, білеміз бе,
Біз де әр кез соны сөз ғып жүреміз де.
.....
Әселхан жеттік енді, міне, біз де.

Ерік:
Сендердің ауыздарың дуалы ғой,
Шын ақын дулы боп туады ғой.
Айтқаны бұл ағаңның қабыл болса,
Ел жайы жақсы болып тұрады ғой.

Аударма жараспайды тұлғалыға,
Сондықтан «Ақшам» отау құрмады ма?!
.....
Халықтық «Денсаулықтың» журналында.

Елімнің туып тұрса ғажап күні,
Біртіндеп азаяды азап-мұңы.
Сен өзің естімеген бір жаңалық,
Ашылар жаңа газет – «Қазақ тілі».

Жақсыға қыз да құмар, ұл да құмар,
Бұл сөзді ұғады ғой мұндағылар.
Бірақ та Қытайдағы қазақтардың
Әдеби жиырма үш қана журналы бар...

Өнердің биік болса шаңырағы,
Көбейер қаламгерлер саңлағы.
Қазақ бар он миллион жер бетінде,
Сол қазақ бір «Жұлдызға» жабылады.

Айтыста айтарыңды сөз етіп ал,
Кейіннен елге пайда, қажеті бар.
Осындағы қаншама қазақтардың
Әдеби жалғыз ғана газеті бар...

Шабытым газет десе, ышқынды-ай бір,
Ақыным, сен де мендей ұшқындай біл.
Орысша бір газет бар – «Казправда»,
Қазақтың мұқтажына пысқырмай жүр...

Ағайын, уақыттан шектелмелік,
Қалайша жақсы жырды жек көрелік?!
Інішек, біз де созбай доғаралық,
Қазылар береді ғой бек төрелік.

ЕРІК АСҚАРОВТЫҢ ЕСЕНҚҰЛ ЖАҚЫПБЕКОВПЕН АЙТЫСЫ

Ерік:
Ел-жұртым, сәлемімді қабыл ал да,
Айтыстың көшін ұзат тағы да алға.
Жүйткіген жүйрік көп қой, Әселхандай
Әріптес енді маған табылар ма?!

Есенқұл, сен де топта жырлап едің,
Айтысып талайларды «қырған» едің.
Қаны бар талай ұлттың тал бойында,
Секілді наурыз көже бір жан едің.

Қайтесің, тағдырыңның бұйрығы көп,
Қазақтың саған берген сыйлығы көп.
Өзіңді марапаттап мен жүремін,
Халықтар достығының символы деп.

Айтарда әр сөзіңді ойлансаңшы,
Жігітке жігіт құсап сайлансаңшы.
Айтыстың туын тіккен ауылдансың,
Атаңның аруағына сай болсаңшы.

Кеше сен өкпелетіп ер Баянды,
Жаралап, қараладың елге аянды.
Есенқұл, не таптың-ау мұқатқанда,
Жанында бірге жортқан желмаяңды.

Сөзімнің бақшы, досым, кесегіне,
Әркімнің ере бермей өсегіне.
Бұл халық – өзіңдікі, кешіреді,
Кешірім сұрай алсаң кешегіңе.

Есенқұл:
Ағайын жөн білетін айтады үлгі,
Білмеймін кеше қандай сайтан ұрды.
Алдында ағайынның кешірім сұрап,
Есенқұл өз өлеңін қайта құрды.

Финалға шықтым жалғыз, үш балменен,
Арыстан тең болмайды тышқанменен.
Рельстің үстіменен келе жатып,
Кенеттен түсіп кеттім шпалға мен.
Алдында құрдасымның бас иемін,
Финалға жалғыз өзім шыққанменен.

Білемін, айтыс сәні – жарасым ғой,
Елпілдеп елегенім бар асыл ғой.
Есенқұлмен айтысқан Баян құсап,
Тарихта ертең сен де қаласың ғой.

Дедің-ау наурыз көже қосындысың,
Ақындық дей алмаймын осыңды шын.
Басы жаңа біріккен қос халықтың
Арасына от жағып отырмысың?

Көңілі еліміздің кірпік ілген,
Қуаныштық жаңа-жаңа күлкімізбен.
Қаншама геноцидке тап болмадық,
Феникстей мың өліп, мың тірілген.

Сонда да біздің қазақ той жасайды,
Жүректе жатқан терең тыртығымен.

Мен де бір – Феникстің қауырсыны,
Айтыстың қиын тиді-ау ауыр сыны.
Ерік-ау, айтарыңды абайлап айт,
Сөзіңнің білесің ғой ауырлығын.

Ерік:
Сөзіңе кейде тоңып, мұздағанбыз,
Досым-ау, сенен несін қызғанамыз?!
Жақсы ғой келешекке жырың қалса,
Сен қалған сол тарихта біз қаламыз.

Есенқұл, әр сөзіңді құптап едік,
Дос болып бір ұядан шыққан едік.
Жүргенде тоқтала алмай жүзге бөлу,
Есенқұл, не қылғаның ұлтқа бөліп?

Жырыңмен барарсың сен қарсы дауға,
Дауыңмен қарсыласты қамшылауға.
Орысқа жиенмін деп бөсе берме,
Орысшаң жетеді әзер нан сұрауға.

Есенқұл, сөздеріңді сапырмай тек,
Сан рет бас шайқағам ойпырмай деп.
Орысша түсінбейтін сатушыдан
Сұрайсың сарымайды «желтый май» деп.

Есенқұлға:
Бұл Ерік бекер босқа аптықпасын,
Орысша білмейді деп шаптықпасын.
Осыдан шыққаннан соң саған арнап,
Орыстың айтып берем «шастушкасын».

Кейде осы өз-өзінен ар болмайды,
Әр қазақ бас-басына арба айдайды.
Батыс пен шығыс болып біз байқассақ,
Кейбіреулер оны қалай малданбайды?..

Болып тұр осы қазір елге қайғы,
Не жетпейді, болғандай кеңде бәйге.
Төрелігін өзің айт, жүрсің ғой сен
Арасында ағаның кең маңдайлы.

Ерік:
Демеймін қысыр сөз бе елді бөлген,
Ұзақ па ел басында сен жүрер күн.
Еліңнен аяйсың ба өнеріңді,
Осы жерде «частушканды» деп жіберген.

Қапыда кез келтірді сені маған,
Жанымда жұртым отыр болып алаң.
Барлығы інілерге байланысты,
Қазақтың үлкендері – менің ағам.

Айтса деп бір ауыздан ұрандарын,
Қашанда халқым үшін шығар жаным.
Бір қазақ үш қазақ болып жүргенінде,
Ұл болуы бар қазаққа – ұлы арманым.

Оң сөзді әр саққа біз бұрмайықшы,
Әділ іске жөнсіздік қылмайықшы.
Құрметің болсын менің нағашыңа,
Қанеки, «частушканды» тыңдайықшы.

Есенқұл:
«Шастушкам» бұл Ерікке арман сынды,
Ерік-ау, естіртпеші зар даусыңды.
Одан да көк базарда тұрмайсың ба,
Зырылдатып біздерге шарманканды.

Ерік:
Өлеңің әрлі-берлі көшкен екен,
Сөздерді сен айтасың босқа бөтен.
Құрбыға, құрдасқа да қылжақтайсың,
Бір бәйге көкейіңді тескен екен.

Есенқұл, құр беталды желікпегін,
Айтпайды саған өлең Ерік тегін.

Көк базарда тұршы деп неғыласың,
Сен мені сол маңайдан көріп пе едің?

Сөзіңнен тәлім кетті, нұсқа кетті,
Есенқұл, жағдайыңды ұқсаң етті.
Шарманка-парманканы неғыласың,
Айтысқа шаңқобызбен шықсаң етті.

Есенқұл:
Базарда көргенім жоқ тірлігіңді,
Ақындық сақтайықшы бірлігімді.
Сен маған құрдассынып қалжыңдама,
Сен менің кескен жоқсың кіндігімді.

Ерік:
Әрине, кіндігіңді кескенім жоқ,
«Кестім» деп ел алдында бөскенім жоқ.
Қитығып әрбір айтқан уәжіме,
Есенқұл, неге отырсың өкпелі боп?

Бұл жерде кездескен соң екі мықты,
Демесін сөз қадірін кетіріпті.
Бірі емес апрельдің, бүгін бесі,
Есенқұл, айта берме өтірікті.

Тілеймін үлкендерге ұқсауыңды,
Айтыста уақыт аз – кісі ауылы.
Мен сенің кескен жоқпын кіндігіңді,
Саған да кестірмеспін тұсауымды.

Есенқұл:
Намысты қолдан беріп өлгісі жоқ,
Білемін, бұл айтыста ер кісі көп.
Ақындар мен сияқты жүрмей ме екен,
Халықтар достығының белгісі боп?!

Ерік:
Сыйлайтын, ұлт пен ұлтты қосатын көп,
Сөздері келешекке асатын бек.
Есенқұл, мыжи бермей осы арада,
Қайтайық екеуміз де дос ақын боп.



Әңгімелер



ҚАРАЛЫ КӨШ

«Қаралы көш» – менің 1974 жылы жазылған алғашқы әңгімем. Бекенім – Бекен Жұмабайұлы, Мағашым – Мағжан, Ахия – оның ұстазы Ахиеддин Аханов, Бәтия – Бекеннің ағасы Нұрмағамбеттің қызы Фазиза болатын. Ұсынып едім, облыстық «Ленин туы» газеті (Болат Қожахметов): «Шұғаның белгісіне ұқсайды, – деп хат жазды; «Жұлдыз» журналы (Оралхан Бөкей): «Сен классик баласың. Бірақ, журналға басуға әңгіменің көлемі қысқа», – деп арқамнан қақты. Содан бері ешқайда ұсынбай, тартпамда жатыр еді. Кейбір балаң тұстары көзге ұрып тұрса да, ырымалды дүнием болған соң қол тигізбей, сол қалпында жариялауды жөн көрдім.

Автор

«Осы күнде біреуге біреу атағына қарай сыйластық қылып, атағына қарай қошемет етпей ме?» Ия-я... атақ дегенің – бақ қой, шіркін!» Бекен болыс осылай ойлады. Күн ыстығына қарамай, белді буып, ұзаққа жолға шығып еді, барар жері алыс, өздері де ұзақ жүрген болатын. Қанша жүрсе де осы бір сумақай арбаған жеңіл ой жетегінен арыла алмады.

Өне бойы терлеп, түктері жылтыраған үш күрең сілтеп-ақ келеді. Ортадағы төңкерілген торпақ жалды биік аттың доғасына байланған жұдырықтай күміс қоңырау сыңғыр қағады. Баптана үзілген нәзік сыңғыр теңселмей мүлгіп тұрған шоқ-шоқ, иірім-иірім тоғайларға сіңіп кетіп жатқандай.

Бекен болыс Қызылжарға шыққан еді, шыққанда да жау тигендей үрдіс шықты... Маймен сылап тастағандай семіз денесі борша-борша терлеп, қолтығынан қолаңса сасып, жас делбешінің мұрынын жағымсыз қытықтайды. Әу дескендей

бүгін жел де жоқ. Алысты-жақын ойнақ қаққан сағымнан басқаның бәрі мүлгіп қалыпты. Аспандағы қалқып тұрып қалған бұлттар да, айнала созаландаған тоғайлар да, тұңғиық аспанның өзі де терең ойға кеткендей.

Болыстың бүгінгі сапарының айрықша мәні бар. Бұл сапар – оның барғысы келмес, баруға құмартпас сапары. Мұндай қысылшаң жағдай, қырсыққан сәтті ол күтпеп еді-ау. Бәрі де қалтаның күрт тайыздана қалуынан болды. Қалта сай, көңіл сай болса жан қинап, мынандай ұзақ жолға қапырық күнде шығар ма еді?!

Бекен Полудиннің өткен сайлауында құдасы Исамбердінің сүйемелдеуімен болыс болған. Исамберді өзгеге де, өз ішіне де беделді, сөзі жүрімді адам. Бекенге құдандалық құрметі есебінде сайлау алдында болыс-билердің, сайлаушылардың аузын алып берген. Сайлаушылардың бәрін – ұлығынан бастап тілмәшіне дейін қалжуырлы етіп, Бекеннің өзі де мол шығын көтеріп барып болыстыққа қол жетті. Осы сайлауда сол машақатты билігінен айырылып қалар түрі бар. Жылдағыдай молшылық биыл жоқ. Өткен жылғы доңыздың алпауыт жұты Бекеннің дәулетін ойсыратып, тәп-тәуір шығасылы етіп кетті. Қалталыға қалбақтамасына шарасы да қалмады. Оған малдан айырылудан да атақтан, әкімшіліктен айырылу қиын. Тумасында бір мансапқор жан болатын.

Бекеннің қаржыдан дәмелі болып келе жатқан адамы – Есентай таз. Есентай – саусағы епті, қолы ұзын саудагерлердің бірі. Алым-берім қатынасы Тобыл, Орынбор, Есіл, Атбасар сияқты осы маңдағы ірі қалалардың барлығымен де болып тұрады.

Есентай таздың қаржыдан көмек қыларына болыстың көзі жетеді. Есентайдың Бекенге ешқандай ортақтастығы да, тәуелділігі де жоқ. Сөйтсе де бойсұнған халде тілемсек күйі болатын. Ол иттің де Бекенге ауыр қолқасы бар. Өткенде сол жайлы бір сөз қылғанда Бекен ат-тонын ала қашқан. Тіпті ашуға булығып, Есентай тазды боқтап та жіберген. Енді, міне, сол қолқаны араларына көпір қылып ұстап өзі келе жатыр. Соның бәрінің түбі бір-ақ нәрсе: атақ, дәреже! Ай, мансап-ай, бір дәндеткен адамыңды отқа да, суға да итересің-ау. Біреулерді тасырқатып тастасаң, енді біреулерді тасытып тастайсың.

Әйтпесе Бекеннің биыл болыстықтан түсіп қалып, келесі сайлауға дейін қонданып алуға ақылы жетпей-ме? Әрине,

жетеді. Ол жағын да сарапқа сап көрген. Бірақ түсіп қалды деген атағы жаман. Бекен сонысынан қорқады. Түсе тұру жайлы қайтсе де ақылға сыяр емес.

* * *

Келесі күннің бесінді әлетінде Есентайдың нән қарағай қақпасының алдына Бекеннің «Троикасы» келіп тоқтады. Бекенді Есентай таздың өзі қарсы алды. Қан көрген құзғындай бола қалды. Ақсия жарқылдап күліп, алды-артын орап елпек қақты. Қайнағасын күтіп алған күйеудей болуға тырысып баққан жайы бар. Бітеу қабақ шегір көзінде зымыстан күлкі ойнап, қарашұбар кескіні әлем-тапырық болып кетті. Мол денесіне жарамсыз қылықтар қылып, Бекенді қонақ үйіне өткізді.

Әбден жайғасып болғаннан кейін шай жасалып, шаймен бірге буы бұрқырап үйме табақ манты келді. Оны жеп бола бере, лездің арасында төре табақ ет те әкелінді. Бекен болыс көңілденіп кетті. Екеуі де бір-біріне бейілді бола қалды. Ар жақтарында ит пен мысықтай арбасады.

Бекен Есентай тазбен тез келісіп, қалада көп жатпай, аз күн сый-құрметке бөленді де, еліне жүріп кетті.

Еліне келісімен сайлау мәселесінен «әскер» сөздер қозғап, ұлықтарды қарсы алуға қам-қаракет жасай бастады.

Бекен Қызылжардан Есентай тазбен құдандалы болып қайтты. Елуді еңсеріп қалған Есентайға он сегіз жасар қарындасы Бәтияны бермек болды. Сайлаудан кейін ұзатам деп төс соқты.

* * *

Дүрмекті сайлау өтіп, уағдаласқан мерзім де тақап қалды. Өз орнында тағы қалған Бекен бұл күнде сұлу мұртын маңыздана шиырады, әлі қарындасына тіс жарып, ләм демеді. Сенбейді. Жастың аты – жас. Оның үстіне ел арасында сыпсың бар. Бәтия осындағы учитель Ахия Аханов деген шала қазақпен көңілдес дейді. Жел болмаса шөптің басы қимылдайды ма?

Расында да, Ахия соңғы кезде осы ауылға жиі келеді. Көбінде Сартай көлінде отырған Абыл ауылдарында жүруші еді. Бекеннің алғыр, зерек баласы Мағаш ділмәр, білімпаз Ахияның

әңгімесін тыңдауға әуес-ақ. Ахияға өлеңдерін де оқып беретін көрінеді. Ахия Мағашқа шығыс ақындарының өлеңдерін әкеліп беретін. Олардың бұл ынтымақтастығы Бекенге жақпай-ақ жүр. Килігер сылтауы болмаған соң шарасы қане?!

Ахия заты басқалау дегенмен де қараторы, қазақ шырайлы жігіт. Бәтияға арнап қазақша өлең шығарады екен. «Шахнаманы» парсыша, «Ғалиябануды» татарша жатқа айтады.

Осы маңдағы елдердің жастары бір-бірін қонаққа шақырғыш, бір-біріне қонаққа барғыш. Ел жайлауға көшсе-ақ ауылдардың үстінде ұзақ уақыт жастар сауығы орнайтын. Бекен ауылының және маңайдағы үш-төрт ауылдың жастары Сартайдың жағасындағы ауылдардан қайтып келеді. Бәтия мен Ахия осы топтың орта тұсында. Бәрінің астында жарамды деген жылқылар. Қызылды-жасылды түрлене киініпті. Араларында небір сал-серілерше киінгендер де бар. Тосап қымызға масайған түрлері байқалады, әнге басып келеді:

Атабай көлдің қаласы,
Жалпақ екен даласы...

Жастар әні тымық ауада шарықтап тұр. Діріл қағып шырқала түседі.

– Мынау кім-әй?!

Топ ішінен біреу таңдана айқай салды. Жастар әні тына қалып, барлығы қиғаш жатқан дөңнің еңісіне қарай құлап келе жатқан суыт салт аттыға шошына қарасты.

– Есербей ғой мынау...

– Иә, сол.

– Шалықтан аман ба өзі?

– Тегі солай.

– Атын аямайды; бас-көзге төпелеп келеді.

Есербай – Бекеннің жалшы жігіті. Шыққан ізі де сол ауыл. Бекен ауылы мына бір жалаң дөңнің ығында болатын. Есербайдың бұл шығысы ойламаған жерден. Мана ауылға Есентай таз келген-ді. Бәтияны әкетуге келген беті болса керек. Құлақтанып қалған әйелдер: «Күйеу келді, кәрі күйеу келді» десіп шу ете қалды. Біраз жайға Есербай да қанық қалды. Алдыңғы ауылға сауық құруға өтіп бара жатқан топтың салған әні мұның құлағына дөң сыртынан жетті. Есербай атына міне шапты. Айқайлап келеді.

– Бәтия, сүйінші! Сүйінші! Күйеу келді, күйеу... Есентай келді...

Дағдарысып қалған жастар Есербайды түсінбеді. Күйеуі несі? Кімнің, қайдағы күйеуі? Есентай келді дейді. Есентай келсе, ол таз кімнің шікіресі?

Бәтияның жүрегі әлденені сезгендей боп, нұрланып, гүл жайнап келе жатқан жүзі сұрланып, қаны қашып кетті. Жүрек бәрін сезеді-ау. Адамның ақылы жетпейтінді де жүрегі сезеді.

Есербайды жастар ортаға алып, жан-жағына анталай сұрақ қойып, оның үстіне әркім өзіне қаратқысы кеп жұлқылай, бейшараның онсыз да жарым есін мүлде шығарып жіберді. Есербай қақалып-шашалып:

– Есентай келді. Ой, бәуескесі қандай, шіркін!.. Күйеуі... Бәтияға күйеу келді, біржола ала кетуге келіпті! – деді.

Бірнеше сұрақты көз жан-жағынан оқша қадалғанда Бәтия қыстыға жылап жіберді. Ахияның аузына жұбатайын десе сөз түспейді. Есеңгіреп қалғандай сілейіп тұр.

Бәтия Есербайға тақалып келіп, қолындағы жез бунақты қамшысымен басқа тартып-тартып жіберді. Қапелімде қатты қорқып қалған Есербай:

– Ө-өй.. Өлтіре ме-ей?.. – деп, атын тебініп, сытыла қашты.

Ахия бойын жиып алды. Шауып келіп Есербайды қақпайлап аулақ алып кетті. Бәрін тәжікелеп сұрай бастады. Кең даланың ауасы жетпегендей дем алысы жиілеп, ауырлап кетті. Ішінде зор ашу бас көтерді.

– Солай... Таңертең кетеді. Бүгін кешке ойынға жиналасыңдар. Бәтия үшін әнді оңдап айтыңдар. Оңдап! Бір жасап қаламыз-ау, ә?!.

– Тоқтат енді! Оттама!

Ахия ызадан өзін өзі ұстай алмады. Екілене айқай салғанда Есербайдың зәресі ұшып, ауылға қарай тұра қашты.

* * *

Сауыққой сері-сал топ әлдеқашан тарап кеткен. Бәрінің де ұнжырғалары түсіп, жел көңілдері желге ұшып, жабырқай қалған. Тек әлгі дөңнің тасасында аза бойлары қаза болып, қасірет бұлтын бүркеніп Ахия мен Бәтия әлі тұр. Қыз жігіттің төсіне басын тіреген қалпы күзде жауған ақ жауындай тыйылмай өк-

сиді. Қасірет пен күйініш нәркес көзден меруерт моншақ – жас болып ақты. Ахия құшағындағы қыздың жас жуған жүзіне бетін тақап тұрып, серт айтқандай болады. Шерлі аруды жұбатқысы келеді. «Жылама, жаным!.. Неге жылайсың? Бір сен үшін тәрк еттім мен барлығын. Кетейікші, кетейікші, жаным, қарғыс атқан ортадан».

– Қайда, кімге барып паналармыз?! Қайда барсаң да – осы күй. Көресің осы көз жасы.

– Мінекей, иек астында орыстың нуы тұрған жоқ па? Кіреміз де кетеміз. Омбыға жетсек, заңға арыз айтпас па едік?

– Қайда бастасаң да тізгінім сенде. Ендігі тірлікте ердім сенің соңыңнан!

Қос мұңлық Омбыны бетке алып атқа қонды. Лүпілі бірге қос жүрек еркіндік аңсап барады... Кенет, бәрі өзгеше болып жүре берді. Бұлар бұдан бір сағат, жарым сағат бұрын аттағанда мүлдем азат болар ма еді, қайтер еді? Бірақ, жазмышқа не шара?! Жазмышқа көнбес құдірет жоқ...

Ұзай берген Бәтия мен Ахияның соңынан қуғыншы түскен екен. Қуғыншылар бұларды әлдеқашан қашқанға жорып, әдейі қамданып, жылқыдан тәуір ат алдырып мінген. Олар бес адам. Мінгендері құр айғырлар. Селсоқ аяңның өзіне қол қарыстырып отыратын қызуқанды жүйрік жылқылар.

Қыз бен жігіт қара бұлттай түйілген қатерді бірден сезді де, аттарына қамшы басты. Қарқынды аттар шыдата ма? Аралары барған сайын тартыла берді. Қуғыншылардың бір-екеуі тақымдарына сойыл баса шығыпты. Ауаны тілгілей сермеп, еңіректеп айқайға басып келеді.

Ахияның есіне үйінде қалған алтыатары түсті. «Неге ғана сала шықпадым екен. Мыналардың бірін маңайлатар ма едім? Қап! Мана жарысып, аттарымызды да ентіктіріп алдық».

Қуғыншылар тақап қалды... Ахияның зығырданы қайнай түсті. Енді ақырғы әрекетке амал ойлады. Сондағы сенері – күміс сапты кездігі. Мынау бір өкшелеген шойқараны жайратса, аналар қаймығар еді.

Ахия Бәтияға жанаса беріп:

– Ал, жаным, тарта бер, бетің түзу. Айныма. Мен жетермін. Тоқымдайы болмаса да, ұлтарақтай бас бар шығар, – деді.

Ахия бір орнында атын шыр айналдырып тұра қалды. Кездігін оқтайланып, алдыңғы сұр айғырлыға дүрсе қоя берді.

Оның қолында сойыл екен. Құлаштай сермеп те жіберді. Сойыл Ахияның самайына сарт етті. Жігіт атынан өкіре құлады.

Артына жалтақтай қарап, Бәтия бар жайды көріп келе жатқан; Ахияның басынан сауғалаған қанды көргенде не болғанын білмей кетті. Қауіп-қатерді ұмытып, атының басын кері бұрып, ұшып келді. Ахияның өлігінің үстіне талықсып барып жығыла берді..

Ертеңіне Бекен ауылынан шыққан шағын ғана құдалар көші Қызылжарға бет алды. Бұл көшпен шаттық емес, қасірет еріп барады. Бұл көш – қаншама салтанатты болса да, соншалықты қаралы көш. Бәтия мінген пәуескеден сыңсу естіледі. Сыңсу сыңсудан гөрі жоқтауға ұқсайды:

Ағекем теңім таппай шалға берді,
Қызығып ақша менен малға берді.
Жүрегім өлсе-дағы Ахияда –
Елуде Есентайдай тазға берді...

Бәтияның осынау күйініш зарына жел ғана ызыңдап қосылғандай, аспан ғана қабағын түйіп, тоғайлар ғана теңселгендей. Жанындағы тоқкөңіл жандарға Бәтия зары әсерін тигізе алмады.

Қаралы көш ұзай берді...

НАПОЛЕОН АДАЙСКИЙ

Әйтеуір үлгердік-ау... Есет екеуміз купемізге енді ғана кіріп, жайғаса бергеніміз сол еді, пойыз жылжып жүре берді. Екінші Алматының келгенге де, кеткенге де жылы ұшырайтын көне вокзалы артта қалып барады. Әр вагонға ере түсіп, қол бұлғасқан шығарып салушылар да сейіле берді.

Есет кеудешесін шешіп, үстіңгі бос тұрған төсекке атып жіберді де, жалма-жан сөмкесін ашып, екі шыны сыра шығарды. Күні бойы соңынан мені салпақтатып, пойыздан қалып қоя жаздап іздегені де осы сыра еді. Соған ауыз салғанша жанығуы мынау.

– Шыдасайшы. Бірінші Алматыдан шыққан соң ішпейміз бе?

– Ерунда. Оған дейін жылып кетеді. Сыраны суықтай ішпеген соң сәні болмайды.

Бірінші Алматыда да біздің купеге ешкім отырмады. Қарашаның соңғы күндері, жол қызығы жаз қызығымен бірге кетіп, жүргінші азайған мезгіл ғой. Астыңғы екі орынға жайлап төсек салып алдық та, бір-бір журналды құшақтап қисая кеттік. «Вокруг светаның» қар адамы жайлы жазылған тартымды бір мақаласына енді сұғына бергем, Есеттің дауысы оқыс шықты:

– Ерунда!

– Не болды, әй? Жылан шақты ма?

– Ерунда! Мынау Наполеоның ақымақ екен. Достары құтқарам деп келсе, көнбей қойыпты.

– Неге көнбегенін білесің бе?

– Ерунда! Ақымақ болған. – Есет қолындағы журналымен столды ұрып-ұрып алды. – Әйтпесе кір салатын себетке жатпаймын деп кісі керги ме? Себет деген мынандай. Үлкен болады. – Құлашын керіп көрсетті. – Наполеон кішкентай адам болған. Былай бүктетіліп жата қалса сыйып кетер еді.

Есет қол-аяғын бауырына алып, себетке қалай жатуға болатынын да көрсетті.

– Себетке Наполеонның денесі сыюы мүмкін, намысы сыймайды ғой.

– Ерунда. Намысы азаттығынан қымбат болып па? Мен болсам, кір салатын себет түгілі, қоқыс салған себетпен де қашар едім.

– Ол Есет емес, Наполеон ғой! Мәселе қайда жатыр!

– Ерунда. Ақымақ болған. Кел, сыра ішейік.

Сыра ішіп отырып та Есет Наполеонға күйіп-пісуін қоймады. Сырамызды сам жамырағанша сімірдік. Сыра да, сөз де таусылып, төсегімізге жайғасқан соң, қалың ұйқының ауылына бет қойғанша Есет Наполеонды кешіре алмай жатты.

Қанша ұйықтағанымды білмеймін, купені кернеп, күркіреген бір зор дауыстан ояндым. Түннің қай шамасы екені белгісіз. Көзімді ашқанда аңғарғаным – пойыз тоқтап тұр. Сыртқы баған басындағы шамнан сарғыш сәуле купеге көлбей сұлапты. Есеттің үстіне еңгезердей біреу төніп тұр. Мені оятқан осының дауысы. Апаннан шыққандай тереңнен гүрілдеп жететін бір зор дауыс.

– Пәдеріңе нәлет! Әкесінің үйінде жатқандай шалжиуын... Тұр! Ұйқысының қаттысын!

Оянсам да, басымды көтермей көрпе астынан сығалап жатырмын. Есетке төніп тұрған – аппақ шоқша сақалы бар, басында ноғайша бөрік, бітеу жаға ақ көйлектің сыртынан түйе жүн қаптал киген қазақтың келісті бір шалы екен. Есетті қатты мытып жіберді ме, ол басын жастықтан жұлып алды.

– Ерунда! – деп баж ете қалғанда дауысы аянышты естілді.

– Бұл кім-әй?! Не болды?..

Есет сасқалақтап атып тұрам дегенде басын үстіңгі төсекке оңдырмай соқты. Тарс еткенде не тақтай, не бас жарылды ма деп едім. Одан аман екен, әйтеуір.

– Адыраңдама. Тұр, төсегіңді үстіне салып ал.

Есет алдында кім тұрғанын енді аңғарды. Есін тез жиды. Төсегін матрасымен қоса орап үстіне бір-ақ атты.

Ақсақал бір бума ақ жайманы Есетке беріп:

– Жай мынаны. Түсір ана матрасты, – деп бұйрығын беріп тастады да, өзі менің аяқ жағыма отырды. Отыра беріп:

– Тарт аяғыңды, көститпей! – деп, жіліншігімнен салып қалды. Қолы қатты-ақ.

Бұдан әрі жата беруді ыңғайсыз көріп, орнымнан көтеріліп, сәлем бердім.

– Ассалаумағалейкум.

– Әліксалам. Е, жөн біледі екенсің ғой.

Есет шалдың төсегін тез жайғады да, орнына көтеріліп, жатып қалды. Шал да қапталын шешіп басына жастап, мәсісін шешіп аяққа тастап, ауыр қозғалып орнына қисайды.

– Алла тағала уә-тәбәрәка! – деп күбір ете түсті. Пойызымыз тепеңдеп түстікке қарай тартып келеді. Есет көп кешікпей мұрны пысылдап ұйықтап кетті. Шал қыбыр етіп қозғалған жоқ, құлап түскен тас мүсін сияқты. Кәрі адам ғой, ауық-ауық көкірегі сыр-сыр етіп қалады.

Ұйқым бір ашылса – осы, таң атқанша дөңбекшіп, көз іліндіре алмадым. Ұйықтап бара жатып аңғарғаным — таңның ағарып атқаны.

Мен тұрғанда ақсақал төсегінің үстіне малдасын құрып, қаздия қалыпты. Есетті зыр жүгіртіп, шай жасатып қойған. Тоңазыған жамбас алып, кездігімен жапырақтап турап отыр. Жуынып-шайынып келіп, шайға мен де кірістім.

– Иә, ақсақал, жол болсын!

– Әлей болсын... Ет алып отыр.

Үнді шайын біраз сораптаған соң бой жазылып, көңіл жадырап, әңгіме қыза түсті. Ақсақал қайда барып, не көргенін баяндап отыр. Өзі Ақтөбенің теріскей бір ауданында тұрады екен.

– Көршілер түгел орыс. Аудан басында санаулы-ақ қазақпыз. Қырдан көшіп келген жылдары тосырқап, ел ішін сағынып ек, балалар жетіле келе, өзіміз де үйреніп кеттік.

– Немерелеріңіз бар ма? – деймін.

– Баршылық. Солардың жағдайы ғой, салпақтап осында келіп жүргенім.

– Иә...

– Ертеректе інім бір жолдастарын сағалап, осы жаққа көшіп келіп еді. «Қартайғанда бірге болайық, қасыма кел» деп шақырған соң, тұрған жерін көрейін деп, әдейі келіп ем.

– Қалай екен?

– Айтары жоқ. Қазақ ауылы. Түрігі де, дүнгені де қазақша сайрап тұр. Көршілерімен ағайыннан бетер араласып кеткен. «Жақсыда жаттық жоқ» деген-ау. Бәрінен мектебін айтсаңшы, қазақша!.. Немерелері түгел қазақша сөйлейді. Ой, Алла-ай! Қартайғанда туған немереңмен бөтен тілде шүлдірлеспей, өз тіліңде шүйіркелескен де бір керім екен-ау! – Ақсақал ақырын күрсініп қойды. – Біздікілер түгел орысша. Қазақшаңды қақпайды да. Өзіме «здрәсти дедә» деп амандасады. Інімнің немерелері «Ассалаумағалейкум, ата» деп ауыздарын толтырып сәлем бергенде, әй, бір жасап қаласың-ау!.. Тұрған жерлері

қандай! Қонақжайлысын айтсаңшы! Қазақ іші со ғой, ит басына іркіт төгіліп жатыр. Бізде ғой, көршіге көрші бас сұқпайды.

Ақсақал әңгімесін соза келе өз ауылын тамұққа, інісінің ауылын жұмаққа жақындатып тастады. Қонақ болған үйлерінде өзі тұстас шал-кемпірлермен қалай әзілдескендерін айтқанда айран-асыр болады. Әжім дарыта қоймаған ашаң жүзі жазыла түсіп, зор дауысымен кеудесін кере кеңкілдеп күліп алады. Біз қарт адамның балаша масаттанғанын қызықтап, қосыла күлеміз.

– Ой-хой!.. – деп ақсақал жазық маңдайын орамалмен бір сүртіп өтті. – Ата-баба заманы-ай!..

– Сонымен көшетін болдыңыз ба?

– Жоқ!

– Неге? – деппін мен, сасқаным болар.

– Ауылдарының аты жаман екен. «Қысыр бие» деген. Туып-өскен жерді тастап, ата-бабаның зиратын иесіз калдырып, адай басыммен Қысыр биеге көшсем, сүйекке таңба түспей ме? Жоқ, көшпеймін.

Есет «Ерундасын» қойып қалғалы «Е..» деп келе жатыр еді, тізесінен қағып қалдым. Ол жым болды. Әлгінде ғана тасып-төгіліп отырған апайтөс ақсақалым лезде қушиып, бір уыс боп жүдеп қалғандай, әлсін-әлсін күрсініп қояды.

Көз алды сәл дымданып, мұнарта түсіп, мұңайып қалды. Қарияның көңілін аулар сөзді мен сол арада таба алмадым. Одан бері де неше жыл өтті, әлі тапқам жоқ.

Келесі стансадан біз түсіп қалдық. Перронда тұрып Есеттің:

– Наполеон Адайский... — деп күңк еткені есімде.

КАЛБАТОНИ ДЕУШІ ЕДІМ...

Қазақ өнерінің қара шаңырағы – М. Әуезов атындағы театрды ел-жұрт өзіне етене санап, «әкем театры» деуші еді. Қ. Қуанышбаев, Е. Өмірзақов, С. Қожамқұлов, К. Қармысов қатарлы ақсақалдарымыз бақилық болған соң, С. Майқанова, Б. Римова, Ш. Жандарбекова, Х. Бөкеева сынды абзал аналарымыз қара шаңырақтың қасиет-киесін сақтап қалды. Сол тұста Сәкен сері: «Бұл енді әжем театры», – деп еді. Сол әжелердің де қазір қатары сиреді.

1982 жылы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтының 4-курсында оқып жүргенімде мен М. Әуезов театрының Кіші залында грузин драматургі Лаша Табукашвилидің «Арманымның ақ құсы» атты пьесасын қойдым. Институттағы ұстазым Әзірбайжан аға (Мәмбетов) театрдың директоры әрі бас режиссері болып тұрса да маған жеңілдік жасай қойған жоқ. Спектакльге арнайы бұйрық шығарылмады да, қаржы бөлінбеді. Бәрін де бастамалық негізде, жұмыстан тыс уақытта атқаруға тура келді.

Сол кезде театрдағы өз істері қауырт болса да, Елена атты кейуананың рөлін ойнауға Бикен апа мен Хабиба апа (Елебекова) келісім берді. Бұл маған қай жағынан да үлкен қолдау болды.

Театр актерларының тірлігі мазасыз. Түске дейін репитицияда, кешкі бестен спектакльге келеді. Тыным алуға берілген бір-екі сағатын жырымдап, мен студенттік спектакльмді дайындаймын. Тілектес, Жұмагүл, Төлеубек сияқты жас актерлармен бірге үлкен апаларым да шақырған уақытымда сахнадан табылып, жан-жағымнан ақыл-кеңестерін айтып, мені өз балаларындай қамқорлыққа алды. Спектакль сәтті шықты, жеті-сегіз маусым театр сахнасынан түскен жоқ.

Пьеса грузин өмірінен болған соң сол елдің өмір салты біраз зерттелді. Грузинше «батони» – князь, «калбатони» – княгиня екен. Ақсүйек кемпірді ойнап жүрген Бикен апамды мен Калбатони деп атап кеттім. Бір қызығы, ол кісі де мені «Калбатони» дейтін. Ер адамды «батони» деп атайтынын айтып ем, құлақ аспады, солай қалыптасып кетті. Кейін жария

заманда Бикен апа өз өмірінен біраз сыр ақтарып жазды ғой. Мен білгендей «Калбатони» деппін. Ол кісі, шынында да, шынжыр балақ, шұбар төстің тұқымы екен.

Хабиба апамның да текті жерден шыққанын білгенмен, екі апамды бір атпен атамайын деп, ол кісіні «Хабиба Қарақбаевна» дейтінмін. «Әкемнің атын сен ғана ауызға аласың» деп апам батасын жаудыратын.

Қазақтың еркек-әйелінде өзім көрген екі шешен адам бар. Бірі – Сәбира апа, екіншісі Бикен апа еді. Бұл кісілер қанша ұзақ сөйлесе де сөз қайталауға, бір ойды қаузай беретін мезілікке ұрынбайтын. Тың ой, бейнелі сөз, адам естімеген қайдағы ескі мақал, сөз тіркестерін түйдек-түйдегімен тастайтын. Нағыз дала Демосфендері еді. Шешен атанып жүрген кейбір замандастарым бұл кісілердің қасында әншейін ділмарлар ғана.

Бикен апа шешендігін ауызекі ғана емес, қалам қарымымен де танытты. Тырнақалды дүниесі – инсценировка түрінде жасалған «Абай – Әйгерім» пьесасы. Пьесаны тұңғыш сахналаған режиссер Жақып Омаров ағама мен ассистент болып едім.

Алғашқы жазба дүниесі сахна төріне шыққан сәтте Бикен апа тұңғыш сәбиін қызықтаған анадай ерекше бір мейіріммен шабыт құшағында жүрді. Премьерадан соң апамыз жайған дастарханда таң ағарғанша мазмұнды бір кеш өткізіп едік. Қазір Бикен апам да, Жақып ағам да, Абай ролін ойнаған Әнуар Боранбаев, Әшірәлі Кенжеев ағаларым да бұл дүниеде жоқ. Жандары жәннатта болсын! Жүрекке нұр, жанға қанат бітірген сол шырақты сәттерді бұл күнде шексіз сағынам.

Бикен апаның 60 жылдық тойы «Жетісу» қонақ үйінің ресторанында дүркіреп өтті. Әбділда ағамыз жеңгесіне жыр арнады. Қарт ақынның рұқсатын алып, мен де той иесіне арнаған өлеңімді оқып едім. Ол өлеңнің қолжазбасын кейін таба алмадым, мүмкін апамыздың қағаздарының арасынан шығып қалар. Онда: Шахмет аға – Ақан сері мен Біржан салдың інісі, сондықтан сіз Ақтоқты, Ләйлім-Шырақтардың абысыны боласыз деп жырлағаным есімде.

Кейін қазақ теледидарында істеп жүргенімде Бикен апа туралы хабар түсірілетін болды да, редактор Ұлбосын Айтөленова екеумізді апамыз үйіне шақырды.

Өнердегі өресі биік, өмірде кергуі жоқ, аралас-құраласта да емен-жарқын, тартымды адам еді. Сурет толы альбомдары мен ескі газет қиындыларын алдымызға жайып отырып, өз өмірінің небір тауқыметті шақтары мен өнердегі асу-белестері жайлы сыр тарқатып еді. Түсте басталып, іңірге ұласқан ұзақ кеңесте апамыз Шахмет аға жайлы тебірене толғап еді. Ол кісінің есімінің өзін ауызға алғанда аялап, еркелетіп отырғандай көрінетін.

1996 жылы Шахмет ағаның 90 жылдық тойын өткізуге Бикен апа Көкшетауға келді. Тобында Жазушылар одағының екінші хатшысы, ақын Темірхан Медетбеков, өзінің ұлы, көрнекті ғалым Көбей аға бар екен. Көкшетау театрына Шахмет ағаның есімі беріліп, қаладағы той шаралары ағаның туған жері – Айыртау ауданында жалғасты. Көптен көрмей, сағынысқан асыл ананың тобында жүріп, абзал ағаның 90 жылдығын тойлау да бір ғанибет қой.

Той дүрмегінің бір толас сәтінде, Саумалкөлдегі «Ақтоқты» қонақ үйінің ауласындағы орындықта әңгіме-дүкен құрып отырғанымызда Бикен апа сөмкесінен бір сурет алып көрсетті. «Мынау менің Хасенім, – деді. – Зіңгіттей азамат болған шағында бізді тастап жүре берді. Аңырап қалдым артында...».

Апамыз сөзін аяқтай алмай, кемсеңдеп жылай бастады. Хасенді мен білуші едім. Ертеде, мен театр студиясында оқып жүргенімде театрда жұмыс істеген. Сол кезден таныс едік. Алайда, қайтыс болғанын естімеппін. Апама көңіл айтып, сабырға шақырдым, дегенмен, арыстай ұлының қазасын азалап отырған қарт ананы жұбатарға амал таппадым. Сол кезде той иелері – аудан басшыларының қарасы көрінді. Ол кісілер келіп, аман-саулық сұрасып, тойдың ендігі жоспарымен таныстыра бастады. Апама қарасам, бойын жиып алыпты. Әлгінде ғана жанын езген аналық қасіретін шертпегендей, айыртаулық қайныларымен емен-жарқын әңгімелесіп тұр. Апамыз өзін қай ортада қалай ұстайтынын өте жақсы білетін. Әлгі бір оңаша сәтте, мені өзімсініп, сәл-пәл шер тарқатқаны екен.

Ертеңіне, қонақтар Алматыға аттанар алдында облыс әкімінің орынбасары, белгілі дәрігер, елдің сыйлы ағасы Болат

Сүлейменұлы көл-көсір қонақасы берді. Сол күні апамызды шығарып салып тұрып, мен ол кісіге соңғы рет қол бұлғаған екем...

Өнер жолында шарапаты тиген, анамдай еркелеткен Бикен апаның арты еліне қайырлы болды, алды өзіне жарық болғай! Жаннаттан жайы болсын!

05.03.03



Повесть



КЕЛЕР ЖЫЛЫ ЖАЗДА

Атқа қонғасын-ақ артына бұрылмауға тырысады. Тоз-тозы шығып, күні еңкейген аядай ауылына ат үстінен айналып бір қарағысы келмейді. Қарады-ақ, көңілі құлазып сала береді. Жанына демеу тұтар еш қара таппай қиналатыны бар. Ата-жұрттың топырағына кіндігі байланып өскен саналы жігітке бұдан асқан азап та жоқ сияқты. Үш-төрт жыл бұрын қарлығаш салған ұядай ыстық тартатын ауылының бүгінгі кейпі күз реңінен де сұрықсыз сияқты. Қарамауға тырысататыны сол.

...Енді байқады: таң сәріде бозқырау түссе керек. Айнала теңбіл-теңбіл тілшеленіп жатыр. Егін-шөп орылып-төгіліп біткен. Сирақтағы малға өріс кең. Табынын Қараайғыр шоғына таман беттетіп салды да, өзі ілбіп, соңына түсті.

Айнала ойдым-ойдым орман әзірге тәндерін жапырақтан жалаңаштап болған жоқ. Жер-дүние ала тайдың терісіндей. Алдындағы совхоздың бір табын сиырынан басқа мал иесі көрінбейді. Тіпті құс екеш құс та ұшпайды. Орман сыртында сүдігер жыртып жүрген тракторлардың гүрілі естіледі. Қарға біткен солардың соқаларына еріп жүрсе керек.

Тізгінді ердің қасына іле салды да, керзі етіктің қонышындағы кітабын алып, енді соған бас қойды. Астындағы жирен ат қаз аяңынан танатын емес. Өзге малшылардың көлігіне ұқсап әзірге ерқашты бола қойған жоқ. Дегенмен, мал соңындағы күнделікті күйбеңіне көнбістік танытып келе жатқан, әсіресе, үркектігі жоқ.

Әлденеден көңілі алабұртып, кітап бетіне тұрақтай алмады. Ойы сынаптай бытырады. Апатайының қаймақ қатқан қызыл

күрең шайынан соң ұйқысы қашқан секілді еді. Енді көзіне ұйқы тығылып келеді. Кітабын етіктің қонышына сұғып жатты.

Қара іздеп айналасына көз жүгіртті.

Көргені – бәденесіз далада бейберекет кезіп жүрген бәдәуи желіне көркін алдырған ормандар, алабажалақ алқаптар.

Аспан күмбезінің батыс бүйіріне аздаған бұлт үйіріліпті. Жел жетегіне еріп, бері таман өрлеп келеді.

Табыны көзге көрінбеді. Қарайғыр шоғына еніп кетсе керек. Тап бір жұтылып кеткендей жым-жылас. Дегенмен, дегбірі қашпады. Егінге түсіп кетеді деген кез емес, несіне сасады?! Өзі де шоққа жетіп қалыпты. Шоқтың бергі қолтығында ұзындығы он бес қадамдай терең жыра бар еді. Жыраны бойлай өскен кендірмай екен. Сабақтары да сорайып ат алқымын қасиды. Бұл жер алаңқайдағыдай емес, ықтасын екен. Атынан түсіп, ауыздығын алды да, отқа жіберді. Тұсаған да, шідерлеген де жоқ. Есті жануар қашу дегенді білмес.

Қалтасынан бәкі суырып, безі бұлтиған мама қайыңнан бұтақ кесіп алды да, ысқырғыш жасауға кірісті. Ол қиын шаруа емес, тез бітірді. Бір-екі рет ысқырып көрді де, үні шырылдап таза шықпаған соң, лақтырып тастады.

Жалғызсырап, зерігейін деген бе, қалай?..

Тағы да жан-жағына көз жүгіртті. Өзгерген ештеңе жоқ, бәзбаяғы қалпы. Алайда... күздің осындай сұрықсыз күнінде де, қыста қар құрсауында үнсіз мелшиген өлі күйінде де Елжан бұл өлкені жатырқап көрген емес. Түңіліп, жек көрген де сәті жоқ. Жаңа көргендей ормандарына таңырқай, елжірей қараған кездері ғана есінде. Әр қайыңнан, әр шөптің сабағынан қашан да бір жақындық сезеді. Бүгінгі түскен бозқырау да өз көңілінің аптабынан ерігендей көрінді.

Жер әлі дегдіп үлгермепті, бусанып тұр. Көрпеше төсеп отыруға да болмайды. Арқасын қызыл қайыңның діңіне сүйеп жүреледі. Оқымайтынын білсе де қолына кітабын алды, Хэменгуейдің «Мұхиттағы аралдары» еді. «Маған жалғыздықты үйреткен сен ғой, Хэм» деді күбірлеп. Алайда сауын сиырда жүргенімде көңілдірек еді. Екі табынды төрт кісі бағамыз. Тәулігіне екі мезгіл сауыншылар келеді. Күні бойы екі трактор су тасиды. Ырду-дырдумен уақыттың қалай өтіп кеткенін аңғармай қаласың.

Секіш сұмырай болмағанда әлі сонда жүре беретін ем. Жә, уайымдайтын ештеңесі жоқ. Енді бір-ақ ай қалды. Ар жағында мал қораға кіреді.

Ойын тырна дауысы бөлді. Елжан қайыңның тасасынан шығып, көкке үңілді. Екі топ тырна үш бұрыш болып тізіліп алып, жосып барады екен. Дауыстап өлең айтты:

Жаз өмірін, мәз өмірін қысқартып,
Бара жатыр, бара жатыр құс қайтып...

Жирен ат елең етіп құлағын қайшылады. Тырналар бұрылып қарағаң да жоқ. Бұл оларды әнімен ұзатып салды. Сол шақта төбесінен қаңқылдап екі қаз өтті. «Бұлар не қып тобынан жырылып қалған? Екеуден-екеу аспанды оңаша иемденейік деген болар. Бірінің қанат сусылын бірі естіп ұшса болды емес пе бұларға? Махаббат мәселесіне келгенде жағдайлары менікінен жақсы. Бұлар – екеу, мен – жалғыз. Қасымда Қымбат болса, қаздар маған қызығар еді. Жирен ат, сен де қызығар ең...».

Қымбат сол жазда Омбыдағы медицина институтына түсті. Бұл КазПИ-ге бағын сынады. Құлады. Қайтып келді.

– Құладың ба?

– Құладым.

Әкесі екеуінің бар сөзі осымен бітті сол күні. Өзге жұртқа да шешіліп тұқ айтпады.

Жаз бойы дамыл көрмеді. Екі сүйрем отын шауып әкелді. Бұтады, текшелеп үйді. Екі қысқа жетердей етіп шөп шапты. Оны да дәудің бөркіндей қып шошайтып үйді. Қара күзде әскерге шақырылды. Аттануына үш-төрт күн қалған шақта Есіккөлден электричкаға мінді де, Омбыға тартып кетті. Күні бойы екеуі Ертіс бойын шарлады. Кешкі электричкамен бұл ауылға қайтты. Дәл жүрегінде Қымбаты:

– Күтем... сүйейік... – деп, қол бұлғап қала берді. Сертінен таймады. Құшағын гүлге толтырып алдынан шықты. Нәркес көзден қуаныш жасын төге тұрып, дәл бір діндар әжелердей:

– Тәубе.. – деді.

Бұл күлді, ол да күлді. Екеуі қосыла күлді. Сөз жоқ, бүгін де күлер еді. Амал не? Бұл атқа қонды.

Ойлап тұрса, өткеннің бәрі көрген түстей екен. Ертегідей түс екен. «Өткен өмір – көрген түс, өткен өмір – көрген түс» деді бұл күбірлеп. Түсінен Байсал оятты:

– Әй, атыңның ауыздығын алсайшы, – деді дауыстап.

Қапелімде жауап айту қаперіне кірмепті, алды-артына сасқалақтай қарады.

Сауын бітсе керек, сауыншылар мінген машина тербеліп, ұзап барады. Тобыл мен Сәрсен өз табындарын екпе ағашқа беттетіп салып, темекінің түтінін будақтата үрлеп, үзеңгіні қағыстырып, қатар кетіп барады. Күн етегі көкжиекке қоныпты, қызыл жалыны орман үстін манаурата шарпиды. Аты темір науадан су ішіп тұр екен, тез түсіп, ауыздығын алды. Байсал да бұлардың табынын Тобыл мен Сәрсеннің ізімен беттетіп барады. Суарып алып, атының ауыздығын салды да, шоқыта жөнелді.

– Байеке, менде бір идея бар.

– Е... аш тығынын, құй стақанға.

– Қазір малды мен бағып қайтайын. Сіз ұйықтаңыз...

– Дәлші...

– Тек түнде мені ауылға жіберіңіз.

– Ие, неге?

– Жағдай боп тұр.

– Тыныштық па, әйтеуір?

– Тыныштық.

– Қашан қайтасың?

– Таңғы сауынға дейін қайтам.

– Бопты. Тек сауыншылардан бұрын жет.

– Өлме, бірақ жет. Бір «Барматуха» ала қайт.

– Болсын.

Байсал бұрылып, қосқа беттеді. Бұл табынын айдап, екпе ағашқа енгізді де, орай шауып алдынан шықты. Екпе ағаштан әрі жарты шақырым жерден сыңсыған қарағай басталатын. Тобыл мен Сәрсеннің табыны сол екі алаңқайда екен. Екеуі аттарынан түсіп, шалғында шынтақтап жатыр. Аттарының ұзын шылбырларын білектеріне орап алыпты. Жортып қастарына барды.

– Төрлет, – деді Сәрсен.

Елжан атынан түсіп, екеуінің ортасына етпеттей кетті.

– Дәм ауыз ти. – Сәрсен алдына темекі тастады. Бұл біреуін ерніне қыстырды. Тобыл үнсіз тұтатып берді.

– Шал қайда?

– Ұйықтауға кетті.

– Түсіндім, – деді Сәрсен. – Мен бүгін ол шалды қатырам.

– Қалай қатырасың?

– Шұрқ етпе, өзім білем.

– Саған жалғыз қиын ғой, екі табынды қосып бағайық, – деді Тобыл гүж-гүж етіп.

Елжанның көкейіндегісі де сол еді. Қуанып кетті...

Екі-үш сағаттан соң бұлар малды қосқа айдады. Сәрсен шалды «қатыра» алмады. Бұлар барғанда ол ояу екен. Науаларды цистернадағы сумен толтырып қойыпты. Қаталап келген қалың сиыр жапа-тармағай соған бас қояды. Мосыда шәйнегі қайнап тұр. Демдеп те қойыпты. Жуас сиырлардың бірін ұстап, сауды. Сүтін сүзіп, шәйнекке құйды. Вагондағы столды далаға шығарыпты. Оттың жарығымен отырып үшеуі шай сораптауға кірісті. Елжан ауылға асықты.

Алдымен көзіне түскені – ағаш арасында маздап жанған от.

Алдымен құлағы шалғаны – от басында шырқалған ән. Атына қамшы басты. Селдір орманның бір қабат ішін ала отырып, алтыбақанға жетті.

Бір қыз, бір жігіт алтыбақан үстінде. Келесі кезекті күткендер оларды тербетіп тұр. Бұлардың алтыбақандарының құрылуы атына сай бола бермейді. Қатар өскен екі теректің айырбақайына көлденең жуан сырық салып, арқан тартады. Мәткесі биік болған соң, алтыбқан тербетілген кезде әуелеп кетеді. Өзге жастар от айнала алқа-қотан отырысып, ән шырқауда. От тым жарық екен. Біреулер покрышка әкеп жағыпты. Қара түтіні будақтап, шатырлап жатқан сол. Жағалай жығылған діңгектердің үстінде отырып алып, әңгіме соғып отырғандар да бар. Бес-алты жігіт жырым-жырым ескі картамен «сәка» ойнап отыр. Алтыбақан алаңы ұядай сезіледі. Елжан осының бәрін тез қарап, шолып шықты да, көзбен іздеп тапқаны Қымбат болды. Бала күндерінен бірге өскен Ақлима дейтін қыз бар еді. Сол екеуі қолтықтасып, әнші топтың шетінде, отқа жақын тұр екен. Елжан келген бетінде сұғынып отқа жақындамай, алаң штіндегі қызыл қайыңның тасасына тоқтап еді. Бәрі өзімен өзі, бұның келгенін аңғарған пенде де болмады. Түн ортасы боп қалғаны да, ешқайсысының қаперіне кірмейтін сияқты.

Бір ән аяқталып еді. Сол кезді күтіп тұрған Елжан аттан түсіп, жұртқа бой көрсетті. Бәрі бұнымен жамырай амандасты.

Дауысы бір сыдырғы тәуір еді, қыздар жағы бұдан ән қолқалады. Домбыра жоқ, гитара бар екен, соған қосылып ән айтып берді. Қашан тілеуіңді бергір Ақлиманың арқасында сытылып оңаша шыққанша, бұл Қымбатқа, Қымбат бұған жақындай алмады. Ауылда өскен қыз-жігіттің жұрт көзіндегі дағдылы қымсынысы. Оңаша шыққан соң екеуі де бірден тілге келе алмады. Арада өткен алты айғы сағыныш сөйлеуге мұрша берместей еді. Елжан өз сезімінің тіл байлардай ыстық толқын атып мұншалық тасыған күйін бұрын-соңды бастан кешпепті. Қымбатын құшақтап алды. Бірақ сүюге батпады. Сүйтіп тұрғанда қыз мұның бетінен сүйіп алды. Бұл сасқалақтап қалды да:

– Ауылда қанша боласың?

– Бір ай.

– Аз ғой...

– Иә, аз. Сенде ертең жұмыс па?

– Кешке келем ғой.

– Бүрсігүні не істейсің?

– Күндіз боспын.

Құшақтарын жазбаған қалпы екеуі осылай қысқа-қысқа жауап қатысты. Бұл батылданып алды да, қыздың ернінен ұзақ сүйді.

– Бүлдіргені піскен шығар? – деді Қымбат сәлден соң.

– Тұнып тұр.

– Теруге қашан барамыз?

– Бүрсігүні.

– Бірінші майда қайда болдың?

– Ауылда.

– Маған келмедің...

– Қол тимеді.

– Сағындым...

Бұлар ауылға беттеді. Аяңдай басып Қымбаттың үйіне жетті.

– Қайырлы түн!

– Қайырлы таң де!

– Қайырлы таң!

– Рахмет...

– Неге кірмейсің? Тоңдың ғой...

– Сені шығарып салайын да...

– Аттандырайын де.

– Аттандырайын.

Қымбатын қатты қысып бір сүйді де, ауыздығы сылдырлап соңынан еріп келген атының үзеңгісіне аяқ салды.

– Қош!

– Қош!

Үйіне соғып, Байсалдың тапсырған «Барматухасын» – бір жарты қызылын алды да, Таласқоңырға бет түзеп, жортып кетті. Көңілі тасып, ән салды:

Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,
«Қош, қалқатай!» дегенің естен кетпес...

* * *

Жаздың жылы, жарық түні. Селдіреген ақ түбіт бұлттардың арасынан сүт толы керсендей аппақ ай баяу ілбиді. Мамыражай тыныштықты сиырлардың бырт-сырт күйіс қайырғаны ғана бұзады. Лекілдеген ақжал самал табын жақтан жас шалғынның иісін әкелді. Шәуілдеп Сәрсеннің Ақтөсі үрді. Ол өз табынын күзетіп, арғы бетте жатыр. Жұқа тақтай вагоннан Байсал мен Тобылдың жарыса шыққан біркелкі қорылдары естіледі. Сәрсен ауық-ауық Ақтөсімен «тілге кеп», үн беріп қояды. Орманнан шілдеқоңыз шырылдады. Үні талып жетеді. Шөпке қонған жұлдызқұрт тым жиі сияқты. Шашыраған жақұттай жарқырап көзге ұрады. Аспаннан жұлдыз ақты. «Жұлдызым жоғары» деді дұға оқығандай күбірлеп.

Жұлдызды көкке телміріп жатып, тағы да Қымбатын ойлады. «Қазір тәтті ұйқының құшағында жатқан болар» деді. Жастығына жығылған айдың жарық сәулесіне ақмаңдайы жарқырап, иығынан түскен қолаң шашы төсін жауып, тыныстаған сайын қос анарымен бірге әлсіз діріл қағып... Қымбаттың ұйқыдағы балбыраған кейпін көз алдына елестетті. Сол елестен көңілі кәдімгідей жадырап қалды. Қымбаттың енді үш жыл оқуы бар. Соған қарамай, келер жылы жазда үйленеміз деп екеуі сөз байласты. Бойдақ жігітке үйлену жайлы ойлану қашан да қызық, қашан да тәтті емес пе? Елжан да қиял шыңына бойлап кетті. «Мен Омбыға барып жұмысқа орналасамын. Пәтер жалдап тұрамыз. Ел қатарлы отау құрамыз. Қымбат оқуын

бітіргесін ауылға келеміз. Бөпеміз болады... Бөпе? Қымбаттың оқуына кедергі болмай ма?.. Болғанда қандай... Е... апатайым бар емес пе?! Тұңғыш немересін өзі алып бақпай ма?..». Осыны ойлады да, бөпесінің Қымбатқа қолбайлау болмайтынына, апатайының тұңғыш немересін өз бауырына басатынына қуанып та қалды. «Шіркін, Қымбат!..» деді бір кезде. «Өзіңдей боп жан тумас, туса туар – артылмастың» өзісің ғой сен. Сондай екеніңді білемісің?». Бұдан арғы ойының дәмі қайта бастағанын өзі де сезді. Қызығы да, тәттілігі де сұйыла берді. Өйткені, соңғы кезде Қымбаттың жанында бұл өзін өзі қомсынатынды шығарды. Бұрын ондайы жоқ еді. «Неден екен, ә! – деді. – Оқымай қалғанымнан, малшылығымнан қорынам-ау, тегі. Алайда, сенің маған асқақтық көрсеткен жерің жоқ. Соныңа ризамын, Қымбат. Әкем маған «Сырттай оқуға түс» дейді. Түскім келмейді. Сол, түскім келмейді. «Неге?» деме. Неге екенін өзім де білмеймін».

Мойны ауырып қалыпты, ерін дұрыс жастанбаса керек. Алайда асты жұмсақ, төсегені Байсалдың түгі қалың ақ тоны еді. Желкесін сипалап орнынан тұрды. Бұның бас көтергенін сезіп, жайылып жүрген жирен ат оқыранып қоя берді. Табынын Таласқоңырдың шілігіне иіріп еді, бір-екі «қарасан келгірі» сонда еніп кеткен бе, қу бұтақтың сырт-сырт шағылғанын естіді. Қолына бишігін алып сонда беттеді. Жынысқа терең бойламай шетте жүрген екі сиырды қайырып әкеп, табынға қосты.

Аяңдап отырып Сәрсеннің қасына барды. Ол мана Байсалдың арбасын сүйреп әкелген. Екі аяғын екі жақтауға аса салып, соның үстінде жатыр екен. Ақтөсі шоқиып аяқ жағында отыр.

– Әй, келген қонаққа орын бермейсің бе? – деп Сәрсен итін нұқып қалды. Ақтөс секіріп жерге түсті.

– Итің ақылды-ау өзі, – делі бұл жайғасып жатып.

– Кейде адам сияқты.

– Ойпырмай-ә!

– Рас айтам. Кейде Тобылға ұқсап, подлецтеніп кетеді.

– Ит кезінде қандай?

– Ит кезінде қапысы жоқ адал... Қой, қырта бермейін, одан да жағдайыңды айт.

– Не жағдай?

– Қашан үйленесің?

– Ендігі жылы.

– Ыһм, – деп, Сәрсен аз-кем үнсіз қалды да: – Тыңда, – деді сәлден соң.

– Иә, – деп қалды бұл да тынып.

– Мен сенен бір көйлек болса да бұрын тоздырдым ғой. Әрі доспыз, шын ақылымды айтам: сен осы жаздан қалдырмай үйлен.

– Неге?

– Неге дерің бар ма? Ендігі жылы деген бос сөз. Іс емес, сөз. Былтыр Нұргүл екеуіміз де ендігі жылы үйленеміз дегеміз...

Сәрсен кідіріп қалды.

– Ол биыл оқуын бітірді. – Тағы кідірді.

– Білем ғой, – деді бұл ыңғайсызданып.

– Білсең сол, қазір күйеуі де, баласы да бар. Мені тотитып кетті. Ендігі жылы сен де тотиясың.

Елжан шындап абдырап қалды.

– Қойшы, – деді аузына басқа сөз түспей.

– Мен де былтыр ақыл айтқандарға қойшы дегем. Қой десең, қояйық. – Ұзақ уақыт екеуі де үндеспей қалды.

– Биыл біздің ауылдың қырманы жабылады деген сөз бар, – деді Сәрсен бір кезде.

– Онда не тұр?

– Қымбаттың әкесі отыз жылдан бері қырманшы емес пе?

– Болса ше?

– Қырманды жапса, бұл ауылдан көшем дейтін көрінеді.

– Әшейін қауесет шығар.

– Мүмкін. Бірақ қырманның жабылатыны рас. «Надежкаға» көшіріледі. Ауылдан қырман көшсе, «қайын атаңның» да көшіп кетуі ғажап емес.

– Омбының мединститутын көшіріп әкетер деймісің? – деді Елжан кәдімгідей ширығып. Сәрсен қарқылдап күліп жіберді.

– Ол солай ғой. Бірақ Омбыда жігіт жоқ деп кім айтты? Біздей малшылардың көкесіндей жігіттер бар шығар. Солар...

Сәрсен қанша зілсіз айтқанымен де, сөзі Елжанды булықтырып жіберді.

– Қыртпай отыршы, – деді бұл түтігіп. Сәрсен аңырып қалды. Аң-таң боп, бажырая отырды да, қалтасынан темекі алып тұтатты. Содан қайтып бұған аузын ашпады. Шалқалай кетіп, темекісін бұрқыратып жата берді. Бұл мелшиіп отырып қалды.

«Сол жаздағы ақымақтығым-ай!» дегенде Елжанның есіне осы әңгіме түсуші еді. Сөйтсе, Сәрсен бұның болашағын әулиедей болжап айтқан екен-ау. «Қыңыраймай соның тілін алуым керек еді» деп бұл кейін сан рет күйінген. Күйінгенде: «Сол жаздағы ақымақтығым-ай» дейтін. Сол жазда жайылып жүрген жирен атқа таласып, зоотехник Секішпен жанжалдасып қалды ғой. «Жанжалдасып» деген жұқалап айтқанға ғана, әйтпесе екеуі шындап төбелесті. Жиырма бір сауыншы мен үш малшы куә. Кінәлі Секіш, Елжан емес. Әуелі боқтаған ол, бұл емес. Әуелі қол жұмсаған ол, бұл емес. Алайда Секіш бар зілін кейін көрсетті, зәрін кейін төкті. Мұның соңына шырақ алып түсті де, ақыры Түмен облысындағы атгонға жібертті. Атгонның жағдайына риза болған малшыны бұл ауыл білген емес. Сәрсеннің айтқаны бұлжымай келді. Қырман жабылып, «Надежкаға» көшірілді. Айналасы бір жұманың ішінде бұның «қайын атасы» көшіп кетті. Бұл бармаған алыс облысқа. Ол – ол ма, қиын тигені сол: Қымбат Целиноградтың мединститутына ауысты. Бұл жайдың бәрін қара күзде, атгон сүргіні таусылған соң бірақ естіген Елжан шындап өкінді. Оңашада көзіне жас алғаны да есінде. Қымбатымен ес білгелі бірге өскен, есінен тана сүйген Қымбатымен қоштаса алмады. Жүзін бір көріп, қолын бір бұлғап қалуға да әддісі болмады. Содан бері көрген емес. Бір жылдай хат алысып тұрды. Соңғы үш-төрт хатына жауап болмаған соң, бұл да тыйылды. Ұзынқұлақтан естіді, тұрмысқа шығыпты. Баласы да бар дейді. «Кімге тартты екен?» деп қалды да, өзін өзі кекетіп мырс етті. «Кімге тартты екен... Мал соңында жүріп «қош» деуге жарамаған саған тартушы ме еді?». Қандыкөлдің шығар жолының оң қанатындағы жал ағашқа құрылған алтыбақан, Қымбатпен сонда барғаны, бұл күнде есігін кісі басындай қара құлыпқа күзеттіріп, шатырын бозторғайға ұя қып берген ескі клубқа, радиолаға «Сарафанная молваны» қайта-қайта қойдырып билегендері, билеп жүріп тілсіз тілдескені, көзбен аймаласқан сәттері, түн ауа үйіне шығарып салған сәттері... бәрі-бәрі есіне түсті де, жүрегі сыздап Қымбатын сағынды.

Ұнжырғасы түсіп, құлазып қалған екен, серпілгісі келді. Атын ұстап мінді де, тебіне беріп, шауып кетті. Шапқан бойымен ағашы селдір Қараайғыр шоғын тіліп өтіп басына шықты, табын жоқ, қара жолға түсіп алып, безі бұлтиған кіл

қайыңды орманды айнала шапты, тірелгені – екпе ағаш. Содан өткен соң барып, екі шақырым жердегі үйеңкілі орманға еніп бара жатқан қызыл сиырдың қарасын көзі шалды. Солай қарай бет қойды.

Ұшына тарамыс қаққан сегіз өрме бишігін жыланша ысқыртып отырып, тебіне беріп, малын қайта беттетті. Алға тым шығандап кеткен бес-алты сиырды тұяқтарын сыртылдата қуған бойы, меймілдетіп әкеп, табынға қайыра қосты. Өзі ілбіп, соңына түсті. Тағы да құлази бастаған соң, көңілін көтергісі кеп ән салды:

Шырмауық шығарында бас тартады,
Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады...

Таңдайы кеберсіп, сусап қалған екен, қанжығасындағы құлын жарғақ торсықтан тосап жатты.

Бірауық аспанға көз жүгіртіп еді, күн көрінбеді. Қорғасын бұлт іргесі серпілместей тұтасып алыпты. Жерде бұлк етпестен саңылаусыз өлі көлеңке жатыр. «Бесін ауған шақ-ау» деп уақытты мөлшерледі. Өріске сағат тауып шығу машығында жоқ. Өзінің қазіргі үзеңгі жолдасы Көлбай ақсақалдың «Сағатқа қарап баққан мал семірмейді» деп айтқан сөзіне бұл ден қойған.

Малды ауылға апарып суарсам ба деген ойынан лезде айныды. Айнығаны – қол созым жерде жатқан Қандыкөлге көзі түсті. Қандыкөл әлдеқашан суалып кеткен, бірақ ертеректе қазылған ескілеу котлованы бар еді. Діттегені сол болды. Әрі көл орыны бітік шалғын. Жерінің жарығы мен сыңсыған томарынан сескеніп, ешкім шалғы салмаушы еді. Қалың қау сіресіп тұратын.

Жер табаны құрғақ кезде бұлардың табыны осы Қандыкөлде болды. Күн суыта ауылға жақын ірге аудандарға да ай жарым мезгіл өткен. «Оты шұрайлы өрісті мал ұмытпайды» деуші еді Көлбай ақсақал. Рас екен, табынның басын бұрып, тұспалдап жіберіп еді, қалың сиыр Қандыкөлді бетке алып ентелеп берді.

Осы Қандыкөлдің бойында ертеректе «Жеңіс» дейтін колхоз болған. Құлдырап тарап кеткеніне де он-он бес жылдай уақыт өтіпті. Елжанның бала кезі еді. Біраз жай, әйтсе де, есінде қалыпты. Ұмытпаса, әуелі «Жеңістің» мектебі жабылды. Содан отыз шақты бала көрші ауылға қатынап оқыды. Бұнымен бір

сыныпта оқыған Арыстан дейтін сүйкімді қараторы томпақ бет бала бар еді. Сол бірде әкесінің көлік жібергенін күтпестен ауылына жаяу тартып кетті. Аузынан уыз дәмі кетпеген тоғыз жасар сәби ұл үйін сағынбай тұрсын ба?! Арыстан ауылдан шыққанда лекіп тұрған сырма боран өрекпи келе көз байлар шамаға жетеді. Бала адасады... Сібірдің алағай да бұлағай ессіз бораны үш күннен соң солығын басты. Арыстанның өлігі екі ауылдың арасын қалқалап, көлденең жатқан Үйкүйген тоғайынан табылды. Сол оқиғадан соң талай адам «қыстың көзі қырауда» демей-ақ, бұлардың ауылына – Қызылқайыңға көшіп келді.

Сол жылдың жазында «Жеңіс» колхозы даңқынан айырылып, Қызылқайыңның фермасы болып қала берді. Күзде қырманы көшірілді, колонкасы да істен шықты. Ауылдың іргесі түрілді, керегесі кертілді, ол да ештеңе емес-ау, шаңырағы ортасына түсті ғой. Ойлап тұрса бұның ауылының да іргесі түріліп қалыпты, керегесі кертіліп келеді. Оты өшкен соңғы күннің болдырғысы жоқ. Қолынан келері және жоқ сияқты. Бір кездегі ақшаңқан аумақты аулынан бұл күнде елу шақты-ақ түтін түтейді. «Неге бүйтті?». Осы бір ой көптен бері бұның жанына қамшыдай тиіп жүр. Мұндай кезде Елжан өзінің ауылда тұрмайтын ауылдастарын еске алушы еді. Оқуда жүргендерді түсінуге болады, «Ит тойған жеріне» деп, нәпақасын жат елден іздеп, атажұртта табан тіреп қалмағандарын бұл кешіре алмайды. «Ауылға қайт» деп үгіт айтып та көрді. Құлақ асқан ешбірі жоқ. Кейбіреуі мазақтап күлген.

Ұзақты күнін сайын далада жалғыз өткізетін адамның санасына нелер келіп, не кетпес дейсің? Елжанның ойы да әр өңірді бір шарлап, ақыр соңы «жұртқа ұлып қайтқан ойдың» кебін құшатын. Қазірде ойдан жалықты. Жарылардай іші пысты. Шоқытып отырып котлаванның дөңіне шықты. Көл табанында жайылып жүрген табынның ентелеген сабылысы байқалмайды, (от қалың болған соң ғой), қайтып ол жаққа алаңдамады.

Кермек ой өзін әбден қажытса керек. Соқтығарға қара таппай, дәл бүгінгідей жалыққан сәті жоқ шығар. Атын сауырлап жіберіп, біраз құйғытып алғысы кеп еді, жиреннің обалынан қорықты. Ырымшылдығы елден бетер еді. Дөң басында тұрып айналаға тағы да көз жүгіртті. Жартылай жалаңаш ормандар мен жартылай жыртылған даланың сұрқы тоят аларлықтай

емес еді. «Япырмау, – деді сыбыстап, – осы өлкеде жыртылмаған тулақтай жер қалар ма екен, бара-бара?! Әй, қалмас! Тақардың беталысынан сескенем» деп агрономды есіне алды. Секіш сияқты ол да бұның жиі қақтығып, қырбай кеп жүрген адамы.

Сол бір жылдың жазында бұл Тақармен де төбелесті ғой. Төбелес емес, майдандасудан да бұл да қашпас еді, амалы қайсы? Сол оқиға Елжанның жүрегін қанжардай тілгілеген. Есіне алса, ескі жара әлі де сыздайды.

Таласқоңырдан әріректе ит тұмсығы өтпейтін бір жыныс орман бар еді. Ішінде қотан аумағындай алаңқайы бар екен. Оған апарар жалғыз жол соқпаққа табыннан бошалап кеткен сиырын іздеп жүргенде кездейсоқ тап болып еді.

Соқпаққа түскен бетінде ептеп жүрексініп қалды. Сүйтсе де, ат айналуға келмейтін қалыңға бір еніп кеткесін, өз бойынан тәуекел тауып, тарта берген. Орман шеңбері қалың емес екен, алаңқайға тез шықты. Бұл араның шалғынына шалғы тимек түгілі, жан аяғы баспағанына да талай заман өтсе керек, белуардан келер қалың қау сіресіп тұр.

Атын тебіне берді де, тізгінін қалт тартып, тоқтап қалды. Ғұмыры бұлай қорқып көрмеген шығар-ау, жүрегі тулап, құлағы шыңылдады. Көзіне биік күмбезі бар, төрт құлақты мазар түсті. Одан әрірек биік бір үй тұр. Бұрылып ап, шаба жөнелуге де ойы кетіп еді, сәлден соң бойын жия бастады.

Енді аңғарды – қаңылтырмен шатырлаған еңселі ағаш үйдің тоз-тозы шығыпты. Көптен иесіз қалса керек. Тәуекелді қайық етті де, жиренін тебініп қап, солай қарай беттеді. Мазарға жетіп тоқтады. Күйген кірпіштен қаланған екен. Айналасын сабағы биік сасыр көмкеріпті. Аттан түсіп, ішіне кіруге дәті жетпейді. Шалдың баласы емес пе, ептеп ескіше қара танитын. Ақшаңқан құлпытастың жазуын оқыды. «Омар Есенұлы. 1918 жылдың шілдесінде қайтыс болды. Руы – Уақ, Шоға» депті.

Елжан әкесінен, басқа да көнеқұлақтардан естігенін жазып жүруші еді. Омар туралы жинаған деректері де бір дәптер болатын. «Омардың үш жүздей жылқысы болған. Қажыға да барған, болыс та болған». Заманында аты жүріп тұрған адам. Өзін сонау бір жылдары «көлік бермедің» деп Колчак әскерлері атып кеткен. Жалғыз ұлы Сәлім әкесінің басына бұл төңірек көрмеген мазар орнатқан. Ідіріс қажы өз қыстауының қасына жерленді. Ұлы Сәлім бар малын кедейлерге үлестіріп берген.

Осы елде алғаш мектеп ашқан адам. Қызыл Армия қатарында соғысқа да қатысқан. Омар мен Сәлімге байланысты басқа да көп жайды бұл әкесінің аузынан жазып алған еді.

Үйдің іргесінде шорам ба, қора ма, әйтеуір, бірдеңенің қираған үйіндісі жатыр екен. Терезелері көлденең тақтаймен шегеленіпті. Үй шатыры бүтін болса керек, іші құрғақ көрінді. Ауызғы бөлменің төбесінде көне тас шам ілулі тұр. Арғы есік жабық екен, ашып кіруге Елжан жүрексінді. Үйдің құрылысы да, әшекей-өрнегі де Елжанға таңсық көрінді. «Ағаштан да мынандай үй салуға болады екен-ау» деп ойлады. «Қалай сақтаған десеңші?!» «Бұл үйде отыз жетінші жылға дейін Сәлімнің өзі тұрды» деуші еді. Үй, әйтеуір, күтімсіз болмаса керек.

Елжан ертеңіне Омар қажының қыстауына Сәрсенді ертіп әкелді. «Осы керек-ау» деген бірер құралдарын да сайлап шығып еді.

Сәрсен Елжаннан гөрі батылдау көрінді. Ауыз үйге кідірместен, арғы бөлменің есігін жұлқып ашты. Қолшамын жарқылдатып, әрі өтті. Бүкіл бөлменің төбесінен тас шам салбырайды. Төргі үйде бір аяғы сынған сүйек керуерт тұр екен. «Омардан қалған жалғыз мүлік осы болар» деді Елжан.

Екеуі амалдап төбеге шықты. Шатырдың қақпағындағы қос жұдырықтай құлыптың пошымы бұларға таңсық көрінді.

Елжан зеректілік танытып:

– Мынау Николай заманының құлыбы ғой, – деді.

– Қой-ей! Бір орманшы тұрды демеп пе ең? Николайы несі?

Сәрсен құлыпты балтаның сыртымен бір ұрды.

– Тиме, сындырма!

– Е, неге?

– Экспонат қой.

Сәрсен тосын сөздің байыбына бірден бармаса да, досының көңілін қимаған болуы керек, құлыпты жайына қалдырып, қақпақтың тоспасынан ұрғылады. Ескі шегелер үдеген соққыдан үзіліп кетті де, бір шеті қиқайып, шатырдың қақпағы салбырап қалды.

Екеуі ішке түсті. Төбе ойылып кетеді дейтіндей емес, табан асты мығым көрінді.

– Сандық! – деді Сәрсен.

Сандық құлыптаулы екен. Елжан «Е!» деп үлгерген жоқ, Сәрсен саңылауға балтаның жүзін тығып, оқып басып қалғанда,

сандық тоспасынан ашылып кетті. Елжан қапелімде аузына сөз түспей абдырап қалды.

Сәрсен жайбарақат:

– Экспонатқа тигем жоқ, – деп сандықтың құлыпшасын нұсқағанда, бұл еріксіз күліп жіберді.

– Сандықтың ішінен қасын күмістеген ер мен айшықты жүген шықты. Бықыған ескі қағаздар көрінді. Сәрсен қолын сұғыңқырап жіберіп, қағаздардың арасынан шынжырын жарқылдатып тағы бірдеңені суырып алды да, қуана дауыстап жіберді:

– Оһо, медальон!

Елжан тағы да зеректік байқатты.

– Медальон емес, бұл болыстың знагы.

– Бұл да экспонат па?

– Әрине.

Қағаздардың астынан және бір экспонат табылды. Бұнысы киіктің сирағымен саптаған дырау екен. Сабында әдемі әшекейі бар.

– Мұның бәрін Қызылжардың музейіне өткіземіз бе, әй?

– Мүмкін... – деп, сәл тосылып тұрды да, Елжан осы сәт басына келген тың ойын айтты. – Мүмкін, осы үйдің өзін музей қылар... Сөйтіп ұсыныс жасап көрсек қайтеді.

Бір жетіден соң облыстық музейден комиссия келіп, экспонаттарды қабылдады. «Үйді музейге айналдыру мәселесін ақылдасамыз, шешеміз, жалпы перспектива бар» десті.

Содан соң Елжан ескі қыстауға жиі соғып тұрды. Малын да көбіне осы тұсқа жаятын. Бір күні Сәрсен, Тобыл, үшеуі келіп бейіттің маңайының шөбін шапты. Айналасы тазарған соң ескі мазардың кәдімгідей ажары кіріп қалды. Қыстауға арба жегіп келе алмайсың, жолы қысылма. Әйтпесе, алаңқайдың шөбін шауып, тасып алса да болар еді. «Ертең үйді музейге айналдырса, жолын аршиды ғой» деген бір үміт Елжанның көкейіне ұялап қалып еді. Сол үміті алдамады.

Малын қыстаудың алдындағы екпе ағашқа қаптатып сап, етігінің қонышындағы кітабына бас қойғаны сол еді, құлағына мотордың дыр-дыр еткен біркелкі сарыны жетті. Жазбай таныды, «Дружба» ток арасының дауысы. Қыстау жақтан келіп тұр. Кітабын қонышына зытыра сап, жиренге қамшы басты.

Қыстаудың алды қараң-құраң. Жүк машинасы мен «Урал» мотоциклы тұр. Көлеңкеде, арбасының қасында Тақардың қаңтарулы қара аты тұр шыбындап. Жеті-сегіз жігіт іске кірісіп кетіпті. Тар соқпақтың екі ернеуіндегі қалың жыныс ұстарамен қырғандай құлап-сұлап, жапырылып, кейін қарай ысырылып барады. Жігіттер лесхоздың орманшылары екең, ағаш кесуге машықтанғандары көрініп тұр, он кезедей сұғына бойлап барып қалыпты.

Атын отқа жіберіп, коридор тәрізденіп қалған қуысқа кірген бетінде аңғарғаны – сұлап жатқан қайың, теректің арасынан ескі жолдың қос табаны еміс-еміс көрінеді екен. Көп жыл адам жүрмеген соң, жол бойына иттей күшіктейтін жабайы ағаш сіресе қаулап өсіп кетсе керек. «Тегі үйді музейге айналдыратын болған ғой. Әйтпесе жолды аршымас еді. Несін айтасың, бұл бір керемет болатын болды. Тұрған жері ауылдан алыс та емес, он бес-ақ шақырым. Музей ашылған соң жол да, асфальт та салады. Келімді-кетімді кісілер көбейген соң басшылар да ауылдың көркіне бейжай қарай қоймас. Әй, несін айтасың, бұл бір керемет болды! Ауылымыз енді көркейеді...».

– Әй, Елжанбысың?

Мұны тәтті қиялынан ажыратып оқыс шыққан, оғаштау шыққан дауыс Тақардікі екен. Жүк машинасы сәл әріректе, мама қайыңның көлеңкесінде отыр. Қасындағысы – лесхоздың участок бастығы Әуелбек. Өз ауылдарының жігіті.

– Бері бас, бері! – деп мұны қасына шақырды. Әуелбек қатардағы орманшыдан өсіп, участок бастығы болғаны былтыр еді. Содан бері үстінен формасын тастамайды. Фуражкасының күнқағары жарылып кетті. Бояуы оңған кителінің түсін аңғару қиын. Егер бозғыл-жасыл, көкшіл-қара, ақшулан-қызыл, күрең-ақ дейтін түс болса, сол Әуелбектің кителінің түсі.

Кірпияздау Елжан Тақардың былжырап, терісіне жабысып қалған кір-кір нейлон көйлегін де көрмей қойған жоқ.

Екеуінің алдындағы газет – дастарханда орта канистр сыра, ортайған арақ, сарымсақ пен колбаса, рахаттанып отыр екен.

Неге екені белгісіз, ежелден-ақ Елжанның Тақармен жұлдызы қарсы. Ол да мұның өзіне деген ішін сезеді. Әуелбектің әпербақандығына мүсіркей қараса да, шолақкамшылығын бір түйремей қалмайтын. Қазір де солай болды.

– Сиыр бағып жүрсің бе? – деді Әуелбек қастарына таман өріп кеп қалған сиыры да, жайылып жүрген атын да көріп отыр.

– Жоқ, жылқы бағып жүрмін.

– Қой, мынау сенің сиырларың ғой... Қайдағы жылқы? Көріп отырмыз ғой.

– Ендеше неге сұрайсыз?

Тақар мырс еткен болды.

– Алып жібер...

Соны айтты да, Әуелбек те ыржиып күлген болды.

«Дружба» моторының бір сарынды дырылына үшеуі де азкем құлақ түріп отырысып қалды. Сықырлап, ыңыранып, аһылап, боздап, құлаған ағаштардың үні де келеді құлаққа. Кей-кейде адам даусына да ұқсап кетеді.

– Жігіттер қалай, ә? – деп, Әуелбек Тақарға бұлдана бір қарап қойды.

Ол кезде Елжан да басқалар сияқты малды сағатымен өргізіп, сағатымен жусататын. Байқап отыр, кешкі сауынның уақыты таяп қалды. Оның үстіне Елжан мал боздаса да, ағаш сықырлап боздаса да көп шыдай алмайтын нәзік емес пе? Отыра алмады. Мол дастарханға бейберекет шашылған бауырсақтай әр тұсқа өріп кеткен малының бас-аяғын жиып, қосқа беттеткелі орнынан тұра беріп еді, Тақар:

– Сен жарадың! Совхоздың жиырма бес гектар жерінің көзін ашып бердің. Наградаң мойнымда, – деді.

Шала кәйіп Елжан ол сөздердің байыбына барған жоқ, еңбегін бағалағанына ризашылық ишаратын жасады да, атына мініп, жүріп кетті.

Жаз басында үш күн толастамай төгетін «лақ сүмбіле» аталған ақ жаңбыр кеше іңірде басталған. Содан бері тынған емес. Ойнақтап құтырып ала жөнелмейді, тыныстап солығын да баспайды, тақтай вагонның төбесін бір леппен сабалап тұр. Малды түнде бұл бағып, күндізгі өріске Байсал кеткен.

Көз шырымын алсам ба деп еді, қысқы кеште әкесі айтатын қиссадай ұзақ сарыл ұйықтатпады. Не жатқан емес, не тұрған емес, әрі-бері дөңбекшігеннен де жалыға бастап еді, шапқылап Сәрсен келді. Жүрісі тым суыт көрінеді, су өтіп кеткен болар. Түтін жұтпаса мұрнын құрт жегендей болатын Сәрсен, темекісі таусылып қап, жауынға қарамай, өрістегі Тобылдың артынан кетіп еді.

Сәрсен вагонның есігін серпе ашып, қайта жапқанда жаңбыр үні бір сарынмен безілдеген жорға күйдің оқыс өрекпи қап, басылғандай үдей беріп, қайтадан өз сарынына түсті. Сол сарыннан жаңылмай сабалап берді. Сәрсеннің үсті-басы малмандай су. Етек-жеңінен сорғалап, вагонның еденімен жыланша жылжи жөнелді. Жақ жүні үрпиіп, жүзі бозарып тұр. Үрей ме, реніш пе, әйтеуір, бір қобалжу байқалады. Киімінің суын да сілкіместен ұзынша тақтай орындыққа отыра кетті. Бір жайсыз сөз көмейіне кептеліп тұрған сияқты еді, лақ еткізіп су төккендей ақтара салды.

– Мына Тақар жынданар, әй! Қыстаудың алдын жыртып жатыр... Үйдің өзін...

Бұл Елжанның күтпеген сұмдығы еді. Күтпеген сұмдықтың күтпеген соққысы Елжанды толқындай ұрып шайқап жіберді. Орнынан қарғып тұрып, курткасы мен күләпәрасын жүре киіп, вагоннан серпіле шықты. Ықтасында тұрған жирен аттың ауыздығын салуға да мұршасы келмеді. Иесінің алабөтен ширығуын сезген жирен де аяғы ілігер-ілікпестен ата жөнелді. Ойы тоқтай қалғандай. Бар санасын, өне бойын дүлей екпін билеп алды. Езілген май батпақтың тайғақтығына да қарамай, тұяғы бүрлі жирен де құйғытып келеді. Қарсы алдынан ұзын қос арба сүйреткен «Кировец» тракторы көрінді. Тиегені ескі бөренелер, шатырдың көне қаңылтыры. Тұсына келіп қалған тракторды тоқтатпақ болып, қолын сермеген еді, трактортшы мұны табалағандай, газды бір басып жіберді де, аңыратып өте шықты. Шұбаландаған қос арба шалшықты жерлерде бұлғаң қағып, билеп барады. Дұшпанның мазағындай көрінді. Ескі үйдің бөренелерін емес, Елжанның қолқа-жүрегін суырып әкеткендей. Көп те емес, аз да емес, осынау ғұмырында тап бұлай долданып көрмеген шығар. Жирен аттың сауырын қамшымен көміп-көміп жіберді.

Су жаңа «Қазақстан» тракторын жазбай таныды. Адырбек кекештікі. Ол – Тақардың балдызы, Елжанмен тұстас жігіт.

Алаңның шөбін шауып алыпты. Тақырланып қалған жердің қыртысын төрт тілді қара соқа жартылай аударып тастапты. Тақардың қара ниетіндей көрінген қара пар жылжи-жылжи алаң-аралдың аузына таман жақындапты.

Трактордың астына түсем-ау деген жоқ. (Ол үрей мұның санасына кейін ұялаған. Есіне түссе, әлі де шіміркенеді).

Дәл тұмсығының түбіне келіп, атын шыркөбелек айналдырып тұрып алды. Тас төбесінен гүрзімен ұрғандай, бір солқ етіп, трактор да тоқтады. Мотордың үні де өшті.

Ат үстінен секіріп, шынжыр табанға түсті. Қолында үлкен кілт:

– Ә..ә..әк..кеңінің, – деп кабинадан Адырбек те шыға берді.

Қаруын сілтеп үлгергенше, бұл оны шықшыттан ұрып жіберді. Құлаштамаса да қолы шоқпардай қатты. Адырбектің етженді тұрқы далбақтап кетті. Жыртылған жердің жұмсақ топырағына шалқасынан түсті. Тұйғындай атылып бұл да барды. Бара қос шеңгелді алқымға салды. Сілкіп-сілкіп, ерге екі-үш соқты. Адырбектің трактордан өзі ұшты, басынан кепкасы ұшты, тек қолынан кілті түспепті. Астында тырбаңдап, қолын сермелеп жатқанда, кілт мұның көз сүйегіне тиіп кетті. Елжан денесін оқ қапқан көкжалдай ширықты. Кілтті жұлып алып, Адырбектің алқымына тіреп қойды да, бас-көзге қарамай жұдырықтың астына алды.

Бүйірінен солқ еткізе тиген соққыны бұл аңдамады. Керзі етікпен шірене тепкен Тақар екен. Солқ етсе де, құламап еді, бірақ тұрып та үлгермеді. Тақар үстіне міне түсті. Екеуі алысып жатқанда Адырбек те тұрып алыпты, жүгіріп келіп, мұны тепкілей жөнелді. Тақар да түрегеліп, тебе бастады. Бұл бетін қос қолымен көлегейлеп, етпеттеп алды.

Әуелі ат тұяғының дүбірін, содан соң Сәрсеннің ақырған даусын естіді. Тақар мен Адырбек тыйылып қалған сәтте бұл атып тұрды. Сәрсеннің айғайына абдырай берген Тақарды тұрған бойда иектің астынан періп жіберіп, шалқасынан түсірді. Сәрсен Адырбекке ұмтылды.

Қалың орманның жартылай жыртылған алаң-аралында, «лақ сүмбіле» аталған ақ жаңбырдың астында екеуі ұзақ жұдырықтасты. Ауық-ауық Елжанның көзі жыртылып кеткен ескі үйдің орнына, жермен-жексен болған мазардың орнына түседі. Ширығып келіп Тақарды соққының астына алады.

Сәрсен мен Адырбек төбелестерін қойған. Алқа-салқалары шығып, екеуі екі жерде ентігіп тұр. Бұларды арашаламады да, болыспады да. Шыңғыра кісінеген ат дауысы шықпағанда бұлардың әлі қанша төбелесетінін кім білсін?.. «Иесі қастың аты қас». Шайнасып жатқан жирен ат пен Тақардың қара

аты екен. Салт ат жегулі атты шыдата ма?! Тарпу мен тістеу жирендікі, қорғану қаранікі.

Екеуі де аттарына жүгірді. Тақар бұрынырақ жетіп еді. Жирен ат тебуге оңтайланып, шегіншектеп жолатпады. Тақар атын делбесімен шегіндіріп, ажыратып алды. Жирен де иесі келген соң онша өршеленбеді.

Адырбек тракторын оталдырып, соқасын көтерді де, тайып отырды. Тақар да атын бұрып алып, соның ізіне салды. Жолға түсер-түспестен, арбасын салдырлатып шаба жөнелді. Атын ұстап мінді де, соңынан бұл шапты.

Сәрсен екеуі Тақарды ұзатпай қуып жетті. Қапталдаса бере:

– Әй, нақұрыс! Әкеңнің салып берген үйі бар ма еді, бұзып алатын?! Музей қыламыз дегенін естідің ғой, – деді.

– Айдалаға не қылған музей?

– Әй, надан! Абайдың музейі де айдалада... Неге жыртқыздың, кім саған жырт деген?!

– Жыртсам, совхоздың жерін жырттым.

– Зиратты неге жырттың?

– Онда кімің жатыр еді?

– Не оттап келесің, әй! Кім жатқанын білмеуші ме ең?

– Білгенімде не тұр?

Таяқты көбірек жесе де Тақар танауы тойтарыла қоймапты, қиястанып келеді. Ашудан түтіккен Елжанның аузына сөз түспей қалды. Тақар бастырмалата жөнелді.

– Ол жер жыртыла ма, жыртылмай ма, музей ашыла ма, ашылмай ма, соның саған қандай қатысы бар? Музейсіреп бара жатсаң қалаға кет. Бұл ауылдың шаруасы саған тіреліп тұрған жоқ. Одан да алдыңдағы малыңды біл!

– Мен қалаға кеткенде, осында қалып, ауылды көркейтетін сен бе?

– Сен бе көркейтетін? Бір дипломың болса екен-ау.

– Түкірдім сенің дипломыңа!

– Мен де түкірдім сенің құрығыңа.

Алайда Тақар құрыққа түкіре алмады, үстіне жыланша ысылдап қамшы жауып кетті. Мұны Сәрсен әріге жібермей ұстап қалды.

Сол сағатта да, кейін он бес күн бойы аудандық милиция бөлімінің ауласын сыпырып жүргенінде де «бекер сабадым-ау, артық кеттім-ау» деген ой Елжанның басына келген емес.

Тақарға деген бір кегі көкірегінде қара қандай ұйып қалып еді. Милицияда отырғанында Сәрсен іздеп келді. Сол айтты: облыстан музей ашу жөніндегі қаулымен сол баяғы комиссия тағы да келіпті. Совхоз орталығынан қайтса керек. Ескі қыстаудың алаң-аралына соқпапты да. Тақарға да бір тықыр әуелде таяған екен, кейін іс аяғы сұйылып кетіпті. Бұл хабарды естігенде Елжан шарасыздықтан бармағын тістеді.

Ауылына келсе, жирен атын Секіш мініп алыпты. Ол күні бұл сабыр сақтады. Ертеңіне өрістен ұстап алды, кешкілік жұмысқа мініп келді. Секіш Таласқоңырдың басында екен. Мұны көре сала:

– Түс, босат жиренді! Саған басқа ат тағайындалды, – деді.

– Қай ат?

– Торы биені мінесің.

– Торы бие лақса ғой. Етке өткізсе де болады...

– Соны мінесің! Басқа ат жоқ! – деп Секіш сасық күзенше шақылдады.

– Сен қанша айтқанмен, зоотехниксің ғой. Қай атты мінем десең де еркің. Мен мына жирен атқа бауыр басып қалдым... – деп жалынып көріп еді.

Секіш илікпеді. Шақылдай-шақылдай сөзінің тұздығы да ашып кетті. Жиырма бір сауыншы мен үш малшы куә, кінәлі – Секіш, бұл емес, әуелі боқтаған ол. Таяқ жеген де ол, бұл емес.

Сол жылы бәріне қолды бір-ақ сілтеп, қалаға тайып тұрғысы келді. Кете алмады. Мұның да басында «Әкем кәрі, інім жастың» кебі бар. Ол да емес-ау, ауылынан жырақтап ешқайда кете алмайтынын Елжан сол жолы ұғып еді. Өзі ашқан сол бір ақиқатқа көзі күн сайын, сағат сайын жетеді.

Кенет аспан күркіреді. Елжан құлағым қағыс естіді ме деп, басында дүдәмәл халде қалып еді, аспанның «Қызыл шырпыға» тиесілі тұсынан тағы да гүріл сарыны естілді. Бұлт етегі қоюланып, қарақошқылданып алыпты. Сіркіреген тамшылар бетіне ұра бастады. Аңысын аңдыса да, үлкен жауынның ыңғайын танытады. Тамшы ірілей берді, жиілей берді.

Тез атынан түсіп, төс айылы мен шап айылын тартып, брезент шекпенін киіп алды. Табынның бас-аяғын жинап, ауылға қарай айдауға кірісті. Сыртылдап басталған жауынның аяғы сарылға ұласты да, шелектеп құя жөнелді.

Табын қырға шығып қалған. Қазір бұлардың маңдай алды созыла көлбеп жатқан Үйкүйгеннің шырпылы-шілікті орманы. Оң қапталында терегі сыңсыған Қыз өлгеннің нуы. Жел ауыл жақтан екен, бірін-бірі ықтап, ұйлыққан табын көлбей тартты. Елжан бишігін үйіріп, малдың бетін бұрып әлек.

Селдеген жауын үдей түсті.

Жауынға жонын беріп қырындай жөңкілген табын лезде Үйкүйгенге қапталдаса келіп қалды. Беталысы ауылдан мүлде шалғай. Қара малдың қасиеті осы – жауын мен желге қарсы өлтірсең де беттемейді.

Табынның арты ақсақ қызыл сиыр жырылып қала береді.

– Қарасан келгір, әкеңнің! – деп, Елжан сыбап жүріп қуып әкелді-ақ, малдың басын ауылға бұрам дегенінше, ақсақ жазған тағы іркіледі.

Мал ағашқа кіріп кететін болды. Үйкүйгеннің шілігі қалың, іші тастай қараңғы, сиыр түгілі, кісі жоғалатын жер. Елжан айғайлай жүріп, бишігін сермей жүріп, малын ағаштан ұзатып әкетті.

Жауын толастар ма деп еді, қайта екпіндей түскен ыңғайы бар. Қас қарайып қалыпты: ауыл жаққа бір демде мойын бұрып қарап еді, қарауытып көрінді.

Малды ауылға бұруының бос сандалыс екенін түсінді. Түсінді де, табынын иіріп алып, желдің бағытымен терістікке қарай қуып берді. Манадан бергі арпалыста жирен ат та қаны қызып, еліріп алды. Кейіндеп қалған сиырды алқымымен соғып, омыраулап келеді.

Қандыкөлді қиғаштай өтіп, селдіреген қайыңды шоққа тақалады. Бар малы алдында. Тек ақсақ сиыр көрінбейді. Ақыры Үйкүйгенге кіріп, қалып қойса керек.

– Жә, нешауа, ертең тауып алам ғой, – деді Елжан, өзін өзі жұбатып.

Селдір шоқтарды су сүзіп өтті де, Елжанның «әскері» екпіндеп барып, беті жайсаңданып жатқан қарапарға түсіп кетті. Желімдей жабысқан қоймалжың батпаққа молықты да қалды. Бұрса, табыны шашырап кететін. Алға бастыра берді. Тілерсектен батпаққа малтығып, жирен де әлсірей бастады. Әлсін-әлсін жығыла жаздап, теңселіп кетеді.

– Шыда, жануар, шыда! – деп Елжан жиренін мойнынан қағып қойды.

Тізгінді босатуға әсте болмайды – ат әлсіреп қалады. Иесінің ширығуынан дәтке қуат алып, жирен де өршеленіп келеді. Есті ғой жылқы жарықтық! Әттең, тіл жоқ. Әйтпесе тоз-тоз болып кеткен берекесіз достарынан гөрі мұның пайдасы қашан да қыруар. Қарапар біткен жерден теңселген қара орман басталды. Кідірмей Елжан «қолы» сонда кірді. Орман іші қалың, қараңғы болғанымен, аумағы қымытқы екен, тез-ақ шегіне жетті.

Ашық қорасы мен жабық қоралары, жем сарайлары – бәрі шашырай орналасқан «Қараған» совхозының шошқа базы көрінді. Жаңағы шағын орманның сол қанаты иіліп барып, қоралардың сыртын айнала бере үзіледі екен. Бұл арада жел бәсең, ықтасын.

Манадан бергі жанталасып жүріп, малын орманға да ықтатпай, Қандыкөлдің сайына да тоқыратпай келгенде діттеген жері осы шошқа базы еді. Алдында бейберекет темір науалар шашылып жатқан шеткі ашық қора бос екен, малын сонда айдады. Атынан түсіп, есіктің сырғауылдарын бекітті. Өне бойы салдырап қалыпты, су сіңген киімі де зілмауыр.

Жиреннің тізгінін шеткі ашаға күрмей салып, күзетшінің тұрағы – өзіне таныс сүйретпелі тақтай вагонға беттеді. Терезеден әлжуаздау шам жарығы сығалайды.

Күзетші Стасик ояу екен. Тамақтанып отыр.

– Привет, Стасик!

– Привет, Елжан, привет! Қайдан шықтың? Жерден или аспаннан? У, уй... үстің су ғой, шеш, айбай!..

Елжанның үстінен сорғалаған су жыланша жылжып тар вагонның ішін кезіп кетті. Стасик ұшып тұрып, малмандай болған шекпені мен күпәйкесін шешіп алып, босағадағы шегеге ілді.

– Мә, мынаны ки, тоңасың.

Нардың үстінде жатқан тонын әкеп, Елжанның иығына жапты.

– Ки, рукавасын ки... Тоңыпсың ғой. Қазір жылынамыз, отыр, – деп бәйек болып жүр.

Іргеге қағылған сояудай қара шегеде қос ауыз бен ауыспалы сөмке ілулі тұр. Стасик сумкаға қолын сұғып жіберіп, мөлдіретіп бір шишаны суырып алды. Стол үстінде шошқаның майы жатыр.

– Самогон ба?

– Самогон.

– Құй тезірек.

Екі темір кружка лық толды.

– Ал...

– Кеттік...

Самогон Елжанның аш өзегін кездіктей тіліп өтті. Стасик жалма-жан майдан турап жіберіп, бір жапырағын қолағаштай мұрнына апарды. Иіскеп отырып наннан бір үзіп алды да, екеуін қосып тоғыта салды. Бір тілімін Елжанға ұсынды. Аузына салып көрмеген тағамы еді, іші дуылдап бара жатқан соң жұтып жіберді. Тамаша!

Жауын бір леппен әлі жауып тұр.

Елжан қалтасынан «Приманың» қызыл қорабын шығарды. Екеуі бір-бір темекі тұтатып ап, әңгімеге кірісті. Бірі айтты, бірі ұқты.

– Енді мен қайтайын. Сен менің малыма уақыл бол, шығып кетіп жүрмесін.

– Тонды шешпей-ақ қой.

– Сен ше?

– Менде киім жетеді, саспа.

– Барматуха.

– Кәнешне.

– Стасик – жақсы сторож, саспа.

– Аха, дабай...

Жауын таңға таман толас тапты. Шығыс жақ аспан бұлт құрсауынан жалаңаштанып, ағарып көрінді. Қатты жел бар. Бұлт іргесі бір сөгілсе тұра ма, жөңкіле көшіп барады.

Елжан оразасын ашқан соң сыртқа шығып, атын ерттеп жатқан, ентіге басып інісі келді. Әлгінде ғана еріне басып мектебіне кеткен еді.

– Елжан, сені кеңсеге шақырады.

– Кім?

– Зоотехник. Тез келсін дейді, – деді де, бұрылып кері жүгірді.

Секіш бөлімше бастығы Нұрымның бөлмесінде екен. Елжанның сәлемін әзер алды, әзер алса да алмаған сыңай танытып қырындай қарады. Сонау бір жылғы жирен аттың дауынан бері Елжанға іші жылып көрген емес. Қапысын қалт жібермей бағып жүретін. Сол дауда осы Нұрым Елжанның сөзін сөйлеп, Секішті бір тұқыртып алған. Бөлімше бастығы жас та

болса көкірегі ояу, зерделі жігіт. Әрі мінезге бай. Совхоз бен аудан қызметін өсіреміз деп неше шақырса да, ауылынан табан аудармай әлі жүр. Оның осы мінезі арқылы Елжан екеуі іштей терең түсінесетін.

Нұрым әуелі мұны хал-жағдайын қысқаша сұрап білді де:

– Иә, сонымен мал қайда? – деді.

– Солай да солай. – Елжан болған жайды баяндап берді.

– Соқ өтірікті! – Әңгімеге Секіш араласты. – Бізді осы сандырағыңа нанады деп отырсың ба?

– Нанбасаң қайтейін, болғаны осы.

– Білсең айт, не болыпты?

– Білем, сен кеше малды бірден шошқа базына апарып қамап тастадың да...

– Ә!

– Тоқта, сөзді бөлме! Сосын анау күзетші Стасик екеуің күні бойы іштіңдер!

Елжан небір жалақорды көрген, бірақ тап мынандай жалақорды көрем деп ойлап па екен? Әуелі күйінді, сонан соң ызаланды, қапаланды, долданды, кектенді... Ақыры оқыс шешімге келді. Елжан «Ауылдан кетеді». Ешкімге ештеңе демейді, айтар сөз де қалмағандай. Қазір үн-түнсіз шығады, үн-түнсіз үйіне барады, үн-түнсіз жолға дайындалады.

Орнынан тұра берген:

– Отыр, отыр әдіреңдемей, – деп Секіш қолын шошайтып орындықты нұсқады. Кеудесінен түрткендей, тіпті тепкендей еді мұнысы. Елжанның қарашеңгелін де, теміртопшылысын да Секіш білетін, білген соң үндемеуі керек еді, жарылды. Шап беріп желкесінен бүрген қалпы орынан тік көтеріп алды да, Нұрым:

– Сабыр, Елжан, сабыр, – деп тұруға оқталғанша шеңгелінде тыпырлай берген Секішті оң қолымен бір ұрды. Секіш бұрышқа барып соғылды да, мұрнынан дірдектеген қанды қолымен басып, отыра кетті.

– По Хэмингуейский, – деді де, бұл есікті бір теуіп, шығып жүре берді.

* * *

Келер жылы жазда дипломымды алысымен, ауылға келе жатқанымды айтып, Елжанға телеграмма салдым. Ол мені

«Қарақоға» станциясында күтіп алды. Астында судай жаңа «Урал» мотоциклі.

– Өзіңдікі ме?

– Жоға, тәйірі.

– Секіштікі.

– Секіштікі?

Елжан хат жазған, күздегі оқиғадан хабардар едім...

– Татуластық қой. Қой сойып, Нұрым екеуін қонақ қылдым...

– Тақарды ше?

– Жоқ, ол итпен бітім болмайды, – деді Елжан лезде түнеріп.

– Айтпақшы, Омардың қыстауын заңсыз жыртқаны үшін оның ісі қаралды. Итіңнің тірегі мықты.

Алдан соққан, ауылдан ескен ақжал самалды пыр-пыр жұтып, қара жолдың бойында аңыратып келеміз.

– Қымызды сағындың ба? – деді Елжан, құлағыма айғайлап.

Мен күліп, басымды изедім. Жолдан бұрылып, селдірлеу бір шоқ қайыңның көлеңкесіне келіп тоқтадық. Елжанның қоржынында қымыз бен қойдың асық жілігі бар екен.

– Апатайымның бергені ғой, – деді Елжан, шірі кеппеген шалғынға дастархан жайып жатып:

– Анада мен Қызылжарға бақташылардың слетіне барып, тоқымқағар жасағам. Мынау сарқыт.

Елжанның аптайының қымызын бала күнімнен құмарта ішуші едім, ағаш тостағанның екеуін бірден қотарып тастадым. Елжан жағы сембей сөйлеп отыр. «Көптен бері бір шалқығаным осы шығар» деп қояды.

– Диплом алдың ғой?

– Әрине.

– Маладес!

Күректей алақанымен жауырынымнан қойып қалды... Мен шашалдым. Оны елейтін Елжан жоқ.

– Енді ауылда боласың ғой, ә? Мұғалімдік деген тамаша жұмыс қой. Солай емес пе?.. Өткен күзде Секішті ұрған күні бәріне қолды бір сілтеп, қалаға тайып тұрғым келді...

– Иә?..

– Әй, қойшы дедім. Қарап тұрсам малға да кісі қажет. Мен кетейінші, Секіш «малшы жетіспейді» дейді де, бар сиырды басқа бөлімшеге өткізе салады. Оған бәрібір, ақшасы жүрсе болды.

Аз-кем үнсіз қалды да:

– Сәрсен кетіп қалды ғой, – деді.

– Қайда? Қашан?

– Қалаға, Қызылжарға кетті. Қар еріп жатқан кез болатын. Кешке үйге келсем, аптайым мына бір хатты берді.

Елжан төс қалтасынан төрт бүктелген бір парақ қағаз алып, маған ұсынды. Сәрсеннің қолын бірден таныдым.

«Елжан, мен қалаға кеттім. Біржолата. Ауыл әбден жалықтырды. Сенімен қоштасып кетуге дәтім шыдамады. Ренжіме. Қош! Сәрсен».

– Сол күні көрсем бетіне бір түкірер едім. Қазір кездессе, бас салып құшақтай алатын түрім бар. Өзін әбден сағындым.

Әлгінде ғана жадырап, кемерінен асып отырған Елжан лезде мұңайып, қамығып қалды. Мен аяп отырғанымды сездірмеуге тырысып:

– Қой, жүрейін, – дедім.

Бір жұмадан соң Елжанмен мен де қоштастым. Бала саны толмаған соң біздің ауылдың мектебінде жоғары сыныптар жабылатын болды. Көрші ауданда бос орын бар екен, мен сонда орналастым. Мені Елжан шығарып салды.

– Осы сен қалай ойлайсың? Біздің ауыл енді құри ма? – деді ол қоштасар алдында.

– Жоқ, неге құрысын? Қызылжарда бізбен оқыған Сейітті көрдім. Жұмыс табылса, ауылға келмекші. Келер жылы жазда басқа жігіттерді де шақырамыз. Өзім де келем.

– Сөйтіп, ренессанс жасаймыз де.

– Иә, ренессанс жасаймыз. Ауылды қайта өрлетеміз. Барлық жігіттер мен қыздарды шақырамыз. Ауылға көш дейміз.

– Келер жылы жазда!..

– Келер жылы жазда.

Ол күлді. Мұңая күлді, үміттене күлді.

...Келер жылы жазда...

– ???



Пьесалар



ҚЫЗЫЛ ҚАЛА – ҚЫЗЫЛЖАР

(Екі бөлімді драма)

Қатысушылар:

Кәрім Асфандияров – жүргізуші әрі революционер
Сибиряк – революционер, Ревком председателі
Карпова Алевтина Петровна – комиссар
Жақия – жұмысшы, продотряд мүшесі
Жұмық – Қызылжардағы ірі бай
Зуһра әни – Жұмықтың әйелі
Мақпал – Жұмықтың қызы
Гайни – Жұмықтың қызы
Сабыр – Алашордашы, Мақпалдың күйеуі
Есет Тасыров – «Үш жүз» партиясының өкілі
Омар – сатқын
Секеш – кекеш жігіт, Жұмықтың малайы
Гайда – ақ чехтар корпусының генералы
Пенсне киген мырза – митингіде сөйлеуші
Ненашев – ірі бай, Жұмықтың сыбайласы
Волков – атаман
Хатшы қыз
Темір жол жұмыскері

Солдаттар, жұмысшылар, Қызыл гвардияшылар, чех әскерлері, митингіге қатысушылар, тойдағы бикештер, мырзалар, т.б.

Оқиға 1917-1919 жылдары Қызылжар қаласында өтеді.

Пролог

Түрме. Камера. Қаракөлеңке. Сабыр жалғыз. Дәлізде сақшының тық-тық басып жүргені естіледі.

Сабыр: Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Алтын күнді, қара жерді сағындым,
Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Қара жылан – қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барар жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Тәңір Ием, таңың-дағы атпады.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды, сайран жерді сағындым...
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті
Арқадағы айдын көлді сағындым...

Қайран Мағжан! Құлын-тайдай тебісіп, қатар жүрген күндерде қадіріңді кім білген? Енді, міне, кәусардай мөлдір, сусардай сұлу жырыңның әр жолына сусаймыз. Сенің көрген кебің басқа түсіп еді, ұлтың үшін татқан теңіздей мехнатыңның

тамшыдай дәмін татып ек – қадіріңді ұққандаймыз, айға шапқан арыстан! Сенің қанаттас ағаларың – халқының серкелері – Ахаң, Жақаң, Әлекеңдер қай қапаста қайғы жұтып отыр екен? Қайран арыстарым-ай! Сіздерге еріп, ұлтымыздың бір кәдесіне жарасақ деп, құрақ ұшқан күндеріміз – бар тілегімнің мәні екен-ау. Ендігі тірлік не болмақ? Ел тірлігін айтам да. Азуын айға балаған айбынды алаш, ақырың бұлай болар ма? Бар бағланың байлауда, ұйлыққан қойдай қамалып, көрер күнің не болмақ? Қайран алаш! Қазағым...

Сарт-сұрт камера есігі ашылады. Сақшылар Кәрімді кіргізеді де, есікті қайта жабады. Кәрім соққы жеген, әлсіз. Бүктетіліп отыра кетеді.

Сабыр *(Кәрімге ошарыла қарап тұрады да, таниды)*: Кәрім! *(Қолтықтан демеп, орындыққа отырғызады).* Кездескен жерімізді қара, революционер, уезд начальнигі, Совдеп төрағасы, Қызыл нарком, Қызыл қыран Кәрім Асфандияров!

Кәрім *(жан-жағына зер сала қарап)*: Жиырма бірінші жылы, чехтардың бүлігі кезінде қолға түскенде мен тап осы камерада отырып едім.

Сабыр: Ол жолы сені революцияның қас жаулары қамаған болатын. Бүгін қандыкөйлек жолдастарыңның қақпанына түсіп отырсың. Сондағы көксеген жарқын болашағың – бүгінгі көрген қапасың. Большевиктік асқақ идеяларыңның жеткізген жері – осы.

Кәрім: Жо-оқ, қателесесің. Лениндік ұлы идея түбі салтанат құрарына мен кәміл сенемін. Бұл бір түсінбестік. Коммунистік әділ сот ақ-қарамды айқындайды. Мен ақталамын.

Сабыр: Кәрім, өзіңді өзің ертегімен алдарқатпа. Бала емессің – шындыққа тура қара. Сен большевик болып, революцияға Сәкен Сейфуллиннен артық қызмет еткен жоқсың. Ол да қазір қамауда.

Кәрім: Маған тағылып отырған айыптың бәрі – жала. Ақтығым анықталады. Мен жапонның шпионы емеспін!

Сабыр: Жапонның шпионы?! Екеуміз өмір бойы қарсы шепте майдан салып келсек те, бүгін бір оққа байланып отыр екенбіз. Бір қалаға сыймап ек, бір дертеге қатар жегіліппіз. Мен де Қазақстанды Жапонияға сатпақ болған көрінем.

Кәрім: Бұл жала, жалған.

Сабыр: Осыны жалған емес деп өзің-ақ растап шығасың.

Кәрім: Жо-оқ! Мен өлсем де мойындамаймын.

Сабыр: Тергеушімен бір кездескендегі түрің мынау. Бір айдан соң басқаша сайрайсың.

Кәрім *(Сабырдың бетіне, үсті-басына үңіле қарап)*: Сені сабамаған ба?

Сабыр: Мен әуелден баррикаданың қарсы бетіндемін ғой. Алашордамын. Жаулығым анық. Сен бұлардың саптасысың. Іштен шыққан нағыз сатқын сен деп біледі. Сондықтан большевиктер өз партияластарын жазалауға келгенде әзірейілдей құлшынады. Оның үстіне надан тергеушілер саған тағылған айыпты әсте жала деп ойламайды. Шындығы сол деп біледі.

Кәрім: Сабыр мырза, мен бүгінгі тергеушілердің ешқайсысын танымаймын. Бәрі сырттан келгендер. Олар менің кім екенімді, революция жолында жан аямай күрескенімді білмесе, білмес. Бірақ, сен, Сабыр Сартаев, Қызылжардағы Алашорда үкіметінің сенімді тірегі, менің идеялық қарсыласым, барлығына тірі куә емеспісің? Айтсаңшы...

Сабыр: Иә, мен білем. Сендердің қызыл қырғындарың қалай басталғанын көзіммен көргем. Әуелде түскен жолдарың бізге де оң көрінген. Енді, міне, шайтанның шылауындағы бүгінгі күндеріңе де куә болып отырмын.

Кәрім: Сабыр, есіңде ме?..

Сабыр: Есімде, Кәрім, есімде...

Шам сөнеді.

Бірінші бөлім

«Апассионата» сарыны. Сахна тастай қараңғы. Пистолет-шамның жарығы авансахнада тұрған жүргізушіге түседі.

Жүргізуші: Бұл менің туған қалам. Кіндік қаным тамған жері – Қызылжар. 1752 жылы Есілдің жағасына салынған Әулие Петр атындағы әскери бекініс ұлғая келе Петропавл аталып, бұл күнде уезд орталығы. Әкем мұнда жас күнінде кәсіп

іздеп келген екен. Еті тірі кісі еді. Кейін орта дәулетті растовщик болған. Осы қалада тудым, өстім. Батыс-Сібір кадет корпусын бітіргеніме екі жыл. Оқу бітіріп келген соң гимназияға мұғалім болып орналасқан едім. Алты айдан соң саяси айып тағылып, қызметтен босатылдым. Бүгінге дейін депода қара жұмысшы едім. Бүгін бәрі өзгерді. Бүгін менің туған қалам Қызылжар дүр сілкінді...

Сахнада жарық молая береді. Қала үйлерінің, мешіттер мен шіркеулердің сұлбасы көріне бастайды. Оқиға орталық алаңда өтіп жатқаны аңғарылады. Софиттер толық жанғанда алаң толы жұрт көрінеді. Митингіге жиналған елдің гүілі. Жүргізуші жедел басып трибунаға шығады. Енді ол – Кәрім. Бас киімін алып, қолын жоғары көтереді. Жұрт тынады.

Кәрім: Жолдастар! Петроградтағы қарулы көтерілістің жеңіске жеткені баршаңызға мәлім. Бұл кімнің жеңісі? Ғасырлар бойы езгіде келген, еңіреп өткен еңбекші елдің жемісі. Жұмысшы-шаруалар мен солдаттар Совет үкіметінің билігін қолға алып отыр. Бұл үкімет – еңбекші елдің үкіметі. Кеше ғана орнаған көк қауырсын, темірқанат үкіметіміз бізден қолдау күтіп отыр. Қолдағанымыз сол – жер-жерлерде үкімет билігін қолға алуымыз керек. Барлық үкімет – Советтерге!..

Кәрім сөзін аяқтайды. Жұрт гүілдей бастайды:

– Қолдаймыз үкіметімізді!..
– Жасасын Совет үкіметі!..
– Керегі жоқ бізге ондай үкіметтің!..
– Алашорда жасасын!..
– Жасасын Уақытша үкімет!..

Трибунаға Сабыр Сартаев шығады. Жұрт тына қалады.

Сабыр: Уа, жамағат! Құлаған – орыс патшасы. Құлатқан – орыс тобыры. Үкімет басына келіп жатқан орыс босқактары. Мына біздің – тілі, діні бөлек, ғұрып-салты, шыққан тегі бөлек, баз кешкен тауарихы, көрешек келешегі бөлек қазақ халқының, әмбе мұсылман қауымының орыс үкіметінде не

алашақ-берешегіміз бар? Қыс қыстауы тау болған, жаз жайлауы көл болған алаш деген еркін, бейбіт ел едік. Еділ – Жайық, Сырдария, Жетісу мен Қара Ертіс – осы бес су арасы атамекен жеріміз. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ықылымнан бері қорғап келдік. Бабамыздың қаны тамған қасиетті топырақ, жеруйықтай құт мекен жылдан-жылға тарылып келеді. Орыс атты обыр елдің уысында кетіп барады. Жайлаудың сәні кетіп, қыстаудың ығы тайған қытымыр күнге кез келдік. Отаршыл елдің әуелдегі кигізгені қайыс ноқта еді, бүгінгісі темір тұмылдырық... Елдің елдігін ойлайық! Орыс жұрты бүлінген екен, бүлінгеннен бүлдіргі алып неміз бар?! Алты алаштың ақ ордасын орнатып, соның шаңырағы шайқалмасын деп тілейік! Жасасын Алашорда!

Халық гулеп кетеді. Сабырды қоштаған сыңай танылады. Орысша, қазақша, ара-тұра татарша сөздер естіліп тұрады. Трибунаға пенсне киген мырза шығады.

Пенсне киген мырза: Мырзалар мен ханымдар! Оқыған алаш азаматы Сартаев мырза өте орынды сөйледі. «Үкімет басына келген – босяктар» деді. Шындығы – сол. Бұл бунт. Уақытша нәрсе. Недоразумение, мырзалар. Оның үстіне большевиктер үкімет билігін түгелдей қолдарына алған жоқ. Ол мүмкін де емес. Бар билік Уақытша үкіметте, Керенский мырзада. Біз соны қолдауымыз керек. Егер Керенскийдің үкіметі тұрақталып, ол таққа отыратын болса, онда Сартаев мырзаның арманы да жүзеге асар еді. Алашорда боп бөлек шаңырақ көтереміз деп барса, патша ағзам қазақ депутациясын қашан да қабылдайды. Сол үшін қазақ азаматтары да Уақытша үкіметті қолдауға тиіс. Бәрі де қалпына келеді, мырзалар. Тек мына большевиктердің бунты басылсын. *(Сөзінің әсерлі шықпағанын сезіп)* Жасасын Керенский! Жасасын уақытша үкімет!

Трибунаға Сибиряк шығады.

Сибиряк: Әлгінде Сартаев мырза қазақ халқы мен орыс халқының баз кешкен тарихы, көрешек келешегі бөлек деді. Әрине, екі халықтың тарихтың екі соқпағын басып өткені белгілі. Орыс халқы мен қазақ халқының жасағаны бір тарих

емес, екі тарих. Оған дау жоқ. Бірақ, келешегі бөлек деген сөз жаңсақ. Бұдан былай орыс халқы мен қазақ халқының болашағы да, жасайтын тарихы да бір болмақ. Қазақ кедейі мен орыстың отаршыл әкімдерінің мүддесі үйлескен емес. Сондай-ақ орыс крестьяны да қазақ байымен тамыр бола алмаса керек. «Қазақ халқы мен орыс халқы бір» дегенде бір қазақ кедейі мен орыс крестьяндарын айтамыз. Өйткені екеуінің табы бір. Екеуі де пролетариат, еңбекші табы. Ендігі жерде халықтар ұлтқа емес, тапқа бөлінсе керек. Пролетариаттар өз революциясының жеңісін қорғауға, өз үкіметін – Совет үкіметін қолдауға тиіс!.. Менің алдымда сөйлеген мырза: «Бұл уақытша нәрсе, бунт» деп, революцияның маңызын кеміте сөйлеуге тырысты. Жоқ! Біз – большевиктер, үкімет басына біржола келдік! Совет үкіметі – еңбекші елдің үкіметі мәңгілік үшін!

Жұрт гулеп кетеді. Шешенді қолдаған үндер басым. Сахна алғашқы қалпына бейімделіп, қараңғы тарта бастайды. Авансахнада Кәрім қалады. Енді ол – жүргізуші.

Жүргізуші: Бүгін – 1917 жылдың 22 ноябрі күні революциялық комитет қала мен уезде бар билікті өз қолына алды. Қызылжар қаласында Совет үкіметі орнаған күн. Азық-түлік, еңбек, сауда мен мен өндіріс жөнінде комиссарлар тағайындалды. Уездік милиция мен теміржол станцияларына да комиссарлар жіберілді. РСДРП-ның қалалық және теміржол тобы біріктірілді. Жұмыскерлерден қызыл гвардия жасақталды. Оның жетекшісі Карпова Алевтина Петровна...

Жүргізуші сөздерінің соңына таман жарық молаяды. Сахнада ревкомның штабы. Қызыл шүғамен жабылған стол. Стол басында – ревком председателі Сибиряк. Креслода – Карпова, Кәрім соның қарсысына, бос креслоға барып жайғасады.

Сибиряк: Кешкі онда штабқа жиналамыз. Революциялық атқару комитетін құру керек. Соған штаб босатуды, Кәрім, саған тапсырамыз. Лайық деп тауып отырғанымыз – Жұмық байдың үйі.

Кәрім: Ненашевтың үйі ше? Жұмықтікінен кең. Әрі астында дүкені бар. Айналасы склад.

Сибиряк *(Кәрімді қағытып)*: «...Астында дүкені бар. Айналасы склад». Сондықтан ол үйді азық-түлік комиссариатына береміз. Босату, жабдықтау – Карпованың міндеті.

Карпова: Біз дайынбыз. Жүре берейік. *(Орнынан тұрады).*

Кәрім: Алевтина, тоқтай тұр. Ненашевтың үйін мен босатайыншы.

Карпова аңырып тұрып қалады.

Сибиряк: Неге?

Кәрім: Себебі бар...

Сибиряк: Айт себебін!

Кәрім*(күмілжиді)*: Қалай айтсам екен? Жұмықтың үйінде...

Карпова: Қалыңдығың бар ма?

Кәрім: Иә.

Сибиряк: Большевик болғаныңа! Жұмыққа – крышка! Қызын жетелеп штабқа алып кел. Красная свадьба жасаймыз.

Карпова *(Сибирякқа)*: Мұндай шаруаға ревком араласуға міндетті емес. Кәрім өзі шешсін.

Сибиряк: Ревком араласуға міндетті емес. Кәріммен подпольяның азабын бірге өткерген досы ретінде мен араласа алам. Былай болады – сен қазір Жұмықтың үйіне барасың! Босатасың! Лирикаға уақыт жоқ.

Кәрім: Қалыңдығым ше?..

Сибиряк: Қып-қызыл большевиксің. «Қалымдығым ше?» дейсің. Қазір соны ойлайтын уақыт па? *(Телефон шырылдайды. Сибиряк көтереді)* – Сибиряк тыңдап тұр. А, Быстрицкий жолдас па? Азық-түлік комиссариатына үй бүгін босатылады. Қазір... Карповаға жүктелген... *(Карповаға, телефонды қолымен басып)* Алевтина, сен бара бер.

Карпова шығып кетеді.

– Быстрицкий жолдас, Иваново-Вознесенскіден он бес вагон мата келді. Оларда аштық... Иә, иә... Алпыс вагон астық жөнелт!.. Жақсы, жақсы... Соған кіріс!

Телефонды қойып, қайтадан құлағын бұрай бастайды. Кәрім шығып кетеді.

– Алло, коммутатор! Коммутатор! Сауда комиссарын қосшы.. Пучкарев керек!

Сахна бірте-бірте айнала береді. Сибиряк дауысы күңгірт тартады. Жарық сөнеді. Пистолет шамдар ғана қалады. Авансахнада Сабыр мен Омар.

Омар: Сабыр мырза, біздің ұмтылатынымыз жарқын мақсат – халқымыздың азаттығы ғой. Ғазауат та емес, жаугершілік те емес, – қасиетті майдан демеп пе еді? Әлекең солай деді ғой. Мұздай ақыл, оттай жүрек жеңеді деді ғой көсем. Әділет үшін әділ күресеміз деп өзіңіз де айтпап па едіңіз? Бұл харакетіміз қалай болмақ сонда?

Сабыр: Большевиктер де мақсатымыз жарқын демей ме? Олар да әділет деп қақсамай ма? Алайда күрестің ешқандай тәсілінен бас тартып отырған жоқ. Бір орысты қақ бөлді. Бірін-біріне соқты. Басқаға да соны қылмақ. Бұл әлі басы. Үлкен қантөгістер алда. Бізге де ештеңеден тартынбау керек. Бұл майданның қай тұсы да алғы шеп.

Омар: Күрес тәсілін таңдап тұрар мен емес, мырза. Бел буып кірісерде біліп алмаққа сұраған жайлар ғой. Алашымнан аяп қалар жаным жоқ!.. Кеттім ендеше!

Сабыр: Тоқта! Сен енді бұл үйге күндіз келме. Мені көшеде көрсең сәлемдеспе.

Омар: Конспирация өзім үшін керек. Сақтауға тырысам.

Омар кетеді. Жарық молаяды. Сахнада Жұмық үйінің залы. Жұмық, Ненашев, Атаман Волков – үшеуі жан-жақтарына алаңдай қарап отырады. Бұларға Сабыр келіп (авансахнадан) қосылады. Сырттан Секеш кіреді.

Сабыр *(Секешке)*: Қалай, торуыл жоқ па?

Секеш: Кө-көшеде е-е-ешкім жоқ.

Жұмық: Бар. Мырзалар аттанғанша қарауылда. Тасадан бақ.

Секеш: Ж-жы-ы-ы.. жж...

Жұмық *(зекіп)*: Уһ!

Секеш: *(Ақыры сөзін айта алмайды)* Уһ!

Секеш шығып кетеді.

Сабыр: Большевиктер атпай, шаппай, ұрмай-соқпай тартып алды ма үкіметті?

Жұмық: Расында да солай болды-ау.

Ненашев *(Волковқа)*: Қолыңызда әскер тұрып, тым болмаса қарсылық көрсетпедіңіз-ау, атаман.

Волков: Қарсылықтан пайда жоқ. Бұлар қазір бел алып тұр. Әскерімді босқа қырып алсам, менің қолбасшылық даңқыма ағармас күйе жағылар еді.

Жұмық: Қарсыласпақ түгілі әскеріңіз Дөң-қаланы тастап, Ой-қалаға қашты ғой.

Волков: Өзім солай еттім. Бұл – стратегия. Солдаттар арасында толқу күшті. Қызылдардың ұясынан аулақ ұстаған жөн.

Ненашев: Толқу қайтушы еді? «За Родину! За царя!» деп өзіңіз лап қойсаңыз, дүрк көтерілмес пе еді?

Волков: Именно! Дүрк көтерілмейді ғой. Толқудың аяғы жарға соғатыны және бар. Отыз үшінші Батыс-Сібір полкы түгелдей өтіп кеткен жоқ па қызылдарға...

Сабыр: Кошмар!

Ненашев: Сабыр мырза, сіз ғой Петербургтен университет бітіріп келдіңіз. Ғылымыңыз бәріміздікінен жоғары. Айтыңызшы бір амал.

Сабыр: Бар түйін әскери күште. Бұлар қазір басым. Тек қапысын аңду керек.

Волков: Именно! Қапысын аңду керек.

Жұмық: Бұлар енді шалдыра ма? Келе ме оң жамбасқа?

Волков: Келтіру керек! Шалу керек.

Ентігіп Секеш кіреді. Бәрі үрпиісіп атып тұрады.

Жұмық: Не болды?

Волков*(Пистолетін суырып алып)*: Айт, не болды?

Секеш мұлде зәресі ұшып, ықылдап тұрып қалады.

Сабыр *(Волковқа)*: Пистолетіңізді жасыра тұрыңыз. Жүрегінің қабын жарасыз.

(Волков пистолетін кобураға салады).

Секеш: Кө-кө-көшіріп жатыр...

Бәрі бірдей: Кімді?

Секеш: Сі-сіз...ү-ү-ү...к-кісілердің...б-б-бәрін.

Жұмық: Қайдағы кісі?

Секеш *(Ненашевты көрсетіп)*: Мы-мы-мына... мырзаның үйін.

Ненашев: Кімнің?

Секеш: Сенің.

Жұмық: «Сіз» деп сөйле, иттің баласы.

Секеш «сізді» айта алмай ысылдап тұрып алады.

Ненашев: Жарайды! «Сіз» демей-ақ қой. Айтшы өзің не болғанын.

Секеш: Кө-көшеге шығып қа-қарасам төртеуі... қы-қы-қызылдар...

Ненашев: Бүгін айтып боласың ба, ей, өзің?

Секеш: Бү-бүгін айтсам да ө-өзім айтам, е-ертең айтсам да ө-ө-өзім айтам.

Ненашев: Тфу! Паразит! *(Жүгіре басып шығып кетеді).*

Волков: Что-то не то. Тезірек гарнизонға жетейін *(кетеді).*

Жұмық *(Секешке)*: Жүр, көрсетші, кімді көшіріп жатқанын.

Секеш пен Жұмық шығып кетеді. Көрші бөлмеден Зуһра әні, соңынан Мақпал мен Ғайни шығады.

Зуһра әні: Нишек шумит итәсезләр? Ни булған шул?

Ғайни: Жезде, көкеміз қайда?

Сабыр: Абыржымаңдар. Бәлендей ештеңе болған жоқ.

Мақпал: Шуладыңдар ғой. Қонақтар қайда кетті?

Сабыр: Ненашевтің үйінде қызылдар хулиганство жасап жатқан көрінеді.

Зуһра әни: Ни булар икән безнең кун? Жумук қайда? Қайда киткән ул?

Сабыр: Ол кісі есік алдында. Қазір келеді. Абыржымаңыз.

Зуһра әни: Әтиін скандал ултермигәндәр! Ничек үйдә утырми?

Зуһра әни шығып кетеді. Үшеуі ұн-тұнсіз тұрып қалады. Ұзақ пауза.

Мақпал: Сабыр, мына балдызың...

Сабыр: Ә, иә, ұмытып кетіппін-ау. Бүгін сенің он жетіге толған күнің екен ғой. *(Келіп Ғайнидың бетінен сүйеді).* Құттықтаймын!

Мақпал: Жоқ, менің айтпағым басқа еді. Тұрмыс...

Сабыр: Гимназия жабылды. Оқу тоқтатылды. Одан қиындаған не тұрмыс бар?

Мақпал: Тұрмысқа шығам дейді.

Сабыр: Кімге?

Мақпал: Сұра өзінен.

Сабыр: Атай ғой, көгершінім, болашақ бажамның атыжөнін.

Ғайни: Кәрім...

Сабыр: Кім? Большевик Кәрім бе?

Ғайни *(ақырын)*: Иә...

Сабыр: Қуанттың, Ғайни, қуанттың... *(Пауза).* Қызылжардағы бірінші миллионердің қызы, гимназистка...

Ғайни: «Ғалия» медресесін тауысқан. Петербургте университет бітірген, Алашорда көсемдерінің бірі Сабыр Сартаевтың балдызы...

Сабыр: Осындай тәрбиелі жерден шыға тұрып, қара табан жұмысшыға, жай жұмысшы болса бірсәрі, большевикке шығам дейді.

Ғайни: Кәрім қара табан емес. Кадетский корпусты бітірген...

Мақпал: Мейлі. Бітіре берсін. Маған десе Сабыр оқыған жерлерде оқысын. Бәрібір ол жау ғой. Большевик қой.

Ғайни: Ол жау емес. Кәрім – ақжүрек адам.

Мақпал: Көрерміз оны кезінде!

Сабыр: Ұмытпасам екі жыл бұрын саған сабақ беріп еді-ау сол. Сонда таныстыңдар ғой?

Ғайни: Иә.

Сабыр: Ұстаз болған соң шәкірт көзіне зор көрінетіні заңды. Бірақ бұл – балалықтың шалалығы. Бәрі өткінші. Асығыс қадам жасама. Кімнің кім екенін өзің-ақ танып аласың.

Зуһра әні, соңын ала Жұмық пен Секеш кіреді.

Зуһра әни: Қаһар суққырлар! Ненашевның һәммә семьясы белән үйенән выселять иттелер.

Секеш: Қ-қ-қазір б-бізге келеді.

Жұмық: Жағыңа жылан жұмыртқаласын! Иттің баласы!

Жұмық аузын жиып үлгермейді, қасында үш-төрт қызыл гвардияшы бар Кәрім кіріп келеді. Бәрі қалт тұрып қалады. Файни үмсынып қалып тынады. Аң-таң.

Кәрім: Сіздер мені дұрыс түсініңіздер. Біз революциялық комитеттің шешімін орындауға келдік.

Жұмық: Қандай шешім?

Кәрім: Бұл үйге революциялық атқару комитетінің штабы орналасады.

Жұмық: Біз не істейміз?

Кәрім: Босатасыздар.

Жұмық: Босатқанда қайда барып паналаймыз?

Кәрім: Сіздер гостиница ұстамаушы ма едіңіздер? Сонда барасыздар.

Жұмық: Ол кірешілер тұратын жай. Зиялы жұрттың тұрағы емес.

Кәрім: Зиялы екендігіңізді еске ала беру ендігі күнде басыңызға қатер. Қазіргі жағдайыңызға көндіккен дұрыс.

Мақпал *(Файниға)*: Міне, саған, «жау емес!» Міне, «ақжүрек адам!» Ұста осының етегінен! Жеткізеді мұратқа!

Зуһра әни: И-и! Кәрим осы икән бит. Ич абдрамим! Күйеу шеккелі уважать итәрға ярами. Тукереим башына!

Жұмық: Күйеуі несі? Не деп кеттіңдер?!

Сабыр: Бұл жігіт біздің Файнижанға сөз салып жүрген көрінеді. Құда түсіп келіп тұрғаны ғой.

Кәрім: Сабыр мырза, мен жеке бастың шаруасын шеше келгем жоқ. Оны топқа салар жер бұл емес!

Сабыр: Солай дейік. Ал, мынаған жауап беріңізші. Егер сіздің баса-көктеуіңізге көнбесек, үйді босатпасақ, сіз бізге не пәрмен қыласыз?

Кәрім: Мен ешқандай пәрмен қылмаймын. Мәселеңізді ревтрибунал шешеді.

Сабыр: Тоқетерін айтқаныңызға рахмет, *(кекетіп)* «бажа»! *(Өз адамдарына)* Не тұрыс бар? Босатамыз үйді!

Мақпал *(Файнига)*: Сенің жасауыңды осында қалдырып кетерміз?!. Кенжемізсің, үй де саған тиесілі. Сал сайранды большевик күйеуіңмен.

Ғайни *(Кәрімге)*: «Жаңа заманның қарлығашымыз. Әділдік орнатамыз» деп едің. Менің жанымды отқа салудан басталады екен ғой әділетің. Қайырлы болсын!

Кәрім: Ғайни, түсінші...

Ғайни: Бәрі түсінікті. Дұшпан боп шықтың!

Мақпал шешесін құшақтап жылай бастайды.

Кәрім: Асығыс байлам жасама, Ғайни. Кімнің кім екенін кейін танып аласың.

Ғайни: Оны сенен бұрын жездем айтқан. Қателеспепті. *(Мақпал мен шешесіне)* Жыламаңдар! Көрсетпеңдер көздеріңнің жасын!

Жұмық *(Кәрімге)*: Бұл үй менің атамнан қалған мұрам. Қуып шығуға ешбір қақың жоқ еді... Дүние кезек! Көрерміз әлі!

Бұрылып кетеді. Жұмықтың артынан Зуһра әні, Мақпал, Ғайни, Сабыр түпкі бөлмеге өтеді.

Секеш *(Кәрімге)*: М-м-мені қ-қайда көшіресің?

Кәрім: Сен.. бізбен жүр.

Секеш: Б-б-большевик болам ба?

Кәрім: Болғың келсе боласың.

Секеш: Б-б-болам.

Сахна қараңғыланады. Кәрім авансахнаға шығады.

Жүргізуші: Қызылжар өмірі жанданып жүре берді. Қалалық халық шаруашылығы Советі құрылды. Ол советте азық-түлік, құрылыс, өнеркәсіп-сауда, медициналық, халық ағарту бөлімдері жұмыс істеді. Қаладағы барлық завод, фабрикалар Совет қолына көшті. Революциялық атқару комитеті құрылды. Председателі болып мен сайландым.

Шам жанады. Сахнада Жұмық үйінің бізге таныс залы, қазір – революциялық атқару комитетінің штабы. Стол,

орындықтар, телефон. Бір бұрышта рояль тұр. Бұрынғы үй иелерінен қалған жалғыз белгі – осы, Файнидың роялі. Кәрім қасына аз аялдап, өте шығады. Столға барып отырады. Хатшы қыз кіреді. Қолында шұбатылған телеграмма лентасы.

Хатшы қыз: Жолдас председатель, телеграмма!

Кәрім: Қайдан?

Хатшы қыз: Бүкілроссиялық орталық атқару комитетінен. Яков Михайлович қол қойған.

Кәрім: Оқы.

Хатшы қыз *(телеграмманы оқиды)*: «Бізге астық қажет екенін Сібірдегі жолдастар білсе керек. Оны бәрінен де Сібірден табу оңай. Сондықтан теміржол жұмысы бір минутқа да тоқтамауы шарт. Далалық өлкелерге көмір жеткізуді көздеңіздер, әсіресе, Омбы – Түмен, Омбы – Петропавловск участогіне. Бұл – жауынгерлік міндет. Питер жұмысшылары үстіндегі соңғы көйлегін шешіп, нанға айырбастауға дайын. Сібір астығын ұйымшылдықпен тасымалдауға қамдану керек. Ол үшін товарлық эквивалент жеткізіледі. Кешіктірмей орындаңыздар. Петроград, Москва өнеркәсіп аудандарымен майдан шебі аштық құрсауында». Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің председателі Свердлов.

Кәрім: Жақсы, рахмет. *(Хатшы қыз шығып кетеді. Телефон шырылдайды. Кәрім көтереді)* Иә, тыңдап тұрмын! Телеграмманы алдық... Центр-Сибирьге жолдапты... Шлихтер автомобиль жібертем деген... Оны күтіп отыруға болмайды. Ат-арба, өгіз-арба... жинау керек бәрін... Тезірек обоз қамдатыңдар... Жақсы. Хабарыңды үзбе. *(Телефонды орнына қояды да, қайтадан алып құлағын бұрай бастайды)* Алло! Баспахана керек... Бұл Революциялық атқару комитетінен. Асфандияров сөйлеп тұр. Қазақ, татар тілдеріндегі листовкалар не болып жатыр?.. Қазақ, татар секциясына тапсырылған... Кәбеков, Сүтішев, Ыдырысов жолдастар жауап береді... Степанов жолдас! Сіз айтқанды орындаңыз!.. Корректурасын Сүтішев қарайды! Бітірген бойда мәлімдеңіз!

Телефонды қояды. Есет Тасыров кіреді.

Есет: Маған Асфандияров Кәрім жолдас керек еді.

Кәрім: Отырыңыз.

Есет *(қайталап)*: Маған Асфандияров Кәрім жолдас керек.

Кәрім: Менмін Асфандияров Кәрім.

Есет *(қол береді)*: Есет Тасыров, «Үш жүз» комитетінің мүшесімін. Естуіңіз бар шығар?

Кәрім: Естуім бар. Отырыңыз.

Есет жайласып отырады. Пальтосының түймелерін ағытып, папахасын столға қояды. Қалтасынан шақша суырып, асықпай насыбай атады. Ұзақ әңгімеге кірісер түрі бар. Кәрім аң-таң.

Есет: Біздің «Үш жүз» партиясының мақсаты – «Алашорданы» құлатып, революция орнату.

Кәрім: Революцияны большевиктер әлдеқашан орнатқан.

Есет: Революцияны қазақша орнатамыз. Күлейін деп отырсыз. Күлмеңіз. «Алашорданы» құлатамыз. Содан соң революция орнатамыз. Яғни, қазақ халқының қанын ғасырлар бойы сорып келген үстем тапты түп-тамырымен құртып, жарлы-жақыбайлар үкіметін орнатамыз. Большевиктер де соны көздеп отыр. Мақсатымыз бір болғандықтан біз тізе қосып, бірлесе қимылдауымыз керек...

Кәрім: Сонда...

Есет: Сөзді бөлмеңіз. Большевиктің сабырлы болғаны дұрыс. Мен Омбыдағы «Алашорда» комитетін өз қолыммен құлаттым...

Кәрім: Ол комитет әлі бар емес пе?! Қалайша құлаттыңыз?

Есет: Сөзді бөлмеңіз. Большевиктің сабырлы болғаны дұрыс. Ол комитет әлі де бар. Оныңыз да дұрыс. Бірақ мен оны құлаттым. Енді соны айтайын. *(Орнынан тұрып кетеді).* Сайдың тасындай жігіттерден құрылған. «Үш жүз» милициясын соңыма ерттім де, батылдықтың тұлпарына мініп алып, «Алашорда» комитетіне кіріп бардым.

Кәрім *(кекетіп)*: Содан қызық...

Есет: Бәрін сүйреп далаға алып шықтық. Тұрлыбаев дегені жоқ. «Үйінен сүйреп әкеліңдер» деп кісі жібердім. Ел жиылып қалды. Мен сөз сөйледім. *(Сондағы сөз сөйлеген қалпына түсіп)* «Сіздер қара бұқарасыздар. Облыстық қазақ комитетінің мүшелері – монархист-патшашыл. Облыстық қазақ комитеті сіздердің дегендеріңізбен бір мәселені шешті ме?» дедім.

Жиналған топ: «Жоқ! Жоқ! Үйтіп көрген жоқ!» деді. «Мұнысы қазіргі бостандық қағидасына тура келе ме?» дедім. Халқым мен жақта. «Жоқ! Тура келмейді!» деді... Содан тұтқындалған «Алашордашыларды» алдымызға салып ап, көше бойлап тартып кеп бердік. өйткені, кімнің адал, кімнің арам екенін біледі халық... Бәрі де ойдағыдай болатын еді. Қалалық милицияның араласқаны! «Алашордашыларды» босатып, өзімізді қамап қойды.

Кәрім *(кекетіп)*: Қап, қырсық-ай!

Есет: Содан жуырда босадым.

Кәрім: Ендігі жоспарыңыз не?

Есет: Енді Қызылжардағы «Алашорданы» құлату керек.

Кәрім: Қалай құлатпақсыз? Күштеріңіз жете ме?

Есет: Жетпейді, әрине. Соған сізден көмек сұрай келіп отырмын. Қалалық Қызыл гвардиядан маған жасақ берсеңіз, біз «Алашорданы» түгел тұтқындап, ұясын тас-талқан қылар едік.

Кәрім: Қызыл гвардия ревкомға қарайды. Комиссары Карпова. Со кісіге барыңыз.

Есет *(қалтасынан қалам-қағаз алып)*: Кім дейсіз?

Кәрім: Карпова Алевтина Петровна.

Есет *(жазып алады)*: Жақсы. Барамыз. Сұраймыз. Аламыз. «Алашорданы» сосын көреміз. Сізге енді бір өтініш!..

Кәрім: Иә?

Есет: Біз сізді «Үш жүз» партиясына мүшелікке қабылдап едік. Мүшелік жарнаңызды төлесеңіз.

Кәрім: Мен сіздерге арыз берген жоқпын.

Есет: Сыртыңыздан қабылдадық. Саяси көзі ашық қазақтардың бәрін сыртынан қабылдап жатырмыз.

Кәрім: Мен большевик партиясының мүшесімін! Он бесінші жылдан! Басқа партияңның қажеті жоқ.

Есет: Ол былай ғой, Кәрім жолдас...

Кәрім: Барып тұр!

Есет: «Үш жүз» – қазақ кедейлерінің партиясы. Оған кірмеген қазақ – барып тұрған «Алашордашыл».

Кәрім: Жоғал! Провокатор!

Есет тез шығып кетеді. Қарсы жолыққан Омарды қағып өтеді.

Омар: Мынау қайтеді, әй!

Кәрім: Иә? Қалай барып қайттыңдар?

Омар: Өте жақсы. Екі байды бірден тотиттық. Ганькиннің кіре тартып жүрген бар өгізін арбасымен қоса сыпырып алдық. Түгел продотрядқа өткіздік.

Кәрім: Астығын ше?

Омар: Астығын да. Граф Потоцкийдің имениесін национализировать етуіміз тіпті ғажап болды. Қарсыласып көріп еді – сойып салдық. Біраз мұжық арашаға түсіп еді – олар да соның кебін киді. «Большевиктермен қарсылассаң – көретінің осы» дедім.

Кәрім: Мұжықтарды бекер сабағансың.

Омар: Тап жауына ара түспесін!

Кәрім: Олардың қанына сол сіңген. Сиынар «тәңірлері» – жалғыз граф Потоцкий. Тап жауларының кім екенін олар түгел ажыратып болған жоқ.

Омар: Ажыратпаса, енді ажыратады.

Кәрім: Оның бәрін күшпен емес, ақылмен ұғындыру керек.

Омар: Сол мұжықтармен сөйлесіп тұруға уақыт болды ма? Тіпті мұрша берді ме? Графты қамшының астына алып жатыр едім, екі-үшеуі қолдарына сырық алып, тұра ұмтылғаны. Мылтық атып әзер тоқтаттым.

Кәрім: Графты неге сабадың?

Омар: Қарсыласқаны үшін.

Кәрім: Бекер!

Омар: Енді тап жауларын да арашалауға көштің бе?

Кәрім: Неге арашаламаймын? *(Омар ысқырып жібереді).* Әрине, Совет үкіметі құр уағызбен орнатылмайды. Бірақ әр нәрсенің шегін білу керек. Жөн-жосығы жоқ қамшы үйіре берсек елді өзімізден бездіріп аламыз. Жауымызға да әділ болуымыз керек. «Достыққа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» деген Абай сөзін оқыған боларсың?!

Омар: Әрине... Мен, Кәрім, сен сияқты ежелгі большевик емеспін. Әлі ұға алмай, меңгере алмай жатқан тұстарымыз көп қой. Ұғармыз, меңгерерміз. Көш жүре түзелмей ме? *(Кенет есік ашылады. Жедел Сибиряк кіреді).*

Сибиряк *(асығыс қол беріп амандасады)*: Кәрім, мен бір-ақ минутқа келдім. Вокзал жаққа бара жатыр ем, тығыз шаруамен

саған бұрылдым. Білесің – ішкі Ресейде аштық. Сол жақтан жетім қалған бес мың бала бізге келеді...

Омар: Қанша?!

Сибиряк: Бес мың бала. Соларды қабылдап, орналастырып, мектеп жасындағыларына оқуын жалғастыруға жағдай жаса.

Омар: Ертеде біздің елде баласы жоқтар тұтқынға түскен қалмақ балаларын асырап алады екен. Мүмкін орыстардың арасынан да асырап алушылар табылар?

Сибиряк: Бұл жетімдерді Совет үкіметі асырап алады!

Сарт етіп есік ашылады. Ар жақтан хатшы қыздың: «Гражданка, қайда барасыз?!» деп шырылдаған дауысы естіледі. Гайни кіреді. Бәрі қалт тұрып қалады.

Кәрім: Гайни!..

Гайни: Кәрім!..

Екеуі бір-біріне тұра ұмтылады да, бөгде көзден қысылып, кідіріп қалады. Сибиряк Омарға «Кеттік» деп белгі жасайды. Екеуі ақырын басып шығып кетеді. Кәрім мен Гайни құшақтаса кетеді. Сахна жартылай айналады. Енді штабтың қабылдау бөлмесі де көрінеді. Сибиряк шығып кеткен. Хатшы қыз да орнында жоқ. Омар есіктің жапсарына құлағын төсеп, тың тыңдап тұр.

Кәрім *(құшағын жазып)*: Гайни, неге көрінбей кеттің?

Гайни: Саған өкпеледім!..

Кәрім: Өкпең басылды ма, тарқады ма ашуың?

Гайни: Басылды, тарқады. Сені сағындым!.. Өткенде саған қатты айттым. Ашу үсті ғой, кешір!

Кәрім: Кешірім сұраудың түк қисыны жоқ. Тек көңіліңде зіл қалмаса болғаны.

Гайни: Сол зілден арылмаспын, кешірмеспін деп ойлап ем. Бір жұма өткен соң-ақ... сағына бастадым.

Кәрім: Гайни, үйленейік!

Ұзақ пауза.

Гайни: Жоқ... Әке-шешем қалай рұқсат етеді? Үйлерінен айдап шықтың. Ол аз болғандай, өзіңе кеңсе қып алдың.

Кәрім: Әуелде маған үйді босату жөнінде тапсырма берілді. Революциялық атқару комитетіне председатель сайланатынымды мен білгем жоқ қой.

Файни: Оны мен түсінермін-ау. Әке-шешем мен апа-жездеме түсіндіре аласың ба? Оның үстіне...

Кәрім: Не?

Файни: Әкем... Совет үкіметі жақында құлайды деді...

Кәрім: Тағы не деді? Айт, іркілме!

Файни: Сені атылады деді.

Кәрім *(күліп)*: Мұның бәрі бос сөз. Контрреволюцияның қиялы.

Файни: Рас па?!

Кәрім: Әрине! Совет үкіметін ешкім де құлата алмайды.

Файни: Лайым солай болсын!

Кәрім: Міне, сен де Совет үкіметінің тілеуін тілейсің. Бір сен емес, оның тілеуін миллиондар тілейді. Миллиондардың үкіметін құлату мүмкін бе?!

Файни: Білмеймін. Маған бәрінен де сенің амандығың керек.

Кәрім: Мен аманмын. Дәйім аман бола берем. Сондықтан...

Файни: Жоқ, Кәрім, үйлену туралы айтпа. Әзірге қоя тұр. Әке-шешемнің ашуы тарқар бір кезде. Сонда сөйлесерміз. *(Рояльға көзі түседі. Пауза)* Мен рояль тартпағалы қай заман?!

Кәрім: Отыр, ойна! Сағынған да шығарсың.

Файни отырып, ойнауға кіріседі. Ойнап отырғаны «Боже, царя храни». Бөлме қараңғылыққа тартады. Қабылдау бөлмесінде жарық молаяды. Сырттан Жақия кіреді. Омар лып етіп хатшы қыздың орнына отыра қалады. Жақия ішке беттейді.

Омар *(тоқтатып)*: Барма, қабылдамайды.

Жақия: Не боп қалды?

Омар: Тыңда... Көр. Революциялық атқару комитетінің председателі немен айналысады. Революцияның қас жауы, миллионер Жұмықтың қызымен штабта оңаша отыр. Отырғанда жай отыр ма?! «Боже, царя храниді» тартқызып отыр. Міне, саған большевик Кәрім.

Жақия *(тыңдап тұрады)*: Мынау масқара ғой! Осылай отыра бермек пе? Қой, мен кірем, шаруам тығыз.

Омар: Кірме, бәрібір айдап шығады. Шаруаңды маған айта бер.

Жақия: Шаруа болғанда... құпия мәлімет.

Омар: Тіпті жақсы! Мәлімет болса, маған айт та жүре бер.

Жақия: Рас-ау. Сөйтсем де болады екен-ау. Жұмық бай Шұбаркөлдің сыртындағы тоғайға көп астық тығыпты.

Омар: Анық па?

Жақия: Анық. Көзбен көрген адам айтты.

Омар: Мынауың өте жауапты нәрсе екен. Ертең келіп өзіне айтпасаң болмайды. Мен әншейін бір хабар ма деп едім. Маңызды шаруа екен. Бекер айттың маған. Мұндайды бастыққа ғана оңашада айту керек. Бұл үшін сені трибунаға тартады.

Жақия: Неге?!

Омар: Өзіне тура кіріп айтпағаның үшін.

Жақия: Байдың қызымен оңашада мәслихат құрып отырса, тарттырып отырғаны «Боже, царя храни» болса, мен оған қалай кірем?.. Қуып шығады деп өзің де айттың ғой.

Омар: Қуып шығады. Сауығын бұзғаның үшін атып та тастайды. Кәрімнің мінезі жаман.

Жақия: Сонда сол... большевик сөйте ме екен? Бұған тыйым салу керек.

Омар: Сен өзің большевиксің ғой?

Жақия: Большевикпін.

Омар: Большевик болсаң осының бәрін айт ревкомның жиналысында. Әлде Кәрімнен қорқасың ба?

Жақия: Мен бе?! Таптың қорқатын кісіні!

Омар: Міне, жігіт! Осы сен менің бауырым емессің бе? Руың Арбалы ғой?

Жақия: Арбалы.

Омар: Әне, бауыр боп шықтық. Жүр, бауырым, сыртқа шығып сөйлесейік. Мен саған инструкция беріп жіберейін.

Жақия: Не берем дейсің?

Омар *(шығып бара жатып)*: Инструкция. Революциялық тапсырма.

Екеуі шығып кетеді. Гайни әлі де рояль ойнап отыр. Ендігісі Европа классиктерінен. Аздан соң қабылдау бөлмесіне Сабыр кіреді. Рояль үнін естіп тұрып қалады. Толастауын күтеді. Күй ойналып бітеді. Сабыр ақырын есік ашып, ішке кіреді. Жарық молаяды. Сахна айналып, бұрынғы қалпына келеді.

Сабыр: Кешірерсіздер! Оңаша сауықтарыңызды бұзғаныма ғафу етіңіздер!

Ғайни: Жезде, сіз мені аңдып келдіңіз бе?

Сабыр: Әсте олай емес. Жездеңнің зиялы тегін танып-біліп болмаған екенсің. Әйтсе де, балдызжан, мен сенің шыға тұрғаныңды қалар едім. Кәріммен оңаша сөзім бар.

Ғайни: Жақсы, сөйлесіңіз оңаша.

Ғайни ешкіммен қоштаспай шығып кетеді.

Кәрім: Қалдық оңаша. Бастаңыз әңгімеңізді.

Сабыр: «Алашорданың» шаужайына жармасып, «Үш жүз» атты партиясымақтың құрылғанын білесіз. «Үш жүздің» программалық жағынан «Әсер» партиясымен үйлесетіні сізге белгілі. Сол үшін де сіз оларды қолдай алмасаңыз керек еді. Өз партияңыздың қағидаларын белінен басып, большевик басыңызбен қалайша «Үш жүздің» қамқоршысы бола қалдыңыз?

Кәрім: Сіздің не айтып тұрғаныңызды түсіне алмадым.

Сабыр: Түсінбейтін түгі жоқ. Әлгінде біздің комитетке «Үш жүздің» көсемсымағы Есет Тасыров келіп ультиматум қойды. «Үш күннің ішінде комитеттеріңді таратып, өздерің көздеріңді жоймасаңдар, Қызыл гвардияның көмегімен бәріңді тұтқынға алам» деді. Осының бәрін өз атынан және...

Кәрім: Менің атымнан айтты ма?

Сабыр: Сіздің атыңыздан айтты.

Кәрім: Есет Тасыров маған келуін келген. Мен қуып шықтым. Оның сөзінен бекер үріккенсіздер. Бұл жайды тағы да қайталайтын болса, дереу хабарлаңыз.

Сабыр: Рахмет!

Кәрім: Сізге де рахмет! Сау болыңыз! *(Қолын ұсынады).*

Сабыр *(қолын алмайды)*: Сіз ғой, Кәрім мырза...

Кәрім: Жолдас!

Сабыр: Кәрім жолдас! Талай зиялыны баулап шығарған Кадет корпусының түлегісіз. Халқымыздың талай марқасқаларымен бір ұядан тәлім алдыңыз. Ұлт қамын ойламайтыныңызға қайран қалам...

Кәрім: Тереңнен толғасайық дейсіз ғой? Болсын.

Сабыр: Тереңнен толғасуға сіздің ғылымыңыз аздық етер деп ойламаймын. Тым әріге бармасақ та болар. Бір фактінің төңірегі де жетер.

Кәрім: Ғылымының аз-көптігі жөнінде сіз бен біз бір-бірімізге төреші бола алмасақ керек. Және сіз қай ғылымды айтып тұрсыз?

Сабыр: Мәселен... тарих ғылымы.

Кәрім: Сіз, әрине, патшалар мен хандардың шежіресін жақсы білесіз. Ол жекелеген топтардың ғана тарихы. Халықтың, еңбекші табының тарихы емес. Нағыз халық тарихы – пролетариат қозғалысының тарихы. Маркс ілімін меңгермеген сіз үшін ол тарихты түсіну өте қиын.

Сабыр: Көшпелі қазақ тапқа емес, руға ғана бөлінген. Рулар тарихы – халық тарихы. Рулардан, халықтан бөлініп Шыңғыс әулеті жеке тарих жасаған емес... Ал енді: «Маркс ілімін меңгермегенсіз...» дегеніңізге келсек – мен «Капиталды» аударған қазақпын! Түпнұсқадан аударған қазақпын!

Кәрім: Білеміз қалай аударғаныңызды. Бұрмалап, қиянат жасап, Маркске «Алашорда» идеяларын таңбақ болғансыз.

Сабыр: Қалай айтсаң да, Маркс ілімін меңгермеген деп мені сөге алмайсыз.

Кәрім: Маркс қағидаларын саяси күресте тұтынбаған адам марксизмді меңгердім деп өзеуремесе де болар! Актілеп әкелген фактіңізге көшіңіз!

Сабыр: Оны айтпай өзім де кетпен! Тек актіленген деп бекер айтасыз. Әсілі актілеп, сіздерді сотқа тартса артық емес. Он емес, жүз емес, бес мың орыс баласын қабылдамақ бопсыздар. Барып тұрған руссификация! Ешбір саналы қазақ бұған жол бермесе керек еді. Сіз құшақ жая қарсы алмақсыз.

Кәрім: Жетім қалған панасыз жас сәбилер ұлтты да, тапты да танымайды. «Алашорда» басқаны қойып, бейкүнә сәбилермен күреспек болса – өкінгеннен басқа шара жоқ. Ол балалардан халқымызға жаулық күткеніңізге тіпті қайран қалам.

Сабыр: Ол балалар осы жерде тұрақтап қалады. Он-он бес жылдан кейін бес мың бала бес мың орыс боп шыға келеді. Жеріңді басып алып, еліңнің жағасына қол салғанда көрерсің!

Кәрім: Интернационализм – большевиктердің басты ұраны. Гимні де – «Интернационал». Біз бұл балаларды Совет мектебінде өз рухымызда тәрбиелеп шығарамыз. Он-он бес жылдан кейін бес мың бала бес мың Совет азаматына айналады. Совет азаматтары ешбір ұлтқа бөлінбей, тең дәрежеде өмір сүрмек!

Сабыр: Оны кезінде көреміз!
Кәрім: Тағдырыңыз көруге жазсын! Сау болыңыз!
Сабыр: Сау болыңыз!

Сабыр шығып кетеді. Сахнада жарық көрінеді. Кәрім авансахнаға шығады.

Жүргізуші: Қала мен уезде Совет жұмысы қызу қарқын ала бастады. Ауылдық, станицалық және болыстық советтер Лениндік декрет негізінде жерді шаруалардың иелігіне берді. Ағарту істері мен бұқараға медициналық көмек шаралары кең өріс алды. Байлар мен кулактар қарсылық әрекеттерін тоқтатпады. «Алашорда» наразылығы да үдей түсті. Буржуазиялық ұлтшылдарды тұтқындап, істерін сотқа беру жөнінде уездік ревком шешім қабылдады. Сабыр Сартаев қашып құтылды...

Жарық қайта жанады. Сахнада уездік ревкомның штабы. Төрде Сибиряк. Жиналыс. Омар сөйлеп тұр. Кәрім авансахнадағы орнында тұрып қалады.

Омар: Революцияның жырынды жауларының бірі, «Алашорда» көсемі – Сабыр Сартаевтың қашып құтылуына себепкер болған – Кәрім Асфандияров. Мұның себебі түсінікті. Кәрім Сабыр Сартаевтың балдызына үйленіп, Жұмық сынды миллионермен іліктес болуды көптен көздеп жүр. Сондықтан да болашақ бажасының қашып кетуіне жағдай туғызып отыр.
Сибиряк: Осы айтқандарыңа дәлел бар ма?
Омар: Неге болмасын? Бар. *(Жақияны нұсқап)* Міне, дәлел керек болса! Сөйле, Жақия.
Жақия: Жұмық байдың Шұбаркөл маңына астық тыққанын естіген бойда Кәрімге айтайын деп келсем, штабта Жұмықтың қызымен оңаша отыр. Жай отырған жоқ, рояльда «Боже, царя храниді» тартқызып отыр. *(Жиылғандардың наразылық гүілі естіледі)* Ертеңіне Кәрімге кіріп, естіген мәліметімді айттым. Отряд апарып тыққан астықты қамбаға құюды өзіме тапсырды. Мен шыққан бойда Кәрім Жұмық байды сақтандырып үлгеріпті. Барсақ астықтың бәрін тасып әкеткен.

Сибиряк: Сен Кәрімге сол хабарды естіген бойда неге кірмедің?

Жақия: Мен... нетіп... *(сасқалақтайды).*

Омар *(ұшып тұрып)*: Мәселе – Жақияның қашан кіргенінде емес, мәселе – Кәрімнің Жұмықты сақтандырып үлгергенінде! Бұл арада басы ашық бір-ақ нәрсе – Кәрім тонын теріс айналдырған тап жауы! Контрреволюционер! Кәрімнің буржуазиялық идеяны қуаттайтынына тағы бір дәлел – ол үнемі Абай өлеңдерінен мысал келтіріп сөйлейді. Абайды сіздер білмейсіздер ғой. Ол үстем таптан шыққан ақын. Аға сұлтанның баласы. Өзі де көп әйел алған зор феодал.

Сибиряк: Пушкин де дворян. Бірақ ол революционерлердің сүйікті ақыны.

Омар: Пушкиннің жөні басқа. Ол декабристерге арнап тамаша жырлар жазған ақын. Абай ондай емес. Декабристерге бірде-бір өлең арнаған жоқ.

Карпова: Омар, сен мәселеден ауытқып кеттің.

Омар: Менде бір ұсыныс: Кәрімдей контрреволюционерге біздің қатарымызда орын жоқ, партиядан шығарып, тұтқындап, ісін ревтрибуналға беру керек!

Сибиряк: Кәрім – он бесінші жылдан большевик. Подпольяның азабын бірге тарттық, талай сыннан бірге өттік. Контрреволюционер ретінде ісін трибуналда қарауға ешкімнің қақысы жоқ. Партия қатарынан шығаруға мен қарсымын! Революциялық принциптерді берік тұтынбағаны үшін қызметтен босатайық! Бар жаза осымен шектелсін! Менің ұсынысымды кім қолдайды, дауысқа салайық.

Көпшілік қол көтереді. Омар Жақияға иек қағады. Жақия бас изеп орнынан тұрады.

Жақия: Революциялық атқару комитетінің председательдігіне мен Омарды ұсынамын.

Сибиряк: Қане, дауысқа салайық.

Сибиряктан басқасы қол көтереді. Сибиряк Кәрімге бір, жұртқа бір қарап тұрады да, ұзақ толқып барып қол көтереді. Жүгіріп теміржол жұмыскері кіреді. Қатты ентікпен:

Вокзалға чехтар келді! Үш эшалон. Екі мыңнан астам чех! Түгел қаруланған! Зеңбіректері де бар... Генерал Гайданың армиясы.

Бәрі қалт тұрып қалады. Шам сөнеді. Қайта жанғанда Жұмық байдың кірешілері тұратын тар бөлме. Жұмық пен Омар, Ненашев, Волков.

Омар: Көптен күткен күн туды! Енді қапысын жібермеу керек. Қазір қызылдар чехтармен келіссөзге дайындалып жатыр. Оған дейін астыртын хабарласқан жөн. Волков мырза, бұл сіздің қолыңыздан келетін шаруа. Тезірек генерал Гайдаға жетіңіз. Қызылдардың торына түсіп қалып жүрмесін. Алдап-сулап шығарып салсын. *(Жұмыққа)* Сіз Сабырға хабар беріңіз. Жетсін тезірек! Қимылдап қалар сәт туды. Ал, мен кеттім. Революциялық атқару комитетінің председателінде бос уақыт деген болмайды.

Бәрі мәз болып күліседі. Шам сөнеді. Авансахнада генерал Гайда мен Карпова. Келіссөз жүргізуде.

Карпова: Комиссар Карпова!

Гайда: Генерал Гайда!

Карпова: Уездік революциялық совет сіздердің Қызылжар вокзалына не себептен аялдағандарыңызды білгісі келеді.

Гайда: Менің қарамағымдағы корпус соғыс аяқталған соң өз отанына қайтып бара жатқан бейбіт әскер. Біз Қызылжар вокзалына азық-түлігіміз таусылуына байланысты тоқтадық.

Карпова: Егер сіздер бейбіт мақсатта болсаңыздар бір эшалон әскеріңіз не себептен қашып кетті?

Гайда: Менің рұқсатымсыз кеткен эшалон командирлерін тергемей тұрып, бұл сұрағыңызға жауап бере алмаймын.

Карпова: Тергеген соң?..

Гайда: Тергеу де мүмкін емес. Енді ол эшалон қайтып оралмайды.

Карпова: Оралады, генерал мырза! Булаев станциясы тұсында темір жол линиясын қопарып тастадық.

Гайда *(сыр беріп қалады)*: Солай ма?! Онда эшалон оралсын...

Карпова: Қашып кеткен эшалоныңыз оралған соң мұнда қанша тұрмақсыздар?

Гайда: Үш күн.. бәлки, бір апта. Біз азық-түлікті валютамен аламыз. Елге жеткізердей қор жиып алсақ дейміз. Өйткені ішкі Ресейде аштық.

Карпова: Біз сіздерден, неше күн аялдасаңыздар да, қару-жарақтарыңызды тапсыруларыңызды талап етеміз!

Гайда: Қазір менің корпусым түгел емес... Келсін... Сосын...

Карпова: «Саяхаттап» кеткен эшалоныңыз бір сағаттан кейін осында болады. Мұндағы әскеріңіз тапсыра берсін! Бір сағат мұрсат береміз.

Гайда: Біз әлі бір пұт та астық алған жоқпыз, оның үстіне қару-жарақсыз қалсақ... Тым болмаса ертеңге дейін мұрсат беріңіз!

Карпова: Қару-жарақтың азық-түлікке ешқандай қатысы жоқ. Және ревкомның рұқсатынсыз ешкімнен ешқандай астық ала алмайсыз. Рұқсатты штабтан келіп аласыз. Штаб Вознесенский проспектісінде.

Гайда: Жақсы! Офицерлерімнің біреуін жібере салармын.

Карпова: Ревкомның председателіне корпустың командирі кіру керек. Жібере саларсыз!

Гайда: Корпустың командирі өзім ғой.

Карпова: Онда өзіңіз келесіз!

Гайда: Болсын.

Шам сөнеді. Қайта жанғанда Сибиряктың кабинеті. Төтенше жиналыс. Сибиряк, Кәрім, Карпова, Омар, т.б., ревком мүшелері.

Карпова: Мен оларға қару-жарақтарын тапсыру үшін бір-ақ сағат мұрсат беретінімізді айттым. Содан бері алты сағат уақыт өтті. Түн ортасы болды. Біз әлі мәмілеге келе алмай отырмыз.

Кәрім: Расында да, жолдастар, сөзбұйдаға салатын мәселе емес, енді дауды доғарайық. Күн қатерлі, қауіп мол. Азғантай күшпен екі мың қарулы дұшпанды бауырға басып отыра алмаймыз. Қарусыздандыру керек! Тағы да айтам – дереу қарусыздандыру керек.

Карпова: Дұрыс! Мен де қосылам.

Омар: Алевтина Петровна, Кәрім екеуіңнің бірің түшкірсең, бірің «Жәрәкімалла!» деп отырғандарыңа біз кешеден бері куәміз. Бірақ сендер шалт ойлайсыңдар. Алдымен, чехтар бізге ашық жаулық танытып отырған жоқ. Қаламызға мұқтаждық себеппен аялдады. Іс-міс жоқ, оларға қаруларыңызды таста деу қияңқылық боп шығады. Сондықтан әліптің артын бағуымыз керек.

Сибиряк: Дұрыс! Бәлендей бой көрсетіп тұрған қауіп әзір жоқ. Оның үстіне біз сақтық шараларын да ескеріп отырмыз. Қызыл гвардияшылардан төрт жүз адам казармалық халге көшірілді. Атты әскер эскадроны қалаға кірді...

Карпова: Бұл, әрине, дұрыс. Дегенмен мүлдем қапысыз қамдандық деуге болмайды. Бізде әскер саны чехтардікінен екі есе кем. Араларында ешқандай байланыс жоқ.

Омар: Бұл келгендер – шет мемлекет адамы. Еліне қайтып бара жатқан бейбіт әскер. Империалистік соғыстың оқшау қалған бір корпусынан осынша дүрлігуіміз қисынсыз. Қайта оларға азық-түлік тауып берсек, ертең елдеріне, бүкіл Еуропаға айта барады. Сөйтіп, большевиктердің халықаралық беделін өсірген болар едік... Оның үстіне...

Омар сөзі аяқталмайды. Сырттан сарт-сұрт атыс естіледі. Жарылған гранаталар. У-шу.

Сибиряк: Неужели мятеж?!

Кәрім: Тап соның өзі!

Оқ тиіп, штабтың терезесі сынады. Бәрі бой тасалайды. Сырттан атаман Волковтың дауысы шығады.

Волков: Со всей сворой попались, красные сволочи!

Ненашев: Сдавайтесь, мерзавцы!

Жұмық: Енді құтыларсыңдар! Тастаңдар қаруларыңды!

Омар *(сыртқа, жоғары атып-атып жібереді)*: Өліспей беріседі екен деп ойлама! Әй, Жұмық! Мен Омармын! Революция жолында ақтық демім біткенше арпалысам, бірақ саған тұтқын болмаймын! *(Сырттағы атыс тынады).* Көр Омарды! *(Секіріп терезеге шығады)* Өлімді қалай қабылдайды!.. *(Секіріп кетеді).*

Омар секіріп кеткен соң атыс қызады. Шымылдық.

Екінші бөлім

Сахна қараңғы. Авансахнада жүргізуші. Жалғыз жарық – пистолет-шам.

Жүргізуші: Жергілікті ақ казактармен астыртын байланыс жасаған генерал Гайданың корпусы бүлік бастады. Әскери күштің басымдығы арқасында және қапыда соққандықтан контрреволюция жеңіске жетті. Қала ақтардың қолына көшті. Мыңнан астам адам тұтқынға алынды. Көшелерде байлар мен кулактар, саудагерлер, дін иелері қолға түскен большевиктерді аяусыз тепкіге алды. Солардың қолынан бүгін 1918 жылдың бірінші маусымында Сүтішев қаза тапты.

Сахна жарық. Шулаған топ. Ортада тұтқын большевиктер. Ашулы байлар соларға ұмтылуда. Әскерлер арашалауда. Тұтқындар шынжырларын сүйретіп, түрмелерге жабылып жатыр. Іштерінде Сибиряк, Кәрім, Карпова, Жақия, т.б. бар. Бұл көрініс режиссердің еркімен ойналады. Шам бір сөніп жанғанда, Жұмық үйінің кең залы – бұрынғы революциялық атқару комитетінің штабы. Бұл үйде мереке. Волков, Ненашев, Жұмық. Орталарында Гайда, Сабыр, Омар, Зуһра әні, Мақпал, Ғайни, т.б., бикештер, сәнді киінген мырзалар. Жеңіл музыка. Бір қолында күміс ләйке, Секеш қызмет көрсетіп жүр. Қасында басқа да малайлар бар. Жарық Гайда отырған топқа молырақ түседі. Әңгіме соларда.

Жұмық: Генерал мырза, бұл мереке сіздің құрметіңізге! Біздің елде «Ғайып ерен, қырық шілтен» деген ұғым бар. Ғайыптан келіп, пәледен құтқарушы деген сөз. Сіз нақ сол болдыңыз!

Ненашев: Сіздің құрметіңізге бәріміз де бал береміз. Ертеңгі кезек менікі. Бар мүлкімізді, тіпті үйімізге дейін Совет тартып алып еді. Дүние кезек екен. Бәрі айналып қалпына келді. Енді ештеңеден іркілмейміз.

Волков: Менің конницам қызылдардың эскадронына тамаша соққы берді. *(Гайдаға)* Сіздің жігіттер де ер екен! Аямай берді майданды! Бұл бір ғажап болды! Тіпті менің денщиктеріме дейін құтыра бастап еді. Бұлар бәрін басқа шығарды ғой.

Жұмық: Рас тіпті! *(Секешті көрсетіп)* Мына менің малайым да большевик боп кете жаздаған жоқ па. Мен бұған астығымды

тықтыртып жүрсем, бұл қызылдардың продотрядына мүше екен. Айтып барыпты. Мына Омардың арқасында иттердің қолына түсірмей кеттік.

Волков: Мұндай сволочтарды ату керек! Үйіңізге неге қайта кіргізгенсіз?

Жұмық: Біз қаланы алған күні: «Көшеде қаңғырып қалдым» деп жылап кеп тұр. Қолда өскен ит, аяйды екенсің.

Ненашев: Бәрі қалпына келді. Осының бәрі, генерал мырза, сіздің арқаңыз!

Гайда: Біздің еңбегімізді елеп жатқандарыңызға рахмет! Қашан да мүддеміз бір. Бір-бірімізден көмек аямау керек.

Ненашев: Неге аяйық, генерал мырза? Бүгін таңда сіздерге ең керегі астық қой. Береміз. Біз қызылдарша «Рұқсатымызды ал!» деп шіренетін жөн білместер екенбіз.

Гайда: Маған сол сөзді айтқан қызыл бикеш қайда екен?

Волков: Түрмеде, генерал мырза. Қызыл бикеш түрмеде.

Гайда: Сол бикешті көргім келеді.

Жұмық *(әзілдеген болып)*: Генералдың құрығы қызыл бикешке түсейін деді ме?

Гайда *(күліп)*: Мен бұл соғыста орыстың талай бикешімен тіл табыстым. Бірақ большевичканы көрмеп едім.

Волков: Ол қиын шаруа емес. Қазір келтіреміз.

Бәрі қарқылдап күледі.

Жұмық: Біздің үйде бөлме көп. Қазір қамдаймыз. Жүріңіз, генерал мырза.

Волков шығып кетеді. Гайда, Ненашев, Жұмық жапсарлас бөлмеге өтеді. Секеш бұлардың әңгімесін тыңдап тұрған, ойланып қалады. Жарық Омар мен Ғайни тұрған тұсқа ауысады. Сахнаның басқа тұсында жарық аз. Бірақ мереке қызу жүріп жатады. Музыка үзілмейді.

Омар: Ғайни, мынандай ұлы дүбір мерекеде қабағыңыз бір ашылмай қойды ғой. Қызылдардан құтылдық, заман жақсарды. Мұңаюға не жосық? Неге жадырамайсыз?

Ғайни: Сіз ғашық боп көрдіңіз бе?

Омар: Көрдім... Мен өмір бойы сізге ғашықпын!

Ғайни: Мен басқа адамға ғашықпын! Ол бұл тойда жоқ. Сондықтан да мен жадырай алмаймын.

Омар: Айтып тұрғаныңыз Кәрім ғой. Оны енді тірілердің санатында атауға болмайды. Сіздей перизат өлікке қалай ғашық болмақ?

Ғайни: Кәрім тірі. Өлмейді де. Жүрегім сезеді.

Омар: Ол ертең атылады. Несі тірі? Тірі болған күнде де Ғайни басыңызбен сондай жексұрынды «Сүйемін» деуіңіз масқара ғой.

Ғайни: Тіліңізді тарта сөйлеңіз! Кәрім жексұрын болса, сіздің кім боп шығатыныңызды тіпті білмеймін.

Омар: Бұл сөзді еркелікпен айтып тұрсыз деп білем. Сіздің еркелігіңізді көтере алам. Өмір бойы еркелетіп өтем. Сертім осы, Ғайни.

Ғайни: Сіздің еркелеткеніңізге мен зәру емеспін.

Омар: Ойланбай айтып тұрсыз. Ойланарсыз, ақылға келерсіз. Мен күтемін сол күнді.

Ғайни: Махаббат – жүрек ісі. Ақылға көне бермейді. Күтіп әуре болмаңыз.

Омар: Өмір бойы күтемін!

Ғайни: Өміріңіз зая өтеді.

Ғайни бұрылып, Сабыр, Мақпал, Зуһра әні тұрған топқа қосылады. Жарық сол тұсқа мол түседі.

Сабыр: Ғайни, біздің Зуһра әні ән салмағалы қай заман?! Отыршы. Сүйемелдеші! *(Рояльді нұсқайды).*

Ғайни: Тамаша, әни, тамаша! Шырқа, көне!

Зуһра әни: Қойың әре. Ерлаған ярашми картларга!

Мақпал: Бүгінгідей күнде айтпағанда, қашан айтасың? Айт, «Зиләйлукті» айт!

Сабыр: «Зиләйлук», «Зиләйлукті» айтыңыз!

Зуһра әни: Булмадыңдар бит. Ерлайек инде.

Ғайни рояльға отырып, ойнауға кіріседі.

Мақпал: Іркілме, әни! Ерла, ерла!

Зуһра әни *(рояльға қосылып)*:

Сүйелгәнсің шатта бағанаға,
Яфырақ түслі сары юзләрің.

Қызғанимша халим шыди алми,
Бигірек мұңлы қари кузләрің...

Сахна қараңғы тартады, айналады. Жапсарлас бөлме. Ала көлеңке. Бір төсек, стол, екі орындық. Гайда отыр. Столда босаған бөтелкелер. Карпованы алға салып Волков кіреді.

Волков: Міне, сізге қаруыңызды тастауға бір-ақ сағат мұрсат беретін комиссар.

Ненашев: Жақсылап көңіл көтеріңіз!

Жұмық: Сәт тілейміз! Сізді менің малайым күтеді. Есік алдына қоям.

Волков, Жұмық, Ненашев үшеуі шығып кетеді.

Гайда: Отырыңыз, сұлу комиссар! «Келіссөз» жүргізейік.

Карпова: Мен сізбен келіссөзді түрегеп тұрып-ақ жүргізгем.

Гайда: Мен басқаша жүргізем. Ол үшін түрегеп тұру шарт емес. Әуелі отырыңыз. *(Столдағы бос шыныларды көріп)* Қазір шампан алдырамыз! *(Қолын шапалақтайды. Секеш кіреді)* Шампан әкел!

Секеш шығып кетеді. Лезде шампан алып, қайта кіреді. Столға қойып жатып Карповаға ақырын иек қағып, «құт-қарам» деген белгі береді. Айналып барып, Гайданың артындағы терезені ашады.

Гайда: Неге аштың?!

Секеш: В-в-воздух!..

Гайда *(бос шөлмектерді нұсқап)*: Жина мыналарды!

Секеш ыдыс жинаған болып, стол үстіндегі шамды қағып жібереді. Карпова шампанды алып, терезені жапқалы бұрылған Гайданы бастан салып өтеді. Терезеден секіріп кетеді.

Гайда: Ұстаңдар! Ұстаңдар!

Пистолетін алып атады. У-шу! Волковтар кіреді. Шам сөнеді. Қайта жанғанда сахнада – түрме. Камерада Сибиряк,

Кәрім, Жақия. Сибиряк қабырғаны сипалап көреді. Терезенің темір торын сілкілейді. Бәрі берік.

Сибиряк: Да!.. Бұзып шығу мүмкін емес. Қатырып-ақ салған екен. *(Кәрімге)* Бұл үй қашаннан түрме?

Кәрім: Бұл үйді қазақтар «Абылайдың ақ үйі» дейді. Ханның қысқы резиденциясы осы болған. Ордасын Бурабайға тіккен. Түрмеге айналдырғаны бертін. Қазіргі аты «Ақ түрме».

Жақия: Қанша адам жатыр екенбіз? Санымызды білген бар ма?

Сибиряк: Кім білсін? Ревком мүшелері түгел тұтқын ғой.

Кәрім: Жоқ! Түгел емес! Арамызда Омар жоқ.

Сибиряк: Оны атып тастаған шығар.

Жақия: Атпайды оны.

Сибиряк: Неге?

Жақия: Ол солардың адамы.

Кәрім мен Сибиряк аң-таң. Ұзақ пауза.

Жақия: Кәрім, сен... Сибиряк, сен де мені кешіріңдер! Мен... адастым, теріс жолға түстім.

Сибиряк: Қалайша?

Жақия: Дұшпанның азғыруына ердім...

Кәрім: Қай дұшпанның?

Жақия: Омардың. Кәрім, сен кешір! Өткенде жиналыста мен саған қарсы сөйледім. Мені Омар азғырды...

Кәрім: Тоқта! Жұмықтың астық тыққанын Омарға айтып па ең?

Жақия: Айтқам. Саған келсем, ауыз үйде Омар отыр екен. Ішке кіргізбеді, «Маған айт та жүре бер» деді.

Сибиряк: Сен жүре бердің?!

Жақия: Жоқ, енстроксэ алдым.

Сибиряк: Инструкция?.. Түсінікті!.. *(Кәрімге)* Омардың контра екенін жолдастар білмейді. Ескерту керек.

Кәрім: Кел, хабарласайық.

Кәрім етігін шешіп алып, іргеге келеді. Өкшесімен тақылдатып, «сөйлесе» бастайды.

Сибиряк: Жолдастар, Омар – контра... Арамызға кіріп алып, үнемі дұшпанға жұмыс істеп келген.

Кәрім осы сөздерді «жеткізген» соң, жауап күтіп қалады. Аздан соң қабырға арғы жақтан тақылдайды. Кәрім «оқып» тұрады.

Кәрім: Омардың сатқын екенін білеміз... Ол қазір Волковқа жұмыс істеп жүр... Сырттағы жолдастар Омбыдан телеграмма алыпты... Аққылшық Укметов безнадежно болен... Қызылбай Әскеров жив и здоров... Скоро придет...

Сибиряк: Мұнысы несі? Не деп кетті?

Кәрім: Аққылшық Укметов дегені – Колчак үкіметі. Қазақтар Колчакты Аққылшық атандырған. Қызылбай Әскерові – қызыл әскер.

Сибиряк *(әндетеді)*: Аттан, азап шегіп жаншылған Әлемнің құл мен аштары...

Сибирякқа Кәрім мен Жақия қосылады. Аздан соң басқа камерадағылар да «Интернационалды» іліп әкетеді. Үлкен хор әндетеді. Сахнада жарық баяу өшеді. Кәрім авансахнаға келеді.

Жүргізуші: Қызылжар большевиктері қысылтаяң күнде де контрреволюцияға қарсы күрес жүргізіп жатты. Темір-жол станциясында, тері илеу заводында, венгерлердің әскери лагерінде жасырын ұйымдар құрылды. Түрмедегі большевиктермен байланыс үзілген жоқ. Үгіт-насихат жұмысы бір сәтке толастамады. Сибиряк типография жұмысшыларының ереуілін түрмеде отырып ұйымдастырды. Контрреволюциялық үкімет қолға түскен большевиктерді аяусыз жазалады. Сотсыз, тергеусіз атумен болды. Қызылжар уездік революция комитетінің председателі – менің қандыкөйлек досым Сибиряк қаза тапты! Жендеттер оны тірідей көмді...

Жалғыз қызыл прожектордың жарығында сахна төрінен шымқай ақ киінген Сибиряк көрінеді. Азалы күй.

Күй ойналып біткен соң қызыл жарық сөнеді. Шам қайта жанғанда – сахнада Жұмық үйі. Сабыр мен Мақпал буынып-тұйініп жолға қамданып жатыр. Байни жәрдемдесіп жүр.

Сырттан есік алдына келіп тоқтаған фаэтон үні естіледі. Аздан соң Омар кіреді.

Сабыр *(Омармен қол беріп амандасады)*: Иә, қалай барып қайттың?

Омар: Тіпті бикештермен сәлемдестіретін емессіз ғой, Сабыр мырза.. *(Мақпал мен Ғайнидың қолдарынан сүйеді)* Қалайсыз, Мақпал ханым? Қабағыңыз қату ғой, Ғайни бикеш?

Ғайни: Апа-жездем жол жүргелі жатыр. Біртүрлі... ұзақ та жат сапарға қия алмай тұрмын.

Омар: Жол болсын, Сабыр мырза!

Сабыр: Әлей болсын! Әуелі өз сапарыңды баяндасаңшы!

Омар: Мені тура Колчактың өзі қабылдады! Табаны күректей жиырма минут сөйлестік!

Сабыр *(кекетіп)*: Ұзақ мәслихат құрған екенсіз.

Омар: Мынандай жағдайда одан ұзақ сөйлесуге мүрша бар ма?

Сабыр: Оның рас. Колчактың жағдайы қазір өте жаман!

Омар: Біздің міндет – сол жағдайды жақсарту емес пе?

Сабыр: «Алашорда» бар дәулетін Колчакқа сарықты. Одан түзелген жағдайы жоқ. Күн санап кері кетуде.

Омар: Ол, әрине, солай. Алайда «Алашорда» үшін Колчактан қолайлы үкімет табыла қояр ма екен?

Сабыр: Колчактың ығы кеткен. Енді ол ешкімге пана бола алмайды.

Омар: Сонда.. не қылмақ керек?

Сабыр: Мизам да орталықтан шықпай ма? Төңкеріс атаулы астанадан басталады, үкімет астанада орнайды. Мен Петербургқа бармақпын. Реті келсе Уляновтың өзіне кірем. Автономия сұраймыз.

Омар: Мұныңыз – утопия. Болмайтын іс.

Сабыр: Бұлардың «пайғамбары» – Маркс. Оның ілімі шовинизмге қатаң тыйым салады. Мүмкін орайы келер... Қалай да Аққылшықтың тұлыбына мөңіреуге болмайды.

Пауза

Омар: Жақсы... Сәт сапар тілейміз...

Сабыр: Колчак кешікпей құлайды. Сойылын көп соғам деп, кейін басыңа қатер боп жүрмесін. Абайла!

Омар: Ақылыңызға рахмет! Өз басыңызға абай болыңыз.

Сабыр: Сау бол!

Омар: Сау бол!

Екеуі қол алысып қоштасады. Сабыр, Мақпал, Ғайни – үшеуі жүктерін алып сыртқа беттейді.

Омар *(жалғыз)*: Алды-артыңа бір уыс топырақ! Жетектегі тазыңдай қашқанға да, қуғанға да серік қып ең. Қиын күнде жетім күшіктей жұртыңа тастап қаштың ба? Көрерміз әлі! Алаштың шаңырағын көтерем, іргелі ел қылам дейсің. Көкейін, хансымақтың!..

Сырттан ақырын басып Ғайни кіреді. Көңілсіз. Ілбіп рояльга келіп отырады. Ақырын ойнайды. Мұңлы саз. Омар үнсіз тыңдап тұрады.

– Өз көңіліңнің сазын тартып отырсың-ау... Еш мұңайма, Ғайни. Бүгінгі күн біздікі. Енді өмірдің биі – біз. Қосылуға сертіңді бер! Ұсынған қолымды қақпа! Өмірімізді тойлап өткереміз, Ғайни! Кәрімді ұмыт. Енді ол жоқ. Бүгін Кәрім атылады! Мәңгілік мекенін табады... Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Тірі кісі тірлігін жасайды. Менімен қосылған тірлігің дәйім той боп өтеді, Ғайни...

Ғайни Омар сөзін мүлде естімегендей, ешбір белгі берместен, мүсіндей қатқан қалпы күй ойнап отырады. Кенет рояльга басын қойып, өксіп жылап жібереді. Шам сөнеді. Авансахнада жүргізуші.

Жүргізуші: Қызыл Армияның Шығыс майданы шабуылды үдете түсті. Августің ортасында үшінші және бесінші дивизиялар Троицк – Қорған линиясына шықты. Преснов станциясын Колчак қолынан тартып алды. Азаттық майданы күн санап Қызылжар іргесіне жақындай түсті. Колчак армиясы қаланы қолдан шығармау мақсатында жанталасып бақты. Қызыл армияның 35-дивизиясы 1919 жылдың 27 октябрінде Дубровное және Михайловское селоларын ақтардан азат етті. Бесінші армияның үшінші атқыштар полкы 29 октябрьде Есілдің жағасына табан тіреді. Майдан қыза түсті. Колчак үкіметі большевиктерді жазалауын тоқтатпады... Бүгін менің атылатын күнім...

Түн. Орман іші. Омар, қасында екі солдат, Кәрімді алға салып келеді.

Омар *(солдаттарға)*: Сендер бара беріңдер! Бұл мырзаның иманын өзім үйірем.

Солдаттар бұрылып кетіп қалады. Омар мен Кәрім бір-біріне қадалып тұрып, ұзақ арбасады. Алыстан жарқылдаған оттар көрініп, майдан сарыны естіледі.

Кәрім: Майдан тақап келеді. Азаттық таңы тым жақын...

Омар: Ол таңды сен көрмейсің! Қазір өлесің! Өлесің, Кәрім большевик! *(Қалтасынан пистолет суырады)* Өкініштісі, ә?! Өмірің өкінішпен өтті-ау!

Кәрім: Менің өмірім азаттық үшін күресумен өтті. Бұл күресте бір мен емес, талайлар құрбан болды. Теңсіздікке, жауыздыққа қарсы майдан салып өткен өмірде өкініш жоқ!

Омар: Өзіңді өзің жұбатасың ғой. Әйтпесе, өкінішті-ақ! Алыстың, жұлыстың. Жеңісіңді тойлай алмай барасың. Өліп-талып ғашық болдың. Сүйгеніңе мен үйленіп, рахат өмір сүрем. Неге өкінбеске?!

Кәрім: Менің өз өмірімнің күні батқанмен, заманымның таңы енді атып келеді. Сенің дәуренің өтті. Заманың көшті. Рахат өмір сатқындарға харам болар.

Омар: Жоқ, Кәрім! Ғайнимен қосылып сүрер махаббатымның балдәурені енді басталады. Сені жер жастандырған сәттен басталады. Сүйгеніңді мен құшам, атағыңды мен алам, заман менікі!

Кәрім: Зауал шағың алыс емес! Заманыңда шайқап қал!

Омар: Шайқап қалмай не бопты?! Тартынатын нем қалды?!

Омар кезеп тұрған пистолетін атады. От атылмайды. Кәрім Омарды бас салады. Пистолет ұшып түседі. Екеуі алысады. Пистолетке ұмтылысады. Кәрім пистолетті таба алмасын сезген соң қараңғыға сіңіп кетеді.

Кәрім *(кетіп бара жатып)*: Зауал шағың алыс емес! Есептесер күн жақын!

Омар пистолетін тауып алып, қараңғыға – Кәрім кеткен жаққа атып-атып жібереді.

Омар: Қап! Тимеді!.. Құтылып кетті-ау!

Сахнада Жұмық үйі. Абыр-сабыр қашуға қамданып жатыр. Жұмық үлкен саквояжды алтын-күміске сықап жатыр. Секеш сыртқа сандықтарды тасып жүр. Зуһра әні де өз дүниелерін жинастырып жатыр. Қарбаласты қалт етпей бағып, рояльға сүйеніп Ғайни тұр.

Жұмық *(Секешке)*: Артық дүниені таста! Асыл бұйымдарды ғана тие!

Зуһра әни *(Ғайнига)*: Нишек бармиым дисең? Әтиің блән әниіңнен иырақтап ни итмәксің?

Ғайни: Мен ешқайда бармаймын! Өздерің жүре беріңдер.

Жұмық *(Зуһра әниге)*: Қой енді, болды! Талайдан бері айттық қой, көнсе. Ақырзаманның баласы емес пе, ата тілін ала ма?

Зуһра әни: Алмиды бит, алмиды!

Жұмық: Қашан айттың деме, қызым, өкінесің түбінде. Қарадан шыққан емессің, бай нәсілін большевиктер аямайды. Ақыры қалдың ғой – көрешегіңді көзбен көр! Ретін тауып, қолай көрсең артымыздан кел. Бізді Харбиннен табасың.

Ғайни: Арттарыңнан барам деп серт бере алмаймын. Аман жүрсеңдер бопты.

Жұмық *(Сырттан кірген Секешке)*: Тиедің бе бәрін, сыйды ма арбаға?

Секеш: Д-дүние с..с..сыйды, сіздер с..с..сыймайсыздар...

Жұмық: Жағың қарыссын, жағың қарысқыр! Сиямыз бірдеңе ғып *(Ғайнига)*. Ал, қызым, аман бол! Құдайым өзі жар болсын!

Ғайни: Жолдарыңыз болсын!

Зуһра әни: И..и.. мазлума!.. Сау бул инде!.. *(Зуһра әни жылап кеп, Ғайнимен қоштасады. Жұмық сырт беріп, шығып кетеді. Зуһра әни соңынан бет тейді. Шыға бере Секешті көріп кідіреді)* Син матур малай, Ғайни туташны обижать итмә! Тапсерим синә!

Секеш: Дж-дж-джәрәйт!

Зуһра әни: Сау булыңлар, ярықларым!

Шығып кетеді. Пауза. Музыка да жоқ. Ауыр тыныштық. Ғайнидың көзінен үнсіз жас саулайды.

Секеш: С...С..сен жы..жылама! М..мендей а..ағаң тұрғанда қ..қорықпа!

Ғайни: Рахмет, Секеш! Ниетіңе рахмет!

Омар кіреді. Іштей абыржулы. Онысын сездірмеуге тырысады. Жорта көңілді.

Омар: Бай аттанып кеткен бе? Жолдары болсын! *(Ғайнидың көзіндегі жасын көріп).* Ғайни бикеш, жылап тұрмысыз? Жыламаңыз! Өткенге салауат. Кәрімнің арты өзімізге қайырлы болсын!

Ғайни: Кәрім..

Омар: Иә, иә, кеше атылды. Бір Сіз үшін арашалап қалуға тырысып-ақ бақтым. Қолдан келмеді. Қылмысы тым ауыр. Атылып кетті, жарықтық...

Ғайни: Жоқ, Кәрім тірі! Жүрегім сезеді...

Омар: Қалайша сенбейсіз, өз қолыммен жерледім. Өзіңізді өзіңіз әурелеп, жоққа сендіріп қайтесіз? Тірлік қамын ойлайық та.

Секеш: Тірлік б..бітті ғой..

Омар: Сен не қып тұрсың? Бар, жалтырат табаныңды!

Секеш: Ө...өзің жалтырат!

Омар: Не деп тұрсың, ей?!

Омар пистолетін суырып алады. Секештің зәресі ұшады. «Ө..ө..» деп тұтыққан бойда, тұра қашады.

Ғайни: Тиіспеңіз, оған! Батырлығыңызды мына келе жатқан қызылдарға көрсетіңіз, көрсете алсаңыз.

Омар: Несін жасырайын, қызылдарға менен де зорлардың батырлығы жүрмей тұр.

Ғайни: Ендеше мұнда не қып тұрсыз? Жаныңызды сауғаламайсыз ба?

Омар: Менің басымның амандығына айлам кепіл. Қайда жүрсем де тіршіліктің тәсілін табам. Тілегіңді қос, Ғайни! Бірге аттанайық. Бейқам, тыныш өмірге жол табайық.

Файни: Менің Сізге айтарым сарқылған. Бөтен сөзім жоқ.

Омар: Барыңыз осы ғой?

Файни: Осы!

Омар: Жақсылықпен табысармыз деп едім. Аяғыңды құшқандай боп жалындым. Илігер деп ем – шалқая түстің. Шалқаңнан салдым ендеше! Күшпен салдым тізеге!

Омар Файнига тұра ұмтылады. Құшақтап, құшпақ болады. Файни жандәрмен қорғанады. Сырттан Секеш кіріп келеді.

Секеш: А!..А!.. Қы..қы..қызылдар!

Сырттан тарс-тұрс атыс естіледі. Омар Файниды босатып, жүгіріп терезеге келеді. Ойланып тұрады. Секешке қарайды. Ұзақ қадалады. Ой түседі. Жалма-жан сыртқы киімдерін шеше бастайды.

Омар *(Секешке)*: Шешін!

Секеш: М..мені с..сен деп а..атып тастайды ғой..

Омар өз киімдерін тықпалап жүр, Секеш алмайды, киімін шешпей қарсыласып жүр. Кекештеніп әлденелерді айтады. Онысы түсініксіз.

Омар: Бол! Бол, енді, найсап! «Иттің басы алтын табаққа салсаң шыршып түседі» деп, асыл киімнен қашқаны несі?!

Екеуі алысып жүреді. Ақыры Омар жеңеді. Секештің киімдерін киіп алады. Секеш жартылай жалаңаш. Омардың киімдерін қолына ұстап, дағдарып тұрады. Сырттан, тым жақыннан атыс естіледі.

Омар *(Файнига)*: Келді әне большевик жарың! Көнбедің ырқыма, бұйырмадың. Тек дегеніме жеттім деме! Жеткізбеймін! Кәрім құшса, мәйітіңді құшсын!

Омар пистолетін алып Файнига кезенеді. Тек атып үлгермейді. Сырттан Кәрім, Карпова, басқа да жауынгерлер кіріп келеді. Кәрім Омардың оң қолынан атады. Кәрім атқанда

оқ Секештің құлағын жанай өтеді. Ол селк етіп, қатты шошынады. Тілінің тиегі ағытылып кетеді.

Секеш: Ойпырмай, Кәрім аға, байқасаңыз етті ғой. Мені атып тастай жаздадыңыз ғой. Мен Секешпін ғой. Өзіңіз большевик қылған Секешпін... Мына иттің баласы Сізді өліп қалды деп, Ғайни екеуміз жылап отыр едік, бар екенсіз ғой, тірі екенсіз ғой. Асыл ағам-ай!

Ғайни құр сүлдері сүйретіліп келіп Кәрімнің құшағына жығылады. Карпова қасындағы солдаттарымен Омарды тұтқынға алады. Шам баяу сөнеді. «Апассионата» сарыны. Жүргізуші сөзінің фонында үнемі үзілмей естіліп тұрады. Авансахнада жүргізуші. Ол алға шыққанда сахнаға қызыл әскерлер, халық толады. Пистолет шамдар кейіпкерлердің әрқайсын даралап көрсетеді. Монументтей қатқан қимылсыз көрініс.

Шымылдық.

Эпилог

Баяғы камера. Сабыр мен Кәрім. Арада азапты ойлар, қасіретті түндер өткен. Екеуі де қажыған.

Кәрім: Қалай ойлайсың, осы жолсыздықтың барлығын Сталин жолдас біле ме?

Сабыр: Білгенде қандай! Барлығы соның нұсқауымен болып жатқан жоқ па? Бұл науқан көптен және мұқият дайындалған.

Кәрім: Сенгім келмейді.

Сабыр: Сенгің келмейді, бірақ – ақиқат. Сендер – большевиктер, бір нәрсеге құлай берілсеңдер бозбалалық максимализмдеріңнен арыла алмайсыңдар!

Кәрім: Алашордашылар ше?

Сабыр: Алашорданы шала сауатты қызыл белсенділер емес, – мүйізі қарағайдай ғұламалар басқарды. Өзімізге амнистия жарияланған бетте Ульяновқа сенсек те, – кейін күмәндана бастадық. Автономия алғанда да, оқу-ағарту ісінде де –

ұлтымызға қатысты кез келген мәселеде біз ешкімнің емексіткеніне елтігеміз жоқ. Қазақ халқының мүддесін бәрінен жоғары қойдық. Темірқазығымыз сол болатын. Содан бір сәт те ауытқымадық.

Кәрім: Мен де коммунистік идеяларымнан бас тарта алмаймын.

Сабыр: Сандырақ! Маркстің дүниежүзілік коммунизм дегені – шайтанның сыбыры ғана. Әлемді ешкім де уысына сыйдыра алмайды. Он сегіз мың ғаламның жалғыз иесі – бір Алла!

Кәрім: Сендер – ұлтшылдар, қазақ халқының пайдасына бізден көп әрекет еткен жоқсыңдар. Қазақстан бәрібір большевиктік болып қалады.

Сабыр: Сен екеуміз бір-бірімізге төреші бола алмаймыз. Бағамызды тарих береді. Ешкімге де, ештеңеге де жалтақтамайтын, қара қылды қақ жарып айтатын әділетті ұрпақ келеді. Қазылықты солардан күтеміз. Ол кезде коммунизмнің қаңғыбас елесі Қазақстанда қалмайды. Азат, еркін Қазақстан әрқайсымызды өз тұғырымызға қояды.

Кәрім: Оны біз көре алмаспыз.

Сабыр: Көре алмаймыз. Алайда азаттықтың ақ таңын ат үстінде қарсы алар келер ұрпақ аман болсын да! Елдің оты өшпесін де! Сол елдің ертеңі үшін біз құрбандық, бажа!

Кәрім *(мырс етіп)*: Бажа.. Бажа боп қосымыз қатар тігіліп көрмеп еді, – қапасымыз бір болды ғой. Ақсақалдың екі қызын да жесір қалдырып барамыз. Өздері болса...

Сабыр: Ақсақал мен әниді мен соңғы рет Құлжада көрдім. Дәулеттері сарқыла қоймапты. Сол жолы Зуһра әни: «Жаман түс көрдім. Мақпалым да, Ғайниым да көп күйік шегеді», – деп еді. Мен сенбей күліп едім. Енеміз әулие екен.

Кәрім: Біз тартқан азап бала-шағаны шарпымай кетпес. Кешірсін де!

Сабыр: Алла кешсін де!

Кәрім *(ойланып тұрып, сеніммен)*: Алла кешсін!

Шам баяу сөнеді. Қайта жанғанда – сахнаның екі бұрышында аруақтай ақ киімді сабыр мен Кәрім. Төрде үштік сот. Сот төрағасы – Омар.

Омар *(қолында үкім жазылған тілдей қағаз)*: Сабыр Сартаев – үштік соттың үкімімен 58 статьяның барлық баптары

бойынша айыпты деп танылып, ату жазасына кесілсін! Кәрім Асфандияров – үштік соттың үкімімен 58-статьяның барлық баптары бойынша айыпты деп танылып, ату жазасына кесілсін!

Үштік сот сахна төрінде міз бақпай тұрып қалады. Сабыр мен Кәрім бір-біріне қарсы ілбіп аяңдайды. Өмір бойы бір-біріне қарсы жүріп өткен адамдар сахна ортасында беттеседі. Құшақтасады. Гурс-гурс атылған мылтық үні. Екеуін қан-қызыл жарық көмкереді.

Шымылдық.

БІРЖАН САЛ

(Трагедия)

Қатысушылар:

Біржан сал
Әпіш – әйелі
Ержан –
Нұржан – } ағалары
Мырзағұл –
Теміртас – } балалары
Жарбол – досы
Мұса Бегенұлы – бекетші
Сүният – молла
Жас Біржан –
Сара – } елес
Келіншек
Бас ақын
Тойға жиылған халық, сал-серілер, қыз-қырқын, жігіт-желеңдер

Бірінші бөлім

Бірінші көрініс

Алты қанат ақ орда – Ержан үйі. Түрулі іргеден Жөкей көлі мен жағадағы шоқ қайың көрінеді.

Мезгіл жаздың аяқ шені.

Іште Ержан мен Нұржан. Үнсіз. Екеуі де ауыл үстінде әуелей қалықтаған әсем әнге құлақ түрген. Ән аты – «Біржан сал». Айтушы да Біржан. Ән ырғағында баягы асау екпін жоқ, қарт қыранның кешегі биігіне талпынған ширығуы сезіледі. Әр иірімінде өксік бар.

Ән аяқталады.

Ержан: Бір ғана Бертіс баласы емес, әрісі Ақсары, Ашамайлыға, қала берді, исі Керейге түскен сын-дағы. Зобалаң боп туды ғой бұл Біржан!

Нұржан: Несін айтасың?! Елге қарар бет қалмады-ау. Аптығы басылар ма десе, күннен күнге асқынып бара ма деймін...

Ержан: Жер таянған шағында байсал табар Біржан жоқ. Аңсайтыны – баяғы әлеуләйі.

Нұржан: Аға деп бізді тыңдамайды. Тұңғышым деп Мырзағұлға тоқтамайды, сонда бұл қай сөзге қонақ бермек?

Ержан: Сүният молланың қарғысы жаман деуші еді. Ұшырағаны сол ма деймін. Моллекең ел көзінше шариғат жолын тұт десе, бұл қыңырайып айдалаға лағыпты ғой... Айтқандай сен: «Естідім, бірге болдым» демеп пе ең?!

Нұржан: Бала күнінде молла ғып шығарам деп, Қожағұл атам мұны төрт жыл Қызылжардың медресесінде оқытпады ма? Содан қалған жұғыны екі молла тоярлық па деп қалдым. Өзі де алғыр емес пе?! Сүниятты ел көзінше қырғи қуған торғайдай бүрді. Елге күлкі болғанына назаланып, молла мұны қарғап кетті сол жолы.

Ержан: Масқара-ай! Әулетімнен аулақ!

Нұржан: Құдай мұның тілі мен көмейіне берген ғой. Моллаға бір шалдырмады-ау.

Ержан: Тіл мен көмей қасиет болса, ақылдан адастырар ма еді?.. Көрмеймісің тудырып отырған зобалаңын.

Нұржан *(ұзақ ойланып барып)*: Осы біз жау жоқта аттан салып жүрген жоқпыз ба? Жаңағы әннің үстінде серпілгендей көрінді.

Ержан: Жасауын мен жасап, алжуын сендер алжыдыңдар-ау, екі інім. Қайдағы серпілген?! Не айтып тұрсың?

Нұржан: Жанашыр ағайыннан нөкер ертіп жіберсек қайтеді барам деген жағына?

Ержан: Атама! Елге күлкі боламыз. Қожағұлдың баласы қартайғанда ел ақтап жүр деген ат емшектесі бізге де әбүйір боп үйірілмес.

Нұржан: Елдің көрмегені сал-сері ме еді? Бала күнінен-ақ солай еді ғой Біржан.

Пауза

Ержан *(зілдене)*: Сенің де алатайлығың ішінде ме еді? Бола қоймас бұларың. Сара дегені жай әншейін желеу. Мақсаты тағы мал шашпақ қой. Алжыған шағында ел бетіне шіркеу болмақ

қой. Маған көнбесеңдер, тезге салар елім бар. *(Айғайлап)* Мырзағұл!

(Жүгіре басып Мырзағұл кіреді)

Мырзағұл: Ләббай, Шой-аға!

Ержан: Әумесер әкең баяғы әләуләйына тағы баспақ. Жетісуға кетем дейді. Сен не дейсің?

Мырзағұл: Кете берсін.

Ержан: Жә, тантыма! Әкең бөтен елде көмусіз қалса, ел алдымен саған күлер. Соған да миың жетпей ме, ақымақ!

Мырзағұл: Өліп қалса қиын енді.

Ержан: Осы ма бар айтарың?

Мырзағұл: Айтқанда... мен айттым ғой. Кеше де айтқам. «Қой» дегем. «Барма» дегем. Өзімді мазақ қылады. «Ақымақ» дейді. Сіз де ақымақ деп тұрсыз. Мен не істейін?

Ержан: Ақымақ.

Мырзағұл: Әне, айттым ғой.

Ержан: Ат шаптыр ағайынға. Жетсін түгел Керей – Уақтың алқасы. Екеумізге көнбейді екен, айтсын солар кесімін.

Нұржан: Жә! Елді босқа дүрліктіріп қайтеміз. Жаңа Жарболды тағы жібергем. «Басалқыңды айт, көндір жөнге» деп. Кім біледі, бала күннен бірге өскен жолдасы ғой, тауып қалар бір тілін.

Ержан *(райынан қайтыңқырап)*: Жарболда пәтуа бар деймісің? Ол да соның сыңары ғой... Сенгің-ақ келеді, сене алмай қиналатының қиын екен.

Жарбол кіреді

Нұржан: Иә, қуантамысың? Қайтты ма райынан?

Жарбол: Қарағайға қарсы біткен, еменге иір біткен бұтақ емес пе еді Біржан?!

Ержан: Көнбеді ме?

Жарбол: Түз қыранын қартайғанда қолға үйрету қиын ғой. Көндіре алмадым.

Мырзағұл: Көнбейді ол, маған да көнбеген.

Ержан: Найманның бір қызы үшін Керейдің шалы қаңғырып өлсе, баламыздың баласына кететін қорлықтың үлкені сол емес

пе?! Тыя алмадың, ағайындық қылмадың деп ел де бізге сырт бермей ме?! Біржан есі болса, осыны неге ойламайды?

Нұржан: Келінді де шақыртып ем. Келе жатыр, әнекей... Өзі бір өтсін алдынан.

Әпіш кіреді. Қайын ағаларына сәлем етеді

Ержан: Келін шырағым, мінеки, Біржан аттан түскелі үш жыл болды. «Шау тартқаны – байыз тапқаны» деп ағайын-ел қуануда едік. Енді келіп, көңілге болмаса, көзге алыс бір сапарға ойы кетіп іниміз өрекпуде. «Кетем де кетем!» деп отыр. Сонысына Бертіс баласы түгел наразымыз. Одан, сірә, ат майын аямаймыз. Қожағұлдан қалған көп жылқы кертіп жегенге ойсырайды демейміз. Біржан біздің іниміз болса, сенің халал жұпты жұбайың. «Тыйыл» де, «көш» де жөнге. Біз алдынан өткенмен, сөзіміз оған өтпеді. Енді, бір тоқтаса, саған тоқтар деп отырмыз.

Мырзағұл: Тоқтамайды ол. «Ақымақсың» деп өзіңді сөгеді.

Әпіш: Бәрін де естіп, көріп жүрмін. Сіздің сөзіңіздің жаңсағы бар демеймін. Бұл ісінің ерсілігі бар-ау деп өзім де күдіктенем. Базары тарқаған шағында қасымда болып, күтімімді көрсе деймін. Төрт баламның атасы болды. Отасқалы бетін қағып көргем жоқ. Кәрі құлжа бой жазатын шыңның шолақ соқпағындай ендігі қалған аз ғұмырында киелімнің тізгініне жармаспаймын. Барсын. Тілеуін үйде тілеп отырам да. Соны әдет қылмап па едім.

Ержан: Әдет – әдет емес, жөн – әдет, шырағым. Біржан далада қаңғырып өлсе, Керейдің ашылған абыройын сенің үйдегі тілегің жаба ма? О не дегенің?

Әпіш: Өлімнің бетін аулақ қылсын! Ажал қашан жетсе де, Біржанды қазақтың қай ауылы да көмусіз қалдырмас. Менен басқа да жоқтаушылары табылар. Ел күңіреніп аза тұтпас деймісіз?

Жарбол: Алда ақылыңнан айналайын, замандасым-ай. Біржанның босағасына құт болып аттаған едің, жұтамаған екенсің..

Пауза

Ержан: Шыдай-шыдай мен болдым. Енді еңкейер шамам жоқ.

Нұржан: Бір ананың құрсағында тулаған кіндіктесіміз емес пе? Сарқылмайық әлі де. Тағы бір өтейік алдынан.

Пауза

Ержан *(көніп)*: Дәргейіне соңғы рет бас ұруым болар бұл.

Екінші көрініс

Жөкей көлі. Жағадағы шоқ қайыңның арасы. Біржан жалғыз. Қолында домбыра. Көлге қарап өз ойымен өзі отыр.

Біржан *(күбірлеп)*: Ай, бозым-ай, бозым! Даңғылым-ай! Тұп-тура өңімдегідей, сірә, түсім болмаса керек. Сол баяғы Ешкіөлмес, сол баяғы айлы түн. Сол баяғы даңғыл боз... мені Кертөбелден түсіріп алды... көлде жүзіп келеміз. Көл дегенім – ән екен – ән! Әлде ән дегенім көл ме екен?..

Елес көрініс

Ешкіөлместің жағасы. Ай астында ақ боз үй. Сара топ ішінде ән салып отыр. Үй сыртында ішке құлақ түрген жігіт-желең, қыз-келіншектер. Төрде Есімбек пен Тұрысбек қажы.

Сара: Қызы едім Тастанбектің, атым Сара,
Ішінен Ер Қаптағай шықтым дара.
Он үште домбыра алып топқа түстім,
Келемін бір сүрінбей жеке-дара.

Қолдай гөр, Ер Қаптағай, ата-бабам,
Сөзімді тыңда, құрбым, келсе шамаң.
Ақсүйек пайғамбардың тұқымы деп,
Сөзімді естіргелі келдім саған.

Сараның әні аяқталмайды. Сырттан өр екпінді Біржан дауысы естіледі. Әндетіп сахнаға шығады. Қасында сал-серілер, сәнді топ.

Біржан: Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын, Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері.

Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын,
Арғынның Алтай-Қарпық ақтан кері.
Барабар сөзі теңдес адам болса,
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.
Басайын аптығынды тез шық, Сара,
Сен түгіл әкеңдеймен болдым істес.

Бұл үйде Сара бар ма, отыр не қып,
Қарсы ұшпай тотықұстай қанат қағып.
Жел қобыз, жел тағалы еңіреумен
Қара тер шыққан сайын кетем ағып.
Ғаламда мәшһүр болдым өлең жаттап,
Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап.

Сара тыйылып қалады. Жұрт гүілдей бастайды. Ел тегіс қобалжулы.

– Сараға не болған?
– Үні шықпай қалды ғой!
– Масқара болмасақ жарар еді!
– Иә, аруақ!
– Қап, мына қызды-ай!

Тұрысбек қажы қолына домбыра алады. Ел тынады.

Тұрысбек: Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда біздің үйге келді қайдан?..

Тартынба, енді балам, ештеңеден,
Адымың аттан артық шықты тайдан.

Сөзі бұзық антұрған көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.

Аптыққан қу арғынды бір дөңгелет,
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнері ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір Құдайдан!

Тұрысбек домбырасын Сараға ұсынады. Ел тағы гулей кетеді. Сара өлең айтып сыртқа шығады.

Сара: Бұйрықсыз нәсіп болмас зарлағанға,
Тұңғиық, сөзім терең барлағанға.
Тақсыр-ау, он сегізге биыл шықтым,
Сан жүйрік ілесе алмас самғағанда.

Хан, қара шаршы топқа сан сөйледім,
Көз көрмей бәрі бекер нанбағанға.
Арсалаң, Ниязбек те іздеп келіп,
Шошыған жүгірістен танбағанға.

Біржан Сараның сөзін іліп әкетеді.

Біржан: Осы ма Матайыңның бұлбұл құсы,
Көп іздеп бүгін таптым жазы-қысы.
Әуелі қазақшылап көрісейік,
Жарқыным, берірек кел, жасың кіші.

Сара тапжылмайды.

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан.
Бері кел, ұрғашылық қылма, жаным,
Дәндеме Наймандағы саяғыңнан.

Найманның болады екен қызы надан,
Үлгісіз неткен халық түрі жаман.
Ағаға іні келер біздің елде,
Көп боп па сұрасуға есен-аман.

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Сен түгіл сенен артық құмар маған.

Жалымнан ұстаған қыз арман қылмас,
Жібек жал арғымақпын тұмарлаған.
Еркек тілін алмайтын жының бар ма,
Адам деп сөз айтамын Сара саған...

Сара: Ей, Біржан, кімге дәрі амандығың,
Сөз білсең бұл да сенің жамандығың.
«Қисса-сул Әнбиядан» естімеп пе ең,
Белгілі, мағлұм болды надандығың.

Адамды топырақтан жаратқан Хақ,
Надандығың біліңсін бұл сөзге бақ.
Хауа анаға бұрын барған Адам ата,
Есіткенің жоқ па еді мұны да ақымақ?!

Делбелігі емес пе Біржан салдың,
Кісісін жеңетұғын жаңа тапты-ақ.
Талпынған жас баланың білегіндей,
Қолымды ұстатпаймын сен итке, аппақ!

Біржан: Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,
Сөйлеткен сені балап қазақ ұлға.
Асықша ақ жамбыны аспанға аттым,
Тиыным шыққан емес сендей тұлға.
Қырсығың өз басыңнан арылған жоқ,
Тегістеп айыбынды тізсем қылға.
Қолыңды ұстатпайтын ерке болсаң,
Келімсек әкең берді неге құлға?!

Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным: Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық.
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптеп тартып.
Көкшетау дуанына даңқым барған,
Мен Біржан Алтын таудай айқындалған.

Есіткелі сені Сара үш жыл болды,
Сері едім төңірекке құлаш жайған.

Халық ыдырай береді де, Біржан қиялында Сарамен оңаша қалады.

Сара: Қайтуға неге асықтыңыз, Біржан аға?

Біржан: Ауылында ай жаттым. Сый-құрметіңе рахмет! «Ей, Біржан, аулыңа қайт» дегендей бозқырау түсті, күз келді.

Сара: Жабыға қосақталып қорлықпен күнім өтеді-ау деп, бөріге байланған лақтай торығуда едім. Азат құсындай Көкшетаудан ұшып сіз жеттіңіз. Жеттіңіз де, ауыр азаптан басымды арашалап, даңқымды аспанға көтердіңіз. Сіз келмегенде менің күнім не болар еді? Алғысымды қалай жеткізерімді біле алмай тұрмын.

Біржан: Алғысыңды маған емес, сөзге қонақ бере білген еліңе айт. Сені Жиенқұлдан азат еткен мен емес, өзіңнің өнерің ғой, қалқам.

Сара: Елім менің өнерімді бағалай білсе, Сара бұрын өлең айтпай келіп пе? Естімей, елемей келді ғой. Бағымды сіз аштыңыз, бұған дау болмасын, Біржан аға!

Біржан: Домбыраның сағағынан ән төгілтіп, шанағынан күй саулатып, алаңсыз жаз өткердік. Бұлай шалқып тасыған шағым жоқ шығар-ау, сірә. Жылдар өтер, осының бәрі ынтықтырып тәтті бір мұңға айналар. Бүгін бірақ мұңаярға жосық жоқ. Келер күннен дәл осындай жаз күткен ақ ниетпен қоштасайық, Сара қалқам.

Сара: Көкшетауға көзін қадап, Жетісуда сізді күтіп алаңдаған, Сарадай мұңлық барын есіңізден шығармағайсыз, Біржан аға!

Біржан: Мол ырыс, тәнті көңілмен аттанып барамын ауылыңнан. Көкшетаудың бауырында Жөкей деген бір көл бар. Жағасында ауылым. Салтанатың ешкімнен кейін емес, аққу әніңді ілестіріп аулыма кел. Күтеді Біржан ағаң.

Сара: Әйел жолы жіңішке ғой. Болмаса ән бесігі – Көкшетауға сізге ілесіп бүгін-ақ кетер едім. Бара алмасам, өтірікші боламын. Менен серт сұрамаңыз, Біржан аға.

Біржан: Арқада ма, Жетісуда ма, бұл фәниде өзіңмен бір көрісуді бақидың жұмағындай тілермін. Тілекті күн нәсіп болып бұйырғанша қош-есен бол, Сара қалқам.

Сара: Қош болыңыз, Біржан аға! Күтем сізді, ұмытпаңыз Сараны!

Жастар жиыла бастайды. Біржан тобымен аттана береді. Бәрі қосылып «Қозы көш» әніне басады. Сараның дауысы әнді басып, айрықша естіледі: «Күтем сізді! Ұмытпаңыз Сараны».

Елес көрініс айығады. Әпіш келеді. Біржан оны аңғармайды.

Біржан: Сағындырдың-ау даңғыл боз! Ай астында көлбеңдетіп ақ желегін бұлғайды. «Кел!» дегені ғой. Шақырады ғой.

Әпіш: Жасаған-ай. Есін алма салымның!

Біржан: Әпіш-ай, неден шошындың?

Әпіш: Сізді уайымдаймын, салым. Соңғы кезде томаға-тұйық тарттыңыз, Сарайыңыз жиһазды еді ғой ежелден. Бізге де іш ашатын күніңіз болар ма?

Біржан: Көп жоғалтқанымның өтеуіндей едің ғой, Әпіш. Сенен бүккен қалтарысым бар ма еді? Алтын сағымның буындай боп алыста қалған дәуренім бар еді, соны сағынам бұл күні. Аттан түскеніме үш жыл болды. Содан бері сарнатқаным – сағыныштың сыбызғысы.

Әпіш: Сағынғанмен оралады дейсіз бе?

Біржан: Олай деме, Әпіш. Кеудемнен шыбыным ұшқан күні, көмейімнен бұлбұлым да ұшар. Оған дейін Біржан – Біржан бола тұрар.

Әпіш: Апырай, салым-ай, сөзім ауыр тиді-ау!

Пауза

Біржан: Салым деп марқайтасың-ау, «шалым» десең де болады. Мен қартайып қалдым ғой, Әпішім, қартайып қалдым.

Әпіш: Адасқан киік лағындай, Үңгіттің мен бір жетім қызы едім. Шашым сізге байланды ма, жар атандым, ана атандым. Салдығыңызды, саулығыңызды тілеуші едім. Шалдыққа қалай қияйын? Алыс бір ойларға кетіп жүргеніңізді білемін.

Қасымнан жібергім де келмейді. Қанат серпіп түлегені ме деп және шүкір қыламын.

Біржан: Түлеу деймісің? Болса болар... бірақ ұққайсың, Әпіш. Ел қыдырған есер шақтың ессіздігі емес іздегенім. Мен елімді сағындым. Ел де мені сағынбады деймісің? Бір Керей мен Уақ емес, қыр құланы қазақ пен тау тарпаңы қырғызға жеткен әнім бар еді. Ән де менің көкірегімді жарып шыққан бөбегім. Бір қауышып қайтсам деймін. Бақылдасып та қайтармын. Бар, Әпіш, салыңды жолға қамда!

Әпіш: Әніңізбен қауышуға аттандырып салармын. «Бақылдасып та қайтармын» дегеніңіз не тұспал? Аясаңыз етті ғой.

Біржан: Аттандырсаң, ренжімей аттандыр! От басында сен күңіреніп қалды демей кетейін. Ақылың болса сөйт, Аяш!

Әпіш: Қайтсек те қыбыңызды табу қиын.

Әпіш кетеді. Біржан домбырасын тыңқылдатып «Жамбас сипар» әнін әндетеді.

Біржан: «Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық. Белгісі қартайғанның серттен тайдық»... *(әнін үзіп)* «Серттен тайдым» дедім бе? Серінің бойтұмары серт емес пе? Таярым жоқ! Ағайының безбүйрек болса, азарға да, безерге де бар екен. Безсін мейлі! Қаумалаған топ ішінде, жалғыздықтан айырылмаған қайран бас. Алыстағының атағына айдалада жүріп мастанып, өзі ішінен одан да зәулім біреу шықса, тұқыртып баққан, құртып тынған мінезің – бұлжымас қағидаң ба, ағайын? Асау тайдай алшаңдаған сонау алыс заманда «патшаға да бас ұрмаймын» деп едім. Сүйткен бастың бақырдай құны қалды ма? Безбендесіп келгенде өзіңнен артып туған зордан көрсең бір жосық. Көргенде, алапасын заманы асырған, амалдап атқа мінген қордан көреді екенсің. Көріп келдік. Енді тынды демеймін. Сезем – көрер күнім таусылмай, көрешегім де таусылмас. Түсі таныс бір бәле тағы да қоздап келеді. Бұл да бір тосу шығар. Көрерміз *(домбырасын баяу шертіп)* «Ұшына орамалдың түйдім сусар».

Ержан, Нұржан, Жарбол, Мырзағұл келеді.

Ержан *(әнді бөліп)*: Ән салып отырмысың?

Біржан *(қиястанып)*: Жоқ, насыбай үгіп отырмын.

Нұржан: Қой, Біржан, қыңыратқымай жөн сөйле. Ағаң емес пе?

Біржан *(Жарболға)*: Ай, Жарбол-ай! Мен саған ағаларымды ертіп әкел дедім бе, ат ерттеп әкел дедім ғой. Жолға қамданған сыңайың жоқ-ау.

Жарбол *(қипақтап)*: Ойбай-ау, құрдас-ау, енді...

Мырзағұл *(Жарболға)*: Қазір саған да ақымақсың дейді.

Ержан: Ат дейді бұл! Ұятты неге алмайсың аузыңа?

Біржан: Ұят деймісің? Ұялған түріңді көре алмай тұрмын.

Ержан: Ата сақалың аузыңа түскенде, бозбастық көксеп, мастанған сен ұялмай, мен ұялам ба?

Біржан: Осы жасқа келгенше сендер түгіл басқаны да ұялтқан жерім жоқ еді. Енді келіп, қай ісіме бетмоншақтарың үзіліп тұр?

Ержан: Атап, түстер несі бар? Бес бұтақ Бертіс баласы қай ісіңе де наразы.

Мырзағұл: Бәріміз де наразымыз.

Ержан: Қартайғанда тұяқ қажар алыс жолды ниет қыпсың – қоштамаймыз.

Нұржан: Жасыңда бардың, Найманға ел шулатып, дулап қайттың. Ендігіңнің жөні жоқ.

Ержан: Сараны жеңіп, Керейдің даңқын әуелетіп қайтып ең. Осыдан барсаң жер қыласың еліңді.

Біржан *(мысқылмен)*: Беу, неге?

Мырзағұл: Жер қыласың деді ғой, жер қыласың. Әкем далада көмусіз қалса маған да ұят.

Біржан: Әй, балам-ай.

Мырзағұл: Ақымақ дегің келіп тұр ғой, дей бер.

Біржан: Сенен топырақ бұйырсын деп жүрген мен бар ма екем? Өрең жетер тұс емес, киліге беріп қайтесің?

Нұржан: Ат жалында күнің өтті. Тұғырдан тайдырып, жас жетті. Соны ескермей, тағы да ел ақтамақшысың. Жігіт-желең күнің болса бірсәрі. Қазіргің ерсі.

Ержан: Заманың озды, әнің тозды. Көрісіп қайтам дегенің – тек желеу. Кәрі түйе ойнақтаса жұт болады. Ел ақтап құтайғаның бұрын да шамалы еді. Тыйыл енді.

Нұржан: Сөзіміз осы. Біз арылдық. Сен не дейсің?

Пауза

Біржан *(домбыраны сәл шертіп отырып)*: «Заманың озды» дегендерің уәж болсын. «Әнің тозды» дегендерің қай қорлық?! Мені ертерек жерлеп қойған жоқсыңдар ма, екі аға? Заман озды – көз көрді. Ән тозғанын көрдің бе?! Ықылымда Зілғара салған «Жиырма бес», бүгін неге толғайды оны немерең? Ән тозғаны осы ма? Ұзындығы үш жылдық, ені екі жылдық алаштың айдай даласын олай да кештім, бұлай да кештім. Жылу жиып, ел кезіп пе ем мен сонда? *(Ержанға)* «Құтаймадың» дейсің сен. Елдің құты мен емес пе ем, мен салған ән емес пе еді?! Осыған да дау айтпақшымысыңдар?

Ержан: Дау іздесек табан астынан табылады. Өз сөзіңді жаңсағы жоқ Құран сөзі деймісің?!

Біржан: Иек артпадан әріні көре алмайтын көр болсаң, не іздесең де табан астына үңілесің ғой. Тек көп нәрсе табам деме.

Ержан *(шамданып)*: Жә! Қажасқалы келген жоқпыз сенімен. Соңғы рет өттік алдыңнан, илігетін түрің жоқ. Ел келесіне салғаннан басқа шара таусылды.

Біржан: Ойсыз құлақтың жұлдызы қашан да әнге қарсы. Ежелден солай едің ғой. Білгеніңді қыл.

Нұржан: Аға сағын сындырып, іні алысқа бармайды. Өкінесің, бауырым, өкінесің.

Ержан шығып кетеді.

Мырзағұл: Шабына түрттің, шамданды. Ержаннан аяушылық күтпе. Шой ағам аямайды. Өз обалың өзіңе.

Нұржан мен Мырзағұл кетеді.

Біржан *(өз-өзіне күбірлеп)*: Бұлар менің шаужайыма неге жармасады-ей? Ән салғаным ерсі ме, ел көргенім ерсі ме? Қай ісім қытықтарына тиді екен? Жетісудың саңлағы Сара емес пе сағынғаным. Жүз көрісіп қайтуды да көпсіне ме Біржанға? *(Жарболға)* Әй, құрдас, сен бүйтіп салбырама. Ат әкел.

Жарбол: Ат?

Біржан: Ат.

Жарбол: А-ат?

Біржан: Өй, ат ше, ат. Төрт аяғы, құйрық-жалы бар ат, көлік.

Жарбол: Бере ме?

Біржан: Сұрамайсың ба?

Жарбол *(сасқалақтап)*: Сұрайын, сұрайын...

Кетеді. Біржан жалғыз.

Біржан *(күрсініп)*: Ой, дүние-ай! Заман-ай! Тұнықтан жүзіп ішкен қаракөк ем, жабыдайын тұмсығымды лайға қалай малайын? Үкісін бұлғақтатып, домбыраны көкке сермер, қайран шақ, оралмасыңды білемін. Жалт еткен жалғыз күніңді көзім көрсе, дәтке қуат болар еді *(домбырасын қолына алып)*:

Ұшына орамалдың түйдім сусар,
Көп жылқы көк алалы көлде жусар.
Кешегі ел қыдырған есер шақта,
Ән екен Біржан салған «Жамбас сипар».

Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Қанекей, сонымен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық.

Ән біте бере Жарбол кіреді.

Жарбол *(тұнжырай)*: Ержан ат бермеді.

Біржан: Не деп сұрадың?

Жарбол: «Жетісуға жүреміз, белі мықты, үнем созар ат керек» дедім.

Біржан: Тәйір-ай! «Ауыл аралап бой сергітеміз, мына тұрған Қырыққұдыққа барып қайтамыз» демедің бе? Жетісуға баруға олар көлік бере ме? Өзің не тыңдап тұр едің?

Жарбол: Өйбүй! Бүлдірген екем ғой.

Пауза

Біржан *(ұзақ ойланып отырып барып)*: Сен салт жүрмісің?

Жарбол *(аңғармай)*: Салт жүрмін.

Біржан: Қап-ай! Қырсыққанда қымыран іриді.

Жарбол: Салт болғанда, енді... Осы күні бел шыдатып тұр ма? Салт жүре алмаймын.

Біржан *(қуанып)*: Оу, сен сонда арба жегіп жүрмісің?

Жарбол: Арба болғанда... енді... тарантас.

Біржан: Тәйірі, манадан бері осылай демейсің бе?

Жарбол: Е, өзің ғой, қапелімде састырған.

Біржан: Ендеше, сен барып атыңды жегіп әкел, қашамыз.

Жарбол: Кімнен?

Біржан: Кімнен дерің бар ма? Ержан мен Нұржаннан. Жіберетін сыңайлары жоқ.

Жарбол: Қайда қашамыз?

Біржан: Бекетші Мұсаға барамын. Беген баласы бетімді қайтарып көрмеп еді. Сол көлік тауып берсе, Жетісуға тартамыз.

Жарбол: Олай болса, қашайық.

Үшінші көрініс

Іңір. Сол шоқ қайыңның арасы. Біржан, Жарбол.

Жарбол: Құрдас-ау, құрдас, артымыздан қуғыншы ерсе қайтеміз?

Біржан *(өз ойымен, Жарбол сөзіне мән бермей)*: Қашамыз...

Жарбол: Қашсақ, тезірек қашайықшы.

Біржан: Беу, неге? Әпішті күтіп тұрған жоқпыз ба?

Жарбол: Байыз таппай тұрғаным... жүрегі құрғыр суылдап барады.

Біржан *(сабырмен)*: Шыда, Жарбол, шыда. Әне, Әпіш те келеді. Ең болмаса есендесіп кетейін. Ағалардың қимағаны да сол еді, енді сен тарылмашы.

Жарбол: Таң атқанша қоштассаң да мен бейіл. Не қыл дейсің?

Иығында бармақ батпас тоқ қоржын,
ентіге басып Әпіш келеді.

Әпіш: Салым, мынау жол киім мен азығыңыз.

Біржан: Әпішім, не дейін? Амандықпен көрісерге күн жазсын.

Әпіш: Хабарыңызды лып етіп ұшқан құстан, лүп етіп соққан желден сұрап отырармыз. Қош болыңыз, салым!

Біржанның кеудесіне басын сүйеп, үнсіз егіледі. Жарбол сырт айналып кетеді.

Біржан: Босама, Әпіш. Қайратты ең ғой.

Әпіш: Қимаймын, салым, қимаймын сізді. Қолымнан бір-жолата ұшырып алардаймын. Қимаймын.

Жарбол: Қашқынның қатынжандысын. Әне балаң да қимайды, келе жатыр.

Жүгіре басып Теміртас келеді. Әкесін құшақтай алады

Теміртас: Көке, көке, сен бір жаққа жол жүріп барамысың?

Біржан: Иә, балам, жол жүріп барамын.

Теміртас: Қашан қайтасың?

Біржан: Жолаушыдан қашан қайтасың деп сұрамайды. Дәм тартқанда келермін.

Теміртас: Көке, баяғыда сені Азынабай деген біреу сабапты ғой. Тағы да соққыға жықпай ма?

Біржан: Бұл күнде сабайтын оларда хал жоқ, сабалар күннен мен де кеткем. Жасыма, балам.

Пауза

Теміртас: Сен сонда ел аралап, ән саласың ба?

Біржан: Иә, ән салам.

Теміртас: Не деп саласың?

Біржан *(Жарболға иек қағады. Ол домбырасын ұсынады)*: Былай деп ән салам *(Теміртасты қасына алып әндетеді)*:

Ішінде Әптиөктің рәббәл фәләқ,
Өлеңге он жасымнан еттім талап.
Орынсыз еш пендені кемітпеймін,
Болғанмен өзім палуан, ақын саңлақ.

Бай болып Мақаржада етпен сауда,
Басымды қарап жүріп салман дауға.
Қайғыдан Қап тауындай арылармын,
Қор болман еш уақытта дүшпан-жауға.

Бәрі қоштасады:

– Қош!

– Қош, көке!

– Қош!
– Қош!

Біржандар аттанып кетеді.

Төртінші көрініс

Ержан үйі. Екпіндей басып Ержан, Нұржан, Мырзағұл кіреді.

Ержан: Асқан екен Біржан, кеткен екен тыюдан.

Мырзағұл: Жарболдың тарантасымен кетіпті. Ізі сайрап жатыр, бағыттары – бекет жақ.

Ержан: Аяқ-қолын матап, ат сауырына өңгеріп әкелмесем, Ержан болмай кетейін! Уа, тумай кетейін Қожағұлдан!

Нұржан: Соңына шырақ алып түсердей Біржан сенің қазынаңа қол сап па? Қайтесің қуып, оралар.

Ержан: Оралар! Оралады атқа өңгеріліп!

Нұржан: Сабаңа түс, Ержан! Ашу үсті ағат басып жүрерсің!

Ержан: Бұдан асқан не ағат бар? *(Мырзағұлға)* Жина жігіттерді, қоныңдар атқа!

Екеуі жүгіре басып шығып кетеді. Әпіш кіреді.

Нұржан: Теміртас қайда?

Әпіш: Сіздің үйдің кішкентайларына қосылып көлге кеткен.

Нұржан: Балаларға жылқыдан тай алдырып, көрші ауылға жіберу керек.

Әпіш: Кіші аға, жүрегім кеудеме сыймай барады. Тыныштық болса жарар еді. Салым аман ба?

Нұржан: Аман қояр, Ержан!

Нұржан шығып кетеді.

Әпіш: Сезіп ем-ау, жүрегі құрығыр сезіп еді! *(Егіліп отыра кетеді)* Неден жазып ең тағдырға, салым-ай...

Бесінші көрініс

Бекетшінің бөренеден қиып салған шатыр үйі. Жасаулы кең бөлме. Сүният молла Құбылаға бетін бұрып намаз оқып отыр.

Біржан, Жарбол, Мұса үшеуі үнсіз қымыз ішіп отыр. Сәлден соң молла намазын бітіріп, жайнамазын жиыстыра бастайды.

Біржан *(Сүниятқа)*: Моллеке, әлгінде бір сөз айтып, жауабымды бергенше намазыңызды бастап кеттіңіз. Енді соны айтайын, әдейі күтіп отырмын.

Сүният: Пәруәрдигәр, сен сөзімді мәкүрік қылушы ма ең? Айтасың ғой, айт.

Біржан: Әуелі «Ғашық болу – күнә» дедіңіз. Өткеніме соқтыға айтыңыз. Сонда Мұхаммед пайғамбар Хадишаға ғашық болмап па? *(Молла үндемейді)* Содан соң «Ән салу – күнә» дедіңіз. Сіз сәждеге бас қойып тұрып, намаз үстінде ән салдыңыз ғой.

Сүният *(шошынып)*: Астағфиралла!

Біржан: Намазда Бұхар мақамымен оқыдыңыз. Дін мақам десе, қазақ әуен дейді. Әуен деген ән емес пе? Үніңіз әуенді екен, құлағыма майдай жағып отырды.

Домбырасын қағуға оңтайланады

Сүният *(ашуланып)*: Тек! Зинһар! Мутләқ харам бұл сөзің!

Жарбол мен Мұса мәз болып күліседі.

Сүният: Сүбіхан Алла! Сүбіхан Алла! Құранды өлеңге айналдырғаны несі? Өлең деген дінге халлас!

Біржан: Аузың айтқан пайғамбарға қолындағы Құранды өлеңмен уахи еткен. Өлең қайтіп дінге халлас болады?

Сүният: Сен күпірлік қылдың, Біржан, күпірлік қылдың. Бақида тосар бұл ісің.

Біржан: Осы күні моллалар жайлы мақал көп. Соны айтқан қазақтың бәрі тамұққа бара ма?

Сүният: Ондайларға бейіштің есігі жабық. Құранда солай деген.

Біржан: «Күллі хамату-с-сағир фитнә» деген ше? Ол: «Бойы қысқалардың бәрі арамза» деген сөз.

Жарбол мен Мұса ду күлді.

Сүният: Oh, күнәкар пенде! Күнәкар пенде. *(Мұсаға)* Маған көлік қамдат, жүрем.

Мұса: Көлігің әзір, жүре бер!

Біржан: Оу, моллеке, қайда асықтыңыз?

Сүният: Керегі жоқ сөзіңнің.

Сүният шығып кетеді.

Мұса: Көргім келмейді қарада бойын, қара жүзін. Көлігін тез беріп, жөнелткенше асығам.

Жарбол: Ел ішінде осыны көрсек, тағы біреу өлген екен деп зәрем кетеді.

Біржан *(күліп)*: Пах-пах, дедің-ау...

Пауза

Мұса: Біржан аға, қараң батқырды айта беріп қайтеміз? Өзіңіз ұзақ жолдың үстінде отырсыз. Көлік дайын болғанша, аз-кем көңіл көтерейік. Әу демейсіз бе?

Жарбол: Қой, әнді қайтеміз? Артымыздан қуғыншы кеп қалуы да кәдік. Тездетпесек болмас.

Мұса: Ол жағын да ескеріп отырмын. Сондықтан қосарға бір-бір ат аласыздар. Алайда Біржан ағаның лебізін естімегелі де көп болды.

Біржан: Қолқаңа мен бейіл, Мұсажан. Несіне үздіктірейін. Қайсысын қалайсың?

Мұса: Сіздің әннің елеп-екшері бар ма? Хош көргеніңізді айтыңыз.

Біржан:

Қызы едің Ақтентектің Шұға, Мақпал,
Әр жерде сабырлы ерді Тәңірім сақтар.
Көңілің бір-біріңмен болса ғасіл,
Ауылын ғашық жардың жігіт жақтар.

Қызы едің Ақтентектің Мақпал атың,
Ешкімнен кейін емес салтанатың.
Алыстан ат терлетіп келгенімде,
Көзіме бір көрінші, перизатым.

Мұса: Біржан аға, сіз Шорманның Мұсасына бәс тігіп, ән салған даусыңыздан сол отырған үйлеріңіздің терезесі сыныпты дейді ғой, сол рас па?

Біржан: Ай, Мұсажан-ай, сен қайдағыны қозғадың-ау. Ертеректе Омбыға барған сапарымда Көшеннің Тұрлыбегі қонақасыға шақырды. Сол үйде Шорманның Мұсасы да отыр екен, маған: «Сені жұрт әнші дейді ғой» деп сызданды. Сонда былайшы бір ауыз өлең айтып ем:

Мұсеке, біздің әнге кенелерсің,
Даусымды естігенде бұлбұл дерсің.
Көтеріп көкке қарай мен шырқасам,
Бұл үйдің сындырармын терезесін.

Елдің айтып жүргені сол сөз ғой. Бұл күнде ол қуат жоқ қой, жоқ.

Мұса: Олай демеңіз, Біржан аға. Үніңіз әлі бабында. Өзіңізге өзіңіз әділдеу болсаңызшы.

Біржан: Ниетіңе рахмет, Мұсажан. Әніме деген ықыласыңды көріп, үш жүздің азаматына қауышқандай марқайып отырмын. Үш жыл үйкүшік болып, тұяғым тасырқап қалғандай еді. Елімнің құшағына бір кірсем, құлаш керер түрім бар. Сол елімнің бір азаматы сенсің ғой, рұқсатыңды бер, біз жүрейік.

Жарбол: Иә, қозғалайық.

Мұса: Ай жатсаңыз да ауырламайтын мейманымсыз. Уақыттың тығыздығын көрмеймісіз... Көлік те дайын болған шығар.

Жарбол: Олай болса аттанайық.

Бәрі тұра бастайды. Көп аттылының
«Кеп қалмаса игі еді-ау» деген дауысы естіледі.

Мұса: Жүрістері суыт қой, қуғыншы болмасын!

Қасында он шақты жігіті бар Ержан кіреді.

Ержан: Тарантас жегіп, түнделетіп кеткенде жеткен жерің бекетшінің үйі ме еді?!

Жарбол: Қырсық қылған Құдай-ай! Менің арбамның ізі бастап әкелген екен ғой.

Ержан *(Жарболға)*: Салт кетсем таптырмас едім деймісің?

Біржан: Барымтаңа малың кеткендей, қол бастап қуып келіпсің, біз сенен жылқы ұрлаған жоқпыз.

Ержан: Жөнімен мініп, түсе алсаң Қожағұлдан қалған мың жарым жылқы саған да жетеді. Жетпейтіндей көріп, бекетші төрт мәстегін ерттетіп қойыпты ғой.

Біржан *(зілдене)*: Ей, Ержан, неге келдің артымнан? Ұзында өшің, қысқада кегің бар ма еді? Өрісіңнен ұзамайтын қойшың ба едім мен сенің? Азаттығымды салмақсың ба саудаға?

Ержан: Ей, сорға туған сор інім. Екі ағаңды тірідей көмбекпісің? Ержан, Нұржанның інісі қартайғанда бақсы боп, диуаналық құрып жүр деп күлмей ме ел? Ойласаңшы, бауырым-ау!

Мұса: Ел күлмейді, – күңіренеді, торда ұстасаң тотысын. Елді Біржаннан, Біржанды елінен айырмақ па едіңіз? Қайтыңыз райыңыздан, тимеңіз Біржан ағама!

Біржан: Мұсажан жөн айтады. Қайтыңыз ағасы. Аулыңыз ана тұста.

Ержан: Қайтпағанда түнейді ғой деп пе едің? Беген баласы шікіреміз болыпты ғой, айтқанын тыңдап қайтайық. *(Біржанға)* Жүр, қайтайық!

Біржан: Үзеңгіңізді үзбей аттана беріңіз. Қайтар жолды өзім де табам!

Ержан: Қайтпаймысың?

Біржан: Жоқ!

Ержан *(жігіттерге)*: Жігіттер, байлаңдар мұны!

Жігіттер ұмтыла береді.

Жарбол *(ақырып)*: Тоқтаңдар! Біржанға қол көтеріп, көргенсіздік көрсететіндей қандай анадан туып едіңдер? Ит қана қабады атасын. Біржан әкелерің емес пе? *(Жігіттер кейін сепіледі)* Қайтар жолды өзіміз де табамыз. Сендерден жөн сұрамаймыз.

Ержан: Байлаңдар деймін!

Біржан: Ей, жігіттер, тоқтаңдар! *(жігіттер кейін серпіледі). (Ержанға)* Нұржан екеуің қаны бірге қарындас, алдымдағы аға едіңдер. Алты алаш ардақтаған інілерің екеуіне ізет қылмаған

жері бар ма еді? Ес білгелі жұп айырмай баз кешкен әнім мен күйімнен не күпірлік көрдіңдер? Екеуіңе содан шығын түсті ме? Елмен бірге қуанып, елмен бірге күңіренсем, ол да менің Біржандығым емес пе? Біржанға қалай Біржан болма дейсің? Жалынайын, жан аға, қалдырмашы жолымнан, жармаспашы тізгініме!

Ержан: Менің сөзім сарқылған, қайтамысың, жоқ па?

Біржан: Жоқ!

Ержан: Байландар!

Жігіттер тұра ұмтылады. Жарбол мен Мұса арашаға жүгіреді. Жігіттер оларды сабап, Біржанды байлап әкетеді.

Екінші бөлім

Бірінші көрініс

Біржанның үйі. Сал төсек тартып жатыр. Қасында Әпіш.

Әпіш *(күрсініп)*: Уһ! Көрем деген күнім бе еді? Үш күн өтті, жақ ашпайды, нәр сызбайды... *(жыламсырап)* Жібек баулы сұңқарым еді, қанатына оқ тигендей жатыр енді. Тірі жанға залалы бар ма еді салымның?

Біржан басын көтереді.

Біржан: Әпішім, неге мұңайып отырсың?

Әпіш: Сізді уайымдаймын, салым.

Біржан: Уайымдама, әлі-ақ сауығам. Мені талдырды ғой, аямады ғой, ағаларым аямады...

Әпіш: Қыл арқанмен таңылған қолыңызды, сақарға салған сүйектей боп-боз түріңізді көргенде қолқа-жүрегім суырылып кеткендей болды. «Сұмдық-ай, бұларың не?» дегенімде: «Нар ботасын қарпып сүйеді». Бұл да болса жанымыздың ашығаны» деп ақталған болды Шой ағам.

Біржан: Иә, Шой ағаңның жаны осылай ашиды. Ержанға өзге текті мейірім біткен емес. *(Пауза)* Бәрін айт та бірін айт,

ағадан көрген қорлықты айт! Теміртас ше? Теміртас көрген жоқ па менің мазлұм халімді?

Әпіш: Дәл осылай боларын сезді-ау деймін. Кіші ағам Теміртасты өз балаларына қосып, көрші ауылға жіберіп еді. Содан келгені кеше.

Біржан: Қайда өзі, қайда жүр?

Әпіш: Торығып жүр ғой, байғұс бала. Қабақ керіп күлген емес. *(Сыртқа көз жүгіртіп)* Әне, көл жақтан келе жатыр. Кешеден бері сол маңда саяқ жүретінді шығарды.

Біржан: Құлыным-ай, шәулінің шау тартқан шағында тудың-ау. Сәл жасырақ күнім болса, қанаттыға қақтырар ма едім мен сені?!

Тұнжырап Теміртас кіреді. Үнсіз келіп, әкесінің қасына тізе бүгеді. Біржан баласын бауырына тартып, маңдайынан иіскейді.

Теміртас: Көке, сен неге төсек тартып жатырсың?

Біржан: Салқын тиіп, ауырып қалдым, балам.

Теміртас: Ел аралап, ән салуға кетіп ең ғой?

Біржан: Ауырған соң қайтып келдім.

Пауза

Теміртас: Көке, Ержан атам доңыз, иә?!

Біржан: Неге? Олай деме. Ол сенің атаң ғой!

Теміртас: Мен оны жек көремін. Сені соққыға жығыпты ғой. Байлап әкепті ғой, ол доңыз!

Біржан *(көңілі босағанын сездірмеуге тырысып)*: Жоқ, балам, мен суыққа ұрындым. Бар ойна, сыртқа бар.

Теміртас *(шығып бара жатып)*: Мен өскен соң сені байлап әкелген жігіттердің бәрін сабаймын.

Біржан: *(басын көтеріп)*: Бері кел, балам. *(Теміртас жақындайды)* Сенің заманың менікінен бөлек болады. Амалың да бөлек болар. Достарыңа достық қыл, ол парызың. Тек жауларыңмен қастаспа. Ұрпақ қуалаған кек жаман. Кекшіл болма, балам... Бар, бара ғой, құлыным! *(Теміртас кетеді.)*

Әпіш: Үш күн болды. Нәр сызбадыңыз ғой. Мен ас қамдайын, сіз сәл-пәл тыныңыз.

Біржан: Қозғалма, Әпіш. Қасымда бол. Мен ашығып жатқан жоқпын. Сен көзімнен таса болсаң, шыңырауға құлап кетердей сезінемін... Сергітші салыңды. Ән салып берші. Үніңді сағындым ғой.

Әпіш: «Ән көңілді жел көтерсе шығады, не шер қысқанда шығады» деуші едіңіз. Бой сергітер ән менен табыла қояр ма екен?

Біржан: Шерің болса, шерлісін айт! Оралтшы тек шалғайдығымды.

Әпіш зарлана толғап, Біржанның «Қара нар» әнін бастайды:

Қара нар жүк көтермес бел кеткен соң,
Кең жайлау құлазиды ел кеткен соң.
Кездесіп ойнап-күлген, беу, қарағым,
Күлермін кіммен ойнап, сен кеткен соң?!

Шалшық су құдық болмас қазбаған соң,
Мияда шаба алмас саздаған соң.
Жете алмай мұратыма шерлі болдым,
Әуелде Хақ тағала жазбаған соң.

Біржан *(сергіп)*: Ризамын, Әпішім, ризамын! Кертөбелмен ел кезгендей болдым-ау. Салшы, салшы тағы бірін. Зілғараның «Жиырма бесін» айтшы!

Әпіш «Жиырма бесті» бастайды.

Беріп кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейін келіп-кетіп қыс та болса.
Шеш-тағы етігіңді байпақшаң кел,
Көрейін өз сорымнан ұстап алса.
Аһау, жалған,
Жиырма бес екі айналып келмес маған.

Ән біте келіншек кіреді.

Келіншек: Мені Шой ағам жіберді. Сұният молла: «Ән салмасын, науқасқа жын үйіріледі. Маңайын таза ұстасын» депті. Ол сол үйде отыр.

Біржан мен Әпіш аң-таң. Бір-біріне қарасады.

Біржан *(Әпішке)*: Домбырамды әперші.

Әпіш *(келіншекке)*: Іргені түріп жіберші, қарғам. *(Келіншек іргені түреді. Әпіш тұрып Біржанға домбырасын береді. Біржан екілене түсіп өзінің «Он саусақ» әніне басады. Ән аяқтала Сүният молла кіреді. Біржан үдете түседі).*

Сүният: Сүбіхан Алла, Сүбіхан Алла! Алла тағала уә табаракә, шипасын бере гөр. Тамырыңды ұстайыншы, Біржан. *(Біржанға төніп келе береді).*

Біржан: Ей, өлексеге семірген құзғын молла, менде сенің не ақың бар?

Сүният: Ән – Ібілістің ісі. Сені шалық ұрған, Біржан. Мен саған тыйыл дегелі қашан?! Асқынып алған көрінеді. Сабаңа түс енді. Құдай сәтін салса, бір үшкіргенімнен қалмайды науқасың.

Біржан: Аулақ жүр, арамза.

Сүният: Міне, өрекпи бастадың. Бұл шалықтың ісі. Сені жын иектеген.

Біржан: Жоғал, көрінбе көзіме!

Сүният Біржанды күштеп басып, тамырын ұстамақ болады.

Сүният: Сүбіхан Алла, Сүбіхан Алла!

Әпіш молла мен Біржанның арасына түра қалады.

Әпіш *(ашына айқайлап)*: Шық үйден, шық!

Сүният: Астағфиралла! Астағфиралла! Шалығы әйеліне де жұғыпты.

Молла шығып кетеді. Әпіш пен Біржан үн-түнсіз тұрып қалады.

Екінші көрініс

Ержан үйі. Ержан, Нұржан, Сүният

Нұржан: Бауырым-ай, қандасым-ай! Қай дұшпанның қарғысына ұрынып ең?

Ержан: Жә, сарнама! Әләуләйдің жеткізген жері осы да. Құдай салды, біз көндік. Көнбеске шара бар ма?

Сүният: Бауыр деп қиналасыздар ғой, бекер өйтесіздер. Құдай сәтін салса, сауығып кетер. Біржанды жын иектеген, алас-тау керек.

Нұржан: Сонда қайтпексің?

Сүният: Жыраққа оңаша үй тігіп беріңіздер. Қара күзге дейін оқимын. Иншаллаһ сауығып кетер.

Нұржан: Бұрын-соңды аластап емдеген адамың бар ма еді?

Сүният: Шүбәләнбаңыз, байеке, шүбәләнбаңыз!

Ержан: Ем-домыңыздың шарты не?

Сүният: Бұйырса, қара көктің бір үйірі.

Ержан: Тым шырқап кеткен жоқсыз ба, моллеке?

Сүният: Ақ тілеудің үсті ғой, ауырламаңыз, байеке.

Нұржан *(Ержанға)*: Моллекеңнің емі жанға да, тәнге де зарық көрінеді. Біз осы Біржанды азаптамай-ақ, Омбыға доғдырға апарсақ қайтеді? Көзі қарақтылар сөйтіп жүр ғой.

Ержан: Жайнамаз көрмеген тас маңдай. Қай атаң мұсылман емінен қашып доғдырға барып жан сақтап еді? О несі? *(Моллаға)* Шартыңа біз тұрдық. Тек қараша туғанша бауырымызды жазып бер.

Сүният: Иншаллаһ, байеке, Иншаллаһ!

Нұржан: Сұмдық-ай, сұмдық... Тек ақыры қайыр болғай.

Ержан: Мұндай боркемік болармысың? Шариғат жолы да, ата-баба салты да осы емес пе?

Нұржан: Арғы ұраным Қарқабай, беріде Ойшыбайдан қалған Жора бар. Қайдан көрдің бұл емді?

Ержан: Болды, доғар боздамай! *(Моллаға)* Іске кірісіңіз, моллеке. Құдай сәтін салсын.

Үшінші көрініс

Жөкей көлі. Жағада шоқ қайың. Шоқ ішінде жалғыз үй. Қаралы қоңыр үй. Бірнеше жігіт күштеп әкеп, Біржан салды керегеге таңады. Топ басында Сүният молла. Үй сыртында көкелеп шырылдап жүрген Теміртас, Асыл, Ақық. Оларды жігіттер ішке кіргізбейді. Әпіш те ішке ұмтылады. Қалың топ жібермейді. Жігіттер Әпішті балаларымен сыртқа тықсырып тастайды. Сүният молла әлдебір дұғаны күбірлеп кеп, Біржанды қамшымен салып өтеді. Оған жігіттер қосылады. Біржанның үстіне қамшы жауады. Сахна қараңғы тартып

барып, жарық қайта жанады. Біржан жалғыз. Күңірене тұрып «Теміртасты» толғайды:

Ал, дүние, өтеріңді біліп едім,
Білген соң серілікпен жүріп едім.
Бұл күнде арық қойдан бағам төмен,
Үш жүзге атым мәлім Біржан едім.

Ел кездім Кертөбелмен шарықтатып,
Жақсыға сөз сөйлеймін анықтатып.
Үш жүздің ортасында Біржан едім,
Қойдың гой енді, міне, арықтатып.

Боз үйдің ай көрінген маңдайынан,
Шешеннің зар төгілер таңдайынан.
Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,
Иіскетіп кетсеңдерші маңдайыңнан.

Теміртас, Асыл, Ақық қарақтарым,
Үкідей мен сендерді балақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, замандастар,
Есіктен келе ме деп алақтадым.

Ағаш үй, от жаққаным қобылат пеш,
Құдайым мен пенденің күнәсін кеш.
Теміртас, Асыл, Ақық, құлындарым,
Байлаулы арқандағы қолымды шеш.

Теміртас, Асыл, Ақық – балдан тәтті,
Қинауға салады екен адамзатты.
Үкідей желпіндірген қарақтарым,
Шешіңдер, білегіме арқан батты.

Қара су есік алды ылайланды,
Бай болмақ, кедей болмақ Құдайдан-ды.
Қамзолдай келте пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.

Төртінші көрініс

Ержан мен Нұржан екеуі де абыржулы.

Нұржан: Әуелден-ақ қақсадым! «Мұсылман емі – осы» деп төрттағандап тұрып алдың. Масқара болдық-ау.

Ержан: Тек! Шариғатты мүйізіңе ілмей сөйле! Екеуіміз де Қағбаға барып тәу қыламыз деп отырмыз. Күнәһәр болма!

Нұржан: Бауырымызды ит қорлыққа байлап бердік – күнәнің үлкені сол емес пе?! Омбыға доғдырға апарғанымызда ләм пәле жоқ еді. Енді міне, Біржанды екі ағасы байлап тастапты деп исі қазақ күңіренуде.

Пауза

Ержан: Бұлай болар деп кім ойлаған? Аузында – Алла, қолында – Құран, Сунияттың сөзіне шүбәлануға бола ма?

Нұржан: Үшкіргені – құшынаштығы болсын, сабағаны не сұмдық?!

Ержан: Рас па сонысы?

Нұржан: Күмәнің болса бар да көр. Іниіздің үсті көгала қойдай...

Ержан: Енді қайттік?

Нұржан: Сунияттың Біржанға істегенін өз басына келтіру керек!

Ержан: Тек! Молланы сабап, Құдайдың қарғысына ұшырайын деп пе едің?

Нұржан: Ол ше? Ол неге сабайды Біржанды?

Ержан: Жә! Елеуреме! Бас жарылса бөрік ішінде.

Нұржан: Алты алашқа әйгілі жайдың несі бөрік ішінде? Қой, жырғасуды доғарып, Біржанды босатып, үйге алдырайық.

Ержан: Қайтсек те түйе көпірден өтіп кеттік. Енді артын күтейік. Бір жұма оқуым керек деп жүр ғой молла. Бұдан былай сабамасқа сөз де берді.

Нұржан: Ендігі сөз кімге шипа? Ел дүрлігіп, іс бүлінген соң.

Ержан: Кім екен бүлдірген?

Нұржан: Сен!

Ержан: Иә?!

Нұржан: Қуып барып, атқа өңгертіп әкелген кім? Сен! Моллаға ықтияр берген кім? Сен!

Ержан: Біржанға мен қастық қылып жүр екем ғой?

Нұржан: Осыншама зілзала достың ісі деймісің?

Ержан: Айыптаспақ екенсің ғой. Арылайық ендеше... Кеше Біржанды жаман бір Поштабай ел көзінше сабады. Сонда Азнабайға айғыр үйір айып салған кім? Жанбота Біржанға қалқа болмады. Сол ісін бетіне басып, Жанботаны болыс сайлауында жардан құлатқан кім? Мен! Кек қайтарған кім сонда? Көлбай, Жанбайдың ұзатқалы отырған қарындасына жады болды Біржан. «Ләйлім-шырақ» деп өліп кете жаздады. Қыз ағалары мұны менсінбей, елге жетті табасы. Сонда қырық жетіні қырқа матап, тізеге басып отырып Ләйлісін алып берген кім? Намысқа шапқан кім? Сенің жалғыз ауыз сөзің шығын болды ма? Енді келіп сен – мырза, сен – жанашыр. Түнеукүні мен Біржанды байлап әкелгенде, артымнан қуып барып неге айырып алмадың? Күңк еттің де, мыңқ еттің. Басқа қайран бар ма еді қолыңнан келер... Үндемейсің! Доғар онда бопсаңды... *(Жарбол кіреді).*

Жарбол: Ассалаумағалейкум!

Ержан: Сен бе Біржан жайлы лақапты елге жайып жүрген?

Жарбол *(ығыспай)*: Мен! Жайып жүргенім лақап емес, шындық! Біржандай алты алаштың ардақтысы тұрмақ, жат басына орнамағыр масқара! Ел естіді – дүрлікті. Келеді ертең Сарыарқаның сал-серісі жиналып. Азат қылады Біржанды! Қалдырмаймыз ешкімнің дозағына!

Бесінші көрініс

Сол шоқ қайың. Сол қаралы қоңыр үй. Біржан да сол қалпы керегеге таңулы. Мезгіл күздің аяқ шені. Біржан сұлық, басы төмен салбырап кеткен. Қайтқан құстардың қаңқылы естіледі. Біржан жайлап басын көтереді.

Біржан: Жылыстап жаз өтті. Күз де, міне, күшінде. Жердің түгін қарыған бозқыраудың аяғы қарға айналар. Керегеге таңылып таң асқалы да талай заман. Бұл халімнің аяғы неге апарып соғар екен, дүние-ай. Әнмен өткен ғұмырым, зарға ұласып құри ма екен құрдымға?..

Біржан деп атым шықты алты алашқа,
Құдайым ғұмыр берсін Теміртасқа.

Жасымыз алпыс беске келгенінде,
Берді ғой Құдай науқас ғазиз басқа.

Теміртас, Асыл, Ақық қалдың зарлап,
Адамзат қалмақ па екен солай сарнап.
Көзкөрген құрбыларға дұғай сәлем,
Дұғасын оқи берсін маған арнап.

Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Құдайым мен пендеңнің күнәсін кеш.
Денеме кендір арқан жаман батты,
Теміртас, Асыл, Ақық, қолымды шеш.

Жылама, сен де анасы, енді бекер,
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.
Артымда жастай қалған құлындарым,
Тірлікте әлі-ақ бір күн өсіп жетер.

Арқаның түгел көрдім кәрі-жасын,
Барады алыс жолға ғазиз басым.
Ойланам: ауруымның түрі жаман
Біржанның кім ұстар деп домбырасын.

Алдымда шамшырағым Теміртасым,
Тілегім – сенің ұзақ болсын жасың.
Бауырым, балапаным, қош болыңдар,
Байқаймын ажал шіркін құтқармасын.

Жарбол кіреді. Келе Біржанды бас салып құшақтай алады. Қолын шеше бастайды

Жарбол: Арысым-ай! Саңлағым-ай! Бұл күніңді көргенше шыққыр көзім шықса етті.

Біржан: Жарболым! Бауырым! Қайда жүрдің? Қайда кеттің көрінбей?

Жарбол: Ержан мені соққыға жығып кетпеді ме? Содан бас көтергенім осы. Кінәлама, құрдас.

Біржан: Иттер-ай! Сені де қор ғып кеткен екен ғой. Осылай ит қорлықта өтеміз бе, бауырым-ау?!

Жарбол *(арқанды атып ұрады)*: Лақтыр қорлық қамытын. Кетті енді келмеске! Бірі қалмай келе жатыр Арқаның сал-серісі. Басыңды азат етпек, дертіңді әнмен жазбақ.

Біржан: Не дейсің, Жарбол-ау? Кім келе жатыр?

Жарбол: Сал-серілер!

Біржан: Ғайып Ерен, Қырық Шілтен десеңші!

Сал-серілер, қыз-келіншектер, әлем-жәлем үлкен топ сахнаға шығады. Топ алдында бас ақын. Домбырасын төпеп-төпеп әнге басады:

Сандалтып алты алашты әнмен қырған,
Армысың, ел еркесі ақын Біржан!
Біз келдік алты алаштың ақ сұңқарын
Құтқарып алайық деп түскен тордан.

Сәлемін ел-жұртыңның айта келдім,
Біржан сал, сен болмасаң қайтер едік?!
Әуелеп әні кеткен бұлбұл құсым,
Мәуелеп құлаш керген бәйтерегім.

Бұлбұл құс торға түсіп, зарлайды екен,
Әніндей Біржан салдың ән қайда екен?
Көтеріп көкке қарай шырқамасаң,
Ән – жетім, өлең жесір қалмай ма екен?!

Біржан: Иманымды әнмен айтып қойып едім... Саулы ін-гендей зарлап ем... Кетті бәрі келмеске... Қанат қағып жеттіңдер ғой, тұяғымды баса келген тұлпарлар. Жыр шашыңдар жұлдеге. Мен айықтым дертімнен!

Алтыншы көрініс

Ержан үйде жалғыз. Әлденеге алаңдаулы. Нұржан кіреді. Түнеріп алған, ашулы. Қолында босмойын.

Ержан *(босмойынға жұққан қанды көріп)*: Қан? *(Нұржан үндемеді)*. Кісі өлтіріп келгеннен аманбысың?

Нұржан: Өлтірер ем – қашып құтылды.

Ержан: Кім?

Нұржан: Сүният молла.

Ержан: Бекер қылғансың, бекер! Келіскен бір үйірін беріп, ризашылықпен аттандырып сал деп едім ғой! Құран үсті болған сауда, бекер бұзғансың.

Нұржан: Бұзғам жоқ. Жігіттер айдап әкетті.

Пауза

Ержан: Әйтсе де сабамауың керек еді.

Нұржан: Сауап болды.

Ержан: Қан сыртында жұдырықтан не сауап? Қайтсе де шипасы дарыды Біржанға. Сауықты ғой, әйтеуір. Қолдан келгенін қылдық. Бізге не қыл дейді?

Нұржан: Сал-серілер келмесе ол айықпас еді. Оған жарық дүние көрсету бізде жоқ еді. Қайдағы бір сандалған сұм молданың сөзіне ердік.

Ержан: Қайтейін? Жазмыш та.

Пауза

Ержан: Ендігі болбырауыңның жөні жоқ. Харекетіңе кіріс.

Нұржан: Не харекет?

Ержан: Кеше Қызылжардан Исамбердінің сәлемшісі келген. Іңіресі бар, Мәтісі бар, Бинәші бар. Уақтан төрт адам, Атығайдан Жанбатыр – бесеуі мамыр туа Қажы сапарына аттанбақ. Мекке, Мәдине мына тұрған Атбасар емес, алыс жолда қара көбейтіп бірге жүрейін деп пейіл білдіріпті. Пейілдеріне мен бейіл. Уағда сол. Енді қыстай пұл қамдат. Тайыншаның базары тарқамай тұрып мал айдат. Бар, харекетіңе кіріс!

Нұржан шығып кетеді.

Жетінші көрініс

Көл жағасы. Қар кетіп, мұз еріген. Көл үсті құс базарына айналған. Соған телміріп шоқ қайыңның арасында Біржан тұр. Қасында Жарбол. Ауыл үсті той-думан. Той Ержан мен Нұржанның қажылық сапарына аттану құрметіне өткізіліп жатыр. Ән мен күй, қыз-келіншек, жігіт-желең.

Біржан: Жарықтық Жөкей көлі! Тойлап-ақ жатыр. Өзін сағынып та қалғам-ау!

Жарбол: Неге сағынбасқа?! Қыстай үйден шыққан жоқсың. Бұл жаққа ат ізін де салмадың.

Біржан: Жол жүруге жарамай қалдым ғой. Қыс бойы басым бір көтертпей қойды. Жер тартады да тұрады.

Жарбол: Көп қиялдайсың. Бас қайтіп ауырмасын?!

Біржан: Тәйірі, қиялдан деймісің? Баяғы Поштабайдың қамшысынан бастап, бұл бастың көрмеген соққысы, төтемеген тепкісі бар ма? Солардың зардабы да.

Жарбол: Маған несін айтасың? Мен білмейтін шерің бар ма? Көп қой, күйігің көп.

Біржан: Шамшырағым Ләйліден өлідей, Айтбай сұлудан тірідей айрылдым.

Жарбол: Ләйлі екеуің қосылғанда қызықтарыңа мен мас едім. Пиғылы жамандардың сұғы әкетті ғой Ләйлімді. Ғұмыры қысқы күндей келте болды. Қайтесің?!

Біржан: Жоғалтқаным аз емес қой, аз емес... Ақлима ше? Қолыма қондыра алмай кеткен ол да бір бақ құсым еді.

Жарбол: Жазбаған бақ – бұйырған сор. Әйтпесе Ақлима сертін бұзды ма? Қашпақ ниетімізді біліп қалды да, Жантөре қарындасын бір түннің ішінде атастырған жеріне ұзатып жіберді. Не дауа?

Біржан: Бізді жұртына қалдырып, Аққете ауылы сол түні көшіп кетпеді ме? Көш соңындағы қара нар үзбей боздап егілтті ғой сонда. Мен де боздап, ән созбадым ба?

Әпіш келеді.

Әпіш: Жарбол-ау, шалымды қайда алып кеттің?

Жарбол: Өзі ғой осылай қарай тентірей жөнелген. Әйтпесе керек еді маған сенің жаман шалың.

Үшеуі мәз болып күліседі.

Әпіш: Менің салым жаман шал болғанда, сіз бе едіңіз бозбала?

Жарбол *(күліп)*: Бозбала болмасақ та жігітпіз ғой.

Біржан: Өзім де жігіт болып ем, талай жігітті көріп ем, бірақ дәл сендей ыңыршағы айналған жігітті кім көрген?

Тағы күліседі.

Әпіш: Жүріңіздер, ағалардың аттанар мезгілі де таяп қалды. Қызықтарын қызғанғандай бұл тұрысымыз ерсі болар. Жүріңіздер!

Жарбол: Жүр, Біржан, аяңдайық. Біржансыз тойдың сәні болушы ма еді?!

Сегізінші көрініс

Тойға жиналған сәнді топ. Ортада бас ақын. Қыз-бозбала соның айналасында. Бас ақын ән салып тұр. Ән – Біржан салдың «Ләйлім шырағы». «Ләйлім шырақ» әнінің мәтіні. Ән аяқтала бере Біржан, Жарбол, Әпіш шығады.

Біржан: Ойпырым-ай, «Ләйлім шырақ» көптен бері тап мұндай айтушысына кездеспей жүр еді! Құйқылжытады екенсің, ерім!

Бас ақын: Өзіңіздей айту қайда, Біржан аға?! Біздікі тек «Ұялмаған әнші боладының» кері де. Мына жұрттың сағынғаны сіздің дауысыңыз.

Жұрт: Рас, Біржан аға!

– Әу деңіз.

– Лебіз білдіріңіз.

Біржан: Мені қинап қайтесіздер? Мына Әпіштің ән қоймасы – қордалы. Соны қолқалаңдар.

Жұрт: Ал, жеңеше, шырқаңыз!

– Тартынбаңыз!

– Сізді де көптен тыңдамап ек?

– Жалындырмаңыз, жеңеше!

Жарбол: Мен сіздей әнші болсам манадан бері бес ән айтып тастар ем.

Әпіш: Жарбол-ау, мені кергіп тұр дейсіз бе? Қысылғанда не айтарымды білмей тұрғам жоқ па?!

Біржан: Сал-серінің қазіреті Сегіз сері емес пе?! Нағыз ән маржаны сонда ғой. Қыбыла көріп, ұстаз тұтқаным сол Сегіз сері еді. Салшы саңлағымның бір әнін.

Әпіш: Қалауыңыз білсін, салым, Сегіз серіден салсам салайын:

Орынбор Тұзтөбенің тұзын көрсең,
Жылойдың таң қаласаң қызын көрсең.
Атыңнан түссең қайтіп міне алмайсың,
Әйәйдің судан тартқан ізін көрсең.

Ән аяқталған соң жүгіре басып екі-үш жігітпен
Мырзағұл шығады.

Мырзағұл: Тыйыл! Тыныштал! Шой ағам келе жатыр.
Біржан: Кім дейсің?
Мырзағұл: Шой ағам келе жатыр! Шой ағам!
Біржан: Әкең келе жатыр екен десем...

(Жұрт ду күледі)

Мырзағұл: Сен тұрсың ғой осында.

Ержан мен Нұржан бастаған бай-бағлан тобы шығады.

Біржан: Иә, сапарларың оңғарсын!
Ержан: Әмин! Айтқаның келсін, Біржан! Сапар алдындағы соңғы сөздің бір түйіні сенде қалып тұр. Соны айтып арылсақ деп ек.
Біржан: Менде қалтарыс болушы ма еді? Арылсақ, арылайық.
Ержан: Ұғыса алмай шалғай кетіссек те, шығаннан шыққан жеріміз жоқ еді. Шарт сынысар несі бар? Қол қылғаны қиянат болса да, көңілімізге бауырлықтан бөтен алалық еді деме.
Біржан: Жете алмаған мұратым мен түгесілмеген жағымның бәріне сен кінәлі емессің. Қажыға бармаққа қам қылыпсыңдар, құп-ақ болсын! Алайда Мекке – Мәдине мен жете алмаған Жетісудан жақын емес қой. Қартайған шақтарыңда қиын соғып жүрмесе.
Ержан: Білместікпен ішкен у бал татиды демеймін. Наданға молла күлсін. Табалама. Ұзаққа жол жүремін дегеніңе біз келіспеп едік. Сүйтсем бекер екен. Енді міне, сол кеп басымызға келді. Ризашылығыңды бер. Кеш бізді, бауырым!
Біржан: Арқаның сал-серісі жиылып келіп, тұралап қалған Біржанды өз тауына шығарып кетті. Сынық көңілім бүтінделді. Сызат қалдырып қайтейін. Мен кештім! Оң сапар тілеймін!

Нұржан: Кешпе! Неге кешесің?! Мен өзімді кешпеймін! Сен де кешпе!

Біржан: Жоқ, Нұржан, мен кештім. Өз басыңа қарғыс тілер күнәң жоқ. Күңіренбей аттаныңдар, ағалар!

Нұржан: Мен Меккеге қажылық көксеп бармаймын. Мехнатты жолдың үстінде жаза күтем Құдайдан!

Ержан: Тек! Астамсыма! Қыңыр сөзге құлағы түрік Құдайдың.

Біржан: Біржан тартқан кемді күнгі бейнетті бір-бірімізге күнә санап қайтеміз? Кешірімімді ағам қабыл алмады деп, мен де күпті қалмаймын. Наз-наладан арылып, шеменсіз аттаныңдар!

Нұржан: Отыз Ержан, қырық Нұржан ширегіңе келе ме? Қадіріңді білмедік қой, бауырым!

Ержан: Жә, болды, боркемік! Енді сенің де аяғыңа жығылайық па? Уа, ағайын, біз, міне, Хақ жолына бағышты ақ сапардың үстінде тұрмыз. Қайта айналып қауышамыз ба, жоқ па, ол тек бір Аллаға аян іс. Әйтсе де тек жақсыдан үміт қылайық. Той-думандарыңды жалғастыра беріңдер. Ал, бастаңдар!

Ержан, Нұржан ақсақалдарды ертіп, үйге беттейді. Біржан мен Жарбол да солай қарай қозғалады.

Бас ақын: Ау, Біржан аға, салдардың шалдарға қосылғанын қашан көріп едіңіз? Қағыңыздан жеріп қайда барасыз?

Біржан: Бұған не уәж айтамыз, құрдас?

Жарбол: Уәж айтып керегі жоқ. Қала қою керек.

Біржан мен Жарбол жастарға қосылады.
Ержан тобы үйге енеді.

Бас ақын: Біржан аға, осы тұрған жас жеткіншек тек сіздің әнге құмар. Сарыарқада ешбір той сіздің әніңізсіз өтпейді. Онсыз тойдың сәні не?! Қане, жастар басайық, Біржан салдың әніне!

Жарбол: Әр әніңді осылай сүйіп әлпештер, артыңда қанша шәкірт бар арманың не, құрдас-ау?

Біржан: Ризамын, жастарға! Алайда арман шіркін алыста ғой, алыста.

Жарбол: Пенде көңіліңнің қашан да қанағаты кем ғой. Әйтпесе өмірге өкпең не? Өткеніңе қарашы, елі сүйген ер болдың. Алты алаш ешбір азаматын дәл сендей ардақтамаған шығар.

Біржан: «Өткеніңе қарашы» дейсің. Өткеніне көз жібермес көкірегі көрің мен бе едім? Байқап тұрсам, көңіліме мысқалдай уайым алмай, алаңсыз өткерген жалғыз ғана жазым бар екен. Сол жаз өмірімнің де жазына айналса керек. Осы күні көксейтінім де сол.

Әпіш: Ол қай жаз еді, салым?

Жарбол: Ол...

Біржан: Ешкіөлместің жағасында қарымы тең, көркі асқан Сарамен өткен қайран жаз! Қайран Сара!..

Сараның әні естіледі. Әнді басып «Күтемін! Ұмытпаңыз Сараны!» деген жалыныштың үні жетеді.

Әпіш: Сара – әніңізге нәр беріп келген қуанышыңыз еді. Енді келіп күйігіңізге айналмаса жарар.

Біржан: Балдың уға арналған шағы ғой. Күстаналап қайтесің?

Жарбол: Баяғыдай жер тарпыған Кертөбелдің тізгінін білекке орап мен тұрсам! Ат үстінде домбыраңды көкке сермеп сен шырқасаң! Боз үйден айғай салып Сара шықса! Шіркін-ай! Өмірде екі келмес сәт екен-ау. Жалған-ой, жалған...

Біржан: Сол күннің бір үзігі жалт етіп көзге түсіп, еске оралмас деймісің? Тәуекел, Жарбол! Жүрейік Жетісуға!

Бас ақын: Бастаңыз, Біржан аға! Біз ереміз сізге!

Жігіттер: – Біз ереміз сізге!

– Аттанайық, Біржан аға!

– Жауға шапсаң қылышың, тойға барсаң домбыраңызбыз!

– Қонайық атқа, Біржан аға!

Біржан: Ал, Жарбол, сен не дейсің?

Жарбол: Мен бара алмаймын ғой.

Біржан *(сескеніп)*: Не дейсің? Неге?

Жарбол: Ұрланып кірген науқасым ұлғайып алған бұл күні. Ұрып жықпай тыншымас... *(Пауза)* Жетісуға жетіп, Сараны бір көріп қана жығылар шамам болса, бүгін-ақ тартып кетер ем.

Біржан: Қазақтың әзірейілімін деген науқасы да атқа бір мінсе-ақ айығып кететін. Науқас емес, сені жеген тіршілік деген жегі құрт қой.

Жарбол: Менде қозғалар дәрмен жоқ.

Біржан: Елу жыл тізе айырмай ат үстінде қатар жүріп келіп едік, енді келіп бой жазар менің ақтық сапарыма ере алмаймын деймісің?

Жарбол: Біржанды Біржан еткен мынандай шәкірттерің бар. Осыларды серік қыл. Жолыңнан қалма! Аттан, Біржан! Жет Сараға...

Біржан: Күшігімен ойнаған кәрі төбеттей бала-шағаға еріп қайда барам? Пейілдеріңе рахмет, шырақтарым. Сендер барар той алда. Менің тойым тарқап кеткен екен-ау. *(Пауза).* Кәрілік-ит, абақтыдан бетерсің-ау. Мұратыңа жетпегеніңді көзің көріп, көңілің сезіп тұрса да қолдан келер қайран жоқ. Жалған-ай! Бозым-ай! Қайран Сара! Даңғылым-ай!

Жарбол: Сара байғұстың да бұл күнде ертегі кейпі қалды деймісің? Оған барып жаныңа не медет табасың? Көксеткен күннің өксігі де байыз таптырмай жүрген.

Біржан: Өксік деймісің? Болса болар... Өксік... Қалай дәл айттың, Жарболым? Көксеп жүріп өксіктен өледі екен-ау пенде... Ақтық рет болса да ақын Біржан өксіп қалсын бір рет!

Айбозым, ай-хай, бозым, даңғыл бозым,
Жер шалғай, жүре алмаймын жалғыз өзім.
Сүйікті сүйіскенді сағынғаннан,
Талады қарай-қарай екі көзім.
Өзіңнің теңдес құрбың болмаған соң,
Жүреді енді кімге айтқан сөзің?!

Ән өзінің шырқау шегіне жетіп барып, кілт үзіледі. Біржан сал да үзіледі. Біржан сал теңселіп барып құлайды. Бәрі тұра ұмтылады. Үйден жүгірісіп Нұржан, Ержан шығады. Біржанды жабыла көтеріп үйге енгізіседі. Әпіштің дауыс салып жылағаны естіледі. Сахнада тек Жарбол ғана қалады.

Жарбол: Аспандағы аққуға үнін қосқан алты алашты сандалтып, әнмен қырған әйгілі Біржан сал дүниеден өтті. Біржан салдан ата дәулеті – мал қалған жоқ. Ел мұрасы – ән қалды. Сол әнді ардақтаңдар!

БАТЫР БАЯН

(Екі бөлімді трагедия)

Пролог

Таң алды. Алакөлеңке. Сахнадан көп тұтқын айдап, Батыр Баянның әскерлері өтеді. Селдір жарықта әскерді де, тұтқынды да ажырату қиын. Тізіліп өтіп жатқан қара толқындай лек.

Жырау үні:

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де –
Қызыққа тоймас адамзат!

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да –
Үмітін қоймас адамзат!

Тізбектеліп өтіп жатқан көп нөпірдің арасынан бөлініп Батыр Баян шығады.

Батыр Баян: Хас тұлпарды тамтыратқан,
Ер жігітті қансыратқан.
Әр зәмәті ажал тосқан,
Қан сүргінде шіміркенбес жүрегім,

Ұға алмадым,
Неге мұнша тулайды?
Жау көбесін жырта сөккен,
Ел мерейін үстем еткен,
Атақ-даңқым жұлмеге аян,
Мен едім ғой Батыр Баян!
Неден жасып, сескенемін, –
Білмедім.
Жеңілгем жоқ, –
Тағы жеңдім.
Түрдім-дағы іргесін,
Керттім-дағы керегесін,
Ата жауды шауып алдым жоса қып.
Еркектерін құл етем деп,
Ұрғашысын күң етем деп,
Алып келем
Қойдай тізіп көгендеп.
Ішінде бар бір перизат,
Адам емес,
Судан шыққан су перісі дермісің!
Нәркес көзін бір төңкеріп қараса,
Жан қоярға жер таба алмай,
Бозбаладай қиналам.
Мұндай халді кешпегелі,
Жастығыма қош дегелі
Талай күндер қартайып,
Талай түндер ескірмеп пе еді,
Мұным не?
Тыныш күнде ел бастаған,
Қан майданда қол бастаған,
Бәйтерекпен бой теңеген,
Төременен төр теңеген,
Ақылы асқан ағыла
Батыр Баян емес пе едім,
Япыр-ау?! *(Пауза)*
Тағы да бір тілдесейін,
Ірікпейін ойдағымды,
Тіл күрмемей ақтарайын бәрін де.

Кетеді.

Бірінші көрініс

Әскерлер, тұтқындар тыныс алуға аялдаған. Көбі жерде сұлап жатыр. Әріде күзетші сарбаздардың бейнесі қараңдайды. Батыр Баян мен тұтқын қыз.

Тұтқын қыз: Жай ма, батыр?
Батыр Баян: Жай емес.
Сөйлесетін сөзім бар,
Айтатұғын кебім бар,
Мойын бұр да, құлақ сал.
Тұтқын қыз: Олжаға не батырдың,
Қолындағы тұтқын қызға
Сөйлер сөзі,
Мұншама ұзақ болар ма;
Неше күндік жол бойына
Сыңайы жоқ таусылар.
Батыр Баян: Тауысамын, сарқыламын дей алман,
Тек байлауымды естіртпекпін өзіңе.
Бүгін біздің ұзақ-сонар жолда өтер,
Ең ақырғы күніміз ғой,
Білесің.
Бесін аумай Келтесорға жетеміз.
Келтесорды жайлаған
Аз ғана жұрт –
Уақ деген елім бар.
Той қылады құрметіме қашан да.
Жатқан болар неше күннен қамданып.
Бар тұтқынды Бурабайға –
Абылайдың ордасына жөнелтем.
Өзім елде қаламын.
(Пауза)
Сен де...
Тұтқын қыз: Әлдеқашан сезіп едім,
Таусылмайтын сөзіңіздің түйіні
Дәл осылай боларын.
Тұтқынға кім билік берсін,
Ойға алсаңыз, істейсіз ғой бәрін де.
Бірақ сізге басын ашып айтарым:

Ұйып тұрған тірлігімнің
Шайқадыңыз қаймағын.
Құлағыңыз естіді ғой
Еңіреген ата-анамның қарғысын.
Бауырынан тартып мені
Әкеттіңіз боздатып.
Көз жасымды кептірген жел,
Баса алған жоқ өксігімді іштегі,
Күң қылсаңыз қыларсыз,
Жар етем деп ойламаңыз бірақ та.
Батыр Баян: Қол қимылдың адамы едім,
Үркіп-толқып көрмеген.
Қайыс болып қатқан жүрек
Сені көріп езілді.
Жібімес пе қатқан қан?
Тұтқын қыз: Қайтіп, қалай жібімек?
Қатып, беки түспесе...
Батыр Баян: Сезем, сезем...
Айыбым көп алдыңда.
Ел-жұртының қаны менің мойнымда.
Қазақтың да қалмақ кеше
Қанын судай ағызбап па еді алайда?!
Еруліге қарулыны мен қылсам,
Айып емес, абыройым болмай ма?
Ата жаудың қанын төксем,
Ел-жұртымның
Намысы ғой жыртқаным.
Қай дәулетке қызығып
Найза ұстаппын қолыма?
Кегім үшін қайтарған,
Ешкімге де кеше гөр деп,
Жалбарынар жайым жоқ.
Саған ғана мойынсұнам
Айыбымды мойындап, –
Өйткені сен періштесің
Жұмақ үшін жаралған.
Жазықсыздан жапа шексең,
Қисынсызды қиыстырған –
Шеберлігі тағдырдың.

Тұтқын қыз: Айтатұғын дауым жоқ,
Сөзіңіздің бәрі жөн.
Бірақ тағы мен сізге
Жібіп, босап, елжіреп,
Қыла алмаймын мысқылдай да ілтипат.
Алдарқатып жаза алмайсыз жарамды.
Батыр Баян: Қорқытатын кегің емес,
Қатып қалған мұзың ғой...
Дүрия мен мақпалға орап,
Алтын аптап, күміс күптеп
Апарайын еліме,
Берші соған келісім.
Өз еркіңмен құрметімді қабылда,
Алтын басымды алдыңа иіп өтінем.
(Құралай үнсіз. Бір қырындап сырт айналады)
Ақ білектің күшімен,
Көк сүңгінің ұшымен
Талай елді бағындырған Баянға
Табынбаған сен ғана.
Тұтқын қыз: Жүрек өктем, өзімшіл,
Тілекке де, білекке де көнбейді.
Батыр Баян: Кімнен кем еді өктемдігім?!
Мен жалбарынған жан иесі сен ғана.
Тәңірсіген талайларды
Жер тұқыртып кетіп ем.
Ат жалына қонғалы
Кеудемді ешкім басқан жоқ,
Еш теперіш көрмедім.
Ел қорғадым,
Жер қорғадым.
Қазағымның мұңынан
Өзге мұңға көңілімді бөлмедім.
Тек намыстың құлымын мен,
Басқа құлдық көрмедім.
Бұ жалғанның тауқыметін,
О дүние тозағын
Ескермеген пенде едім.
Ертіс бұзар екпінімді тоқтатар
Жаратқанның зауалы анық сен бе едің?

(Тұтқын қыз үндемейді)
Көріп сендей гүл сипатты перизатты,
Сүйіп қатты шерге баттым, жасырман.
Шарасыз өрт, дауасыз дерт кешкенім.
Сыңғырлаған үніңді естіп,
Болам бейне бейіс балын татқандай.
Сел боп аққан көз жасы мен
Қара бұлттай тұнжыраған
Қаралы күн қалды артыңда.
Сертім болсын: қолыңды бер,
Жетелеймін жарыққа!
Ағыл-тегіл нөсерден соң
Кемпірқосақ бой түзер.
Құратұғын салтанатың алдында,
Перизатым, тартынба!

Тұтқын қыз қатты толқыныс үстінде ұзақ үндемей тұрады да, қиналып барып сөз бастайды.

Тұтқын қыз: Тоқымдай сор маңдайыма жазғанмен,
Ұлтарақтай бағым және бар екен.
Сол екеуі қатар келсе,
Бақтан қашам несіне?
Ынсапсыздық ырыс елес,
Ібілістің ісі де.
Киесіз ерге олжа боп,
Иесіз елге келмеппін.
Тұтқын емес, тотықайын тұмарлап
Отырмақсыз. Сол ниетке
Көңілімді қоңсы еттім.
Батыр Баян: Перизатым, не дедің?!
Көндім деші,
Ердім деші шынымен.
Тұтқын қыз: Көндім. Ердім. Тек маған
Бұдан былай перизатым демейсіз.
Батыр Баян: Болсын. Онда періштем деп
айғақтаймын мен сені.
Тұтқын қыз: Періштем де демейсіз.
Батыр Баян: Сұлуым деп...

Тұтқын қыз: Сұлуым да демейсіз.
Батыр Баян: Тәуәп етер Қағбамсың,
Пірім дейін, ендеше!
Тұтқын қыз: Қиналсаңыз білмей мені кім дерге,
Бітіміңіз, болмысыңыз
Жүрегіме ендеп, дендеп кіргенде.
Кетер болса сіз дегенде,
Күйге толып гүл-кеуде.
Көңілімнің тереңдегі інжуін
Сүзекіңіз ілгенде.
Күйдіру де, жандыру да,
Жанымды естен тандыру да,
Болсын, батыр, сізге серт.
Батыр Баян: Серт!
Тәңірінің осы сыйы аз емес,
Мына мендей қанағаттшыл пендеге.
Келісімің – маған қылған тартуың.
Сенен немді
Іркіп қалам мен енді?
Болсын дәйім дегенің.
Тұтқын қыз: Бірақ тағы сізге қояр
Екі түрлі шартым бар.
Бірін қазір тыңдаңыз,
Бірін кейін айтайын.
Мұң-шері бір, тағдыры бір,
Көгендеулі жатқан ана
Бауырларыма әперіңіз азаттық.
Жазығы не сорлылардың?..
Құл мен күңнен жақсы ғой,
Сізге қылған қызмет.
Қондырыңыз осыларды қоңсы қып.
Батыр Баян: Жанғабыл!
(Қараңдаған көптің арасынан бөлініп Жанғабыл шығады.)
Аттан, бауырым, Абылайға
Қырық құлдың құнына
Құныкпасын хан ием.
Асы түскен олжадан
Сұрамасын еш сауға.

Батыр атым дақ болғалы,
Қарсы келіп көрмеп едім бетіне.
Кәрі құлжа бой жазатын
Таудың келте соқпағындай
Енді қалған тірлікте
Сыйластықтан кетісіп,
Үзеңгімізді үзбейік.
Жалғыз айтқан қолқамды
Тартпасын де уәзінге.
Жеткіз осы сәлемді
Абылайдай ханыма.

Екінші көрініс

Абылайдың ордасы. Абылай мен Дәруіш.

Абылай: Солай де, Дәруіш, солай де...

Дәруіш: Солай, Абылай. Бүгін-ақ бір шабарман жетер, сол растар сөзімді.

Абылай: Жоқ, дерегің дұрыс, сөзің шын. Сезгем, білгем қаптайтынын Қытайдың.

Дәруіш: Жеңе алмайтыныңды да білесің.

Абылай: Һы... *(Пауза)* Ұтылмайтынымды да білем.

Дәруіш: Рас, ұтылмайсың.

Абылай: Неге ұтылмайтынымды білесің бе?

Дәруіш: Сен тек қана ұту үшін туғансың.

Абылай: Неге ұтылмайын? Мен ажалдан ұтылам.

Дәруіш: Аспа, Абылай. Сенің жеңісің – халқыңның жеңісі. Бірақ, сені алған ажал ала алмайды еліңді. Соған тәуба қыл! Абылайсыз қазақтың Абылайлы қазақтан артық болмасын қайдан білдің? Сен өлсең...

Абылай: Күмілжіме. Төк, тіліңде зәр тұрса да.

Дәруіш. Сенен сұрар сауалым бар, Абылай... *(Абылай үндемей, тек ишарат қылады)* Осы сені ақын біткен мақтап та жатады, даттап та жатады. Мақтағанды арқаға қақпайсың, даттағанды бетке қақпайсың. Қыңыратқыған кей ақын жеті атаңа жетеді. Қызыл тілін қырқып неге алмайсың?

Абылай: Халқының ойын білгісі келген адам ақындарының тіліне тиек салмас болар.

Дәруіш: Сонда...

Абылай: Ел үшін бәрі, ел үшін...

Дәруіш: Сол ел үшін мен де аттанам, Абылай. Шарыштың басын қаққаныңдай, қандансын де қанжығам!

Абылай: Жолың болсын, Дәруіш! Мә, мың ділдә... Ат қарайтұғын қызметің үшін. Осы жолдан аман қайтсаң, мал сап берем алдыңа.

Дәруіш: Аман да қайтармын, малыңды да алмаспын.

Абылай: *(Ұзақ пауза)* Ұқтым. Дәруіштің асасын құрыққа айырбастағың келмейді ғой.

Дәруіш: Мені жұтып, қара жердің талысы тарылады дейміcің? Тілейтінім, Абылай, сенің амандығың. Қош!

Абылай: Қош!

Дәруіш шығып кетеді. Абылай босмойынды алып, ілулі тұрған қалқанды қағады. Сақшы кіреді.

Абылай: Батыр Баянның шабарманы кірсін.

Сақшы шығып кетеді. Аздан соң Жанғабыл кіреді.

Абылай: Тоғызқұмалаққа қалай ең?

Жанғабыл: Жеңіліп қалсаңыз басымды кесесіз бе?

Абылай: Бәс тігіп ойнаймыз. Жеңсең сыйлық берем.

Жанғабыл: Жеңілсем ше?

Абылай: Жеңілсең де.

Жанғабыл: Мен Баянның сәлемін түгел жеткіздім. Басқа ештеңе естігем де, көргем де жоқ.

Абылай: Кел, отыр!

Жанғабыл отырады. Екеуі ойнауға кіріседі. Сақшы кіреді.

Сақшы: Жұрттың дені жиылып қалды.

Абылай: Түгел жиылған соң хабарларсың. Шабармандар болмаса, ешкімді кіргізбе.

Сақшы шығып кетеді.

Үшінші көрініс

Басқа бөлме. «Таганақ» кеңесіне жиылып отырған батырлар, билер. Екі-үш қызметші жұртқа үлкен керсендерден қымыз құйып таратып жүр.

Алға екі уәзір – Маймене мен Майсары шығады.

Маймене: Баян неге келмепті, білгенің бар ма?

Майсары: Өзі келмесе де, шабарманы отыр ғой, Абылаймен құмалақта қаржасып.

Маймене: Қаржасып отырған жоқ, қармалып отыр. Қырық тұтқынды Батыр Баянның еншісіне қалдырыпты ғой. Абылай соның қарымтасын қайырып жатыр да.

Майсары: Баянды тағы бір жерге жұмсағалы отырған шығар.

Маймене: Қайдам...

Майсары: Қоқанды шап дер...

Маймене: Білмедім-ау. Абылайдың ішкі есебін шеше алсақ уәзірі боп жүрер ме ек?

Тәтіқара ақын кіреді.

Тәтіқара: Ассалаумағалейкум, жақсы-жайсаңдарым!

Жұрт жапырлап Тәтіқараның сәлемін алады.

Маймене: Түсің қашып кетіпті-ау. Елің аман ба, ақыным?

Тәтіқара: Ел амандықпен қош айтысқалы қай заман.

Маймене: Не боп қалды?

Тәтіқара: Үш күн болды, Терісаққандағы ел жаяу қалды. Жасанып келген көп қалмақ бар жылқысын қуып кетіпті.

Майсары: Батыр Баянда кеткен кектерін қайтарған да.

Тәтіқара: Жоңғар шапқанда да Батыр Баянда кеткен кегін қайтарып па?! Баяннан есе қуса, Обағанды иә Келтесорды шабар еді ғой. Ердің ерге жекпе-жекте жан бергені – елдің елмен қырқысқаны да.

Маймене: Шапқан елдің де айдарынан жел есіп отырғаны шамалы. Шабылған елдің жайын айт. Хан иеме естірту керек хабарыңды.

Тәтіқара: Абылайдың өзі қайда?

Маймене. Батыр Баянның шабарманымен тоғызқұмалақ ойнап отыр. Үстіме ешкім кірмесін депті.

Майсары *(Тәтіқараға)*: Алайда сен кір. Суыт хабармен келген шабармандарды жібер депті.

Тәтіқара: Кірермін де айтармын. Бірақ мен шабарман емеспін, Тәтіқара ақынмын.

Тәтіқара шығып кетеді. Алға Қанай би мен Толыбай би шығады.

Қанай: Басқаға сабақ жіптен есе бермейтін Наушаруандай ғаділіміз Абылай, Баянға келгенде жомарттығын Атымтайдан өткерді-ау.

Толыбай: Абылайды ту көтеріп қолдаушы ең, енжар тартып қапсың-ау.

Қанай: Кежегем кейін тартқанмен, керегем мықты боп тұр ма? Абылайдың асығы алшысынан түсіп тұр.

Толыбай: Қағбаң сол боп қалған соң, шара бар ма? Көргім келмейді-ау... Қара да бойын, қар жүзін.

Қанай: Он сан алаш баласын иіріп алды маңына. Әбілмәмбеттің тақ үстінде қарт тәні, тәж астында алжыған басы қалды. Басқа несі қалды? Шетімізден құрықтап келеді Абылай.

Толыбай: Ендігі бұғалық салмағы – Баян.

Қанай: Бөгенбай мен Қабанбай – тұғырдан тайған қырандай. Алдаспаны – зұлфыхардай, айбалтасы – гүрзідей мұзбалғы Баян ғой. Пайғамбар сахабасының санындай отыз үш мың сарбазының басына соны қоймақ Абылай.

Толыбай: Біз туғанда да анамыз ұл таптым деп май ішкен шығар. Қан сыртында жұдырық, тұқырта бере ме Абылай? Қылмаймыз ба бір қайрат?

Қанай: Бәсе деймін-ау. Бүгін қай қиянға салса да арындап-ақ бағармын.

Толыбай: Абылайдың жүз көргенде басатұғын мысы бар. Үркек жабыдай жалт бермейін. Осы болсын бітуанамыз.

Төртінші көрініс

Абылай мен Жанғабыл. Әлі ойындары аяқталмаған.

Абылай *(құмалақты цядан ауыстырып жатып)*: Қалмақтың қызы құтылды.

Жанғабыл *(цяға құмалақ тастайды)*: Батыр Баян торға тұтылды.

Абылай: Шабарманы ұтылды *(Ойынды аяқтайды).*

Жанғабыл *(ақырып)*: Расында да... Қап! Желкем ашық қалыпты-ау.

Абылай: Шабу үшін қорғана білу керек *(Жанғабылға бір қалта ділдә береді)* Енді аттан! Батыр Баянға сәлем айт. Үлдемен басын ораған, семсермен шашын тараған қалмақ қызы құшағына құт болсын! Арыстаным абай болсын өзіне. Ештеңені көзіңнен таса қылма.

Жанғабыл: Жеңілген сайын сыйлық алып тұрса, тіпті, жеңудің қажеті жоқ екен-ау.

Сақшы кіреді.

Сақшы: Суыт хабармен Тәтіқара ақын келіп тұр.

Абылай: Кірсін.

Сақшы шығып кетеді. Тәтіқара кіреді.

Тәтіқара: Армысыз, Абылай?!

Абылай: Армысың, ақыным?!

Тәтіқара: Ер өліп, Ертіс бұзылған заманда хабардың жайлысынан жайсызы көп. Соның бірі еді әкелгенім; Терісаққанның бар елі бұт артар көлікке зар боп, жаяу қалды. Үш күн болды, қуып кетті бар жылқысын қалмақ кеп.

Абылай *(Жанғабылға)*: Үш Баянға; тез аттансын Еділге, алып қайтсын бар малды! Атсыз ердің қанаты майып. Ұқсын Баян жайымды, елдің басын бұлт торлаған заманда.

Жанғабыл: Құп, алдияр. Қош болыңыз! *(Шығып кетеді).*

Бесінші көрініс

«Тағанақ» кеңесі. Кеңеске жиылғандар. «Абылай хан келе жатыр!», «Хан ием келе жатыр!» деген дауыстар түс-түстан ұрандап шығады. Керней үні. Барлығы орындарынан тұрып Абылай, Тәтіқара, Маймене мен Майсарыны қарсы алады. Маймене алға шығады.

Маймене: «Тағанақ» кеңесіне елбасылар мен қолбасылардың дені жиылды. Келмей қалғандар: Садырдан Тасболат батыр, Уақтан Қарабас баласы Абыл мен Қасаболат баласы Батыр Баян.

Абылай: Батыр Баян келе алмайды.

Толыбай: Қырық тұтқынын бағып қалған ғой...

Маймене: Бүгінгі «Тағанақ» кеңесі Ресейге елші жіберу және Хиуа мен Қоқанға салық төлеу жағдайымен шақырылып отыр.

Қанай: Сонда салықтарыңның шамасы қанша?

Маймене: Алты арыс Орта жүзден алпыс үйір жылқы. Атығай-Қарауылдың үлесіне де он үйір жылқы.

Қанай: Уай, Абылай! Атығай-Қарауылдан алған алты қатының қалыңына татиды ғой салығың. Бере алмаймыз.

Толыбай: Ресейге жіберетіндерің не қылған елші?

Маймене: Елші Орынбор губернаторы барып, Тобылдан бергі орыс бекіністерінде қазақтардың сауда жасауына рұқсат сұрайды.

Толыбай: Сауда жасау үшін де салық төлеу керек қой. Сол бекіністерді, Абылай сұлтан, қатын патша неге қаттатып жатыр?

Оразымбет: Жаудан қашсаң, тығылатын баспанаң – сол.

Жәпек: Көксау болған арыстандай зеңбірегін күркілдетіп қарсы алсын!..

Маймене: Еділден өтіп, қазақ жеріне енген соң Петербордан келе жатқан қазыналы керуен тоналған. Бірақ, тонаған қалмақтар. Өз жерлерінен Ресей керуенін өткізіп жіберіп, өкшелей кеп қазақ даласында тонаулары – екі елдің арасына от тастау. Орынборға барған елші осы жайларды да анықтап қайтпақ.

Оразымбет: Керуенді қалмақ тонайды да, ат-шапан айыбын біз тартады екенбіз ғой.

Қанай: Уа, Абылай, Нұрадағы Ақмола, Есілдегі Қараөткел, екі өткелдің аузына тас қорғанды салғыздық, орыс саған не берді? Атбасар мен Қалқұтан, балығы тәтті су еді, айналасын шандыттық, орыс саған не берді? Баянаула, Қызылтау, оны орысқа жайлайтын, іргеңе төгіп жатыр әскерін. Сабантаудан жиылып, бес сан болды қолдары. Қашан шауып алады деп, елжұртында зәре жоқ.

Тәтіқара: Уай, Қанай би, бір езулеп қайда тартып барасың? Орыс қашан мылтығын қазаққа кезеп атыпты? Бергеніңді айтасың, алғаныңды бір сана. Қыс ызғары өкпеден өтпесін деп, Тобылдан шебер алдырып, ағаш үй салды Абылай. Содан көріп талай қазақ қыстауына бөренеден үй салып, ұядай қып қойды ғой. Жан-жақтағы көршілермен жан берісіп жауласқанда жеріміз үшін жауластық. Қазақ жері мал үшін, басқа қадірін біліп пе? Он мұжықты былтыр жалдап, Абылай егін егуді үйретті. Жер емшегін алғаш емгеннің бірі – өзіңнің Қарауылыңдағы Атабайдың Бегені. Ғибрат алсаң, содан ал. Ресеймен қырын келген кез бар ма? Қырын келер шамаң бар ма әуелі? Ресей Кіші жүзден алып отырған аманатын Абылайдан алған жоқ. Бұ да болса абыройы ханымның.

Оразымбет: Суырыла берме, ақыным. Абылайдың тереңдігіне бойлаймын деп, тұншығып кетіп жүрме.

Тәтіқара: Қайраңдап сен-ақ қала ғой!

Маймене: Содан соңғы бір жағдай; Сыр бойынан бес қала Қоқанға беріледі.

Жәпек: Қоқан, Қоқан деп қоқаңдата береміз бе? Соғыспай, жерімізді малмен қорғайтын болсақ, найзамызды құрық қылайық.

Оразымбет: Болмаса қатын-қалашқа оқтау қып берейін. Қоқан би еді басымызға шықпаған?

Маймене: Жау жағадан алғанда, етекке жармаспас үшін итке сүйек тастар болар.

Жәпек: Қорқатынымыз келмеген шүршіттің көлеңкесі екен ғой.

Оразымбет: Итке сүйек салғанша, бөріні соғып алмас па? Бабалардың жолын неге тұтынбайсың, Абылай?

Абылай: Есім салған ескі жол, Қасым салған қасқа жол, Тәукеден қалған «Жеті жарғы» емес пе алдымдағы құбылам?! Арғы бабаң күн елінде Еділ хан, менің атам Шыңғыс хан, басып алған жерімен, жаулап алған елімен қай ұшпаққа жетіпті? Кеше ғана қазақты тоз-тоз қылып шұбыртқан жоңғар бүгін не болды? Қоңтайшылар өзді-өзімен қырқысып, ел-жұртымен жем боп кетті Қытайға. Аузын айға білеген арыстандай бір елден қаңыраған арту-арту бел қалды, қан сасыған сай қалды. Сол күн ертең біздің басқа тумасына кім кепіл?..

Сақшы кіреді.

Сақшы: Жетісудан шабарман келді, алдияр.

Абылай: Кірсін.

Сақшы шығып кетеді. Шабарман кіреді.

Шабарман: Алдияр, жау келді! Қытай қолбасшысы Фу Де алпыс мың қолмен Жетісуға кеп кірді. Осы күні Ілеге төніп келеді. Қаша соғысып жүрген – жалғыз Шапырашты Наурызбай.

Абылай: Фу Денің артынан келетін әскер бар ма, білдіңдер ме?

Шабарман: Фу Денікі жаяу әскер. Артында отыз мың атты әскермен Чао Хой келе жатқан көрінеді.

Ұзақ үнсіздік. Абылай барша жұртты көзімен бір-бір шолып өтеді де, суырылып алға шығады.

Абылай: Шүршіт келсе, көрдегі денеңді алып жейді деп айтып еді Бұқар жырау... Қытай қолы – тоқсан мың, үш есе көп қазақтан. Тоқтар иә тоқтамас, алайда бұл қарсы соққан дүлей күш. Алдан шапқан алдаспаннан сырттан соғар қанжар қатар. Хиуа мен Қоқан – ол қанжар. Сондықтан да Қоқанға беріледі бес қала. Нәдір Шахтың сұраған салығын да төлейміз. Ресейден қауіп күтпеймін *(Пауза)* Ақ туымды Ұлытауға тігемін. Қазақ қолы сол араға жиылсын! Тез аттанып, таратыңдар жарлықты. Атқа қонсын алты алаш!

Жұрт тарайды. Абылайдың қасында Маймене мен Майсары қалады.

Абылай *(Майсарыға)*: Болған жайды хабарлап, Әбілмәмбетке шабарман жібер. *(Майсары шығып кетеді. Майменеге)* Сен Нәдір Шахқа елші боп аттанасың. Есіңде болсын; не айтса да ығына жығыл. Қолыңнан келсе Қоқанға қарай айдап сал *(Пауза)* Тез аттанудың қамына кіріс. Жолбарысты маған жібер *(Маймене шығып кетеді)*. Дұрыс айтты Дәруіш... Жеңе алмаспын-ау Қытайды, жеңілмеу керек бірақ та. Аман жүрсін Дәруішім! Ол да мендей қазақ үшін керек жан.

Майсары кіреді.

Майсары: Хан иеме шабарман жіберілді.

Абылай: Енді Батыр Баянға жібер. Еділге барып қайтуға үлгермейді. Қолын жиып, тез қасымнан табылсын. *(Майсары шығып кетеді)* Соғысқа бір тойса қазақ тояр еді-ау. Көзін ашқалы көріп келе жатқаны осы. Сыртқа жау кетсе, өзді-өзі қырқысады. Қыл үстінде қалт-құлт еткен тағдыры дауыл күнгі дариядағы қайықтай. Қай жартасқа соғылар? Қай жағаға бастармын? «Абылайсыз қазақтың Абылайлы қазақтан артық болмасын қайдан білдің?» дейді Дәруіш. Ләйім, солай болғай да. Сонда қазақсыз Абылай кім болмақ? Елімді сақтап қалуым керек! Елімді...

Жолбарыс кіреді.

Жолбарыс: Бар жайыңды естідім. Ағаң дайын қызметіңе, Абылай.

Абылай: Ал, бауырым, май тамызған тіліңе сиынып бақ тағы бір. Аттан Орынборға. Әскер сұра бір түмен, әсіресе, зеңбірек.

Жолбарыс: Бере ме оны Ресей? Қару беріп қазаққа, Қытаймен қатынасын бұзар ма?

Абылай: Беріп қалар. Бермесе, Ресейден тағы да әскер сұрар күн туар, сол күн үшін сен бүгін бір өтіп ал алдынан.

Жолбарыс: Келген Қытай – қиын жау. Соны сезіп, атқа қонған бар қазақ ертең саған ереді. Ресейдің әскерін қай күніңе сақтамақсың, бауырым?

Абылай: Қытайдың бетін қайтарсам, Қоқанға берген қаламның тартып алам барлығын. Малдана тұрсын әзірге. Арқа-басы кеңіген соң, шоғырланып тұра бермей, бытырайды бұл қазақ. Ел тізгінін сол шақта алу үшін қолыма Ресейдің әскері керек маған, бауырым.

Жолбарыс: Хан болсаң екен үш жүзге! Басқа тілек жоқ менде. Сол тілектің жолында малым, жаным – садаға. Өнерімді салайын, қызметімді қылайын. Мен аттандым, бауырым!

Абылай: Жолың болсын, жақсы ағам!

Екеуі төс қағысып қоштасады.

Алтыншы көрініс

«Келтесор». Батыр Баянның ауылы. Көп аттың тұяқ дүбірі, тазы иттердің үрген үні алыстан естіліп, бірте-бірте жақындай береді. Олжаларын көтеріп, сахнадан аңнан қайтқан жігіттер өтеді. Батыр Баян мен Құралай шығады. Соңдарынан атқышы көрінеді.

Батыр Баян *(садағы мен қорамсағын атқышыға беріп жатып)*: Жігіттерге айт: ауылды шуылдатпай, тез жайғассын! Қымыз келтірт! *(Атқышы шығып кетеді).*

Аңқау інім манағы бір киікті
Бос жібермей, атып алса егер де,
Келтесор мен Жолдыөзекте
Тірі аң қалмайды екен-ау.
Ерен болды осы жолғы олжамыз,
Өзің де бір жан екенсің ақжолтай.
Құралай: Айтары жоқ, батырым,
Мерейі асқан пенде болып тұрмыз ғой.
Батыр Баян: Тұрымтайдай құнысып,
Ат жалына жабысып,
Жігіттерім кіл қыран,

Түз тағысын құтқармай,
Жақсы атқарды міндетін.
Бүгінгі бұл сейіліміз –
Саған қылған құрметім.
Тазысын да қоспастан,
Жебесін де тартпастан,
Қасқыр жемі – киікті
Қоя беріп беталды,
Інім ғана көрсетті бір осалдық.
Құралай: Шыбын жанын олжалаған
Киік үшін іниізді
Қайтесіз көп жазғырып.
Бұлтартпайтын мерген екен өзі де,
Қайтар жолда танытты ғой өнерін.
Батыр Баян: Жапандағы теректің
Шіріп тұрған бұтағына дәл атқан
Мергендікті қайтейін.
Ата алмады қарсы алдына
Тағдыр айдап алып келген тағыны.
Тарттырармын кейін өзім сазайын.
Құралай: Тұнжыраған қара бұлт
Сейілмеген сияқты,
Сейілген де сияқты.
Қалжырап та қалғам ба?
Батыр Баян: Қалжырасаң тыным ал.
(Кетуге ыңғайланады)
Оралармын ел орынға отыра.
Құралай: Бар ма еді бір шаруаңыз?
Батыр Баян: Ел ішіне жеткен соң,
Айтам деп ең бір тілек.
Кезінеген сол сырыңды
Сыңайың жоқ естіртер.
Күн оздырып қайтеміз?
Ақшам түсе оралам, –
Ақтар маған барыңды.
Келер күннің еншісіне
Қалдыратын жайым жоқ.
Жай болар еді, тағат жоқ.

Құралай: Тағатсыз күткен тілекті,
Сағатында атқаратын болсаңыз.
Мен несіне іркейін;
Оралыңыз ел орынға отыра.
Батыр Баян: Антты бұзу, сірә да,
Біздің қолдан келмейді.
(Батыр Баян кетеді)
Құралай: Тостағанда толған мынау,
Тіл үйірген бал қымыз,
Қазақ емес, қалмақтың да
Жерік асы емес пе ең?
Сары даланың тағысымен жарысып,
Айдын көлдің қамысымен сырласып,
Құба жонда құтырған, ей, ерке жел,
Кезбеп пе едің асыр сап,
Қазақ емес, қалмақтың да даласын?
Маған қарап ұзақ түндер
Кірпік қақпай қадалған,
Толықсыған аспандағы Ай,
Көкірегін көкке сауып,
Соры қалың байғұс анам,
Тілеуімді сенен тілеп
Тұрған жоқ па тап қазір?..
Мен тұтқыны
Елім шапқан батырдың,
Ол тұтқыны
Қырыс қабақ тағдырдың;
Екі мұңлық егіз үнмен боздаған,
Аспандағы Ай,
Толқытпай ма жаныңды?!
Тілім-тілім жүрегімнің
Кім табады дауасын?
Тілегіңді ақтар дейді Ер Баян, –
Бостандықтан басқа қандай
Тілек болсын тұтқында?!
Өлмей бірақ бұл тілекті берер ме?..
Жоқ! Мен одан қолқалаймын қиылып,
Ауыздықпен алысқан,
Ұшқан құспен жарысқан,
Жүйрік жетпес қазақта

Көк тұлпарың мінейін деп,
Бір қызығын көрейін деп,
Келер жолғы сейілде.
Содан кейін бір амалын қылайын,
Аттың басын туған жерге бұрайын.
Мекеніне құс екеш құс
Оралмай ма жол тауып, –
Адаспаспын мен-дағы.
Көкжал Баян, қаларсың-ау шаң қауып.
Арсыдағы тәңірден де
Жақын тұттым сені жанға.
Аспандағы Ай мұңлық,
Көз жасымды көр менің,
Көк тұлпарға тақымымды тигізсең,
Тілегімді бергенің...
Тілегімді бергенің...

Құралай сөзінің соңына таман Ноян кіреді. Үнсіз тыңдап тұрады. Құралай сыртынан қадалған бөгде көздің барын сезіп, жалт қарайды.

Ноян: Қиылма да, тілеме,
Көкем саған бәрібір
Көк тұлпарын бермейді.
Құралай: Сен кім едің,
Тыңшысы ме ең Баянның?
Ноян: Ондайым жоқ, Баянның
Жан теңгермес інісімін – Ноянмын.
Құралай: Ноян?..
Ноян: Иә, Ноян.
Шын атым Қыстаубай.
Көкем мені ұйқастырып өзіне
Еркелетеді Ноян деп.
Мен Баянның ағасы
Сары Батырдың ұлымын.
Құралай: Ер Баянның жан теңгермес інісі,
Неге жүрсің кештетіп?
Бөтен сөзге неге құлақ түресің?
Ноян: Түрген жоқпын,
Құлағыма өзі келіп шалынды ғой сөздерің.

Сусылдаған қанатындай перінің,
Көк тұлпар ма көңіліңнің жерігі?
Құралай: Болса ше?
Қиялдауға арзымайтын ат па еді?
Ноян: Қиялдай бер.
Қиял адам еншісі ғой
Жақын еткен жырақты.
Айтсам бірақ:
Сен түгілі, мен де мініп көргем жоқ
Көк тұлпардай пырақты.
Құралай: Бар айтпағың осы ма?
Ноян: Бұл емес еді айтпағым;
Бүгінгі күн танытар
Ептілік пен мергендік
Саған қылар құрмет деп,
Тапсырып еді Баян көкем біздерге.
Мен манағы бір киікке
Ажал оғын байламай,
Һәммәтсіз ер көріндім
Өзіңе де өзгеге.
Құралай. Ақталғалы келіп пе ең?
Датың болса көкеңе айт.
Мен емес, сол күйінген,
Тартқызам деп жазаңды.
Ноян: «Тартқызам деп жазаңды?..»
Иә, иә... жаңа ғана кездестім;
«Ай, ақымақ! Өй, аңғал!» деп келді де,
Қысып тұрып маңдайымнан бір сүйді.
Маған қылар қаталдығы көкемнің
Бұдан ары бармайды.
Құралай: Киікті неге атпадың?
Ноян: Сауалың жөн.
Менің-дағы осы еді айтпағым.
Қоянқолтық тұстан шығып
Жақын тұрды жануар.
Міне, былай,
(Құралайды иығынан ұстап өзіне қаратады)
Қарсы беріп маңдайын.
Қарап едім көзіне,
Үйірілген жас көрдім.

Перизаттай мөлдіреп,
Елестеді сен болып.
Екі қарым әлсіреп,
Көтертпеді садақты.
Жан баласы мұнша сұлу болар ма,
Өзге түгіл, өзіңе де қимайсың.
Құралай: Елестей ме мен болып?
Содан кейін?.. Айта түс.
Ноян: Айтар сөзім көп еді,
Ай ұшқыр да, тіл – шабан.
Ақтармасқа дәрмен жоқ,
Ақтарарға үміт жоқ.
Зауалым бар, дауам жоқ.
Жүйрік жетпес жоқты қуған
Есалаңның халі менің кешкенім.
Құралай: Шер ақтарып дертіңді айтар,
Таппадың ба менен басқа еш адам?
Ноян: Сен болған соң тапқаным
Азырқанып тұрғам жоқ.
Құралай: Сезем... сезем... сеземін де сескенем,
Мен сорлыда еш жәрдемге дәрмен жоқ.
Күйген өзек күл боп кетсін демесең,
От лақтырма тіліңмен.
Ноян: Ішім – көрік, аузымды ашсам,
Атылады тек ұшқын.
Мен қайтейін, сен көнбесең,
Арсыға ұшып кетуге,
Талақ етіп жер үстін.
Құралай: Лапылдама!
Балалықты қой, бала.
Ноян: Балалық алыс,
Алыста және ағалық.
Жүрген бір жан ем,
Қиялдан тәтті бал алып.
Жүрегім менің соғатын бұзбай қалыбын,
Тамырларымда жататын жаймен қан ағып.
Санамда менің...
Жататын жаймен ой ағып.
Тым-тырыс қана жүруші ем,
Ойды сая қып.

Ойға бір шомып,
Қалғыған орман секілді ем
Көрдім де сені,
Кеттім мен оқыс оянып.
Құралай: Айтпа, Ноян, арғысын.
Сиқыр тұман жайлап алып санамды,
Жүрегімді жалын кернеп барады.
Қорқам, қорқам тыңдауға.
Ноян: Азатпын мен үрейден,
Торғай емен тордағы.
Азан да қазан
Шулайды көңіл орманы.
Ашпас ем сырды,
Айтпас ем жырды осынау, –
Жарылып кеткір жүрегім тулап болмады.
Барамын жанып,
Өртіме дертің құйылып.
Жүрмін мен қазір
Тәңірге ғана сиынып.
Күтеді сенің алақаныңның жылуын,
Жүректе жатқан жетім махаббат бұйығып.
Құралай: Қорқам, қорқам тыңдауға.

Ноянның еріндерін саусағымен басады. Ноян Құралайдың білегінен ұстап өзіне тартады. Екеуі құшақтасады.

Ноян: Жұғысып тән ұштастырсын,
Ұғысар жан арманын.

Екеуі сүйіседі. Осы кезде қатты шапқан ат тұяғының дүбір естіледі. Бұлар елеңдесіп қалады.

Құралай: Кім болды екен?
Ноян: Мынау Жанғабыл көкем ғой. Абылайдың ордасына кетіп еді.
Суыт екен жүрісі,
Жақсы болғай хабары.
Құралай: Барып білші, маған айтшы,
Қандай хабар болса да.
(Ноян Құралайды қайырылып бір сүйеді де, шығып кетеді)

Соқты, кетті...
Құйын ба еді, япырмау?!
Бұл не тасқын
Бойымды алып баратқан?..
Бұрын-соңды кешпеген бір
Халге түстім. Жаратқан,
Өзің жебе,
Мендей мұңлық пендені.
Сары дала үнсіз-тілсіз безерген,
Әнге толып, күйге толып кеткендей.
Жүргендеймін ештеңеге налымай,
Ешкімге де кектенбей.
Қолқамды езген шерім қайда,
Сағынышым қайда менің,
Туған жер деп жүрегімді сыздатқан?
Туған жерге жаһанда жер жете ме?!
Дегенмен де тұтқын-тұрақ бұл дала,
Ноян туғаны үшін бе,
Болып барады етене... *(Жылайды)*
Көзімді ашқан тас-түнектен
Бір саңылау – махаббат;
Бұрдым соған бетімді.
(Батыр Баянның үйі. Баян, Нұрсұлу, Жанғабыл мен Ноян)
Жанғабыл: Бүтін бір ел жылқысынан айырылу –
Бір түмен қол жаяу қалды деген сөз.
Соны ұқсын деп, Абылай
Сан мәртебе өтінді.
Батыр Баян: Кеше ғана шаппап па едім қалмақты?
Қайта-қайта несіне жұмсай береді Абылай,
Таппады ма басқа адам?
Нұрсұлу: Бұрын жау боп шауып келсең,
Бұл жолы күйеушілеп барасың.
Қалыңмалыңды ала бар.
Батыр Баян: Қатын ұғар шаруа емес,
Жайыңа тұр, жарқыным.
Жанғабыл: Халал жүкті жарыңа
Жасай берме қиянат.

(Аяқталмаған)

Лаша Табукашвили

АРМАНЫМНЫҢ АҚ ҚҰСЫ

(Екі бөлімді пьеса)

Қатысушылар:
Резо Мхеидзе – филология факультетінің студенті
Нинико – архитектура факультетінің студенті
Еленэ – Резоның әжесі
Бадри, Гела – студенттер, Резоның достары
Лена, Кирилэ – Резоның көршілері
Мама – елес

Бірінші бөлім

Таңғы мезгіл. Бөлмеде стол, телефон, орындықтар, тахта тұр. Тумбочкада магнитафон, іргеде стеоколонкалар. Терезеден жаңа күннің шапағы – көгілдір сәуле төгіледі.

Тахта үстінде жастыққа бетін көміп Резо ұйықтап жатыр. Тыныштықты оқыс шыр еткен телефон үні бұзады. Резо мән бермейді. Аз сәтке телефонның үні өшеді, тағы шырылдайды. Резо жастығын лақтырады, аппарат бірнеше бөлініп жерге құлайды. Тыныштық. Резо түрегеп отырады, телефон сынықтарына ұйқылы көзбен маужырай қарайды, ақсаңдай басып келеді де, еденге тізе бүгеді.

Резо *(өзін өзі сабалап)*: Міне, саған, міне саған... *(Тағы сабайды)* Дұрыс болмады... *(Телефон сынықтарына)* Сен де таң атпай қыңқылдама! *(Аппаратты құрастырады. Тыңдаса, ұн жоқ. Бірер бөлшектерін ауыстырып салады, бірақ, ұн жоқ)* Өкпелеп қалдың ба?! *(Аппаратты сілкілеп ап тыңдайды)* Өкпелей бер, сайтан алғыр, саған жылайын деп тұрған мен жоқ. *(Аппаратты орнына қояды да, тахтасына құлай кетеді).*

Телефон тағы шырылдайды.

(Бір-ақ қарғып, телефонға жетеді) Иә! Қайдағы Луиза? Жігітім, менде Луиза жоқ! *(Трубканы орнына қояды. Іле-шала*

тағы шырылдайды) Иә! Әй, шырағым, мен Луизаның кім екенін білмесем, оның қайда тұратынын қайдан білем? Неге білуім керек?

Еленэ: Қылжақтанба, жолдас немере. Одан да мархабат қылыңыз, компресіңізді ауыстырайын.

Резо: Қойыңызшы, сударынья. Қайырымдылық қылыңыз. Әйтпесе мен аяғымдағыны ағытып аламын да, терезеден лақтырып жіберем. *(Киіне бастайды).*

Еленэ: Қалай жүдегенсің, балапаным сол. *(Күрсінеді)* Жарайды, жақсы, мен кетейін.

Резо: Жауын ғой! Қайда барасың?

Еленэ: Шіркеуге.

Резо: Неге?

Еленэ: Сенің әкең мен шешеңе шырақ жағам.

Резо *(абдырап)*: Жарайды онда... Мен саған бірдеңе айтайын деп тұр ем... Иә! Кеше төмендегі тігінші Лена шатақ шығарды, біздің үйден соларға су тамшылайтын көрінеді. Сен болмадың, мен оны әзер-әзер...

Еленэ: Соңғы кезде маған бірдеңе көрініп жүр. Тегі кетерде кранды жабуды ұмытып кеткем ғой.

Резо: Меніңше, оған бірдеңе көрінген, әйтпесе біздің еден құрғақ болды ғой.

Еленэ: Ол үйдің төбесі қалай екен? Сен барып көрмедің бе?

Резо: Әжетай, мен беттей алмаймын. Осы бір Лена деген әзәзілге жолағым келмейді.

Еленэ: Сен онымен ұрсыспа. Ешкіммен де ұрсыспа. Елдің бәрімен тату болу керек. Саған не әкелейін?

Резо: Темекі.

Еленэ: Басқа не әкелейін?

Резо: Басқасы түгел. Жрать охота!

Еленэ: Сен тамақ ішем дедің бе?

Резо: Дұрыс түсіндің.

Еленэ: Тамағың столда тұр. Мен кеттім, ақылды бол. *(Кетеді).*

Резо: Міндетті түрде ақылды болам. *(Магнитафон жүргізеді).*

Қоңырау шырылдайды. Резо есікке беттейді. Қолаң шашты сұлу бір қызды ертіп қайта кіреді.

Нинико: Кешіріңіз...

Резо: Оқасы жоқ, төрлетіңіз.

Нинико: Рахмет, а... құрметті Еленэ үйде ме?

Резо: Құрметті Еленэ үйде жоқ. Кетіп қалған, құрметтім.

Нинико: Қап, қиын болды-ау!

Резо: Неге? Біз оны күте тұрамыз.

Нинико: Жоқ, менде уақыт жоқ, одан да кейінірек келермін.

Резо: Кетуге болмайды! Құрметтіңіз бірер минутта келу керек, мүмкін тіпті ерте келер.

Нинико: Рас па?

Резо: Өтірік.

Нинико *(әуелі сәл күмәндана Резоға, содан соң сағатына қарайды)*: Онда біраз күтейін.

Резо: Рұқсат етіңіз. *(Плащын шешіп алады).*

Нинико: Рахмет.

Резо: Далада жауын. Ылғал, дымқыл. Суда қалыпсың.

Нинико: Жаңбыр күтпеген жерден жауды. Әуелі күн жарқырап тұрды, сосын...

Резо: Өмір! Күз!

Нинико: Иә, күз.

Резо *(жеміс-жидек алып келеді)*: Табиғаттың мол сыйынан дәм татыңыз.

Нинико: Тек әуре болмаңыз.

Резо: Жоқ, мен әуре болам. Ауыз тиіңіз.

Нинико: Рахмет, менің түк жегім кеп тұрған жоқ.

Резо: Қалжыңдайсыз. Көріп тұрмын, жегіңіз кеп барады. Алма алыңыз. Қызға ұқсап майыспаңыз, алыңыз.

Нинико *(қызарып кетеді, алма алып)*: Рахмет.

Резо: Ас болсын.

Пауза

Резо: Қалай, тәтті ме?

Нинико: Мм... Сіз ол кісінің тез келетініне сенесіз бе?

Резо: Сенем. Резо!

Нинико: Не дейсіз?

Резо: Мен дегем жоқ, айттым. Менің атым Резо, оны демейді, тек құрметпен қастерлеп айтады.

Нинико: А... Нинико.

Резо: Өте жақсы!

Пауза

Резо: Мен сізді бір жерде көрдім. Дегенмен... *(Қызға тесіле қарап)* Қой, сау кісінің тамағын ішіп, жынды кісінің сөзін айтпайық. Оқисыз ба?

Нинико: Иә.

Резо: Қайда?

Нинико: Не?

Резо: Оқығаныңыз дұрыс. Бірігіп, жарқын болашағымызды орнатамыз. Қайда оқисыз?

Нинико: Архитектура факультетінде.

Резо: Тамаша мамандық. Кіл беске оқитын болуыңыз керек.

Нинико *(күледі)*: Бәрі бес емес.

Резо: Нашар. Неге? Қайда тұрасыз? Институтыңыздан алыс па? Жақын ба? Тезірек!

Нинико: Вакада тұрам.

Резо: Солай ма?! Телефоныңыздың нөмірі жиырма екіден басталады ғой. Әлі есімде, онда менің бір досым тұрып еді.

Нинико: Қалайша тұрып еді? Оған бірдеңе...

Резо *(көзін тайдырып әкетеді)*: Иә, ерте ме, кеш пе, бәрі кетеді, үйленеді. Ар жағы қалай?

Нинико: Ненің ар жағы?

Резо: Телефон нөміріңіздің.

Нинико *(сағатына қарайды)*: Мен бұдан артық күте алмаймын.

Резо: Әжем қазір бірер минутта келеді. Мүмкін, тіпті ерте келер.

Нинико: Қандай әже?

Резо: Кәдімгідей. Мынандай. *(Қандай әжей екенін көрсетеді.)* Бір есептен менің әжем... құрметті адам.

Нинико: Сіздің әжеңіз бе?

Резо: Басынан бастап түсіндірейін. Менің әжем бар. Ол құрметті адам. Қазір келеді.

Нинико: Ол кісі қанша жаста? Маған қырықтан асқан жоқ деп еді.

Резо *(күледі)*: Шатасқан жұрт-ай! Айтарға сөз таппайсың! Әжем қырыққа жетпесе, мен нешеде болғаным?

Нинико: Жиырма екіде.

Резо: Жиырма екі айлықпын ба?

Нинико *(күледі)*: Жоқ, о не дегеніңіз, жиырма екі жастасыз. Дұрыс па?

Резо: Жиырма бірдемін. Мен, әжем емес... Ол жақында жетпіске толады.

Нинико: Ғажап.

Резо: Сіз солай ойлайсыз ба?

Нинико: Тіпті ғажап.

Резо: Жаңбыр, сосын сіз – бұл ғажап... Мен, сіз, жаңбыр... Біз және жаңбыр... Расында да солай екен-ау: сіз жаңбырдан келдіңіз.

Нинико *(Резоға таңдана қарайды)*: Онда тұрған не бар?

Резо: Сондай ырым бар. Егер саған бейтаныс адам жаңбырлатып келсе, онда бірдеңе болады.

Нинико: Сіз ырымға сенесіз бе?

Резо: Мен жаңбырға сенем.

Пауза

Нинико *(ұялыңқырап)*: А... Сіз қайда?

Резо: Не?

Нинико: Оқисыз ба?

Резо: Мен әжемнің ісін жалғастырып жүрмін.

Нинико: Сіз де тігіншісіз бе?

Резо: Тігінші?

Нинико: Сіз тігінші емессіз бе?

Резо: Ешқандай... Ешқандай да тігінші емеспін. Біздің филфакта іс тігуді үйретпейді. Біз тікпейміз, ол мүлде басқа шаруа.

Нинико: Филфакта дейсіз... Әжеңіз ше?

Резо: Әжем кейде тігеді. Ол да филолог. Және мықты маман.

Нинико: Түсінікті. Мен қателесіп басқа үйге кірдім-ау деймін.

Резо: Қателескен жоқсыз. Тігінші Лена астыңғы үйде тұрады, рас, қателескен жоқсыз. Құтты қадам бастыңыз! Жаңбыр атымен ант етемін!

Нинико: Кешіріңіз, мен... бөгет жасадым-ау... мен қазір кетем... сабағым бар...

Резо: Қалайша? Қайда барасыз? Асықпаңыз *(Жолды бөгейді)*.

Нинико: Сіз сылтып басасыз ба?

Резо: Иә, ақсап жүрмін. Кеше минаға түстім. Неге күдіктенесіз? Сенбейсіз бе? Мен батырға ұқсамаймын ба?

Нинико *(жымияды)*: Жоқ, неге...

Резо: Кәдімгідей батырмын... Оқиға былай болды... Күн керемет боп тұрды. Иесіз үйдің жанында балалар ойнап жүрді. Бір бұрымды қыз мина тауып алыпты. Ойыншық деп ойласа керек. Аңқау қыз ғой. Сол арада мен тап бола кеттім. Жиырма бір жасар келбетті комсомолмын. Табиғатты тамашалап, әдеттегідей көңілді жүріспен басып келе жатқам. Кенет менің қырағы көзіме жаңағы қыз шалынды. Сосын бұрымы, сосын мина. Шапшаңдығыма көз ілеспейді. Қыз бұрымы бір желп етіп үлгергенше, мен оның шарасыз қолындағы ажал оғын жұлып алдым да, шұңқырға тастап, аяғыммен баса қойдым. Мына аяқпен. Трам-тарарам, сөйтіп, мен сатыдан құладым. *(Нинико алақанын шапалақтап күледі.)* Тағы бір жағдай болған. Мен латын тілінен зачет алуға Георгий Ивановичке бардым. Есікті әйелі ашты, ашты да мені мақтап ала жөнелді, балконға қарай бастап ала жөнелді. Мен тырп етпей екі сағат отын кестім. Осынша мақтап жатыр, яғни кесу керек. Бітірген соң маған бес сом берді. Шалқамнан түстім, одан да зачет қойсын, бес сомыңды келесі жолы алам дедім. Сол кезде корифейдің өзі кіріп келді. Сасқаны сонша, зачетті заматында қойып берді, оның үстіне ақшаңды ал деп жалынды. Лайза Минеллиді тыңдайсыз ба? «Нью-Йорк, Нью-Йорк» дейтін жаңа мюзикл.

Нинико: Сіз өте көңілді жігітсіз, рахмет. Маған институтқа бару керек.

Резо: Бос сөз!

Нинико: Рас, мен асығып тұрмын.

Резо: Өкініштi! *(Плащын киізеді.)* Маған да сізбен көңілді, сіз сондай... жаңбыр, сіз, қайдан, қалай! *(Сүйеді)* Болды, сөздің керегі жоқ. Мен қатты толқып тұрмын. Қайтіп қана батылым барды? Жоқ, мен өзімді өзім жазалауым керек. *(Тағы сүйеді)* Сіз де ұялмайсыз ба? Қайтіп, ә? Тек-тек, тек жылауға болмайды, бұзылып кетесіз. Маған қараңызшы, мен жылап тұрғам жоқ қой.

Нинико: Сіз...сіз...

Резо: Иә, сіз менің қолымды артыма қайырып тұрып, зорлап сүйдіңіз. Бірақ мен жыламаймын!

Нинико: Мен сізді сүйдім бе?

Резо: Жоқ, мен өзімді өзім сүйдім.

Нинико сумкасын алады да, жүгіріп кетеді.

(Ақсаңдап артынан жүгіреді) Мен сізді шығарып салам. *(Тоқтайды)* Аяулым, мен қайда барам, шойнаңдап жүріп?..

Телефон шырылдайды.

Иә! Тыңдап тұрмын! Луиза ваннаға түсіп жатыр.

Екінші көрініс

Авансахна. Нинико көйлек өлшеп жатыр. Тігінші Лена да сол іспен айналысып жүр. Тігіншінің күйеуі мұртты, сұсты еркек Кирилэ әлденені іздеп жүр.

Лена: Тек сіз білмейсіз ғой... *(жіпті тістейді)* Жұмыс бастан асады, сондай шаршаймын. *(Күйеуіне)* Сен бұ жерде неменеге түртінектеп жүрсің?

Кирилэ: Газет іздеп жүрмін.

Лена: Бұл жерде жоқ.

Кирилэ: Сонда қайда кетіпті?

Лена: Білмеймін, басқа жерден изде, көріп тұрсың ғой... *(Ниникоға)* Сізді Виола жіберген екен, сол үшін ғана қабылдап тұрмын!

Нинико: Рахмет!

Лена: Ах, Виола, Виола... *(Күрсінеді)* Сіз осынша сұлу болмасаңыз, мен Виоланы да тыңдамас ем! *(Жоғарыдан музыка естіледі)* Жасаған-ай, тағы да бастады ма мына қояншық...

Нинико: Қояншық дейсіз бе?

Лена *(жоғары нұсқап)*: Күні-түні таусылмайтын бір қонақ, әбден ығыр қылды! Ылғи бір азан-қазан! Хулиган! Әбден бұзылған. Тәрбиеге көнбейді. Тірі пендені тыңдағысы жоқ.

Кирилэ: Қой, ақыл-есі дұрыс жігіт, сен не түсінесің?

Лена: Есі дұрыс емес деп кім айтты?

Кирилэ: Тіпті білмеймін неге жазғырып тұрғаныңды.

Лена: Сен неменеге айналшықтап жүрсің?

Кирилэ: Газет іздеп жүрмін, ренжіме. Мен ренжімейім.

Лена: Мен саған типография емеспін, тігіншімін!

Кирилэ *(күңкілдеп)*: Сен типография емессің, сен самауыр емессің, сен ТУ-154 емессің, сонда сен кімсің?

Лена: Мен сенің әйеліңмін. Жоғал, әрі.

Кирилэ: Күйеуіңе қалай-қалай сөйлейсің?

Есік қоңырауы қағылады. Кирилэ ашады, Резо кіреді.

Резо: Сәлемет пе? Қай жерден ағып тұр?

Кирилэ *(көрсетеді)*: Мына жерден, мына жерден, сосын... бүкіл жерден.

Лена: Мен өтірік айтты деп пе ең?

Резо: Ертеңнен қалдырмай бір тірі маляр ертіп келем! *(Қуана, таңдана)* Ба, Нинико! Қайдан жүрсің? Қанша апта, қанша жыл сені көрмегелі! Қайда құрып кеттің?! Іздемеген жерім жоқ!

Нинико *(абдырап)*: Мен... мен...

Лена: Ертең оны қайдан аласың? Маляр табу оңай жұмыс деп пе едің?

Резо: Жоқ, ертең болмайды! Төбелеріңіз кебу керек. Сосын өзім сырлап берем.

Лена: Сенің сырлағаның жетер, шырағым! Қымбатқа түсіп жүрер!

Кирилэ: Ол қай уақытта кебеді, понимаешь...

Резо: Әйтеуір бір кебер. Сіз бен бізге кебу қиын, үйдің төбесі біз емес қой.

Лена: Құдайға шүкір, Кирилэ сендей есерсоқпен ішпейді.

Резо: Әзіл ғой, Нинико, таңданба. Жақсы кісілер. Қалжыңқой. Әзілге әзілмен жауап береді.

Нинико: Мен кетейін, сау болыңыз... Енді қашан келейін?

Лена: Ертең кел. Жоқ, бүрсігүні. Немесе... Босқа әуре болмас үшін телефон нөміріңді қалдырып кет, өзім хабарлармын.

Нинико: Жиырма екі... *(Резоға қарап)* отыз бес, қырық үш.

Лена: Тоқтай тұр, жазып алайын *(Жазады)*.

Нинико: Сау болыңыз!

Лена: Өзім телефон соғармын.

Резо: Қапаланбаңыз, мен шығарып салам да, қайтып келем.

Нинико: Бірақ мен...

Резо: Сау болыңыз, Кирилл Петрович! *(Нинико екеуі шығып кетеді).*

Кирилэ *(сәл қызғанышпен)*: Қарай гөр мұны...

Лена: Сен осы арада неменеге айналшықтап жүрсің?

Кирилэ: *(оқыс ашуланып)*: Ренжіме, газет іздеп жүрмін! *(Кетеді).*

Үшінші көрініс

Резоның бөлмесі. Резо, Нинико, Бадри және Гела отыр. Резо көңілді бір ғашықтық әнді шырқап отыр.

Бадри *(шарап толы стаканын көтеріп)*: Нинико, сен үшін! Танысқанымызға екі-ақ ай, бар өмірді бірге сүргендей ғашықпыз! Енді сен біздің қарындасымызсың!

Нинико: Рахмет, Бадри.

Гела: Мен де қосылам! Бұл баланың сөйлей білетіні бар!

Нинико Резоға бейкүнә көзбен сүйсіне қарайды.

Бадри *(терезеге кеп)*: Қар жауып тұр!

Гела: Иә... ә... Жапалақтап жауып жатыр.

Резо: Қысты жаным жек көреді. Аюлар сияқты үңгіріме кіріп ап, қыс бойы бақайымды сорғылап жатып ұйықтар ма ем.

Бадри: Есіме салады аппақ білегіңді,
Сондықтан сүйем қысты, біл онымды.
Қағып ал, аяулым, мен қар лақтырам,
Қарға орап жіберемін жүрегімді.

Ішінде өзің қағып алған қардың,
Жүрегім – бесігі аппақ армандардың.
Өлгенде топырағына сіңіп кетер,
Мен де бір туған жерге жауған қармын!

Гела: Қар ма, жаңбыр ма – маған бәрібір! Тек шарап болса болғаны.

Резо: Алты ай қыс аюларға ұқсап ұйықтаса ғой!

Гела: Нинико, бізге бір ән сап берші!

Нинико ән салады, Резо гитарамен сүйемелдеп отырады. Еленэ әжей кіреді. Тыңдап тұрады. Келіп Ниниконы сүйеді.

Бадри: Келіңіз, әже! Отырыңыз!

Еленэ: Жоқ, жоқ, мен тек ән тыңдауға келдім. *(Кетуге оқталады, бірақ Резо жібермейді)* Ақымақ... *(Күледі).*

Резо: Тұрыңдар! *(Бәрі тұрады)* Сарбаздар, мына тосты асқан сұлу Еленэ Алексеевнаның құрметі үшін көтереміз.

Еленэ: Резо, енді ішпе!

Резо: Жарайды. *(Ішеді).*

Бадри *(қолынан сүйіп)*: Сіз үшін, Еленэ әжей. Немере-шөберелеріңіздің қызығын көріңіз.

Еленэ: Не айтып тұрсың, Бадри?

Гела: Ешқандай қарсылық болмасын! *(Ішеді).*

Еленэ: Ай, балалар-ай! *(Күліп кетеді).*

Резо *(көзін сығырайта қарап)*: Басқа планетадан келген үшқыш тарелканы көргің келе ме? *(Тарелканы лақтырады, Бадри әрең қағып алады)* Жұмбақ!

Бадри: Слушай, бірдей-ақ іштік қой!

Гела: Өз басым оларды бірнеше рет көрдім!

Бадри: Қай жерде көріп жүрсің?

Гела: Есімде жоқ. Әйтеуір көрдім.

Бадри: Слушай, бірдей-ақ іштік қой.

Нинико: Бадри, өзің көрмей, көрдім деген кісіні несіне жазғырасың?

Бадри: Мен жазғырып тұрғам жоқ. Гелаға кінә тағу – жалпақ Тбилисиге кінә таққанмен бірдей ғой.

Нинико: Жұрт тек аяғының астына ғана қарамай, бір мезгіл көкке көзін салар болса, жақсы емес пе?

Резо: Солардың өзі қайырымды ма екен, қатыгез бе екен?

Гела: Кімді айтасың?

Резо: Тарелкадағы жігіттер.

Бадри: Тегі жақсы жігіттер шығар.

Гела: Оны тексеру керек. Әрине, егер грузиндер мен қазақтарды бөлмей-жармай жақсы көрсе, менің қарсылығым жоқ.

Резо: Құрметтейді, әсіресе, астанадағыларды.

Телефон шырылдайды.

Бадри *(трубканы алып)*: Тыңдап тұрмын... Луиза? *(Резоға қарайды).*

Резо: Ой, сорлы-ай!

Бадри: Сіз қателесіпсіз, құрметтім. *(Трубканы қояды).*

Еленэ *(есікке келіп)*: Картоп қазір піседі. *(Кетеді).*

Нинико бос бөтелкелерді алып шығып кетеді.
Телефон шырылдайды.

Резо *(телефонға кеп)*: Луиза жоқ! Нелли апай ма? Иә, Бадри үйде. Жақсы отыр. Өте жақсы отыр. Жарайды, айтайын. *(Трубканы қояды).*

Бадри: Қашан қояр екен осынысын?! Әбден мезі болдым.

Гела: Қыңқылдамасайшы.

Бадри: Мен немене, бес жасар баламын ба?

Гела: Жиырма бірдегі жігіт бес жасар баладан да қиын!

Резо: Ал, мен саған қызығам.

Бадри: Несіне қызығасың? Мен де бір, шідерлеулі ат та бір. Қайда барсам да құтылар күнім жоқ.

Резо: Аналар ғажайып халық.

Бадри: Керемет!

Резо: Былтыр Важа екеуміз төбелес үшін милицияға түскенімізді білесіңдер ғой. Сонда тұп-тура жиырма төрт минуттан кейін Важаның мамасы кіріп келді. Келді де: «Нәрестемді көргім келіп тұр» деді. Бір ғажабы, біздің милицияға түскенімізді ешкім хабарлаған жоқ. Хабарлап үлгермес те еді. Қалай білгеніне таңым бар.

Гела: Соның бәрі ұшқыш тарелкалардың салдарынан.

Резо: Тарелка, сөзді бөлме. Содан Важаны кезекшінің бөлмесіне алып келді. Бойы екі метр сырықтай жігітті көрген кезде, майор столының астына кіріп кетті де: «Нәрестеңіздің сиқы мынау ма? Мұныңыз нағыз жираф қой, гиппопотам ғой! Алып кетіңіз, бұны жатқызатын бізде төсек те жоқ» деп шыңғырып жіберді.

Гела: Босатты ма?

Резо *(күліп)*: Қайдағы босатқан! Важа менсіз шықпаймын деді.

Гела: Майор не істеді?

Резо: Әуелі бозарып кетті, сосын қызарып кетті, сосын жапжасыл боп кетті, сосын мына сырықты камераға қамаңдар да, протокол толтырыңдар деп бұйрық берді. Сосын Важаның мамасына: «Азаматша, сіздің балаңыз дүлей! Отырғызуға мені еріксіз мәжбүр етті!» деп айғай салды.

Гела: Мамасы не деді?

Резо: Мамасы: «Менің балам дүлей емес, жолдасын қиыншылықта тастамаған нағыз жігіт» деді.

Гела: Майор ше?

Резо: «Пышақ пен пистолеттен де қорықпаймын! Ал баласын сүйген аналардан қатты қорқам! Екеуін де босату керек!» деді.

Бадри: Өзі майор боп, өзі әзіл айта білсе, тамаша ғой.

Гела: Иә... Майор дәрежесіне дейін көтеріле тұра әзілдей білу деген...

Резо: Достар, егер біз күндерде бір күн бір-бірімізді ұмытатын болсақ, не сататын болсақ, ажалымыз склероз бен шиқаннан болсын!

Бадри: Иә, ондай жағдай бола қалса, мүгедек боп кетейін!

Гела: Ғибратты сөздер!

Бәрі ішеді. Буы бұрқыраған таба көтеріп Нинико кіреді.

Нинико: Жігіттер, тамақ ішіп алыңдар, ал мен қайтам.

Резо: Қайда асықтың?

Нинико: Папам күтіп қалады.

Резо: Тағы біраз отыра тұрсайшы.

Нинико: Рас айтам, уақытым жоқ... Келем деп уәде бергем...

Резо: Уәде берсең... жарайды... *(Ниниконы киіндіреді).*

Нинико бәрімен қоштасып шығады.
Авансахнада Резо мен Нинико.

Нинико: Сен бара бер, тоңып қаласың!

Резо: Ештеңе етпейді.

Ағылып жатқан машиналардың гүрілі естіледі.

(Қол көтереді, ешқайсысы тоқтамайды) Ертең кел, әжем күні бойы үйде болмайды. Шеф! Сәйгел тигендей жосылтуларын! Сонымен мен үйде жалғыз болам. Кел!

Нинико: Білмеймін...

Резо: Білесің, келесің.

Нинико: Білмеймін, Резо...

Резо: Неге? Мен сені сүйем! *(Қатты ысқырып жібереді)* Тоқтамайды, жексұрын! Қарай гөр, менің бір сомымды ешкім алғысы келмейді!

Нинико: Резо, сен массың.

Резо: Қойшы!

Нинико: Үйге бар, тоңасың.

Резо: Сен ертең келуге тиістісің. Міндетті түрде, Нинико, ұқтың ба?

Нинико: Білмеймін...

Резо: Сонда кім біледі? Кім? Білмеймін дейсің, бұдан арыға мен шыдай алмаймын! Екінің бірі! Ертең немесе ешқашан да! Мені өзіңе телміртіп қойғаныңа екі ай болды!

Нинико: Құдай үшін, сөйлемеші!

Резо: Сөйлеймін, өйткені саған ғашықпын. Бұндай кезде сөйлемеу қолымнан келмейді... Неге жыладың? Жылама! Әжем үйде жоқта келсең, жыламайтын боласың.

Нинико: Резо, айналайын, менімен бұлай сөйлеспеші.

Резо: Неге? Сенің жасыңда Жанна д'Арк талай соғыста жеңіп шыққан! Ал сен әжем жоқта үйге келуге қорқасың... *(Тоқтаған машинаның үні)* Ал, бар! Қажеті жоқ!

Нинико: Мені сүйесің бе?

Резо: Ынтықпын!

Нинико: Келемін! *(Жүгіріп кетеді).*

Резо достарына келеді.

Бадри: Шығарып салдың ба? *(Резо өзін өзі ұмытқан, бөлмеде кезіп жүреді)* Ау, тамыр! Ку-ку?

Резо *(есін жияды)*: Не дейсің?

Гела: Мәңгірме дейді. *(Резо үлкен текшеге шарап құяды)* Мүйізбен ішкің келмей ме?

Бадри: Бұның төрт аяқтап көше кезіп кеткісі келіп тұр.

Резо: Ғажайып бір жұмбақ халім үшін ішкім кеп тұр. Ол халдің не деп аталатынын Құдай ғана біледі.

Бадри: Оның аты – махаббат.

Гела: Резо Мхеидзе ғашық болар деп кім ойлаған!

Резо магнитафонын қосады да, қиялындағы ғашығын еппен қолтықтап ап, баяу қалқып билеп кетеді.

Бадри: Нинико үшін ішейікші!

Гела: Махаббат үшін, Нинико үшін!

Резо: Жо-жоқ, мәртебелі сарбаздар. Нинико керемет сүйкімді қыз. Бірақ, мен бір бейтаныс идеалым үшін ішемін! Түбінде бір кездесер, адасып жүрген арманымның ақ құсы...

Бадри: Шіркін-ай, сүйген қызым Никикодай болса ғой!

Гела: Басын айналдырып ап...

Бадри: О, бейшара Нинико.

Резо: Қойыңдар, әрі, біздің арамыз сол тамаша қалпы.

Гела: Сен барып тұрған дөкірсің, құс емес, құм арқалап жүретін адамсың ғой.

Резо *(күліп)*: Қолыма бір түсірмей кетермін бе,
Жер көктен, о, махаббат сені іздеймін.
Жетсем де дүниеден өтер күнге,
Өзіңнен күдерімді мен үзбеймін.

Гела: Мені мына жындыдан құтқара көріңдер!

Бадри: Шуламаңдар, әжей келіп қалады.

Резо *(көзін жұмып алған)*:

Ақын сүйсе сүйеді өліп-талып,
Адам ата сүйгендей Хауа ананы.
Сезімді улап, мас қылып, ерікті алып,
Махаббаттың жаңбырдай жауады әні.

(Достарына) Мені мас деп ойлап тұрсыңдар ма? Сап-саумын.

Гела: Маған қарай тура жүрші. Осылай түп-түзу жүр.

Резо: Дегендерің-ақ болсын! *(Түзу жүруге тырысады, бірақ, теңселіп кетеді).*

Жігіттер күледі.

Резо *(қолын бір сілтеп, тахтаға құлай кетеді)*: Мен ұйықтаймын. Бірақ қасымызда отыр деп ойлаңдар.

Бадри: Мұндай халін өмірі көргем жоқ... Слушай, бірдей-ақ іштік қой.

Гела: Өз түріңе қарашы.

Бадри: Не боп қапты? *(Өзіне-өзі зер сала қарайды).*

Гела: Түк те емес.

Бадри: Немене, түк те емес?

Гела: Түк те қызық емес. Ұқтың ба?

Бадри: Ұққам жоқ...

Гела: Ғашық болмаған адам ешкімді қызықтырмайды. Өзіңе қара деп тұрғаным сол, кісі қызығатын түрің жоқ.

Бадри: Слушай, бірдей-ақ іштік қой.

Резо *(кенет ұшып тұрады)*: «Ақын сүйсе сүйеді өліп-талып...» *(Сылқ етіп құлай кетеді).*

Гела: Еленэ әжей, сау болыңыз!

Еленэ *(шығады)*: Қайттыңдар ма?

Бадри: Еленэ әжей, Резо қылжиып қалды, бірдей-ақ іштік...

Гела: Сізге көп рахмет.

Резо *(Ұшып тұрады)*:

Тау арасы, мөлдір бұлақ, күн ыстық,
Екеумізді баурап алды тыныштық.
Тыныштықтың тынышын алмай сүйістік,
Сүйістік те, үнсіз-тілсіз ұғыстық!

Гела мен Бадри сылқ-сылқ күліп, үстіне құлай кетеді.

Құтқарыңдар! Тұншықтырып жатыр! Көмекке! *(Сытылып шығады да, стаканға шарап құя бастайды).*

Бадри: Слушай, не істеп жатырсың?

Резо *(гитарасын алып)*: Бәрі де жалғасады! *(Ән салады).*

Гела: Ақындықтың таңы атты. Енді бұл табиғаттың таңы атқанша шырқайды.

Үшеуі қосылып шырқайды.

Төртінші көрініс

Кітаптар мен қағаздары ыбырсып жатқан жазу столының басында Резо отыр. Еленэ әжей аяғын ұшынан басып шай мен бутерброд әкеледі де шығып кетеді.

Резо *(жазғандарын оқиды)*: «Ескі дәуірлерде дүниеге мәлім болған шабуыл жорықтың бәрі де осы күнгі қазақ жайлаған жерлерден өткен. Теңіз жолдары ашылғанда, Батыс пен Қиыр Шығыс арасындағы сауданың керуен жолы да қазіргі Оңтүстік Қазақстанның көп жерлерін кесіп өтетін болған». Осы үзіндіден де Мұхтар Әуезовтің аз сөзбен көп тарихи жағдайды ескертіп отырғаны анық. *(Телефон шырылдайды)* Иә... Луиза екі айға Москваға кетті. *(Телефонды орнына қояды. Тағы шырылдайды)* Ой, шырағым... Ә... Сәлем, Гела. Үйді жөндеп бітірдің бе? Жуу керек. Неше кісі? Жиырма? Оның бәрін қайда сыйғызасың? Менің тіземе отырғызасың ба? Жуандау келген, тапалдау келген, өзі құтты, өзі сүтті... Рахмет, қажеті жоқ. Рахмет саған! Рахмет-рахмет! *(Есік қоңырауы қағылады)* Әже, аша салшы! *(Телефонға)* Иә, тағы нең бар? Бітті ме? Онда, көріскенше! *(Телефонды қояды)*.

Еленэ мен Нинико кіреді.

Еленэ: Қызым-ау, сен қайда жоғалып кеттің? Көрінбегеніңе бір ай болды.

Нинико: Иә, рахмет!

Резо: Келе ғой, ақылдым!

Еленэ кетеді.

Резо *(Ниникомен сүйіседі)*: Қатты сағындым.

Нинико: Мен де...

Резо: Сен менің түсіме бір түнде екі рет кірдің.

Нинико: Сен де. Екі түнде бір рет кірдің.

Резо *(күледі)*: Сен менің түсіме, мен сенің түсіңе... тамаша... не жаңалық?

Нинико: Сен дайындалып жатыр ма ең, бөгет жасадым ба?

Резо: Бос сөз *(сыбырлап)* Әжем бір жұмаға деревняға кетеді. *(Нинико құшағынан сытылып шығады)* Не боп қалды?

Нинико: Ештеңе...

Резо: Не болды саған?

Нинико: Сенің ойында тек қана сол...

Резо: Оның несі жаман?

Нинико: Білмеймін... Ішетін бірдеңе берші.

Резо магнитафонын қосады. Нинико алақанымен бетін басып отыра кетеді.

Резо *(қайта келеді)*: Вареньесі бар!

Нинико: Рахмет.

Резо *(зер сала қарап)*: Нинико, бір бәлеге ұшырағаннан саумысың?

Нинико: Ақырын қойшы...

Резо *(магнитафонды өшіреді)*: Сені біреу-міреу ренжітті ме? Тез айт, ренжітті ме?

Нинико: Білмеймін... Жоқ, мені... Резо...

Резо: Иә?

Нинико: Сен мені сүйесің бе?

Резо: Жоқ.

Нинико: Сүймейсің бе?

Резо: Жоқ.

Нинико: Сүймеймісің?

Резо: Сүйем.

Нинико: Не дейсің?

Резо: Не деуім керек?

Нинико: Білмеймін... Сен мені сүймейсің бе?

Резо: Мен сені сүйем.

Нинико: Мен де сені сүйем.

Нинико: Сен сондай жақсысың, Резо.

Резо: Маған жан жетпейді.

Нинико: Жоқ, сен расында да жақсысың.

Резо: Тіпті жақсы!

Нинико: Аяулым, мен нәресте күтіп жүрмін.

Резо: Мен де.

Нинико: Резо! *(Құшақтай ап, бетін кеудесіне басады)* Біздің нәрестеміз болады.

Резо *(күлкісі тыйылады)*: Шының ба?

Нинико: Нәресте.

Резо: Түсінем, сен мені сынап тұрсың. Мен кішкентай балаларды жақсы көрем. Өзім де бала болғам. Міне, мынандай. Жоқ, мынандай.

Нинико: Резо, мен саған айтуға қорқып жүргем! Ойлап ем, егер...

Резо: Нені айтуға?

Нинико: Мына нені...

Резо: Нені?

Нинико: Мынаны...

Резо *(ыршып кетеді)*: Сен рас айтып тұрмысың?

Нинико: Қуанып кеттің бе?

Резо: Мен бе? *(Толқып ерсілі-қарсылы жүреді).*

Нинико: Сен қуанбайсың ба?

Резо: Қателескен жоқсың. Мүмкін, қателескен шығарсың? Неге үндемейсің? Қателесуің де мүмкін, жұрттың бәрі қателеседі ғой... Онда тұрған түк те жоқ... Мамаңа ештеңе айтқан жоқсың ба?

Нинико: Мамаң не?

Резо: Кешір, ұмытып кетіппін! Әкеңе дегенім ғой... Айтпадың ба?

Нинико: Сен не деп тұрсың, Резо?..

Резо: Не деп тұрғанымды қайдан білейін... Тіпті бар ғой... Осынша састырып... Әдейі қыласың ба?! *(Телефон шырылдайды. Телефонды алып)* Иә! Сайтан алсын сенің Луизаңды, ұқтың ба... колхоз. *(Тастай салады)* Сазарма, маған бүйтіп бажырайып қарама! *(Кенет саябыр табады)* Жарайды, бірдеңе ойластырармыз... Не? Не болды саған?.. Қарның ашқан жоқ па? *(Дауыстап)* Әже, бізге тамақ әкел!

Еленэ әжей кіреді.

Еленэ: Балапаным, сен бе шақырған?

Резо: Нинико тамақ ішем дейді.

Еленэ: Неге бірден айтпадың? Мен баяғыда-ақ...

Нинико: Рахмет, әже, түк те ішпеймін!

Еленэ: Неге ішпейсің? Ұялып тұрмысың? Бір ай келмей кеткенге, көрдің бе, міне...

Резо: Әже, қажеті жоқ!

Еленэ: Не дейсің?

Резо: Қарны ашып тұрған жоқ. Болды.

Еленэ: Сен Нинико тамақ ішеді дедің ғой.

Резо: Қателесіппін. Өзімнің қызыммен оңаша отыра тұруға бола ма осы?

Еленэ: Резо, балапаным, саған не болды? Көзің де қызарып, боп-боз кетіпсің... Ауырып тұрған жоқсың ба?

Резо: Иә, ауырып тұрмын!

Еленэ: Нинико, балапаным-ау... *(Нинико төмен қарап үндемейді)* Масқара, ана жақта сорпам қайнап жатыр ғой! *(Кетеді).*

Резо: Нинико, бері қара. Бері қара. Қазір жылайтын уақыт емес. Тыңда: біз бірдеңе қып құтылуымыз керек. Тыңдап тұрсың ба? Неге маған былай қарайсың?

Нинико: Өзің бері қара дедің ғой.

Резо: Қара, бірақ былай емес.

Нинико: Сен сонда...

Резо: Шырағым, қиясы жоқ шатқал болмайды. Сонша қорқып, түзелместей ештеңе болған жоқ.

Нинико *(жылап)*: Сен мені сүймейсің...

Резо: Ақымақ, оны қайдан шығардың?

Нинико: Маған папам да айғайлап көрген жоқ...

Резо: Дұрыс емес. Айғайлау керек еді. Тіпті белбеумен мына жерден... *(өтірік жымияды)* шықпыртып-шықпыртып.

Нинико *(басын көтеріп, мұңая қарайды)*: Мен сені тани алмай тұрмын... Өзіңе өзің ұқсамайсың, сүйіктім.

Резо: Танымасаң тіпті жақсы!

Нинико: Жарқыным-ау, саған не болған?

Резо *(ашулы мысқылмен)*: Маған ештеңе де болған жоқ. *(Малақайы мен курткасын киеді).* Ештеңе де. Бәрінен де жалықтым. *(Дауыстап)* Әже, әже! *(Еленэ кіреді)* Кешікпей келем! *(Ниникоға)* Көріскенше!

Еленэ: Қайда барасың?

Резо: Қажеті не? Жолдасыма. Білмеймін, білмеймін! *(Есікті тарс жауып шығып кетеді).*

Еленэ: Қызым, не болды? Не қылдыңдар? Сен жылағансың ба?

Нинико: Мен бе? Мен... жоқ... Немене?

Еленэ қызға қарап тұрады да, үнсіз шығып кетіп, поднос көтеріп кіреді.

Еленэ: Нинико, кел, шай ішейік.

Нинико: Әже, мен сізге көмектесейін!

Еленэ: Мен бәрін әкелдім. Отыр. *(Шай ішеді)* Қызым, айтшы, Резо екеуіңе не болды?

Нинико: Білмеймін, әже. Өзім де әлі түсінбей жүрмін...

Еленэ: Мүмкін, ол саған ұнамай қалған шығар?

Нинико *(ойлы қалыпта)*: Білмеймін, әже. Онымен түсінісу маған қиындап барады.

Еленэ: Түсінбеймін. Мүлде түсінбеймін...

Нинико *(күрсінеді)*: Иә, түсініксіз...

Еленэ: Оны достары түсінеді. Меніңше жақсы көреді...

Нинико *(аласұра)*: Мен де оны жақсы көрем!

Еленэ: Сен оны жақсы көр, Нинико. Өзі де жақсы бала. Оның үстіне... жетім. Мен мұны сен мүсіркесін деп айтып отырғам жоқ... Өзің де анасыз өстің ғой, түсінуге тиістісің.

Нинико: Мен түсінем, әже!

Еленэ: Маған ол не көрсетпеді, қырық жасар әйелге ғашық боп!

Нинико: Онда тұрған не бар?

Еленэ: Не бар дейсің бе? Ол кезде Резо алтыншы класта оқитын. *(Бұл оқиғаның әлдеқашан өтіп кеткеніне Нинико қуана жымияды.)* Үйленем, болды, басқа сөздің керегі жоқ дейді. Жетінші класты бітірген соң үйленуге әзер көндірдім.

Нинико: Қалай? Ақыры үйленді ме?

Еленэ: Жоға... Жетінші класта поэзиямен айналысты, қандай өлеңдер жазды!

Нинико: Жақсы ма?

Еленэ: Керемет!

Нинико: Ондайын мен естімеп ем. Әже, ол неге сонша тұйық?

Еленэ: Сырт көзге солай.

Нинико: Сізде оның өлеңдері жоқ па? Мүмкін қалған шығар? Әже, беріңізші, оқиын, мен оған білдірмеймін.

Еленэ: Берер едім. Менде жоқ қой. Өзінде де қалмады ма деп қорқам.

Нинико: Еленэ әже, қалайша? Өлеңдер ғой!

Еленэ: Адамдар кейде қатыгез ғой. Басқаның тағдырына немкетті қарайды. Университеттің бірінші курсында жүргенде Резоны жиналып ап талқыға сапты. Ақыры талқанын шығарды.

Нинико: Қалай? Не үшін сонда?

Еленэ: Өлең үшін.

Нинико: Сөйтуге бола ма екен?

Еленэ: Болады, қызым. Безбүйректерге бәрі болады. Бұл шіркін осал боп шықты. Былайша батыл, төбелестен есесін жібермейді, бірақ... *(Қоңырау)* Менің оқуым келіп қалды. Сен кетпе, Нинико. Тоса тұр. *(Кетеді).*

Нинико *(бір сәт ойланып отырады)*: Тос... *(Тұрады)* Тос оны... *(Киінеді)* Тос оны... *(Ақырын шығып кетеді).*

Бесінші көрініс

Авансахнада Резо мен Нинико. Екеуі де пальто киген.

Нинико: Резо, не істеу керек?..

Резо: Саған дейін бұл сұрақпен Чернышевский басын қатырған.

Нинико: Резо!

Резо: Не?

Нинико: Мен шын сұрап тұрмын. Не істеймін?

Резо: Не істейін дейсің бе?.. *(Түшкіреді)* Бәрін де істеуге болады. *(Түшкіреді)* Іщәй, суық! *(Пальтосын қаусырынады).*

Нинико *(көніңкіреп)*: Яғни, сонда...

Резо: Өзің ойлашы, басқа жол жоқ қой. Бәрін анықтап білдім. Менің бір танысымның танысы бұл шаруаны оп-оңай үйінде-ақ бітіреді екен. Алады да тастайды!

Нинико: Сен шектен тыс қатыгезсің, Резо.

Резо: Бірақ менің қатыгездігім қашан да іске асады. Ал сенің миың – барып тұрған тотықұстың миы: «Неге сен өзгеріп кеттің, неге сен қатыгезсің, неге сен олайсың, неге сен былайсың» магнитафон сияқты бір айтқаныңды мың айтасың. Басым қатты!

Нинико: Рез, жаным!

Резо: Мен саған басты қатырма деймін!

Нинико: Қалай өзгергенсің, сен бір кезде өлең жазбап па ең?!

Резо: Онда сенің шаруаң болмасын. Тантымай тұр.

Нинико: Мен сені сүйем. Түсінсеңші – сүйем ғой.

Резо: Сен де түсін, мен бәрінен зеріктім! Бәрінен! Бәрінен *(Кетеді).*

Нинико жалғыз қалады.

Алтыншы көрініс

Жазу столының басында қалың ойға шомып Резо отыр. Телефон шырылдайды.

Резо: Третье отделение милиции слушает... *(Жымияды да, телефонды орнына қояды. Қоңырау шырылдайды. Есікке беттейді. Суға малшынып жаураған Нинико кіреді)* Қолшатырың қайда? *(Ваннадан орамал әкеп береді).*

Нинико: Троллейбуста... қалдырып кетіппін.

Резо: Алаңғасар... Тамақ ішесің бе?

Нинико: Жоқ, рахмет.

Резо: Тәбетің шаппай тұр ма?

Нинико: Қарным ашып тұрған жоқ. Мен саған бөгет жасағам жоқ па?

Резо: Қойшы, не болса соны айтпай...

Нинико: Дайындалып отыр ма ең...

Резо: Жарайды, болды, енді былай... өткенде неткеніме... сен кешір... ешбір сөзге зауқым соқпап еді, сені ренжітіп алдым ғой деймін...

Нинико: Телефон соғайыншы?

Резо: Мені құртатын сенің осы мәдениеттілігің ғой!

Нинико *(номер береді)*: Папа, мен ғой. Практикамыз Алматыда өтетін болды. Жоқ, екі. Екі ай деймін. Бүкіл курс барады ғой. Жалғызсырамаспын... Дауысыма ештеңе болған жоқ. Баяғысындай! Жақсы, кешікпей барам. *(Телефонды қояды. Жылайды).*

Резо: Оу, саған не болды?

Нинико: Әкемді жақсы көрем!

Резо: Ой, зәремді алдың ғой.

Нинико: Мен одан ештеңе жасырмаушы ем, енді міне...

Резо: Енді не болды?

Нинико: Жасырып жүрмін.

Резо: Ал?..

Нинико: Қиын.

Резо: Мен де әжемнен жасырып жүрмін!

Нинико: Сен еркексің.

Резо: Ал, сен әйелсің. *(Жымияды).*

Пауза

Нинико: Әжең қайда?

Резо: Зиратта.

Нинико *(үрейленіп)*: Қалай?

Резо: Әке-шешемнің қабірін тазартуға кетті. Бүгін сәрсенбі ғой. Ол кісі ылғи сәрсенбі сайын...

Нинико: Сенің ата-анаң бірге жерленген бе?

Резо: Қатар жатыр.

Нинико: Бір жаққа асығып отырмысың, сағатыңа қарай бересің?

Резо: Жай, әншейін. Енді басты шаруамызды ақылдасайық. Танысымның танысына мен өзім барып білдім...

Нинико: Мен бармаймын!

Резо: Нинико, ақымақтанба!

Нинико: Мен танысыңа бармаймын.

Резо: Жарайды, таныс кісіге бармасаң, таныс емесін табамыз.

Нинико: Таныс емесіне де бармаймын.

Резо: Қыңыраймасайшы.

Нинико: Қыңыраям.

Резо: Ол сенің ғана емес, менің де балам екенін білмеуші ме ең?!

Нинико: Білмей жүрген сен!

Резо: Біз бала-шаға емеспіз! Ақылға келейік те.

Нинико: Бала не керек, әлі өзіміз баламыз деген сен едің ғой.

Резо: Нинико, адамды жынды қылмасайшы!

Нинико: Қылмаймын.

Резо: Саған өзі не керек?

Нинико: Күйеуге шыққым келеді.

Резо: Басқа ештеңе керек жоқ па?

Нинико: Қалғанын көре жатармыз. Маған бір ой келді: неке қидырайық, сосын достарды жиып той-томалақ жасаймыз, сосын кемемен үйлену саяхатына аттанамыз.

Резо: Солай екен-ау... Тамаша... Шынымды айтсам, өзім де күтіп жүр ем, ерте ме, кеш пе, әйтеуір... Сендер, қыздар бәрің сондайсыңдар... Бірақ, Нинико сұлу, мен үшін Тбилисидің географиясында Неке сарайы, ЗАГС дегендерің не существует. Осыны миыңның бір бос қауашағына тоқып ал.

Нинико: Яғни, сенің маған үйленгің келмейді ғой?..

Резо: Келмейдің не, мүлде қаламаймын.

Нинико: Мен жақсы әйел болар ем, өзіңді сүйетін әрі момын.

Резо: Сүйгеннің де, момынның да қажеті жоқ.

Нинико: Ал, егер, мен милицияға хабарласам ше?

Резо *(осы кезде сасқалақтайды)*: Милицияға?..

Нинико: Басымды айналдырып ап, енді үйленгісі келмейді деймін. Қайсысын қалайсың: түрме ме, Гименейдің бұғауы ма?

Резо *(ойланбай)*: Түрме.

Нинико *(күбірлеп)*: Неге?

Резо: Себебі сен пасық, жалақорсың.

Нинико: Қой, Резо...

Резо: Өйткені сенің басыңда бір-ақ ой бар: қайткенде де мені қолға түсіру. Бәріңнің ойың сол: қалай да мені елітіп, еліктіру, содан соң тарс, қақпан!

Нинико: Қойшы, Резо.

Резо: Сарт-сұрт! Ей, қақпан қалай екен? Сарт-сұрт! Қақпанға түскен жақсы ма? Сарт-сұрт. Ей, қақпанның қонағы. Ырылдама, жұлқынба, қозғалушы болма!

Нинико: Жетті. Өтінемін: болды ғой енді!

Резо: Жо-оқ! Болған жоқ! Сен азғын, пасықсың, мен сенен жиіркенем. Сен мені бірте-бірте хайуанға айналдырып барасың. Мен қорқайын дедім сенен. Күні-түні сылап-сипап, алдап-сулап, ойсыз-мисыз, басыбайлы құлың етіп алатын сенің сиқыр құшағыңа кіргенше, түрмеге отырғаным, не жер айдалып кеткенім жақсы. Сен бар ғой, Нинико, сен құбыжықсың.

Нинико: Болды, енді сөйлеме! *(Столда жатқан пышақты алып, Резоның кеудесінен ұрады).*

Резо: Осылай өлтіре ме екен? Адам сияқты өлтіре де алмайсың, тағы маған тигің келеді. Бұлай болмайды, шырағым.

Нинико *(жылайды)*: Тәубе, Жасаған...

Резо: Ендігәрі біреуді өлтіргің келсе, қағаз кесетін пышақпен ұрушы болма.

Нинико: О, Жасаған! Тәубе, тәубе, Жасаған, тәубе...

Резо: Зарлама.

Нинико *(дірілдеп)*: Тәңірім-ай, Тәңірім-ай, Тәңірім...

Резо: Сарнама енді, болды! Сабыр ет, сабыр ет деймін. Жатшы кішкене... *(Тахтаға жатқызады, ішуге су береді)* Іш, тісіңді шықырлатпай іш. Іш... *(Нинико қимылсыз қалады)* Тынышталдың ба? Міне, дұрыс болды. Неге үндемейсің? *(Қарап тұрады да)* Түріңе қараса, періштедейсің. Сөйте тұра, кісі өлтіресің. Ақылға сыймайды. Егер шынтуайтына келсек, сен де қылмыскерсің. Пышақ сұқтың ғой. Ниетіңнің жаңсағы болған жоқ. Ең бастысы – сол. Сені соттау керек. Біле білсең, тек қана зардабы үшін емес, әрекеттенгені үшін де соттайды. Есіңде болсын. *(Пауза)* Алматыға барасың ба? Практика ғой? *(Пауза. Нинико қимылсыз жатыр)* Нинико, сен тыңда, рас, менің үйленгім келмейді, оқығым келеді. Сен кешір, милиция дегеніңе бірден түсіне алмадым. Сасқанымнан аздаған әзілімнен айырылып қалдым. Қап! Жарайды, некелесейік, бір-екі айдан соң мінезіміз үйлеспеді дейміз де, ажырасамыз! Бұл күнде оған тірі пенде таңданбайды. Бәрі қосылады, бәрі ажырасады. Майдандасып жатқан баяғы махаббат пен ғадауат. Бәрі жақсы болады, қорқатын ештеңе жоқ. Тек бір-ақ шартым бар. Менің танысымның танысына барамыз да...

Нинико: Жоқ...

Резо: Не дейсің?

Нинико: Бармаймын.

Резо: Барасың.

Нинико: Бармаймын.

Резо: Неге?

Нинико: Барып қойғам.

Резо: Қайда барып қойдың?

Нинико: Өзімнің танысымның танысына... *(Көтеріліп отырады).*

Резо: Алдама. Шыныңды айт, сен... *(Нинико тұрады, оқыс теңселіп кетеді. Сүйей беріп)* Рас па айтқаның, Нинико?

Нинико: Енді жаның жай тапты ма?

Резо: Онда несіне концерт қойып тұрсың?

Нинико: Білмеймін... *(Киінеді)* Жай, әншейін.

Резо: Мен шығарып салайын.

Нинико: Жоқ.

Резо: Неге жоқ, шығарып саламын!

Нинико: Жоқ, Резо, шығарып салмайсың. *(Кетеді).*

Резо *(терең күрсінеді)*: Дұрыс болды. *(Тахтаға құлайды).* Өзімізге жақсы ғой! *(Отырады, ойлы күйде).* Бізге жақсы ғой.

Екінші бөлім

Жетінші көрініс

Резо мен Еленэ әжей таңғы астарын ішіп отыр. Резо қалың ойда. Аузына алған асын не шайнамайды, не жұтпайды.

Еленэ: Резико, не болды? *(Резо тұк түсінбей әжесіне қарайды)* Ұртыңды толтырып алыпсың, жұтпайсың ба? *(Резо тез-тез шайнай бастайды)* Асықпа. Тамақты саспай, мұқият шайнау керек. *(Резо темекі тұтатады)* Тұк жемедің ғой.

Резо: Рахмет. Тойып отырмын.

Еленэ: Соңғы кезде сен шақарлау боп барасың.

Резо: Саған солай көрінеді ғой.

Еленэ: Ашушаңсың, бұйығысың. Нинико қайда жүр? Неге үндемейсің, білмейсің бе?

Резо: Білмеймін.

Еленэ: Неге білмейсің?

Резо: Неге білуім керек?

Еленэ: Меніңше, білуің керек сияқты.

Резо: Әже, саған таңым бар, бұрын мұндайың жоқ еді ғой. Тергеуіңе жол болсын?

Еленэ: Білуге қақым жоқ па? Мен саған бөтен адаммын ба?

Резо: Бөтен емессің-ау, бірақ біліп қайтесің? Тіпті түсінбеймін.

Еленэ *(шындап)*: Мен жақында өлем.

Резо: Қойшы, қайдағыны айтпай.

Еленэ: Мен сезем, білем.

Резо: Әже!

Еленэ: Жақсы, қойдым. Сен Ниниконы сүйесің, ал ол...

Резо: Сандырақ!

Еленэ: Махаббат сандырақ емес, балатайым.

Резо: Әже, жалынамын, қойшы, қойшы, қажеті жоқ!

Еленэ: Қайдан білесің, сен іздеп жүрген ақ құс Нинико шығар, қолыңа бір қонып, ұшып кеткен.

Резо: Бұл өзі не?! Біресе өлім, біресе махаббат. Басқа бірдеңе айтсайшы.

Еленэ: Балапаным сол! Мен жуырда өлем.

Резо: Қоймадың ба?

Еленэ: Саған бір жақсы адам жолдас болса деймін...

Резо: Бақұлдаспай отыршы. Осындай сөздеріңді естігім келмейді.

Еленэ *(мұңайып)*: Сен дөрекі боп кеттің.

Резо *(шарт ашуланып)*: Кеттім! *(Саябырлайды)* Кешір. *(Пауза)* Кешірші енді. Нансаң, өзім де түк түсінбей жүрмін. *(Еленэ тұрып, ыдыс-аяқты жинап, көмектеседі)* Махаббат деген сайтан алғыр, құрып-ақ кетсе екен.

Еленэ: Түтініңді тарт. *(Жөтеледі).*

Резо: Солай ғой... *(Шегінеді)* Құрыса ғой.

Еленэ: Жазғырма, махаббатты аяу керек. *(Кетеді).*

Резо бұрыштан бұрышқа теңселіп жүреді. Отырып, қарындаш ұштайды. Ойланады. Жүгіріп телефонға барады. Номер береді.

Резо *(телефонға)*: Кешіріңіз, Нинико бар ма екен? *(Түсі құбылады)* Қайда кетті? Ә, мен... бір жолдасымын... кешіріңіз... *(Телефонды қояды. Біраз абдырап тұрады да, телефонға жармасады)* Бадри ме? Мен ғой. Маған ақша керек боп тұр. Тығыз, Алматыға барам. Бүгін. Гелаға да айт, берсін, қанша берсе де. Сосын маған хабарлас. Күтем. *(Еленэ әжей кіреді. Ұзын ақ көйлек киіпті, танымастай өзгерген)* О, тамаша!

Еленэ: Ұнай ма?

Резо: Әрине.

Еленэ *(масаттана жымияды)*: Қыз күнімдегі көйлегім. Кигім келді... Сенің атаңа қосыларда киген көйлегім еді.

Резо: Қашан?

Еленэ: Баяғыда, балам...

Резо: Атамның саған қалай қырындағанын сен маған айтпадың ғой.

Еленэ: Оны айтуға сен кішкентай болдың.

Резо: Естен тана ғашық болған шығар?..

Еленэ: Бәрі керісінше. Қайта қыз біткен атаңа ғашық еді, солардың бірі – мен!

Резо: Өзі ше?

Еленэ: Өзі көрікті, тәкаппар кісі еді. Жалпы сендердің тұқымдарың бәрі сұлу, бәрі тәкаппар еді. Және шеттерінен сотқар. Бәрінен де өткені – сенің атаң болды!

Резо: Ол саған қалай ғашық болды?

Еленэ: Қалай ғашық болғанын білмеймін, қалай сөз айтқаны есімде, әлі күнге көз алдымда. Бір күні біздің үйге келді де, мені мерекелік серуенге шақырды. Пасханың алды болатын. Мен, әрине, бармаймын дедім.

Резо: Неге?

Еленэ: Бер жағым ғой, ар жағымда барғым кеп тұр.

Резо: Қылымсып тұрмын де.

Еленэ: Қылымсып тұрмын. Әкем кеп: «Элизбар Мхеизе арына дақ түспеген жалғыз сері адам, оның бетін қайтарып, шақырғанына бармау – өлтіре қорлаумен бірдей» деді.

Резо: Дұрыс айтқан.

Еленэ: Мен не қылайын? Барып атаңның күймесіне міндім. Екеуміз Сион ғибадатханасына тарттық. Бір-бірімізге қарамаймыз да, сөйлеспейміз де, томырайған балаға ұқсап отырмыз... Атаңда түрден түр жоқ.

Резо: Түрі қайда кетіпті?..

Еленэ: Аруақтай құп-қу. Кенет тоқтап жерге түсті де, қалтасынан пистолетін шығарып, самайына тақады... Сұстанып тұрып: «Құрметті Еленэ. Мен көп сөйлемеймін. Тағдырым сіздің қолыңызда. Қазір ғибадатханаға барып некемізді қидырамыз, әйтпесе мен өлем» деді.

Резо: Өлімге жібермегеніңе кәміл сенемін.

Еленэ *(мұңая жымиып)*: Ғибадатханаға кірдік те, екі шырақ жағып, бір-бірімізге жылы-жылы сөздер айттық... Үйге қайтып келген соң, ол менің қолымнан сүйді.

Резо: Бетіңнен сүйсе болатын еді ғой.

Еленэ: Алыстан «Риорита» әуені естілді...

«Риорита» сазы естіледі.

Резо: «Риорита» деген не?

Еленэ: Сондай ән бар еді. *(Ән салады)* Біз соның әуенімен би биледік, мына көйлек сол күнді есіме түсіреді!

Резо: Әже, маған ақша керек.

Еленэ *(түсіне алмай)*: Не дейсің?

Резо: Маған тез арада ақша керек.

Еленэ: Көп керек пе?

Резо: Костюмге деген ақша...

Еленэ: Костюмді қайтесің?

Резо: Маған бәрінен бұрын ақша керек!

Еленэ *(үрейленіп)*: Неге? Тағы не бәле болып қалды?

Резо: Ешқандай бәле болған жоқ. Ниникоға баруым керек. Енді түсіндім, мен бүгіннен қалмай Алматыға ұшуым керек.

Еленэ: Ой, Жасаған-ай, бірден осылай деп айтпайсың ба, зәрем кетті ғой. Неменеге ақша керек боп қалды деймін... *(Кетеді).*

Қоңырау шырылдайды. Резо есік ашады, жұлқынып Лена кіреді.

Лена: Мен саған мың рет айттым ғой. Кранынды жауып жүр деп, мың емес-ау, жүз рет айттым. Енді бар да көр... тазала өзің.

Резо: Ақырын, ақырын. Әжем естіп қалады...

Лена: Қалжыңыңды қалтаңа сала тұр! Тез барып тазала, әйтпесе мен милиция шақырамын!

Резо: Жарқыным, түріңе қарашы өзің.

Лена: Түрімде не тұр?

Резо: Саған ашулануға болмайды, өліп қаласың.

Лена: Тәлкек қылуыңды қоясың ба, жоқ па? Төменге түсесің бе, жоқ па?

Резо: Лена, айналайын, сабыр етші, мен түсермін, не түспеспін, тазалармын, не тазаламаспын, тек өзің қойшы.

Лена: Қалай? *(Ашуланғаннан аузына сөз түспейді).*

Резо: Дұрыс, осылай. Әжем бүгін ақ көйлегін киді, біздің айғайымызды естімегені дұрыс. Өзінің естелігімен отыр, түсінемісің?

Лена: Кіммен?! Тым болмаса кранды жапсаңшы, жайрағыр! Ағып жатыр ғой!

Резо: Кеттім! *(Кетеді де, қайта кіреді). Жаптым.*

Жүгіріп Кирилэ кіреді.

Кирилэ *(Ленаға)*: Әй, жарқыным, үйдің төбесі топырлап құлап жатыр.

Резо: Ер соңымнан! *(Жүгіріп кетеді).*

Лена: Мхеидзе, асқақтама! Қалжыңыңды қалтаңа сала тұр. *(Артынан жүгіреді).*

Кирилэ: Төбе құлап жатыр ғой, төбе... *(Артынан жүгіреді).*

Еленэ әжей кіреді, қолында ақша. Қараса, немересі жоқ. Телефон шырылдайды.

Еленэ *(телефонға)*: Тыңдап тұрмын... Луиза? Балам, сіз қателестіңіз. Немене? Жоқ, балам, өкінішке орай, мен Луиза емеспін. Сау болыңыз. *(Телефонды қояды. Отырып ақша санайды. Ойланады Бір кезде телефон шырылдайды)* Тыңдап тұрмын... Бадри? Амансың ба, балам? Рахмет, жақсы-жақсы... Білмеймін, әлгінде ғана бар еді... Пальтосы орнында, көршілерге кеткен ғой... Сау бол, Бадри. *(Телефонды қойып, тұрады, теңселіп кетеді, ақырын отырады).*

Жұлқынып Резо кіреді, жұдырығы түйіліп кеткен.

Резо: Ремонтын мен төлеуім керек! *(Әжесінің жайы болмай отырғанын сезеді)* Әже, саған не болды? Не болды?

Еленэ: Мен қателеспедім-ау деймін.

Резо: Не дейсің?

Еленэ: Ақырын, ақырын...

Резо: Әже!

Еленэ: Айғайлама... Тиіспе, ауырып отырмын, балам, шыдай тұр, мен қазір...

Резо: Жедел жәрдем шақырайын! Дәрігер алдырайын! *(Телефонға ұмтылады).*

Еленэ: Керек емес, балам.

Резо *(әжесіне ұмтылады)*: Керек емес! Керек емес! Бәрі жақсы болады, солай ғой! Қорқатын түк те жоқ...

Еленэ: Маған қорқынышты емес... Қорқынышты емес... *(Немересіне қарайды).* Мен тек сен үшін қорқам, балам...

Резо *(жанұшыра айғайлайды)*: Кетпеші, әже!

Қалай екені белгісіз, әйтеуір «Риорита» әні шырқалады.

Сегізінші көрініс

Сол бөлме. Төсек орын, стол, орындықтар – бәрі ыбырсып жатыр. Пальтосының жағасын көтеріп алған, көптен қырынбаған, қолында консерві мен нан, Резо кіреді. Пальтосын бұрышқа лақтырып тастап, ваннаға кіреді, судың сарылы естіледі. Қолында орамал, қайта кіреді. Ойланып тұрады. Бірдеңені есіне түсіргісі келгендей. Орамалын жұмарлап ап, бұрышқа лақтырады.

Консерві ашады, наннан үзіп алады. Жей бастайды.

Телефон шырылдайды.

Резо *(телефонға)*: Иә, мен ғой... Немене? Жоқ... зиратта болдым... Білмеймін... құлыптасты ма? Қашан бітеді – сонда бітірем... Қажеті жоқ, онсыз да сендердің көмектерің қыруар болды... Бір-екі аптада бітіретін шығармын... Болмаса үш аптада. Қажеті жоқ. Керек емес. Гела, керек емес деймін. Ештеңе де керек емес. Ұйқы керек. Ұйықтаймын. Көріскенше. *(Телефонды қойып, тамақтана бастайды. Телефон шырылдайды. Телефонға)* Иә... Сәлем... Иә, тағы мен... танымадың ба? Әдейі істеп тұрмын, сен танымасын деп... Луизаңды әлі іздеп жүрсің бе? Іздей бер, изде. Қайдағы мазалаған... Керісінше маған біреудің мазалағаны керек болып тұр. Жақсы! *(Телефонды қояды).*

Қоңырау шырылдайды. Резо ашады. Қолында коньягі бар, Кирилэ кіреді.

Кирилэ: Резо, есігіңнің алдында мысық өліп жатқаны несі?

Резо: Қайдағы мысық? *(Жүгіріп шығып, қайта кіреді)* Қайда?

Кирилэ: Қалжың ғой... *(Көңілдене қарқылдап күледі)* Қалжың! *(Күледі)* Кешір, бауырым, бір қалжыңдайын деп... *(Көзін сүртеді)* Үйде жападан-жалғыз отыр едім... *(Коньягін столға қояды)* «Кирилэ, сенің ғой көршің бар, сонымен барып неге қылқытпасқа» деп менің басым ойлайды. Мен ойлаймын: қылқытқым келеді! Келгенде қандай!

Резо *(сәл таңырқап)*: Отыр.

Кирилэ: Ә, жарайды! *(Отырады)* Сен маған ренжіп жүрген жоқсың ба? Мен ренжіп жүргем жоқ.

Резо: Маған біреу ренжімесе, өзім ешкімге ренжіп жүргем жоқ.

Кирилэ: Сен ренжімесең, мен ренжімеймін. Ленаға өкпелеп жүрген жоқсың ба?

Резо: Жоқ.

Кирилэ: Ол да саған өкпелеп жүрген жоқ. Егер оны біреу ренжітсе, мен оны харакири қылам!

Резо: Кімді?

Кирилэ: Оны.

Резо: Ол кім?

Кирилэ: Білмеймін. Білсем – құртам.

Резо: Мұны неге айтып тұрсыз?

Кирилэ: Ә, жай... есіңде болсын деп. *(Коньякты ашады)* Бауырым, кешір, ренжіме. Осындай жақсы үйге ішімдік алып келудің өзі ыңғайсыз... *(Резо екі стақан алып келеді. Кирилэ құяды)* Менің төрт ағам бар. Біреуі немере ағам. Өте жақсы адам. Өзі күшті, семіз, әдемі! Тұрмысы да керемет! Мұрнынан құрты түсіп тұр. Мен оған сен туралы айтып ем, ол «Жарайды» деді.

Резо: Не «Жарайды»?

Кирилэ: Сені жұмысқа алатын болды. Жай жұмыскер. Шатақ шықпауы үшін аптасына бір рет бой көрсетіп кетесің. Айына екі рет барып «мани-маниыңды» аласың. Екі жүз сом! Пенсия сияқты!

Резо: Рахмет, сізге, бірақ...

Кирилэ: Болды, бірағың өзіңе.

Резо: Менің мамандығым басқа ғой.

Кирилэ: Өй, мамандықта нең бар? Жай жұмысшы боласың. Құрметті атақ! Жұрт сыйлап жүреді. Шөптің басын сындырмайсың!

Резо: Мәселе онда емес. Мен түнгі сменада метрода жұмыс істеп жүрмін.

Кирилэ *(үрейленіп)*: Тесік жасап жүрсің бе?

Резо: Қайдағы тесік?!

Кирилэ: Не деуші еді өзін? Поезд жүретін тесікті.

Резо: Туннель ме?

Кирилэ: Аха!

Резо *(күледі)*: Онда өзінің мамандары бар, мен жай вагон жуам...

Кирилэ: Бір тиынға бола ма?

Резо: Екі тиынға.

Кирилэ: Өй-буй-у-ууй! Сен мені кешір, мен саған тек жақсылық тілеймін, бұл деген бір жақсының екінші жақсыға деген қамқорлығы.

Резо: Рахмет!

Кирилэ: Егер мен саған көмектеспесем, сен маған көмектеспесең, өмірдің өзі не боп кетер еді? Резо, мен мынаны сенің марқұм әжең үшін ішкім келеді! *(Тұрады. Резо да тұрады)* Топырағы торқа болсын. Сенің әрбір жеңісіңе қабірінде бір аунап түсер болсын!

Резо: Рахмет.

Ішеді. Отырады

Кирилэ: Жақсы коньяк, ә! Сен ғой, енді жападан-жалғыз тұрасың, ә!

Резо: Кейде достарым қонады.

Кирилэ: Ой-дөйт деген-ай! *(Көзін қысады)* Достар, құрбылар.

Резо *(ақырын жымияды)*: Мен сізді аз сәтке қалдыра тұрайын, картоп қуырам.

Кирилэ: Қажеті жоқ! Сөз тыңда!

Резо: Тыңдап отырмын.

Кирилэ: Тыңда, Резо... Біздің Тбилисиде өзі қыз көп екен ғой! Ой-ой-ой... Өте көп, қайран қалдым... Таныс қыздарың бар ма?

Резо: Болса ше?

Кирилэ: Мен сенен дос ретінде сұрап отырмын. Болса: «Кирилэ, менің таныс қыздарым бар» де. Болмаса, мен сенен сұрайын, неге жоқ?

Резо: Кешіріңіз, мен сізді түсінбей отырмын.

Кирилэ: Көрші, тыңда, кейде менің басым өмір туралы ойлайды. Өмірде жақсы қатыннан асқан рахат жоқ деп, көбірек ойлайды.

Резо көңілсіз тыңдап отыр.

Бұрын құмарым ақша еді, қазір қатын. Осыдан бір апта бұрын бір әйелмен таныстым. Еңгезердей жақсы әйел! Ресторанға апардым, отыз төрт сомым текке кетті. *(Резо көршісіне тұк түсінбей қарап отыр)* Мен үшін парк қолайсыз, ұқтың ба?

Резо: Неге қолайсыз?

Кирилэ: Жас кезім болса бірсәрі. Қазір енді... Ресторанға апардым, ішкіздім, жегіздім, шыққасын бір жақсы үй болса ғой...

Резо: Сізде үй жоқ екен ғой!

Кирилэ: Иә, иә, иә, үй жоқ қой! Жоқ! Кел, ішейік. *(Коньяк құяды)* Бар тірлігің жақсы болсын. Екеуміз де ақша мен әйелден кенде болмайық!

Резо: Рахмет.

Ішеді.

Кирилэ: Сенде ғой, Резо, үй бар, менде жоқ. Сенің таныс қыздарың бар, менде машина бар, аздаған ақша бар, қалғанын қатырамыз!

Резо: Сөйтіп, группен – секспен айналысамыз ба?

Кирилэ: Иә, иә, иә. Ол не нәрсе? Қалай ол?

Резо: Артынан түсіндірем. Негізгі шаруамызға келейік.

Кирилэ: Е, дұрыс!

Резо: Бәрінен бұрын, мен сіздің құрметті жұбайыңыздың көзіне қайтіп қараймын?

Кирилэ: Қай жұбайымның?

Резо: Туған жұбайыңыздың. Ыңғайсыз емес пе?

Кирилэ: Ой, қойшы, Резико! Оның көзіне қарап қайтесің?

Резо: Бетпе-бет келіп қалса...

Кирилэ: Қарама көзіне!

Резо: Мүлде?

Кирилэ: Әрине! Қараушы болма!

Резо: Сіз рұқсат етпеді деймін.

Кирилэ: Десең де. Күйеуің рұқсат етпейді де.

Резо: Жарайды. Көз мәселесі шешілді. Дастарханды да сіз жасайсыз ғой.

Кирилэ: Жүріс-тұрыс та мойнымда.

Резо: Машинамен рахат қой. Фирменный темекіні де сіз аласыз. Блогы отыз-ақ сом.

Кирилэ: Мүмкін олардың аяқтарын күзен ішікпен сүрту керек шығар? Фирменный темекі шекпесе де болады!

Резо: Жарайды, құтыртпаған дұрыс.

Кирилэ: Саспа, бәрі жақсы болады. *(Іскер көзбен бөлмені шолып шығады)* Қора сияқты екен! Ретке келтіру керек.

Резо: Құп болады.

Кирилэ: Достарыңа айналшықтамай аулақ жүр де.

Резо: Келтірмеймін.

Кирилэ: Алып қояйық. *(Стақанын көтереді)* Әлемде бейбітшілік орнауы үшін. *(Ішеді).*

Резо: Сэр, бүгін кешке екі блондинка дайын болады.

Кирилэ: Блондинка ма? *(Қабағын тыржитып)* Жақсы ма өздері?

Резо: Сапа белгісі бар.

Кирилэ *(басына бір ой келеді)*: Бүгін кешке... Бүгін кешке... Әй, жарайды... *(Кошелогынан ақша санап алып, столға қояды)* Міне, отыз сом, шампан-мампан, өзің білесің ғой...

Резо *(ақшаны алып асықпай санайды)*: Сіз осы нешедесіз, құрметті Кирилэ?

Кирилэ: Қырық бестемін, өміріме өкпем жоқ. Тағы жасай бергім келеді.

Резо: Ендеше... *(Кирилэні иегінен көтеріп ап, тұмсықтан ақшамен ұрады)* Бір, екі, үш, төрт... Мөңіреме! Бес, алты, жеті... Қырық беске жетпейді екен, қолым талып қалды. *(Босатады).*

Кирилэ *(ентіге айғайлап)*: Мен сені милицияға берем.

Резо: Жоғал, жаныңның барында. *(Ақшасын, коньягін қолына беріп, есікке қарай итермелейді).*

Кирилэ тұра қашады. Резо самарқау барып, орындыққа отырады. Кирилэ қайта кіреді.

Кирилэ: Есігіңді аша алмадым...

Резо: Жоғал! *(Кирилэні тұра қуады. Қайтып кеп, темекі тұтатады. Отырады, тұрады. Әрлі-бері жүреді. Телефон шырылдайды)* Иә! *(Түрі өзгеріп)* Шынымен сенбісің? Сәлем, қашан келдің? Біледі екенсің ғой... Рас па? Қашан? Тез кел! Мен күтем! *(Бөлмені жиыстырғысы кеп, мебельдерді қозғай бастайды. Электроқұстарасына жармасады, жүре киініп ваннаға беттейді, қайта кіреді. Кенет шам сөнеді)* Қырсық-ай!

(Май шам жағады. Есік қағылады) Бара жатырмын! *(Нинико кіреді. Ілесе жаңбыр шуылы естіледі)* Тағы да жаңбырлатып келдің бе? Сәлем! *(Екеуі де көптен көріспеген, құшақтасуға ұмтылады, бірақ әлденеден тартынысып қалады. Нинико қолын созады, Резо ебедейсіз қысады)* Тағы да жаңбыр, сосын сен. Бұ қалай? Майшам ба? Таңданатын түгі жоқ, шам сөніп қалды. *(Плащын шешіп алады).*

Нинико: Әжеңнің қайтқанын естімедім, әйтпесе келер едім.

Резо: Әжем сені жақсы көретін! Қайтар алдында есіне алды.

Нинико: Ол кісіні мен де жақсы көруші ем.

Резо: Менде шампанский бар. Көптен тұр... *(Алып келеді)* Отыр, сенің аман-есен келгенің үшін ішеміз. *(Құяды).*

Нинико: Рахмет.

Резо: Практика қалай өтті?

Нинико: Жақсы.

Резо: Өзің ризасың ғой?

Нинико: Ризамын.

Резо: Алматы қалай екен? Жақсы қала ма?

Нинико: Керемет! Шағын, әдемі қала. Адамдары да жақсы. Медеу, жаңа театр...

Резо: Мен де Алматыға барам ғой деп ем, бірақ жағдай солай болды...

Пауза

Нинико: Әжең қиналды ма?

Резо: Жоқ. Мүлде қиналған жоқ. «Мен жақында өлетін шығармын» деді. Соны айтты да, қайтып кетті... Қыз күніндегі көйлегімен... Міне, осындай жағдай...

Пауза

Нинико: Темекі берші?

Резо: Шегетін болдың ба?

Нинико: Жоқ. Кейде ғана.

Резо: Ә... Әкең қалай?

Нинико: Рахмет, жақсы.

Резо: Сені әбден сағынған шығар.

Нинико: Сағыныпты, оның үстіне менің үйден кеткеніме ол үйренбеген ғой. Және...

Резо: Білсең бар ғой... Мен де қатты сағындым! *(Пауза)* Ал сен ше?

Нинико: Мен сені жиі ойладым...

Резо: Ал сен маған елестеумен болдың. Кеше бір қыз кетіп барады екен. Қуып жеттім, бірақ... Шошытқаным мүлде басқа қыз екен.

Нинико: Сен зиратқа жиі барасың ба?

Резо: Күнде барам. Кеше іңірге дейін болдым. Соңғы рейспен қайттым. Автобус қара киімді әйелдерге лық толды. Оның үстіне қараңғы. Шамын жаққан жоқ. Ертектегі сияқты. Әйелдердің бәрі маған қарап отырғанын сездім. Сұмдық болды. Көздері о дүниеден тесіліп тұрғандай. Және мен өзімді шешемнің өліміне кінәлімін деп санаймын ғой...

Нинико: Резо, қойшы, сенің тұк жазығың жоқ.

Резо: Сол кезде сені ойлап кеттім, біртүрлі жеңілдеп қалғандай болдым. Қараңғыда сенің түріңді елестеттім. Елестеттім де, сені ренжіткенімді есіме алдым, өзегім қатты өртенді. Нинико, Нинико, аяулым. Жаным, мен сені сүйем!

Нинико: Мен де сені сүйем! *(Екеуі сүйіседі. Шегініп кетеді де, жан-жағына абдырай қарайды)* Мен үйді ретке келтірейін, көптен жинаған емеспін, қазір...

Резо: Өзім-ақ!

Нинико: Мен бәрібір жинастырам...

Резо: Кейін... *(Құшақтап сүйеді, шегінеді де, тесіле қарайды)* Саған не болған?

Нинико: Не бопты?

Резо: Тас мүсін боп қалыпсың. Мұндай емес ең ғой, Нинико?!.

Нинико: Үй сыпырайын, сыпырғыш қайда?

Резо: Сайтан алсын сыпырғышыңды.

Нинико: Онда мен ас қамдап жіберейін, қарның да ашқан шығар?..

Резо: Аш емеспін, қойшы. *(Құшақтап сүйеді, шегініп кетеді. Нинико үндемейді)* Арбалған торғайдай қалтырайсың ғой... Өзіңе не болған, Нинико?

Нинико: Білмедім. Саған солай көрінген шығар...

Резо: Көрінген емес. Бірдеңе болған-ау...

Нинико: Мен сені сағындым, біз көптен бері... *(Ұмтылып кеп құшақтайды да, оқыс итеріп қап, төсекке етпетінен құлай кетіп, жылайды)* Бүйте алмаймын, шыдамаймын!

Резо *(абдырап)*: Нинико...

Нинико: Мүмкін емес. *(Жылайды).*

Резо: Не мүмкін емес? Түсіндірсеңші.

Нинико: Сені жалғыз ғой деп, қасыңа мен керекпін ғой деп ойлап едім.

Резо: Сосын?

Нинико: Мен өзімнің аянышты халімді, көрген қорлығымды – бәрін ұмыта алатын шығармын деп ойлап ем... Үйіне барғанымда «Түстің бе қолға, ақымақ» деп, сұқтана қараған дәрігердің ұлы мені оңаша шақырғысы келіп...

Резо: Мен оны өлтірем!

Нинико: Ол емес, өзіміз кінәліміз; біз сондай асыл мұлкіміздің айырылғандаймыз, қазір бізге соншалық қиын, Резо, қиын!

Резо: Неге саған қиын? Өзіңді көруім мұң екен, маған бәрі жеңілдеп кетті!

Нинико: Маған сенімен болу қиын, жаным. Мен...

Резо: Неге? Кешіре алмайсың ба? Ұмыта алмайсың ба?

Нинико: Білмеймін... Жоқ, бұл бір... Сен неге сақтап қала алмадың?

Резо: Мен қайдан білейін!

Нинико: Менің бірден сүйіп қалғаным, көне кеткенім, естен тана ғашық болғаным саған ұнамады. Мен сен үшін бәріне де шыдап ем. Сені бір қамал көріп ем, қандай қатер төнсе де қорғап қалар деуші едім...

Резо: Нинико, сені сүйгенім рас. Әлі сүйем, сенемісің? Бірақ, өзім соны... Ақымақтанып! Сені сүйетінімді білдім, біле тұра сенбедім!

Нинико: Қалайша сенбедің?.. Бәрі де көзге көрініп тұрды ғой.

Резо: Идиотпын мен, Нинико. Рас айтам, барып тұрған идиотпын.

Нинико: Менің сені жарып тастай жаздағаным есіңде ме?

Резо: Бекер жарып тастамадың. Дұрыс болатын еді.

Нинико: Сенсіз өмір сүре алмас едім.

Резо: Кім біледі! *(Қадала қарап)* Айтшы...

Нинико: Нені?

Резо: Ештеңе. *(Қарайды)* Айтшы Алматыда... ештеңе болған жоқ па?

Нинико: Алматыда не болуы керек еді?..

Резо: Мүмкін... біреу-міреу кездескен шығар. Біреу-міреу, кім сені...

Нинико: Ақымақ.

Резо: Неге? Әбден мүмкін ғой...

Нинико: Ештеңе мүмкін емес... Ақымақсың. Егер солай ойлайтын болсаң – сен ақымақсың. Ақымақ, ақымақ...

Кирилэ кіреді.

Кирилэ: Көрші, кешір, есік ашық тұр екен.

Резо *(шұғыл)*: Не керек?

Кирилэ *(Ниникоға)*: Сәлеметсіз бе?

Нинико: Сәлемет.

Кирилэ: Сіз тамаша қызсыз! *(Қолынан сүйеді).*

Резо: Не керек деймін?

Кирилэ: Резико, бауырым, бір минутқа бола ма? *(Резоны оңаша алып шығады)* Сен маған ренжімейсің бе? Мен саған ренжімеймін.

Резо: Ренжімеймін.

Кирилэ: Ант етші.

Резо: Рас айтам.

Кирилэ: Сенбеймін. «Әжем марқұмның аруағымен ант етемін» де.

Резо *(қаһарлы)*: Тағы не дейін?

Кирилэ: Жақсы, сендім. Егер сен ренжімесең, мен ренжімеймін. Мен жақсы адамға өмірі ренжімеймін. Сен ше, ренжисің бе?

Резо *(ауыр дем алып)*: Ренжімеймін.

Кирилэ: Ренжімесең, әйеліме ештеңе айтып қоймайсың ғой?

Резо: Сіз өзі не бықсытып тұрсыз? *(Кирилэні тықсыртып, төне түседі)* Мені кім деп жүрсіз?

Кирилэ: Бәрі дұрыс, бауырым... *(Шегінеді)* Мен ренжімеймін, сен де ренжімейсің, бәрі дұрыс... Қыз ше?.. Қайдан алдың, ә?

Резо: Беу, Кирилэ, Кирилэ, ұшқалақсыз! *(Ақыры шығарып жібереді)* Жабысып қалған не бәле өзі... *(Ниникоға)* Не істейміз?

Нинико: Қарсы болмасаң, мен үй жинастырайын.

Резо: «Үй жинаймын» дегенді қой. Өзімді де мезі қылды бұл үй. Одан да бәрін басынан бастап көрейік.

Нинико: Қалай?

Резо: Бір-бірімізді қинап болдық, енді жетер.

Нинико: Резо...

Резо: Нинико, жаным, болды ғой енді... Сен мені сүйесің ғой...

Нинико: Резо, түсінсеңші, мәселе онда емес қой...

Резо: Мәселе неде? Мәселе дегенің сонда неде?

Нинико: Сол жолы бірденем үзіліп кеткендей болды. Маған уақыт керек... Сен түсін, мен бірден көне алмаймын.

Резо: Сенің неменең үзіліп кетіп жүрген? Менің ештеңем үзілген жоқ. Қайта бәрі қатайды. Мен не сүйем, не сүймеймін. Сүйем десем, онда сүйгенім. Сен ше?

Нинико: Мен де сүйем, бірақ, бара алмаймын. Айтып тұрмын ғой, менің бір жерім...

Резо: Шешін.

Нинико: Қалай?

Резо *(долылығын тежей алмай)*: Тез! Бөгелме! Тап қазір! *(Блузкасын жыртып жібереді).*

Нинико: Резо! *(Резо қос қолымен самайын басып, айналып кетеді. Пауза. Резо темекі тұтатады. Сабырлы)* Ине-жіп әкел. *(Резо үндемейді, қарамайды)* Мен мына күйімде көшеге шыға алмаймын ғой...

Резо: Неге?

Нинико: Ыңғайсыз.

Резо: Мені әуре қылған ыңғайлы ма?

Нинико: Резо, ине-жіп берші.

Резо: Жарайды, сабыр ет, қазір берем. *(Жәшікті ақтарады)* Қандай түсі керек?

Нинико: Көк.

Резо: Мұнда тек қара жіп.

Нинико: Онда қарасын әкел.

Резо *(ине-жіпті беріп жатып)*: Сен сондай... мықты боп кетіпсің.

Нинико: Жігіттер қалай? Бадри, Гела?

Резо: Тамаша, жүр.

Нинико: Сенің достарың жақсы.

Резо: Достарым жақсы, өзім жаманмын.

Нинико: Жоқ, сен де жақсысың. Сені бәрі жақсы көреді, сыйлайды, сондықтан... Шамға не болған? Тығыны күйіп кеткен шығар.

Резо: Төлемеген үшін қиып тастады ғой деймін.

Нинико: Неге төлемедің? Ақшаң жоқ па?

Резо: Жоқ болушы ма еді, ақша бар... Ұмытып кетіппін.

Нинико: Мен ертең төлеймін.

Резо: Не басқа шаруаң жоқ па?

Нинико *(салмақты қарайды)*: Жоқ.

Резо: Қажеті жоқ. Өзім-ақ. Менде ақша бар, төлеу ойыма келмепті.

Нинико: Диплом не болды? Бітті ме?

Резо: Жақын қалды.

Нинико: Болады ма өзі?

Резо *(абдырап)*: Не? Ә... Иә, болады ғой. Маған институтта, кафедрада қал деп жатыр.

Нинико: Тамаша, қалу керек!

Резо: Жоқ, қалмаймын. Тушетияға тауға кеткім келеді. Екі жылға.

Нинико: Бақташы боласың ба?

Резо: Солай десе де болады. Әдебиет егінінде бала бағам. Бірақ, онымнан не шығарын білмеймін...

Нинико: Асықпай шешкен дұрыс. Ойлану керек.

Резо: Ойланатын несі бар? Сен болсаң сүймейсің, Тбилисиде не бітірем, жалғызбастымын... Кетем!

Нинико: Тау қызына үйленесің...

Резо: Міндетті түрде!

Нинико: Сол жақта мәңгі бақи қаласың. Мен сені қайтып көре алмаймын. Ешқашан.

Резо: Иә. *(Ойланып)* Есіме бір оқиға түсті. Бір жағынан... Нана дейтін бір қызым болған. Болғанда былай енді... Мен сол қызды көндіре алмадым. Олай көрдім, былай көрдім – болмады! Бір жылдан кейін әлгі қыздың құрбысын кездестірсем: «Нана саған ғашық» дейді. Мен, әрине, қуанып кеттім. «Қолға түстің бе, ақыры» дедім. Кездестік. Үйіне шығарып салдым. Жол бойы шіреніп келем, қалай екен шіренген деп. Үш тұз қолымда отыр. Жымиып күліп қоям, туа біткен Кларк Бейблмін! Бір кезде... Қолынан сүйей беріп ем, тайып түсіп, тұмсықпен қарға сүңгіп

кеттім. Әдемілеп сыпайы құлауға да болар еді. Мен жазған тоңқалаң астым. Ұялғаным сонша, қарға белшемнен батып жатып, тұмсығымды бұзып жатып, өзімді өзім өлтіріп тастағым келді. Қашан, қалай өлем, соны ойладым. Маған сондай...

Нинико *(күледі)*: Қызық екен. Ұят болған.

Резо: Ол кезде мен он жетідемін!

Нинико: Бәрібір ыңғайсыз ғой. Қыз не болды?

Резо: Қыз не болсын? «Ауырған жоқ па?» деп, сызылып қана сұрады.

Нинико: Сол-ақ па?

Резо: Ең қызығы, үйіне жеткізгенше ең кемі он бес рет гүрс-гүрс құладым! Бетімнің әр квадрат сантиметрінде – бір көк түйме, үсті басым сатпақ-сатпақ, ұяттан күйіп барам, сұмдық болды! Үш жылдай сол қыздан тығылып жүрдім. Көрсем – тұра қашам. Кеше кездестірдім, қолында баласы бар. Есімізге түсіріп, күліп алдық. Өзінің шегі қатты... Тігіп болдың ба?

Нинико: Болдым.

Резо: Жаңбыр басылсын.

Нинико: Қолшатырым бар ғой. *(Плащын киеді. Резо көмектеседі)* Рахмет!

Резо: Кетпеші.

Нинико: Жоқ, кетуім керек.

Резо: Есіңде ме, сен жаңбырлы күні келіп ең ғой.

Нинико: Содан бері не заман...

Резо: Енді жаңбырда кетіп барасың. Мен шығарып салайын.

Нинико: Жоқ, қажеті жоқ. Тәңірі жарылқасын. Саған не болды? Сен...

Резо *(айналып кетіп)*: Жай, әншейін. Бар енді, сау бол.

Нинико: Сау бол.

Резо үндемейді. Нинико ақырын шығып кетеді. Резо тұрып-тұрып, төсекке құлай кетеді. Не боп жатқанын кім білсін, әйтеуір қиналып жатыр. Майшамдар ақырын өшеді, алыстан аппақ киінген қыз көрінеді.

Резо: Мама?

Мама: Резо, балам, мен сені оятып жібердім бе?

Резо: Мама...

Мама: Көзің сондай мұңды ғой.

Резо: Солай шығар. Мен сені бұрын түсімде ешқашан көрген емеспін. Ылғи көргім кеп жүрсе де. Ғажап... Мен сені бірден таныдым!

Мама: Бәрі бұрынғы қалпында. Төсекті ғана жылжытып қойыпты. Бұрын ол ана бұрышта тұрушы еді.

Резо: Мама, сен білсең ғой, маған сенсіз қиын! Мен сені сағынумен келем!

Мама: Балапаным сол...

Резо: Он екі жасқа келгенімше папам мен мамамды тірілтіп бер деп дәрігерлерге жалынумен болдым.

Мама: Папаңды білесің бе?

Резо: Еміс-еміс білем.

Мама: Сен соған тартқансың.

Резо: Одан темекі мен шараптың исі шығып тұратын. Үйде бірнеше кісімен мылтықтарын қамдап, аңға шығуға дайындалып жатқанын білем. Маған бәрі ертегінің дәулері боп көрінді. Мен атып тұрып: «Мені де соғысқа ала кетіңдер» деп жалындым. Олар күлді.

Мама: Біз әкең екеуміз сені армандаушы едік.

Резо: Мен сендерді армандаймын!

Мама: Мен сені бір-ақ рет көрдім. Кіп-кішкентай ғып алып келді. Біреу: «Қандай аппақ бала» деді. Тағы біреу: «Ақ емес, көк» деді. Содан соңғысы есімде жоқ. Түнек, қапас, ештеңе...

Резо: Ештеңе?

Мама: Түнек, қапас... Ештеңе... *(Алыстайды).*

Резо: Мама, кетпеші! Мені тастап кетпеші, жалынамын! Немесе өзіңмен бірге ала кет! Сенсіз өмір сүргім келмейді.

Мама *(алыстан)*: Өмір сүрген – бақыт! Өмір жасың ұзақ болсын, балам!

Резо: Жоқ, жоқ, өмір сүргім келмейді!

Мама: Мен кетпеймін, Резо, қасыңдамын, сезбеймісің? Мен сені сүйем. Әкең де сүйген еді. Сен тумай тұрып-ақ біз сені армандадық. Махаббат деген – сол, ешқашан таусылмайды. Махаббатыңды сақта, махаббатыңды сақта...

Кенет бәрі қатты соққыдан дірілдеп кетеді.
Бадри мен Гела кіреді

Гела *(шам жаққысы келеді)*: Шам жоқ қой?

Бадри *(төсекте жатқан досын аңғарады. Жетіп кеп, сілкілей бастайды)*: Резо, Резо!

Гела *(ол да сілкілейді)*: Шал-ей, Резо!

Резо: Ә... Не болды?

Бадри *(жеңіл күрсініп)*: Перше ғой, шіркін!

Гела *(Резоны итеріп)*: Зәремізді алдың ғой! Өлтірем!

Кирилэ мен Лена кіреді. Кирилэнің қолында оқтаулы қосауыз, Ленаның қолында кепсер.

Лена: *(Бажылдап)* Қоршап ал! Көмекке!

Кирилэ: Көтеріңдер қолдарыңды!

Бадри мен Гела қолдарын көтеріп тұрып қалады.

Бадри: Пардон, сударынья...

Кирилэ: Молчать!

Лена *(жатқан Резоны көріп)*: Баланы өлтіріп тастапты! Өліп қапты!

Гела: Тартыңыз мылтықты, сізге не болған?

Кирилэ: Бір-екі, атам қазір!

Бадри: Э-э-э!

Гела: Резо! Тұр!

Лена: Баланы мүлде өлтіріп тастапты.

Гела: Резо. Айтшы, әйтпесе...

Резо: Кирилэ...

Кирилэ: Не бауырым?

Лена: Тірі жатыр...

Гела: Мыналарға айтсайшы...

Кирилэ: Тоқта, әйтпесе атам!

Резо: Кирилэ, атпа.

Кирилэ: Атпаймын, бауырым. Сен маған ренжімейсің бе? Мен саған ренжімеймін.

Лена: Тасташы осыңды! *(Бадри мен Гелаға)* Сендер неге есікті сындырдыңдар?

Резо: Кирилэ, мылтығыңды тарт, бұлар менің достарым...

Лена: Резо, сен араласпа. Қане, жауап беріңдер, есікті неге сындырдыңдар? Басқанікі болса, сындыру керек пе? Бұл болса жетім!

Резо: Лена, айғайлама, бұлар менің достарым.

Лена: Дос болса, сындыру керек пе? Достар қайта жасап беру керек, бұлар сындырады!

Бадри: Үш күн бойы телефоны жауап бермей қойды.

Гела: Өзіміз жаман қорықтық...

Кирилэ: Е, жақсы адам екенсің ғой... Қатты қорықтың ба?

Резо: Рахмет сіздерге.

Кирилэ: Сен неге рахмет айтасың? Сен маған іні емессің бе? Рахмет дей ме екен ағасына?! «Кирилэ, дұрыс қылдың» деу керек ағасына.

Резо: Иә, Кирилэ, дұрыс қылдың. Рахмет, Лена.

Лена: Өзіңе де.

Кирилэ *(Бадриге)*: Сен маған ренжімейсің бе? Мен саған ренжімеймін.

Бадри: Неменеге ренжимін...

Кирилэ: Менің атым – Кирилэ, танысқаныма қуанып тұрмын. *(Гелаға)* Мен саған ренжімеймін. Кирилэ... *(Қолын қысып)* Лена, сен ренжіме, үйге барайық.

Лена: Мен саған ренжимін.

Кирилэ *(аң-таң)*: Неге?

Лена: Үйге барғасын сөйлесеміз. Тарт мылтығыңды, дүкенші. *(Кетеді).*

Кирилэ: Неге олай дейсің, Лена?! *(Кетеді).*

Бадри *(темекі тұтатып)*: Ай, қорыққаным-ай... *(Күледі)* Мылтықпен жауға шапқандай... *(Күледі).*

Гела: Әй, шал, не болды? Тірідей жерленгің келді ме?

Бадри: Нинико жылап келіп: «Оны жалғыз тастамаңдар!» дейді... Түк түсінбедім, жалғыз қалдырған жоқпыз дедім.

Резо: Қашан барды?

Бадри: Алдыңғы күні, кеше де келді. Мен бірден телефон соқтым – жауап болмады. Сосын кешке, ертеңіне тағы соқтым, бірдеңе боп қалған шығар дедім... Мүмкін қаңғырып кетті ме деймін.

Гела: Мен екі күн қатар келдім, есік жабық, терезең жабық – қайран қалдым!

Резо: Бүгін нешесі?

Бадри: Жиырма үші!

Резо *(өзіне)*: Яғни, үш күн...

Гела: Үш күн қамалып жаттың ба? *(Резо тұрады, теңселіп кетеді. Достары сүйеп қалады)* Резо, Резо шал.

Резо: Көзім қарауытып барады. *(Басын сілкіп)* Мен аздап ашығып қалсам керек.

Гела *(суы бар графинді алып)*: Мүмкін сен Поль Брегтің диетасына көшкен шығарсың?

Бадри ас үйден тамақ алып келеді. Резоны столға отырғызады.

Бадри: Же!

Резо: Жей алмаймын.

Бадри:Ептеп же. *(Досына қасықпен тамақ береді).* Аш аузыңды. Дұрыс. Мынаны ағатайың үшін, мынаны апатайың үшін. Енді мынаны терезесін ашпай, қақайып тұрған мына азғынның денсаулығы үшін. Ой, ақылдым!

Гела терезені ашады, бөлмеге күн сәулесі түседі.

Гела: Жігіттер, көктем! *(Кеудесін кере тыныс ап)* Үш күн бойы жаңбыр жауды, енді, міне, жарқырап тұр! Көктем, жігіттер!

Резо *(ақырын)*: Жоғалшы әрі, көктеміңмен қоса.

Гела: Өзің жоғал, әй! *(Күледі).*

Резо: Мен әлдеқашан...

Бадри: Досымыздың басында өз-өзін қомсынған қиын кезең. Ұнамайсың, ә!

Резо: Ұнамаймын. Мен құрыған адаммын.

Гела: Тю-тю-тю!

Резо: Мамам мен үшін өлді. Нинико мен үшін баламызды алдырып тастады. Мен сонда не үшін өмір сүріп жүрмін? Менен бәрі қасірет шегеді. Мен хайуанмын. Қалай болды бұл өзі? Қашан болды?

Бадри: Өзіңді өзің жан-тәніңмен жек көріп тұрсың-ау? Мен сенің мұндайыңды бұрын көрмеп едім. Сен ше?

Гела: Мұны жуындырып, қырындырып, тамаққа тойғызып ап, көшеге қуып шығу керек. Бәрі де өте шығады. Алма ағаштың гүліндей боп ұшып кетеді.

Резо: Арманымның ақ құсын іздеп жүрмін... Не жоғалттым? Не таптым? Не боп кеттім? Осының бәрі неге керек? Мен өзі қандай адаммын?

Гела: Терезеге келші!

Резо: Бармаймын терезеңе, өлгім келеді.

Бадри: Тамаша, мен жылаймын!

Гела: Мен де.

Бадри: Мен өкіріп жылаймын! Көзімнің жасын тыя алмастан!

Гела: Мен де! *(Терезеге ұмтылады)* Жігіттер, қараңдар, оркестр келе жатыр! *(Терезеден басын шығарып айғайлайды)* Маэстро, Туш!

Күтпеген жерден қиялдағы бір оркестр музыка ойнайды.

Гела: Сандырағы келді деген осы.

Резо *(басын көтеріп)*: «Риорита!» *(Телефон шырылдайды. Телефонға)* Иә... Не дейсіз? Қайталаңызшы, ұқпай қалдым... *(Кенет күлкі қысады)* Луизаны таптың ба? *(Күледі)*. Рас па? Құттықтаймын, бауырым! Енді жоғалтпа! Ешқашан, естимісің?! Мәңгі бақи!

Тағы да бірдеңе деп айғайлайды, бірақ оның дауысын «Риорита» басып кетеді.



Аудармалар



Эрнст Кассирер

(1874-1945)

XX ғасырдағы белді философтардың бірі. 1874 жылы Бреславта *(Польша)* дүниеге келген. Берлинде, Лейпцигте, Гейдельбергте білім алған. 1896 жылы профессор Когенге көмекші болады. Бұдан кейін Берлин (1908-1919) және Гамбург (1919-1933) университеттерінде философиядан дәріс оқиды. Германияда билік басына Гитлер келген соң Э. Кассирер Англияға кетіп, Оксфордтың профессоры деген атақты иеленеді. 1941 жылы Америкаға қоныс аударып, өмірінің соңына дейін сонда тұрады. Иель және Колумбия университеттерінде дәріс береді. 1945 жылы Э. Кассирер Принстонда (Жаңа Джерси штаты) дүние салады.

АДАМ МӘДЕНИЕТІ ТЕРМИНДЕРІНДЕГІ АДАМНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

«Өзіңді өзің таны» деген афоризмге Платонның мүлде жаңаша түсінік беруі грек мәдениеті мен ой-санасында бетбұрыс кезеңі болды. Бұл түсінік тудырған проблема Сократқа дейінгілердің ой-санасына ғана жат емес, Сократтық әдістердің де шеңберінен шығып кетті. Сократ, Дельфия сәуегейінің *(оракул)* ырқына бағынып, адамды жеке тұлға ретінде қарастыруға мәжбүр болды. Платон Сократтың таным-тәсілінің шектеулі екенін білді. Ол: «Мәселені шешу үшін біз оны кеңірек ауқымда қарауымыз керек» – дейді. Жеке тәжірибемізде кездесетін құбылыстардың алуандығы, күрделілігі мен қарама-

қайшылығы сонша, біз олардың аражігін ажырата алмаймыз. Адамды жеке тұлға ретінде емес, саяси және әлеуметтік өмір ортасында зерттеу керек. Адам табиғаты, Платонның ойынша, мағынасын философия ғана ашып көрсететін күрделі мәтін тәрізді. Біздің жеке өмірімізде бұл мәтіннің өте ұсақ әріптермен жазылғаны соншалық, оны оқып шығу мүмкін емес. Философияның әдепкі шаруасы – сол әріптерді танитындай ету. Философия, мемлекет теориясы түзілмей тұрып, жарамды адам теориясын ұсына алмайды. Адам табиғаты мемлекет табиғатында үлкен әріптермен таңбаланған. Сонда ғана мәтіннің көмескі мәні оқыс ашылып, қараңғы әрі күрделі көрінген нәрселер анық әрі түсінікті болады.

Алайда, адамның қоғамдық тіршілігінің жалғыз формасы саяси өмір емес. Адамзат тарихында мемлекеттің қазіргі түрі – өркениеттің тым бертінгі жемісі. Адам әлеуметтік ұйымның бұл түрін ашқанға дейін өз сезімін, аңсары мен ойын ұйымдастырудың басқа түрлерін де қарастырған. Тіл, миф, дін мен көркемөнер – сондай ұйым мен жүйелеудің тәсілі. Осындай ауқымды негізде ғана адам теориясын құруға болды. Мемлекет, әрине, маңызды, алайда барлығы онымен шектелмейді: ол адам әрекетінің барлық түрлерін қабылдап, қорыта алмайды. Өзінің тарихи даму барысында бұл әрекет түрлері мемлекет дамуымен тығыз байланысты, қазір де, көп жағдайда саяси өмірдің әр түріне тәуелді. Дербес тарихи тіршілігі жоқ, сүйтсе де өзіндік мағына мен құндылықтарға ие.

Қазіргі философияда бұл мәселені қозғап, айқын әрі жүйелі түрде қараған Конт еді. Конт позитивизмін Платонның адам теориясына бүгінгі күннің параллелі ретінде қарастыруымыз, әрине, парадокс: өйткені Конт еш уақытта платоншыл болған емес. Ол ешқашан Платонның идея теориясындағы қисындық және метафизикалық алғышарттарды қабылдаған емес. Ол, бір жағынан, француз «идеологтарының» көзқарасына қарсы еді. Ол түзген адам танымының өрлеу сатысының жоғарғы баспалдағында екі жаңа ғылым: әлеуметтік этика мен әлеуметтік динамика тұрды. Өзімен тұрғылас ойшылдардың психологизміне ол әлеуметтік тұрғыдан дау айтатын. Оның философиясындағы тұғырлы өзектің бірі сол, біздің адамды зерттеу әдісіміз субъективті болуы керек, шынтуайтында, біз танығымыз келген субъект жеке ақыл-ой иесі ғана емес, – әм-

бебап субъект болып табылады. Осы субъектіні «адамзат» терминімен шендестіргенде біздің көзіміздің кәміл жететіні, – адам арқылы адамзат емес, адамзат арқылы адам танылуы керек. Мәселе басқаша сипатталып, басқаша қаралып, кең ауқымда, түбегейлі негізде қойылуға тиіс. Бұл негізді біз әлеуметтік және тарихи таным тұрғысынан зерделейміз. «Өзіңді тану – дейді Конт, – яғни тарихты білу». Бұдан былай тарихи психология жеке тұлға психологиясының бұрынғы түрлерін толықтырады. «Ақылдың үстінен қадағалау дегеніміз оны өз бойымыздан және дәйексіз қарастырсақ – барып тұрған қиял. Қисын, метофизика, идеология дегендеріміз – егер, сандырақ демесек, бос қиял, арман».

Конттың «Позитивтік философия курсынан» қадам басқан сайын XIX ғасырдағы методологиялық идеялардың өзгерісін аңғаруға болады. Конт таза ғылымнан бастап еді, оның назары математикалық, физикалық, химиялық мәселелерге тұтасымен ауып еді. Өзі түзген адам танымының даму баспалдақтары оны астрономиядан математика, физика және химия арқылы биологияға әкелді. Мұның бәрі күтпеген оқыс бетбұрысқа бастады. Біз адам әлеміне үңілгенде, математикалық және жаратылыстану принциптерінің өз мағынасынан сақтай тұра, тым жеткіліксіз екенін аңғарамыз. Әлеуметтік құбылыстар да физикалық құбылыстардың заңына бағынады, алайда олардың әлдеқайда күрделі ерекшеліктері бар. Оларды физиканың, химияның немесе биологияның терминдерімен сипаттай алмайсың.

«Барлық әлеуметтік құбылыстардан, – деп жазады Конт, – біз жеке тұлғаға қатысты физиологиялық заңдардың әрекетін көреміз, бұдан басқа, сол әрекеттерді өзгертетін, жеке тұлғалардың бірі-біріне әсері саласына тиесілі әлденелерді аңғарамыз. Адамзат нәсілінде бұл әсер бір ұрпақтың екінші ұрпаққа ықпалы нәтижесінде өте-мөте күрделі күйге түседі. Сүйтіп, біздің әлеуметтік ғылымымыздың жеке тұлғаның тіршілігіне қатысты нәрселерден туындайтыны анықталады. Екінші жағынан, біздің кейбір психологтарымыз сияқты, әлеуметтік физика – бар болғаны қолданбалы физиология деп санауымызға негіз жоқ. Бұл екі саладағы құбылыстар бірдей емес, алайда біртекті, сол үшін де бір ғылымды екіншісімен шатастырмау маңызды. Әлеуметтік жағдайлар физиологиялық

заңдардың әсерін өзгеріске түсіретіндіктен де, әлеуметтік физиканың өзіндік зерттеу нысаны болғаны абзал».

Конттың шәкірттері мен ізбасарлары болған жоқ, алайда, кейінгілер әлгі айырмашылықтарды қабылдауға бейімділік танытты. Олар физиология мен социологияның арасындағы айырмашылықты теріске шығарғанда, метафизикалық дуализмге қайтып оралудан қауіптенетін. Өздері әлеуметтік және мәдени әлемнің таза табиғи теориясын қалыптастырудан үмітті еді. Сол мақсаттарына жету үшін адамзат әлемі мен жануарлар әлемі арасындағы барлық бөгесіндерді таптап, құртуды талап етті. Даму теориясы, тегінде, бұл айырмашылықтарды жоюға тиіс болған. Дервинге дейін-ақ, тарихтың табиғи дамуы бұл теріс теңдікті *(дифференциация)* орнатуға деген талпыныстың бәрін жоққа шығарды. Қарапайым бақылаудың алғашқы сатыларында адамның ерекшелігіне мегзейтін белгілерді табуға мүмкіндік болған да шығар. Тіпті кейін де, XVIII ғасырда, адам мен басқа жануарлардың анатомиялық құрылысында көрінеу айырмашылық бар, кейде қарама-қайшылық та ұшырасады деген теория үстемдік құрды. Гетенің салыстырмалы анатомия саласындағы ерен еңбегінің бірі сол теорияға қарсы батыл күрес ашуында еді. Мұндай құрылым біртектілігін анатомия мен физиологияға ғана қатысты емес, адам жаратылысының ерекшелігіне орай да дәлелдеу қажет еді. Бұл мақсатта, ескіше ойлау әдісіне деген шабуылдың барлығы бір мақсатқа жұмылдырылуы тиіс еді: адамның ақылы дегеніміз өз-өзінен айқындалатын әдепкі қабілет емес. Натуралистік теорияның жақтастары, дәлел іздеу барысында сенсуализмнің ескі мектептері қалыптастырған психологиялық принциптерге жүгінуге мәжбүр болды. Тэн өзінің адам ақылы мен танымы туралы еңбегінде жалпы теорияны психологиялық негізге құрады. Тэннің ойынша, біздің «саналы әрекет» деп жүргеніміз – адам табиғатының принципі немесе артықшылығы емес, – жануарлар реакциясына тән ассоциативтік механизм мен автоматизмнің жетілдірген әрі күрделіленген қолданылымы ғана. Бұл түсінікті қабылдайтын болсақ, ойлау мен түсініктің айырмашылығы шамалы: сапалық емес, деңгейлік айырмашылық қана. «Ойлау» деген терминнің өзі ғылым үшін маңызын жойып, қажетсіз болып қалады. Бұл тектес теориялардың таңқаларлық әрі ақылға сыймас ерекшелігі сол – ұсынары мен берерінің

кереғарлығында. Мұндай теорияларды түзген ойшылдар өздерінің әдістемелік принциптеріне қатаң қараған. Олар адам табиғаты туралы біздің кәдуілгі тәжірибелеріміздің терминімен сөйлеуге жол бермеген, өйткені олар ұмтылған биік мұрат – ғылыми дәлдіктің абсолюттік идеалы еді. Алайда, бұл стандарттарды бар нәтижелермен салыстыру үлкен өкініш тудырмайды. «Түсінік» – шашыраңқы ұғым. Оның сипаттамалық құндылығы бар шығар, алайда түсіндірмелік құндылықтан ада. Табиғи немесе адами тірліктің кейбір құбылыстарын әлдебір негізгі түсініктерге телігенде, біз оның тың себебін тапқанымыз жоқ, тек тың сөз ғана енгіздік. Сұрақтың өзі жауапсыз қалды. «Түсінік» терминінің әрі кеткенде берері idem per idem*, ал бұл негізінен obsurum per obsuries*. Бүгінгі биологтар мен психобиологтардың көпшілігі тіпті жануарлар мінезін сипаттағанда да бұл терминдерге сақтықпен қарайды. Солармен тығыз байланысты адасулардан бізді сақтандырады. Олар «қателіктерді қоздататын түйсік туралы түсінік пен интеллект туралы қарабайырланған түсініктен» аулақ болуға не бас тартуға тырысты. Таяуда жариялаған еңбектерінің бірінде Роберт М. Йеркс, «түйсік» және «интеллект» терминдерінің көнергенін, олар анықтауға тиіс ұғымдардың, өкінішке орай, қайта байыптауды қажет ететінін мәлімдеді. Антропологиялық философия саласында қайта байыптаудың ауылы бізге әлі тым алыс. Аталған терминдер мұнда көбіне сыни тұрғыдан зерделенбей, бейберекет қолданылады. «Түйсік» ұғымын былайша қолдану, Ульям Джеймс «психологтың адасуы» деп сипаттаған, әдістемелік қатенің жарқын мысалына айналмақ. Адамның не жануардың әрекетін сипаттауда қолданылған «түйсік» сөзі, ипостасы ұлғайып, жаратылыс күші сияқты бірденеңгеайналмақ. Бірқызығы, бұлқателікке, схоластикалық реализмнің немесе «мүмкіндік психологиясынан» берік сақтанған ойшылдар жиі ұрынды. Былайша ойлау жүйесіне Джон Дьюйдің «Адам табиғаты мен мінезі» атты еңбегінде ашық әрі бедерлі сын айтылған. «Бастапқы харекет түрлерін түйсік түрлерінің таңбаланған нақты санымен шектеу, – деп жазады Дьюй – ғылымға жат. Мұндай ұмтылыстардың практикалық нәтижелері де зиянды. Расында, іріктеу қаншалықты мөлшерде табиғи болса, соншалықты мөлшерде пайдалы болмақ. Жекебастың есепсіз көп әрі құбылмалы оқиғаларын біздің ақы-

лымыз анықтау актілерінің, мүлікті есепке алу, санақтау, жалпы бөлшектер мәліметімен топтарға бірігудің көмегімен жинақтайды. Алайда, біздің санақ ретіміз бен топтарымыз табиғи бөлімдер мен бөлшектерді *(in rerum natura)* танытады деп тұжыруымыз, заттармен ықпалдаса әрекет етуімізге септесудің орнына, кедергі келтіреді. Біз өркөкірек өзімшілдігімізден күнәға батамыз, сол үшін де табиғат жазасы жылдам. Біз табиғат пен өмірге тән нәзіктікпен, тазалықпен тиімді әрекет ете алмаймыз. Бөлшектеу мен іріктеуді ұмыту үрдісі және оларды жұмбағы ашылмаған құбылыстардың белгісі деп тану – ғылымдағы салалық мамандануға орайлас алған жаңсақтық. Әуелде физикада таралған бұл ұстаным бұл күнде адам табиғаты жайлы теориялық толғамдарға да тән болып отыр. Адам санап, тізіп, рет-ретімен сыпыра сипаттап шығуға болатын бастапқы түйсіктер шоғырының тасасында қалды. Теорияшылар барлық жағдайда яки ең алдымен, осы түйсіктер қанша және өзара қандай қатынаста деген сұраққа берген жауаптарымен дараланады. Біреулері – өзін әспеттеушілікті, екіншілері – эгоизм мен альтруизмді, үшіншілері – мүддеқорлықты, үрей мен даңққұмарлықты сөз етсе, қалыпты *(эмпириялық)* бақылауға иек артқан зерттеушілері мұндай түйсіктің елу-алпысын алға тарта алады. Анығында, қаншалықты жағдай бар, сол жағдайларға, ондағы мүдделерге орай соншалықты реакция бар, сондықтан біздің тізіміміз – ыңғайлы іріктеу ғана».

Адам кім деген сұрақтың жауабына бұған дейін қолданылып келген әдістерге жасаған осы қысқаша шолуымыздан кейін, біз негізгі мәселемізге көшеміз. Бұл әдістер жеткілікті ме? Оларда бәрі қамтылған деп санауға бола ма? Әлде антропологиялық философияға деген басқа көзқарастар бар ма? Психологиялық бұтарлаудан басқа биологиялық бақылау сынақтың, әлде тарихи зерттеудің басқа бір мүмкіндігі бар ма? Менің ойымша, ондай балама көзқарасты «Символикалық қалыптар философиясы» ашқан. Бұл еңбектегі әдіс, әрине, түбегейлі жаңалық емес. Ол бұған дейінгі көзқарастарды теріске шығармайды, тек қана толықтырады. Символикалық қалыптар философиясы, табиғаттың немесе адам «негізінің» анықтамасы болса, ол анықтама субстанциялық емес, тек қана функционалдық тұрғыда қабылдануы керек деген алғышарттан туындайды. Біз адамды оның метафизикалық негізін қалыптастыратын қандай

бір болмасын ішкі принциптер арқылы анықтай алмаймыз; қалыпты бақылаулар көрсеткен туа біткен қабілеттері мен түйсіктері арқылы да анықтай алмаймыз. Адамның ең басты сипаты – оның метафизикалық немесе физикалық табиғатында емес – әрекетінде. Тек қана еңбек, әрекеттер түрінің жүйесі – «адамгершілік шеңберінің» анықтамасы. Тіл, миф, дін, көркемөнер, ғылым, тарих – сол шеңбердің өзегі, құрамдас бөліктері мен түрлі салалары. «Адам философиясы» – ол сондай философия, әлгі әрекет түрлерінің өзекті салаларын бізге әйгілей отырып, оны табиғи тұтас күйінде қабылдауымызға мүмкіндік тудырады. Тіл, көркемөнер, миф, дін кездейсоқ, дербес жаратылмаған, бәрінің тамыры бір. Бірақ бұл тамырлар схоластикалық ақыл-ой қабылдап, сипаттаған *vinculum substantiale* емес, одан гөрі *vinculum functionale*. Тілдің, мифтің көркемөнер мен діннің қаптаған түрлері мен баяндалу астарынан біз оның осы негізгі міндеттерін іздеуіміз керек, нақ осындай зерттеу ғана олардың ортақ көзін табады.

Әрине, бұл мақсатты іске асыру барысында біз кез келген мәліметке немқұрайды қарай алмаймыз. Барлық тәжірибе мәліметтерін зерттеуге, психологиялық бұтарлаудың, биологиялық бақылау мен тарихи зерттеулердің барлық әдістерін қолдануға тиіспіз. Бұл қалыптасқан әдістерді сырып тастауға болмайды: оларды жаңаша парасат пайымына бейімдеп, тың тұрғыдан қарау керек. Тілдің, мифтің, діннің, көркемөнер мен ғылымның құрылымдарын сипаттағанда біз психологиялық терминологияның қажеттілігін үнемі сезінумен боламыз. Біз діни «сезім», суреткерлік немесе мифологиялық «қиял», қисындық немесе дәйектік ойлау туралы айтамыз. Алайда, осы әлемдердің ешбіріне сенімді психологиялық әдіссіз бойлай алмаймыз. Адам тілінің дамуын зерттеуге кәміл кілтті бала психологиясынан табамыз. Жалпы әлеуметтануды зерттеудің өзі одан да құнды. Жабайы қоғам түрлерін қарастырмай, біз жабайы ойлау түрлерін ұға алмаймыз. Тарихи әдістерді қолдану, тіптен, ауадай қажет. Тіл, миф және дін не деген мәселе, олардың тарихи дамуын терең зерттемей, мүлде шешілмейді.

Алайда, осынау психологиялық, әлеуметтік, тарихи сұрақтардың баршасына жауабымыз әзір болса да, біз «адам» әлемінің шеңберінде қалуымыз керек, одан аттауға болмайды. Адам жаратқанның барлығы да тарихи, әлеуметтік жағдайларға

байланысты пайда болған. Сол туындылардың барлығын бағындырып тұрған ортақ құрылымдық принциптерді қармай алмасақ, біз әлгі ерекше жағдайларды ұғына алмаймыз. Тіл, көркемөнер, мифті зерттегенде олардың маңызының мәселесі тарихи дамуының мәселесінен жоғары. Міне, осы арада, әдістемелік ұғымдар мен эмпирикалық ғылым идеяларының баяу да тоқтаусыз өзгеру процесін көзбен көреміз. Мәселен, лингвистикада, тіл тарихы лингвистикалық зерттеулердің барлық аумағын қамтиды деген догма, ұзақ уақыт үстемдік құрып келді. Осы догма XIX ғасырдағы лингвистиканың барша дамуына таңбасын салды. Бұл күнде, әйтеуір, біржақты көзқарастан арылдық.

Сипаттамалы анализ тәуелсіз әдістерінің қажеттілігі даусыз. Сипаттамалы анализге жүгінбей, адам мәдениетінің бәз бір саласына тереңдей бойлау мүмкін емес. Тарихтық көзқарастан бұрын құрылымдық көзқарасқа ден қойған абзал. Фактілерді жалпы құрылымдық схема арқылы іріктеп, тәртіптеп, жүйелемесе, қаптаған бейберекет фактілер топанының астында тарихтың өзі көрінбей қалады. Көркемөнер саласында мұндай схеманы, мәселен, Генрих Вельфлин жасады. Вельфлиннің пікірінше, көркемөнер тарихшысы, көркемдік сипаттаудың негізгі категорияларының денін меңгермесе, жекелеген дәуірлер мен суреткерлердің өнеріне баға бере алмайды. Ол бұл категорияларды көркемдік баяндаудың алуан әдістері мен мүмкіндіктерін зерттеп, талдап барып табады. Мүмкіндіктер шексіз емес, – шынтуайтында олар санаулы ғана болуы мүмкін. Вельфлин өзінің классика мен барокконың атақты сипаттамасын осы тұрғыдан ұсынды. «Классика» мен «барокко» терминдері әсте белгілі бір тарихи фазалардың атауы ретінде қолданылмайды. Олар, атаулы дәуірмен шектелмеген ортақ құрылымдық үлгілерді сипаттауға қолданылады. Ол өзінің «Көркемөнер тарихының принциптері» атты еңбегінің соңында: «XVI-XVII ғғ. көркемөнер емес, талдау нысанасы болған тек қана схема және өнердің осы екі жағдайдағы зертшілдік, шығармашылық мүмкіндіктері, – деп жазады. – Осыларды айшықтау барысында біз жекелеген өнер туындыларына жүгінуге мәжбүрміз, алайда Рафаэль мен Тициан, Рембрандт пен Веласкес туралы айтқандарымыздың барлығы істің жал-

пы барысын ашуға бағытталған... Бәрі өтпелі, тарихты толассыз ағын деп танитын адаммен дауласу қиын. Біздің ойымызша, интеллектуалдық құрып кетуден сақтану оқиғалар толассыздығын олардың санаулы нәтижелерімен шегендеуді талап етеді».

Егер лингвист пен көркемөнер тарихшысына түбірлі құрылымдық категориялар «интеллектуалдық құрып кетуден» сақтану үшін қажет болса, бұл категориялар адамзат өркениетін философиялық тұрғыдан сипаттау үшін өте-мөте қажет. Философия адамзат мәдениетінің дербес үлгілерін талдаумен шектеле алмайды. Ол дербес үлгілердің баршасын жинақтаған әмбебап синтездік көзқарасқа ұмтылды. Алайда, барлығын түгел қамтымақ мұндай көзқарас – қолдан келмес бос қиял емес пе? Адам тәжірибесінде мәдениет әлемінің үйлесімін тудыратын ондай әрекет түрлері ұшыраспайды. Керісінше, біздің көретініміз қарсы күштердің бітіспес майданы. Ғылыми ой мифологиялық ойға қарсы тұрып, оны тұншықтырады. Дін өзінің теориялық және этикалық өрлеуі барысында миф пен көркемөнердің қисынсыз қиялдарынан идея тазалығын сақтауға мәжбүр. Сүйтіп, адам мәдениетінің бірлігі мен үйлесімі бар болғаны – pium desiderium – нақты оқиға барысында талқандалып отыратын игі тілек қана.

Бұл арада, заттық және шартты көзқарастардың аражігін ажыратқан ләзім. Сөз жоқ, адам мәдениеті түрлі идеяларға бағынған, түрлі жолдармен дамитын әрекеттер нәтижесінде қалыптасады. Егер біз әрекеттер нәтижесі – мифті, діни шаралар мен нанымдарды, көркемөнер туындыларын, ғылыми теорияларды қызықтап қана қоятын болсақ, оларды ортақ жүйеге біріктіру мүмкін емес. Философиялық синтез, алайда, мүлде басқа. Мұнда біз салдар бірлігін емес, әрекет бірлігін, өнім бірлігін емес, шығармашылық процесс бірлігін көреміз. Егер «адамзат» деген терминде мағына болатын болса, ол алдымен – әрекет атаулының түрлері алуан әрі қайшылықты болғанымен, барлығы бір мақсатқа жұмылдырылған деген мағына береді. Түптеп келгенде, бұл түрлердің барлығын үндестіріп, үйлестіретін ортақ кескін, бірегей сипат табылуға тиіс. Біз осы ерекшелікті анықтай алсақ, шашыраған сәулелер ой айнасында тоғыспақ. Адам мәдениеті фактілері жекелеген ғылымдарда – лингвистика, миф пен дінді салыстырмалы зерттеу, көр-

кемөнер тарихында жүйеленеді деп, қадап айтқамыз. Бұл ғылымдардың барлығы дін, көркемөнер, тіл құбылыстарын жүйелеп тәртіпке түсіретін кейбір принциптер мен жекелеген «категорияларға» арқа сүйеуге тырысады. Ғылымдар қол жеткізген алғашқы синтездер болмаса философия бастау ала алмас еді. Өз кезегінде философия мұнымен қанағаттана алмайды: ол бұдан да гөрі қоюлық пен жинақылыққа ұмтылуы тиіс. Шексіз көп әрі сан алуан мифтік бейнелер, діни ілімдер, тіл түрлері мен көркемөнер туындылары арасынан философиялық ой, соларды тұтастыратын ортақ міндет бірлігін анықтайды. Миф, дін, көркемөнер, тіл, тіпті, ғылым да бір аспаптың алуан шегі сияқты, ал философияның міндеті – бізге сол аспапты тыңдатып, ұғындыру.

Кассирер Э. Адам туралы тәжірибе. Адам мәдениеті философиясына кіріспе. 2-бөлім: Адам және мәдениет. – Лондон. 1945. 144-156-беттер

1. ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТЕҢДЕСІ ЖОҚТЫҒЫ

а) Философия – ғылым да, дүниетанымдық насихат та емес.

Біздің дәрісіміз «Метафизиканың негізгі ұғымдары» деп аталады. Бұл атаудан, түрі мүлдем айқын болғанымен, бірдеңе аңғару қиын. Ол басқа дәрістердің атына ұқсас сияқты. Зоологияның басталуы, Лингвистиканың негіздері, Реформация тарихының очеркі дегендей. Біздің білетініміз: алдымызда айқын бедерленген «Метафизика» атты пән. Ендігі шаруамыз, бір семестрдің шеңберінде – қаптаған ұсақ-түйегін түгендемей – оның негізгі ұғымдарымен танысу. Метафизика – философиясының өзекті ілімі болғандықтан, оның негізгі сипаттарын талдау философиясының басты мәнін жинақтап баяндауға айналады. Нақтылы ғылымдарға қарағанда философия жалпылық сипаттағы ғылым болғандықтан, біздің оқуларымыз тиісті ауқым мен шеңберде өтеді. Бәрі сақадай сай, университет фабрикасы іске қосылуға әзір.

Ол баяғыда-ақ іске қосылған, қауырт жұмыс істейтіні сонша, кейбіреулер оның екпінінен үмітсіздік пен адасушылықты аңғара бастады. Мүмкін, механизмнің бойында бірдеңе қираған шығар. Қалайша оны ұғым мен қалыптасқан тәртіптің мезілігі және ескілігі күйреуден сақтап тұр? Қайтіп бұл дәрістің өзегін жалғандық пен шарасыздық жайлаған? Ал, егер метафизика – философиялық білімнің берік айқындалған саласы деп жүргеніміз – адасу, философия оқытылмақ, зерттелмек ғылым ретінде – көзбояушылық болса ше?

Алайда, мұндай жайларды арнайы сөз етудің қажеті бар ма? Елдің бәрі баяғыдан біледі, философияда, әсіресе метафизикада барлығы орнықсыз, қаптаған алуан ұстанымдар, көзқарастар мен үрдістер бір-бірімен соқтығысып, жұлысуда – күмәнді пікірлер қойыртпағы даусыз ақиқатпен, ғылымның сыналған нәтижелерімен таласады. Бар пәленің басы осы. Философия, әсіресе, метафизика ғылыми кемелдікке әзірше жете қойған жоқ. Ол бір төменгі деңгейде қыбырлайды. Ол Декарттан бері, Жаңа заман басталғалы ғылымның, абсолюттік ғылымның деңгейіне көтерілуге тырысқанымен, әзірше қолынан келер

емес. Ол бір сәтті күні дегеніне жетуі үшін біз бәріміз барлық күшімізді жұмылдыру керек. Бір уақыттарда ол да аяғынан қаз тұрып, адамзат игілігі үшін ғылымның сыналған жолына түсер. Философия дегеннің не екенін сол кезде білерміз.

Әлде философияға абсолюттік ғылым ретінде үміт арту құрғақ қиял ма? Айталық, жеке адам немесе жеке мектеп бұл мақсатқа ешуақытта жете алмайтындығынан ғана емес, мұндай мақсатқа ұмтылудың өзі – түбірлі қателік және философияның терең мәнін танымау. Философия абсолюттік ғылым ретінде – асқақ, асусыз идеал. Солай көрінеді. Мүмкін, философияның құндылықтарын ғылыми идеямен өлшеу – оның шынайы мәнін оңдырмай кеміту шығар.

Алайда, философия жалпы алғанда да, түбірімен алғанда да ғылым емес десек, ол неменеге қажет, университет ғылымдарының арасында не алашағы бар? Онда философия әлдебір дүниетанудың насихатшысы болып шықпай ма? Дүниетаным ше? Ол бар болғаны кейін өз жүйелерін құрып алатын аздаған ізбасарын аз уақытқа ұйытқан дара ойшылдық жүйеленген пікірі ғана емес пе? Олай болғанда, философияның тірлігі үлкен бір жәрмеңкедей болмай ма?

Түптеп келгенде, философияны дүниетанымдық насихат деп қарастыру, оны ғылым ретінде сипаттағаннан бетер адасу. Философия (метафизика) – ғылым да емес, дүниетанымдық насихат та емес. Бұлай болғанда, оның еншісіне не бұйырмақ? Біз бастамаға, оны мұндай қалыпқа сала алмайтын теріс мәлімдеме жасаймыз. Мүмкін, ол басқа бірдеңе арқылы анықтауға көнбес, *тек өзі арқылы ғана, ештеңемен салыстырмай, өзін ғана қарастырып барып,* оған оң анықтама беруге болар. Мұндай жағдайда философия дербес және түйінді нәрсе.

в) Көркемөнермен, дінмен салыстыру арқылы, айналма жолмен философияның мәні анықталмайды.

Философия ештеңемен салыстыруға келмей ме? Мүмкін, теріс те болса, салыстыруға келер: *көркемөнермен*, әсте шіркеу жүйесі ғана деп қабылдауға болмайтын *дінмен*. Онда неге философияны дәл осылай ғылыммен салыстырмасқа?! Ал, біз философияны ғылыммен салыстырған жоқпыз, оны ғылым ретінде анықтауға тырыстық. Философияны көркемөнер ретінде немесе дін ретінде анықтау ойымызда да жоқ. Сөйте тұра, философияны ғылыммен салыстыру – оның мәнін қисынсыз

кеміту, ал көркемөнермен, дінмен салыстыру, керісінше, қисынды әрі қажетті салыстыру. Бұл арада, теңдік бірдейлікті көрсетпейді.

Яғни, көркемөнер мен дін арқылы айналма жолмен философияның мәнін қармауға болады екен ғой? Мұндай жолдың ұсынатын басқа қиындықтарын айтпағанның өзінде, біз жаңаша салыстырулар арқылы филосрфияның өзегін тағы ұстай алмаймыз – көркемөнер мен дін оған қаншалықты жақын десек те сол мәнді әуелі көзбен көру керек. Сонда ғана біз одан дін мен өнерді ажырата аламыз. Сондықтан да бізге бұл жол жабық, алайда екеуі де – көркемөнер де, дін де жолай ұшырасып отырады. Мұндай салыстырулар арқылы философияны меңгереміз десек біз қайта-қайта кері басамыз. Бұл жолдардың барлығы да ешқайда апармайтын айналма жолдар екенін көреміз. Өз алдына философия деген не, метафизика не деген сұрағымызбен үнемі кері басып отырып, біз қыспақта қаламыз. Айналма жол атаулыдан бас тартатын болсақ, философия дегеннің өз алдына не екенін қандай тәжірибемен білуге болады?

с) Философияның мәнін тарихнамалық бағытпен елес ретінде анықтау жолы.

Қалған соңғы амал: тарихтан іздестіру. Философия – бар болатын болса – кеше ғана пайда болған жоқ. Өзімізді пайдасы жоқ сұрақтармен әурелегенше, тарих арқылы, бірден осы жолға түспегеніміз, тіптен қайран қаларлық. Тарихнаманың көмегімен бағытымызды айқындай сала, біз дереу метафизикаға қатысты түсінік аламыз.

Үш нәрсе туралы сұраймыз:

1) «Метафизика» деген сөз қайдан шыққан және оның жуық мағынасы не? Біз бұл арада ғажап сөздің ғажайып тарихымен танысамыз.

2) Қарапайым ғана сөз мағынасына сүйеніп, метафизика деп анықталатын әлемге енеміз. Біз филологиялық пәндердің бірімен танысамыз.

3) Ақыры, бұл анықтау арқылы біз *аталған заттың* өзіне жетеміз.

Айқын да мазмұнды мақсат. Алайда, метафизика дегеннің не екенін өзіміз алдын ала білмесек, ешқандай тарихнама оны сезінуге жәрдемдеспейді. Ондай білім болмаса, философия тарихының кез келген мәліметі біз үшін мылқау. Біз мета-

физиканың өзімен емес, ол туралы пікірлермен ғана танысамыз. Сөйтіп, бұл қалған соңғы жолымыз да тығырыққа тірейді. Ең жаманы, мұнда тарихнамалық мәліметтер іздегенімізді білуге, түсінуге, табуға мүмкіндік береді деген жалған сенім тудыру қаупі бар.

2. НОВАЛИС СӨЗІНІҢ ЖОЛ КӨРСЕТКІШ ТІНІ АРҚЫЛЫ ФИЛОСОФИЯНЫҢ АНЫҚТАМАСЫН ӨЗ БОЙЫНАН ТАБУ

а) Метафизиканың (философияға берілудің) адам әрекеті ретінде адам жанының түнегіне сіңуі.

Сонымен, метафизиканы айналма әдістермен сипаттау әрекетінің барлығында біз сәтсіздікке ұшырадық. Шынымен өтеуіне ештеңеміз жоқ па? Әрі бар, әрі жоқ. Тапқанымыз анықтама немесе сол тақылеттес бірдеңе емес. Тапқанымыз маңызды, метафизиканың ерекшелігі туралы, бәлкім, аса қажет түсінік: онымен беттесуден өзіміз жалтарып, сырғақтаймыз да, айналма жолдарға түсетінімізді ұғамыз; өзіміз оған ашылып, *метафизиканың түрін* қайтып көзден таса қалмастай танығаннан басқа жол жоғын ұғамыз.

Алайда, мүлде көрмеген нәрсені қайтіп жоғалтуға болады? Бұл қалай: метафизика бізден сырғақтайды, ал біз сырғақтап жүріп жетелеген жерлеріне жете алар емеспіз. Шынымен-ақ біз оның қайда сырғитынын көрмейміз бе, әлде метафизиканы тікелей қамтитын кәсіби ынтадан үрке қашамыз ба?

Теріс нәтиже айтады: философияның өзінен танып, басқа бірдеңе ретінде айналма жолмен қармау да, анықтау да мүмкін емес. Ол бізден айдалаға қарамай, өзін өзінен табуды талап етеді. Өзін алсақ – біз ол туралы не білеміз, ол не және қандай? Біз философияға берілгенде ғана ол бар. *Философия дегеніміз – философия айту.* Мұның бізге берері аз сияқты. Алайда, бір нәрсені құр қайталай бергендей болғанмен, біз үлкен шындықты айтамыз. Қай бағыттан іздеу керегін білдік, метафизиканың бізден сырғақтайтын бағыты да көрінді.

Метафизика философия айту ретінде, біздің меншікті адами ісіміз – адам дегенің біз өзіміз болғанда, метафизика философия

айту ретінде, меншікті адами ісіміз ретінде бізден қалай және қайда қашпақ? Алайда, біз өзіміздің кім екенімізді білеміз бе? Адам кім? Жаратылыстың шыңы ма, әлде қараңғы шатқал ма, үлкен қателік пе, әлде шыңырау ма? Адам туралы соншалықты аз білетін болсақ, өз тірлігіміз өзімізге қалайша жат болмасын? Сол тірліктің түнегіне философия қалайша батпасын? Философия – дегенмен біз өте үстірт білеміз – тіпті де көңіл ауанымызға қарай уақыт қысқартатын әдепкі шаруа емес, қалаған уақытта кітаптардан теріп білім жинау емес; алайда, біз еміс-еміс сезінеміз – бұл тұтастыққа ұмтылған және шегіне жеткен әлдене, мұнда адам ақыр-тақыр арылып, ақтық дауын айтады. Әйтпесе мұнда неге келер едік? Әлде мұнда басқалар келген соң ойланбай келдік пе, әлде бес пен алтының арасында қолымыз бос болып, үйге қайтқымыз келмеді ме? Неге келдік? Неменеге ұрынғанымызды біз білеміз бе?

в) Отан сағыну *(ностальгия)* – философияға берілудегі басты көңіл күй және әлем, аяқталу, мүжілу мәселелері.

Философия – адамды басыбүтін және үнемі баурайтын соңғы лебіз, соңғы дау. Алайда адам деген не, ол өз жанының түкпірінде не философия айтады және философия айту деген не? Біз оның қасында кімбіз? Қайда ұмтыламыз? Ғаламға біз кездейсоқ келген жоқпыз ба? ***Новалис*** бір үзіндісінде айтады: «Философия дегеніміз – ностальгия, қайда да үйді аңсау». Ғажап түсіндірме, әрине, ойлы да. Ностальгия дегеннің өзі бұл күнде бар ма? Күнделікті өмірдің өзінде ол бір мағынасыз сөзге айналып кеткен жоқ па? Шын мәнінде, бүгінгі қала адамы, өркениеттің маймылы, ностальгиядан баяғыда құтылған жоқ па? Енді кеп, ностальгия – философияның анықтамасы. Ең бастысы, философия жөнінде кімге жүгініп отырмыз? ***Новалис*** – ақын ғана, әсте ғалым, философ емес. Аристотель өзінің «Метафизикасында» айтпап па еді: «Көп өтірікті ақындар шығарады» деп?!

Сөйтсе де куәгеріміздің дұрыстығы мен беделі туралы дауласпай тұрып, көркемөнердің – оған поэзия да жатады – философияның сіңлісі екенін және кез келген ғылым философияға, бәлкім, қызметші ғана екенін еске алайық.

Өз пікірімізде қалайық та сұрайық: философия – ностальгия деген не? Новалис өзі түсіндіреді: «Қайда да үйді аңсау». Философия мұндай аңсауға айналар еді, егер де біз, философия

айтушылар, қашан да үйде болмасақ. Бұл аңсау нені көксейді? Қайда да үйде болу деген не? Мына жерде немесе ана жерде емес, әрбір жерде де емес, қатарынан барлық жерде, яғни қайда да үйде болу дегеніміз: үнемі және, ең бастысы, тұтасымен үйде болу. Бұл «тұтастықты» біз «әлем» деп атаймыз. Біз бармыз, бар кезімізде қашан да әлденені күтеміз. Бізді үнемі әлдене тұтастай тартады. Сол «бүтініміз» – әлем. Енді: әлем деген не? – деп сұраймыз.

Тұтас болмысқа бізді ностальгиямыз тартады. Сол тартылыс біздің болмысымыз. Біз түрлі жолдармен осы *тұтастыққа* беттедік, дұрысы, соған барар жолдамыз.

«Бізді тартады», яғни, бізді әлдене әлдебір амалмен артқа тартады, біз бір кері тартылысқа тап боламыз. Біз сол «тұтастық» жолындамыз. Біз «ол да емес, бұл да емес», өткелміз. Біздің «ол да емес, бұл да емес» деп құбылуымыз неден? Ол да бұл да жоқ, үнемі айтарымыз «бәлкім, әйтсе де жоқ, дегенмен». Осы тынымсыз айнымақ неден? Мұны біз аяқталу дейміз. Ендігі сұрақ: *Аяқталу деген не?*

Аяқталу бізге етене қасиет емес, – ол *болмысымыздың басты амалы*. Біз осы бар қалпымызда қалғымыз келсе, аяқталудан бас тартып, немесе ол жөнінде өзімізді алдарқата алмаймыз, оны қоруымыз керек. Оны сақтау – біздің түпкі болмысымыздың бағалы процесі, аяқталуға ынтамен бойұсынуымыз. Аяқталуға қалтқысыз бойсұнғанда ғана *ол бар*. Мұның соңғысы адамды қайталанбас тірлігінен *оқшаулануға* әкеледі. Оқшауланудың мәні, адам өзі әлем деп санайтын, күпініп әр жалғандыққа құлаш ұратын, дәрменсіз де шағын «Менін»-де табан тіреп қалуында емес. Мұндай оқшаулану, керісінше, адам бар нәрсенің мәніне, әлемге жақындай түсетін *жалғыздық* болып табылады. Адам өзінен басқа ешкім жоқтай сезінетін, бұл қай *жалғыздық*?

Оқшаулану дегеніміз не?

Қаусыра қарастырғанда: әлем, аяқталу, оқшаулану деген не? Біз басымыздан не кешіреміз? Адам деген не, оның тіршілігінің негізі неменеге ұшырайды? Біздің адам туралы білетініміздің барлығы – хайуан, өркениет сайқымазағы, мәдениетті сақтаушы, тіпті, тұлға дейік, осының бәрі, біз *қатысу* деп атайтын мүлде бөлек нәрсенің көлеңкесі емес пе *(Dasein)*? Философия, метафизика дегеніміз – ностальгия, қайда да үйді аңсау, бұл – соқыр да тиянақсыз сезім емес, қайта бойымызда

оянып, әлгінде ғана өзіміз қойған: әлем, аяқталу, оқшаулану дегеніміз не? деген сұрақтарға ұмтылдырмақ. Бұл сұрақтардың бәрі де тұтастыққа бағытталған. Бізге мұндай сұрақтармен танысып қана қою аз, шешуші міндет, осылармен шындап айналысуда және оған жеке тірлігімізде *(экзистенция)* күш табуда.

Бұл сұрақтардың соңында мимырт аяңдау аз; жоқ, қайда да үйді аңсау, мұндай сұрақтарға кәміл жол ашатын амалдарды іздестіру боп табылады. Ол үшін тағы да, мұндай жолды бұзып-жаратын түсінік тегеуріні керек. Бұл түсінік пен ұғым *ежелгі* текті. Метафизикалық ұғым, ғылыми ойдың ішкі салқынқандылығы мен ырықсыз ынтасына құлпын ашпайды. Метафизикалық түсінік, оқып алуға, мұғалімге не өзін философ санайтын адамға еріп, қайталап, өмірде қолдануға болатын нәрсе емес.

Ең бастысы, біз еш уақытта бұл ұғымды, оның қаусырмақ шеңберіне алдын ала *қамтылмасақ*, ұғымдық дәлдігінде қармай алмаймыз. Осы қамтылуға оның бас көтеріп, орныгуына философия айтудың басты пәрмені жұмсалады. Алайда, барлық тұтылу *көңіл күйден* туады да, соның ырқында болады. Түсіну мен философия айту қатардағы шаруа болмағандықтан, алайда адам болмысының *негізінде* атқарылатындықтан, философиялық қамтылу мен философиялық ұғымдардың қамтуын тудыратын көңіл күй, қашан да біздің болмысымыздың *негізгі көңіл күйі* болмақ, сондай-ақ адамды өз әуенімен үнемі толықтай бауран отырмақ, ол мұны сол қалпында тануға міндетті болмаса да.

Философия қашан да орныкты көңіл күйде атқарылады. Философиялық қармау қамтылуға негізделген, ал соңғысының төркіні – орныкты көңіл күй. Түптеп келгенде, философияны ностальгия дегенінде, Новалис осыны ойламап па екен? Онда, мүмкін, ақын сөзінің жалғаны жоқ, тек оның мәніне жету керек шығар.

Әрине, біздің бұл тапқанымыздың барлығы да метафизиканың анықтамасы бола алмайды, тіпті керісінше шығар. Біз көрдік: метафизиканы сипаттамақ әуелгі талпыныстарымызда айналма жолмен қайта-қайта артқа шегеріліп отырдық та, метафизиканың ұғымын өзінен іздеуге мәжбүр болдық. Ол бізден үнемі сусып кетіп отырды. Алайда бізді қайда бастап еді? Метафизика бізді қашан да артқа, адам жанының тереңіне

тартады. Біздің: «Метафизика не?» деген сұрағымыз: «Адам не?» деген сұраққа айналды.

Бұл сұраққа да біз, әрине, ешбір жауап ала алмадық. Керісінше, біз үшін адамның жұмбағы көбейе түскендей. Қайталап сұрайық: «Адам деген не?» Өтпелі буын ба, вектор ма (математикалық амал), жерде кезген құйын ба, құдайлардың оралуы ма әлде оларды масқаралау ма? Біз мұны білмейміз. Алайда біз осы жұмбақ жанның бойында философиялық оқиғалар барын көрдік.

3. МЕТАФИЗИКАЛЫҚ ОЙЛАУ, ТҰТАСТЫҚТЫ ЖӘНЕ ЭКЗИСТЕНЦИЯНЫ ҚАМТИТЫН, ШЕГІНЕ ЖЕТКЕН ҰҒЫМДАРМЕН ОЙЛАУ

Біз *алдын ала тексерумен айналысамыз.* Ол бізді дәрістің мақсатына бастап, тұтас бағытын айқындайды. «Метафизиканың негізгі ұғымдары» деген атаудың әуелдегі айқындығына қарамай, метафизика дегеніміз не деп, сұрақпен табандырақ айналысып ек, оның алдында абдырап тұрғанымызды көрдік, айналысқан затымызға белгілі бір көзқараста болу үшін, оның негізгі сипаттарын білсек керек еді. Метафизика дегеніміз не деп сұрақ қойғанда, біз өзінен-өзі көрінеу тұрған, елдің бәрі баяғыдан жүрген, таптаурын жолға түсуге тырысқанда, философияны ғылым ретінде немесе дүниетанымдық насихат ретінде анықтағанымызда, оны көркемөнермен немесе дінмен шендестіруге ниеттенгенімізде, біз үнемі айналма жолмен жүреді екенбіз, айналма болатыны, ол жолдың жақындығынан емес, біз өз ісіміздің айналасында ғана жүреді екенбіз. Бұл айналма жолдардың өзі – орман соқпағы *(Holzwege)* сияқты, ізі кенеттен үзіліп, тығырыққа тірейді.

Біз оңай іріктеп алған бұл ұғымдар мен талпыныстар өте маңызды мәселеге меңзейді: философия мен метафизиканы тікелей әрі тура қамтудан жалтаруға біздің мүлде қақымыз жоқ екен; мұның қиындығы да сонда – сұрақтың тақырыбын берік ұстап, айналма жолдар арқылы саңылау іздемеуіміз керек. Мұндай табандылықтың қиыны сол, философия, біз оны қайыппен зерделесек, бізден сусып, өзінің болуға тиісті жеріне:

адам ісі ретінде, адам болмысының тіршілік тереңіне барады.

Философия дегеніміз ностальгия, қайда да үйді аңсау деген Новалис сөзіне біз кездейсоқ әрі машақат үшін жүгінген сияқтымыз. Біз бұл сөзді түсіндіруе тырыстық. Бұдан бір нәрсе *алуға* талпындық. Сөйтсек, *қайда да* үйде болуға ұмтылу, яғни экзистенциялану – тіршіліктің *тұтас жиынтығында* алсақ, біз әлем деп атаған, «тұтасымен» дегеніміз не деген ерекше мәселемен айналысу қажеттілігі ғана екен. Біздің сұрауларымыз бен іздеулерімізде, шарқұруларымыз бен күмәндерімізде адамның аяқталуы мәселесі бас көтереді. Бұл шарттылықта аяқталу дегеніміз, әркім өзі үшін бір жалғыз ретінде тұтастықпен бетпе-бет келетін, адамның соңғы оқшауланuы. Сөйтіп, бұл кең қамтыған, ұғынықты сұрағымыз, шын мәнінде, бізді анықтауға тиісті, соның құнарынан ғана біз кең көлемді түсінік қабілетін табатын және не туралы сұрасақ та білдіретін *қамтылуға* негізделген. Қамтылу атаулы көңіл күйден тамыр алады. Түптеп келгенде, Новалистің ностальгия дегені, *философияға берілудің орнықты көңіл күйі.*

Алдын ала тексеруіміздің алғашқы ізіне қайта оралып, «Метафизиканың негізгі ұғымдары» деген атау нені білдіреді? – деп қайта сұрағанымызда, біз енді оны «зоологияның басталуы», «лингвистиканың негіздері» тақылеттес түсінбейміз. Метафизика – әлдебір ақылды техниканың көмегімен, мүліктердің шектеулі шеңберінде әлденеге жететін кәсіби ғылым емес. Біз метафизиканы ғылыми пән ретінде басқалардың қатарына қоймай тұра тұрамыз. Метафизика деген не? Әзірше, бұл мәселені ашық қалдыруға тура келеді. Бар білетініміз: метафизика – адам болмысындағы негізгі оқиға. Оның негізгі ұғымдары – ұғымның мәні, ол болса – логикада айтылатындай – көп заттар өзара бірлесіп ортақ бірдеңеге немесе жалпы бірдеңеге ие болады деген әмбебаптық тұрғыдағы қабылдаудың мәні. Осы жалпылама қабылдаудың негізінде біз дара заттарды да анықтай аламыз, мәселен, мына кафедраны, ана үйді. Ұғым дегеніміз, бір жағынан, анықтау көрінісі. Алайда, метафизика мен философияның негізгі ұғымдары, жалпы алғанда әсте бұлай болмайды, егер еске түсірсек, оның өзі біз қабылдағанды тұтыну нысаны етпейтін шеңберде тамыр жайған, әйтсе де біз ешбір ғылыми көзқарасқа ұқсамайтын, мүлде басқа бағытпен жүреміз.

«Метафизика не?» деп сұрағанда, біз тіршілікті жиынтық тұтастығында қамтуға тырысамыз, сұрақты орашолақ қоятынымыз сонша, өзіміз тергеуге алынамыз.

Соған орай мұндағы негізгі ұғымдар – жиынтықтау емес, кейбір салалардың (жануарлар әлемі, тіл) жалпылама қасиетінің формуласы да емес, бөлек тұрпатты ұғымдар. Олар қашан да тұтас қамтиды, барлық ұғымдарды сіңіріп, иі қанған мағыналар. Сөйткенмен олар – өзара тығыз байланысты әрі маңыздары бірдей екеуді: саналы адам мен оның болмысын, бір мезетте, бірінсіз бірі болмайтын жағдайды қарастыратын қамтушы ұғымдар. Философияға берілген экзистенцияны қармамай, тұтас қамту жоқ. Метафизикалық сана дегеніміз – осы екіұшты тұрғыда қамтушы ұғымдармен ойлау: тұтастыққа ұмтылу әрі экзистенцияны қамти ойлау.

М. Хайдеггер. Метафизиканың негізгі ұғымдары // Вопросы философии. 1989, №9. 116-122-беттер

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ

1. Бұл кітапта Александр патша мен Помпейді жеңген Цезарьдің өмірін баяндай отырып, қарастырар оқиғалардың көп, оқырмандардан бізді жазғырмауларын өтінеміз. Бұл адамдардың даңқты ерліктерін түгел түзіп талдаймыз. Жазып отырғанымыз тарих емес, ғұмырнама, оның үстіне, кісілік, яғни, кішілік, аса даңқты істерде көріне бермейді, көбіне адам мінезін мыңдаған жұрт мерт болар соғыстары, сансыз қолды басқаруы, қалаларды жаулауы емес, болымсыз бір әрекеті, сөзі не әзілі айқынырақ ашады. Адамның бар денесіне аса мән бермей-ақ, түрі мен көз жанарын дәл кескіндеу арқылы мінезін дөп басатын суретшілер сияқты әр ғұмырнаманы адам жанын жарқырата ашар әрекеттері негізінде түзіп, ұлы істер мен шайқастарды жырлауды өзгелерге қалдыруға біз ықтиярлымыз.

2. Александрдың шығу тегі ешбір дау тудырған емес. Әкесі жағынан Каран арқылы Гераклдан, шешесі жағынан Неоптолем арқылы Эактан тарайды. Филипп пен Олимпиада – бірі бозбала, бірі ата-анадан айырылған тұлдыр қыз шағынан бастап Самофракий құпиясын меңгерген дейді. Филипп оған ғашық болып, қайын ағасы Арибб тің ризашылығымен неке қидырған. Күйеу мен қалыңдықты оңаша қалдырар түн қарсаңында Олимпиадаға күн күркіреп, найзағай оның құрсағына түсіп, лаулап от жанады да, жалын тілі шартарапқа жетіп барып сөнгені елестейді. Тойдан соң ұзамай Филипп түс көреді. Түсінде ол әйелінің құрсағына арыстан бедерленген мөр басқан екен. Барлық сәуегейлер бұл түсті Филипп жұбайлық хұқына ие болсын деген ыңғайда жорыды да, Тельмесстен шыққан Аристандр: «Олимпиада жүкті, өйткені бос нәрсені мөрлемейді және арыстан мінезді ұлға жүкті» деп айтты. Бірде Олимпиада ұйықтап жатқанда қойнында шұбатылған жылан көреді, бұл жағдай, әсіресе Филипптің құмарлық пен ғашықтық жалынын суытты дейді. Содан ол әйелінің қасына сирек түнейтін болды, дуа қылар немесе ішірткі берер деп қорықты ма, жоқ әлде бір құдіретпен байланысы бар шығар деп бойын аулақ салды ма екен?.. Бұл жөнінде де мынандай бір әңгіме бар. Ол елдің әйелдері Дионискe бағышталған орфиялық құпиялар мен оргияларға ертеден қатысатын; құпияға қатысушыларды

«клодонкалар» және «мималлонкалар» деп атайтын, олардың әрекеті көп жағдайда Гемостың етегін жайлаған Эдония мен Фракия әйелдерінің салтына ұқсас еді. Олимпиада бұл сауықтарға өзгелерден гөрі құлшына кірісіп, тағыдай тулайтын; салтанатты шерулер кезінде ол алып жүретін қолға үйретілген үлкен жыландар әйелдердің тристары мен гүлтәждеріне оратылып, еркектердің үрейін ұшыратын.

3. Осылайша аян бергеннен кейін Филипп мегалополиттік Херонды Дельфаға аттандырады, ол бұған Аполлонның оракулын (киіз кітабын) әкелді, онда Амонға құрбандық шалып, өзге құдайлардан гөрі соған көбірек сиынуды нұсқаған. Жылан кейпіне еніп, мұның әйелімен жатқан құдайға есік саңылауынан сығалаған Филипп көзінен айырылды деген де сөз бар. Эратосфеннің айтуынша, Олимпиада Александрды жорыққа аттандырарда оған тууының сырын ашып, шыққан тегіне сай болуын өтініпті. Басқа тарихшылардың айтуынша, керісінше, Олимпиада бұл қисындарды жоққа шығарып: «Александр мені Гераға жазғыруын қашан қояр екен?» – деп жиі кейіпті.

Александр македондықтар лой аттандырған гекатомбеон айының алтыншы күні туған, дәл сол күні Артемида Эфисскаяның ғибадатханасы өртенген. «Артемиданың ғибадатханасы өртенгенге түк те таң қалуға болмайды, – деді ол. – Бұл күні құдай-ана Александрдың өмірге келуіне көмектесіп, қолы босамады ғой». Эфестегі сиқыршы-магтар ғибадатханаға кесапатты жаңа қасіреттің хабаршысы деп қабылдады; бұл күн Азияға үлкен апат-қайғы әкелді деп олар өз-өздерін сабалап, қала ішінде байбалам сап жүрді. Сол кезде ғана Потидеяны үлкен соғыста иллириялықтерді жеңді, екінші – аты Олимпиада ойындарында бәйгеден келді, үшінші – Александр туды. Филиптің зор қуанышқа бөленгені әбден түсінікті, сәуегейлер «Үш жеңісіне орай туған ұл ешқашан жеңілмейді» деп мерейін асырды.

4. Александрдың сыртқы келбетін Лисиптің статуялары басқаларға қарағанда өте дәл кейіптеді. Ол да бұл мүсіншіні өз бейнесін сомдауға ең лайығы деп бағалаған. Бұл шебер мойынның солға әнтек бүгілуі мен көзқарастың тұнжырлығын бұлжытпайды, бұған кейін өз ізбасарлары мен патшаның достары да еліктеді. Александрды жай ойнатушының бейнесінде жасалған Аппелес патшаның өңін өмірдегіден гөрі тотығыңқы

қылған. Александр өте аққұба адам болған дейді, терісінің ақтығы кей тұстарда, әсіресе, беті мен төсінде қызғылт рең алады екен. Александрдың исі жағымды, аузынан да жұпар аңқып, онысы киіміне жұғады екен, мен мұны Аристоксеннің естеліктерінен оқыдым. Олай болуы оттай ыстық тән қызуынан шығар, өйткені, Теофрастқа жүгінсек, ылғалға ыстық ұрса хош иіс шығады екен. Сондықтан да ең хош иіс құрғақ та ыстық елдерде мол болады, себебі күн қызуы денені шірітетін ылғалды құрғатып тұрады. Александрдың ішімдікке жақындығы мен шалт мінезі тәнінің осы қызулығынан сияқты.

Оның ұстамдылығы бала кезінде-ақ байқалған. Нәпсі құмарлығына салқын қарайтын, оған көп салынбайтын; ал даңқ құмарлығына келсек, ол жөнінде, жас мөлшеріне қарамай, байыпты да асқақ ойларға берілетін. Абыройды талғай білетін және оны Филиппке ұқсап, софистерге пара-пар ділмарлығына мақтанып, немесе күймесінің озғанын теңгеге бедерлеттіріп, көрінген жерден іздемейтін. Бірде достары Александрдың жаужүректігіне меңзеп, «Олимпиада ойындарында жүгіріске қатысқың келмей ме?» деп сұрағанда ол: «Әрине, егер қарсыластарым патшалар болса!» депті.

Александр трагик ақындардың, флейташылардың, кифаредийшілер мен рапсодийшілердің, сондай-ақ түрлі саят бәсекесі мен таяқтасу ойындарын жиі өткізіп тұрған, алайда, жұдырық төбелесі мен панкратияға ешқандай қызығушылық білдірмеген, ол үшін бәйгелер тағайындамаған.

5. Филипп жоқта Македонияға парсы патшасының елшілері келгенде Александр еш жалтақтамай, оларды жарқын қарсы алған. Елшілерді биязылығымен баурап және де балаға тән бірдебір болымсыз сұрақ қоймаған. Мына баланың зор талабының қасында Филипптің бар тындырғаны солғын тартады. Филипп әлдебір атақты қаланы жаулап, небір даңқты жеңіске жетіпті деген хабар келген сайын Александр түнеріп, өз құрбыларына: «Балалар, әкем бәрін жаулап алады да, мені мен сендер атқарар ешбір ұлы жарқын іс қалмайды», – дейді екен. Жан бағу мен байлықты тәрк етіп, ерлік пен даңққа ұмтылған Александр «Әкемнен неғұрлым көп алсам, өзім соғұрлым аз тындырам» деп санады. Македонияның қуаты артқан сайын Александр зор әрекеттердің барлығы маған дейін жасалады-ау деп күдіктене бастады, өзі болса, сән-салтанат, береке мен байлыққа емес,

жорықтар мен майдандарға, даңқ жолында күрестерге бастар билікті мұра етуге талаптанды.

Александрға көптеген тәрбиешілер мен тәлімгерлер, мұғалімдер білім бергенін айтпаса да болады; олардың басында Олимпиаданың туысы, қатал мінезді Леонид тұрды; Леонидтің өзі «Тәрбиеші нағашы» деген тартымды атақтан қымсынбаса да, оның өз басын әрі туыстығын сыйлағаннан жұрттың бәрі оны «Александрдың жетекшісі» атандырды. Нағашылықты акарналық Лишмах иемденді. Бұл кісі талғамнан жұрдай болса да, өзін Феникс, Александрды Ахилл, Филиппті Пелей атандырғаны зор бағаланып, тәрбиешілер арасында екінші тұлға саналатын.

6. Фессалийдегі Филоник Филиппке, отыз талантқа сатам деп, Буцефалды әкелгенде, атты сынау үшін алаңға шығарды. Буцефал тәлімге көнбес тағы боп шықты, Филипп нөкерлерінің ешбірі атқа айтқанын істете алмады, үнемі көкке шапшып, үстіне ешкімді отырғызбайды. Филипп мұны үйрету мүмкін емес деп, ашуланып, Буцефалды әкетуіне бұйрық қылды.

Сол кезде Александр тұрып: «Мына жұрт қандай аттан айырылғысы кеп тұр, өздерінің қорқақтығынан қорбаңдап үйрете алмады-ау», – деді. Филипп әуелде үндемеді, Александр әлгі сөзін, күйзеліп, әлденеше қайталағанда ғана, патша: «Сен үлкендерді жазғырасың, аттың тілін мен кімнен болсын артық табам», – деп жауап қатты. «Ол қолыңнан келмесе дөрекілігің үшін қандай жаза тартасың?» – деп сұрады Филипп. «Зевс атымен ант етем, мен мына аттың құнындай айып тартам!». Жұрт ду күлді, әкесі мен баласы ат құнына келісіп, қол алысты. Александр атқа жетіп барып, тізгінінен алып, тұмсығын күнге бұрды. Тегінде ол көлеңкелерден аттың үркіп тұрғанын аңғарған болуы керек, атты сипалап, біраз уақыт жүгіртіп жүрді. Еркін тыныстап, тынышталғанын көрген соң Александр плащын лақтырып тастап, атқа жеңіл қарғып мініп алды. Әуелі тізгінді баяу тартып, қамшыламай, ауыздықты жұлқымай, Буцефалды тежеп жүрді. Аттың бөтен мінез көрсетпей, тек алға жұлқынып тұрғанын байқаған соң Александр Буцефалдың басын қоя беріп, айғайлап ұран салып, тебініп-тебініп қалды. Филипп пен оның нөкерлері үрей құшағында үнсіз қалды, тек Александр ат басын сейіс салтымен кері бұрып, масайрап оралғанда ғана шуласып қоя берді. Әкесі қуанғаннан көзіне жас

алған көрінеді; аттан түскен Александрды сүйіп: «Балам, өзіңе сай патшалық ізде, Македония саған тарлық етеді!» – депті.

7. Филипп Александрдың болмысынан бірбеткей екенін байқады, шамданса шарт кетеді, есесіне, жөн сөз айтсаң ыңғайға тез көнеді, сондықтан да әкесі жекіруге емес, жетесіне жеткізуге тырысатын. Филипп баласының тәрбиесін жалпы білім шеңберіндегі музыка мен өзге пәндердің оқытушыларына толық сеніп тапсыра алмады. Бұл мәселені: «Бағу көрген, қағу да көрген абзалы» деп, Софокл айтқандай, мейлінше күрделі санады. Сондықтан патша грек философтарының ішіндегі ең атақтысы, ең білімпазы Аристотельді алдырды, ақысын тамаша тиімді жолмен төледі. Филипп бір кезде өзі қиратқан Стагира қаласын қалпына келтіріп, қуғында, құлдықта жүрген тұрғындарды қайтарды. Ол Аристотель мен Александрдың шұғылданып, әңгіме-дүкен құруларына Миездің қасынан нимфалар тоғайын берді, ал отырған тас орындықтарды, шәкіртімен серуендеген саяси жерлерді, барсаңыз әлі де көресіз. Александр тегінде мінез-құлық жайындағы ілімдерді меңгеріп қана қоймаған, философтар «ауызша ғана», «жасырын» деп санап, жұртқа жария қылмайтын құпия, терең ілімдерді де меңгерген. Александр кейін Азияда жүргенінде Аристотельдің кейбір ілімдерін кітап етіп жариялағанын біліп, философияны қорғап, оған мынандай бір бүкпесіз хат жазған: «Александр Аристотельге игілік тілейді! Ауызша ғана айтылатын ілімдеріңді жариялауың дұрыс болмады. Біз тәлім алған ілімдер жалпыға бірдей болса, біздің өзге жұрттан неміз артық? Мен өзгелерден құзырымның күштілігімен емес, кемел біліміммен алсам деп едім. Сау бол». Намысы күйген Александрды жұбатып, Аристотель ол ілімдердің жарияланса да жалпыға ортақ еместігін айтып ақталады. Шынында да табиғат туралы шығармалары сауатты адамдарға арналған, өздігіңнен оқу да, біреуді оқыту да мүмкін емес.

8. Меніңше, Александрдың емшілікке құмарлығын оятқан да, басқа ешкім де емес, ол – Аристотель. Патша бұл ғылымның құр қызығып қана қоймай, сырқаттанып қалған достарына әр түрлі ем-дом қолданып, жәрдем еткені хаттарынан байқалады. Жалпы Александр ғылыммен айналысып, кітап оқуға болмысынан бейім болған. «Илиаданы» зер салып оқыған адам жауынгерлік айбын табады» деген сөзін жиі айтатын. Оне-

секриттің айтуынша, ол «Илиаданың» Аристотель түзетіп, «Сандықтан алынған Илиада» атаған көшірмесін жанынан тастамаған, жастығының астында қанжарымен бірге сақтаған. Азияның қиырында жүрген Александрға Гарпал Филипптің шығармаларын, Еврипидтің, Софокл мен Эсхилдің көптеген трагедияларын, сондай-ақ Телест пен Филоксеннің дифирамбаларын жіберіп тұрған. Әуелде Александр Аристотельді мақтан тұтқан, «Филиппке өмір сүріп жүргенім үшін қарыздармын, Аристотельге өмірімді тартымды сүріп жүргенім үшін қарыздармын» деген. Кейін патша Аристотельге күдікпен қараған, тек қастаспаған, философқа деген ыстық ықыласы суып, жырақ тартқан. Алайда, Александрдың философияға деген туа біткен, бала күннен бойына сіңген құмарлығы сөнбеген, мұны Анасархқа көрсеткен құрметі, Ксенократқа елу талант жібергені, Динамид пен Каланға қылған қамқорлығы дәлелдейді.

9. Филипп Византияға жорыққа аттанарда Македонияны он алты жасар Александрбилеп қалған, оған мемлекеттің мөрі сеніп тапсырылған. Бұл уақытта Александр медтерді тізе бүктіріп, қалаларын жаулап алып, оны әр елден қоныс аударушыларға беріп, Александрополь деп ат берген. Хоренея маңында грек-термен болған соғысқа да қатысып, фивалықтардың қасиетті жасағы сапында алғашқы боп майданға ұмтылған дейді. Нефис өзенінің бойындағы Александрдың емені атанған кәрі еменді күні бүгінге дейін көруге болады, Александр шатырын соның қасына тігіпті, маңында македондықтардың қабірі бар. Мұнысы үшін, әрине, Филипптің ұлына деген сүйіспеншілігі арта түскен, македон елі Александрды патша атап, Филиппке қолбасшы десе, тіпті, қуанады екен.

Филипптің неке, ғашықтың машақатына байланысты туған патша шаңырағындағы қолайсыз жайлар әйелдер арасындағы ісі болудан қалып, мемлекет мәселесіне айнала бастады; қызғаншақ та ашушаң Олимпиаданың Александрды үнемі әкесіне қарсы қайрап салуының салдарынан қаптаған шағымдар мен қақтығыс, шарпысулар жиіледі. Филипп жасы келгеніне қарамай, Клеопатра есімді жас қызбен некелескенде, Атталдың кесірінен ең үлкен жанжал той үстінде шықты. Қалыңдықтың нағашысы Аттал той үстінде мас боп, Македония жұртын, Филипп пен Клеопатрадан тақтың заңды

мұрагері тусын деп, Құдайға жалбарынуға шақырды. Бұған зығырданы қайнаған Александр: «Сонда не, сұмырай, мен ойнастан туыппын ба?» – деп Атталға тостаған лақтырды. Филипп қылышын суырып алып, баласына ұмтылды, екеуінің де бағына орай ашулы патша сүрініп, құлап түсті. Александр әкесін табалап: «Жарандар, жарандар! Сәкіден сәкіге аттай алмай сұлап жатқан бұл кісі Еуропадан Азияға аспақшы», – деді. Осы бір мастық жанжалдан соң Александр Олимпиаданы Эпирге апарып орналастырды да, өзі Иллирияға қоныстанды. Сол кезде патшамен тамырлығының арқасында еркін тілдесетін Демарат Филиппке келді. Амандық-саулықтан соң Филипп одан «Гректердің арасы тыныш па?» деп сұрады. «Несін айтасың, Филипп, өз ордасына ойран киргізген сен ойламай, Грекияның жайын кім ойласын?!» – деді Демарат. Бұл сөздер Филиппке ой түсіріп, ол Демаратты араға сап, Александрдан үйге қайтуын өтінді.

10. Кариянын сатрабы Пиксадор Филиппен әскери одақ құрғысы келгенде туыстасу үшін патшаның ұлы Аридейге қосуға өзінің үлкен қызын ұсынып, Аристокритті құдалыққа жіберді. Тағы да өсек гуледі; Филипп Аридейге жақсы жерден қыз әперіп, байланыстарын нығайтып, патшалықты бергелі жүр деп, Александрдың шешесі мен достары әкесін жазғыра бастады. Александр қатты алаңдап, Пиксадорды некесіз туған әрі ақымақ Аридейден бездіріп, оның орнына менімен туысуға көндіріп кел деп, Карияға Фессалды жұмсады. Бұл ниет Пиксадорға бастапқыдан гөрі көп ұнады. Филипп мұны білген соң...*

Александрдың тату достарының бірі – Парменионның Филотын ертіп, оның бөлмесіне келді. Патша ұлын сөгіп, «Жатжұрттықтарға күні түскен көршіге күйеу болғың келді, шыққан тегіңе сай емессің, тексізсің» деп балағаттады. Фессалды Македонияға шынжырлап қайтарыңдар деп, Филипп коринфялықтарға жазып жіберді. Филипп Александрдың өзге достары – Гарпал, Неарх, Эригия мен Птолемейді Македониядан қуып шықты; кейін Александр бәрін қайтарып, зор құрметке бөледі.

---

* *Бұдан әрі негізгі мәтінде тік жақшаға алынған сөздер аудармашынікі. Канттан алынған дәйек сөздер де М. Хайдеггердікі.*

Кейін Павсаний Аттал мен Клеопатра үшін күйініп, Филипптен әділдік таба алмай, оны өлтіргенде, бұл қылмыс үшін алдымен Олимпиаданы жазғырып, ызалы жасты үгіттеп, бұл іске итермелеген сол десті. Александрды да кінәлаушылар болды. Қорлық көрген соң Павсаний Александрды жолықтырып, тағдырына налығанын айтқан екен, ол «Медеядан» жыр оқыпты. Әйтсе де Александр сатқындық жасағандарды ұстап, жазалады; өзі жоқта Олимпиаданың Клеопатраны қатты жәбірлегеніне де реніш білдірді.

11. Сонымен жасы жиырма бірге жеткен шақта Александр қолына алған патшалыққа қызғаншақ, жау көршілерден зор қауіп төніп тұр еді. Жатжұрттар құл болудан бас тартып, ықылымнан бергі патшалықтарын қалпына келтіруге тырысты, Грекияға келсек, Филипп оны қарудың күшімен жауласа да бағындыра алмап еді. Филипп ол елді астаң-кестең қылып, қалыпты тірліктің бұзылуынан күшейген алауыздық пен толқуда қалдырды. Осының бәрі – македон жұртына қауіп төндірді. Олар Александр Грекия ісіне араласып, тізе көрсетпесін, ал жатжұрттықтарды тәубеге келтіріп, қатаң шараларға бармай-ақ, төңкеріске тәуекелін тумай жатып тұқыртқаны жөн деп санады. Александрдың ойы бұған қарамақайшы еді, ол қауіптен құтылып, тығырықтан шығу үшін тәуекел керек, тізгінді сәл босатсам, бар дүшпаным тарпа бас салады деп білді. Сонау Истра өзеніне дейін қол бастап барып, трибаллдар патшасы Сириді талқандап, жатжұрттардағы толқулар мен қақтығыстарды сап тыйды. Фиваға келген соң Александр оның тұрғындарына тағы да мұрсат беріп, Феник пен Протитті ғана ұстап берулеріне пәрмен қылып, өз жағына шыққандарды жазаламауға серт етті. Фивалықтар, өз тарапынан, Филот пен Антипатрды беруін талап етіп, гректердің азаматтығы демегісі келгендер қатарымызға келсін деп үндеді. Сонда Александр македониялықтарға шайқасты бастауға бұйырды. Фивалықтар өзінен күші басым жаумен жігерлене соғысты. Бірақ та, Кадмеяда тұрған македон гарнизоны тылдан шабуылдағанда, фивалықтардың көбі қоршауда қалып, майданда қаза тапты. Қала алынды, тоналды, жермен-жексен болды. Александр бұл оқиға жандарын түршіктірген гректер тәубесіне келеді деп есептеді, өз ісінен тағы бір одақтастарын ырза қылды, фивалықтардың фокейліктер мен платейліктердің

алдында көп айыбы бар еді. Абыздар мен македониялықтардың тамырларына, пиндар ұрпақтарына және де көтеріліске қарсы дауыс бергендерге ғана кешірім жасап, Александр қалғанын құлдыққа сатты, олар отыз мыңнан астам еді, алты мыңнан астамы өлді.

12. Қалаға келген апат пен қайғы-қасірет үстінде мынандай бір оқиға болды. Бірнеше фракейлік Тимоклея атты жақсы аты шыққан қайырымды әйелдің үстіне баса-көктеп кірді. Өзгелері Тимоклеяның мүлкін тонап жатқанда, олардың басшысы әйелді зорлады, сөйтті де, «Тыққан алтын-күмісің бар ма?» деді. Тимоклея бар деп, фракейлікті баққа апарып, құдықты көрсетіп, қаланы жаулау кезінде ең құнды дүниесін осында тастағанын айтты. Фракейлік еңкейіп құдыққа үңілгенде, Тимоклея артынан итеріп, құлатып жіберді де, таспен ұрғылап өлтірді. Патша «Сен кімсің?» деп сұрағанда, Тимоклея: «Херонейдің бойында қаза тапқан, гректердің азаттығы үшін Филиппен арпалысып өткен Теагеннің қарындасымын» деді. Оның сөзі мен ісіне қайран болған Александр әйелі мен балаларына бостандық берді.

13. Александрмен бітімге келгеніне қарамастан, афиналықтар Фиваға орнаған апатқа күйзеліс білдірді; басталып кеткен мейрамдарын доғарып, аза жариялады. Фиваның қашқындарына қолдау көрсетті. Арыстандай айбатын сарқып жуасыды ма, әлде адамшылдыққа жатпайтын қатыгездігін қайырымдылықпен қайтарғысы келді ме, Александр афиналықтардың ағаттығын кешіріп қана қоймай, Александр оларға өзі олай-былай болған күнде елдегі жағдайды қадағалап отыруды тапсырды, өйткені, мен жоқта Грекияны Афина билеу керек деген ойда болатын. Кейін Александр фивалықтарға әкелген қасіреті үшін қатты күйзеліп, олардың көпшілігіне көмек қылды дейді. Оның үстіне Александр мастықпен Клитті өлтіріп алғанын да, македондықтардың үнділерді шабудан бас тартып, жорығын аяқсыз, даңқын тиянақсыз қылғанын да, Дионистің ыза-кегіне балады. Фива тұрғындарының тірі қалғандарының бірде-бірінің бұйымтайын Александр кейін аяқсыз қалдырмайтын болған. Фиваға қатысты жайлар осы.

14. Истмада Александрмен бірге бас қосып, онымен бірге парсы еліне жорыққа жүруге ұйғарған гректер оны өздерінің көсемі деп жариялады. Соған байланысты көптеген мемлекет

басшылары мен философтар Александрға келіп, қуаныштарын білдірісті. Александр Синоптан шыққан Диоген де сөйтер деп еді, ол бұл кезде Коринф маңында тұратын. Алайда, Диоген Александрды қаперіне де алмай, Кранияда емін-еркін тұрып жатты, сондықтан патша оған өзі барды. Диоген күнге қыздырынып жатыр екен. Өзіне қарай қаптап келе жатқан кісілерді көрген соң Диоген басын сәл көтеріп, Александрға тесіле қарады. Амандасқан соң, патша Диогеннен қандай тілегі барын сұрады. «Сәл былайырақ тұрсаң, – деді ол, – маған күн түссін». Диоген сөзі Александрға керемет әсер етіп, өзін мүлде менсінбеген адамның ұлылығы мен өрлігіне таң қалды дейді. Ол қайтар жолда философ тәлкек қылып, әзілдесіп келе жатқан достарына айтты: «Мен Александрмын, мүмкін болса Диоген болып туғанымды қалар едім».

Алдағы жорығы жайында Құдайдан аян алмаққа Александр Дельфаға келді. Оның келісі жору айтылмайтын сәтсіз күнге дөп келді. Александр абыз әйелді шақыртып еді, ол заңға иек артып, келуден бас тартқан соң өзі барып, әйелді шіркеуге күштеп әкелді. Сонда абыз Александрдың табандылығына таңданып: «Сені жеңу мүмкін емес, балам!» – деді. Бұл сөзден соң Александр енді ештеңе жорудың қажеті жоқ, алғым келген аянымды естідім деді.

Александр жорыққа жүргенде Тәңірінің білдірген нышандарының ішінде біреуі мынандай болды: сол күндері Либетрыда тұрған Орфейдің ағаш мүсінінен (ол кипарис ағашынан жасалған еді) шүмектеп тер саулады. Мұны бәрі үрейлі нышанға балады, тек Аристандр ғана жұртты берік болуға шақырып, Александр жырлап таусылмас ерліктер жасап, ақын біткенді тер төгуге мәжбүр етеді дейді.

15. Александрдың жасағын кем дегенде «Отыз мың жаяу, төрт мың атты әскерден тұрды» десе, асырып айтқандар «Қырық мың жаяу, бес мың атты әскер» дейді. Аристобулдың айтуынша, Александрдың әскеріне бөлінген қаржы жетпіс таланттан аспапты, Дуридтің айтуынша, азық-түлігі отыз-ақ күнге жетерлік екен, Онесикриттің айтуынша, патша екі жүз талантты қарызға алған. Александрдың аттанар алдындағы қаржы-қаражаты мардымсыз болса да, ол кемеге отырмас бұрын алдымен достарының жағдайын сұрастырып, біріне – ананы, біріне – мынаны еншілеп, біреулерін мекендер мен

гаваньдардың түсіміне ортақ қылған. Патша дәулетін түгелге жуық жаратып болған кезде, одан Педерик: «Патшам, өзіңе не қалдырасың?» – деп сұрады, сонда Александр: «Үміт!» – деді. «Олай болса, – дейді Педерик, – бірге аттанып бара жатқан біз де соның ортақ болсақ». Педерик өзіне бөлінген дүниеден бас тартты, оған Александрдың басқа да достары қосылды. Александр не сұрап келгендерге де мырзалық танытты, сөйтіп Македониядағы дәулетін түгелге жуық таратты.

Сол ниет, сол батылдықпен Александр Геллеспонттан асты. Илионға келген соң Афинаға құрбан шалып, қаһармандарға шапағат тіледі. Ахилл қабірі басында, дәстүр бойынша, ғұсыл жасап, достарымен бірге ескерткішті айналып, жаяу жарысқа қатысты; кейін гүл қойған соң Ахиллді бақытты адам санайтынын айтты, өйткені оның тірісінде адал досы, өлісінде даңқының ұлы жаршысы болды. Бірде патша Илионды аралап, қаланың көрікті жерлерімен танысып жүргенінде, одан біреу Александр лирасын көргің келе ме деп сұрайды. Патша оған мүлде қызықпайтынын айтты, іздеп жүргені Ахиллдың лирасы еді, ол соның сазымен атақты ерлердің ерлігін аспандатып, даңқын асырған еді.

16. Бұл кезде Дарийдің қолбасылары қисапсыз әскер жинап, Граниктің өткеліне шеп құрған кез еді. Қақтығыстан қаша алмайсың, бұл ара Азияның қақпасы тәрізді, жаулау үшін жарып кіру керек. Алайда, көпшілікті өзеннің тереңдігі, жағалаудың жарлауыттығы үркітті. Кейбіреулер десий айына қатысты дәстүрді бұзбау керек десті. Бұл айда Македон патшалары жорыққа жүрмейтін. Бұл айды екінші артемисий деп атауға бұйырып, Александр жағдайды түзеп жіберді. «Кешкі уақытта өзеннен өту қауіпті» деп өзеуреген Парменионға Александр: «Геллеспонттан өтіп, Граниктан қорықсам – Геллеспонттың алдында ұятқа қалам» деді де, он үш атты әскерімен өзенге қойып кетті. Өзен ағысы аттарды жұлып әкетіп, толқыны бастан асып тулағанда, найза мен жебеге қарсы бастап салғанда, есінен адасқан ақымақтың ісін істеп жүргендей көрінді. Қалай болғанда да, Александр таймас тегеурінмен өзеннен өтіп, көп қажыр-қайрат жұмсап, жағаға шықты. Шыға қидаласқан қырғынға кірісті, әупірімдеп әскерін бір жобаға келтіргенше сарбаздары жаумен жеке-дара, бейберекет арпалысты. Жаулар қиқу салып, атты әскерге атты әскер шапты; құлаштап найза

серместі, найза сынса, қынаптан қылыш суырысты. Көбі Александрға ұмтылды, оны қалқанымен, дулығасындағы айдарынан тез тануға болатын: айдарының екі жағынан аппақ, үлкен екі қауырсын үлпілдейтін. Патшаға лақтырылған шолақ сапты найза сауытын майыстырғанымен, денесіне дарымады. Сол арада Александрға парсының екі бірдей қолбасшысы Ресак пен Спитридат ұмтылды. Патша біреуінен жалтарып қап, Ресакқа өзі алдымен шабуылдап, найзасын сермеп еді, ол сауытқа соғылып сынды да, Александр қолына қылыш алды. Спитридат шайқасып жатқандарға қапталдай кеп тоқтады да, үзеңгіге шіреп көтеріле беріп, Александрға қылыш сілтеді. Дулығаның ұшуы мен бір қауырсын қырқылып түсті, дулыға соққыға әрең төтеді, қылыштың жүзі Александрдың шашына тиді. Спитридат тағы көтеріле беріп еді, қара батыр атанған Клит оған найзасын бұрын сұғып, өңменінен өткізді. Ресак та бірге құлады, оны Александр шауып түсірді.

Александрдың атты әскері осы бір қатерлі майданды салып жатқан шақта македон фалангалары өзеннен өтіп, жаудың жаяу әскерімен арпалысты. Парсылар сылбыр қарсыласты, көп ұзамай, грек жалдамаларынан басқасы тым-тырақай болды. Олар бір төбенің бауырында шеп түзеп, Александр бас амандығын уәде қылса, берілеміз деді. Өзін ақылға емес, ашуға жеңдірген Александр алдымен оларға өзі лап қойып, атынан айырылды, қабырғасына қылыш кірді (бұл Буцефал емес, басқа ат). Дәл осы шайқаста македондықтар көп жараланып, көп қырылды, өйткені олар өмір үшін белдесіп, ашынған жауынгер жұртпен соғысты. Жатжұрттықтар жиырма мың жаяу әскерінен, екі жарым мың атты әскерінен айырылды дейді. Аристобулдың айтуынша, Александр қолынан отыз төрт адам шығын бопты, оның тоғызы атты әскер. Александр қаза болғандардың қола мүсіндерін құюға бұйрық берді, оны Лисипи орындады. Жеңісті гректермен бөліскен патша афиналықтарға атап, жаудан түскен үш жүз қалқан бөлді, өзге олжаға мынандай бір сөз жаздырды: «Александр Филипп баласы және гректер, македониялықтардан басқасы, мұны Азияны мекендеген жатжұрттықтардан алды». Парсылардан алынған мүйіз тостаған, қан қызыл мата сияқты нәрселердің денін Александр шешесіне жіберді.

17. Бұл шайқас істің барысын Александрдың пайдасына шешіп, ол жатжұрттың теңіз бойындағы басты бекінісі – Сардыны алды. Өзге қалалар мен аймақтар да оған бағынды, қарсылық көрсеткен Галикармас пен Милет қана. Бұл қалаларды да қажырмен алып, төңірегіндегі елдерді бағындырған соң Александр бұдан әрі не істейтінін ойлап, бір тоқтамға келе алмады: біресе Дариймен шешуші шайқасқа тезірек шыққысы келді, біресе теңіз жағалауындағы аймақтың байлығының арқасында алдымен күш жиып алып, содан соң патшаға қарсы аттансам деді.

Ксант қаласының төңірегінде, Ликияда бір бұлақ бар дейді, сол күндерде өз-өзінен бұрқылдап, тасып-төгіліп, түбінен көне жазу бедерленген мыс табақ шықты. Онда парсы мемлекетінің күні батады, оны гректер талқандайды деп жазылған. Бұған қанаттанған Александр теңіз жағалауындағы аймақты сонау Финикия мен Киликияға дейін парсылардан тазартуға асықты. Македониялықтардың Памфилиядан оңай өтуі көптеген тарихшылардың асыра сілтеп, ағат айтуына құнарлы қорек берді. Олардың айтуынша, әншейінде толқындары жаға тепкілеп, тау аңғарындағы сирек жартастарды ғана жаппай қалатын асау теңіз Александрға шегініп жол беріпті. Менандр өзінің бір комедиясында қисынға келмейтін осы әңгімені әжуалағаны сөзсіз:

Александр секілді маған да оңай барлығы,
Кімді іздесем, қарсы алдымнан жолығады әр күні.
Теңіз дейсің. Қажет болса теңізден де қарғыдым.

Александр болса, өз хаттарында ондай кереметтердің болғанын жазбайды, «Баспалдақ» аталған әдіспен кешіп өтіп, Фесалидадан шыққанын ғана айтады. Ол бұл қалада бірнеше күн болып, базар алаңында тұрған, жақында ғана қайтыс болған Теозекттің мүсінін көрді (Ол Фесалидада туған). Кешкі астан соң Александр мас қалпы, көңілді нөкерлерін ертіп, ескерткішке келді, көп гүлдер қойды. Осылайша Аристотельдің және философиямен айналысқанының арқасында танысқан құрметті адамына ізет қылды.

18. Бұдан соң патша өзіне қарсылық көрсеткен Писидияны бағындырды, Фригияны алды. Көне патша Мидастың ота-

ны дейтін Гордий қаласын алғанда Александр оқ ағашы мойынтұрыққа қызыл талдың қабығымен маталған атақты күймені көріп, «Мойынтұрықты бекіткен түйінді кім шешсе, сол әлемнің патшасы болады» деген аңызды естіді (оның шындық екеніне жұрт шүбәланбайтын). Көптеген жазушылар айтады: түйін қиын шиеленіп, ұштары шебер жасырынғаны сонша, Александр шеше алмай қылышпен шапты. Алайда, Аристобулдың айтуынша, Александр жұмбақты оңай тауып, мойынтұрықты тез босатқан, оның белдігіне бекітілген ілгекті оқ ағаштың алдыңғы басынан шығарған.

Көп кешікпей Пафлагония мен Каппадокияны алған Александр Мемнонның қайтыс болғаны туралы хабар алды, Дарий қолбасшыларының ішінде содан ғана сескенуге болатын. Бұл хабар Александрдың ел ішіне бойлап соғыспақ ниетін бекіте түсті.

Бұл кезде Дарий Суздан шығып, теңізге беттеді, ол өз күшінің басымдығына сенді (қарауында алпыс мың әскер бар еді) және жорушылар шындықты айтудан гөрі жағынуға тырысып, жорыған бір түсі де оған қанат бітірді. Дарийдің түсінде Александр мұның қызметінде жүр екен, содан Александр Бел шіркеуіне кірді де жоқ болды. Меніңше, құдіреттің бұл түс арқылы көрсеткісі келгені македондықтар төрткүл дүниеге әйгілі тамаша ерліктер жасап, жаушыдан патша дәрежесіне көтерілген Дарийдің өзіне ұқсап Александр Азияны билейді, содан соң көп кешікпей, македон патшасы даңқ тұғырында өмірден өтеді.

19. Дарий Александрдың Киликияда көп бөгелгенін қорыққанға балап, мұлде нығая түсті. Оның кешігуінің шын себебі патша науқас еді, біреулердің айтуынша, зорыққан, біреулердің айтуынша, Кидн өзенінің мұздай суына шомылам деп суық тигізген. Қауіптің күштілігінен, науқас ешбір дәріге көнбес деп, сәтсіздікке ұшыраса македондықтардың жазғыруымен қаһарына тап болатындықтан ешбір дәрігер Александрды емдеуге бата алмады. Акарналық Филипп қана науқастың асқынып бара жатқанын көріп, достыққа адалдығынан Александрды қатерде қалдыра алмай, өз басына қауіп төнетініне қарамай, қолда бар емін қолданбақ болды. Ол дәрі-дәрмегін дайындап, патша әл жинап, соғысын әрі созғысы келсе, ештеңеге күмәнданбай, ішіп салу керектігін

айтып көндірді. Сол кезде македон қосында жүрген Парменион патшаға хат жазып, Филипптен сақтан деді. Дарий оған көп сый-сыяпат ұсынып, қызын бермек болып, Александрды өлтіруге бейімдепті. Келісілген уақытта Филипп дәрісін алып, достарын ертіп патшаға келді. Александр оған хатты берді де, қобалжымай, қауіптенбей дәріге қол созды. Бұл бір таңдана тамашалауға татитын көрініс еді. Филипп хат оқып тұрғанда Александр дәріні ішіп салды, содан соң бір-біріне жалт қарасты, бірақ екеуінің қылығы үйлеспеді. Александрдың ашық жарқын жүзінде ізгілік пен Филиппке деген сенім нұрланса, жалаға жаны күйген дәрігер біресе қолын көкке жайып, Құдайды куәға тартып, біресе Александрдың төсегіне ұмтылып, берік болуын, өзіне толық сенім білдіруін өтініп жалбарынды. Александрға дәрі жойқын әсер етті: бар күшін сылып алғандай, науқас естен танып, тіршілік белгісін танытпай қойды. Алайда Филипп Александрдың есін жиғызды, ол тез әлденіп, ақыры патшаларын бір көруге зар боп жүрген македондықтардың алдына шықты.

20. Дарийдің әскерінде Александрдың мінезін жақсы білетін, отанынан қашып жүрген Аминт атты бір македон бар еді. Дарийдің Александрға қарсы таудың тар соқпағымен беттегісі келетінін көріп, Аминт парсы патшасына «Орныңнан қозғалма, майданды кең жазықта беріп, әскеріңнің сан жағынан басымдығын пайдалан» деп ақыл берді. Дарий «Александр қаша жөнеліп, уысымнан шығып кетер...» деген қаупі барын айтты. «Босқа қауіптенесің, патшам, – деді Аминт. – Александр саған қарсы келеді, ендігі шыққан да болар». Алайда, Аминт Дарийді көндіре алмады да, ол тік көтеріліп, Киликияға беттеді, дәл сол уақытта Александр да әскерін алып Сирияға тартты. Түнде екі жақтың әскерлері бір-бірінің тұсынан өтіп кетті де, кешікпей қайта бұрылысты. Александр кездейсоқ орайы келген іске қуанып, парсыларды таудың тар соқпағында басып қалуға асықты, Дарий болса, әскерін тар жерден алып шығып, бұрынғы орнына әкетуге ұмтылды. Ол қателескенін түсінді, бір жағынан теңіз, бір жағынан тау қусырып, ортасын Пинар өзені жарған қылтаға киліккенде атты әскерін ыңғайсыз жағдайда қалдырды, ал жаудың ықшам қолына бұл ара оңтайлы еді. Александрға ұрымтал тұсты тағдыры жазса, жеңіске жеткізген, соқыр бақыт емес, шебер қолбасшылығы еді. Бөгде жұрттың

күші сан жағынан басым болса да Александр қоршауға түспеді, керісінше, өзінің оң қанатымен жаудың сол қанатын айналып өтіп, сырттан соққы берді де, қарсы алдында тұрған парсы күшін құғынға ұшыратты. Алдыңғы шепте майдан сап жүріп, Александр жамбасынан жараланды, Хареттің мәліметі бойынша, екеуі бетпе-бет айқасып, Дарийдің өзі қылыштаған. Алайда Александр Антипатрға жазған хатында бұл соғыс туралы әңгімелесе де, жараны кім салғанын атамайды. Ол жамбасына қанжар тигенін, бірақ жарасының қауіпті емес екенін жазады.

Александр тамаша жеңіске жетті, жүз он мыңнан астам жауын жайратты, тек Дарийді қолға түсіре алмады, ол қашып, төрт-бес стадий бойына ұзап кетті. Құғын үстінде Александрдың қолына патшаның күймесі мен садағы түсті. Қайтып келгенінде ол македондардың бөгде жұрт қосын тонап, түрлі бағалы заттарды тасып жатқанын көрді, парсылар көптеген кірелерін Дамаскіде қалдырып, ұрыс даласына жеңіл келсе де қазына тым көп еді. Әскерлері Александрға қымбат мүлікке толы Дарийдің шатырын қаптаған қызметшілері мен бірге бай жабдығымен еншіледі. Александр қару-жарағын жедел шешіп: «Жүріңдер, Дарийдің моншасына барып, майдан терін жуайық!» деп, моншаға беттеді. «Дарийдің емес, Александрдың!» деді достарының бірі. Жеңілгеннің мүлкі жеңімпазға тиесілі ғана емес, атына телінеді ғой!». Александр таза алтыннан шебер құйылған сан алуан құмыраларды, шылапшындарды, май құйылған құтыларды көргенде, хош иісті шөптерді иіскегенде, ақыр аяғында кеңдігімен, еңселілігімен, төсек-орын сәні мен дастархан молдығы тәнті еткен шатырға кіргенінде достарына қарап: «Меніңше, патшалық құру дегенің осы!» – деді.

21. Александрдың түскі асты алдына алғаны сол еді, оған Дарийдің шешесі мен әйелі, ұзатылмаған екі қызы күйме мен садақты көріп, патшаны өлдіге балап, өздерін кеудеге сабап, еңіресіп жатқанын мәлімдеді. Александр ұзақ үнсіз қалды: оны өз тағдырынан гөрі Дарий әулетінің қайғысы көп қобалжытты. Ақыры Леонатты жұмсап: «Әйелдерге айт, – деді. – Дарий тірі, олар Александрдан қорықпасын, өйткені биік билік үшін бұл тек Дариймен соғысады, бұрын, Дарий заманында көрген игіліктері түгел өз иеліктерінде қалады». Әйелдерге бұл сөз мейірімді, қайырымды көрінді. Ал Александрдың ісі тіпті

адамгершілік болды. Бұл олардың соғыста өлген парсылардың ішінен қалағандарын жерлеуге, ол үшін олжаға түскен киімдер мен безендіру құралдарын пайдалануға рұқсат берді, Дарий әулетін бұрынғы көрген құрметінен қақпады, қызметшілерін де қысқартпады, тіпті оларды асырауға бөлінген қаржыны да көбейтті. Алайда, Александрдың патшаға тән ең ғажап қайыры сол, асыл текті, күнәдан пәк бұл әйелдер, тұтқыны бола тұрып, абыройларын төгетін не бірде-бір сөз естіп, не бір теріс қылық көріп, еш қауіп күтпеді. Оларға ешкім жақындай алмады, ешкім көрмеді, жау қосында тұтқын емес, қасиетті де таза қыз тұрағында жүргендей өмір сүрді. Ал, енді жұрттың айтуынша, Дарийдің әйелі патшайымдардың ішіндегі ең сұлуы еді, Дарий де еркек атаулының ең бір сұңғағы да, сымбаттысы болған; қыздары ата-аналарына тартқан. Тегінде Александр патшаның өзін өзі ұстай білуі жауын жеңе білуден де маңызды деп білген болар, тұтқын әйелдерге тиіскен жоқ; жалпы ол Барсинаға үйленгенше әйел көрмеген. Мемнонның жесірі Барсина Дамаск түбінде тұтқынға түскен. Ол грек тәрбиесін алған. Жақсы мінезімен танылған. Әкесі Артабаз патша қызынан туған. Аристобулдың айтуынша, Александр осы бір сұлу әрі ақылды әйелге Парменионның ақылымен жақындасқан. Өзге тұтқын қыздардың сұлу, сұңғағын көргенде, Александр әзілдеп, парсы қыздарының түрі көзге бейнет дейді екен. Олардың келісті келбетіне өзінің бойын берік билеу қасиеті мен тазалығын қарсы қойып, ешқайсына назар аударmаған, тірі әйел емес, жансыз мүсіндей қабылдаған.

22. Бірде теңіз жағасында тұрған қолдың басшысы Филоксан Александрға хат жазып, өзіне тарентшілік Феодор деген біреудің келгенін, тамаша сұлу екі бала сатқысы келетінін айтып, патшадан аласың ба деп сұрады. Александр бұл хатқа қатты ашуланып, достарына шағынып, «Осыншама жексұрындыққа итеріп, Филоксен мен туралы шынымен жаман ойлай ма?!» деп сұрады. Филоксеннің өзіне аямай ұрсып хат жазып, Феодорды тауарымен қоса қу деп бұйырды. Коринфтегі атышулы Кробил деген баланы сатып әкелем деп жазғаны үшін Гагнонды да аз сөккен жоқ. Парменионның қарауындағы екі македон Дамон мен Тимофей әлдебір жалдамалылардың әйелдерін масқаралағанын естігенде Парменионға хат жазып, егер қылмыстары дәлелденсе, екеуін де адамзаттың сорына

туған жыртқыш аң ретінде өлтіруге үкім қылды. Сол хатта патшаның өзі туралы айтқанын сөзбе-сөз келтірейік: «Мен Дарийдің әйелін көрді деп, не көргісі келді деп, тым болмаса, оның сұлулығын сөз қылғандарды тыңдады деп ешкім айта алмайды». Александр «Өзіңді тірі өлік сезінуге ұйқы мен әйелқұмарлық мәжбүр етеді, зорығу мен зинақорлық адам табиғатындағы тамырлас міндер» деген. Александр тәбетін тежей білуімен де ерекшеленген, онысына көптеген айқын дәлелдер келтірген. Соның бірі өзі анасындай көріп Карихқа патшайым қылған Адаға айтқаны. Сүйіспеншілігі белгісі ретінде Ада оған күн сайын тәтті тағамдар ұсынып, кейін өзінің тамаша аспаздары мен наубайшыларын да жіберген. Патша Адаға сәлем айтып, «Маған мұның бірде-бірі қажет емес, өйткені тәрбиешім Леонид тамаша аспаз берген: оразаға – түнгі жорық, түстікке ораза» деді.

23. Әдетте жұрттың ойлағанындай, Александрдың шарапқұмарлығы да болмаған. Солай ойлайтыны; ол серне дастарханында ұзақ отыратын. Шын мәнінде Александрдың ішуінен әңгімелесуі көп болатын. Әрі жұрттың алдында ұзақ сөйлейтін. Сернені де бос уақыты көп кездері ғана жасайтын. Іске келгенде, басқа қолбасшылардай емес, Александрды шарап та, ұйқы да, сауық та, әйел де, қызғылықты ойын да тоқтата алмаған. Бұған оның өмірі ... (Түпнұсқа бүлінген) куә, қаншама келте болса да, ұлы ерлік істерге толы өмір. Бос уақытында Александр ұйқыдан тұрған бойда құдайға құлшылық қылатын, содан соң отырып оразасын ашатын, күндіз аңға шығатын, содан соң отырып сот істерін қарайтын, әскери жарлықтар беретін немесе кітап оқитын. Жорық үстінде егер асығыс болмаса, Александр садақ тартып жаттығатын немесе жүріп келе жатқан күймеден бір секіріп түсіп, бір қарғып мініп отыратын. Күнделіктерінде көрсеткендей, Александр түлкі мен құс аулауды ермек қылатын. Қоналқыда патша ғұсыл жасап, денесін сылататын: бұл уақытта аспаздар мен наубайшылардың меңгерушісінен астың әзірлігін сұрастыратын. Александр шынтақтап жатып асқа кіріскен шақта қараңғылық қоюланып, кеш түсетін. Ас үстінде патша дәмдестеріне көп көңіл бөліп, ешкімнің қағажу көрмеуін қадағалайтын. Патша өзінің көп уақытын шарап үстінде өткізетін. Жайшылықта жұрттың бәрін өзіне тез үйіргіш Александр патша атаулының ілтипаттысы болатын,

ал серне дастарханы басындағы мақтаншақтығы ауырлау тиетін. Өзі тоқтаусыз мақтанып, жағымпаздардың сөзін де беріле тыңдайтын, сонысымен кей қонақтарын қиын жағдайда қалдыратын, олар болса да жағымпаздармен жарысқылары да келмейтін, Александрды мақтаудан қалысқылары да келмейтін: мұның бірі ұят, бірі қауіпті іс болатын. Сернеден соң Александр ғұсыл жасап, көбіне түске дейін ұйықтайтын, кейде келесі күнді түгел төсекте өткеретін.

Александр тәтті тағамға мүлде қызықпайтын, көбіне теңіз жағалауынан әкелінген сирек жемістер мен балықтарды достарына таратып, өзіне тұк қалдырмайды. Алайда, Александрдың берген қонақасы керемет болатын, оған бөлген шығыны табысымен бірге өсіп, шегіне жетті. Патша шығынын көп асырмайтын, артық ақша шаштырмайтын.

24. Иссадағы шайқастан соң Александр Дамаскіге әскер жіберіп, ақша мен көр-жер тонатып, парсылардың әйелдері мен балаларын тұтқындатты. Олжаның басым көпшілігі ұрыста ерекше көзге түскен Фессалий атты әскеріне түсті. Александр оларды байыту мақсатымен Дамаскіге әдейі жіберген еді. Александрдың өзге әскері де молшылықта болды. Сол жолы македондықтар алтын мен күмістің, әйелдің қадірін білді, Жатжұрт өмірінің рахатын тапты, содан барып, иісшіл иттердей парсының бар байлығын тауып алып тонауға құлшынды.

Александр алдымен теңіз бойын баурап алуды ұйғарды. Сол бойда-ақ, Қыбырыс (Кипр) патшалары оның дәргейіне жығылды. Финикия да Тирдан өзгесі түгел бағынды. Александр Тирды жеті ай бойы қоршауда ұстады: топырақ үйдіріп, әскери құрылыстар салып, қаланың теңіз беткейін екі жүз триерден тұратын флотпен бекітті. Қоршау кезінде Александр түсінде қала қорғанының үстінен Гераклдің өзіне қол созып, шақырып тұрғанын көрді. Сол кезде Тирдің көптеген тұрғындарына түстерінде Аполлон: «Мен Александр жағына шығамын, өйткені бұл қаланың тірлігі маған ұнамайды» деп айтыпты-мыс. Сонда Тир халқы тап біреуді қылмыс үстінде ұстағандай құдайдың үлкен мүсінін арқанмен шандып, құжыраның тасына бекітті де, Аполлон «александршыл» деп мадақтап жүрді. Александр және бір түс көрді, өзіне алыстан қылық көрсеткен Сатир патшаға ұстатпай, бұлталақтап көп қашады, ұзақ қуғынмен үгіттеуден соң әзер қолға түседі. Сәуегейлер бұл түсті бекем жорып, «Сатир» сөзін жіктеді: «Са» (сенікі) және «Тир». Алек-

сандр түсінде сатирді осы бұлақ маңында қуған деп бір бұлақты әлі көрсетушілер бар.

Қаланы қоршап тұрған кезінде Александр Антиливан тауын мекендеген арабтарға шабуыл жасады. Бұл жорықта патша өзінің тәрбиешісі Лишмах үшін өз басын қатерге тікті. Финикстен кәрі емеспін, қауқарсыз емеспін деп Лишмах қайда барса да Александрдан қалмайтын. Александрдың әскері қалаға жақындағанда аттарын қалдырып, әрі қарай жаяу тартты. Бәрі ұзап кетті де, патша қалжыраған Лишмахты тастай алмады, оның үстіне кеш түсіп қалған еді, дұшпан болса таяу. Шалды жұбатып, қасында келе жатқан Александр аздаған жауынгер мен әскерден жырылып қалды, қараңғылық қоюланып, күн суытқан соң қаһарлы да қатерлі жерге қоналқаға тоқтады. Алыста әр жерден жаудың жаққан оты көрінді, қиындық сәтте македондықтарды өз ісімен жігерлендіре білетін Александр, жүйріктігіне сеніп, таяу отқа жетіп барды, от басында отырған екі жауды қылыштап өлтіріп, оттан шала алды да, өз адамдарына қайтып келді. Македондықтар лаулатып от жақты да, жатжұрттықтардың көбі қорқып қашты, тақалуға тәуекелі жеткендерді бұлар қуып тастап, түнді тыныштықпен өткерді, бұл оқиға туралы Харет жазған.

25. Тирды былайша алды. Толассыз шайқастардан соң, Александр негізгі күшін Дамаскіге жіберді де, дұшпанға дамыл таптырмау үшін, қала іргесіне шығып, жасақтар аттандырып тұрды. Сол күні Аристандр сәуегей құрбан шалып, малдың іш құрылысын көрді де, қасындағыларға да қала осы айда алынады деген берік байламын айтты. Сәуегейдің сөзі күлкі мен қалжың тудырды, өйткені дәл сол күн айдың соңғы күні еді. Жорушылардан жәрдемін аямайтын Александр, сәуегейдің қиналып тұрғанын көріп, бүгінгі күнді айдың отызыншы емес, жиырма сегізінші күні санауға бұйырды. Содан соң керней тарттырып, Тир қамалына әуелдегі ойлағанынан да гөрі өршелене шабуылдай бастады. Шайқастың шиеленіскені соншалық, қоста қалғандар да шыдай алмай көмекке ұмтылды. Тирлықтар қарсыласуын доғарды да, қала сол күні алынды.

Бұдан соң көп кешікпей, Александр Сирияның ең үлкен қаласы Газаны қоршағанында оның иығына үстінен ұшып бара жатқан құс тастаған топырақ түсті. Құс қоршау құрылысына барып қонды да, арқан бекіткен тарамысқа тұзақталып қалды,

Аристандр мұны дұрыс жорыды: Александр оң иығынан жараланды. Бірақ бәрібір қаланы алды.

Мұнан түскен олжасының көбін Александр Олимпиада мен Клеопатраға, достарына жіберді. Тәрбиешісі Леонидке бала кезіндегі бір арманы есіне түсіп, бес жүз талант ладан мен жүз талант мирра жіберді. Баяғыда Александр құрбандық шалу кезінде жұпарды уыстап-уыстап отқа лақтырғанында, Леонид: «Сен жұпары аңқыған елдерді жаулап алғаныңда жұпарды аямай отқа жағарсың, әзірше қолыңда барды үнемдеп жұмса», – деп сөккен. Енді Александр Леонидке хат жазды: «Құрбандық шалу кезінде тарынбасын деп, мен саған ладан мен мирра жіберіп отырмын!».

26. Бірде Дарий мүлкін сұрыптаушылар қолға түскен дүниенің ішіндегі ең құндысы деп бағалаған бір қобдишаны Александрға әкелді. Александр бұл қобдишаға қандай асылымды салсам деп достарынан сұрады. Біреуі ананы айтты, біреуі мынаны айтты, патша болса, бұған «Илиаданы» салып сақтаймын деді. Мұны сенуге тұратын адам растайды. Егер александршылдардың Гераклидке сілтеп айтқандары рас болса, Гомер Александрдың жорықтағы пайдалы да қажет серігіне айналған. Мәселен, Мысырды алған соң Александр сол жерде халқы көп, үлкен қаланың негізін қалап, оған өз атын бергісі келді дейді. Сәулетшілердің кеңесімен болашақ қалаға орын бөліп, оны қоршап та қойған еді, бірақ түнде бір ғажап түс көрді. Түсінде ақ басты қадірмен қария қасында тұрып, оған мына өлеңді оқыды:

Тулап-шулап теңіз жатыр, ортасында арал бар,
Дәл Мысырдың маңайында, Фарос дейді оны адамдар.

Александр атып тұрып, Каноб сағасынан сәл жоғарыдағы Фаросқа тартты; ол кезде бұл арал еді, қазір қиыршық төсеп, құрлықпен жалғастырған. Александр керемет ыңғайлы орналасқан жерге тап болды. Бұл бір жердің тілігі секілді; арналы өзенді теңізден бөліп тұратын да, дәл сол маңда үлкен де ыңғайлы айлақ пайда болатын. Патша айтты: «Қай жағынан болса да тамсануға тұратын Гомер, оның үстіне, данышпан сәулетші. Александр сол арада жер жағдайына бейім деп болашақ қаланың жобасын сызуға бұйырды. Бор табылмады

да, сәулетшілер арпа ұнын алып, қарсыдан тік сызықтармен керілген үлкен доға сызды, сүйтіп, әскери алаңға ұқсас бедер пайда болды. Патша жобаға ризаланды, бірақ кенеттен көл мен өзеннен үлкенді-кішілі әр түрлі құстар қара бұлттай қаптап келді де, ұнды шұқып кетті. Александр мұны жаман ырымға балап еді, алайда сәуегейлер: «Бұл салған қала гүлдеп, әр түрлі елдің халқын асырайды» деп жорығанда, ол көңілденді. Бұдан соң бақауылдарына құрылысты бақылауды тапсырып, Александр Аммон шіркеуіне жүріп кетті. Оның жолы ұзақ та азапты еді. Алдымен жолаушыларға екі қауіп төнді: судың тапшылығы, өйткені бұлар көп күн шөлмен жүрді және сусыған ұлы құмның ішінде тап болған оңтүстіктің долы желі. Ықылымда бұл жер Камбиз әскерін құм жалдарымен қоршап, бүкіл елу мың адамды жұтқан дейді. Мұны бәрі бұрыннан білетін, Алайда Александр алдына бір мақсат қойса, оны тоқтату мүмкін емес еді. Өйткені барлық талабына қамқорлық қылған тағдыры оны бірбеткей етіп еді. Ол бірде-бір жауынан жеңілмегені былай тұрсын, кеңістік пен уақыттан мықты боп шықты және оның даңққұмарлығы асқынды да, ылғи бір алынбас асуларға ұмтылатын.

27. Бұл қиын жорықта Тәңірінің Александрға көрсеткен жәрдемі, жұрттың оған деген сенімін, кейіннен аян болған жорулардан да гөрі ұлғайта түсті. Зевстің құдіретімен төпеп беріп, елді шөл қаупінен құтқарған мол жаңбырларды айтса да болады. Жаңбыр аптап құмды салқындатып, ылғалдандырды әрі бекітті, ауаны тазартты, тыныс жеңілдеді. Артынан жүргіншіге бағыт сілтейтін қарақшы белгілер табылмай, македондықтар жолсызда бір-бірінен адасып жүргенде қарғалар тап бола кетті де, жөн сілтеді. Жұртты ізіне салып, олар алда ұшып жүрді, бөгелгендермен қалып қалғандарды күтіп алысып отырды. Каллисфеннің айтуынша, ең ғажабы сол, түнде құстар жолдан адасқандарды дауыстап шақырған, қашан жұрт жолға түскенше қарқылдай берген.

Шөлден өтіп патша ғибадатханаға жеткенде, Аммон шіркеуінің абызы алдынан шығып, Алксандрды Аммон әулие өз ұлындай қабыл етеді деді. Патша: «Өз әкесін өлтіргендердің ішінде жазадан құтылып кеткендері жоқ па?» деді. Абыз Александрдың күпірлік қылуына тыйым салып, оның әкесі ажалдылар санатынан емес екенін айтты. Сонда патша сұра-

ғының өңін айналдырып қойды да, Филиппті өлтіргендердің бәрі де жаза тартты ма деді, бұдан өз жайын сұрап, бар адамның әміршісі болуыма жаза ма деп сұрады. Жазады деді. Құдай және Филипптің кегі толық қайтқанын айтты. Патша Құдай жолына мол тарту жасап, жұртқа ақша үлестірді.

Жорушының айтқаны жөнінде көптеген тарихшылар осыны жазады. Александрдың өзі анасына жазған хатында құпия бір болжамдар естідім, барған соң өзіңе оңаша айтам деді. Кейбір мәліметтерде абыз Александрды дос пейілмен қабылдаймын деп, оған грекше «О, пайдион!» (О, ұлым!) деп амандасқанда, жатжұрттық мәнерде «н» дыбысының орнына «с»-ны айтқан, сөйтіп «О, пай Диос!» (О, Зевстің ұлы!) деп естілген. Александрға бұл жаңылыс ұнаған да, содан барып тәңірі оны Зевстің ұлы атандырды деген қауесет тараған. Александр Мысырда Псаммонды тыңдаған деп те айтады. Философтың бар айтқанынан оған ең ұнағаны «Бар адамды Құдай билейді, әр адам Тәңірден бастау алады» деген ой еді. Бұл тұрғыда Александрдың өзі әлдеқайда кемел тұжырып, «Құдай – бар адамның Қамқоршысы, ол өзіне ең жақсыларды жақын тұтады» деген.

28. Жалпы Александр өзін жатжұрттықтардың алдында тәкаппар ұстайтын. Гректердің алдында ұстамдылау болды. Рас, Самсонға байланысты афиналықтарға жазған хатында ол: «Атақты да азат бұл қаланы мен сендерге бермес едім, кезінде өздеріңе әмірші, маған әке болған жаннан алған екенсіңдер, биленде», – деді. Мұндағы айтып отырғаны Филипп еді. Алайда, кейінірек жебеден жараланып, қатты қиналғанында Александр: «Бұл, достарым, ағып жатқан қан, «бақытты аспан тұрғынының бойындағы ылғалы» емес», – деді.

Бірде күн қатты күркіреп, отырғандар тегіс үрейленгенде софист Анаксарх Александрға айтты: «Зевс ұлы, сен осыған ұқсас бірдеңе жасай аласың ба?» «Жасағым да келмейді. Сен айтқандай, достарымның үрейін ұшырып қайтем?» деп Александр күлді. «Саған менің түстігім ұнамайды ғой, өйткені дастарханымнан сатраптың басын емес, балық көріп отырсың». Расында да, патшаның Гефестионға жіберген балықтарын көріп, Анаксарх басына қатер төндіріп, көп қажыр жұмсап даңққа жеткендерді тәлкек қып, бұлар қанағатын тойдырғанда, не

ләззат алғанда жай адамдардан айырмасы жоқ дегендей ой айтса керек.

29. Мысырдан Финикияға қайтқан соң Александр Құдайға құрбан шалып, салтанатты шерулер мен кикликалық және трагедиялық хорлардың бәйгесін ұйымдастырды.Бұл бәйгелер аса молшылық жағдайда өткенімен ғана емес, ұйымдастырушылардың бәйгесімен де тартымды болды, өйткені хор иелері Қыбырыс патшалары еді, әсіресе, саламиндық Никореон пен солиілік Пасикраттың бәсекесі шиеленісті өтті. Жеребе бойынша оларға ең атақты актерлер тап келді: Пасикратқа – Афинодор, Никокреонға – Фессал, мұның жеңісіне Александр да мүдделі еді. Алайда ол бұл актерға бұйрегі бұратынын сездірген жоқ, дауыс беру арқылы жеңіс Афинодорға тигенде ғана, театрдан шығып бара жатып, төрешелерді қолдайтынын, алайда Фессалдың жеңілісін көрмеуі үшін жарты патшалығын беруге әзір екенін айтты дейді. Дегенмен, афиналықтар Дионисий күніндегі жарысқа қатыспай қалғаны үшін Афинодорға айып салып, ол патшадан өзін қорғап хат жазуын өтінгенде, Александр хат жазбаса да оның айыбына өз жанынан төледі. Сахна серісі Линон Скарфийский бір комедиялық қойылымда өз рөліне сөз қыстырып жіберіп, он талант жөнінде өтінді.

Сол кезде Дарий македон патшасына өз достарынан хат жолдап, тұтқындарының сауғасына он мың талант, Евфраттың бергі бетін түгел, әйелдікке бір қызын және өзінің достығы мен одақтастығын ұсынды. Александр бұл туралы жақын достарына айтқанда Парменион: «Егер мен Александр болсам бұл шартты қабылдар едім», – деді.

«Зевс атымен ант етем, мен де осылай етер ем, – деді Александр. – Егер мен Парменион болсам!». Александр Дарийге хат жазып, македондықтарға өз аяғымен келсе қошеметпен қабылданатынын, өйтпеген жағдайда парсы патшасына мұның өзі баратынын айтты.

30. Алайда, көп кешікпей, ол бұл жауабына өкінді, өйткені Дарийдің әйелі баладан қайтыс болды. Александр қайырымдылық көрсетудің орайлы сәтін өткізіп алғанына өкінішін жасырған жоқ. Ол патшайымды еш шығыннан тартынбай, бар сән-салтанатымен жерлеуге бұйырды. Парсы әйелдерімен бірге тұтқынға түскен Тирей деген әтек македондықтар қосынан қашып шығып, атпен ұзақ жол жүріп кеп, Дарийге

әйелінің өлімін естіртті. Өксіп жылап, патша өзін басқа салып, өкініш айтты: «Парсы елінің қайырымсыз тағдыры-ай! Патшаның жары әрі қарындасы жау қолына түсті де, өлген соң падишаша жерлене алмады!». «Жоқ, патшам, – деді әтек, – патшайымның жерленуі мен көрген құрметіне келгенде парсылардың қайырымсыз тағдырына өкпелей алмайсың. Тірісінде әулием Статира да, шешең де, қыздарың да еш мұқтаждық көрген жоқ. Олар бұрынғыдай бар игілік пен мүмкіндікке ие болды, тек қана Оромазда піріміздің пәрменімен әлі солғын тартпаған сенің мынау нұрыңды көре алмады. Статира қайтқанда оған көрсетілмеген құрмет жоқ, оны тіпті дұшпандар да жоқтады. Александр ұрыста қаншалықты қаһарлы болса, жеңілгендерге соншалықты қайырымды ғой».

Бұл әңгімені естіген соң Дарийдің толқытқан қасіретін үлкен күдік жайлады да, әтекті шатырдың терең түкпіріне шақырып алып айтты: «Егер сен парсылардың соғыстағы бағындай македондықтар жағына шығып кетпесең, мені өзіңнің әміршің деп танысаң, сені Митраның ұлы шуағымен және патшаның оң қолымен қарғаймын, айт маған, мен қазір Статираның басына түскен қасіреттердің ең кеміне күйзеліп тұрғам жоқ па, тірісінде бұдан үлкен қасіретке тап болмап па еді? Егер біз сорымызға орай қанішер жаумен беттессек, арымызға сол жеңіл болмас па еді? Аралары таза болса, жас адам жаудың әйеліне мұнша құрмет қылар ма еді?». Патша сөзін бітірмей-ақ Тирей оның аяғына жығылып, Александрды босқа кінәламауын, өзінің ең үлкен жұбанышынан, табиғаты ерекше жаннан жеңілдім деген сезімнен ажырау қажет емес деді ол. Әтек өз сөзін көп қарғана растап, Александрдың ұстамдылығы мен қарапайымдылығынан мол мысалдар келтірді. Дарий сонда нөкерлерінің алдына шығып қолын көкке жайды да, Құдайға жалбарынды: «Менің руыма, патшалығыма жар болушы құдай, парсылардың құдіретін қалпына келтіруіме медет бер, патшалығым баяғыдай бақытқа кенелсін, жеңімпаз болған соң Александрдың мен сорға тап болғанда жақын-жаранымa көрсеткен жақсылығын өзіне қайтарайын. Егер зауал сағаты соғып, ұлы өзгерістерге ұшырап, парсы патшалығы құлайтын болса, Кир тағына Александрдан басқа ешкім отырмасын». Көп жазушылар бұл оқиғалар мен сөздерді осылайша жеткізеді.

31. Александр Евфратқа дейінгі жерлерді түгел алған соң өзіне қарай саны миллионға жеткен қолмен келе жатқан Дарийге қарсы жүрді. Жолда нөкерлерінің бірі, патшаны күлдіргісі кеп, кірешілердің қандай ойын шығарғанын айтты: екі топқа бөлініп ап, әрқайсы көсем қолбасыларын сайлап, бірін Александр, бірін Дарий атандырған. Әуелі бір-біріне кесек балшық лақтырысып еді, содан жұдырық төбелесі басталды, ақыры, бәсеке қыза келе, тас пен таяққа жармасты; көбін ажырату қиынға түсті. Мұны естіп, патша екі көсем жекпе-жек майдандассын деді. Өзі «Александрды», Филот «Дарийді» қаруландырды. Бүкіл әскер жекпе-жекті көріп, одан болашақтағыны болжауға тырысты. Тегеурінді тайталаста Александр атанғаны жеңді. Патша оған он екі сөлкебай сыйлап, парсыша киініп жүруіне рұқсат етті. Осылайша Эротосфен әңгімелейді.

Дариймен ұлы шайқас, көбі жазып жүргендей, Арбала түбінде емес, Гавгамела түбінде өтті. Бұл атау жергілікті тілде «Түйенің үйі» деген мағына береді, өйткені ескі патшалардың бірі жаудан жалғыз өркеш нармен қашып құтылып, оны осында орналастырып, асырауына көп қаржы бөлген.

Боэдромин айында, шамамен Афинада құпия түндер аталар шақта ай тұтылды. Ай тұтылғанның он бірінші түнінде екі қол бір-біріне қарама-қарсы келіп тоқтады, Дарий әскерлерін сапта қалдырып, алау жарығымен тексеріс өткізді. Александр болса, македондықтар ұйықтап жатқанда, Аристандр сәуегеймен бірге шатырының алдында құпия да қасиетті рәсімдер жасап, Фобос Құдайға құрбан шалды. Нифат пен Гордей тауларының арасындағы бар жазықты Жатжұрт әскерінің оттары жарық қып тұрды, парсы қостарынан көмескі гуіл естіліп, теңіздей шулап жатты. Александр нөкерлерінің үлкендері, әсіресе Парменион, жаудың қисапсыздығына қайран қалысып, бір-бірін мұнша ашық соғыста жеңу өте қиын іс десті. Құрбан шалуын аяқтап болған патшаға келіп, олар жауға түнде бас салу керек, қараңғыда македондықтардың үрейін алатын нәрселер көзден таса болады деп ақыл қосты. Александрдың: «Мен жеңісімді жасырмаймын», – деген атақты жауабын көбі жеңілтек әрі мұндай қатердің алдында орынсыз деп тапты. Кейбіреулері Александр өз күшіне нық сенеді және болашақты дәл болжайды деп шешті. Ол бұрынғы сәтсіздіктерін тау мен теңіздің

қолайсыздығынан көріп жүрген Дарийдің ендігі жеңілісін түнгі мезгіл мен қараңғылықтан көріп, тағы бір майданға тәуекел етуін қаламады. Александр түсінгені – ұлы күштер мен кең байтақ елі қолында тұрғанда, ашық соғыста жеңіліп, жігері мен үмітінен ажырағанда ғана тоқтатады.

32. Нөкерлері кетті де, Александр шатырына кіріп, демалуға жатты, ол түннің қалғанын шырт ұйқымен өткеріп, әдеттегісіндей таңнан тұрмады дейді. Бұдан әрі баяулатуды уақыт көтермеді де, Парменион шатырға кіріп, Александрдың төсегіне кеп екіүш рет дауыстады. Александр оянғанда Парменион одан алда ұлы шайқас тұрғанда жеңімпаздың ұйқысымен ұйықтауың қалай деп сұрады. Александр күліп айтты: «Немене! Мынау бос жатқан байтақ елді ұрыстан жалтарған Дарийді енді қуып жатпаймыз, сол үшін де жеңіс біздің жақта деп есептемеймісің?».

Александр шайқас алдында ғана емес, соғыс қызған шақта да өзін ерік-жігерінен ажырамайтын ұлы жауынгер ретінде көрсете білді. Пармениондың қарауындағы сол қанат Бактрий атты әскерінің қысымымен бейберекет шегіне бастады, олар македондықтарға айғай-сүренмен жақсы шабуыл жасады. Бұл уақытта Мазейдің аттылары күзетіне бас салып еді. Парменион Александрға жаушы жіберіп, егер патша алғы шептегілердің бір бөлігін тылдағы жауынгерлерге көмекке жібермесе, қостар мен кіренің қолды болатынын мәлімдеді. Дәл сол уақытта Александр өз қасындағы әскерге шабуылға белгі беріп еді. Көмек сұрағанын естіп, ол «Парменион ақылынан адасқан шығар, сасқалақтап жүріп ұмытқан ба, жеңімпазға жаудың бүкіл мүлкі қалады ғой, жеңілгендер дүние мен құлдар туралы ойламай, батыл соғысып, ажалды мойымай қарсы алу керек» деді.

Осыны Пармениондға жеткізуге бұйырып, Александр дулығасын киді. Өзге жарағын шатырда киген еді: Сицилия шеберлері жасаған белбеу, оның үстінен Исса бойында қолға түскен қос қабат зығыр сауыт. Теофил жасаған темір дулыға күмістей жарқырады. Оған мойынды жауып тұратын, әшекей тастармен безендірілген темір жаға бекітілді. Александрдың қолында Кития патшасы сыйға тартқан кереметтей жеңіл тамаша семсер, семсер оның соғыстағы бас қаруы. Жарағының үстінен жамылған шекпені бәрінен де бағалы еді. Үлкен Геликон тіккен бұл киімді Александрға көрсеткен құрметіміз

деп Родос шаһарының тұрғындары берген, соғысқа кірерде ылғи соны киетін. Әскери тәртіп орнатып, бұйрықтар беріп, жауынгерлерін жігерлендіріп әрі олардың дайындығын тексеріп, Александр сапты айналып шықты, астында Буцефал емес, басқа ат еді, өйткені Буцефалдың жасы келген себепті оны тың сақтайтын. Бірақ дәл майданға кірерде оған Буцефалды тартатын, Александр атқа қонып, шабуылын бастайтын.

33. Фессалиялықтар мен өзге де гректер көп сөйлесіп, Александрдың оларды жатжұрттықтарға бастауын өтініп, сенімін нығайта түсті. Александр Каллисфеннің айтуынша, найзасын сол қолына алып, оң қолын көкке жайып, «Егер мен Зевстің ұлы екенім рас болса, гректерге жәрдем етіп жігер бер» деп Құдайға жалбарынды. Аппақ киімді, алтын тәжді Аристандр сәуегей Александрмен қатар шауып келе жатып, оның төбесінде қалқып, дұшпанға қарай төніп келе жатқан бүркітті көрсетті. Мұны көргендер құлшына түсті. Әскерлер бір-бірін жігерлендіріп, аттылардың соңындағы фаланга дұшпанға лап қойды. Алдыңғы шеп соғысып үлгермей-ақ жатжұрттықтар шегіне бастады. Талқандалған дұшпанын қаһарлана шабуылдап, Александр парсыларды ортаға – Дарий тұрған маңға тықсырды. Парсылардың алғы шебінен аса қарап, Александр оны алыстан көрді. Дарий патша жасағының ортасында, биік күйменің үстінде тұрды, ұзын бойлы, сұлу жүзді, күймесін қоршаған салт аттылар қарулары жарқ-жұрқ етіп жауды қарсы алуға сақадай сай. Алайда олар шегінгендерді алға сап айдап, беріспей жатқандардың шебін бұзып, Александр жақындаған сайын сасқалақтай бастады, бұл Дарийдің жан пидаларын түгелге жуық үрейлендіріп, тырағайлатып жіберді. Ең бір қайсарлары мен қайырымдылары ғана патшалары үшін ақтық демі біткенше айқасты; бір-бірінің үстіне құлап, олар қуғынды қиындатты, жау әскерімен жанұшыра шайқасты. Бұл сұмдық көрініс Дарийдің көз алдында өтіп жатты, қоршаған әскері патшаның тап қасында жан тапсырып жатты. Күймені бұрып шығару мүмкін емес еді, қаптаған өліктер доңғалақты тапжылтпады, тау боп үйілген мәйіттердің астында қалған аттар аспанға шапшып, жағдайды мүлде қиындатты. Жұрттың айтуынша, Дарий қарулары мен күймесін тастай салып, жақында ғана құлындаған бір биеге мініп қашқан. Ол, тегінде, бұл жолы құтылмас еді, Александрға Парменионнан жаушы

келіп, жәрдемге шақырды, ол қанатта жаудың талқандалмаған әжептеуір күші қарсылық көрсетіп жатыр еді. Жалпы Парменионды бұл соғыста сылбыр да самарқау болды деп жазғырады, жасы келген соң бұрынғы жігері жасыды ма екен, әлде, Каллисфен айтпақшы, Александрдың өсіп келе жатқан үкімі мен құдіретін күндеді ме екен? Парменионның көмек сұрағанына қапаланып, Александр әскеріне жағдайды жарияламай-ақ, қуғынды тоқтатуға белгі берді, қараңғылық түсті, қантөгісті доғару керек дегендей қып. Қатерде қалған әскеріне ұмтылған Александр жаудың толық талқандалып, қуғынға түскенін жолда естіді.

34. Соғыстың бұлайша аяқталуы парсылардың құдіретін мүлде жойды. Александр Азияның патшасы деп танылған соң салтанатты құрбандықтар берді, достарына қазына үлестірді, сарайлар сыйлады, билеулеріне бүтін аймақтар таратты. Александр гректердің құрметіне бөленгісі келіп, оларға тирандар үкіметі барлық жерде жойылып, мемлекеттер түгелдей азаттық және тәуелсіздік алуы керек деп жазды. Платейліктерге үндеу хат жолдап, қалаларын қайтадан салып беруге уәде қылды, өйткені олардың ата-бабалары бір кезде Грекияның азаттығы үшін соғысуға жерлерін беріп еді. Әскери олжаның бір бөлігін Италиядағы Кротон қаласының тұрғындарына жөнелтіп, атлет Фиаллдың ерлігі мен талабына құрмет көрсетті, өйткені ол парсы соғысы кезінде барлық италиоттардың гректердің жеңісінен түңілгеніне қарамай, өз қарсыласына кеме жасақтап, қатерді елмен бірге көру үшін Саламинаға жүзіп келген.

35. Өзіне бірден тұтас берілген Вавилонияны көктей өткенде Александр ...дегі шыңырауға аса қайран қалды, бұлақтан су атқылағандай толассыз жолын бүркіп, мұнай тасқыны селдеп, шыңырау маңы көлге айналыпты.

Мәтін бұлінген

«ЖҮРЕКТЕ ҚАЛҒЫП ЖАТҚАН ЖЫРЛАРЫМНЫҢ...»

(Ерік Асқаров поэзиясының поэтикасы)

Қайырбек КЕМЕҢГЕР,
филология ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
қазақ әдебиеті кафедрасының доценті

Сұлу сөздің хас шебері Жүсіпбек Аймауытұлы қазақ өлеңінің ұлы тұлғасы Мағжанның мөлдір поэзиясын талдағанда: «Ақынның ақындығын үстінен қарап топшыламай, ішіне кіріп зерттеу керек», – деп жазған. Алаш қаламгері көрсеткендей, біз осы мақаламызда қалың қазақ еліне айтыскер болып танылған өнерпаз, ақын Ерік Асқаровтың лирикалық туындыларының ішіне кіріп, өлең өрісіндегі қолтаңбасын талдап, туындыларын тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық табиғатына қарай зерделеуді мақсат еттік.

Өлеңдерінің көркемдік қуаты, эстетикалық табиғаты, тақырыбы мен басты идеясы қайсы деген сұрақтарға жауап іздегенде ақынның дара стилі, жеке қолтаңбасы айқындалатыны мәлім. Бұл мақсатта қазақ сөз өнерін зерттеген алаш қаламгерлерінен бастап, ұлттық әдебиеттанудағы көрнекті теоретик ғалымдардың еңбектерін басшылық еткенімізді айтқымыз келеді.

Ерік Асқаров өлеңдерінің ерекшелігі неде деген сұрақ қоятын болсақ, ол – алдымен ұлттық сипатында, ұлттық мазмұнында, көркемдігі жоғары ұлттық бояуында дер едік. Автор туындыларында ұлт тарихымен, ондағы тұлғалармен, белгілі тарихи оқиғалармен біте қайнасады, олармен бірге жасайды.

Атамыз орда салған жер,
Кіндігім қаны тамған жер.
Сібірдің құйттай қойнауы –
Ермаққа бермей қалған жер, –

деп ақын өзі жырлағандай, кең байтақ қазақ даласының солтүстік шекарасында, өз сөзімен айтқанда Ібір-Сібір жерінде дүниеге келген, арғы бабасы Түрік қағанаты, Алтын Орда заманынан жасаған, бергі атасы Абылай хан, Кенесары хан дәуірінен бері өмір сүрген қасиетті құтты қонысында туып өскен ақын қолына қалам ұстап, саналы өмірге қадам басқан кезінде ұлт мәселесі тым күрделеніп кеткен еді. Билік басындағы Столыпин кезеңінен бері қоныстанып алған қарашекпенділердің екінші-үшінші буындағы ұрпағы қазақтың тілін де, ғұрпын да, салт-дәстүрін де қажетке жаратпай қалған-ды. Себебі саясат солай еді. «Неғұрлым орысша жылдам сөйлесек, соғұрлым коммунизмге тез жетеміз» деген ұран тасталған қоғамда өмір сүрді ақын. Оның үстіне, тың игеру науқаны ұлттық мәселені одан сайын қиындатып, қазақ халқы өз жерінде, өз елінде аз ұлттың санында қалып қойды. *«Түрен салып даламызға тың келді, Нан көбейіп, мән азайған күн болды»*, – деп жазды сондықтан ақын өлеңінде негізгі айтар ойын астарлап жеткізіп. Ақын мұндай жат қоғамды, ұлт тарихын жоқ қылған ортаны, ұлт тілін керек қылмаған билікті, ұлттық құндылықтарды мансұқтайтын заманды қабылдамады. Большевиктер билікке келген заманға тап болған Мағжан атасындай Ерік ақын да сырын қағазға түсірді, өткен заманды аңсады. *«Танымай, таныта алмай өткеніңді, Таппайсың болашаққа өткеліңді»*, – деп жазды тебіреніп. Ұлттық рухты асқақтататын, көңілге арқау болатын тұлғаны ол да Мағжан атасындай тарихтан іздеді. Сондай аңсар оймен «Бозауыз ат» поэмасын өмірге әкелді. *«Бұл шығарма 1979-1980 жылдары жазылды. Қылышынан қан тамған кеңестік цензурадан өткізе алмайтынымды білген соң, аяқтамай тастап едім. Сол кезде қазақ қауымын өксіткен жалғыз идея – ұлт азаттығын көксеген көңілдің көрінісі»*, – деп тебіренді автор поэманың кіріспе сөзінде.

Тегінде, «Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған көшелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады», – деп жазған екен Ж. Аймауытұлы. Патша заманында туып-өсіп, алты алашқа сол кездің өзінде танылған талантты ақын Мағжан қос төңкерісті, аз уақыт Алашорда кезеңін, аумалы-төкпелі жылдардағы Азамат соғысын бастан кешіп, большевиктер үкіметінің орнай бастағанына куә болды. Мағжан ақын

патшалық империяның шаңырағы ортасына түскенін көзбен көрді. Ерік Асқаров болса, Кеңес дәуірінде туып-өсіп, кеңестік кезеңде қазақ еліне ақын болып танылды. Алғашқы жыр жинағын 1987 жылы жариялап, қайта құру науқанын, Желтоқсан көтерілісін, ұлттық рухтың жаңғырғанын, ақыры қызыл империяның құлағанына куә болды. Мағжан жаңа қоғамды 27 жасында қарсы алды. Астаң-кестеңі шығып жатқан заман алаш ақынына сол кезде шығармашылығында бағасы биік туындысы – «Жан сөзін» жазғызды. Ал Кеңес үкіметі құлап, тәуелсіздік таңы атқанда Ерік ақын 32 жаста еді. Байқасақ, ол да қоғамдық сана өзгерісін, тоқырауды, заман құбылғанын бастан кешті. Екі ақын да сыншы Жүсіпбек айтқандай, *«ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаған көшелі дәуірдің»* куәсі болды. Алайда екі ақын тағдырында, шығармасында ұқсастықпен бірге айырмашылық та бар деп айтамыз. Мағжан большевиктік, пролетариаттық, таптық, кеңестік, ескіні мансұқтайтын жаңа қоғамды қабылдамаса, Ерік ақын тәуелсіздіктің ақ таңын, азаттықтың көк туын қуанышпен қарсы алып, жырларын шаттыққа толтырды. Кеңес империясы келмеске кетіп бара жатқанына қуанды.

* * *

Ерік Асқаров шығармалары тақырыптық-идеялық тұрғыдан сан салалы, әр қилы, қозғайтын мәселесі, көтеретін ойы неше алуан сипатты деген пікір айтқымыз келеді. Бұл орайда ақын өлеңдерін төмендегідей тақырыптарға бөліп жіктейміз:

– Махаббат лирикасы,

– Табиғат лирикасы,

– Туған жер лирикасы,

– Философиялық лирика, философиялық һәм көңіл күй лирикасы, Философиялық-дидактикалық лирика,

– Ата-анасына, бауырларына, балаларына арналған өлеңдері,

– Діни-имандылық лирика,

– Әлеуметтік-дидактикалық лирика,

– Саяси-патриоттық лирика,

– Тарихи-этнографиялық лирика.

Ақын өлеңдерін оқыған кезде оларды шартты түрде осылайша жіктегенді жөн санадық. Бұл орайда біз «Жүрекжарды» жыр кітабындағы туындыларын ғана пайдаланғанымызды айтқымыз келеді. 2009 жылы «Фолиант» баспасынан жарық көрген ақын кітабында өлеңдер тақырыптық-идеялық, тарихи-хронологиялық тұрғыдан топталмағанын айтқымыз келеді. Тегінде келер күнде ақын өлеңдері баспа бетін тағы көріп жатса, осылайша жүйелі берілсе деген ұсыныс білдіреміз.

Махаббат лирикасы. «Басқа жағынан Мағжан идеалист болса да, махаббатқа идеализм көзімен қарамайды», – деп Ж. Аймауытұлы айтқандай, Ерік Асқаров өлеңдерінде махаббат тақырыбын кез келген туындысынан аңғарамыз. Ақын өлеңін махаббатсыз, сүйіспеншіліксіз жазса, олар соншалықты мөлдір, соншалықты шынайы шықпайтын еді, оқырман жүрегінен орын алмайтын еді. Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді дегендей, Е. Асқаров өлеңдерінің қай-қайсысы да терең тебіреністен туғандығын танимыз. Алайда ер мен әйел арасындағы махаббатты ғана сөз етсек, поэмаларын, айтыстарын атамағанның өзінде, бұл тақырыпқа ақын 26 өлең арнағанын аңғаруға болады. Олар: «Сүйемін!» деме, осы бір сөзден сескенем», «Менен бұрын жырлап өткен мың ақын», «Балалық алыс, алыста және ағалық», «Шертілмеген сырың болса, шерт енді», «Дір ете қалдың, қысылып әлде тұрсың ба?», «Оятты да жүрегімді бір үн кеп», «Азияның аптабы», «Жалғыз шырақ», «Боларын дәл осылай білген едім», «Аксиома», «Алатауда ақ дауыл», «Ауылы аяулымның Аюлыда», «Секілденіп толқын ұрған нау балық», «Сенің нұрлы жамалыңды көргенде», «Жасыбайдың жағасы», «Ару қыздың ақ тәніне», «Ригадағы қарындасқа», «Сары күз қол жайған», «Сені ойлаумен атты менің таңдарым», «Сен кетті деп айтады маған бәрі», «Бөлмеңе сенің кіріп мен», «Бірде шілде, бірде қаңтар мына күн», «Білмеймін сор ма, бақ па – ол арасын», «Асықпашы, махаббат!..», «Сен қоңырау шалғанда», «Саған арнаймын», «Сары белден сарғайып таң атады».

Махаббат тақырыбына арналған бұл өлеңдерде ақын бар және көбінесе Сен атты кейіпкер бар. Лирикалық кейіпкер ынтық болған махаббатына көңілдегі ғашықтық сезімін көркем тілмен, бейнелі эпитетпен, айшықты теңеумен, түрлі метафоралық тіркеспен жеткізеді. Бұл тақырыптағы өлеңдердің көбі

1979 жылы жазылған екен. Яғни Ерік ақынның жиырмадағы жігіт кезінде туған шығармалар деп білеміз. Мысалы:

Көңілің сенің жап-жаңа жауған ақ қардай,
Саятшы менмін несібе күткен сонардан.

Автор жүрек сезімін ғашығына жеткізу үшін ұлттық сипаттағы әдемі метафора мен ауыз әдебиетінен айшықты теңеуді сәтті қолданады. Ақын өлеңдерінде орман мен ағаш бейнесі ерекше орын алады. Ақ қайың мен қарағайдың, Ібір-Сібір шетіндегі қалың орманның ішінде туып-өскен Е. Асқаровтың ағаш түрлерін суреттеуі, оны теңеумен, метафорамен беруі жиі ұшырасады:

Санамда менің жататын жаймен ой ағып,
Тым-тырыс қана жүруші едім сая ғып.
Иіні тұсіп, қалғыған орман секілді ем,
Көрдім де сені, кеттім мен оқыс оянып.

Табиғат лирикасы. Ақын өлеңдерінде табиғат суреті де сұлу, айшықты берілген. Тегінде Е. Асқаровтың кез келген тақырыптағы шығармасынан табиғаттың жанды суретін көре аламыз. Мысалы «Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап» өлеңі бір оқығанда жылдың күз мезгілін көрсетуге арналғандай. Қоңыр күз, салқын күз, көрі күз деп суреттелетін жыл маусымын табиғат көрінісі деп қабылдаймыз. Бірақ өлеңнің соңғы екі тармағында оның негізгі идеясы белгілі болады: *«Алматының ауа райы секілді, Тағдыр қырық құбылады-ау бір күнде»*, – деп аяқталады жыр. Яғни бұл өлеңде автор табиғатты ғана суреттемейді, философиялық ой-толғам да жасайды. Табиғат көрінісі философиялық ойын жеткізу үшін орайлы пайдаланылған. Тағдыр да табиғат секілді құбылады деп айтқысы келген ақын. Сондай-ақ «Аққөңіл адал жүректі» өлеңінде алдымен табиғат суреті берілген де, кейін алыста жүрген, сағындырған туыс, аңсаған бауыр бейнесі баяндалады:

Өлкеге біздің бозқырау түсті қарыған,
Бозарды дала айрылып жасыл табынан.

Бозала таңда бозқырау кешіп жүргенде,
Бауырым, сені еске алам дағы, сағынам, –

деп жырлайды ақын. Лирикалық кейіпкер көңіл күйін жеткізу үшін табиғат суретін қатар береді. Ақынның махаббат, философиялық, саяси-әлеуметтік, тарихи-этнографиялық, өзге де тақырыптарда жазылған өлеңдерінен осындай психологиялық параллелизмді, табиғат суретін қатар берудің мысалын көптеп кездестіреміз.

Сонда да табиғат және экология мәселесі ғана айшықты көрінген мына лирикалық өлеңдерін бөліп атағымыз келеді: «Кешікті көктем биыл, көп бөгелді», «Барады ағып ерке Есіл», «Шерубай-Нұра», «Экологиялық өлең», «Арқадан келген жолаушы», «Күрсіне берді Көкшенің бұлты арылмай», «Таудағы түн», «Сібірге келді сары күз», «Сібір», «Аралда», «Малатья су қоймасы». Бұларда ақын тек табиғатты жырлаған деп айтуға болады.

Келесі топтама өлеңдерінде табиғат көрінісі, табиғаттың әсем суреті беріледі де, сонымен бірге оларда ақынның туып-өскен ауылы, туған жері, қасиетті Қызылжары мен кербез Көкшесі бірге суреттеледі. Сондықтан бұл өлеңдерін «Туған жер» лирикасы деп топтаймыз.

Туған жер лирикасы. Бұл топтағы өлеңдері туып-өскен ауылына, Қызылжары мен Көкшетауына арналған: «Қыс болса Қызылжарға кеткім келер», «Қызылжарда биыл тіпті қар қалың», «Майшам жарығында жазылған жыр», «Есіме түсіп, өткен, кеткендерім», «Қара орманның қолтығынан жел кіріп», «Көргің келсе қар бұрқаған боранды», «Қызылжар», «Мен ертең Қызылжарға тағы аттанам», «Қостеректің құдығы».

Осы орайда бір байқағанымыз, ақын өлеңдерінде Петропавл қала аты мүлде кездеспейді. Есесіне «Қызылжарым», «Қызылжар қысы» жиі ұшырасады. Мысалы: «Қыс болса, Қызылжарға кеткім келер», «Жүр, жаным, Қызылжарға кетейікші», «Қызылжарда биыл тіпті қар қалың», «Абай айтқан шыбынсыз жаз керек пе, Мына біздің Қызылжарға кел онда!», «Қызықтырса Пушкин сүйген алтын күз, Мына біздің Қызылжарға тағы кел», «Сыны кетпес сұлулықтың барлығын Мына біздің Қызылжардан табасың». Ақын осы арқылы туған қаласының төл аты Қызылжар екенін тағы да еске салғандай. Қаласына деген

ыстық махаббатын ата-бабасынан қалған Қызылжар атауымен жеткізгендей.

Ата-анасына, бауырлары мен балаларына арналған өлеңдері. Бұл тақырыптағы туындыларына мына шығармаларын топтаймыз: «Анамменен сырласу», «Ат мініп, әке, көтермедім», «Өмір жалғасы», «Бақұл бол» (цикл), «Бекзатқа», «Ақкөңіл, адал жүректі», «Әкеме хат», «Алапат боран... келген бе ауып жат елден?», «Қостеректің құдығы», «Баттал ғазы». Аталған өлеңдерде ақынның ең жақын адамдарына деген көңіл күйі, сағынышы көрінген. Жалған өмірден ерте көшіп, әкенің жүрегін мәңгілік сағынышқа толтырған Бекзатқа арналған өлеңдер циклін оқығанымызда, ұлы Абайдың Әбіш баласына жазған туындыларын еске түсіреміз. Абайда да, Ерікте де жазмыш бұйрығының қаталдығы, сорлап қалған әкенің тағдыр алдында дәрменсіздігі, ақыры өлімге сабырмен қарайтыны баяндалады. Ерік ақын өлеңінде маңдайына сыймай кеткен Бекзатты өзі ғана емес, Сарыарқаның самал желі де сандалып іздеп қалады.

Философиялық һәм көңіл күй лирикасы. Ақынның философиялық лирикасына «Жүрекжарды», «Кірлеме, менің жүрегім», «Кейде мен...», «Соңғы сөз», «От көріктің басында», «Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап», «Қыстың қызыл іңірі», «Дарияға салған қайығым», «Ньютон заңы», «Семсер туралы ой», «Жер» атты туындыларын жатқызамыз. Ал «Сағынған досқа», «Адалдық туралы аңыз», «Шопенгауэр», «Мінез» атты өлеңдерін ***философиялық-дидактикалық*** лирика деп қараймыз. Себебі ол туындыларда өмір жайлы ой-толғанысымен бірге, тәлім-тәрбие мәселесі де қатар көтеріледі.

Сондай-ақ ақын өлеңдерінде ***әлеуметтік-дидактикалық*** тақырыпта жазылған шығармалары да барын танидық. Оларға «Тектілерді тексіздер тепкілеген», «Жындылар жыры» секілді туындылары жатады. Ерік ақынның осы өлеңінде тағы да Абай философиясымен сабақтастығын байқаймыз:

Әбестігі көрінбейді сырт көзге
Мың жындыға ие болса бір дорақ..., –

дейді Е. Асқаров ұлы ақын ойымен үндестік тауып.

Ақынның әлеуметтік тақырыпта жазған өлеңдерінен шындықты бүкпелемей, ел басына түскен ауыртпалықты жасырмай

ашық жазып кеткен батылдығын көреміз. Тоқсаныншы жылдардағы өтпелі кезеңнің қиындығын, халыққа түскен тұрмыс тауқыметін ақын бейнелі тілмен былай жеткізген:

Қала – мынау, дала бұдан сорақы,
Елім тозған, қалғаны тек – ел аты.
Ауыл-ауыл, үйден-үйді қалдырмай
Қыдырып жүр қайыршылық қара аты.

Тозған елде *қайыршылық қара аты қыдырып жүр* дегенде кейіптеудің сәтті үлгісін байқаймыз. Немесе *«Әкімдері тонап біткен ауылдан, Не күтеді аш қасқырлар торыған»*, – дегенде ирониялық мысқылы бар саяси-әлеуметтік сипаттағы ойды түсінеміз. Бұл өлең елге ауыр тиген 1997 жылы жазылған екен. Әлеуметтік астары бар жыр Көкшетаудың ешбір шамы жанбады деп басталады. Автор облыс орталығы дәрежесінен айырылып, халықтың тұрмыс жағдайы күрт төмендеген кезең шындығын шынайы суреттеген.

Егер философиялық деп топтаған өлеңдерінде жаратылыс заңы, тіршілік тылсымы, өмірдің түрлі құбылысы туралы ой-толғамдары берілсе, ***көңіл күй лирикасы*** деп шартты бөлінген туындыларында өзінің жеке арман-аңсары, қуанышы мен реніші, ой тебіренісіне арналған шығармалары жинақталған. Бұлардан ақынның қара түнмен сырласқаны, ақ қағазбен тілдескені, сол арқылы оқырманымен ой бөліскені, тағдырынан хабар айтқаны анық аңғарылады. Бұл тақырыптағы өлеңдеріне мына туындылары жатады деп есептейміз: *«Осы мен қайда асығам, түсінбедім»*, *«Еске аламын өткенді»*, *«Жалған-ай, менде «Арман-ай!» деген бір ән бар»*, *«Оралу жыры»*, *«Бір кездесу тұр алда»*, *«Ғашық болып қызды ауылға аттанған»*, *«Ақ орамал бұлғап еді алда арман»*, *«Мен – желмін»*, *«Өлең маған дауасыз дерт болды анық»*, *«Күндер зуылдап аққан»*, *«Жиырма сегіз жасымды мынау көп демен»*.

Діни-имандылық лирика. Дін мен имандылық тақырыбы ақын Е. Асқаров өлеңдерінде көрініс тапқан. Бұл тақырыптағы туындыларына мына өлеңдерін жатқызамыз: «Тектілерді тексіздер тепкілеген», «Құран», «Ләйлі – Мәжнүн», «Дұға».

Саяси-патриоттық лирика. Бұл орайда ақынның Отан, Қазақстан, Астана жайында жазылған өлеңдерін жеке атағы-

мыз келеді. Оларға: «Экологиялық өлең», «Қазақстаным», «Астана – бәйтерек», «Ей, елім, қай күні сен ел боласың?!» атты шығармалары жатады.

Тарихи-этнографиялық лирика. Аталған тақырыптағы шығармаларына мына өлеңдері кіреді: «Әнші», «Отырардың бақтарында күнде ұшқан», «Қымыз» (жанры баллада сынды), «Сыя алмай жарық жалғанға», «Самарқан», «Сарайлар», «Сайында Сырымбеттің», «Келтесорда, ауылда...», «Байбөрінің боздауы», «Қаба жалды қара айғыр», «Ей, елім, қай күні сен ел боласың», «Батыр Баян. Жетісу», «Генетика», «Ақан сері мен перінің қызы, немесе Сәкен Жүнісовке жауап», «Заман-ай», «Тоқаның төрт толғауы» (баллада сынды), «Салт мініп сал күреңді, сар желдіріп», «Қоңыр киік» (баллада сынды), «Күлтегін», «Атбасар», «Ләйлі – Мәжнүн», «Жолаушының жол жыры».

Тарихи тақырыптағы өлеңдерін сөз еткенде ақынның арнауларын, яғни өлеңдеріндегі тарихи тұлғаларды да жеке атағымыз келеді. Е. Асқаров өлеңдерінде ұлт тарихындағы көрнекті тұлғалардың көркем галереясы жасалған. Соның ішінде Абылай ханға, Батыр Баянға, Сегіз серіге, Мағжанға, Мұқағалиға (екі өлең), Хамза Абдуллинге, Ғани Мұратбаевқа жеке шығармалар арнаған.

Ардақты ағалары мен қадірлі замандастарынанан ақын мына азаматтарға жыр арнаған: Көкен Шәкеевке, Олжас Сүлейменовке, Сәкен Жүнісовке, Балташ Тұрсымбаевқа, Қонысбай Әбіловке, Бекболат Тілеуханға, Камалтин Мұхамеджановқа, Баянғали Әлімжановқа, Зейнолла Олжабайұлына, Қажымұрат Нағымановқа, Ақселеу Сейдімбекке.

Сондай-ақ «Ауылдағы ақындарға хат» өлеңінде Тыныштықбек Әбдікәкімов, Серік Ақсұңқарұлы, Светқали Нұржан, Ертай Ашықбай, Жанат, Шәмшия сынды ақындармен тілдессе; «Алматыдағы ақындарға хат» өлеңінде Қасым Аманжолов, Қасым Тоғызақов, Әбділда Тәжібаев, Қалижан Бекқожин, Хамит Ерғалиев, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Мұқағали Мақатаев, Жұмекен Нәжімеденов, Тоқаш Бердияров, Сағи Жиенбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жақыпбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Есенғали Раушанов, Жарасқан Әбдіраш, Шөмішбай Сариев сынды сөз зергерлерін еске алады.

* * *

Ақын өлеңдерінің басты ерекшелігі ұлттық сипатында, ұлттық нақышының көркем берілуінде деп атап көрсеттік. Солтүстік өңір болса да, қазақ ауылында туып-өсіп, қазақ тұрмысын, қазақтың салт-дәстүрін, төрт түлік малын, соның ішінде жылқы жануарын ерекше жақсы көрген Ерік Асқаров поэзиясы тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық сипатымен бірге, білімділігімен де, этнографиялық танымымен де назар аудартады. Ақын өлеңдерінде жылқының қазақпен бірге жасап келе жатқандығын, қазақ пен жылқы егіз ұғым екендігін суреттеп, асыл жануардың поэзиядағы көркем бейнесін керемет жасаған. Мысалы Е. Асқаров өлеңдерінде Қамбар ата түлігі – жылқы жануарының жасына, жынысына, түсіне, мінісіне, шаруадағы қажеттілігіне қарай мынадай түрлері кездеседі: *қара арғымақ, арғымақ ат, көкбалақ ат, жайдақ ат, ақ ат, жирен ат, ақбозат, күрең ат, алтынжал ат, қазанат, Көктұлпар, торпаң тұлпар, бозауыз тұлпар, ала тұлпар, торы тұлпар, жас тұлпар, қара айғыр, күреңім, тарланым, қарагер, жабы, торы төбел, сал күрең, сұркөжек, бурыл, Тайғасқа, торы бие, кер бие, қасқа құлын, бәйге жирен, сандал торы, торшолақ, көкшолақ, бозшұбар, шайтанкөк, дара құлын, құлын-тай, Құлагер, бәсіре тай, құла тай, тарпаң торы, көк дөнен, ақтаңгер.*

Ақын жылқы бейнесін бірнеше өлеңінде образды түрде пайдаланып, айтар ойын сол арқылы сәтті жеткізе алған. «Сағынған досқа» өлеңінде:

Өзіңе деген көңілдің күйі шертіліп,
Адастым талай арманның аты мертігіп, –

дегенде, досына ынтық көңілін, арманына жете алмаған кезін білдіреді. Ал «Анаменен сырласу» өлеңінде анасына амандық болса, арманына жететінін ауыспалы мағынада былай суреттеген:

Тентегің аман болса, бірер жылда,
Күмістен ер-тоқымын салады атқа.

қынның мінезін, табиғат-болмысын, парасат-пайымын, білім көкжиегін, жалған дүниеге келгендегі өмірлік ұстанымын танытатын қанатты тіркестер, әдемі тармақтар

өлеңдерінде мол кездеседі. Ол үзінділер Ерік Асқаров кім еді, қандай ақын еді, оны нендей ой мазалаған адам болды деген сауалға жауап береді. Ел аузында жатталып қалатындай Ерік ақынның мағынасы терең көркем тіркестерінен мысал тересек, олардың бір парасы төмендегідей:

– Жырымды сатпан ешқандай қызық, думанға,
Жанымның аппақ сәулесі өшпей тұрғанда...

– Өзінің сүйген ақыны көріп мені елім,
Көкірегінде жатталып қалса өлеңім.

– Жыртылсаң табар едім саған жамау,
Міндетім, жүрек, сені харамдамау.

– Дариға-ай, шама шіркін жетер ме екен,
Жүрекке шаң мен тозаң түсірмеуге?..

– Аманат қып бабамның адалдығын,
Ізгіліктің артты әкем маған жүгін.

– Ұлылар тек жырын емес ұрпаққа
Айта алмаған сөздерін де қалдырған...

– Өмірдің қайталанбас қас қағымын
Келеді жырымменен мүсіндегім.

– Кеудемнен қанат қаққан жыр-кептерді
Қондырсам деймін әкеп дәптеріме.

– Дал-дал ғып жағамды емес, жүрегімді
Бір белден бір белге мен барам асып.

– Жүректе қалғып жатқан жырларымның
Оянар сәттеріне асығамын.

– Мың бітпесе бітпесін, жүз кетпесін,
Күн жетпесім – ар-иман болсын аман!..

– Беу, дүние-ай, бір-ақ рет ғұмыр бердің,
Ендеше, бір-ақ рет өлтір мені!

– Бас ауған жаққа қаңғыра лағып кеткелі,
Үлиды-ай келіп ішімде жатқан көкбөрі.

– Ойымды шындығыңа суарып ап,
Сөзімді айналама тыңдатамын!

Ақынның көркем шумақтарындағы бейнелі үзінділердің кейбір мысалы:

– Түрен салып даламызға тың келді,
Нан көбейіп, мән азайған күн болды.

– Төмендетіп жетпіс жастың беделін,
Әлі күнге құтыңдайсың қыз көрсең.

– Астанаға қазақы шекпен керек.

– Кешікті көктем биыл, көп бөгелді,
Көмкеріп көмбей жатыр көкке жерді.
Бір жауып, бір езіліп лайсаңдатып,
Көбік қар көшемізде көп сенделді.

– Ақ төсін көк мұнардан арши алмай,
Алатау қайта-қайта сілкінуде.

– Керіліп, кербезденіп бойын түзеп,
Еркелеп жатыр көктем бел артында.

– Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
Нәзік белін мың бұрап.
Барады ағып ерке Есіл,
Қарайды орман тұнжырап.

– Ғашығындай елжіреп,
Желпілдейді жел жібек.

– Көктегі бұлттан нәр алып,
Кеудеме қонған ала бұлт.
Нөсерін төгер қағазға
Сен жайлы жыр боп жаралып...

– Түнеріп қазір томырық аспан мұлгиді.

– Бесігін өздеріңдей сәбилердің
Жерасты жарылыстар тербетуде.

– Тұмарлап саған қарай ұшырамын,
Көңілімнің көк алалы кептерлерін.

– Сөзі балдай, көзі шамдай, қаз омырау, ай мүсін
Ертелі-кеш бәйіт етіп жырға қосты Ләйлісін.
Сәлем айтып Сарыарқаның желінен,
Сол күндерге жете алмастай көрінем.
Жырларымның бақытына қызығам –
Менен бұрын жолығатын сенімен, –

деп ақын өзі айтып кеткендей, біз Ерік Асқаровтың өзімен емес, өлеңдерімен жолығып, олардың ішіне үңіліп көрдік. Ақын туындыларын тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық сипаты тұрғысынан қарастыруға ұмтылдық. Байқағанымыз, тағдыр оғы қапыда тиіп, дүниеден ерте озған, бойындағы талантын сарқып үлгермеген, жазамын деген дүниесін толық бере алмай кеткен ақын Ерік Асқаров лирикасының тақырыбы жаңжақты, мағынасы терең, мазмұны айқын, ұлттық бояуы анық, көркемдік қуаты биік, эстетикалық сипаты жоғары. Осының бәрін топшылай келгенде түйіп айтарымыз, Ерік ақын поэзиясы қазіргі қазақ әдебиетінің тарихында орынды бағасын алып, тиянақты зерттелуі керек.

Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбілов, Әсия Беркенова, Әзімбек Жанқұлиев, Есенқұл Жақыпбеков, Жібек Сыздықова сынды қазақ айтыс өнерінің көптеген көрнекті өкілдерімен Ерік ақынның айтысқанын, сол арқылы қасиетті өнердің қайта жануына зор үлес қосқанын өнерсүйер қауым жақсы біледі. Ал біз болсақ осынау шағын зерттеуімізде айтыскер Ерік Асқаровтың жазба әдебиеттегі орын бағамдағымыз келді.

Жырларыңның өшпейтін әр жолынан,
Таптым іздеп мен сені, алдаспаным! –

деп ақын айтып кеткендей, артында жауһар жырларын қалдырған, сол арқылы оқырманын тамсандырған Ерік Асқаров шуақты шумақтарымен туған халқымен бірге жасайды. Алдағы күнде ақын өлеңдерін жүйелі зерттеу, насихаттау ісі жалғасын таба береді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. – Алматы: Ғылым, 1999. – 304 б.
2. Асқаров Е. Көгілдір. – Алматы: Жазушы, 1987. –172 б.
3. Асқаров Е. Жүрекжарды: Жыр жинағы. /Құраст. Д. Кәпұлы. – Астана: Фолиант, 2009. – 256 б.

МАЗМҰНЫ

Д. Кәпұлы. «Тулаған өр толқынның ішіндемін...» 3

Өлеңдер

«Аз емес досым...» 6
Кірлеме, менің жүрегім 7
Кейде мен... 8
Адалдық туралы аңыз 9
Шопенгауэр 10
Соңғы сөз 11
Сағынған досқа 11
«Ат мініп, әке, көрмедім...» 12
Анаменен сырласу 13
Мінез 14
Өмір жалғасы 15
«Осы мен қайда асығам...» 16
«Еске аламын өткенді...» 17
От көріктің басында 17
«Жауып жатыр жапырақтар жалтылдап...» 18
Әнші 18
Қыстың қызыл іңірі 19
«Отырардың бақтарында күнде ұшқан...» 20
Қымыз 21
Сыя алмай жарық жалғанға... 22
Самарқан 24
Сарайлар 25
Ақын 26
Ғани Мұратбаевқа 28
Сайында Сырымбеттің 29
«Кешікті көктем биыл, көп бөгелді...» 30
Келтесорда, ауылда... 30
Барады ағып ерке Есіл 31
Бақұл бол 32
«Сүйемін!» – деме...» 35
«Қыс болса Қызылжарға кеткім келер...» 36
«Қызылжарда биыл тіпті қар қалың...» 37
«Менен бұрын жырлап өткен мың ақын...» 38
«Балалық алыс, алыста және ағалық...» 39

«Шертілмеген сырың болса, шерт енді...» 40
«Дір ете қалдың...» 40
«Оятты да жүрегімді бір үн кеп...» 41
Азияның аптабы 42
Жалғыз шырақ 43
«Боларын дәл осылай білген едім...» 43
Аксиома 44
«Алатауда ақ дауыл...» 44
Ауылы аяулымның Аюлыда 45
Байбөрінің боздауы 46
«Тектілерді тексіздер тепкілеген...» 48
Жындылар жыры 48
Майшам жарығында жазылған жыр 49
Қаба жалды қара айғыр 50
Мұқағалиға 50
«Дарияға салған қайығым...» 51
«Жалған-ай, менде...» 52
Құран 53
Оралу жыры 54
«Ей, елім, қай күні сен ел боласың...» 55
Батыр Баян. Жетісу 56
Құлыншақтарым 57
Бекзатқа 57
«Аққөңіл, адал жүректі...» 58
Шерубай-Нұра 59
Экологиялық өлең 60
Генетика 61
Арқадан келген жолаушы 62
Клав Элсбергс 64
Қонысбай Әбіловке 65
Ақан сері мен перінің қызы немесе Сәкен Жүнісовке жауап 65
«Есіме түсіп, өткен, кеткендерім...» 67
Ағатай 68
Сағыныш өртеп... 69
«Қара орманның қолтығынан жел кіріп...» 69
«Көргің келсе қар бұрқаған боранды...» 70
Заман-ай 71
Көкшетауға Абылайдай хан керек 72
Тоқаның төрт толғауы 73
«Күрсіне берді Көкшенің бұлты арылмай...» 76
Бір кездесу тұр алда 77

«Секілденіп...» 78
Ауылдағы ақындарға хат 79
«Сары белден сарғайып таң атады...» 80
«Ғашық болып қызды ауылға аттанған...» 81
«Салт мініп сал күреңді, сар желдіріп...» 82
Қоңыр киік 82
«Сенің нұрлы жамалыңды көргенде...» 84
«Ақ орамал бұлғап еді алда арман...» 84
Жасыбайдың жағасы 85
«Ару қыздың ақ тәніне...» 86
Әкеме хат 86
«Жан аға, менде түсіне білсең арман көп...» 88
Ньютон заңы 89
Ригадағы қарындасқа 90
«Сары күз қол жайған...» 90
«Сені ойлаумен атты менің таңдарым...» 91
«Сен кетті деп айтады маған бәрі...» 92
«Бөлмеңе сенің кіріп мен...» 92
«Бірде шілде, бірде қаңтар мына күн...» 93
«Білмеймін сор ма, бақ па – ол арасын...» 94
Таудағы түн 95
Семсер туралы ой 96
Мен – желмін 96
Асықпашы, махаббат! 97
Алматыдағы ақындарға хат 98
Сағымбайға хат 100
Күлтегін 101
«Жүз жасқа жету беріліп қойған сертім деп...» 102
Қажымұрат Ыбырайұлы 53-ке толғанда 104
Қызылжар 105
«Өлең маған дауасыз дерт болды анық...» 106
Атбасар 107
Ләйлі – Мәжнүн 108
«Сібірге келді сары күз...» 110
Сібір 111
Жолаушының жол жыры 112
Сен қоңырау шалғанда... 113
Аралда 114
«Күндер зуылдап аққан...» 114
«Алапат боран...»... 115
Көкен ақын 116

«Жиырма сегіз жасымды мынау көп демен...» 117
«Мен ертең Қызылжарға тағы аттанам...» 117
Мағжан ақталғанда 118
Саған арнаймын.....118
Ахаңның 60 жылдығына 119
Қазақстаным.....120
Дұға.....121
Нұрғожа ағаға 121
Малатья су қоймасы 123
«Ғабе...» 123
«Сен бір ғажайып әлем едің...» 123
Жер 125
Қостеректің құдығы 125
Астана – Бәйтерек.....126
Баттал Ғазы 127

Поэмалар

Сауыр тілген 130
Сегіз сері 134
Абылай хан 147
Бозауыз ат 168

Айтыстар

Ерік Асқаровтың Әселхан Қалыбековамен айтысы 182
Ерік Асқаровтың Қонысбай Әбіловпен айтысы 187
Ерік Асқаровтың Жібек Сыздықовамен айтысы 195
Ерік Асқаровтың Әсия Беркеновамен айтысы 200
Ерік Асқаровтың Әзімбек Жанқұлиевпен айтысы 204
Ерік Асқаровтың Есенқұл Жақыпбековпен айтысы 209

Әңгімелер

Қаралы көш 216
Наполеон Адайский 223
Калбатони деуші едім... 227

Повесть

Келер жылы жазда.....232

Пьесалар

Қызыл қала – Қызылжар.....260
Біржан сал.....303
Батыр Баян 341
Арманымның ақ құсы 364

Аудармалар

Эрнст Кассирер. Адам мәдениеті терминдеріндегі
адамның анықтамасы..... 412
М. Хайдаггер. 1. Философияның теңдесі жоқтығы.....422
2. Новалис сөзінің жол көрсеткіш тіні арқылы
философияның анықтамасын өз бойынан табу 425
3. Метафизикалық ойлау, тұтастықты және экзистенцияны
қамтитын, шегіне жеткен ұғымдармен ойлау..... 429
Александр Македонский 432

Қ. Кемеңгер. «Жүректе қалғып жатқан жырларымның...» 461

Ерік Асқаров

КІРЛЕМЕ, МЕНІҢ ЖҮРЕГІМ

Құрастырған Д. Кәпұлы, Н. Асқарова

Редакторы *Шолпан Оразбаева*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*
Дизайнері *Әсел Күнтуова*
Корректоры *Мөлдір Мәулетқұлова*
Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Басуға 16.11.19 қол қойылды.
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 30,0.
Тапсырыс №0237. Таралымы 5000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов к., 13



Ерік Асқаров (1959-2003) - ақын, аудармашы, драматург, айтулы айтыскер. Солтүстік Қазақстан облысы М. Жұмабаев ауданы (бұрынғы Булаев) Дүйсеке ауылында дүниеге келген.

Қазақ драма театры жанындағы актерлік студияны, Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институтын, Көкшетау гуманитарлық университетін бітірген.

Бірқатар өлеңдері «Қарлығаш», «Жетіген» ұжымдық жинақтарына енді. «Көгілдір», «Қазақстан ғасыры», «Астана жұртын айналсам» жыр жинақтары жарық көрді.

О. Бөкеевтің «Қар қызы» повесі мен С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша бейнефильмдер түсірген.

М. Мақатаев атындағы сыйлықтың, Қазақстан Комсомолы сыйлығының иегері, Халықаралық «Түріксой» поэзия фестивалінің лауреаты.

ISBN 978-601-338-419-1

9 786013384191